Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабы 6) тармақшасына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20031 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Ана тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Букварь» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Обучение грамоте» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Елипбә» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Обучение грамоте» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Алифбе» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Обучение грамоте» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Алифбо» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Обучение грамоте» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес);

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Орыс тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Ұйғыр тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Өзбек тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Тәжік тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

ЖОБА

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Орыс тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес);

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Неміс тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Француз тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Математика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

28) осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

29) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Дүниетану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

31) осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

32) осы бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған «Көркем еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

33) осы бұйрыққа 33-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Музыка» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

34) осы бұйрыққа 34-қосымшаға сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

35) осы бұйрыққа 35-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

36) осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

ЖОБА

37) осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

38) осы бұйрыққа 38-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

39) осы бұйрыққа 39-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Орыс тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

40) осы бұйрыққа 40-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Орыс әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

41) осы бұйрыққа 41-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Ұйғыр тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

42) осы бұйрыққа 42-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Ұйғыр әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

43) осы бұйрыққа 43-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Өзбек тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

44) осы бұйрыққа 44-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Өзбек әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

45) осы бұйрыққа 45-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Тәжік тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

46) осы бұйрыққа 46-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Тәжік әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

47) осы бұйрыққа 47-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес);

48) осы бұйрыққа 48-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Орыс тілі мен әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес);

49) осы бұйрыққа 49-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

50) осы бұйрыққа 50-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Неміс тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес);

51) осы бұйрыққа 51-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Француз тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес);

52) осы бұйрыққа 52-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптарына арналған «Математика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес);

53) осы бұйрыққа 53-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

54) осы бұйрыққа 54-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

55) осы бұйрыққа 55-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Информатика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

56) осы бұйрыққа 56-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптарына арналған «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

57) осы бұйрыққа 57-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

58) осы бұйрыққа 58-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған «Химия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

59) осы бұйрыққа 59-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған «Биология» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

60) осы бұйрыққа 60-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған «География» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

61) осы бұйрыққа 61-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

62) осы бұйрыққа 62-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

63) осы бұйрыққа 63-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 9 сыныбына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

64) осы бұйрыққа 64-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 5-9-сыныптарына арналған «Абайтану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

ҚОДА

65) осы бұйрыққа 65-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптарына арналған «Музыка» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

66) осы бұйрыққа 66-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Көркем еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

67) осы бұйрыққа 67-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

68) осы бұйрыққа 68-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттілік» курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

69) осы бұйрыққа 69-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 7 сыныбына арналған ««Өлкетану» курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

70) осы бұйрыққа 70-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 8 сыныбына арналған «Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы» курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

71) осы бұйрыққа 71-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 9 сыныбына арналған «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

72) осы бұйрыққа 72-қосымшаға сәйкес Негізгі орта білім беру деңгейінің 9 сыныбына арналған «Алаштану» курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

73) осы бұйрыққа 73-қосымшаға сәйкес Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 9-11 сыныптары үшін «Абайтану» курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

74) осы бұйрыққа 74-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

75) осы бұйрыққа 75-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

76) осы бұйрыққа 76-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

77) осы бұйрыққа 77-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

78) осы бұйрыққа 78-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

79) осы бұйрыққа 79-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

80) осы бұйрыққа 80-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Орыс тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

81) осы бұйрыққа 81-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Орыс тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

82) осы бұйрыққа 82-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Орыс әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

83) осы бұйрыққа 83-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Орыс әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде);

84) осы бұйрыққа 84-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ тілі және әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес);

85) осы бұйрыққа 85-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 сыныптарына арналған «Орыс тілі және әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде емес);

86) осы бұйрыққа 86-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Ұйғыр тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

87) осы бұйрыққа 87-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Ұйғыр тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

88) осы бұйрыққа 88-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Өзбек тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

89) осы бұйрыққа 89-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Өзбек тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

90) осы бұйрыққа 90-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына

арналған «Тәжік тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

91) осы бұйрыққа 91-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Тәжік тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

92) осы бұйрыққа 92-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Ұығыр әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

93) осы бұйрыққа 93-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Ұйғыр әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде);

94) осы бұйрыққа 94-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Өзбек әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

95) осы бұйрыққа 95-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Өзбек әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту өзбек тілінде);

96) осы бұйрыққа 96-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Тәжік әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

97) осы бұйрыққа 97-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Тәжік әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту тәжік тілінде);

98) осы бұйрыққа 98-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

99) осы бұйрыққа 99-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

100) осы бұйрыққа 100-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Неміс тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

101) осы бұйрыққа 95-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Неміс тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

102) осы бұйрыққа 96-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Француз тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

103) осы бұйрыққа 103-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Француз тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

104) осы бұйрыққа 104-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

105) осы бұйрыққа 105-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

106) осы бұйрыққа 106-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

107) осы бұйрыққа 107-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

108) осы бұйрыққа 108-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Информатика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

109) осы бұйрыққа 109-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Информатика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

110) осы бұйрыққа 110-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Химия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

111) осы бұйрыққа 111-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Химия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

112) осы бұйрыққа 112-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

113) осы бұйрыққа 113-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

114) осы бұйрыққа 114-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Биология» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

115) осы бұйрыққа 115-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Биология» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

116) осы бұйрыққа 116-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «География» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

117) осы бұйрыққа 117-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «География» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

118) осы бұйрыққа 118-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

119) осы бұйрыққа 119-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

120) осы бұйрыққа 120-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

121) осы бұйрыққа 121-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

122) осы бұйрыққа 122-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

123) осы бұйрыққа 123-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Шет тілі (екінші). Француз тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

124) осы бұйрыққа 124-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Шет тілі (екінші). Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

125) осы бұйрыққа 125-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Шет тілі (екінші). Неміс тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

126) осы бұйрыққа 126-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің (қоғамдық-гуманитарлық бағыты, жаратылыстану-математикалық бағыты) 10-11 сыныптарына арналған «Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

127) осы бұйрыққа 127-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің (жаратылыстану-математикалық бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) 10-11 сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

128) осы бұйрыққа 128-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 10-11-сыныптарына арналған «Абайтану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде);

129) осы бұйрыққа 129-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Графика және жобалау» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

130) осы бұйрыққа 130-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған (жаратылыстану-математикалық

бағыты, қоғамдық-гуманитарлық бағыты) «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы;

131) осы бұйрыққа 131-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің 10 сыныбына арналған «Жаһандық құзыреттілік» курсының үлгілік оқу бағдарламасы;

132) осы бұйрыққа 132-қосымшаға сәйкес Жалпы орта білім беру деңгейінің 11 сыныбына арналған «Жаһандық құзыреттілік» курсының үлгілік оқу бағдарламасы бекітілсін.

2. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығындағы (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) 1-тармақтың 4), 6), 7), 11), 14) және 16) тармақшалары жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі **А. Аймағамбетов**

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы « » .....
№ бұйрығына
1-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Әліппе» оқу пәнінің Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны жалпыдидактикалық қағидаттар және А. Байтұрсынұлының әдістемелік қағидаттары негізінде айқындалды:

1) дыбыспен жаттығу;

2) әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу;

3) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;

4) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

3. Әріпті таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулері негізінде, олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесімі мен сөзжасау қызметіне қарай құрылды.

4. «Әліппе» оқу пәнінің мақсаты – әріп таныту, оқуға мен жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін ұлттық рухани құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

5. «Әліппе» оқу пәнінің міндеттері:

1) оқу әрекетіне бейімдеу;

2) дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін (сөйлеу) туралы қарапайым түсінік (ажырату, салыстыру, топтастыру және талдау) қалыптастыру;

3) дыбыс пен әріпті (баспа және жазба түрлері) үйрету;

4) оқу (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу) және жазу дағдыларын қалыптастыру;

5) коммуникативтік әрекет түрлерін жетілдіру, сөздік қорын байыту;

6) ана тіліне, Отанына, халқына, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарай білуге үйрету, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіру.

2-тарау. «Әліппе» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Әліппе» оқу пәнінің мазмұны

6. «Әліппе» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы I жартыжылдықта 96 сағатты құрайды.

7. Оқу пәнінің мазмұны:

1) қазақ тілінің дыбыстық және әріптік жүйесінен;

2) негізгі тілдік бірліктерден (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);

3) қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;

4) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен құралады.

8. «Әліппе» оқу пәнін оқыту екі кезең бойынша (әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат, әліппе кезеңі – 84 сағат) ұйымдастырылады.

9. «Әліппе» оқу пәнінің мазмұны I жартыжылдықта «Әліппе» оқулығы (әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдері) арқылы жүзеге асырылады.

10. Әліпбидегі әріптер мен әрбір әріптің дыбыстық мәнін, қарапайым тілдік ұғым мен түсініктерді меңгертудің реті мен көлемі:

1) 1-тоқсан: тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік (сөйлеу дағдылары) (әліппеге дейінгі кезең) – 12 сағат;

а, р, л, у, н, бекіту (2 сағ) – 12 сағат;

с, о, т, қ, ы, з, м, е, д, ш, ұ, бекіту (2 сағ) – 24 сағат;

2) 2-тоқсан: б, й, к, і, ң, ғ, ж, ә, п, ү, бекіту (3 сағ) – 24 сағат;

ө, г, и, я, ю, х, h, щ, в, э, ё, ц, ф, ч, ь-ъ, әліпби – 2 сағ, бекіту (4 сағ) – 24 сағат.

Ескерту: ң – 3 сағат, я, ю, х, h, щ, в, э, ё, ц, ф, ч, ь-ъ 1 сағаттан; қалған дыбыс пен әріпке 2 сағаттан беріледі. Әріптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылады.

11. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне қызығушылығын ояту;

2) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

3) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

4) сөзге дыбыстық талдау жүргізу: сөздегі буын санын анықтау, сөз ішіндегі дыбыстарды екі, үш буынды сөзбен анықтау; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;

5) жазуға дайындық кезеңінде - қолдың ұсақ моторикасын дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба салу, әріп элементтерін жазу).

6) тыңдай білуге және сұрақты түсінуге, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.

Ескерту: тыңдау материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумақтары 3-тен аспауы керек.

12. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) қазақ әліпбиінің дыбыс пен әріптерін таныту, дыбыстардың айтылуына жаттықтыру;

2) дауысты және дауыссыз дыбыс түрлерін ажыратуға жаттықтыру;

3) әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету;

4) дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрауға, жазуға, оқуға үйрету;

5) дұрыс, үзбей, буындап оқу дағдыларын қалыптастыру;

6) көркем жазу дағдыларын қалыптастыру;

7) сөздік қорын байыту, өз ойын жеткізе білуге үйрету;

8) негізгі тыныс белгі түрлерін (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі) қолдана білуді қалыптастыру;

9) ұлттық рухани құндылықтарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Ескерту: I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: әліппеге дейінгі кезеңде графикалық диктант – 1-3 таңба, әліппе кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктанты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, диктант – 3-12 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай айқындайды. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

13. «Әліппе» оқу пәнінің базалық білім мазмұны.

14. Тыңдалым мен айтылым:

1) мұғалімнің, өзге білім алушылардың сөзін тыңдай білу, тыңдалым мәнін түсіну, сұраққа дұрыс әрі нақты жауап беруді қалыптастыру; коммуникативтік мақсаттарына сәйкес қарым-қатынас дағдыларын дамыту;

2) ертегі айту; өлең, санамақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақты жатқа айту;

3) дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуді; буын, сөзді буынға бөлу; дауысты дыбыстардың буын құрау дағдыларын қалыптастыру;

4) дыбыстың әріппен жазылуын; сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін/ сәйкес еместігін анықтау;

5) сөздік қорын байыту; сөзді тіркестіре білу, сөйлем және шағын мәтін (сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау; көрген-білгені, естігені туралы әңгімелеу) құрай білу;

6) сөз әдебінің формаларын қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу).

Ескерту: Тыңдалым материалының көлемі: 30 сек - 1мин.

15. Оқылым:

1) сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білу (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);

2) сөздің мағынасын, сөйлемде айтылған ойды түсіну;

3) қазақ тіліндегі жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, с-ш, ж-ш, п-б, к-қ, г-ғ) ерекшеліктерін тану, өзге тілден енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

4) сөйлемді (2-6 сөз), мәтінді (4-10 сөйлем) түсініп, дауыстап оқу;

5) буындап оқудан сөзді үзбей, толық оқуға үйрету.

Ескерту: оқуға берілген мәтіннің көлемі әліппе кезеңінің басында 4-6 сөйлемнен, соңында 10 сөйлемнен аспауы керек. Әр сөйлемдегі сөздердің саны 2-6-дан аспауы керек.

16. Жазылым:

1) жазуға дайындық (дұрыс отырғызу, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қаламды ұстай білу); парақтағы

кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау); сурет салу, штрихтау, бастыра жазу, әріп элементтерін жазу;

2) сурет бойынша сөйлем құрастыру, берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру;

3) көркем жазу нормаларын сақтай отырып, әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді, буын, сөз, сөйлемді және оларды байланыстыра жазу;

4) сөйлемнің басындағы сөзді бас әріптен жазу, сөйлем ішінде сөздердің бөлек жазылуы, сөйлемнің соңына тыныс белгісін қою;

5) қарапайым сұрақтарға жазбаша жауап беру, сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру;

6) қатесіз, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру.

2-параграф. «Әліппе» оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

17. Әліппеге дейінгі кезеңдегі күтілетін нәтижелер:

1) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсінеді;

2) сұрақты тыңдайды және оны түсінеді, сұрақтарға жауап береді;

3) сөйлем, сөз, буын, дыбыстың графикалық сызбасын таниды;

4) сөзге дыбыстық талдау жасайды;

5) көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды;

6) коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдана алады;

7) дәптер бетінде берілген суреттерді бояйды, әріп элементтерін, үзік сызықтарды бастырып жүргізеді, жазады.

18. Әліппе кезеңіндегі күтілетін нәтижелер:

1) дыбыс пен әріпті таниды, оларды бір-бірінен ажыратады;

2) мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөледі, жаңа үйренген дыбысты анықтайды;

3) дауысты дыбыстардың буын құрайтынын біледі, сөздегі буын санын анықтайды;

4) оқу түрлерін (буындап оқу, сөздерді тұтас оқу, мәнерлеп оқу) қолданады, түсініп оқиды;

5) дыбыстарды дұрыс дыбыстайды, оның мағына ажыратушы қызметін түсінеді;

6) сызба-модель, сурет белгілері арқылы сөз, сөйлем, шағын мәтін құрастырады;

7) сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолданады;

8) тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды, өз ойын білдіреді;

9) мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қоя алады, сұраққа жауап береді;

10) сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгісін қояды;

11) айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді еске сақтап, естуі бойынша жазады;

12) көркем жазу талаптарына сай, жазу жолы, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріптің, әріптердің өзара байланыс элементтерін жазады;

13) ана тілін, Отанын, халқын, мәдениеті мен салт-дәстүрін құрметтей біледі;

14) еліміздің рәміздерін (Әнұран, Елтаңба, Ту) біледі.

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу ағарту министрінің
2022 жылғы «...».....
№ бұйрығына
2-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Ана тілі» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Ана тілі» оқу пәнінің Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны А. Байтұрсынұлының мынадай ұстанымдары негізінде айқындалды, олар оқулық жазуда басшылыққа алынады:

1) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;

2) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

3. «Ана тілі» оқу пәнінің мақсаты – білім алушының оқу-жазу дағдыларын жетілдіру және тілін дамыту.

4. Оқу бағдарламасының міндеттері білім алушының мынадай дағдыларын қалыптастыруды көздейді:

1) сөзді тұтас оқуға, мәтінді түсініп оқуға, мәнерлеп оқуға және шапшаң оқуға машықтандыру;

2) жазу дағдысын (қатесіз, сауатты, көркем жазу) қалыптастыру;

3) сөздік қорын байыту;

4) коммуникативтік дағдыларын (өз ойын толық жеткізе білу, өзгенің пікірімен санаса білу, әңгімелесу, сөйлеу әдебін сақтау) қалыптастыру;

5) тілдік бірліктерді (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс) ажырату, салыстыру, топтастыру, талдау дағдыларын дамыту;

6) тілдік білімі мен дағдыларын тәжірибеде қолдана алу;

7) кітап оқуға қызығушылығын ояту, сөз өнеріне баулу;

8) танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту;

9) ана тіліне, Отанына, туған еліне, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту;

10) жеке тұлғалық қасиеті мен әлеуетін ашу;

11) тұрақты зейіні мен есте сақтауын, логикалық ойлауы мен білім алуға деген қызығушылығын қалыптастыру;

12) физиологиялық ерекшеліктерін ескеру және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

2-тарау. «Ана тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Ана тілі» оқу пәнінің мазмұны

5. «Ана тілі» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы II жартыжылдықта 114 сағатты құрайды.

6. Оқу пәнінің мазмұны:

1) негізгі тілдік бірліктерден (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс);

2) қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;

3) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен;

4) балалар әдебиетінен (ауыз әдебиеті мен көркем әдебиет) құралады.

7. «Ана тілі» оқу пәнін оқыту әліппеден кейінгі кезең бойынша II жартыжылдықта «Ана тілі» оқулығы арқылы жүзеге асырылады.

8. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

1) тыңдалым, айтылым әрекеттері арқылы сөз өнеріне баулу;

2) ауызша тіл мен жазба тілін дұрыс дамыту;

3) мәтінді дұрыс оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу, шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыру;

4) ауыз әдебиет үлгілері мен көркем шығармалар арқылы ұлттық құндылықтарды қадірлеуге тәрбиелеу;

5) тілдік білімнің алғашқы негіздерін меңгерту;

6) бастапқы жазу нормаларын сақтап, сауатты жазуға дағдыландыру;

7) көркем жазу дағдыларын дамыту;

8) мәтінмен жұмыста дереккөздерді пайдалана білуге машықтандыру.

Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттерін жүзеге асыруда А. Байтұрсынұлының жалқылаулы-жалпылау әдісі, тұтас сөзді әдісі, жазу-оқу әдісі басшылыққа алынды.

9. «Ана тілі» оқу пәнінің базалық білім мазмұны.

Тыңдалым мен айтылым:

1) тыңдалым материалының мазмұнын түсіну; сұраққа дұрыс әрі нақты жауап беру; сөз мағынасын түсіну; сөзді дұрыс қолдана білу; сөз әдебін сақтай отырып, өз ойын айта алу;

2) сөйлеу барысында ым-ишара, қимылды қолдану; сөз сазын (ырғақ, екпін, әуен, қарқын, кідіріс) сақтау; ертегі айту; өлең, санамақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақты жатқа айту;

3) орфоэпия: сөзді үндестік заңына сәйкес айта білу; жаңылтпаш айта білу, ойын жаттығуларын орындай алу;

4) сөздік қорын байыту, сөздерден сөйлем, сөйлемдерден шағын мәтін құрау;

5) тыңдалым материалын мазмұндау, сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау; көрген-білгені, естігені туралы әңгімелеу;

6) сөйлеу барысында (әңгімелесу, әңгімелеу, пікір алмасу, сахналау, рөлдік ойындар) сөз әдебіне үйрену;

10. Оқылым:

1) сөздің мағынасын, сөйлемде айтылған ойды түсіну;

2) сөйлемді, мәтінді дауыстап оқу; мәнерлеп, түсініп оқу, мұғалімнің қолдауымен мәтіннен қажет ақпаратты тауып оқу;

3) айтылу мақсатына қарай сөйлемнің интонациясын (хабарлы, лепті, сұраулы) сақтап оқу;

4) сөздерді оқу барысында дыбыс үндестігін сақтау;

5) сөздердің мағынасын (мәндес; мағынасы қарама-қарсы; айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөздер) ажырату, сөздік қорын байыту;

6) мәтін тақырыбын «Кім (не) туралы?» деген сауалдар арқылы анықтау, оқылған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;

7) оқыған мәтіні бойынша өз ойын, алған әсерін білдіру;

8) әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (суретті кітап, сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мұғалімнің қолдауымен қажетті ақпараттарды табу;

9) сурет, сызба түрінде берілген ақпаратты түсіну;

Ескерту: көркем шығарма көлемі – 45-65 сөз, ғылыми-танымдық мәтін көлемі – 20-30 сөз.

II жартыжылдықтың соңында оқу жылдамдығының нормасы: минутына 25-30 сөз; шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

11. Балалар әдебиетінен (ауыз әдебиеті мен көркем әдебиет) тілі жеңіл, Отан, туған жер, табиғат, жан-жануарлар, отбасы, еңбек, денсаулық туралы мәтіндер беріледі.

12. Жазылым:

1) әріптерді талапқа сай көркем жазу; әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, үздіксіз әрі үзбей (ырғақты) жазу;

2) әр сөйлемнің бас әріптен басталатынын, сөйлем ішіндегі сөздердің бөлек жазылатынын, сөйлемнің соңына тыныс белгі қойылатынын білу, қолдану;

3) көшіріп жазу және есту, есте сақтау арқылы сөздерді (7-10 сөз), жай сөйлемдерді (3-4 сөйлем) жатқа жазу, жазғанын үлгіге қарап тексеру;

4) сөздерден сөйлем, сөйлемдерден шағын мәтін құрау;

5) сауатты және көркем жазуға дағдылану;

6) заттың атын, сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді дұрыс қолдану;

7) бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, үй жануарларына арнайы қойылған аттар) ажырату, дұрыс жазу;

8) сөйлеу барысында жалғауларды қолдана білу;

9) мұғалімнің қолдауымен сөзді тасымалдау.

Ескерту:

2-жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: сөздік диктант – 4-5 сөз, диктант – 12-20 сөз, мазмұндама – 10-15 сөз, мәтінді көшіріп жазу – 10-20 сөз, шығармашылық мәтін – 3-4 сөйлем (10-15 сөз). Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

13. Бағдарламада оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодтың бірінші саны сыныпты, екінші және үшінші саны негізгі дағдылардың ретін, төртінші саны оқу мақсатының ретін көрсетеді. 1.2.1.1 кодында: «1» – сынып, «2.1» – негізгі дағдылар, «1» – оқу мақсатының реті.

14. Оқу мақсаттары күтілетін нәтиже түрінде айқындалған:

Тыңдалым мен айтылым	
Негізгі дағдылар	Оқу мақсаттары
1.1 Тыңдалым материалы арқылы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну	1. 1. 1. 1 мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну
1.2 Тыңдаған материалды мазмұндау	1. 1. 2. 1 көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау
1.3 Оқиғаны болжау	1. 1. 3. 1 тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау
1.4 Коммуникативтік қатынаста тілдік нормаларды дұрыс қолдану	1. 1. 4. 1 коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану
1.5 Тыңдаушының назарын аудару	1. 1. 5. 1 заттар мен құбылыстарды сипаттауға, салыстыруға қажет сөздерді қолдану; 1. 1. 5. 2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу
1.6 Тыңдаған материал бойынша өз ойын айту	1. 1. 6. 1 тыңдалым материалына қатысты өз ойын білдіру
1.7 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	1. 1. 7. 1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау
1.8 Сөздерді орфоэпиялық нормаға сәйкес айту	1. 1. 8. 1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту
Оқылым	
Негізгі дағдылар	Оқу мақсаттары
2.1 Оқу түрлерін қолдану	1. 2. 1. 2 оқу түрлерін (тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану
2.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1. 2. 2. 1 мұғалімнің қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау
2.3 Мәтіннің құрылымдық бөлігін анықтау	1. 2. 3. 1 ауыстырылып берілген мәтін бөліктерін мұғалімнің қолдауымен орнына қоя білу
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	1. 2. 4. 1 мұғалімнің қолдауымен сөздердің мағыналарын (мәндес; мағынасықарама-қарсы; айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі) ажырату

2.5 Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қою, жауап беру	1. 2. 5. 1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру
2.6 Мәтіннің жанрын анықтау	1. 2. 6. 1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) ажырату
2.7 Түрлі дереккөздерден қажет ақпаратты алу	1. 2. 7. 1 мұғалімнің қолдауымен дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, суретті кітапша, энциклопедия) ақпарат табу
2.8 Дыбыс пен әріпті тану, ажырату	1. 2. 8. 2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну
Жазылым	
Негізгі дағдылар	Оқу мақсаттары
3.1 Жоспар құру	1. 3. 1. 1 сюжетті суреттердің ретін анықтап, ат қою арқылы қарапайым жоспар құру 1. 3. 1. 2 мәтін бөліктерін анықтап, жоспар құру
3.2 Оқылым, тыңдалым материалының мазмұнын жазу	1. 3. 2. 1 мұғалімнің қолдауымен оқылым, тыңдалым материалы бойынша шағын мазмұндама жазу
3.4 Түрлі мәтіндер құрау	1. 3. 4. 1 мұғалімнің қолдауымен түрлі шағын мәтін (хат, құттықтау хат, хабарлама) жазу
3.5 Қатені табу, түзету	1. 3. 5. 1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету
3.6 Көркем жазу талаптарын сақтау	1. 3. 6. 1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу
Тілдік норманың қолданысы	
4.1 Орфографиялық дағдылар	1. 4. 1. 1 айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту, есте сақтау арқылы жазу
	1. 4. 1. 2 мұғалімнің қолдауымен сөзді дұрыс тасымалдауды, тасымалданбайтын сөздерді білу
	1. 4. 1. 3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су аттары, жануарларға арнайы қойылған аттар) анықтау
4.2 Грамматикалық дағдылар	1. 4. 2. 1 заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану
4.3 Пунктуациялық дағдылар	1. 4. 3. 1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою

ЖОБА

	Жүктеу

15. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады

16. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Ана тілі» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Ана тілі» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары (оқыту қазақ тілінде)

Кезең	Тыңдалым мен айтылым	Оқылым	Жазылым	Тілдік норманың қолданысы
3-тоқсан				
Әліппеден кейінгі кезең	1. 1. 1. 1 мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну; 1. 1. 2. 1* көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 1. 1. 3. 1* тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 1. 1. 4. 1* коммуникати	1. 2. 1. 2 оқу түрлерін (тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1. 2. 2. 1 мұғалімнің қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау; 1. 2. 3. 1 ауыстырылып берілген мәтін бөліктерін мұғалімнің қолдауымен орнына қоя білу; 1. 2. 4. 1* мұғалімнің қолдауымен сөздердің мағыналарын (мәндес, мағынасы	1. 3. 1. 1 сюжетті суреттердің ретін анықтап, ат қою арқылы қарапайым жоспар құру; 1. 3. 1. 2 мәтін бөліктерін анықтап, жоспар құру; 1. 3. 2. 1* мұғалімнің қолдауымен оқылым, тыңдалым материалы бойынша шағын мазмұндама жазу; 1. 3. 4. 1* мұғалімнің қолдауымен түрлі шағын мәтін (хат, құттықтау хат,	1. 4. 1. 1* айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту, есте сақтау арқылы жазу; 1. 4. 1. 2 мұғалімнің қолдауымен сөзді дұрыс тасымалдауды, тасымалданбайтын сөздерді білу; 1. 4. 3. 1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою

	втік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) сақтай білу; 1. 1. 5. 2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1. 1. 7. 1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау	қарама-қарсы, айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі) ажырату; 1. 2. 5. 1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру; 1. 2. 6. 1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) ажырату; 1. 2. 7. 1* мұғалімнің қолдауымен дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, суретті кітапша, энциклопедия) ақпарат табу 1. 2. 8. 2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;	хабарлама) жазу; 1. 3. 5. 1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қ(атені түзету; 1. 3. 6. 1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу	

ЖОБА

		дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну		
4-тоқсан				
Әліппеден кейінгі кезең	1. 1. 3. 1* тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 1. 1. 4. 1* коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) сақтай білу; 1. 1. 5. 1* заттар мен құбылыстарды сипаттауға, салыстыруға қажет сөздерді қолдану; 1. 1. 6. 1 тыңдалым материалына өз ойын білдіру; 1. 1. 7. 1 сюжетті сурет	1. 2. 1. 2 оқу түрлерін (тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1. 2. 2. 1 мұғалімнің қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау; 1. 2. 3. 1 ауыстырылып берілген мәтін бөліктерін мұғалімнің қолдауымен орнына қоя білу; 1. 2. 5. 1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру; 1. 2. 6. 1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің	1. 3. 1. 1 сюжетті суреттердің ретін анықтап, ат қою арқылы қарапайым жоспар құру; 1. 3. 1. 2 мәтін бөліктерін анықтап, жоспар құру; 1. 3. 2. 1* мұғалімнің қолдауымен оқылым, тыңдалым материалы бойынша шағын мазмұндама жазу; 1. 3. 4. 1* мұғалімнің қолдауымен түрлі шағын мәтін (хат, құттықтау хат, хабарлама) жазу; 1. 3. 5. 1 мұғалімнің қолдауымен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру,	1. 4. 1. 1* айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту, есте сақтау арқылы жазу; 1. 4. 1. 3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, жануарларға арнайы қойылған аттар) анықтау; 1. 4. 2. 1* заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану Жүктеу

КОПИЯ

	бойынша шағын әңгіме құрау 1. 1. 8. 1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту	жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) ажырату; 1. 2. 7. 1* мұғалімнің қолдауымен дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, суретті кітапша, энциклопедия) ақпарат табу	қатені түзету; 1. 3. 6. 1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу	

Ескерту:

-білім алушылардың қажеттілігін ескере отырып, әр сабаққа 3-4 оқу мақсаты, оның ішінде біреуі жетекші мақсат ретінде алынады;

-«*» белгісімен көрсетілген оқу мақсатының бөлігін таңдап жүзеге асыруға болады.

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу ағарту министрлігінің
2022 жылғы « » .....
№ бұйрығына
3-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Букварь» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Букварь» оқу пәнінің Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны жалпыдидактикалық қағидаттар және А. Байтұрсынұлының әдістемелік қағидаттары негізінде айқындалды:

1) дыбыспен жаттығу;

2) әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу;

3) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;

4) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

3. «Букварь» оқу пәнінің мақсаты - әріп таныту, оқу мен жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін және ұлттық рухани құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

4. «Букварь» оқу пәнінің міндеттері:

1) оқу әрекетіне бейімдеу;

2) дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін (сөйлеу) туралы қарапайым түсінік (ажырату, салыстыру, топтастыру және талдау) қалыптастыру;

3) дыбыс пен әріпті (баспа және жазба түрлері) үйрету;

4) оқу (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу) және жазу дағдыларын қалыптастыру;

5) коммуникативтік әрекет түрлерін жетілдіру, сөздік қорын байыту;

6) ұлттық рухани құндылықтардың, ана тіліне, Отанына, халқына, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншіліктің негіздерін қалыптастыру.

2-тарау. «Букварь» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Букварь» оқу пәнінің мазмұны

5. «Букварь» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы I жартыжылдықта 96 сағатты құрайды.

6. Оқу пәнінің мазмұны:

1) орыс тілінің дыбыстық және әріптік жүйесінен;

2) негізгі тілдік бірліктерден (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);

3) орыс тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;

4) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен құралады.

7. «Букварь» оқу пәнін оқыту екі кезең бойынша (букварға дейінгі кезең – 12 сағат, букварь кезеңі – 84 сағат) ұйымдастырылады.

8. «Букварь» оқу пәнінің мазмұны I жартыжылдықта «Букварь» оқулығы (букварға дейінгі және букварь кезеңдері) арқылы жүзеге асырылады.

9. Әліпбидегі әріптер мен әрбір әріптің дыбыстық мәнін, қарапайым тілдік ұғым мен түсініктерді меңгертудің реті мен көлемі:

1) 1-тоқсан: тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік (сөйлеу дағдылары) (сөйлеуге дейінгі кезең) - 12 сағат;

а, у и, о, ы – 10 сағат;

м, т, н, л с, р, ш – 14 сағат;

к, п, б, г – 8 сағат.

Ескерту: әріптерді зерделеуге 2 сағат, қалған сағаттар мұғалімнің қалауы бойынша қайталауға бөлінеді.

2) 2-тоқсан:

д, з, ж - 6 сағат;

е, ё, в, й, ь, э, я, ю - 20 сағат;

х, ц, ч, щ, ф, ъ (бөлу) – 12 сағат.

Ескерту: әріптерді зерделеуге 2 сағат, е, ё, ю, я әріптерін зерделеуге – 3 сағат бөлінеді, қалған сағаттар мұғалімнің қалауы бойынша қайталауға бөлінеді. Әріптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылады.

10. Букварға дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне қызығушылығын ояту;

2) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

3) сөйлеу туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (дыбыс, буын, екпін, сөз, сөйлем);

4) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

5) жазуға дайындық кезеңінде - қолдың ұсақ моторикасын дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба салу, әріп элементтерін жазу).

6) тыңдай білуге және сұрақты түсінуге, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.

Ескерту: тыңдау материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумақтары 3-тен аспауы керек.

11. Букварь кезеңінің міндеттері:

1) орыс әліпбиінің дыбыс пен әріптерін таныту, дыбыстардың айтылуына жаттықтыру;

2) дауысты және дауыссыз дыбыс түрлерін ажыратуға жаттықтыру;

3) әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету;

4) дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрауға, жазуға, оқуға үйрету;

5) дұрыс, үзбей, буындап оқу дағдыларын қалыптастыру;

6) көркем жазу дағдыларын қалыптастыру;

7) сөздік қорын байыту, өз ойын жеткізе білуге үйрету;

8) негізгі тыныс белгі түрлерін (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі) қолдана білуді қалыптастыру;

9) ұлттық рухани құндылықтарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Ескерту: I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: букварьға дейінгі кезеңде графикалық диктант – 1-3 таңба, букварь кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктанты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, диктант – 3-12 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

12. «Букварь» оқу пәнінің базалық білім мазмұны.

13. Тыңдалым мен айтылым:

1) мұғалімнің, өзге білім алушылардың сөзін тыңдай білу, тыңдалым мәнін түсіну, сұраққа дұрыс әрі нақты жауап беруді қалыптастыру;

2) ертегі айту; өлең, санамақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақты жатқа айту;

3) дауысты және дауыссыз дыбыстарды; ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстарды ажырата білуді; сөздерді буындарға бөлуді; дауысты дыбыстардың буын құрауын білу;

4) дыбыстың әріппен жазылуын; сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін/ сәйкес еместігін анықтау;

5) сөздік қорын байыту; сөзді тіркестіре білу, сөйлем және шағын мәтін (сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау; көрген-білгені, естігені туралы әңгімелеу) құрай білу;

6) сөз әдебінің формаларын қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу).

Ескерту: Тыңдалым материалының көлемі: 30 сек-1мин.

14. Оқылым:

1) сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білу (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);

2) сөздің мағынасын, сөйлемде айтылған ойды түсіну;

3) дыбыстардың дауысты және дауыссыз дыбыстарға бөлінуін білу (артикуляциялық, акустикалық); дыбыс пен күйзелістің маңызды рөлін түсіну ([мал] - [мал], [замок] - [замок]), бір немесе бірнеше дыбыстармен ерекшеленетін сөздерді салыстыру;

4) сөйлемді (2-6 сөз), мәтінді (4-10 сөйлем) түсініп, дауыстап оқу;

5) буындап оқудан сөзді үзбей тұтас оқуға, одан әрі сөйлемдерді оқуға ауысу.

Ескерту: Оқуға берілген мәтіннің көлемі букварь кезеңінің басында 4-6 сөйлемнен, соңында 10 сөйлемнен аспауы керек. Әр сөйлемдегі сөздердің саны 2-6-дан аспауы керек.

15. Жазылым:

1) жазуға дайындық (дұрыс отырғызу, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қаламды ұстай білу); парақтағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау); сурет салу, штрихтау, бастыра жазу, әріп элементтерін жазу;

2) сурет бойынша сөйлем құрастыру, берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру;

3) көркем жазу нормаларын сақтай отырып, әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді, буын, сөз, сөйлемді және оларды байланыстыра жазу;

4) сөйлемнің басындағы сөзді бас әріптен жазу, сөйлем ішінде сөздердің бөлек жазылуы, сөйлемнің соңына тыныс белгісін қою;

5) қарапайым сұрақтарға жазбаша жауап беру, сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру;

6) қатесіз, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру.

2-параграф. «Букварь» оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

16. Букварға дейінгі кезеңдегі күтілетін нәтижелер:

1) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсінеді;

2) сұрақты тыңдайды және оны түсінеді, сұрақтарға жауап береді;

3) сөйлем, сөз, буын, дыбыстың графикалық сызбасын таниды;

4) сөзге дыбыстық талдау жасайды;

5) көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды;

6) коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдана алады;

7) дәптер бетінде берілген суреттерді бояйды, әріп элементтерін, үзік сызықтарды бастырып жүргізеді, жазады.

17. Букварь кезеңіндегі күтілетін нәтижелер:

1) дыбыс пен әріпті таниды, оларды бір-бірінен ажыратады;

2) мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөледі, жаңа үйренген дыбысты анықтайды;

3) дауысты дыбыстардың буын құрайтынын біледі, сөздегі буын санын анықтайды;

4) оқу түрлерін (буындап оқу, сөздерді тұтас оқу, мәнерлеп оқу) қолданады, түсініп оқиды;

5) дыбыстарды дұрыс дыбыстайды, оның мағына ажыратушы қызметін түсінеді;

6) сызба-модель, сурет белгілері бойынша сөз, сөйлем, шағын мәтін құрастырады;

7) дыбыс пен екпіннің мағыналық мәні мен рөлін түсінеді, дыбыспен ерекшеленетін бір немесе бірнеше сөздерді салыстырады;

8) тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды, өз ойын білдіреді;

9) мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қоя алады, сұраққа жауап береді;

10) сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгісін қояды;

11) айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді еске сақтап, естуі бойынша жазады;

12) көркем жазу талаптарына сай, жазу жолы, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріптің, әріптердің өзара байланыс элементтерін жазады;

13) ана тілін, Отанын, халқын, мәдениеті мен салт-дәстүрін құрметтей біледі;

14) еліміздің рәміздерін (Әнұран, Елтаңба, Ту) біледі.

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу ағарту министрінің
2022 жылғы «...».....
№ бұйрығына
4-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Обучение грамоте» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Обучение грамоте» оқу пәнінің мақсаты – қарапайым грамматикалық түсініктерді қалыптастыра отырып, тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын меңгеру процесінде тұлғаның функционалды сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасау.

3. Қойылған мақсатқа жету үшін сауат ашу сабақтарында келесі міндеттерді жүзеге асыру қажет:

1) сөздерді оқу, мәтінді түсініп оқу, мәнерлеп және жылдам оқу дағдыларын дамыту;

2) сөздік қорын байыту;

3) мәтінді мақсатты түрде түсіну арқылы білім алушылардың дұрыс оқу іс-әрекетін қалыптастыру;

4) оқуға және кітапқа деген қызығушылығын арттыру;

5) ақпаратты талдау, салыстыру, жалпылау, жүйелеу қабілетін дамыту;

6) айналасындағыларға достық қарым-қатынасты қалыптастыру, сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

7) танымдық қызығушылықты қалыптастыру және өзінің сөйлеуін жетілдіруге ұмтылу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;

8) қоршаған әлемді тану арқылы оқылатын тілге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті арттыру;

9) коммуникативтік біліктері мен дағдыларын дамыту: әңгімелесушіні есті және тыңдай білу, диалог жүргізу және әркімнің өз көзқарасы болатынын түсіну, өз пікірін айқын және негіздей отырып жеткізу;

10) қойылған міндет пен оны іске асыру шарттарына сәйкес оқу іс-әрекеттерін жоспарлау, бақылау және бағалау іскерлігін қалыптастыру;

11) нәтижеге жетудің ең тиімді тәсілдерін анықтау;

12) оқу іс-әрекетінің сәттілік/сәтсіздік себептерін түсіне білуді қалыптастыру.

4. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлікте дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне негіз болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының мінез-құлқы мен күнделікті іс-әрекетін ынталандыратын тұрақты жеке бағдарлары болуға бағытталған.

2-тарау. «Обучение грамоте» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Обучение грамоте» оқу пәнінің мазмұны

5. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 6 сағат, барлығы – 114 сағатты құрайды.

6. Оқу пәнінің мазмұнын іріктеу бірліктері:

1) тіл бірліктері: мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс;

2) орыс тілінің кейбір грамматикалық құбылыстары;

3) орфографиялық және пунктуациялық нормалардың минимумы;

4) балалар көркем әдебиетінің туындылары.

7. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері 2-жартыжылдықта «Обучение грамоте» оқулығының көмегімен жүзеге асырылады.

8. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) тұтас сөзбен оқуға көшу, «іштей» оқи білуді қалыптастыру;

2) мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

3) байланыстырып сөйлеуді дамыту (мазмұндау, әңгімелеу, «ауызша суреттеу», суреттер, өзінің алған әсері бойынша әңгіме құрастыру);

4) каллиграфиялық және графикалық нормаларға сәйкес жазу дағдыларын дамыту;

5) ауыз әдебиеті мен көркем шығармалар арқылы ұлттық құндылықтарға құрметпен қарауға тәрбиелеу;

6) тыңдалым, айтылым арқылы сөйлеу өнеріне баулу.

9. Базалық білім мазмұны.

10. Тыңдалым және айтылым (ауызша сөйлеуді және фонематикалық естуді дамыту):

1) мұғалім мен өзге білім алушылардың сөзін, аудио/бейнежазбаларды тыңдау, естігеннің мәнін түсіну, сұраққа дұрыс және нақты жауап беру; коммуникативтік мақсаттарға сай қарым-қатынас дағдыларын (топта қарым-қатынас жасау, диалогке қатысу, сахналау, рөлдік ойындар) дамыту, сөйлеу этикетінің сөздерін пайдалану, лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорын кеңейту;

2) бейвербальді қарым-қатынас құралдарын қолдану (интонация, мимика, ым-ишара, қалып); сөйлеудің негізгі ережелерін сақтау (ырғақ, екпін, қарқын, кідіріс);

3) жаңылтпаштар, санамақтар, өлеңдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтарды жатқа айту арқылы артикуляциялық аппаратты дамыту;

4) берілген және қызықтырған тақырыптарға монолог және диалог түрінде өз ойын айтуды қалыптастыру, сурет, бақылағаны, көргені, басынан өткені және естігені/оқығаны туралы әңгімелеу, басқа адамдардың әрекеттері мен басынан өткеніне қарым-қатынасын білдіру, өзінің эмоционалдық жай-күйін берудің әртүрлі тәсілдерін қолдану;

5) сюжеттік суреттер сериясына сүйене отырып және көмексіз ертегілерді айту, сюжеттік сурет бойынша және сюжеттік суреттер сериясы бойынша әңгімелер құрастыру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, мәтін картасына сүйене отырып және оған сүйенбей тыңдалған/оқылған мәтінді мазмұндау;

6) сөздің мәні мен мағынасын түсіну, сөздерді мақсатына қарай қолдану, сөздік қорын кеңейту арқылы тіл дамыту, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес айту, сөздегі екпінді дұрыс қою;

7) сөйлемдер мен шағын мәтіндер құрастыру;

8) тыңдалымға арналған материал көлемі: 30 сек. – 1 мин.

11. Оқылым (оқылым дағдыларын қалыптастыру, әліпби әріптерін үйрету):

1) фонетика және графика;

2) дыбыс – тілдің ең кіші бірлігі, сөз бен буынның дыбыстық құрылымы;

3) дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып жіктелуі (артикуляциялық, акустикалық, функционалдық аспектілер: дауыстылар еркін, дауыссыздар кедергімен айтылады, дауыстылар үннен, дауыссыздар – үн мен ызыңнан жасалады (ұяң), тек ызың (қатаң), дауыссыздар тек дауысты дыбыстармен тіркесіп қана өз бетінше буын құрай алады: [и-р’ис], [а-ист]);

4) дауыссыз дыбыстардың жуан/жіңішке және ұяң/қатаң болып жіктелуі;

5) дауысты дыбыстардың әлсіз және күшті позициялары;

6) дыбыс пен екпіннің мағына ажыратушылық рөлі ([мал] – [м’ал], [з á мък] – [зам ó к]), бір немесе бірнеше дыбыспен ерекшеленетін сөздерді салыстыру;

7) сөздің дыбыстық құрамының бірлігін және оның лексикалық мәнін ұғыну;

8) дыбысты әріппен таңбалау, сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін/сәйкес еместігін, орыс тілінің орфоэпиялық нормаларын сақтай отырып, сөздердің айтылуын анықтау;

9) буын – ең кіші айтылым бірлігі, сөздердің буындарға бөлінуі, екпінді және екпінсіз буынға бөлу;

10) сөздің графикалық дыбыстық моделінен схема-модельдегі дыбыстарды әріптермен белгілеуге көшу; дауысты әріпке бағдарланған сөздің дыбыстық-әріптік моделін «оқу» ;

11) дыбыстық және дыбыстық-әріптік талдау жүргізу;

12) дыбыс пен әріптерді ажырату (дыбыстарды естиміз және айтамыз, әріптерді көреміз, жазамыз, оқимыз);

13) сөздің дыбыстық формасын оның әріптік жазбасы бойынша (оқылым) және керісінше (жазылым) айту;

14) орыс графикасының позициялық принципін меңгеру, дауысты дыбыстардың (я, ю, е, ё, и) және ь әріптерінің көмегімен дауыссыз дыбыстардың жұмсақтығын белгілеу, я, ю, е, ё әріптерінің көмегімен [й'] дыбысын белгілеу;

15) я, ю, е, ё дыбыстарының қосарлы рөлі;

16) әріптердің белгілі бір бірізділігі ретінде орыс әліпбиімен танысу;

17) 2-6 сөзден тұратын сөйлемдерді, тұтас сөздерді оқуға және 4-8 сөйлемнен тұратын мәтіндерді дұрыс оқуға көшу арқылы әртүрлі құрылымдағы сөздерді бірқалыпты буындап оқуға үйрету, мұғалімнің сұрақтары бойынша мәтіндерден шағын үзінділерді іріктеп оқуды үйрету;

18) сөйлеудің интонациялық ұйымдастырылуына бақылау жасау (сөйлем соңындағы, сұраулы, лепті интонация);

Ескерту: көркем шығарма көлемі 0,5-1,5 беттен (сюжетті суретті қоса есептегенде); ғылыми танымдық мәтін көлемі 0,3-0,5 беттен аспауы керек.

19) тыныс белгілеріне сәйкес сөйлемдердің интонациясы: нүкте, үтір, сұрау және леп белгілері, бір сөйлемді екіншісінен бөлетін кідірісті сақтау;

20) сөздің мағынасын бақылау (мағынасы бойынша жақын және қарама-қарсы сөздер, көп мағыналы сөздер);

21) мәтіннің мазмұнын өз бетінше оқып-түсіну, әңгімелеу сипатындағы өзгерген мәтінді оқу, берілген басы мен соңы бойынша мәтін құрастыру, оқылған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;

22) әртүрлі жанрдағы мәтіндердің ерекшеліктерін анықтау, шығарманың тақырыбын, негізгі ойын анықтау;

23) мәтінді мәнерлеп оқу, оқылған мәтіннің мазмұнына қатынасын білдіру (ұнайды/ұнамайды, себебі...);

24) оқу тапсырмаларын орындау үшін қажетті ақпаратты іздеу (мұғалімнің жетекшілігімен);

25) мәтін, суреттер, схемалар, пиктограммалар, белгілер түрінде ұсынылған ақпаратты түсіну;

26) дауысты және дауыссыз дыбыстарды айту дағдыларын меңгеру, оқу кезінде тұтас сөздерді және мағыналық бірліктерді дұрыс екпінмен айту (орфоэпиялық оқу);

27) орфографиялық оқу – айтып тұрып жазу және көшіріп жазу кезінде өзін-өзі бақылау құралы;

28) оқу жылдамдығының нормасы: минутына 30-40 сөз (шылау, одағай, еліктеу сөздер жеке сөз ретінде саналады), бірінші жартыжылдықта оқу техникасы тексерілмейді.

12. Жазылым (жазылым дағдыларын қалыптастыру):

1) айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді айту арқылы жазу;

2) қолжазба және баспа мәтінінен сөйлемдерді, мәтінді арнайы ережелері бойынша көшіріп жазу;

3) пунктуация ережелерін ескере отырып, сөйлемдерді жазу: нүкте, сөйлем соңында леп сұрау белгілері, сөйлемде сөздерді бөлек жазу;

4) сөйлемнің басындағы бас әріп;

5) айтумен анықталмайтын сөздің әріптік жазудағы орын ретінде орфограмма туралы жалпы түсінік қалыптастыру;

6) дыбыстарды әріптермен белгілеуге байланысты емес орфограммалар: сөйлем басындағы, жалқы есімдердегі бас әріп, көмекші сөз бен сөз арасындағы босаралық, сөздерді жолдан келесі жолға буын арқылы тасымалдау, сөйлем соңындағы тыныс белгілері;

7) дыбыстарды әріптермен белгілеумен байланысты орфограммалар: ызыңнан кейінгі дауысты әріптер (жи-ши, ча-ща, чу-щу), -чк -чн,- чт, - щн әріп тіркестері, ь және ъ әріптері – айыру белгілері, екпінсіз дауысты дыбыстарды дұрыс жазу (екі буынды сөздер), сөздің соңында ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстарды дұрыс жазу;

8) сөз және сөйлем, «зат» және «сөз» ұғымдарын заттың атауы ретінде ажырату;

9) заттың, қоршаған орта құбылыстарының атын білдіретін сөздер, заттардың сынын білдіретін сөздер; заттың айту кезіндегі, айтқанға дейінгі, айтқаннан кейінгі іс-әрекетін білдіретін сөздер; бір затты, көп затты білдіретін сөздер, «ол», «олар» деген сөздерімен сәйкес келетін сөздер;

10) сурет бойынша сөйлем құрастыру, берілген сөздерден сөйлем құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық үлгілерін құру;

11) жазба жұмыстардың көлемі: сөздік диктант – 4-5 сөз, диктант – 12-20 сөз, үйрету мазмұндамасы мәтінінің көлемі – 15-25 сөз, мәтінді көшіріп жазу – 15-20 сөзден артық емес, шығармашылық мәтіннің көлемі – 3-5 сөйлем (мұғалімнің көмегімен).

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

13. Бағдарламада оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодтың бірінші саны сыныпты, екінші және үшінші саны негізгі дағдылардың ретін, төртінші саны оқу мақсатының ретін көрсетеді. 1.2.1.1 кодында: «1» – сынып, «2.1» – негізгі дағдылар, «1» – оқу мақсатының реті.

14. Оқу мақсаттарының жүйесі:

Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері) – тыңдалым және айтылым	
Бөлімшелер (негізгі дағдылар)	Оқу мақсаттары
1.1Бастапқы тілдік ұғымдарды (мәтін, сөйлем, сөз) түсіну	1.1.1.1 сөйлеу, мәтін, сөйлем, сөз, дыбыс туралы түсіну
1.2 Тыңдаған мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 мәтінде кім, не туралы айтылғанын анықтау мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтау және мәтін авторының не айтқысы келетінін түсіну
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.1 оқиғалар ретін сақтай отырып, тыңдалған материалды мазмұндау (мұғалімнің көмегімен)

1.4 Оқиғаны болжау	1.1.4.1 тақырып/аты және иллюстрациялар бойынша мәтіннің мазмұнын болжау
1.5 Сөйлеу нормаларын сақтай отырып түрлі қарым-қатынас жағдайларына қатысу	1.1.5.1 сөйлеу этикетін қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, рұқсат сұрау, қоштасу)
1.6 Тыңдаушының назарын аудару	1.1.6.1 сөйлеуде сипаттау/салыстыру сөздерін, вербальді емес қарым-қатынас құралдарын (мимика, ым-ишара) қолдану, сөйлеудің мағынасын жеткізу үшін мәлімдеменің, сұрақтың, сезім білдірудің интонациясын сақтау
1.7Өзінің бағалау пікірін айту	1.1.7.1 тыңдалған мәтінге пікірін білдіру, оны жай сөйлемдермен негіздеу
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрастыру	1.1.8.1 сюжеттік иллюстрация/суреттер топтамасы бойынша әңгіме құрастыру
1.9 Сөздің дыбыстық түрін бағдарлау	1.1.9.1 сөздегі дыбыстарды ажырату, олардың санын анықтау, олардың белгілерін ажырату (дауысты/дауыссыз, екпінді/ екпінсіз дауысты, жіңішке/жуан дауыссыз, ұян/қатаң дауыссыз); сөздің дыбыстық сызбасын жасау
	1.1.9.2 сөздердің буындардан тұратынын түсіну, сөздегі буындардың саны мен ретін анықтау, екпінді буынды анықтау және белгілеу
	1.1.9.3 дыбыстың буынның және екпіннің мағынаажыратушылық рөлін түсіну
	1.1.9.4 сөздегі йотты әріптердің қызметін түсіну
Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері) – оқылым	
Бөлімшелер (негізгі дағдылар)	Оқу мақсаттары
2.1 Оқылым түрлерін қолдану	1.2.1.1 сөз, сөйлем сызбасын оқу және құрастыру
	1.2.1.2 оқудың негізгі түрлерін қолдану (буындап оқудан сөздерді тұтас оқуға көшу, түсініп оқу)
2.2 Оқылған мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.2.2.1 мәтіннің тақырыбын, автордың ойын анықтау

ЖОБА

2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау	1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің басын, ортасын және соңын анықтау
2.4 Мәтіндегі лексикалық және синтаксистік бірліктердің рөлін түсіну	1.2.4.1 сөздердің мағыналарының жалпылануын ескере отырып, лексикалық мәні мен мағынасын түсіну (заттың атын/сынын/қимылын білдіретін сөздер), мағынасы жуық/қарама-қарсы/көпмағыналы сөздер (мұғалімнің көмегімен)
2.5 Сұрақ қою және жауап беру	1.2.5.1 суреттерге/мәтінге сұрақтар қою (мұғалімнің көмегімен) және сұрақтарға жауап беру
2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын анықтау	1.2.6.1 мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін, мәтіннің ерекшеліктері бойынша жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) анықтау
2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	1.2.7.1 мәтіндердің әліпбилік орналасу ретін пайдалана отырып, бір дереккөзден (сөздік, анықтамалық, балалар энциклопедиясы) ақпаратты табу
2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	1.2.8.1 мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) мәтіндерді салыстыру
2.9 Сөздердің графикалық түрін бағдарлау	1.2.9.1 әріпті тану және оны дыбыспен сәйкестендіру, сөздегі дыбыстар мен әріптердің алшақтығы туралы білу (йотты дауысты дыбыстары бар сөздер, ь бар сөздер)
	1.2.9.2 сөздегі позициясына байланысты әріптің қызметін түсіну (дауысты дыбыс дауыссыз дыбыстардың жіңішкелік/жуандық көрсеткіші ретінде)
	1.2.9.3 сөздегі ь, ъ белгілерінің рөлін түсіну
Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері) – жазылым	
Бөлімшелер (негізгі дағдылар)	Оқу мақсаттары
3.1Мәтін жоспарын құру	1.3.1.1 суреттік жоспар, мәтіннің сызба-жоспарын құру және тақырып қою (мұғалімнің көмегімен)
3.2Тыңдалған/оқылған материалдың мазмұнын жазу	1.3.2.1 мұғалімнің көмегімен сурет, сызба, белгілерді қолдана отырып, тыңдалған/оқылған мәтіндердегі ақпаратты беру

ЖОБА

3.3 Түрлі ұсыну формаларын пайдаланып, мәтін құру	1.3.3.1 сурет, белгі, сызба, тірек сөздерді қолдана отырып, берілген тақырыпқа жай сөйлемдер/мәтіндер құрастыру/жазу
3.4 Түрлі жанрдағы мәтіндерді шығармашылықпен жазу	1.3.4.1 мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдер/мәтіндер (хабарлама, құттықтау, хат) жазу
3.5 Жұмыстағы қателерді табу және түзету	1.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің, сөйлемдердің/мәтіннің жазылуын тексеру және қателерді түзету
3.6 Каллиграфиялық және графикалық нормаларды сақтау	1.3.6.1 әріптердің элементтерін, жазба (бас және кіші) әріптер мен олардың қосылыстарын жазу, каллиграфия нормаларына сәйкес анық жазу, жазуда күшті позицияның дыбыстарын әріптермен таңбалау
3.7 Орфографиялық нормаларды сақтау	1.3.7.1 жазылуы мен айтылуында айырмашылығы бар (вода, снег, пенал) сөздерді көшіріп жазу/жазу, тасымалдау ережелерін сақтау (мұғалімнің көмегімен)
	1.3.7.2 жи-ши/ча-ща/чу-щу/-чк-, -чн-/-нщ-, -шн- дұрыс жазу ережесін қолдану
	1.3.7.3 жалқы есімдерді, сөйлем басындағы сөздерді бас әріппен жазу (мұғалімнің көмегімен)
	1.3.7.4 сөздің соңында және ортасында жіңішкелік белгісі бар сөздерді жазу
3.8 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.3.8.1 жазбаша сөйлеуде заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату, пайдалану, оларды жекеше және көпше түрде өзгерту
3.9 Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.3.9.1 сөйлемнің соңында тыныс белгілерін: нүкте, сұрау, леп белгілерін қою

15. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

16. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Обучение грамоте» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға (оқыту орыс тілінде) сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Обучение грамоте» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары (оқыту орыс тілінде)

3-тоқсан			
Әліппеден кейінгі кезең	1. 1. 1. 1 сөйлеу, мәтін, сөйлем, сөз, дыбыс туралы түсіну; 1. 1. 2. 1 мәтінде кім, не туралы айтылғанын анықтау мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтау және мәтін авторының не айтқысы келетінін түсіну; 1. 1. 4. 1 тақырып/аты және иллюстрациялар бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 1. 1. 3. 1 оқиғалар ретін сақтай отырып, тыңдалған материалды мазмұндау (мұғалімнің көмегімен); 1. 1. 5. 1 сөйлеу этикетін қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, рұқсат сұрау, қоштасу); 1. 1. 6. 1* сөйлеуде сипаттау/салыстыру сөздерін, вербальді емес қарым-қатынас құралдарын (мимика, ым-ишара) қолдану, сөйлеудің мағынасын жеткізу үшін мәлімдеменің, сұрақтың, сезім білдірудің интонациясын	1. 2. 1. 1 сөз, сөйлем сызбасын оқу және құрастыру; 1. 2. 1. 2* оқудың негізгі түрлерін қолдану (буындап оқудан сөздерді тұтас оқуға көшу, түсініп оқу); 1. 2. 2. 1 мәтіннің тақырыбын, автордың ойын анықтау; 1. 2. 3. 1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің басын, ортасын және соңын анықтау; 1. 2. 5. 1* суреттерге/мәтінге сұрақтар қою (мұғалімнің көмегімен) және сұрақтарға жауап беру; 1. 2. 6. 1* мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін, мәтіннің ерекшеліктері бойынша жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) анықтау; 1. 2. 8. 1* мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) мәтіндерді салыстыру; 1. 2. 9. 1 әріпті тану және оны дыбыспен сәйкестендіру, сөздегі дыбыстар мен әріптердің	1. 3. 1. 1 суреттік жоспар, мәтіннің сызба- жоспарын құру және тақырып қою (мұғалімнің көмегімен); 1. 3. 2. 1 мұғалімнің көмегімен сурет, сызба, белгілерді қолдана отырып, тыңдалған/оқылған мәтіндердегі ақпаратты беру; 1. 3. 4. 1* мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдер/мәтіндер (хабарлама, құттықтау, хат) жазу; 1. 3. 5. 1 * мұғалімнің көмегімен сөздердің, сөйлемдердің/мәтіннің жазылуын тексеру және қателерді түзету; 1. 3. 6. 1* әріптердің элементтерін, жазба (бас және кіші) әріптер мен олардың қосылыстарын жазу, каллиграфия нормаларына сәйкес анық жазу, жазуда күшті позицияның дыбыстарын әріптермен таңбалау; 1. 3. 7. 1* жазылуы мен айтылуында айырмашылығы бар (вода, снег, пенал) сөздерді көшіріп жазу/жазу, тасымалдау ережелерін сақтау (мұғалімнің

	сақтау; 1. 1. 7. 1 тыңдалған мәтінге пікірін білдіру, оны жай сөйлемдермен негіздеу; 1. 1. 8. 1* сюжеттік иллюстрация/суреттер топтамасы бойынша әңгіме құрастыру; 1. 1. 9. 1 сөздегі дыбыстарды ажырату, олардың санын анықтау, олардың белгілерін ажырату (дауысты/дауыссыз, екпінді/ екпінсіз дауысты, жіңішке/жуан дауыссыз, ұян/қатаң дауыссыз); сөздің дыбыстық сызбасын жасау; 1. 1. 9. 2 сөздердің буындардан тұратынын түсіну, сөздегі буындардың саны мен ретін анықтау, екпінді буынды анықтау және белгілеу; 1.1.9.3. дыбыстың буынның және екпіннің мағына ажыратушылық рөлін түсіну; 1. 1. 9. 4 сөздегі йотты әріптердің қызметін түсіну	алшақтығы туралы білу (йотты дауысты дыбыстары бар сөздер, ь бар сөздер); 1. 2. 9. 2 сөздегі позициясына байланысты әріптің қызметін түсіну (дауысты дыбыс дауыссыз дыбыстардың жіңішкелік/жуандық көрсеткіші ретінде); 1. 2. 9. 3* сөздегі ь, ъ белгілерінің рөлін түсіну	көмегімен); 1. 3. 7. 3* жалқы есімдерді, сөйлем басындағы сөздерді бас әріппен жазу (мұғалімнің көмегімен); 1. 3. 7. 4* сөздің соңында және ортасында жіңішкелік белгісі бар сөздерді жазу
4-тоқсан			
Әліппеден кейінгі кезең	1. 1. 1. 1 сөйлеу, мәтін, сөйлем, сөз, дыбыс туралы түсіну;	1. 2. 1. 2 оқудың негізгі түрлерін қолдану (буындап	1. 3. 3. 1* сурет, белгі, сызба, тірек сөздерді қолдана отырып,

ЖОБА

	1. 1. 2. 1 мәтінде кім, не туралы айтылғанын анықтау мәтінде кім/не туралы айтылғанын анықтау және мәтін авторының не айтқысы келетінін түсіну; 1. 1. 3. 1 оқиғалар ретін сақтай отырып, тыңдалған материалды мазмұндау (мұғалімнің көмегімен); 1. 1. 4. 1* тақырып/аты және иллюстрациялар бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 1. 1. 5. 1 сөйлеу этикетін қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, рұқсат сұрау, қоштасу); 1. 1. 6. 1* сөйлеуде сипаттау/салыстыру сөздерін, вербальді емес қарым-қатынас құралдарын (мимика, ым-ишара) қолдану, сөйлеудің мағынасын жеткізу үшін мәлімдеменің, сұрақтың, сезім білдірудің интонациясын сақтау; 1. 1. 7. 1 тыңдалған мәтінге пікірін білдіру, оны жай	оқудан сөздерді тұтас оқуға көшу, түсініп оқу); 1. 2. 2. 1 мәтіннің тақырыбын, автордың ойын анықтау; 1. 2. 3. 1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің басын, ортасын және соңын анықтау; 1. 2. 4. 1 сөздердің мағыналарының жалпылануын ескере отырып, лексикалық мәні мен мағынасын түсіну (заттың атын/сынын/қимылын білдіретін сөздер), мағынасы жуық/қарама-қарсы/көпмағыналы сөздер (мұғалімнің көмегімен); 1. 2. 7. 1 мәтіндердің әліпбилік орналасу ретін пайдалана отырып, бір дереккөзден (сөздік, анықтамалық, балалар энциклопедиясы) ақпаратты табу	берілген тақырыпқа жай сөйлемдер/мәтіндер құрастыру/жазу; 1. 3. 4. 1* мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдер/мәтіндер (хабарлама, құттықтау, хат) жазу; 1. 3. 5. 1 мұғалімнің көмегімен сөздердің, сөйлемдердің/мәтіннің жазылуын тексеру және қателерді түзету; 1. 3. 6. 1 әріптердің элементтерін, жазба (бас және кіші) әріптер мен олардың қосылыстарын жазу, каллиграфия нормаларына сәйкес анық жазу, жазуда күшті позицияның дыбыстарын әріптермен таңбалау; 1. 3. 7. 1* жазылуы мен айтылуында айырмашылығы бар (вода, снег, пенал) сөздерді көшіріп жазу/жазу, тасымалдау ережелерін сақтау (мұғалімнің көмегімен); 1. 3. 7. 2* жи-ши/ча-ща/чу-щу/-чк-, -чн-/-нщ-, -шн- дұрыс жазу ережесін қолдану; 1. 3. 7. 3* писать заглавную букву в именах собственных, в начале предложения (с помощью учителя);

	сөйлемдермен негіздеу; 1. 1. 8. 1* сюжеттік иллюстрация/суреттер топтамасы бойынша әңгіме құрастыру; 1. 1. 9. 1 сөздегі дыбыстарды ажырату, олардың санын анықтау, олардың белгілерін ажырату (дауысты/дауыссыз, екпінді/ екпінсіз дауысты, жіңішке/жуан дауыссыз, ұяң/қатаң дауыссыз); сөздің дыбыстық сызбасын жасау		1. 3. 7. 4* сөздің соңында және ортасында жіңішкелік белгісі бар сөздерді жазу; 1. 3. 8. 1* жазбаша сөйлеуде заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату, пайдалану, оларды жекеше және көпше түрде өзгерту; 1. 3. 9. 1 сөйлемнің соңында тыныс белгілерін: нүкте, сұрау, леп белгілерін қою Жүктеу

Ескертпе:

1) бір тоқсан ішінде оқу мақсаттары сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша біріктіріледі;

2) «*» белгісімен белгіленген оқу мақсаттарының бір бөлігін іске асыру ұсынылады.

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы « » .....
№ бұйрығына
5-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Елипбә» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Елипбә» оқу пәнінің Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарлама құрылымы мен мазмұны жалпыдидактикалық қағидаттар және А. Байтұрсынұлының әдістемелік қағидаттары негізінде айқындалды:

1) дыбыспен жаттығу;

2) әрбір дыбыстың сөз жасаудағы қызметін есепке алу;

3) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;

4) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

3. Әріпті таныту реті А. Байтұрсынұлының еңбектерімен қатар лингвист және әдіскер ғалымдардың зерттеулері негізінде, олардың мәтінде кездесу жиілігіне, өзара тіркесімі мен сөзжасау қызметіне қарай құрылды.

4. «Елипбә» оқу пәнінің мақсаты – әріп таныту, оқуға мен жазуға үйрету, негізгі тілдік ұғымдар мен сөйлеу әрекетінің түрлерін ұлттық рухани құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру.

5. «Елипбә» оқу пәнінің міндеттері:

1) оқу әрекетіне бейімдеу;

2) дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін (сөйлеу) туралы қарапайым түсінік (ажырату, салыстыру, топтастыру және талдау) қалыптастыру;

3) дыбыс пен әріпті (баспа және жазба түрлері) үйрету;

4) оқу (буындап оқу, тұтас оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу) және жазу дағдыларын қалыптастыру;

5) коммуникативтік әрекет түрлерін жетілдіру, сөздік қорын байыту;

6) ана тіліне, Отанына, халқына, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарай білуге үйрету, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіру.

2-тарау. «Елипбә» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Елипбә» оқу пәнінің мазмұны

6. «Елипбә» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы I жартыжылдықта 96 сағатты құрайды.

7. Оқу пәнінің мазмұны:

1) қазақ тілінің дыбыстық және әріптік жүйесінен;

2) негізгі тілдік бірліктерден (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін);

3) қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;

4) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен құралады.

8. «Елипбә» оқу пәнін оқыту екі кезең бойынша (әліппеге дейінгі кезең – 12 сағат, әліппе кезеңі – 84 сағат) ұйымдастырылады.

9. «Елипбә» оқу пәнінің мазмұны I жартыжылдықта «Елипбә» оқулығы (әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдері) арқылы жүзеге асырылады.

10. Елипбәдегі әріптер мен әрбір әріптің дыбыстық мәнін, қарапайым тілдік ұғым мен түсініктерді меңгертудің реті мен көлемі:

1) 1-тоқсан: тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік (сөйлеу дағдылары) (әліппеге дейінгі кезең) – 12 сағат;

а, т, п, н, м, хуласә дәрис (2 с) – 12 саат;

р, у, л, о, с, д, и, й, қ, ш, е, хуласә дәрис (2 с) – 24 саат;

2) 2-чарәк: ә, к, б, ғ, з, ч, г, ң, ү, ө, хуласә дәрис (3 с) – 24 саат;

х, ж, h, я, ё, ф, ю, э, в, ц, щ, ж, ы, ь-ъ, алфавит – 2 сағ, бекіту (4 сағ) – 24 сағат.

Ескерту: ң – 3 сағат, я, ю, х, h, щ, в, э, ц, ф, ч, ь-ъ сағаттан; қалған дыбыс пен әріпке 2 сағаттан беріледі. Әріптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылады.

11. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне қызығушылығын ояту;

2) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы қарапайым түсінік қалыптастыру;

3) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызба-модельдерін ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

4) сөзге дыбыстық талдау жүргізу: сөздегі буын санын анықтау, сөз ішіндегі дыбыстарды екі, үш буынды сөзбен анықтау; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату;

5) жазуға дайындық кезеңінде - қолдың ұсақ моторикасын дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлба салу, әріп элементтерін жазу).

6) тыңдай білуге және сұрақты түсінуге, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.

Ескерту: тыңдау материалының көлемі 10 сөйлемнен, өлең шумақтары 3-тен аспауы керек.

12. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) ұйғыр әліпбиінің дыбыс пен әріптерін таныту, дыбыстардың айтылуына жаттықтыру;

2) дауысты және дауыссыз дыбыс түрлерін ажыратуға жаттықтыру;

3) әріптердің баспа және жазба түрлерін үйрету;

4) дыбыстан буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрауға, жазуға, оқуға үйрету;

5) дұрыс, үзбей, буындап оқу дағдыларын қалыптастыру;

6) көркем жазу дағдыларын қалыптастыру;

7) сөздік қорын байыту, өз ойын жеткізе білуге үйрету;

8) негізгі тыныс белгі түрлерін (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі) қолдана білуді қалыптастыру;

9) ұлттық рухани құндылықтарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Ескерту: I жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: әліппеге дейінгі кезеңде графикалық диктант – 1-3 таңба, әліппе кезеңінде әріптік диктант – 3-5 әріп, буын диктанты – 3-6 буын, сөздік диктант – 2-5 сөз, диктант – 3-12 сөз. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай айқындайды. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

13. «Елипбә» оқу пәнінің базалық білім мазмұны.

14. Тыңдалым мен айтылым:

1) мұғалімнің, өзге білім алушылардың сөзін тыңдай білу, тыңдалым мәнін түсіну, сұраққа дұрыс әрі нақты жауап беруді қалыптастыру; коммуникативтік мақсаттарына сәйкес қарым-қатынас дағдыларын дамыту;

2) ертегі айту; өлең, санамақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақты жатқа айту;

3) дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуді; буын, сөзді буынға бөлу; дауысты дыбыстардың буын құрау дағдыларын қалыптастыру;

4) дыбыстың әріппен жазылуын; сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін/ сәйкес еместігін анықтау;

5) сөздік қорын байыту; сөзді тіркестіре білу, сөйлем және шағын мәтін (сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау; көрген-білгені, естігені туралы әңгімелеу) құрай білу;

6) сөз әдебінің формаларын қолдану (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу).

Ескерту: Тыңдалым материалының көлемі: 30 сек - 1мин.

15. Оқылым:

1) сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білу (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау);

2) сөздің мағынасын, сөйлемде айтылған ойды түсіну;

3) ұйғыр тіліндегі жұп дыбыстардың (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, л-р, н-ң, с-з, с-ш, ж-ш, п-б, к-қ, г-ғ) ерекшеліктерін тану, өзге тілден енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

4) сөйлемді (2-6 сөз), мәтінді (4-10 сөйлем) түсініп, дауыстап оқу;

5) буындап оқудан сөзді үзбей, толық оқуға үйрету.

Ескерту: оқуға берілген мәтіннің көлемі әліппе кезеңінің басында 4-6 сөйлемнен, соңында 10 сөйлемнен аспауы керек. Әр сөйлемдегі сөздердің саны 2-6-дан аспауы керек.

16. Жазылым:

1) жазуға дайындық (дұрыс отырғызу, жарықтың дұрыс түсуі, дәптердің көлбеу орналасуы және жазу кезінде қарындаш/қаламды ұстай білу); парақтағы кеңістікті бағдарлай білуді қалыптастыру (жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жазу жолының жоғарғы және төменгі сызықтары мен тік көлбеу сызықтардан шықпау); сурет салу, штрихтау, бастыра жазу, әріп элементтерін жазу;

2) сурет бойынша сөйлем құрастыру, берілген сөздерден сөйлемдер құрастыру, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау, сөйлемдердің графикалық модельдерін құру;

3) көркем жазу нормаларын сақтай отырып, әріп элементтерін, бас және кіші әріптерді, буын, сөз, сөйлемді және оларды байланыстыра жазу;

4) сөйлемнің басындағы сөзді бас әріптен жазу, сөйлем ішінде сөздердің бөлек жазылуы, сөйлемнің соңына тыныс белгісін қою;

5) қарапайым сұрақтарға жазбаша жауап беру, сюжетті суретке қарап мәтін құрастыру;

6) қатесіз, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру.

2-параграф. «Елипбә» оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелер

17. Әліппеге дейінгі кезеңдегі күтілетін нәтижелер:

1) сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсінеді;

2) сұрақты тыңдайды және оны түсінеді, сұрақтарға жауап береді;

3) сөйлем, сөз, буын, дыбыстың графикалық сызбасын таниды;

4) сөзге дыбыстық талдау жасайды;

5) көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды;

6) коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдана алады;

7) дәптер бетінде берілген суреттерді бояйды, әріп элементтерін, үзік сызықтарды бастырып жүргізеді, жазады.

18. Әліппе кезеңіндегі күтілетін нәтижелер:

1) дыбыс пен әріпті таниды, оларды бір-бірінен ажыратады;

2) мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөледі, жаңа үйренген дыбысты анықтайды;

3) дауысты дыбыстардың буын құрайтынын біледі, сөздегі буын санын анықтайды;

4) оқу түрлерін (буындап оқу, сөздерді тұтас оқу, мәнерлеп оқу) қолданады, түсініп оқиды;

5) дыбыстарды дұрыс дыбыстайды, оның мағына ажыратушы қызметін түсінеді;

6) сызба-модель, сурет белгілері арқылы сөз, сөйлем, шағын мәтін құрастырады;

7) сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолданады;

8) тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды, өз ойын білдіреді;

9) мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қоя алады, сұраққа жауап береді;

10) сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгісін қояды;

11) айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді еске сақтап, естуі бойынша жазады;

12) көркем жазу талаптарына сай, жазу жолы, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріптің, әріптердің өзара байланыс элементтерін жазады;

13) ана тілін, Отанын, халқын, мәдениеті мен салт-дәстүрін құрметтей біледі;

14) еліміздің рәміздерін (Әнұран, Елтаңба, Ту) біледі.

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы « » .....
№ бұйрығына
6-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Обучение грамоте» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту ұйғыр тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны А. Байтұрсыновтың оқулықты жазу барысында басшылыққа алатын келесі принциптері негізінде анықталған:

1) қарапайымнан күрделіге, қарапайымнан күрделіге ауысу;

2) практикалық ізденістер арқылы өз бетінше білім алу.

3. «Обучение грамоте» оқу пәнінің мақсаты – қарапайым грамматикалық түсініктерді қалыптастыра отырып, тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын меңгеру процесінде тұлғаның функционалды сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасау.

4. Қойылған мақсатқа жету үшін сауат ашу сабақтарында келесі міндеттерді жүзеге асыру қажет:

1) сөздерді оқу, мәтінді түсініп оқу, мәнерлеп және жылдам оқу дағдыларын дамыту;

2) сөздік қорын байыту;

3) мәтінді мақсатты түрде түсіну арқылы білім алушылардың дұрыс оқу іс-әрекетін қалыптастыру;

4) оқуға және кітапқа деген қызығушылығын арттыру;

5) ақпаратты талдау, салыстыру, жалпылау, жүйелеу қабілетін дамыту;

6) айналасындағыларға достық қарым-қатынасты қалыптастыру, сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

7) танымдық қызығушылықты қалыптастыру және өзінің сөйлеуін жетілдіруге ұмтылу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;

8) қоршаған әлемді тану арқылы оқылатын тілге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті арттыру;

9) коммуникативтік біліктері мен дағдыларын дамыту: әңгімелесушіні есті және тыңдай білу, диалог жүргізу және әркімнің өз көзқарасы болатынын түсіну, өз пікірін айқын және негіздей отырып жеткізу;

10) қойылған міндет пен оны іске асыру шарттарына сәйкес оқу іс-әрекеттерін жоспарлау, бақылау және бағалау іскерлігін қалыптастыру;

11) нәтижеге жетудің ең тиімді тәсілдерін анықтау;

12) оқу іс-әрекетінің сәттілік/сәтсіздік себептерін түсіне білуді қалыптастыру.

2-бап. «Обучение грамоте» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Обучение грамоте» оқу пәнінің мазмұны

5. «Обучение грамоте» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 6 сағаттан, барлығы II жартыжылдықта 114 сағатты құрайды.

6. Оқу пәнінің мазмұны:

1) негізгі тілдік бірліктерден (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс);

2) қазақ тілі бойынша қарапайым грамматикалық дағдылардан;

3) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен;

4) балалар әдебиетінен (ауыз әдебиеті мен көркем әдебиет) құралады.

7. «Обучение грамоте» оқу пәнін оқыту әліппеден кейінгі кезең бойынша II жартыжылдықта «Ана тили» оқулығы арқылы жүзеге асырылады.

8. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

1) тыңдалым, айтылым әрекеттері арқылы сөз өнеріне баулу;

2) ауызша тіл мен жазба тілін дұрыс дамыту;

3) мәтінді дұрыс оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу, шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыру;

4) ауыз әдебиет үлгілері мен көркем шығармалар арқылы ұлттық құндылықтарды қадірлеуге тәрбиелеу;

5) тілдік білімнің алғашқы негіздерін меңгерту;

6) бастапқы жазу нормаларын сақтап, сауатты жазуға дағдыландыру;

7) көркем жазу дағдыларын дамыту;

	Тілдік дағдылар	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	4.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен шылауларды, көмекші сөздерді ажырату, ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.2* көптік/ тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.3* өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.4* септік/жіктік формалардағы жіктеу есімдіктерін және септеулік шылауларды ауызша/жазбаша тілде қолдану
3-тоқсан			
5. Табиғат құбылыстары 6. Қоршаған ортаны қорғау	Тыңдалым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	4.1.1.1* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну
		1.3 Тыңдаған аудио/бейнематериалдың мазмұнын түсіну	4.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы мәліметтерді түсіну	4.1.4.1* тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер, оқиға) және

ЖОБА

			негізгі ойды мұғалімнің қолдауымен анықтау
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	4.1.5.1* тыңдаған оқиға/әңгіме бөліктерінің жалғасын болжау
	Айтылым	2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог)	4.2.3.1* белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу
		2.4 Оқыған/ тыңдаған материалды мазмұндау	4.2.4.1* жоспар/жазбаларын қолданып, мәтінді толық мазмұндау
		2.5 Тыңдау-көру материалдар негізінде ойды айту	4.2.5.1* шығарманың кейіпкері туралы пікірлерді (менің түсінігім бойынша, ... оның пікірінше, ... , оның айтуынша, ..., кейбір адамдардың ойынша, …) салыстыра отырып бағалау
		2.6 Орфоэпиялық нормаларды сақтау	4.2.6.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айту
	Оқылым	3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну
		3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	4.3.3.1* мәтіннің жанрын (мақал-мәтелдер, бата, аңыз, мысал, өсиет әңгімелердің) жанрлық ерекшеліктерін және көмекші сөздердің қолдауымен пайымдау мәтінін анықтау
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	4.3.4.1* мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру
		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	4.3.5.1* қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктер, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу

ЖОБА

	Жазылым	4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну	4.4.1.1* шағын сюжетті комикс/буклет/ коллаж/жарнама/презентацияны сөйлемдермен толықтыру
		4.2 Тыңдаған/ оқыған/көрген материалдың мазмұнын жазу	4.4.2.1* оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын дайын жоспар негізінде жазу
		4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	4.4.3.1* сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің тыныс белгісін (үтір, қос нүкте)/қаратпа сөзден кейінгі сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану
		4.4 Каллиграфиялық дағдыларды дамыту	4.4.4.1 каллиграфиялық нормаларға сәйкес әріптердің өзара байланысын сақтап, бір сызықта көркем жазу
		4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту	4.4.5.2 сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын сақтау
	Тілдік дағдылар	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	4.5.1.1* мұғалімнің қолдауымен шылауларды, көмекші сөздерді ажырату, ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.2* көптік/тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.3* өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.4* септік/жіктік формалардағы жіктеу есімдіктерін және септеулік шылауларды ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.5* сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және құрмалас сөйлем құрастыру
4-тоқсан			
7. Ғарышқа саяхат 8.	Тыңдалым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	4.1.1.1* анық айтылған сөзді тыңдап, қысқаша жазба (тірек

ЖОБА

Болашаққа саяхат			сөздер) жасау және нақтылау мақсатында сұрақтар құру
		1.3 Тыңдаған аудио/бейнематериалдың мазмұнын түсіну	4.1.3.1* тыңдаған материалдың (ұзақтығы 2-2,5 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру/сөйлемді толықтыру және түйінді тұстарын анықтау/кесте толтыру/кластер құрастыру/болжау
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы мәліметтерді түсіну	4.1.4.1* тыңдаған мәтін бойынша оқиғаның себеп-салдарлық байланысын (кейіпкерлер, оқиға) және негізгі ойды мұғалімнің қолдауымен анықтау
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	4.1.5.1* тыңдаған оқиға/әңгіме бөліктерінің жалғасын болжау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	4.2.1.1* берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану
		2.2 Берілген тақырып бойынша ойды жеткізу	4.2.2.1 берілген тірек сөздер мен жоспардың негізінде қысқа монолог құру
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог)	4.2.3.1* белгілі бір тақырыпта сұхбаттасу барысында шағын мәліметті (4-5 сөйлем) баяндау, кері байланыс беру, сөйлеу стилін сақтау, дауыс ырғағын келтіріп сөйлеу
		2.4 Оқыған/ тыңдаған материалды мазмұндау	4.2.4.1* жоспар/жазбаларын қолданып, мәтінді толық мазмұндау
		2.5 Тыңдау-көру материалдарынегізінде өз ойын айту	4.2.5.1* шығарманың кейіпкері туралы пікірлерді (менің түсінігім бойынша, ... оның пікірінше, ... , оның айтуынша, ..., кейбір адамдардың ойынша, ...) салыстыра отырып бағалау
	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	4.3.1.1* мәтінді іштей, түсініп және қажетті ақпаратты тауып/шолып/белгі қойып оқу

ЖОБА

		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	4.3.5.1* қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктер, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу
	Жазылым	4.1 Мәтінді түрлі формада ұсыну	4.4.1.1* шағын сюжетті комикс/буклет/ коллаж/жарнама/презентацияны сөйлемдермен толықтыру
		4.2 Тыңдаған/ оқыған/көрген материалдың мазмұнын жазу	4.4.2.1* оқыған/аудио/бейне материалдың мазмұнын дайын жоспар негізінде жазу
		4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	4.4.3.1* сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің тыныс белгісін (үтір, қос нүкте)/қаратпа сөзден кейінгі сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану
		4.4 Каллиграфиялық дағдыларды дамыту	4.4.4.1 каллиграфиялық нормаларға сәйкес әріптердің өзара байланысын сақтап, бір сызықта көркем жазу
		4.5 Орфографиялық дағдыларды дамыту	4.4.5.2 сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын сақтау
	Тілдік дағдылар	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (лингвистикалық терминдерді қолданбау)	4.5.1.2*көптік/тәуелдік/септік/жіктік жалғаулы сөздерді ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.3* өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.4* септік/жіктік формалардағы жіктеу есімдіктерін және септеулік шылауларды ауызша/жазбаша тілде қолдану
			4.5.1.5* сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және құрмалас сөйлем құрастыру

Ескерту:

1) "*" – белгіленген оқу мақсаттарының бөлігі жүзеге асырылады;

2) "/" – белгісі оқу мақсатындағы бөліп қарастыруға болатын бөліктерді көрсетеді.

ЖОБА

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы « » .....
№ бұйрығына
12-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақ тілі» оқу пәнінің оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» оқу пәнін оқыту мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану.

3. «Қазақ тілі» оқу пәнін оқыту міндеттері:

1) тіл білімі бойынша бастапқы теориялық түсініктер беру;

2) сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту;

3) білім алушылардың сөздік қорын толықтыру және сөздің грамматикалық құрылысын меңгерте отырып, тілін дамыту және жетілдіру;

4) тілдің қоғамдық мәнін түсінуге, қарым-қатынас жасау салалары мен түрлі жағдаяттарда өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе білуге дағдыландыру;

5) түрлі мәтіндер негізінде білім алушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгі қасиеттерді қалыптастыру;

6) түрлі қарым-қатынас жағдаяттарында сөйлеу этикетін қолдану;

7) ауызша және жазбаша сөйлеу нормалары мен тіл мәдениеті негіздерін меңгерту;

8) қарым-қатынас жасаудың түрлерін мақсатты түрде қолдануға, ойын жинақтауға, ауызша немесе жазбаша мәтіндерге сүйене отырып, өзіндік пайымдау жасауға үйрету.

4. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

2-тарау. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұны

6. Оқу жүктемесінің көлемі:

1) 2-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 144 сағат;

2) 3-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 144 сағат;

3) 4-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 144 сағатты құрайды.

7. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша жазба жұмыстарының көлемі:

1) сөздік диктант – 2-сыныпта 5-7 сөз, 3-сыныпта 9-12 сөз, 4-сыныпта 12-15 сөз;

2) диктант – 2-сыныпта 25-30 сөз, 3-сыныпта 35-50 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз;

3) мазмұндама мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 40-60 сөз, 3-сыныпта 60-80 сөз, 4-сыныпта 80-100 сөз;

4) шығарма мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 25-35 сөз, 3-сыныпта 35-55 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз.

8. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: сөйлеудің адам өміріндегі маңызы мен қажеттілігі; ауызекі және жазба тілде сөйлеу туралы түсінік; дауыс күші, сазы – ауызекі сөйлеудің мәнерлеуші құралдары; ауызекі сөйлеу кезіндегі қимыл мен ым-ишара; диалог; монолог;

2) сөйлеу мәдениеті: түрлі жағдаяттарға байланысты сұхбаттасын тыңдау, сөйлеу мәдениетін сақтау; амандасу жағдаятында қолданылатын сөздер; амандасу, өтініш білдіру, алғыс айту жағдаятын құрастыру;

3) фонетика: У дыбысы; сөз ішінде у дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болып келуі; У әрпінің емлесі: дауыссыз дыбыстан кейін келген у әрпінің алдында ү, ұ дыбыстары естілгенімен, жазылғанда олардың орнына у-дың өзі ғана жазылатыны, дауысты ы, і әріптеріне аяқталған сөздерге у әрпі қосылғанда, ы, і әріптерінің түсіп қалатыны; И дыбысы. И – дауысты, й – дауыссыз дыбыс екені. И – дыбысының бірде жуан, бірде жіңішке болатыны; И, й әріптерінің емлесі; Я, ю әріптерінің жазылуы; дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіні; Б, п дыбыстары; Б және п әріптерінің емлесі; Қ, ғ және к, г дыбыстары; Қ, к дыбыстарына аяқталған сөздерге дауысты ы, і дыбыстары жалғанса, олардың ғ, г

дыбыстарына айналуы; Л, р дыбыстары. Л, р әріптерінің емлесі. Н, ң дыбыстары; олардың бір-бірінен айырмашылығы және емлесі; сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту: бүгін – бүгүн, түтін – түтүн, көсек – көсөу);

4) мәтін, мәтін туралы түсінік: жеке сөйлемдерден мәтіннің өзгешелігі; мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтінге, сюжетті суреттерге ат қою; тақырып (мәтіннің аты), тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау; тыңдаған мәтін бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу; тыңдаған мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; тыңдалған материалға өз пікірін білдіру; оқыған мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру және жауап беру; берілген тірек сөздерді қолданып ауызша әңгіме құрау;

5) мәтіннің құрылымы (басы, ортасы (негізгі), соңы (қорытынды) туралы ұғым: негізгі ойды беру формасы сөйлем; мәтіндегі азат жолдың рөлі; мәтіндегі сөйлемдердің байланысы; дұрыс құрылмаған мәтінді қайта құру;

6) мәтін түрлері: әңгімелеу, сипаттау, пайымдау: заттар мен құбылыстар туралы әңгімелеу, сипаттап айту; мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

7) сөйлем: сөйлем туралы түсінік; сөйлемнің мәтіннен өзгешелігі; тұтас мәтінді сөйлемдерге бөлу, сөйлемдердің ара жігін ажырату; айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлері: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем; сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілер (нүкте, сұрау, леп белгісі);

8) сөйлемдегі сөздердің байланысы: сұрақ қою арқылы сөйлемнің ішінен бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу; сөздердің орналасу тәртібін ескере отырып, сөздерден сөйлем құрау; сұрақ бойынша сөйлемді толықтырып жазу; үлгі, сызба, суреттер бойынша сөйлем құрап жазу; дұрыс құрылмаған сөйлемді түзеп, қайта жазу;

9) сөз және оның мағынасы: сөз және оның мағынасы туралы түсінік; мәтіндегі синоним, антоним, омоним сөздердің мағыналарын ажырата білу; берілген тақырып, сұрақ бойынша қажетті ақпараттарды іріктеп алу үшін дереккөздерді (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) қолдана білу;

10) сөз құрамы: сөздің түбірі мен қосымшасы туралы алғашқы түсінік; түбір мен қосымшаның бір-бірінен айырмашылығы; қосымша түрлері: жұрнақ пен жалғау, олардың белгіленуі;

11) сөз таптары: заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздер туралы түсінікті қайталау; сөз табы туралы түсінік; зат есім, оның мағынасы, сұрақтары; жалқы есім және жалпы есім; жалқы есімнің жазылу емлесі; зат есімнің жекеше және көпше түрлері; зат есімнің көпше түрін сөз құрамына талдау, көптік жалғаулары, оларды дұрыс қолдану; етістік, оның анықтамасы, сұрақтары; дара және күрделі етістіктер; сын есім және оның анықтамасы, сұрақтары; сын есіммен зат есімнің байланысы; дара және күрделі сын есімдер; сан есім және оның анықтамасы, сұрақтары; сан есімнің зат есіммен байланысып айтылуы; дара және күрделі сан есімдер;

12) шығармашылық жұмыс: оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдарға байланысты сұрақтар мен жоспар бойынша мазмұндама жазу; тірек сөздерді, суреттерді пайдаланып постер құрастыру; жеке сурет немесе сюжетті суреттер негізінде шағын сипаттау, әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу; үлгі бойынша

қарапайым хабарландыру, хабарлама және нұсқаулық жазу; құраған мәтінінде жіберілген қателерді (орфографиялық, пунктуациялық, әріптік) мұғалімнің көмегімен тауып түзету; дұрыс құрылмаған мәтінді түзеп, қайта жазу; жазба жұмыстарын каллиграфиялық талаптарға сай жазу;

13) жыл бойы өткенді қайталау.

9. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: ауызекі және жазба тілде сөйлеу ерекшеліктері;

2) сөйлеу мәдениеті: түрлі жағдаяттағы қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды сақтап сөйлеу; интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл мен ым-ишара, қаратпа сөздерді қолдана отырып,тыңдарманның назарын аудару; өзгенің пікіріне өз көзқарасын білдіруде тілдік және этикалық нормаларды сақтау;

3) мәтін: мәтін туралы 2-сыныпта өтілгенді қайталау; көмекші сөздердің көмегімен әңгімелеу, сипаттау, пайымдау мәтін түрлерін және құрылымдық бөліктерін анықтау; мәтіннің тақырыбын және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; мәтіндерге салыстырмалы талдау; ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін салыстыру;

4) тыңдалған мәтін бойынша тірек сөздерді белгілеу; ашық және жабық сұрақтарға жауап беру; берілген тақырып пен суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; берілген мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздерді, жоспарды пайдаланып ауызша әңгіме құрау;

5) қаратпа сөз, оның тыныс белгісі; қыстырма сөз, оның тыныс белгісі;

6) фонетика: дыбыс туралы 2-сыныпта өткенді қайталау; э, е, ф, в, ц, ч, ш, щ дыбыстарының ерекшеліктерін меңгерту; бұл дыбыстарды дұрыс айтып, сауатты жазуға дағдылану; в, ф дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктерін салыстыру; Ч, щ дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктері; Х, h дыбыстары, олардың айтылу ерекшеліктері; Х, h дыбыстарына қатысты сөздердің емлесі; сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл);

7) сөз және оның мағынасы: сөз және оның мағынасы туралы берілген білімді еске түсіру; сөз мағыналарымен жұмыс: сөз өзінің тура мағынасынан басқа ауыспалы мағынада қолданылатынын және бір сөздің бірнеше мағынада жұмсалатынын байқау; мәндес және қарама-қарсы мағыналы сөздер; тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын мәнмәтінде түсіну, сөйлеу барысында пайдалану; түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) берілген тақырып, сұрақ бойынша алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау;

8) сөз құрамы: сөз құрамы жайында 2-сыныпта өтілген ұғымдарды қайталау; түбір сөз және туынды сөз; туынды сөз жасайтын жұрнақтар; түбірлес сөздер; қосымшалардың емлесі: буын үндестігін сақтау, қосымша жалғанғанда кейбір сөздердің соңғы дыбысының өзгеруі немесе түсіп қалуы туралы түсінік;

9) сөйлем: сөйлем туралы 2-сыныпта берілген білімді қайталау; сөйлем мүшелері; тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер; бастауыш пен баяндауыштың байланысы; бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша; жалаң және жайылма сөйлем; үлгі сызба, сұрақ бойынша сөйлем құрау;

10) сөз таптары: сөз таптары туралы берілген ұғымды қайталау; зат есім туралы 2-сыныпта өтілген материалды еске түсіру; негізгі және туынды зат есім; туынды зат есім жасайтын жұрнақтар; зат есімнің тәуелденуі; тәуелдік жалғау, оның жекеше және көпше түрлері; тәуелдік жалғаудың емлесі; етістік туралы берілген білімді еске түсіру, негізгі және туынды етістік, болымды және болымсыз етістік; сөз таптары; сын есім жайында берілген білімді еске түсіру, негізгі және туынды сын есімдер; салыстырмалы шырай жұрнақтарымен таныстыру; сан есім туралы берілген білімді еске түсіру; есептік және реттік сан есімдер;

11) шығармашылық жұмыс: жоспар немесе сызба негізінде тірек сөздерді қолданып әңгімелеу, салыстыра сипаттау және көмекші сөздерді қолданып пайымдау мәтіндерін құрап жазу; оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама жазу; сызба, график, кесте, фотосуреттер қолданып мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық, презентация) құрастырып жазу; өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян жазу; жіберілген қателерді (пунктукациялық, орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық) тауып, орфографиялық сөздік пен анықтамалық арқылы түзету;

12) жыл бойы өткенді қайталау.

10. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: ауызекі және жазба тілде сөйлеу туралы түсініктерін кеңейту; тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып монолог құрау;

2) сөйлеу мәдениеті: сөйлеу мақсаты мен ортасына сәйкес белгілі бір тақырып аясында диалог құру; сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, сезімі мен көңіл күйіне әсерін ескеру; интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл мен ым-ишара, және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру;

3) фонетика: буын үндестігі туралы ұғым қалыптастыру: дауысты дыбыстардың сөз ішінде жуан-жіңішкелігіне қарай үндесіп айтылуы және жазылуы; дыбыс үндестігі туралы түсінік; сөзге қосымшалар жалғауда дыбыс үндестігін ескеріп қолдану: түбірдің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы қатаң болып келетіні, түбірдің соңғы дыбысы ұяң немесе үнді болса, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы да ұяң не үнді болып сәйкестенуі, дауысты дыбыстың әсерінен түбірдің соңындағы қатаң дыбыстың ұяң не үнді болып өзгеруі;

4) мәтін: мәтін түрлері (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) туралы берілген ұғымды кеңейту; мәтіннің құрылымын талдау; мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау; пайымдаудың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін (түсіндіру, дәлелдеу, қорытынды) анықтау; мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; мәтіндерді салыстырмалы талдау: бір тақырыпта түрлі жанрда берілген мәтіндерді салыстыру;

5) тыңдалған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту; берілген мәтіннің тақырыбы мен диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу; аудио-бейне жазба мазмұнын өзіндік бағалау;

6) сөз тіркесі, сөйлем: сөйлемге қатысты өтілгенді қайталау; сөйлемдегі сөз тіркестерін табу; сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгісі; жай

және құрмалас сөйлем; құрмалас сөйлемді сызба бойынша құрау; құрмалас сөйлемнің тыныс белгісі;

7) диалогте қолданылатын тыныс белгілер;

8) күрделі сөз туралы жалпы түсінік: біріккен сөз; біріккен сөздің жасалуы және оның жиі кездесетін түрлері; қос сөз және олардың жасалуы; қос сөздердің мәні және емлесі; қысқарған сөз; қысқарған сөздердің жасалуы және олардың емлесі; бірігу, қосарлану, тіркесу жолымен туынды сөздер жасау;

9) сөз және оның мағынасы: тұрақты сөз тіркестері туралы түсінік беру; мәнмәтінде тұрақты сөз тіркестері мен көпмағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану; түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) берілген тақырыпты, қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау;

10) сөз таптары: зат есім туралы өтілгенді қайталау, зат есімнің септелуі; септік жалғауының аттары мен септелуі; септік жалғауының емлесі; тәуелденген сөздердің септелуі; көптік жалғаулы сөздердің септелуі; зат есімнің жіктелуі; жіктік жалғаулары, олардың жекеше, көпше түрлері; етістік, туралы өтілгенді қайталау; етістік, оның жіктелуі; жекеше және көпше жіктеу үлгілері; етістіктің шақтары: осы шақ, өткен шақ, келер шақ; сын есім; қарсы мәндес сын есімдер; сан есім, дара және күрделі сан есімдер, емлесі; есімдік туралы жалпы түсінік; жіктеу есімдіктері, олардың септелуі; үстеу туралы түсінік; шылау туралы түсінік, олардың мәні; шылау мен шылау тұлғалас қосымшалардың жазылуы; одағай сөздер және олардың емлесі; еліктеуіш сөздер туралы түсінік; олардың мәні мен емлесі;

11) шығармашылық жұмыс: оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама және тірек сөздерді қолданып эссе жазу; берілген тақырыпта әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу; түрлі стильде мәтін жазу; қабырға газетіне мақала, жарнама, жаңалық жазу; мінездеме жазу; жіберілген қателерді (пунктукациялық, орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық) анықтап, орфографиялық сөздік пен анықтамалық арқылы түзету;

12) жыл бойы өткенді қайталау.

Параграф 2. Оқу мақсаттарының жүйесі

11. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 2.2.1.1 кодында: «2» – сынып, «2.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік саны.

12. Оқу мақсаттарының жүйесі:

Бөлімше (түйінді дағдылар)	«Тыңдалым және айтылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып

1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру	4.1.1.1 тыңдаған материал бойынша негізгі тұстарын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту
1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау	3.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау	4.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу
1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу	4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау
1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру	3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу, келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру	4.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға беру
1.6 Тыңдарманның назарын аудару	2.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) қолданып, тақырыпқа (Сіз	3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа	4.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып,

	қалай ойлайсыз? Сіз не ұсынар едіңіз?) назарын аударту	тыңдарманның назарын аударту	тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру
1.7 Дыбыстарды, сөздерді орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	2.1.7.1 сөз ішінде дауысты дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (бүгін-бүгүн, түтін – түтүн, көсеу – көсөу)	3.1.7.1 сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл)	4.1.7.1 сөз ішіндегі және сөз бен сөздің арасындағы буын, дыбыс үндестігін сақтап айту
Бөлімше (түйінді дағдылар)	«Оқылым» бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау	2.2.1.1 сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау	3.2.1.1 тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау	4.2.1.1 мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және олардың құрылымдық бөліктерін анықтау
2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну	2.2.2.1 синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану	3.2.2.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу, сөйлеу барысында қолдану	4.2.2.1 тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану
2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру	4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау
2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.5.1 дереккөздерден (сөздік,	3.2.5.1 берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі	4.2.5.1 дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба,

	анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу	дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алынған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау	кесте, карта, диаграмма) қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау
2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	2.2.6.1 мұғалімнің көмегімен белгілі бір тақырыпта жазылған мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын (жанры, мәтін түрі) табу	3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін), жанрын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу	4.2.6.1 белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін (мақала, репортаж, жаңалық, өмірбаян, мінездеме, жарнама, хабарландыру) салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
Бөлімше (түйінді дағдылар)	Жазылым бөлімі (сөйлеу әрекетінің түрі) бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу	2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет, сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу	3.3.1.1 жоспарда сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу, мәтінін салыстыра сипаттау, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу	4.3.1.1 берілген тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу
3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	2.3.2.1 үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама жазу	3.3.2.1 өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян, хабарландыру жазу	4.3.2.1 тірек сөздерді қолданып, белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме, сұхбат) жазу
3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды	2.3.3.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды	3.3.3.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды	4.3.3.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды

материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу	материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу	материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама/ тірек сөздерді пайдаланып эссе жазу
3.4 Жазба жұмыстарын түрлі формада ұсыну	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру	3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттер пайдаланып, мәтінді (хат, шақыру, нұсқаулық) құру/компьютерде теру	4.3.4.1 мәтінді құруда (жаңалық, репортаж, жарнама) сызба, график, кесте, фото және диаграмманы қолмен сызу/компьютерде теру
3.5 Қатені табу және түзету	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету және құраған сөйлемін толықтыру	3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету	4.3.5.1 стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен анықтап түзету, жазба жұмысын пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау
3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу	3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету	4.3.6.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау, жазу техникасын жетілдіру
3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау	2.3.7.1 сөйлем түрлерінің айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін	3.3.7.1 қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және	4.3.7.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою

ЖОБА

	(нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану	тыныс белгілерін дұрыс қою	
		3.3.7.2 мұғалім көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын білу және қою	4.3.7.2 сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажырату және тыныс белгісін (үтір, қос нүкте) қою
			4.3.7.3 диалогке тән тыныс белгілерді қою
Бөлімше (түйінді дағдылар)	Тілдік нормалардың қолданысы бөлімі бойынша оқу мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.1 Сөздердің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын сақтау	2.4.1.1 я, ю әріптерінің емлесін сақтап жазу	3.4.1.1 э, ф, в, ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу	4.4.1.1 сөзге қосымшалар жалғауда дыбыс үндестігін ескеріп қолдану
	2.4.1.2 у, и, й әріптерінің емлесін сақтап жазу	3.4.1.2 түбір сөздегі -ы, -і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жазу	4.4.1.2 сөзге қосымшалар жалғауда буын үндестігін ескеріп қолдану
	2.4.1.3 дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, үнді, ұяң) ажырату және дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу	3.4.1.3 ч, щ әріптері бар сөздердің емлесін білу	4.4.1.3 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді анықтап жазу
	2.4.1.4 дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу	3.4.1.4 x, h әріптері бар сөздерді ажыратып жазу	
4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату	3.4.2.1 негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату	4.4.2.1 күрделі сөздердің түрлерін ажырата алу (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз)

	2.4.2.2 көптік жалғауларды дұрыс қолдану	3.4.2.2 тәуелдік жалғауларының қолданысын білу	4.4.2.2 жіктік жалғауларының қолданысын білу
	2.4.2.3 сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату	3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу	4.4.2.3 зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу
	2.4.2.4 зат есімнің жалпы және жалқы түрлерін ажырату, жалқы есімнің жазылу емлесін сақтау	3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау	4.4.2.4 жіктеу есімдіктерін септей алу
	2.4.2.5 дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/ етістікті анықтау	3.4.2.5 болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтау	4.4.2.5 үстеуді мағынасына қарай ажырату, етістікпен байланыстырып, сөйлемде қолдану
	2.4.2.6 сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу	3.4.2.6 есептік және реттік сан есімдердің айырмашылығын анықтау	4.4.2.6 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау
		3.4.2.7 сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату	4.4.2.7 сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын шылауларды (және, себебі, мен, пен) қолдану
		3.4.2.8 мұғалімнің көмегімен жалаң және жайылма сөйлемдерді ажырату	4.4.2.8 сөйлемде одағай, еліктеуіш сөздерді ажырату және қолдану
			4.4.2.9 етістікті тиісті шақта (өткен шақ, келер шақ, осы шақ) қолдану

13. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

14.Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

ЖОБА

Параграф 3. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар (оқыту қазақ тілінде)

1) 2-сынып:

Ортақ тақырып	Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрі)	Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары **
1-тоқсан			
1. Өзім туралы 2. Менің отбасым және достарым	Тыңдалым және айтылым	1.1Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау
		1.6 Тыңдарманның назарын аудару	2.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) қолданып, тақырыпқа (Сіз қалай ойлайсыз? Сіз не ұсынар едіңіз?) назарын аударту
		1.7 Дыбыстарды, сөздерді, орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	2.1.7.1 сөз ішінде дауысты дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (бүгін – бүгүн, түтін – түтүн, көсеу – көсөу)
	Оқылым	2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап,

ЖОБА

			берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу
		3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	2.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу
			2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру
		3.5 Қатені табу және түзету	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құрастырған сөйлемін толықтыру
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.1 Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау	2.4.1.1* я, ю әріптерінің емлесін сақтап жазу
			2.4.1.2* у, и, й әріптерінің емлесін сақтап жазу
			2.4.1.3* дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, ұяң, үнді) ажырату және дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін сақтап жазу
			2.4.1.4* дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу
2-тоқсан			
3. Менің мектебім 4. Менің туған өлкем	Тыңдалым және айтылым	1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу

ЖОБА

		1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру
	Оқылым	2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау	2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.3.1 мәтін мазмұнынанықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы жәненегізгі ойды анықтау	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу
		2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	2.2.6.1 мұғалімнің көмегімен белгілі бір тақырыпта жазылған мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын (жанры, мәтін түрі) табу
	Жазылым	3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет/сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу
			2.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, шағын мәтін жазу
		3.4 Жазба жұмыстарын түрлі формада ұсыну	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым

ЖОБА

			жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу
		3.5 Қатені табу және түзету	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құраған сөйлемін толықтыру
		3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау	2.3.7.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	2.4.2.6 сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу
3-тоқсан			
5. Дені саудың жаны сау 6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру
		1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау
		1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны туралы өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру
		1.6 Тыңдарманның назарын аудару	2.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) қолданып, тақырыпқа (Сіз қалай ойлайсыз? Сіз не ұсынар едіңіз?) назарын аударту

ЖОБА

	Оқылым	2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау
		2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну	2.2.2.1* синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу
		2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	2.2.6.1 мұғалімнің көмегімен белгілі бір тақырыпта жазылған мәтіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын (жанры, мәтін түрі) табу
	Жазылым	3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	2.3.2.1* үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама жазу
		3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	2.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу
		3.5 Қатені табу және түзету	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құрастырған сөйлемін толықтыру
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату
			2.4.2.2 көптік жалғауларын дұрыс қолдану

ЖОБА

			2.4.2.3* сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату
			2.4.2.4 зат есімнің жалпы және жалқы түрлерін ажырату, жалқы есімнің жазылу емлесін сақтау
			2.4.2.5* дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/етістікті анықтау
4-тоқсан			
7. Қоршаған орта 8. Саяхат	Тыңдалым және айтылым	1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	2.1.4.1 тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау
		1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы болды, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру
	Оқылым	2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау	2.2.1.1* сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап,

ЖОБА

			берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу
	Жазылым	3.1 Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу	2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке сурет, сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу
		3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	2.3.2.1* үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама жазу
		3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстар жазу	2.3.3.1* мұғалімнің көмегімен оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құру және тірек сөздерді пайдалана отырып, мазмұндама жазу
		3.5 Қатені табу және түзету	2.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып түзету және құраған сөйлемін толықтыру
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.1 Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау	2.4.1.4* дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу
		4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату
			2.4.2.5* дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/етістікті анықтау

2) 3-сынып:

Ортақ тақырып	Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрі)	Бөлімше (дағды)	Оқу мақсаттары **
1-тоқсан			
1. Жанды табиғат 2. Жақсыда	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру
		1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма

ЖОБА

н үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)			бойынша мәтіннің мазмұнын болжау
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау
		1.6 Тыңдарманның назарын аудару	3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аударту
	Оқылым	2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау	3.2.1.1* тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау
	Жазылым	3.1 Мәтін түрлеріне сәйкес мәтін құрап жазу	3.3.1.1* жоспар, сызбаны қолдана отырып, тірек сөздер арқылы әңгімелеу мәтінін, салыстыра сипаттау мәтінін, көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу
		3.3 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар	3.3.3.1* оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу

ЖОБА

		бойынша жазба жұмыстар жазу	
		3.5 Қатені табу және түзету	3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету
		3.6 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету
		3.7 Пунктуациялық нормаларды сақтау	3.3.7.1* қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою
	Тілдік нормаларды қолданысы	4.1 Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау	3.4.1.1* э, ф, в, ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу
			3.4.1.3* ч, щ әріптері бар сөздердің емлесін білу
			3.4.1.4* х, h әріптері бар сөздерді ажыратып жазу
2-тоқсан			
3. Уақыт 4. Сәулет өнері	Тыңдалым және айтылым	1.2 Мәтіннің мазмұнын болжау	3.1.2.1* мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау
		1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
		1.5Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша айтылған өзгенің пікіріне (келісу, келіспеу себебін) өз көзқарасын білдіру
		1.6 Тыңдарманның назарын аудару	3.1.6.1 интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманның назарын аударту
		1.7 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	3.1.7.1 сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл –Жаңгүл)

ЖОБА

	Оқылым	2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну	3.2.2.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу, сөйлеу барысында қолдану
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы жәненегізгі ойды анықтау	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау
		2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	3.2.5.1* берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау
	1.4 Тыңдарманның назарын аударту	3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану
	1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу
	2.1 Оқу түрлерін қолдану	3.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу; 3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу
	2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	3.2.2.1қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
	2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу
	2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау	3.2.4.1өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау
	2.5 Шығарманың композициясын анықтау	3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау

	2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	3.2.6.1 кейіпкерлердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау
	2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау	3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу
	2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру	3.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм) нұсқасымен салыстыру
	2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	3.2.9.1 шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильмнен нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру
	3.1 Шығарманың жоспарын құру	3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру
	3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу	3.3.2.1* шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқыған, көргені бойынша) жазу
	3.4 Қатені табу және түзету	3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету
3-тоқсан		
5. Өнер	1.2 Шығарманы мазмұндау	3.1.2.1* шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау
	1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау	3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау
	1.4 Тыңдарманның назарын аударту	3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану 3.1.4.2 сөйлеу барысында

6. Атақты тұлғалар		иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану
	1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу
	2.1 Оқу түрлерін қолдану	3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу
	2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	3.2.2.1 қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
	2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу
	2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау	3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау
	2.5 Шығарманың композициясын анықтау	3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау
	2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	3.2.6.1 кейіпкерлердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалау
	2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау	3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу
	2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру	3.2.8.1 эпизодтарды салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау
	2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	3.2.9.1 шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильмнен нақты

		ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру
	3.1 Шығарманың жоспарын құру	3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру
	3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу	3.3.2.1* шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқыған, көргені бойынша) жазу
	3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну	3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну
	3.4 Қатені табу және түзету	3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету
4-тоқсан		
7. Су – тіршілік көзі 8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер	1.2 Шығарманы мазмұндау	3.1.2.1* шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау
	1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау	3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау
	1.4 Тыңдарманның назарын аударту	3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану; 3.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану
	1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу
	2.1 Оқу түрлерін қолдану	3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу

	2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	3.2.2.1 қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
	2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді анықтау
	2.5 Шығарманың композициясын анықтау	3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау
	2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	3.2.6.1 кейіпкердің портртін сипаттау, оның іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп тауып, бағалау
	2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру	3.2.8.1 эпизодтарды салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау; 3.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм) нұсқасымен салыстыру
	2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	3.2.9.1 шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильмнен нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру
	3.1 Шығарманың жоспарын құру	3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру
	3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу	3.3.2.1* шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу
	3.4 Қатені табу және түзету	3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету

3) 4-сынып:

Ортақ тақырыптар	Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары*
1-тоқсан		
1. Менің Отаным – Қазақстан 2. Құндылықтар	1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну	4.1.1.1 шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру
	1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау	4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру
	1.4 Тыңдарманның назарын аударту	4.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану, презентация, видеоролик жасау
	1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	4.1.5.1 өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру
	2.1 Оқу түрлерін қолдану	4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу
	2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
	2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу
	2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау	4.2.4.1 аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтау
	2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
	2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау	4.2.7.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану
	2.8 Көркем шығарма	4.2.8.2 көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй),

	элементтерін салыстыру	мультфильм, кинофильм) нұсқасымен салыстыру
	2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету
	3.1 Шығарманың жоспарын құру	4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру
	3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу	4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу
	3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну	4.3.3.1 шығармашылық жұмысын сызба, диафильм, презентация түрінде ұсыну
	3.4 Қатені табу және түзету	4.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету
2-тоқсан		
3. Мәдени мұра 4. Мамандықтар әлемі	1.2 Шығарманы мазмұндау	4.1.2.1* шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау
	1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау	4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру
	1.4 Тыңдарманның назарын аударту	4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолдану
		4.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану, презентация, видеоролик жасау

	1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	4.1.5.1 өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру
	2.1 Оқу түрлерін қолдану	4.2.1.2* шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу
	2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
	2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу
	2.5 Шығарманың композициясын анықтау	4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау
	2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
	2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау	4.2.7.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану
	2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру	4.2.8.1 эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру
	2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету
	3.1 Шығарманың жоспарын құру	4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру

	3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну	4.3.3.1 шығармашылық жұмысын сызба, диафильм, презентация түрінде ұсыну
	3. 4 Қатені табу және түзету	4.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету
3-тоқсан		
5. Табиғат құбылыстары	1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну	4.1.1.1 шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру
	1.2 Шығарманы мазмұндау	4.1.2.1* шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау
6. Қоршаған ортаны қорғау	1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау	4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру
	1.4 Тыңдарманның назарын аударту	4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолдану
	1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	4.1.5.1 өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру
		4.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану, презентация, видеоролик жасау
	2.1 Оқу түрлерін қолдану	4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу
		4.2.1.2* шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі

		қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу
	2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
	2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу
	2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау	4.2.4.1 аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтау
	2.5 Шығарманың композициясын анықтау	4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау
	2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
	2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау	4.2.7.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану
	2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру	4.2.8.1 эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру
	2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету
	3.1 Шығарманың жоспарын құру	4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру

	3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу	4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу
	3.4 Қатені табу және түзету	4.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету
4-тоқсан		
7. Ғарышқа саяхат 8. Болашаққа саяхат	1.2 Шығарманы мазмұндау	4.1.2.1* шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау
	1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау	4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру
	1.4 Тыңдарманның назарын аударту	4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолдану
	1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	4.1.5.1 өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру
	2.1 Оқу түрлерін қолдану	4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу
		4.2.1.2* шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу
	2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
	2.3 Шығарманың тақырыбы мен	4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын

	негізгі ойды анықтау тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу
	2.5 Шығарманың композициясын анықтау	4.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау
	2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
	2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру	4.2.8.1 эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру 4.2.8.2 көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм, кинофильм) нұсқасымен салыстыру
	2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және тұжырым жасау, себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету
	3.1 Шығарманың жоспарын құру	4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру
	3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу	4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу
	3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну	4.3.3.1 шығармашылық жұмысын сызба, диафильм, презентация түрінде ұсыну
	3. 4 Қатені табу және түзету	4.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету

Ескерту:

* – сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша оқу мақсаттары кешенді және түрлі нұсқада немесе бөлігі қолданылады.

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы « » .....
№ бұйрығына
14-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Орыс тілі» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Орыс тілі» пәнінің оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Орыс тілі» пәнін оқытудың негізгі мақсаты – функционалдық сауаттылығының қалыптасуына негіз болу, сондай-ақ адам мәдениетінің жалпы көрсеткіші ретіндегі тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының дамыту.

3. Бастауыш мектепте пәнді оқудың қойылған мақсатына қол жеткізу үшін келесі практикалық міндеттер шешіледі:

1) тіл бірліктеріне лингвистикалық қарым-қатынасты қалыптастыру;

2) лингвистикалық құбылыстарды зерттеу процесінде аналитикалық және синтетикалық іс-әрекеттерді меңгеру арқылы ақпаратты жүйелеу, талдау жасау, салыстыру, жалпыландыру біліктерін дамыту;

3) өз пікірін білдіру үшін сөйлемді танымдық түрде қолдану қабілетін қалыптастыру;

4) тіл мен сөйлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорын байыту және белсенділікті арттыру арқылы өнімді сөйлеу әрекетін қалыптастыру;

5) фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, дұрыс жазу мәселелерін шешу барысында оқу әрекеттерін жоспарлау, бақылау және бағалау біліктерін қалыптастыру;

6) нәтижеге қол жеткізудің неғұрлым тиімді әдістерін анықтау;

7) оқу іс-әрекетіндегі жетістік/сәтсіздік себептерін түсінуге үйрету;

8) танымдық қызығушылықты қалыптастыру және сөйлеу дағдыларын жетілдіру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту;

9) қоршаған әлемді және айналадағы шындық құбылыстарын меңгеру арқылы ана тіліне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті дамыту;

10) әңгімелесушіні тыңдай білу, диалог жүргізуге даярлық және түрлі көзқарастардың болу мүмкіндігін растау, өз ұстанымдарын білдіру, оны тілдік нормаларға сәйкес негіздеу арқылы коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту;

11) Қазақстан Республикасы халықтарының мәдени мұраларына баулу;

12) білім алушыларды сыныптастарының ойлары мен сезімдеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу;

13) білім алушылардың гуманистік дүниетанымын, зияткерлік және рухани әлемін қалыптастыру, оларды "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясына негізделген ұлттық және жалпыға ортақ құндылықтармен таныстыру.

4. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне негіз болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушылардың күнделікті іс-әрекетке ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдар болуға бағытталған.

2-тарау. «Орыс тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

2-параграф. «Орыс тілі» оқу пәнінің мазмұны

6. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 2-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 144 сағат;

2) 3-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 144 сағат;

3) 4-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 144 сағатты құрайды.

7. «Орыс тілі» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: тыңдалым – ауызша мәтіннен ақпарат алу, мағынаны қабылдау процесі: мұғалімнің түсіндірмесі, сұрақтар, оқу және көркемдік сипаттағы шағын мәтіндер, жаттығулар, ережелер, анықтамалардың мазмұны; сұрақ қою арқылы ақпаратты нақтылау; сөйлемнің, шағын мәтіндердің интонациялық реңкін түсіну;

2) айтылым ақпараттың мағынасын беру процесі ретінде: пікір білдіру тіл өнімі ретінде; пікір білдіру көлемі мен құралдары: сөз, сөйлем, мәтін; айтылған пікірлердің мақсатын, міндетін ұғыну: сұрау, хабарлау, растау, теріске шығару, өтіну, құттықтау; ақпараттың/хабарламаның мазмұны бойынша жабық сұрақтар; екінші сынып білім алушыларына жақын тақырыптарға ауызша тапсырмалар мен жеке ауызша пікірлерді (сөйлемдер, мәтіндер) құрастыру, құрылымдау: демалыс, табиғат, жануарлар, қызығушылықтар, оқылған кітаптар, көрілген фильмдер туралы; диалогтік формада жағдаяттар тудыру; тақырып және тірек сөздер, көрнекіліктер негізінде мазмұнды қарапайым түрде болжау; сөйлеу жағдайында

сөздік қорды дамыту (кіммен?, неге?, не?, қалай?); сөйлеу әрекеті және оны орындау үшін қажетті жағдайлар: қарым-қатынаста серіктестердің және сөйлеуші адамның сөйлеуге деген қажеттілігінің (себеп), сөйлесушінің айтылған сөзді қабылдауға деген қажеттілігінің болуы; тілдік қарым-қатынастағы сөздік емес құралдардың (дауыс ырғағы, дене қозғалысы, қимылы, ым-ишара) рөлі; сөйлем мен пікірді дұрыс үндестіру және орфоэпия нормаларын меңгеру; оқу және күнделікті қарым-қатынас жағдайындағы сөйлеу этикетінің нормаларын практикалық меңгеру (өтініш жасау, алғыс айту, құттықтау);

3) оқылым: оқылым жазбаша мәтіннен ақпаратты алу және мағынасын қабылдау процесі ретінде: оқу және көркемдік сипаттағы шағын мәтіндер, жаттығуларға, ережелерге, анықтамаларға арналған тапсырмаларды құрастыру; бастауыш мектеп білім алушылары үшін сөздік/энциклопедия көмегімен ақпаратты нақтылау; мәтіннен қажетті материалды таңдау; белгілі бір тақырып бойынша екі дереккөз (сөздіктер, анықтамалықтар, балалар энциклопедиясы, балалардың танымдық журналдары) бойынша ақпарат табу; мәтіннің тақырыбы, жоспары, көрнекіліктері бойынша мазмұнды қарапайым болжау; мәнерлеп оқу (дауыс ырғағы, қарқын, дыбыс деңгейі) құралдарының көмегімен оқылған мәтін мазмұнын бағалау, эмоцияны бастан кешіру жағдайын білдіру;

4) жазылым: жыл бойындағы жазбаша жұмыстар: әңгімелеу, сипаттау мәтіндерін, көркемдік мәтінге негізделген шағын мәтіндерді жазу, берілген тақырып негізінде тірек сөздер бойынша мәтін құрастыру, тірек сөздерді немесе анықтамалық сөздерді пайдалана отырып, оқыған/тыңдаған мәтіндерді мазмұнындау, әртүрлі диктанттар;

5) 1-сыныпта өткенді қайталау: орыс тілінің дыбыстары мен әріптері; дауысты және дауыссыз дыбыстар; дыбыстардың мағына ажыратушылық рөлі; әріптер – дыбыстарды жазылымда көрсететін белгілер; бас және кіші, баспа және жазба әріптер; әріптердің әліпбилік атаулары; буын; дауысты дыбыстардың буын жасаушылық рөлі; бір жолдан екінші жолға тасымалдау мақсатында сөздерді буынға және бөліктерге бөлу; тілді адами қарым-қатынас және қарым-қатынастағы сөз құралы ретінде түсіну, сөйлеу қызметі және осы қызметтің нәтижесі туралы (пікір, мәтін); тілдік және тілдік емес байланыс құралдары (таныстыру); оқылым, айтылым, диалогтік қарым-қатынас процесіндегі дауыс күші және сөйлеу қарқыны; ауызша және жазбаша сөз; сөйлеу және қарым-қатынас мәдениеті; жолдаулар (іс жүзінде); сыпайылық сөздері; мәтін, сөйлем туралы түсінік; сипаттау мәтіні; сөйлем мазмұнын түсіну; сөйлем соңындағы тыныс белгілері; атаулардағы, сөйлем басындағы бас әріп;

6) фонетика және графика: дыбыстар мен әріптер; білім алушылардың дыбыстар мен тілдік дыбыстар, дыбыс пен әріп арасындағы айырмашылық, олардың сөздегі рөлі туралы білімдерін нақтылау; дауысты және дауыссыз дыбыстар; жуан және жіңішке дауыссыз дыбыстар; алдыңғы дауыссыздың жуан-жіңішкелігіне сәйкес дауысты дыбыстың әрпін таңдау, сөз ортасындағы дауыссыздар арасындағы және сөз соңындағы дауыссыздың жіңішкелігін белгілеу үшін жіңішкелік белгісі; буын; тасымалдау мақсатында сөздерді буынға және бөліктерге бөлу; екпін; сөз мағынасын және формасын ажыратудағы екпіннің рөлі; сөздегі екпінді және екпінсіз дауыстылар; дауысты дыбыстар [а, о, у, ы, и, э] және оларды жазу барысында белгілеу; я, ю, е, ё әріптерімен дауысты дыбыстарды

белгілеу (буын басында және дауыссыздан кейін): сөздердің екпінсіз дауыстылармен айтылуын және жазылуын салыстыру; жазылу барысындағы екпінсіз дауыстының екі буынды сөздердегі белгіленуін аталған сөз формасында екпін түсу орнын өзгерту арқылы тексеру (земля - земли, моря - море); қосарланған ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстар; оларды әріптермен белгілеу; сөз соңындағы ұяң және қатаң дауыссыздардың дұрыс жазылуы; [й] дыбысын жазу барысында (сөз басында және соңында), я, ю, Ұ, е әріптерімен (сөз басында), жіңішке бөлу белгісінің алдында й әрпімен белгілеу; ь әрпі бар сөздердің я, е, ё, ю, и әріптерінің алдында айтылуы және жазылуы; й, ь әріптері бар сөздердің тасымалдануы; әліпби; әріптердің әліпбилік аталуы; әліпби мағынасы; сөздікті қолдану (сөздердің әліпбилік реттілікке сүйене отырып, орналасуы);

7) сөз құрамы: сөз түбірі туралы жалпы түсінік; түбірдің мағынасы; бір түбірлі сөздер, бір түбірлі сөздердің түбірін бөліп алу; бір түбірлі сөздердегі түбірлердің біркелкі жазылуын бақылау (лес – лесник – лесной); білім алушылар сөйлеу барысында жиі қолданатын бір түбірлі сөздерді іріктеп алу (школа – школьный – школьник, учить – учитель – обучающийся); сөздің жалғауы; жалғаудың рөлі; сөз алды қосымшасының сөз құрылымындағы рөлі; жұрнақ, оның сөз құрылымындағы орны; сөз алды қосымшасының және жұрнақтың сөзжасамдық қызметі; құрамы бойынша сөзді талдау (минимум шегінде); сөйлемдегі сөздерді байланыстыру мақсатында жалғауларды өзгерту; түбір мағынасын түсіну мақсатында бір түбірлі сөздермен сөйлем құрастыру; с-, по-, про-, до-, за-, во-, пере-, (іс жүзінде) тұрақты сөз алды қосымшаларын дұрыс жазу; оньк-, -еньк- жұрнақтары бар сөздерді дұрыс жазу және сөйлеу барысында қолдану;

8) дұрыс жазу: орфограмма туралы сөздегі және сөздер арасындағы қателік жіберу қаупі бар орын ретінде түсінік, себебі, жазылым бір нұсқасы ғана орфография ережелеріне сәйкес келетін бірнеше нұсқада ұсынылады; орфограмма және орфографиялық ереже; дұрыс жазылу ережесі: сөз формасын өзгерту арқылы сөз түбіріндегі екпінсіз дауыстыларды дұрыс жазу (вода – воды, село – сҰла, коса – косы); сөз формасын өзгерту арқылы сөз түбіріндегі жұп ұяң/қатаң дауыссыздарды дұрыс жазу (дождь – дожди, гриб – грибы, снег – снега); сөз ортасындағы және соңындағы жіңішкелік белгісі; ча – ща, чу – щу, чк, чн, нч, нщ тіркесімдерінің дұрыс жазылуы;

9) сөздің лексикалық мағынасы: мағынасы бойынша жақын сөздер (синонимдер); мағыналары қарама-қарсы сөздер (антонимдер);

10) сөз таптары: сөз таптары, сөздердің қандай сұрақтарға жауап беретіндігіне және мағынасына байланысты топтарға бөлінетіні туралы бастапқы түсінік; түрлі сөз таптарына қатысты сөздерге сұрақтар; заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздер (терминдерсіз); кто?, что? сұрақтарына жауап беретін сөздер (зат есім); лексикалық мағынаның әртүрлілігі: заттық және абстрактілі мағынаға ие (адамдарды, заттарды, сезімдерді: человек, радость, настроение, стол, бег, синева) сөз топтары; адамдар мен жануарларды атайтын және кто? сұрағына жауап беретін сөз; жансыз заттарды атайтын және что? сұрағына жауап беретін сөздер; мағыналары бойынша жақын немесе қарама-қарсы сөздер (смелость, мужество, добро – зло); жалқы есімдер; жалқы есімдердегі бас әріп: есімдер, әкесінің есімдері, адамдардың тегі, жануарлардың аттары, географиялық атаулар (елдердің, қалалардың, ауылдардың, өзендердің); он, она, оно сөздеріне қатысты

кто?, что? сұрақтарына жауап беретін сөздер туралы түсінік; кто?, что? сұрақтарына жауап беретін сөздердің көпше және жекеше түрі; түріне байланысты өзгеруі; заттың сынын білдіретін және қандай? сұрағына жауап беретін сөздер (сын есім); лексикалық мағыналардың әртүрлілігі: жыл мезгіліне, материалға, іс-әрекетке (весенний, кирпичный, добрый) қатысты әртүрлі лексикалық мағынасы бар сөз топтары; мағыналары жағынан жақын немесе қарама-қарсы сөздер (смелый, мужественный, белый – черный); какой?, какая?, какое?, какие?, сұрақтарына жауап беретін сөздердің түрлері бойынша өзгеруі (белый – белые); кто?, что? және какой?, какая?, какое?, какие? (белая шапка, белый свитер, белое пальто, белые стены) сұрақтарына жауап беретін сөздердің үйлесуі; какой?, какая?, какое?, какие? сұрақтарына жауап беретін сөздердің кто?, что? сұрағына жауап беретін сөздердің шығу түбірімен (род, число) байланысы; заттардың іс-әрекетін және что делать?, что сделать?, что делал?, что будет делать?, что сделает? (етістік, терминсіз) сұрақтарына жауап беретін сөздер; лексикалық мағынаның әртүрлілігі: «айтылым» лексикалық мағынасы бар сөздердің топтары: сказать, спросить, ответить, говорить, шептать, «письмо»: написать, выписать, подписать, «сезімін білдіру»: любить, жалеть, грустить, радоваться, «қозғалыс»: бегать, прыгать, ехать); что делать?, что сделать?, что делал?, что будет делать?, что сделает? сұрақтарына жауап беретін сөздердің көпше және жекеше түрде өзгеруі; что делать?, что сделать?, что делал?, что будет делать?, что сделает? сұрақтарына жауап беретін сөздердің шақтар (осы, өткен және келер шақ) бойынша өзгеруі, мағыналары бойынша жақын және қарама-қарсы сөздер (бежать, мчаться, нестись, лететь, повышать – понижать, строить – ломать); сұрақ қойылмайтын сөздер (көмекші сөз, жалғаулық): на, от, в, из, к, по, с, у, над, под, а, но, и, или, потому что (көмекші сөздермен, жалғаулықпен танысу, олардың сөйлемдегі рөлі); сөйлемдегі өзге де сөздер мен қызметтік сөздерді (көмекші сөздер, жалғаулық) бөлек жазу; сөз алды қосымшасы мен көмекші сөздерге салыстырмалы талдау;

11) синтаксис: сөз тіркесі, сөз тіркесі туралы түсінік, сұрақтар бойынша сөз тіркесінің және сөздің байланысы; сөйлем, сөйлем туралы түсінік, сөзді сөйлемдерге бөлу; сөйлемнің мазмұнды және интонациялық аяқталуы; сөйлемде не туралы айтылып жатқандығын білдіретін сөздер; сөйлемдегі сөздердің байланысы (сұрақтар бойынша); сөйлемнің грамматикалық негізі, сөйлемнің тұрлаулы мүшелері – бастауыш және баяндауыш; сөйлем мағынасын бақылау, сөйлемді интонациялау; сөйлем соңындағы тыныс белгілері (нүкте, сұрақ және леп белгілері), сөйлемнің алғашқы сөзіндегі бас әріп;

12) мәтін: ортақ тақырыппен байланыстырылмаған жеке сөйлемдер мен мәтінді салыстыру: мәтіндегі сөйлемдердің байланысы; мәтін тақырыбын анықтау; мәтіндегі тірек сөздерді талдау; мәтін тақырыбы; мәтіннің мазмұнына сәйкес тақырыпты таңдау; мәтіннің құрылымы: басы, негізгі бөлімі, қорытынды; мәтіннің бөлімдерін бөлу, оларға ат қою; 3-4 сөйлеммен пікір білдіру; өзгертілген мәтінмен жұмыс істеу (жеке сөйлемдердің орнын ауыстыру, тақырыпқа сәйкес келмейтін сөйлемдерді алып тастау); суреттерге негізделген пікірлер жоспарын ұжымдық құрастыру; мазмұндама туралы түсінік; сұрақтар бойынша ақпаратты/мәтінді мұғалім көмегімен мазмұндау; берілген тақырыптарға сұрақтар, суреттер сериясы, сюжеттік суреттер бойынша пікір/мәтін құрастыру;

13) оқу жылында өтілген материалдарды қорытынды қайталау: дыбыстар мен әріптер; дауысты (екпінді/екпінсіз) және дауыссыз (жіңішке/жуан, ұян/қатаң, қосарланған) дыбыстарды жазылу барысында әріппен белгілеу; айырмалық жіңішкелік белгісі; түбір, түбірлес сөздер; кто?, что? сұрақтарына жауап беретін және затты атайтын сөздер; какой?, какая?, какое?, какие? сұрақтарына жауап беретін және заттың сипатын білдіретін сөздер; что делать?, что сделать?, что делал?, что будет делать?, что сделает? сұрақтарына жауап беретін және заттың қимылын білдіретін сөздер; сөз тіркесі; сөйлем; мәтін.

8. «Орыс тілі» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: тыңдалым – екі шағын тақырыпты қамтитын ауызша мәтіннен ақпарат алу, мағынаны қабылдау процесі; ауызша қарым-қатынас жағдайын түсіну; сөйлеуді естуін дамыту: сөйлемнің, фразаның интонациялық суретін тыңдау және есту, негізгі ойды анықтау, қарым-қатынас құралдарының сөздік және сөздік емес мәнерлілік құралдарын (бейнелі сөздер, бағалау сөздер, дауыс ырғағы, ым-ишара) түсіну; оқу мәтінін түсіну; түсінбеген сөздерді, ойларды (пікірлерді) анықтау, олардың мағынасын (ересектерден немесе сыныптастарынан сұрау) нақтылау; аудио/бейне ақпараттардың негізгі ойы мен тақырыбын атау, тірек сөздер және негізгі тұстары бойынша анықтау; айтылым – ойларды, ақпараттарды, сезімдерді қалыптастыру және беру процесі; сөз сапасы: бейнелілік, ширақтық, дұрыстылық, тазалық, дәлдік, мазмұндылық, логикалылық; мәнерлі сөйлеудің құралдары; пікір білдіру; диалог және монолог түрінде пікір білдіру; тыңдалған ақпараттағы негізгі тұстарды анықтау; мазмұны бойынша ашық және жабық сұрақтар; негізгі тұстары; пікір білдірудің тақырыбы мен мақсаты, қажетті материалдарды іріктеу, оны тыңдаушыларға жеткізу жолдарын ойластыру; тақырып және суреттер/көрнекіліктер/фотосуреттер/диаграммалар негізінде ақпарат мазмұнын болжау; сөйлесудің диалогтік формасын практикалық меңгеру: әңгімеге қосылу, оны ілікпе сөзбен қолдау, өз көзқарасын білдіру, сендіру, әңгімелесу кезінде қарым-қатынастың сөздік емес құралдарын рационалды пайдалану; сөйлеу жағдайында бағдарлау: с кем?, зачем?, что?, о чем?, как? … я буду говорить/слушать; сөйлеу жағдайына сөйлеу түрінің, көлемінің және формасының тәуелділігі; сөйлеу әрекеті және оны орындау үшін қажетті жағдайлар: қарым-қатынаста серіктестердің және сөйлеуші адамның сөйлеуге деген қажеттілігінің (себеп), сөйлесушінің айтылған сөзді қабылдауға деген қажеттілігінің болуы; сөйлеу этикеті: өтініш, тілек, шақыру, телефонмен сөйлесу; этикеттік мәндегі пікір білдіруді дұрыс құрастыру және орынды пайдалану: кешірім сұрау, тілек, телефонмен сөйлесу (жағдай: абонент үйде жоқ, ақпаратты жеткізу туралы өтініш жасау); өзін-өзі бақылауды, пікірді бағалауды, түзетуді жүзеге асыру;

2) оқылым: оқылым – екі микротақырыпты қамтитын жазбаша мәтіннен ақпаратты алу және мағынасын қабылдау процесі: қажетті материалдарды табу мақсатында таңдап оқу; мәтіндегі ақпарат негізінде қарапайым тұжырымдарды қалыптастыру; тез және мағыналы оқуға, оқуды басқаруға мүмкіндік беретін оқу техникасын меңгеру; белгілі бір тақырып бойынша екі дереккөзден (сөздіктер, анықтамалықтар, балалар энциклопедиясы, балалардың танымдық журналдары) ақпарат табу, негізгі және қайталама ақпаратты бөліп көрсету; оқу мәтінін түсіну; түсінбеген сөздерді, ойларды (пікірлерді) анықтау және олардың мағыналарын

нақтылау біліктілігі (этимологиялық сөздіктерден ақпарат жинау), мәтіннің тақырыбын және негізгі идеясын тақырып бойынша, тірек сөздер және мәтіннің негізгі бөлімдері бойынша анықтау;

3) жазылым: бір жыл ішіндегі жазбаша жұмыстар: дайын немесе ұжымдық жоспар бойынша хабарлама мәтінін мазмұндау; білім алушылардың өмірлік тәжірибесі (бақылаулар, экскурсиялар, ойындар) бойынша алдын ала берілген тақырыптар мен ұжымдық/өз бетінше даярлық негізінде және сюжеттік картиналар сериясы, сюжеттік картиналар бойынша дайын және ұжымдық жоспар негіздегі мазмұндама (ауызша және жазбаша); түрлі типтегі мәтіндерді (әңгімелеу, сипаттау мәтіндері), көркем және бейкөркем мәтіндерді (жазба, ғылыми-танымдық мәтін, анықтама, хабарландыру, өмірбаян, жарнама) құрастыру; жазбаша сөйлеудің дұрыстығын, байлығын және мәнерлілігін ескере отырып, өз мәтіндерін және берілген мәтіндерді түзету 2-сыныпта өткен «Лексика» бөлімінің материалына негізделген; әңгімелеу, сипаттау мәтіндерін, көркемдік мәтінге негізделген шағын мәтіндерді жазу, берілген тақырып негізінде тірек сөздер бойынша көркем және бейкөркем мәтіндер құрастыру, тірек сөздерді немесе анықтамалық сөздерді пайдалана отырып, оқылған/тыңдалған мәтін мазмұнын беру, әртүрлі диктанттар, сызба, кесте, фотосуреттерді қолдана отырып, мәтіндер жазу;

4) 2-сыныпта өткенді қайталау: ауызша және жазбаша сөйлеуге қойылатын талаптар, қарым-қатынас құралы ретінде тілдің маңызы, таным; 1-2-сыныптарда қарастырылған тілдік құбылыстарды тану қабілетін бекіту; дыбыс және әріптер; дауысты және дауыссыз дыбыстар, оларды әріптермен белгілеу; екпін, екпінді және екпінсіз буындарды ажырату; сөздерді тасымалдау; сөздердің дыбыстық және дыбыстық-әріптік талдауы, жазбаша дағдыларды қалыптастырудағы рөлі (қатесіз, орнын ауыстырмау, бұрмаламау, әріптерді ауыстырмау); жіңішкелік белгісі дауыссыздардың жіңішкелік көрсеткіші ретінде; айырмалық жіңішкелік белгісі; қосарланған дауыссыздар; екпінсіз дауыстылардың, қатаң, ұяң, үнділердің сөз түбірінде дұрыс жазылуы; сөйлем; сөйлем негізі (сөйлемнің тұрлаулы мүшелері); сөйлем соңындағы тыныс белгілері; 1, 2-сыныптарда өткен сөздерді есте сақтауға арналған сөздерді жазу және салыстыру; жазу техникасына, жазбаша жұмыстарды жазу мәдениетіне қойылатын талаптар; мәтін түрлері: сипаттау мәтіні;

5) дұрыс жазу; орфограмма, орфограмма түрлері; орфографиялық ережелер; екпінсіз дауыстылары, тексерілетін және тексерілмейтін екпіндері бар сөздерді жазу және айту; түбірінде екпінсіз екі дауыстысы бар сөздер (зеленеет, холодит, береговой, воробей); түбірінде қосарланған қатаң және ұяң дауыссыздары бар сөздерді жазу және айту; жуан және жіңішке дауыссыздары бар сөздерді жазу және айту; айтылмайтын дауыссыздары бар сөздерді жазу және айту; дауыссыз дыбыстың қосарланған әріптері бар сөздерді жазу және айту; айырмалық жуан және жіңішкелік белгілері бар сөздерді дұрыс жазу;

6) сөз, сөздің мағынасы, сөздің лексикалық мағынасы; мағыналас және көп мағыналы сөздер; сөздердің тікелей және ауыспалы мағынасы; сөздің мағынасын нақтылау және анықтау мақсатында түсіндірме сөздікті пайдалану; айтылуы және жазылуы бірдей, бірақ мағыналары бөлек сөздер (омонимдер) (терминсіз); синонимдер – мағыналары жақын сөздер; антонимдер – қарама-қарсы мағыналы сөздер; кең таралған тұрақты тіркестер (фразеологиялық тіркестер, іс жүзінде, терминсіз: дать слово, ни капельки, так себе, длинный язык, надуть губы, из-под

(самого) носа, как с гуся вода); синоним, антоним, омоним, фразеологиялық бірліктердің мектеп сөздіктерімен жұмыс істеу;

7) сөз құрамы: сөзжасам; сөздің түбірі мен жалғауы; түбір бөліктері: түбір, жұрнақ, сөз алды қосымшасы; түбірлес сөздер; сөз түбіріндегі дыбыстардың алмасуы; екі түбірлі сөздер (күрделі сөздер); сөздің өзгеруі және қалыптасуы; сөзді құрамы бойынша талдау; дұрыс жазу; өзгермейтін сөз алды қосымшаларының дұрыс жазылуы об-, от-, до-, под-, над- (іс жүзінде); сөз алды қосымшалары бар сөздерді тасымалдау; айырмалық ъ дұрыс жазылуы (е, Ұ, ю, я әріптерінің алдында дауыссызға аяқталатын сөз алды қосымшасынан кейін); оньк-, -еньк-, -ушк-, -юшк-, -ик-, -ек-, -ёнок-,-онок- жұрнақтары бар сөздердің дұрыс жазылуы және олардың сөйлеу барысында қолданылуы; жазу барысында сөз түбіріндегі екпінсіз дауыстыларды белгілеу және айту; қосарланған қатаң және ұяң дауыссыздары бар сөздерді сөз соңындағы өзге де дауыссыздар алдында жазу және айту; жуан және жіңішке дауыссыздары бар сөздерді жазу және айту;

8) сөз таптары: сөз таптары туралы түсінік; сөз таптарымен жалпы танысу: зат есім, сын есім, етістік, үстеу, сөз алды қосымшасы (жалпы лексикалық және грамматикалық мағынасы, сұрақтары); сөздерді олардың мағынасына және сұрақтарына қарай сөз таптарына бөлу; зат есім, зат есім туралы түсінік; зат есімнің лексикалық мағынасының көптүрлілігі; затты, тірі ағзаларды, заттанған түсініктерді (высота), іс-әрекеттерді (полёт) білдіретін зат есімге қойылатын сұрақтар: кто?, что?; жалпы және жалқы зат есімдер; жалқы зат есімдердегі бас әріптер; газет, журнал, кітап, фильм атауларын білдіретін жалқы есімерді жазу кезіндегі тырнақшалар; зат есімдердің (мужской, средний и женский род) бөлінуі және түрленуі; зат есімдердің жалғаулары; соңында ызың дыбыстары бар зат есімнен кейінгі жіңішкелік белгісі; ат есімдердің жекеше және көпше түрде өзгеруі; зат есімдердің септіктер бойынша жекеше және көпше түрде, зат есімдердің септіктер бойынша өзгеруі; зат есімнің сөйлемдегі рөлі; сын есім туралы түсінік; сын есімнің лексикалық мағынасының көптүрлілігі; сын есімге қойылатын сұрақтар: какой? какая? какое? какие?; сын есімнің зат есіммен байланысы; сын есімнің зат есіммен байланысы кезіндегі өзгерістері: - ий, -ый, ая, -яя, -ое, - ее, -ие, -ые жалғауларының дұрыс жазылуы; етістік, етістік туралы түсінік, етістіктің лексикалық мағынасының көптүрлілігі; етістікке қойылатын сұрақтар: что делать? что сделать? что делал? что будет делать? что сделает?; етістіктің өзгеруі; етістіктің шақтары туралы түсінік (сөйлеу сәтіне қатысты іс-әрекетті белгілеу): осы шақ, өткен шақ, келер шақ; етістіктердің шақтар бойынша өзгеруі; өткен шақтағы етістіктің өзгеруі; тұйық етістік туралы жалпы түсінік; тұйық етістік сұрақтары: что делать? что сделать?; етістіктердің сөз алды қосымшаларымен дұрыс жазылуы; етістіктердің сөйлемдегі рөлі; үстеу; үстеу туралы түсінік; үстеуге қойылатын сұрақтар: где? когда? как?; үстеудің лексикалық мағынасының көптүрлілігі; сөйлемдегі үстеудің рөлі;

9) синтаксис: сөз тіркесі; сөздердің сұрақтар бойынша сөз тіркесіндегі байланысы; сөз тіркесіндегі басыңқы және бағыныңқы сөз; синонимдік мағынамен сөз тіркесі (вишнЎвый джем – джем из вишни); сөз тіркесінің сөйлемдегі рөлі; сөйлем; мақсаты бойынша сөйлемдер: хабарлы (хабарламасы бар сөйлем), сұраулы (сұрағы бар сөйлем), бұйрық сөйлем (өтініш, кеңес немесе бұйрығы бар сөйлем); дауыс ырғағы бойынша сөйлем: лепті, лепті емес және сұраулы; сөйлемнің

тұрлаулы (бастауыш және баяндауыш) және тұрлаусыз (анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш) мүшелері; сөйлем мүшелеріне қойылатын сұрақтар; оқылған сөз таптары бойынша сөйлем құрау және олардың тұрлаусыз мүшелермен таралуы;

10) мәтін: көркемдік, бейкөркем мәтіндер (практикалық таныстыру); тақырып, мәтіннің басты ойы, тірек сөздер; мәтіннің тақырыбын анықтау, мәтінге тақырып қою; мәтіннің негізгі ойын және мәтіндегі негізгі сөздерді/тұстарды анықтау; мәтіннің құрылымдық бөліктері: бастамасы, негізгі бөлігі, қорытынды; мәтін бөліктері арасындағы және әр бөліктегі сөйлем байланысы; мәтін түрлері: сипаттама, хабарлы; мұғалім көмегімен сипаттама мәтін, хабарлы мәтін жоспарын құрастыру; түрлі типтегі мәтіндерді салыстыру;

11) оқу жылында өтілген материалдарды қорытынды қайталау: сөз құрамы, екпінсіз дауыстылардың, қатаң және ұяң дауыссыздардың, айтылмайтын дауыссыздардың, сөз түбіріндегі қос (жұп) дауыссыздардың дұрыс айтылуы; тексеру әдістері; айырмалық жуан және жіңішкелік белгілері; сөз таптары: зат есім, сын есім, етістік, үстеу; мәтін және сөйлем, интонация және айтылу мақсаты бойынша сөйлем.

9. «Орыс тілі» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: тыңдалым – екі-үш шағын тақырыпты қамтитын білім алушыға айтылған ауызша мәтіннен ақпарат алу, мағынаны қабылдау процесі; сөйлемнің интонациялық бейнесін қабылдау; сөйлеушінің логикалық екпін, дауыс қаттылығын арттыру, қайталау, қарым-қатынас құралдарының сөздік және сөздік емес мәнерлілік құралдарын түсіну арқылы (бейнелік сөздер, бағалау сөздері, дауыс ырғағы, ым-ишара) бөліп қарастырылатын мағынасы бойынша маңызды сөздерді анықтау; тыңдалған ақпараттың мазмұнын бағалау және талдау, оның тілдік ерекшеліктерін және құрылымын анықтау;

2) айтылым: айтылым – ойларды, ақпараттарды, сезімдерді қалыптастыру және беру процесі; оқулықтардың диаграммалары, кестелері, сызбалары және басқа да ақпарат көздері бойынша материалдарды ауызша жинақтау; сөйлесу тәсілі, сөйлесудегі тіл туралы түсінікті тереңдету: с кем?, зачем?, при каких условиях?, по какой причине?, о чём?, как?, ... я буду говорить/слушать; сөйлеу түрінің, көлемінің, түрінің және жанрының сөйлеу жағдайына тәуелділігі; сөз сапасы: ақпараттылығы, логикалылығы, дұрыстылығы, маңыздылығы, байлығы, бейнелілігі, тазалығы, эмоционалдық көркемдігі; мақал-мәтелдер орыс халқының ұлттық мінез-құлқының және данышпандығының көрінісі, қысқа, бейнелі, дәл сөйлеу үлгісі ретінде; пікір айту; пікір айту сөйлеу нәтижесі ретінде; тақырып туралы түсінікті және негізгі пікір идеясын тереңдету; мағынасын беру арқылы өз жазбалары негізінде тыңдалған ақпарат бойынша пікір құрастыру; тақырыптың анықтамасы және пікірдің басты идеясы; мазмұнды өз нұсқасын негіздеу арқылы тақырып және диаграмма, сызба, кесте бойынша болжау; диалогтің ерекшеліктері; диалог жүргізу, өз көзқарасын білдіру, сендіру, әңгімелесу барысында ауызша емес қарым-қатынас құралдарын ұтымды пайдалану; этикеттік мәндегі пікірді дұрыс құрастыру және орынды пайдалану: кешірім, өтініш, алғыс, құттықтау, бағалау және кеңес беру; өзін-өзі қадағалауды жүзеге асыру, пікірлерді бағалау, редакциялау, сөйлеуді жақсарту бойынша кеңестер;

3) оқылым: оқылым – екі-үш микротақырыпты қамтитын жазбаша мәтіннен ақпаратты алу, мағынасын алу процесі; қажетті материалды табу мақсатында

таңдап оқу; мәтіндегі ақпарат негізінде қарапайым тұжырымдарды қалыптастыру; автордың ойын және оқылып жатқан мәтінге деген өзінің көзқарасын, оқылымын бақылау арқылы мәнерлеп, өз ішінен және дауыстап оқу; түсініксіз сөздерді, пікірлерді, бейнелерді анықтап, сұрақтар қою, сөздік, мәнмәтін және өзге де қолжетімді дереккөздер көмегімен нақтылау; мәтін мазмұнындағы және оның тақырыптары, пункгері, тақырып қою бөлімдері бойынша бағдарлау; оқу мәтінін түсіну; түсінбеген сөздерді, пікірлерді анықтау және олардың мағынасын нақтылау (түсіндірме, этимологиялық сөздіктердегі анықтама); мәтіннің негізгі бөліктері және тірек сөздері, атауы бойынша мәтіннің негізгі идеясын және тақырыбын анықтау, "чтение между строк" - мәтінде анық көрінбейтін негізгі ойды анықтау; белгілі бір тақырып бойынша бірнеше дереккөзден (сөздіктер, анықтамалықтар, балалар энциклопедиясы, балалардың танымдық журналдары) ақпарат табу, негізгі және қайталама ақпаратты бөліп көрсету;

4) жазылым: жыл бойындағы жазбаша жұмыстар: дайын, ұжымдық және дербес жасалынған жоспар бойынша мазмұндама (нақты және ықшамды); білім алушылардың өмірлік тәжірибесі (бақылаулар, экскурсиялар, ойындар) бойынша алдын ала берілген тақырыптар мен ұжымдық/өз бетінше даярлық негізінде және дайын, ұжымдық жоспар негізіндегі репродуктивті немесе көркемдік шығарма (ауызша және жазбаша); анықтамалық және арнайы әдебиеттерді, сөздіктерді, журналдарды пайдалану; жазбаша сөйлеу нормалары бұзылған мәтіндерді түзету: сөйлемдердің және азат жолдардың реттілігі; сызба, диаграмма, кестелерді қолдана отырып, портретке сипаттау мәтінін, пайымдау мәтінін құрап, жазу; бейкөркем мәтіндер құрастыру: мақала, жазба, мінездеме, сұхбат, нұсқаулық, интервью, жарнама, өтініш, хабарландыру;

5) 3-сыныпта өткенді қайталау: ауызша және жазбаша сөйлеуге қойылатын талаптар; сөйлеу қызметінің түрлері; алдыңғы сыныптарда қаралған тілдік құбылыстар; жазу техникасы, жазбаша жұмыстарды рәсімдеу мәдениеті; дыбыстар мен әріптер; буын, екпін; күрделі буындық құрылымы бар сөздерді дыбыстық-әріптік талдау (көшіріп жазу, шығармалар мен мазмұндамаларды жазу, эсселер жазу, қателіктермен жұмыс істеу кезінде қатесіз жазу дағдыларын дамыту);

6) сөз құрамы: сөз түбірлеріндегі дауысты және дауыссыздарды дұрыс жазу; сөз алды қосымшалар мен жұрнақтарды дұрыс жазу; айырмалық белгісі ("Дыбыстар мен әріптер", "Сөз құрамы", "Сөз мағынасы" бөлімдері бойынша жаттығулар бағдарламаның оқу материалдарымен байланысты оқу жылы бойында жүргізіледі); интонация және айтылу мақсатына байланысты сөйлем түрлері; сөйлем соңындағы тыныс белгілері; сөйлемнің тұрлаулы мүшелері, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері (бөлінусіз); сөйлемдегі сөздер байланысы, сөз тіркестерін бөліп алу, басыңқы сөзден бағыныңқы сөзге сұрақ қою;

7) сөз таптары: сөз таптары туралы түсінік; сөз таптарымен жалпылама танысу: үстеу, сан есім, есімдік, сөз алды қосымшасы және жалғаулық (жалпы лексикалық және грамматикалық мағынасы және сұрақтар); зат есім; зат есім сөз табы ретінде: жалпы грамматикалық мағынасы, морфологиялық белгілері, сөйлемдегі рөлі; зат есім туралы 3-сыныпта өткен ақпараттарды қайталау; зат есімге жататын сөздердің лексикалық көптүрлілігі; синоним зат есімдер, антонимдер зат есімдер, омонимдер, зат есімдердің көптүрлілігі, зат есімдерді тура және ауыспалы мағынада қолдану; жалпы және жалқы зат есімдер; зат есімдердің

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Математика» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Математика» оқу пәнінің негізгі мақсаты – білім алушылардың математикалық таным негіздерін меңгеруіне және тиісті дағдыларын қалыптастыруына мүмкіндік жасау. Бұл оқу пәні қоршаған ортаны бейнелеу мен түсіну тәсілі ретінде қабылдауды дамытуға бағытталған және білім алушылардың қабылдауы мен танымын кеңейтуді, математика ғылымына қызығушылығын талап етеді.

3. Бастауыш білім беру деңгейінде математикалық білім берудің негізгі мақсатына сәйкес оқу пәні келесі міндеттерді айқындайды:

1) логикалық ойлауды, кеңістіктік елестетуді және математикалық терминдерді пайдалану біліктілігін дамыту;

2) оқу және тәжірибелік проблемаларды шешу, арифметикалық алгоритмдерді пайдалану, геометриялық салулар мен математикалық зерттеулер жүргізу қабілеттерін дамыту;

3) сыни тұрғыдан ойлауды, шығармашылық қабілеттерді дамыту;

4) өзінің математикалық білімі мен біліктерін басқа пәндерді меңгеруде, сонымен қатар күнделікті өмірде қалай пайдалану керектігін түсіну;

5) тұлғалық қасиеттер: білуге құштарлық, мақсаттылық, жауапкершілік, сенімділік және тәуелсіздікті дамыту;

6) түсінудің, түсіндірудің, талдаудың, синтездің, жүйелеудің, қолданудың және суреттеудің когнитивтік дағдыларын дамыту;

7) коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды, топпен жұмыс істеу және өз көзқарасын білдіру, басқа адамдардың пікірін құрметтеу, көшбасшылық

қасиеттерді көрсету, өз жұмысын жазбаша және ауызша түрде таныстыру дағдыларын дамыту;

8) ақпаратты іздестіру және таңдау, өз уақытын басқару, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға негізделген.

4. «Математика» пәнінің оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушының сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына негіз болады.

2-тарау. «Математика» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Математика» оқу пәнінің мазмұны

6. «Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 1-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 140 сағат;

2) 2-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 144 сағат.

3) 3-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 180 сағат;

4) 4-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 180 сағатты құрайды.

7. «Математика» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Сандар мен шамалар»: натурал сандар және 0 саны, тура, кері және реттік санау, сандарды оқу, жазу және салыстыру, сандар құрамы, разрядтық құрамы, разрядтық қосылғыштар, ондықтар, сандарды топтап санау, сандармен амалдар орындау, сандарды қосу мен азайту, қосу мен азайту өзара кері амалдар, қосудың ауыстырымдылық қасиеті, 1 мен 0-дің қасиеті, сандардың қосу кестесі, шамалар және олардың өлшем бірліктері, ұзындық, масса, көлем (сыйымдылық), уақыт шамалары, шамаларды өлшеу, салыстыру, түрлендіру, циферблат бойынша уақытты анықтау, тиындармен әрекеттер;

2) «Алгебра элементтері»: сандық және әріптік өрнектер, сандық және әріптік өрнектерді құрастыру, жазу және оқу, әріптік өрнектің мәні, теңдік құру үшін әріптік өрнектер түрінде қолдану, өрнектерді салыстыру, теңдіктер мен теңсіздіктер, теңдеулер, тура және тура емес теңдіктер, теңдеулерді шешу;

3) «Геометрия элементтері»: геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі, нүкте, түзу, қисық сызық, тұйықталған және тұйықталмаған сызық, кесінді, сәуле, бұрыш, жазық және кеңістік фигуралар, геометриялық фигуралардың қабырғаларын өлшеу және салыстыру, геометриялық фигураларды кескіндеу және салу, түзу, қисық сызық, сынық сызық, кесінді, геометриялық фигуралардан құралған композициялар, нысандардың орналасуы және бағыты, нүктелер координаталары және қозғалыс бағыты, нүктелердің сан сәулесінде орналасуы;

4) «Жиындар. Логика элементтері»: жиындар және оларға амалдар қолдану, жиындар, жиындардың жіктелуі, жиындарды салыстыру, тең жиындар, бос жиын, пікірлер, ақиқат немесе жалған тұжырымдар, ребустар, логикалық есептер, тізбектер, сандар мен амалдар тізбегі, заттар комбинациялары, «екі-екіден» заттар комбинациялары;

5) «Математикалық моделдеу»: есептер және математикалық модель, есептерді кесте, сызба, қысқа жазба түрінде моделдеу, ұғымдар, терминдар, есептерді талдау және шығару, кері есептер, есептерді шығару тәсілдері, математикалық тіл, сандарды бейнелеу, «+», «-», «≠», «=», «>», «<» белгілері, сан сәулесі, қосу және азайту амалдарының компоненттері, деректерді жинақтау, жүйелеу, кестелер, пиктограммалар, диаграммалар.

8. «Математика» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Сандар мен шамалар»: 100 көлемінде сандар, тура, кері және реттік санау, екітаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру, сандар құрамы, сандарды римше нөмірлеу, 1000 көлемінде сандарды оқу, жазу және салыстыру, тура және кері санау, сандармен амалдар орындау, көбейту және бөлу, қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттері, көбейтудің ауыстырымдылық қасиеті, біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу кестесі, 2, 3, 4, 5-ке көбейту және бөлу кестесі, біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу және азайту, екітаңбалы сандарды қосу және азайту, шамалар және өлшем бірліктері, өлшеу аспаптар шәкілдері, шамалар: ұзындық, масса, көлем мәндерін салыстыру, ұзындық, масса, көлем уақыт өлшемдерін түрлендіру, монеталармен әрекеттер;

2) «Алгебра элементтері»: сандық және әріптік өрнектер, қосу және көбейту қасиеттері, санды 1-ге көбейту және бөлу, жақшалы және жақшасыз әріптік, сандық өрнектер, теңдіктер мен теңсіздіктер, теңдеулерді шешу, күрделі теңдеулер;

3) «Геометрия элементтері»: геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі, бұрыштар түрлері, көпбұрыштардың жіктелуі, тіктөртбұрыш, шаршы, тікбұрышты үшбұрыштың белгілері, геометриялық фигуралардың қабырғаларын табу, периметрді табу формуласы, геометриялық фигураларды кескіндеу және салу, кесінділер мен түзулер, тік бұрыш, жазық фигуралардың моделдері, жазық фигураларды салу, геометриялық фигуралардың орнын, қозғалысын және бағытын анықтау, нүктелер координаталары және қозғалыс бағыты, нүктелердің сызықта орналасуы;

4) «Жиындар. Логика элементтері»: жиындар және оларға амалдар қолдану, жиындарды диаграмма арқылы көрнекі түрде кескіндеу, сандық жиындардың жіктелуі, жиындар элементтері, жиындардың қиылысуы мен бірігуі, пікірлер, ақиқат және жалған тұжырымдар, басқатырғыштар, логикалық есептер, тізбектер, сандар тізбектеріндегі заңдылықтар, заттар комбинациялары, «үш-үштен» заттар комбинациялары;

5) «Математикалық моделдеу»: есептер және математикалық модель, есептерді кесте, сызба, қысқа жазба түрінде моделдеу, есептерді талдау және шығару, шамалар арасындағы байланысқа есептер шығару, тура және жанама сұрақтары болатын есептер, екі амалды есептер, сандық өрнек түрінде берілген есептер, математикалық тіл, екітаңбалы сандардың графикалық моделі, латын

алфавитінің бас әріптері, ∈ және ∉ таңбалары, деректерді жинақтау, кестелер мен диаграммаларды кескіндеу.

9. «Математика» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Сандар мен шамалар»: 1000 көлемінде сандар, тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орын, сандарды оқу, жазу және салыстыру, сандардың разрядтық және кластық құрамы, разрядтық қосылғыштардың қосындысы, мыңдық, үлестер: оқу, жазу және салыстыру, сандармен амалдар орындау, бөлшектер, бөлшектерді салыстыру, санның квадраты және кубы, 1 мен 0-дің көбейту және бөлу қасиеттері, көбейтудің ауыстырымдылық, терімділік, үлестірімділік қасиеттері, 6, 7, 8, 9-ға көбейту және бөлу кестесі, қалдықпен бөлу, кестеден тыс көбейту және бөлу, қосынды мен көбейтіндіні санға бөлу, қосындыны санға көбейту, кестелік көбейту және бөлу, санның үлесі, кері амал, шамалар және өлшем бірліктері, палетка, шамаларды өлшеу, салыстыру түрлендіру, купюралар және олармен әрекеттер жасау, сағаттар түрлері, уақытты анықтау, купюралармен әрекеттер;

2) «Алгебра элементтері»: сандық және әріптік өрнектер, өрнектерді құрастыру, жазу және оқу, өрнектің мәні, әріптік теңдік түрінде берілген көбейтудің ауыстырымдылық, терімділік қасиеттері, сандық өрнектерді салыстыру, жақшалы және жақшасыз өрнектерде амалдардың орындалу тәртібі,теңдіктер мен теңсіздіктер, теңдеулер, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу;

3) «Геометрия элементтері»: геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі, шеңбер мен дөңгелек, центр, радиус, диаметр, симметриялы және симметриялы емес фигуралар, тікбұрышты үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш аудандары, құрастырылған фигуралардың периметрі, геометриялық фигураларды кескіндеу және салу, параллель және қиылысатын түзулер, шеңбер сызу, кеңістіктік фигуралардың жазбасы, кеңістіктік фигуралардың орналасуы, нүктелер координаталары және қозғалыс бағыты, жазық фигурада белгіленген нүктелер;

4) «Жиындар. Логика элементтері»: жиындар және олармен орындалатын амалдар, ішкі жиынтық, жиындардың қиылысуы мен бірігуі, пікірлер, ақиқат және жалған тұжырымдар, логикалық есептер, кестелер мен графтар, тізбектер, заңдылық, тізбектерді құрастыру, заттардың комбинациялары;

5) «Математикалық моделдеу»: есептер және математикалық модель, есептерді моделдеу, есептерді талдау және шығару, математикалық тіл, көптаңбалы сандардың графикалық моделі, разрядтар және кластар кестесі, жиын белгілерінің атаулары, латын алфавитінің әріптері, амалдар компоненттерінің атаулары, деректерді жинақтау, жүйелеу, салыстыру, диаграммалар мен пиктограммалар.

10. «Математика» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Сандар мен шамалар»: көптаңбалы сандар, натурал сандар қатарындағы санның орны, көптаңбалы сандарды оқу, жазу, салыстыру және дөңгелектеу, көптаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамы, разрядтық қосылғыштардың қосындысы, миллион, бөлшектер, бөлшектерді салыстыру, дұрыс және бұрыс бөлшектер, аралас сандар, пайыз, бүтіннің бөлігін пайызбен көрсету, сандармен амалдар орындау, бөлшектерді қосу және азайту, көбейту мен бөлудің қасиеттері, натурал сандардың жіктелуі, көптаңбалы сандарды қосу және

азайту, калькулятор көмегімен есептеулер, 10, 100, 1000-ға бөлу, сандарды көбейту және бөлу, санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге көбейту және бөлу, көптаңбалы сандарды қалдықпен бөлу, аралас санды бұрыс бөлшекке және бұрыс бөлшекті аралас санға түрлендіру, пайызды бөлшекке, бөлшекті пайызға түрлендіру, шамалар және өлшем бірліктері, шамаларды өлшеу, салыстыру және өрнектеу, шетелдік және ұлттық валюта, олармен әрекеттер;

2) «Алгебра элементтері»: сандық және әріптік өрнектер, өрнектерді құрастыру, бірнеше айнымалысы бар өрнектер, бөлшектерді қосу және азайту, бөлшектері бар өрнектерді салыстыру, жақшалы және жақшасыз өрнектерде амалдардың орындалу тәртібі, қуып жету қозғалысы мен бір бағыттағы қалып қою қозғалысына байланысты формулалар, сандарға қалдықпен бөлу формуласы, теңдіктер мен теңсіздіктер, теңдеулер, қос теңсіздіктер, теңдеулерді шешу;

3) «Геометрия элементтері»: геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі, тікбұрышты үшбұрыш, куб, тікбұрышты параллелепипед және оның элементтері, үшбұрыштардың жіктелуі, тікбұрышты параллелепипедтің көлемі, фигуралардың аудандары, геометриялық фигураларды кескіндеу және салу, перпендикуляр түзулер, симметрия осі, симметриялы және симметриялы емес жазық фигуралар, бұрыштың градустық өлшемі, пирамида, цилиндр, конустың жазбасы, нүктелер координаталары және қозғалыс бағыты, нысандардың қозғалыс сызбалары, бастапқы орын және бағыт;

4) «Жиындар. Логика элементтері»: жиындар және оларға амалдар қолдану, жиындар арасындағы қатынас, жиындардың қиылысуы мен бірігу аймақтары, жиындардың ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері, пікірлер, математикалық мазмұны бар тұжырымдар, ақиқат және жалған тұжырымдар, логикалық есептер, тізбектер, сандар, бөлшектер тізбектеріндегі заңдылықтар, тізбектерді құрастыру, заттардың комбинациялары, комбинаторика есептері;

5) «Математикалық моделдеу»: есептер және математикалық модель, есептерді моделдеу, есептерді талдау және шығару, есептердің алгебралық және арифметикалық тәсілдері, математикалық тіл, бөлшектерді салыстыру, бөлшектермен амалдар, латын алфавитінің әріптерімен белгілеу және оқу, пайызды % символымен белгілеуді қолдану, бұрыштың градустық өлшемін ^{0} символымен белгілеуді қолдану, қозғалыс графиктері, сызбалары.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

11. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 1.2.1.1 кодында «1» - сынып,«2.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

12. Оқу мақсаттарының жүйесі:

1-бөлім: Сандар мен шамалар				
Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1	1.1.1.1	2.1.1.1	3.1.1.1	4.1.1.1

Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	натурал сандар/ нөл санының құрылу жолын түсіну, 10/11-20 көлемінде тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	100-ге дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну, 100 көлеміндегі сандарды тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	1000-ға дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну, 1000 көлеміндегі сандарды тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау	көптаңбалы сандардың құрылу жолын түсіну, натурал сандар қатарындағы 1 000 000 көлеміндегі санның орнын анықтау
	1.1.1.2 біртаңбалы сандарды және 10 санын/11-ден 20-ға дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыру	2.1.1.2 екітаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру	3.1.1.2 үштаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру	4.1.1.2 көптаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру/ сандарды берілген разрядқа дейін дөңгелектеу
	1.1.1.3 біртаңбалы сандардың құрамын/ 20 көлемінде сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу	2.1.1.3 екітаңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу/12-ге дейінгі рим сандарын оқу, жазу және қолдану	3.1.1.3 үштаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу	4.1.1.3 көптаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу
	1.1.1.4 санаудың ірі бірлігі ондықты құрастыру,	2.1.1.4 санаудың ірі бірлігі жүздікті құрастыру, 1000-ға дейін жүздіктермен	3.1.1.4 санаудың ірі бірлігі мыңдықты құрастыру,	4.1.1.4 санаудың ірі бірлігі миллионды құрастыру, жүз миллион

ҚОБА

	100-ге дейін ондықтармен санау, жазу және салыстыру	санау, жазу, салыстыру	1 000 000-ға дейін мыңдықтармен санау, жазу, салыстыру	көлемінде санау, жазу, салыстыру
	1.1.1.5 20-ға дейінгі сандарды 2-ден топтап тура және кері санау/ тәжірибе арқылы 2, 4, 6, 8, 10 заттың жартысын табу	2.1.1.5 50-ге дейін 3, 4, 5-тен топтап тура және кері санау/ жұп/тақ сандарды ажырату/заттар тобын 6, 7, 8, 9-дан тең бөліктерге бөлуді көрсету	3.1.1.5 үлесті құру жолын көрсетіп беру, оларды оқу, жазу және салыстыру	4.1.1.5 пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екенін түсіну
			3.1.1.6 жай бөлшектерді оқу, жазу, бөлімдері бірдей жай бөлшектерді көрнекілік қолдану арқылы салыстыру	4.1.1.6 бөлімдері немесе алымдары бірдей жай бөлшектерді салыстыру, сан сәулесінде салыстыру/ дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшек, аралас сандарды ажырату
1.2 Сандар мен амалдар орындау	1.1.2.1 қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиындардың бірігуі, азайтуды жиынның бөлігін ажыратып алу ретінде түсіну	2.1.2.1 көбейтуді бірдей қосылғыштардың қосындысын табу, бөлуді заттардың түрлеріне қарай және тең бөліктерге бөлу ретінде түсіну	3.1.2. 1 бөлшек дегеніміз бір бүтіннің бір не бірнеше бөліктері және екі натурал санның қатынасы екенін түсіну/санның квадратын бірдей екі көбейткіштің, ал санның	4.1.2.1 бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосу және азайтуды бөлімдерін өзгертпей қалдырып, сәйкес алымдарны қосу және азайту деп түсіну

ЖОБА

			кубы бірдей үш көбейткіштің көбейтіндісі ретінде түсіну	
	1.1.2.2 қосу және азайту өзара кері амалдар екенін түсіну, қосумен азайту компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты анықтау	2.1.2.2 көбейту және бөлу өзара кері амалдар екенін түсіну, көбейту мен бөлу компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты анықтау	3.1.2.2 көбейту және бөлуді орындауда 0 мен1 сандарының қасиеттерін қолдану, санды 0 санына бөлуге болмайтынын білу	4.1.2.2 көптаңбалы сандармен арифметикалық амалдарды орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану
	1.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық қасиетін/ 0 мен 1 сандарының қасиетін қолдану	2.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін/ көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану	3.1.2.3 тиімді есептеу үшін көбейтудің ауыстырымдылық/ үлестірімділік, терімділік қасиеттерін қолдану	4.1.2.3 көптаңбалы сандармен есептеулер жүргізгенде қосу және көбейтудің қасиеттерін қолдану
	1.1.2.4 біртаңбалы сандарды ондықтан аттамай қосу кестесін құру, білу және қолдану	2.1.2.4 біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу кестесін құру, білу және қолдану/2, 3, 4, 5 сандарына көбейту кестесін құру, білу және қолдану	3.1.2.4 6, 7, 8, 9 сандарына көбейту мен бөлу кестесін құру, білу және қолдану	4.1.2.4 2-ге, 5-ке, 10-ға бөлінгіштік белгілерге сүйеніп, натурал сандарды топтастыру
	1.1.2.5 ондықтан аттамай	2.1.2.5 біртаңбалы сандарды	3.1.2.5 үштаңбалы сандарды/	4.1.2.5 көптаңбалы сандарды ондық

ЖОБА

	біртаңбалы сандарды/ 20 көлеміндегі біртаңбалы мен екітаңбалы сандарды/ ондықтарды ауызша қосу және азайтуды орындау	ондықтан аттап қосу және азайту/300+200 (3жүзд.+2жүзд.), 170-130 (17онд.-13онд.) түрінде ауызша қосу және азайтуды орындау	мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау	құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау, микрокалькулятордың көмегімен есептеулер жүргізу
		2.1.2.6 екітаңбалы сандарды: 40+17, 57-40, 57-17, 35±12 жағдайларында ондықтан аттамай ауызша қосу және азайтуды орындау	3.1.2.6 біртаңбалы санға қалдықпен бөлуді орындау	4.1.2.6 10, 100, 1000 сандарына қалдықсыз және қалдықпен бөлу
		2.1.2.7 45±9, 40-14, жағдайларында: ондықтан аттап, ауызша қосу мен азайтуды орындау	3.1.2.7 кестеден тыс: 17•5, 96:6, 75:15, 84:4 жағдайларында ауызша көбейту мен бөлуді орындау	4.1.2.7 екітаңбалы/ үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға ауызша көбейту мен бөлуді орындау
		2.1.2.8 34+ 23, 57-23, 45±19, 47+33, 80-47, 100-35 жағдайларында: екітаңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдану	3.1.2.8 үштаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану	4.1.2.8 көптаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану
			3.1.2.9	4.1.2.9

ЖОБА

			100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні біртаңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану	санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге көбейту және бөлу ережелерін қолдану
			3.1.2.10 23·2, 123·2, 46:2, 246:2 жағдайларында: екітаңбалы/ үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану	4.1.2.10 көптаңбалы сандарды біртаңбалы/ екітаңбалы/ үштаңбалы сандарға қалдықпен бөлуді орындау
			3.1.2.11 28·3, 269·2, 84:3, 538:2 жағдайларында: екі/үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану	4.1.2.11 екітаңбалы/ үштаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану
			3.1.2.12 нөлдермен аяқталатын	4.1.2.12 нөлмен аяқталатын

ЖОБА

			үштаңбалы санды біртаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу тәсілін қолдану	көптаңбалы сандарды біртаңбалы/ екітаңбалы/ үштаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмін қолдану
			3.1.2.13 бөліндінің бір разрядында нөл болатын кезде үштаңбалы санды біртаңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану	4.1.2.13 бөлінді мәнінде нөлдер болатын жағдайда көптаңбалы санды біртаңбалы/ екітаңбалы/ үштаңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану
			3.1.2.14 санның/шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды/шаманы табу: 100 көлеміндегі сандар мен жүздіктердің жартысын, төрттен бір, оннан бір бөлігін табу	4.1.2.14 аралас санды бұрыс бөлшекке және бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыру
				4.1.2.15 бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосу және азайту

ЖОБА

				алгоритмін қолдану
1.3 Шамалар және өлшем бірліктері	1.1.3.1 ұзындық/масса/ көлем (сыйымдылық)/уақыт шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу	2.1.3.1 әртүрлі өлшеу құралдары шкалаларын бір бірінен ажырату және шамалардың сәйкес мәндерін анықтау	3.1.3.1 ауданы болатын нысандарды атау және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алу, палеткамен өлшеу	4.1.3.1 кеңістік геометриялық фигураларды атау, көлемді өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдау, текшелермен (кубиктермен) (1 $см^3$) өлшеу
	1.1.3.2 өлшем бірліктерді: ұзындық (см, дм)/ масса (кг)/ көлем (сыйымдылық) (л), уақыт (сағ) қолданып, шамаларды өлшеу	2.1.3.2 ұзындық (м)/ масса (ц) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу	3.1.3.2 ұзындық (мм, км)/масса (г, т) /аудан ($см^2$, $дм^2$, $м^2$)/уақыт (сек) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу	4.1.3.2 көлем (сыйымдылық) ($мм^3$,$см^3$, $дм^3$, $м^3$), аудан (га, ар) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу
	1.1.3.3 ұзындық (см, дм)/масса (кг)/ көлем (сыйымдылық) (л)/уақыт (сағ) салыстыру және шамалар мәндерімен қосу мен азайту амалдар орындау	2.1.3.3 ұзындық (см, дм, м)/масса (кг, ц)/ көлем (сыйымдылық) (л)/ уақыт: (сағ, тәул, апта, ай, жыл) өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен қосу/азайту/	3.1.3.3 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (г, кг, ц, т)/ көлем (сыйымдылық) (л)/аудан ($см^2$, $дм^2$, $м^2$)/уақыт: (сек, мин, сағ, тәул, ай, жыл, ғасыр) өлшем	4.1.3.3 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса: (г, кг, ц, т)/көлем (сыйымдылық) (л, $мм^3$, $см^3$, $дм^3$, $м^3$)/ аудан: ($мм^2$, $см^2$, $дм^2$, $м^2$, ар, га)/уақыт (сек, мин, сағ, тәул, жыл, ғасыр) өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен

КОПИЯ

		көбейту/бөлу амалын орындау	бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен қосу/азайту/ көбейту/бөлу амалын орындау	қосу/азайту/көбейту/ бөлу амалын орындау
	1.1.3.4 ұзындық өлшем бірліктерін (см, дм) олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру	2.1.3.4 ұзындық (см, дм, м)/масса (кг, ц)/ уақыт (сағ, мин, тәул, ай, жыл) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру	3.1.3.4 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/ масса (г, кг, ц, т)/аудан ($см^2$, $дм^2$, $м^2$)/уақыт (сек, мин, сағ, тәул, ай, жыл, ғасыр) бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру	4.1.3.4 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/ масса (г, кг, ц, т)/ аудан ($мм^2$, $см^2$, $дм^2$, $м^2$, га, ар)/көлем: ($мм^3$, $см^3$, $дм^3$, $м^3$)/ уақыт (сек, мин, сағ, тәул, жыл, ғасыр) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру
	1.1.3.5 уақытты циферблат бойынша 12 сағаттық форматта анықтау/ уақыт өлшем бірліктерін (минут, сағат, күн, апта, ай, жыл) ажырату	2.1.3.5 циферблат бойынша уақытты анықтау: сағат және минут	3.1.3.5 әртүрлі сағатпен уақытты анықтау: сағат, минут, секунд	4.1.3.5 уақыт өлшем бірлігінің үлесін табу (1/60 сағ=1 мин, 1/2 сағ=30 мин, 1/7 апта=1 күн)
	1.1.3.6 1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 тг монеталармен түрліше төлем жасау	2.1.3.6 50 тг, 100 тг монеталарды, 200 тг, 500 тг купюраларды ажырату және	3.1.3.6 1000 тг, 2000 тг, 5000 тг купюраларды ажырату	4.1.3.6 10 000 тг, 20 000 тг купюраларын және түрлі мемлекеттің

КОПИЯ

		түрліше төлем жасау	және түрліше төлем жасау	валюталарын (рубль, евро, доллар) ажырату және түрлі төлем жасау
2-бөлім: Алгебра элементтері				
Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Санды және әріпті өрнектер	1.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді (қосынды, айырма)/ теңдік, теңсіздіктерді ажырату, құрастыру, жазу және оқу	2.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді (көбейтінді, бөлінді)/теңдіктер мен теңсіздіктерді ажырату, құрастыру, жазу және оқу	3.2.1.1 бір/екі әрпі бар әріпті өрнектерді ажырату, құрастыру, жазу және оқу	4.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді түрлендіру
	1.2.1.2 әріптің берілген мәніндегі бір амалды әріпті өрнектің мәнін табу	2.2.1.2 әріптің берілген мәніндегі екі амалды әріпті өрнектің мәнін табу	3.2.1.2 әріптердің берілген мәндерінде екі әрпі бар әріпті өрнектің мәнін табу	4.2.1.2 әріптердің берілген мәндеріндегі бірнеше әрпі бар әріпті өрнектің мәнін табу
				4.2.1.3 әріпті өрнектерді құру және есептер шығару барысында қолдану
	1.2.1.3 қосу мен азайту амалдары арасындағы қатынасты әріпті өрнектер түрінде: a+b=c, c-a=b,	2.2.1.3 қосу мен көбейтудің қасиеттерін әріпті теңдік түрінде: a+b=b+a, (a+b)+c=a+(b+c) ab=ba көрсету және қолдану	3.2.1.3 көбейтудің үлестірімділік және терімділік қасиеттерін әріпті теңдік түрінде: (ab)c=a(bc), a(b+c)=ab+ac, a(b-c)=ab-ac	4.2.1.4 бөлімдері бірдей жай бөлшектермен қосу және азайту амалдарын орындау

ЖОБА

	c-b=a көрсету және қолдану		көрсету және қолдану	
	1.2.1.4 қосу және азайту жағдайында 0-дің қасиетін әріпті өрнек түрінде: a+0=a, a-0=a көрсету	2.2.1.4 санды 1-ге көбейту және бөлу жағдайларын әріпті теңдік түрінде: a·1=a, a:1=a көрсету	3.2.1.4 санды 0-ге көбейту, 0-ге бөлуге болмайтын жағдайларды әріпті теңдік түрінде: a·0 =0, a ≠ 0 көрсету	4.2.1.5 алымдары бірдей немесе бөлімдері бірдей жай бөлшектерді салыстыру, сан сәулесінде салыстыру
	1.2.1.5 жақшасыз әріпті/санды өрнектерді салыстыру	2.2.1.5 екі амалдан артық жақшалы және жақшасыз санды өрнектерді салыстыру	3.2.1.5 үш амалдан артық санды өрнектерді салыстыру	4.2.1.6 бөлімдері бірдей жай бөлшектері бар өрнектердің мәндерін салыстыру
		2.2.1.6 екі/үш амалды жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу	3.2.1.6 төрт амалды жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу	4.2.1.7 төрт амалдан артық жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу
			3.2.1.7 формулалардың шамалардың арасындағы өзара қатынасты орнатушы теңдік ретінде түсіну	4.2.1.8 бірқалыпты түзусызықты қозғалыстағы арақашықтық формуласын s=v·t, t=s:v, v=s:t/қуып жету қозғалысы мен қалып қою қозғалысына

ЖОБА

				байланысты формулаларды/ қалдықпен бөлу формуласын a=b·c+r/ шығарып алу және қолдану
2.2 Теңдіктер мен теңсіздіктер. Теңдеулер.	1.2.2.1 теңдік және теңсіздікті, теңдеуді тану/ тура және тура емес теңдікті айыра білу	2.2.2.1 x <□және x >□ түріндегі теңсіздіктерге сәйкес келетін сандарды анықтау	3.2.2.1 қарапайым теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу	4.2.2.1 қос теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу
	1.2.2.2 таңдап алу әдісі және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешу	2.2.2.2 көбейту мен бөлуге берілген қарапайым теңдеулерді, x+(25-6)=38, (24-3)-x=8, a+6=7+80 түріндегі күрделі теңдеулерді шешу	3.2.2.2 көбейту мен бөлуге берілген қарапайым теңдеулерді, құрылымы күрделі x·(25:5)=60, (24·3):x=6, x:(17·2)=2, k+124:4=465 түріндегі теңдеулерді шешу	4.2.2.2 39+490:k=46, 230·a+40=1000:2 түріндегі теңдеулерді шешу
3-бөлім: Геометрия элементтері				
Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы	1.3.1.1 геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық, сынық сызық, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле,	2.3.1.1 бұрыш түрлерін (тік, сүйір, доғал) бір-бірінен ажырату және атау/ тіктөртбұрышты, шаршыны, тікбұрышты үшбұрышты мәнді белгілері бойынша	3.3.1.1 шеңбер, дөңгелек және олардың элементтерін (центр, радиус, диаметр) бір бірінен ажырату және атау/симметр	4.3.1.1 тікбұрышты үшбұрышты, текше, тікбұрышты параллелепипед және олардың элементтерін (төбесі, қабырғалары, қырлары) бір-бірінен ажырату және атау

ЖОБА

	бұрышты бір бірінен ажырату және атау	ажырату және атау	иялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру	
	1.3.1.2 жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) және кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, тікбұрышты параллепипед) тану және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру	2.3.1.2 көпбұрыштардың классификациясы	3.3.1.2 геометриялық фигуралардың классификациясы	4.3.1.2 үшбұрыштардың классификациясы
	1.3.1.3 геометриялық фигуралардың (үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) қабырғаларын өлшеу және салыстыру	2.3.1.3 көпбұрыштардың, қоршаған ортадағы заттар қабырғаларының ұзындығын өлшеу, периметрді табуға арналған формулаларды: $P= (a+в)\cdot 2$, $P=a\cdot 4$,	3.3.1.3 тіктөртбұрыш $S=a\cdot b$, шаршы $S=a^2$, тікбұрышты үшбұрыш $S=(a\cdot b):2$, ауданы формуласын шығарып алу және қолдану	4.3.1.3 тікбұрышты параллепипед көлемінің формуласын ($V=a\cdot b\cdot c$) қорытып шығару және қолдану

ЖОБА

		Р=а+в+с қорытындылау, құру және қолдану		
		2.3.1.4 фигураның белгісіз қабырғасын оның периметрі мен белгілі қабырғалары арқылы табу	3.3.1.4 суретте кескінделген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың периметрін анықтау	4.3.1.4 суретте бейнеленген құрама фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың ауданын анықтау
		2.3.1.5 берілген периметрі бойынша жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай периметрдің қалай өзгеретінін түсіндіру	3.3.1.5 берілген ауданы бойынша жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру	4.3.1.5 жазық фигураларды осіне қатысты симметриялы болатын фигуралармен нүктелі қағазда толықтыру, бұрыштың шамасын табу
3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	1.3.2.1 түзу, тұйықталған және тұйықталмаған және қисық, сынық сызықтықта/ қарапайым жазық геометриялық фигураларды	2.3.2.1 нүктелі қағазда кесінділер, түзулер мен геометриялық фигураларды орны, қозғалыс және бағыты бойынша нұсқаулыққа сәйкес сызу	3.3.2.1 нүктелі қағазда параллель және қиылысатын түзулерді/ қиылысатын геометриялық жазық фигураларды сызу, олардың қиылысу	4.3.2.1 нүктелі қағазда перпендикуляр түзулер, симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды сызу

ЖОБА

	(үшбұрыш, төртбұрыш) нүктелі қағазда кескіндеу		және бірігу аймағын табу	
	1.3.2.2 берілген ұзындығы бойынша кесінді сызу	2.3.2.2 тік бұрышты сызу	3.3.2.2 (берілген қабырғалары бойынша) тіктөртбұрыш пен шаршы, циркульдің көмегімен шеңбер сызу	4.3.2.2 градустық өлшемі бойынша бұрыш, тік бұрышқа тиісті екі қабырғасы бойынша тікбұрышты үшбұрыш, шеңбер және дөңгелекті радиусы бойынша, тікбұрышты сызғыштың көмегімен түзуге перпендикуляр түзу сызу
	1.3.2.3 жазық фигуралардың модельдерінен және бөліктерінен композиция құрастыру	2.3.2.3 жазық фигуралардың модельдерін бөлу және олардан композиция құрастыру	3.3.2.3 кеңістік геометриялық фигуралардың (тікбұрышты параллелепипед, куб) жазбасын дайындау және олардың моделін құрастыру	4.3.2.3 кеңістік геометриялық фигуралардың (пирамида, цилиндр, конус) жазбасын ажырату, фигураларды олардың жазбасымен сәйкестендіру және олардың моделін құрастыру
	1.3.2.4 геометриялық фигуралар арасындағы негізгі қатынастарды анықтау (үлкен-кіші,	2.3.2.4 бастапқы орнын, бағытын, қозғалысын (оңға, солға, тура, толық бұрылу, сағат тілімен және	3.3.2.4 солға және оңға бұрғанда, үстінен және жанынан қарағанда кеңістік	4.3.2.4 симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды бір бірінен ажырату және оларды

ЖОБА

	жоғары-төмен, кең-тар, жуан-жіңішке, қалың-жұқа)	сағат тіліне кері жартыға, төрттен бірге бұрылу), анықтау айқындайтын нұсқаулыққа сәйкес әрекет жасау	фигуралардың қалпындағы өзгерістерді түсіндіру	қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру
	1.3.2.5 заттардың кеңістікте (оң жақта, сол жақта, жоғарыда, төменде, үстінде, астында, арасында, алдында, артында) орналасуын анықтау			
3.3 Нүктелер кординаттары және қозғалыс бағыты	1.3.3.1 сан сәулесінде белгіленген нүктелердің бір-біріне қатысты орналасуын анықтау	2.3.3.1 сызықта белгіленген нүктелерді бір-біріне қатысты орналасуын анықтау	3.3.3.1 жазық фигурада белгіленген нүктелердің орнын бір-біріне қатысты анықтау	4.3.3.1 қозғалыстың басталуы мен бағытын пайдалана отырып, нысандар қозғалысы сызбасын құру, сәйкес есептеулер жүргізу
				4.3.3.2 нысандардың бастапқы орны мен қозғалыс бағытын (бір-біріне қарама қарсы, біріненбірі қарама-қарсы бағытта) анықтау
4-бөлім: Жиындар. Логика элементтері				
Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.1	1.4.1.1	2.4.1.1	3.4.1.1	4.4.1.1

ЖОБА

Жиындар және олармен орындалатын амалдар	екі жиынның бірігуін және жиыннан оның бөлігін айырып алуды көрнекі түрде кескіндеу	тең жиындардың бірігуін және жиыннан оның тең бөліктерін айырып алуды диаграмма арқылы көрнекі түрде кескіндеу	екі жиынның бірігуі мен қиылысуын Эйлер-Венн диаграммасының көмегімен көрнекі түрде кескіндеу	жиындар арасындағы қатынастың (тең, қиылысатын, қиылыспайтын жиындар, ішкі жиын) сипатын анықтай білу
	1.4.1.2 жиындарды элементеріні ң белгілері (нысандарды ң түсі, пішіні, өлшемі, материалы, әрекеті) бойынша құру	2.4.1.2 сандардың жазылуындағы цифрлар саны, 2-ге бөлінуі, сандық тізбектегі алатын орындары бойынша сандық жиындар құру және жіктеу (бөліктеу)	3.4.1.2 сандардың жиындарын, олардың бірігуі мен қиылысуын элементтерді ң берілген немесе оқушыларды ң өздері анықтаған қасиеттері бойынша құру	4.4.1.2 түзу сызықтардың, геометриялық фигуралардың қиылысуын көрсету, қиылысу және бірігу аймақтарын белгілеу
	1.4.1.3 жұп құру арқылы нысандар жиындарын салыстыру/ тең жиындарды, бос жиындарды анықтау	2.4.1.3 жиындар мен олардың элементтерін диаграммада белгілеу, элементтердің жиынға жиындардың бірігуіне және қиылысуына тиістілігін анықтау	3.4.1.3 сандар жиынының ішкі жиындарын элементтерді ң берілген немесе оқушыларды ң өздері анықтаған қасиеттері бойынша құру	4.4.1.3 есептерді/ теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде жиындардың қиылысуы мен бірігуінің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін қолдану
4.2 Пікірлер	1.4.2.1 тұжырымдар дың ақиқаттығын немесе ақиқат	2.4.2.1 тұжырымдардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтау, ақиқат	3.4.2.1 ақиқат немесе жалған пікірлер құру	4.4.2.1 математикалық мазмұндағы пікірлер құру, олардың ақиқаттығын

ЖОБА

	еместігін анықтау	немесе жалған тұжырымдар құру		немесе жалғандығын анықтау
	1.4.2.2 бірдей цифрлар мен фигуралардан тұратын басқатырғыштар, ребустар шешу, сәйкестік пен ақиқаттықты анықтауға берілген қарапайым логикалық есептерді шығару	2.4.2.2 сандық есептерді, әртүрлі сандардан тұратын басқатырғыштарды, ауыстырып құюға және өлшеуге берілген логикалық есептерді зерттеу және шығару	3.4.2.2 кестелер және графтар құру әдісімен логикалық пайымдауға берілген есептерді шығару	4.4.2.2 кеңістік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді шығару
4.3 Тізбектер	1.4.3.1 10-ға дейінгі/ 20-ға дейінгі сандар тізбегін/ ондықтармен 100-ге дейін және кері ретпен сандар тізбегін құрастыру/ 100 көлеміндегі сандар, суреттер, фигуралар, символдардан тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау	2.4.3.1 100-ге дейінгі сандар/1000-ға дейінгі жүздіктер тізбектерінің заңдылығын анықтау	3.4.3.1 1000-ға дейінгі сандар/ мыңдықтармен миллионға дейінгі сандар тізбектерінің заңдылығын анықтау	4.4.3.1 1 000 000-ға дейінгі сандар/алымдары бірдей немесе бөлімдері бірдей жай бөлшектермен өрнектелген сандар тізбектерінің заңдылықтарын анықтау
	1.4.3.2 іс-әрекет және табиғат күйінің	2.4.3.2 берілген заңдылық бойынша	3.4.3.2 өзі таңдаған заңдылық бойынша	4.4.3.2 заңдылықты немесе ережені өзі таңдап,

ЖОБА

	тізбектілігін анықтау/ сандар, фигуралар, ойыншықтар, түрлі-түсті моншақтар тізбектерін құру және тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу	тізбекті құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу	тізбектер құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу	сандар/сандар тобы тізбектерін құру
4.4 Нысандардың комбинациялары	1.4.4.1 қоршаған ортадағы заттардан «екі -екіден» комбинациялар жиынын құрастыру	2.4.4.1 қоршаған ортадағы заттардан «үш-үштен» комбинациялар жиынын құрастыру	3.4.4.1 «мүмкіндік ағашы» туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттармен есеп шығаруда қолдану	4.4.4.1 таңдап алу әдісімен комбинаторлық есептерді шығару

5-бөлім: Математикалық модельдеу				
Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
5.1 Есептер және математикалық модель	1.5.1.1 есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу/ есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау	2.5.1.1 бір-екі амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу	3.5.1.1 екі-үш амалмен орындалатын есепті кесте, сызықтық/бағандық диаграмма, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу	4.5.1.1 есепті сызба, алгоритм, дөңгелек диаграмма, график түрінде модельдеу
	1.5.1.2 сандарды, заттарды, тауардың құнын салыстыру	2.5.1.2 есептерді шығару барысында баға, мөлшер (сан), құн/ ұзындығы, ені, периметр	3.5.1.2 есептерді шығаруда бір заттың массасы, саны, жалпы масса/ бір затқа	4.5.1.2 есептерді шығаруда жұмысқа жіберілген уақыт,

	кезінде қолданылатын ұғымдарды пайдалану/ заттар арасындағыара-қашықтықты, бағытты, орналасуын анықтайтын терминдер пайдалану	шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану	жіберілген шығын, заттардың саны, жалпы шығын/ұзындығы, ені, ауданы ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану	атқарылған жұмыс, өнімділік/ егіннің түсімділігі, ауданы мен массасы/ жылдамдық, арақашықтық, уақыт/биіктік, ені, ұзындық, көлемі шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану
	1.5.1.3 қосынды және қалдықты табуға берілген есептерді талдау және шығару/кері есеп құрастыру және шығару	2.5.1.3 бірдей қосылғыштардың қосындысын табуға, мазмұнына қарай және бірдей бөліктерге бөлуге берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару	3.5.1.3 санның және шаманың үлесін табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару	4.5.1.3 бүтіннің бөлігін табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру, шығару
	1.5.1.4 санды бірнеше бірлікке арттыру, кеміту, айырмалық салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептер	2.5.1.4 санды бірнеше есе арттыру/кемітуге, айырмалық салыстыруға, еселік салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептерді құрастыру және салыстыру	3.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке/ пропорционал бөлуге берілген есептерді талдау және шығару	4.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке/ пропорционал бөлуге/ белгісізді екі айырым бойынша табуға берілген есептерді талдау және шығару

ЖОБА

	құрастыру және шығару			
	1.5.1.5 қосу мен азайтудың белгісіз компоненттерін табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептер құрастыру және шығару	2.5.1.5 көбейту мен бөлудің белгісіз компоненттерін табуға/тіктөртбұрыштың (шаршының) ұзындығы, ені, периметрін табуға берілген есептерді, тура және жанама тұжырымдармен «бірнеше бірлік артық/кем», «бірнеше есе артық/ кем» берілген есептерді (айырмалық салыстыруға қатысты) талдау және шығару, кері есептерді құрастыру және шығару	3.5.1.5 жанама сұрақтары болатын есептерді («бірнеше бірлік артық/кем», «бірнеше есе артық/ кем» қатынастарымен байланысты), тіктөртбұрыштың (шаршының) қабырғалары мен ауданын табуға, еселік салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару	4.5.1.5 тікбұрышты параллелепипедтің (кубтың) көлемі мен қырының ұзындығын табуға берілген есептерді талдау және шығару
	1.5.1.6 қосу мен азайтуға берілген есептерге қатысты таңдаған амалдарын негіздеу, шығару әдісін түсіндіру	2.5.1.6 көбейту мен бөлуге берілген есептерге қатысты таңдаған амалдарын негіздеу, шығару әдісін түсіндіру	3.5.1.6 есептеу кезінде жауабын алдын ала болжау, нәтижесін құрама есептің шартына сәйкес түсіндіру	4.5.1.6 әртүрлі құрама есептерді құрастыру, салыстыру, шығару
		2.5.1.7 екі амалмен орындалатын есептерді (санды бірнеше есе	3.5.1.7 үш амалмен шығарылатын есептерді (шамалар	4.5.1.7 үш-төрт амалмен шығарылатын есептерді

ЖОБА

		арттыру/кемітуге, еселік салыстыруға берілген жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу және шығару	арасындағы тәуелділікке құрылған жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу және шығару	модельдеу және түрлі әдіспен шығару, ең тиімді әдісті анықтау
		2.5.1.8 барлық арифметикалық амалдарға берілген жай есептердің шешуін санды өрнектер және теңдеулер түрінде/ құрама есептердің шешуін санды өрнектер және жекелеген амалдар түрінде модельдеу	3.5.1.8 айнымалысы бар өрнектер мен теңдеулер түрінде барлық арифметикалық амалдарға берілген қарапайым есептерді шешуді, қосу мен азайтуға берілген құрама есептерді сандық өрнектер түрінде моделдеу	4.5.1.8 теңдеу мен сандық өрнек арқылы құрама есепті шығарудың моделін құрастыру
				4.5.1.9 бір-біріне кездесу және қарама-қарсы бағыттағы қозғалыс, артынан қуып жету, бір бағыттағы қалып қою қозғалысына берілген есептерді арифметикалық және алгебралық әдіспен шешу

ЖОБА

5.2 Математикалық тіл	1.5.2.1 цифрды саннан ажырату, бір таңбалы сандарды түрлі тәсілдермен: нүктелер жиынтығымен, таяқшалармен және сан сәулесінде көрсету	2.5.2.1 екітаңбалы сандардың графикалық моделін құру, разрядтық кестені қолдану	3.5.2.1 көптаңбалы сандардың графикалық моделін құру, кластар мен разрядтар кестесін қолдану	4.5.2.1 жай бөлшектердің құрылуын, салыстыру, қосу және азайтуды бейнелеу үшін жазық фигуралардың бөлігі және сан сәулесін қолдану
	1.5.2.2 «+», «-», «=», «≠», «>», «<» таңбаларын/ цифрларды, (□) белгісіз сан символын қолдану	2.5.2.2 жиынды белгілеу үшін латын алфавитінің бас әріптерін, жиын элементтерін белгілеу үшін латын алфавитінің кіші әріптерін, жиынға тиістілігін және тиісті еместігін белгілеу үшін ∈, және ∉ таңбаларын қолдану	3.5.2.2 екі жиынның қиылысуы ∩, екі жиынның бірігуі ∪, бос жиын ∅ таңбаларын қолдану	
	1.5.2.3 сандардың қосындысы мен айырмасын/сандарды салыстыру (артық/кем)/ көршілес сандарды, сандық аралықтарды, сандар қатарын	2.5.2.3 бұрыштарды, көпбұрыштарды, шеңбердің центрін, радиусті, диаметрді латын алфавитінің әріптерімен таңбалау, оларды белгіленуі бойынша оқу	3.5.2.3 бұрыштарды, көпбұрыштарды латын алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу	4.5.2.3 текшені, тікбұрышты параллелепипедті латын алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу

ЖОБА

	көрсету үшін сан сәулесін қолдану			
	1.5.2.4 қосу мен азайту амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану	2.5.2.4 көбейту және бөлу амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану	3.5.2.4 қосу мен азайту, көбейту және бөлу амалдары компоненттерінің атауларын жақшалы өрнектерді оқу мен жазуда қолдану	4.5.2.4 (10 %, 20 %, 25 %, 50 %, 75%, 100 %) пайызды % символымен/ бұрыштың градустық өлшемін ^{0} символымен белгілеуді қолдану
	1.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және толықтыру/ қолда бар материалдарды пайдаланып, кестелер, пиктограмма мен диаграммалар құрастыру	2.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу, кестелер және диаграммалар құрастыру	3.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және диаграммалар мен пиктограммалар қолданып салыстыру	4.5.2.5 ақпаратты түсіндіру, салыстыру және мәліметтерді жиынтықтау, қозғалыс графиктерін құру, қозғалысқа арналған есептерге сызба құрастыру

13. Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

14. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Математика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 1-сынып:

Ортақ тақырыптар	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бағдарлама бөлімшелері	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Өзім туралы 2. Менің мектебім	1А Сандар мен цифрлар	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	1.1.1.1**натурал сандар құрылу жолын түсіну, 10 көлемінде тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау; 1.1.1.2** біртаңбалы сандарды және 10 санын оқу, жазу және салыстыру; 1.1.1.3** біртаңбалы сандардың құрамын анықтау
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	1.3.2.5 заттардың кеңістікте (оң жақта, сол жақта, жоғарыда, төменде, үстінде, астында, арасында, алдында, артында) орналасуын анықтау; 1.3.2.4 геометриялық фигуралар арасындағы негізгі қатынастарды анықтау (үлкен-кіші, жоғары-төмен, кең-тар, жуан-жіңішке, қалың-жұқа)
		1.2 Сандармен амалдарды орындау	1.1.2.1 қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиындардың бірігуі, азайтуды жиынның бөлігін ажыратып алу ретінде түсіну; 1.1.2.5** ондықтан аттамай бір таңбалы сандарды ауызша қосу және азайтуды орындау; 1.1.2.3** 1 санының қасиетін қолдану
		3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты	1.3.3.1 сан сәулесінде белгіленген нүктелердің бір-біріне қатысты орналасуын анықтау
		4.3 Тізбектер	1.4.3.1** 10-ға дейінгі сандар тізбегін және кері ретпен сандар тізбегін құрастыру

ЖОБА

		5.2 Математикалық тіл	1.5.2.1 цифрды саннан ажырату, көрнекі түрде бір таңбалы сандарды түрлі тәсілдермен: нүктелер жиынтығымен, таяқшалармен және сан сәулесінде көрсету; 1.5.1.2 ** сандарды, заттарды, тауардың құнын салыстыру кезінде қолданылатын ұғымдарды пайдалану/ заттар арасындағы арақашықтықты, бағытты, орналасуын анықтайтын терминдер пайдалану; 1.5.2.3 сандардың қосындысы мен айырмасын/сандарды салыстыру (артық/кем), көршілес сандарды, сандық аралықтарды, сандар қатарын көрсету үшін сан сәулесін қолдану; 1.5.2.2** «+», «-», «=», «≠», «>», «<» таңбаларын қолдану; 1.5.2.4 қосу мен азайту амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану
	1В Геометриялық фигуралар	4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	1.4.1.2 жиындарды элементтерінің белгілері (нысандардың түсі, пішіні, өлшемі, материалы, әрекеті) бойынша жіктеу
		3.1 Геометриялық фигуралар	1.3.1.1 геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты бір-бірінен ажырату және атау; 1.3.1.2 жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш)/кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, тікбұрышты параллелипипед) тану

ЖОБА

			және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	1.3.2.3 жазық фигуралардың модельдерінен және бөліктерінен композиция құрастыру
	1С Шамалар және өлшем бірліктері	5.1 Есептер және математикалық модель	1.5.1.2** сандарды, заттарды, тауардың құнын салыстыру кезінде қолданылатын ұғымдарды пайдалану
		1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері	1.1.3.1** ұзындық/масса/көлем (сыйымдылық) шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу; 1.1.3.2** өлшем бірліктерін: ұзындық (см, дм)/масса (кг)/көлем (сыйымдылық) (л) қолданып, шамаларды өлшеу; 1.1.3.3** ұзындық (см, дм)/масса (кг)/ көлем (сыйымдылық) (л) салыстыру және шамалар мәндерімен қосу мен азайту амалдар орындау
2-тоқсан			
3. Менің отбасым және достарым 4. Бізді қоршаған әлем	2А 10 көлеміндегі сандарды қосу және азайту	1.2 Сандармен амалдарды орындау	1.1.2.4 біртаңбалы сандарды ондықтан аттамай қосу кестесін құру, білу және қолдану; 1.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық қасиетін, 0-дің қасиетін қолдану
		1.1Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	1.1.1.1** нөл санының құрылу жолын түсіну; 1.1.1.4 санаудың ірі бірлігі ондықты құрастыру, 100-ге дейін ондықтармен санау, жазу және салыстыру
		4.3 Тізбектер	1.4.3.1** ондықтармен 100-ге дейін және кері ретпен сандар тізбегін құрастыру, 100 көлеміндегі сандар, суреттер, фигуралар, символдардан

ЖОБА

			тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау
		1.2 Сандармен амалдарды орындау	1.1.2.5** ондықтарды ауызша қосу және азайтуды орындау; 1.1.2.1 қосу амалын ортақ элементтері жоқ жиындардың бірігуі, азайтуды жиынның бөлігін ажыратып алу ретінде түсіну
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	1.2.1.1** санды өрнектерді (қосынды, айырма) ажырату, құрастыру, жазу және оқу
		5.2 Математикалық тіл	1.5.2.2** «+», «-», «=», «>», «<» белгілерін қолдану; 1.5.2.4 қосу мен азайту компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану
	2B Сандар және заңдылықтар	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	1.1.1.5** тәжірибе арқылы 2, 4, 6, 8, 10 заттың жартысын табу
		4.3 Тізбектер	1.4.3.1** 100 көлеміндегі сандар, суреттер, фигуралар, символдардан тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау; 1.4.3.2 іс-әрекет және табиғат күйінің тізбектілігін анықтау/сандар, фигуралар, ойыншықтар, түрлі-түсті моншақтар тізбектерін құру және тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу
		4.2 Тұжырымдар	1.4.2.2** бірдей цифрлар мен фигуралардан тұратын басқатырғыштар, есептер, ребустар шешу
	2C Шамалар және өлшем бірліктері	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы	1.3.1.3 геометриялық фигуралардың (үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) қабырғаларын өлшеу және салыстыру
		3.2 Геометриялық	1.3.2.2 берілген ұзындығы

ЖОБА

		фигураларды кескіндеу және салу	бойынша кесінді сызу
		1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері	1.1.3.1** ұзындық/масса/көлем (сыйымдылық) шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу; 1.1.3.2** өлшем бірліктерді (ұзындық (см, дм)/масса(кг)/көлем (сыйымдылық) (л) қолданып өлшеу; 1.1.3.3** ұзындық (см, дм)/ масса (кг)/көлем (сыйымдылық) (л) салыстыру және шамалар мәндерімен қосу мен азайту амалдар орындау; 1.1.3.4 ұзындық өлшем бірліктерін: см, дм олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру
3-тоқсан			
5.Саяхат 6.Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	3А Сандармен амалдар орындау. Есептер.	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	1.1.1.2** біртаңбалы сандарды салыстыру
		5.1 Есептер және математикалық модель	1.5.1.1**есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу/есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау; 1.5.1.3** қосынды және қалдықты табуға берілген есептерді талдау және шығару/кері есеп құрастыру және шығару; 1.5.1.4 санды бірнеше бірлікке арттыру, кеміту, айырмалық салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептер құрастыру және шығару; 1.5.1.5 қосу мен азайтудың белгісіз компоненттерін табуға берілген есептерді талдау және

ЖОБА

			шығару, кері есептер құрастыру және шығару
		5.2 Математикалық тіл	1.5.2.2 «+», «-», «=», «≠», «>», «<» таңбаларын/ цифрларды, (□) белгісіз сан символын қолдану
		1.2 Сандармен амалдарды орындау	1.1.2.2 қосу және азайту өзара кері амалдар екенін түсіну, қосу және азайту амалдары компоненттері мен нәтижелері арасындағы байланысты анықтау; 1.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық қасиетін қолдану
	3B Шамалар. Уақытты бағдарлау	1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері	1.1.3.5 уақытты циферблат бойынша 12 сағаттық форматта анықтау/уақыт өлшем бірліктерін (минут, сағат, күн, апта, ай, жыл) ажырату; 1.1.3.1** уақыт шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу; 1.1.3.2** өлшем бірліктерді: уақыт (сағ) қолданып өлшеу
	3C Теңдік және теңсіздік. Теңдеу Қосу кестесін қолдану. Есептер	2.2 Теңдік және теңсіздік. Теңдеу	1.2.2.1 теңдік және теңсіздікті, теңдеуді, тура және тура емес теңдік пен теңсіздікті айыра білу; 1.2.2.2 таңдап алу әдісі және қосу мен азайту амалдарының байланысы негізінде теңдеулерді шешу
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	1.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді (қосынды, айырма)/теңдік және теңсіздікті ажырату,құрастыру, жазу және оқу; 1.2.1.2 әріптің берілген мәніндегі бір амалды әріпті өрнектің мәнін табу; 1.2.1.3 қосу мен азайту

ҚОБА

			арасындағы қатынасты әріпті өрнектер түрінде: a+b=c, c-a=b, c-b=a көрсету және қолдану; 1.2.1.4 қосу және азайту жағдайында 0-дің қасиетін әріпті өрнек түрінде: a+0=a, a-0=a көрсету; 1.2.1.5 жақшасыз әріпті/санды өрнектерді салыстыру
		5.2 Математикалық тіл	1.5.2.2 «+», «-», «=», «>», «<» белгілерін/цифрларды қолдану, (□) белгісіз сан символын қолдану
4-тоқсан			
7. Тағам мен сусын 8. Дені саудың жаны сау	4А Күнделікті өмірдегі есептеулер	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	1.1.1.1** 11-20 көлемінде тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау; 1.1.1.2** 11-ден 20-ға дейінгі сандарды оқу, жазу және салыстыру; 1.1.1.3** 20 көлемінде сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу; 1.1.1.5** 20-ға дейінгі сандарды 2-ден топтап тура және кері санау
		1.2 Сандармен амалдар орындау	1.1.2.5 20 көлеміндегі біртаңбалы мен екітаңбалы сандарды ауызша қосу және азайтуды орындау
		1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	1.1.3.6 1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 теңгелік тиындармен түрлі төлем жасау
		4.3 Тізбектер	1.4.3.1** 20-ға дейінгі сандар тізбегін және кері ретпен сандар тізбегін құрастыру
		5.1 Есептер және математикалық модель	1.5.1.4 санды бірнеше бірлікке арттыру, кеміту, айырмалық салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептер құрастыру және

ЖОБА

			шығару; 1.5.1.3 қосынды және қалдықты табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару; 1.5.1.6 қосу мен азайтуға берілген есептерге қатысты таңдаған амалдарын негіздеу, шығару әдісін түсіндіру
	4В Жиын және логика элементтері	5.2 Математикалық тіл	1.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және толықтыру/қолда бар материалдарды пайдаланып, кестелер, пиктограмма мен диаграммалар құрастыру
		4.2 Тұжырымдар	1.4.2.1 тұжырымдардың ақиқаттығын немесе ақиқат еместігін анықтау; 1.4.2.2** сәйкестік пен ақиқаттықты анықтауға берілген қарапайым логикалық есептерді шығару
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	1.4.1.2 жиындарды элементтерінің белгілері (нысандардың түсі, пішіні, өлшемі, материалы, әрекеті) бойынша құру және олардың классификациясы; 1.4.1.3 жұп құру арқылы нысандар жиындарын салыстыру, тең жиындарды, бос жиындарды анықтау; 1.4.1.1 екі жиынның бірігуін және жиыннан оның бөлігін айырып алуды диаграмма арқылы көрнекі түрде кескіндеу
		4.4 Нысандардың комбинациялары	1.4.4.1 қоршаған ортадағы заттардан «екі-екіден» комбинациялар жиынын құрастыру
		1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері	1.1.3.1 ұзындық/масса/көлем (сыйымдылық)/уақыт шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер

ЖОБА

			жүргізу; 1.1.3.3** ұзындық (см, дм)/ масса (кг)/көлем (сыйымдылық) (л)/ уақыт (сағ) салыстыру және шамалар мәндерімен қосу мен азайту амалдар орындау
	4С Нысандардың орналасуы және бағыты	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы	1.3.1.2 жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) және кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, тікбұрышты параллелепипед) тану және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	1.3.2.1 түзу, тұйықталған және тұйықталмаған және қисық, сынық сызықты жазықтықта/қарапайым жазық геометриялық фигураларды (үшбұрыш, төртбұрыш) нүктелі қағазда кескіндеу; 1.3.2.2 берілген ұзындығы бойынша кесінді сызу; 1.3.2.3 жазық фигуралардың моделдерінен және бөліктерінен композиция құрастыру; 1.3.2.4 геометриялық фигуралар арасындағы негізгі қатынастарды анықтау (үлкен-кіші, жоғары-төмен, кең-тар, жуан-жіңішке, қалың-жұқа)
		5.1 Есептер және математикалық модель	1.5.1.2** заттардың орналасуын, арақашықтығын, бағытын анықтайтын терминдерді пайдалану

2) 2-сынып:

Ортақ тақырыптар	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бағдарлама бөлімшелері	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			

ЖОБА

1. Өзім туралы 2. Менің отбасым және достарым	1A Екітаңбалы сандар	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	2.1.1.1 100-ге дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну, 100 көлеміндегі сандарды тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау; 2.1.1.2 екітаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру; 2.1.1.3** екітаңбалы сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу
		5.2 Математикалық тіл	2.5.2.1 екітаңбалы сандардың графикалық моделін құру, разрядтық кестені қолдану
	1B Сандармен амалдар орындау. Есептер	1.2 Сандармен амалдар орындау	2.1.2.4** біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу кестесін құру, білу және қолдану; 2.1.2.5** біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу және азайтуды орындау; 2.1.2.3** тиімді есептеу үшін қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін қолдану
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	2.2.1.6 екі-үш амалды жақшалы және жақшасыз өрнектере арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу
		5.1 Есептер және математикалық модель	2.5.1.1 бір-екі амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу; 2.5.1.8** барлық арифметикалық амалдарға берілген жай есептердің шешуін санды өрнектер және теңдеулер түрінде модельдеу
	1C Шамалар және олардың	1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	2.1.3.1 әртүрлі өлшеу құралдары шкалаларын бір бірінен ажырату және шамалардың сәйкес мәндерін

ЖОБА

	өлшем бірліктері		анықтау; 2.1.3.2** ұзындық (м)/масса (ц) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу; 2.1.3.3** ұзындық (см, дм, м)/ масса (кг, ц) өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен амалдар орындау; 2.1.3.4** ұзындық (см, дм, м)/ масса (кг, ц) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру
2-тоқсан			
3. Менің мектебім 4. Менің туған өлкем	2А Екітаңбалы сандарды қосу және азайту. Жүздіктер. Есептер	1.1 Натурал сандар және 0 саны.	2.1.1.4 санаудың ірі бірлігі – жүздікті құрастыру, 1000-ға дейін жүздіктермен санау, жазу, салыстыру
		1.2 Сандармен амалдар орындау	2.1.2.3** қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану; 2.1.2.5** біртаңбалы сандарды ондықтан аттап қосу және азайту/300+200 (3жүзд.+2жүзд.), 170-130 (17онд.-13 онд) түрінде ауызша қосу және азайтуды орындау; 2.1.2.8 34+ 23, 57-23, 45±19, 47+33, 80-47, 100-35 жағдайларында екітаңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдану; 2.1.2.7 45±9, 40-14жағдайларында ондықтан аттап, ауызша қосу мен азайтуды орындау
		4.3 Тізбектер	2.4.3.1 100-ге дейінгі сандар/ 1000-ға дейінгі жүздіктер тізбектерінің заңдылығын анықтау; 2.4.3.2 берілген заңдылық

ЖОБА

			бойынша тізбекті құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу
		5.1 Есептер және математикалық модель	2.5.1.1** екі амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу; 2.5.1.7** екі амалмен шешілетін есептерді модельдеу және шығару; 2.5.1.8** құрама есептердің шешуін санды өрнектер және жекелеген амалдар түрінде модельдеу
	2В Шамалар және өлшем бірліктер	1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	2.1.1.3** 12-ге дейін рим сандарын оқу, жазу және қолдану; 2.1.3.3 ұзындық (см, дм, м)/масса (кг, ц)/көлем (сыйымдылық) (л)/ уақыт (мин, сағ, тәул, апта, ай, жыл) өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен қосу/азайту/ көбейту/бөлу амалдарын орындау; 2.1.3.4 ұзындық (см, дм, м)/масса (кг, ц)/уақыт (сағ, мин, ай, жыл) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру; 2.1.3.5 циферблат бойынша уақытты анықтау: сағат және минут
	2 С Жиын және оның элементін белгілеу. $\in$ және $\notin$ таңбалары	4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	2.4.1.2 сандардың жазылуындағы цифрлар саны, 2-ге бөлінуі, сандық тізбектегі алатын орындары бойынша санды жиындар құру және жіктеу (бөліктеу); 2.4.1.3 жиындар мен олардың элементтерін диаграммада

ЖОБА

			белгілеу, элементтердің жиынға жиындардың бірігуіне және қиылысуына тиістілігін анықтау
		4.2 Пікірлер	2.4.2.1тұжырымдардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтау, ақиқат немесе жалған тұжырымдар құру
		4.4 Заттардың комбинациялары	2.4.4.1 қоршаған ортадағы заттардан «үш-үштен» комбинациялар жиынын құрастыру
		5.2 Математикалық тіл	2.5.2.2 жиынды белгілеу үшін латын алфавитінің бас әріптерін, жиын элементтерін белгілеу үшін латын алфавитінің кіші әріптерін, жиынға тиістілігін және тиісті еместігін белгілеу үшін $\in$ және $\notin$ таңбаларын қолдану; 2.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу, кестелер және диаграммалар құрастыр
3-тоқсан			
5. Дені саудың жаны сау 6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	3А Геометриялық фигуралар және олардың өзара орналасуы	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы	2.3.1.1 бұрыш түрлерін (тік, сүйір, доғал) бірбірінен ажырату және атау/ тіктөртбұрышты, шаршыны, тікбұрышты үшбұрышты мәнді белгілері бойынша ажырату және атау 2.3.1.2 көпбұрыштардың классификациясы
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	2.3.2.1 нүктелі қағазда кесінділер, түзулер мен геометриялық фигураларды орны, қозғалыс және бағыты бойынша нұсқаулыққа сәйкес сызу; 2.3.2.2 тік бұрышты сызу

ЖОБА

		4.3 Тізбектер	2.4.3.2 берілген заңдылық бойынша тізбекті құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу
	3В Көбейту және бөлу. Есептер	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	2.1.1.5 50-ге дейін 3, 4, 5-тен топтап тура және кері санау, жұп/тақ сандарды ажырату/заттар тобын 6, 7, 8, 9-дан тең бөліктерге бөлуді көрсету
		1.2 Сандармен амалдар орындау	2.1.2.1 көбейтуді бірдей қосылғыштардың қосындысы, бөлуді заттарды түрлеріне қарай және тең бөліктерге бөлу ретінде түсіну; 2.1.2.2 көбейту және бөлу өзара кері амалдар екенін түсіну, көбейту және бөлу амалдарының компоненттері арасындағы байланысты анықтау; 2.1.2.4** 2, 3, 4, 5 сандарына көбейту кестесін құру, білу және қолдану
		1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	2.1.3.6 50 тг, 100 тг монеталарды, 200 теңгелік, 500 теңгелік купюраларды ажырату және түрліше төлем жасау
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	2.4.1.1 тең жиындардың бірігуін және жиыннан оның тең бөліктерін айырып алуды диаграмма арқылы көрнекі түрде кескіндеу
		5.1 Есептер және математикалық модель	2.5.1.3 бірдей қосылғыштардың қосындысын табуға, мазмұнына қарай және бірдей бөліктерге бөлуге берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару

ЖОБА

	3С Санды және әріпті өрнектер. Теңдеулер. Есептер	2.1 Санды және әріпті өрнектер	2.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді (көбейтінді, бөлінді)/теңдіктер мен теңсіздіктерді ажырату, құрастыру, жазу және оқу; 2.2.1.2 әріптің берілген мәніндегі екі амалды әріпті өрнектің мәнін табу; 2.2.1.3 қосу мен көбейтудің қасиеттерін әріпті теңдік түрінде: a+b=b+a, (a+b)+c=a+(b+c) ab=ba көрсету және қолдану; 2.2.1.4 санды 1-ге көбейту және бөлу жағдайларын әріпті теңдік түрінде: a·1=a, a:1=a көрсету
		2.2 Теңдік және теңсіздік. Теңдеу	2.2.2.1 x < □ және x > □ түріндегі теңсіздіктерге сәйкес келетін сандарды анықтау; 2.2.2.2 көбейту мен бөлуге берілген қарапайым теңдеулерді, x+(25-6)=38, (24-3)-x=8, a+6=7+80 түріндегі күрделі теңдеулерді шешу
		5.1 Есептер және математикалық модель	2.5.1.2** есептерді шығару барысында баға, мөлшер (сан), құн арасындағы тәуелділігін пайдалану; 2.5.1.4 санды бірнеше есе арттыру/кемітуге, еселік салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептерді құрастыру және салыстыру; 2.5.1.5** көбейту мен бөлудің белгісіз компоненттерін табуға, кері есептерді құрастыру және шығару, тура және жанама сұрақтары болатын есептерді («бірнеше бірлік артық/кем» «бірнеше есе есе артық/ кем»

ЖОБА

			қатынастарымен байланысты) бір-бірінен ажырату; 2.5.1.6 көбейту мен бөлуге берілген есептерге қатысты таңдаған амалдарын негіздеу, шығару әдісін түсіндіру; 2.5.1.7 екі амалмен орындалатын есептерді (санды бірнеше есе арттыру/кемітуге, еселік салыстыруға берілген жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу 2.5.1.8 барлық арифметикалық амалдарға берілген жай есептердің шешуін санды өрнектер және теңдеулер түрінде/құрама есептердің шешуін санды өрнектер, жекелеген амалдар түрінде модельдеу және шығару
		5.2 Математикалық тіл	2.5.2.4 көбейту және бөлу амалдарының компоненттері атауларын өрнектерді оқу мен жазуда қолдану
4-тоқсан			
7. Қоршаған орта 8. Саяхат	4А Тиімді есептеу тәсілдері	1.2 Сандармен амалдар орындау	2.1.2.3 қосудың ауыстырымдылық, терімділік қасиеттерін/көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	2.2.1.5 екі амалдан артық жақшалы және жақшасыз әріпті, санды өрнектерді салыстыру; 2.2.1.6 екі-үш амалды жақшалы және жақшасыз өрнектере арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу

ЖОБА

	4В Есептерді шешу тәсілдері	5.1 Есептер және математикалық модель	2.5.1.4 санды бірнеше есе арттыру/кемітуге, еселік салыстыруға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептерді құрастыру және салыстыру; 2.5.1.5** тура және жанама тұжырымдармен «артық/кем», «бірнеше есе артық/кем» қатынастарымен берілген есептерді талдау және шығару; 2.5.1.8 барлық арифметикалық амалдарға берілген жай есептердің шешуін санды өрнектер және теңдеулер түрінде/құрама есептердің шешуін санды өрнектер және жекелеген амалдар түрінде модельдеу
	4С Геометриялық фигуралар. Периметр. Аудан	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы	2.3.1.3 көпбұрыштардың, қоршаған ортадағы заттар қабырғаларының ұзындығын өлшеу, периметрді табуға арналған формулаларды: Р= (а+в)·2, Р=а·4, Р=а+в+с қорытындылау, құру және қолдану; 2.3.1.4 фигураның белгісіз қабырғасын оның периметрі мен белгілі қабырғалары арқылы табу; 2.3.1.5 берілген периметрі бойынша торкөзді қағазға жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай периметрдің қалай өзгеретінін түсіндіру
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	2.3.2.3 жазық фигуралардың модельдерін бөлу және олардан композиция құрастыру; 2.3.2.4 бастапқы орнын, бағытын, қозғалысын (оңға, солға, тура, толық бұрылу,

ЖОБА

			сағат тілімен және сағат тіліне кері жартыға, төрттен бірге бұрылу), анықтау айқындайтын нұсқаулыққа сәйкес әрекет жасау жасау
		3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты	2.3.3.1 сызықта белгіленген нүктелерді бір-біріне қатысты орналасуын анықтау
		4.2 Пікірлер	2.4.2.2 сандық есептерді, әртүрлі сандардан тұратын басқатырғыштарды, ауыстырып құюға және өлшеуге берілген логикалық есептерді зерттеу және шығару
		5.1 Есептер және математикалық модель	2.5.1.2** есептерді шығару барысында ұзындығы, ені, периметр шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану; 2.5.1.5** тіктөртбұрыш (шаршының) ұзындығы, ені, периметрін табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есептерді құрастыру және шығару
		5.2 Математикалық тіл	2.5.2.3 нүктелерді, кесінділерді, сәулелерді, түзулерді латын алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу

ЖОБА

3) 3-сынып:

Ортақ тақырыптар	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бағдарлама бөлімшелері	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Жанды табиғат	1А 1000 көлеміндегі	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	3.1.1.1 1000-ға дейінгі сандардың құрылу жолын түсіну, 1000 көлеміндегі

2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)	сандар. Қосу және азайту		сандарды тура және кері санау, натурал сандар қатарындағы орнын анықтау; 3.1.1.2 үштаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру; 3.1.1.3 үштаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу; 3.1.1.4 санаудың ірі бірлігі – мыңдықты құрастыру, 1 000 000-ға дейін мыңдықтармен санау, жазу, салыстыру
		5.2 Математикалық тіл	3.5.2.1 көптаңбалы сандардың графикалық моделін құру, кластар мен разрядтар кестесін қолдану; 3.5.2.4** қосу мен азайту, көбейту және бөлу амалдары компоненттерінің атауларын жақшалы өрнектерді оқу мен жазуда қолдану
		1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.5 үштаңбалы сандарды/ мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау; 3.1.2.8 үштаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	3.2.1.1 бір/екі әрпі бар әріпті өрнектерді ажырату, құрастыру, жазу және оқу; 3.2.1.2 әріптердің берілген мәндерінде екі әрпі бар әріпті өрнектің мәнін табу
		2.2 Теңдік және теңсіздік. Теңдеу	3.2.2.1 қарапайым теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу
		4.3 Тізбектер	3.4.3.1 1000-ға дейінгі сандар/ мыңдықтармен миллионға дейінгі сандар тізбектерінің заңдылығын анықтау;

ЖОБА

			3.4.3.2 өзі таңдаған заңдылық бойынша тізбектер құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу
	1В Көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.2 көбейту және бөлуді орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану, санды 0 санына бөлуге болмайтынын білу; 3.1.2.3** тиімді есептеу үшін көбейтудің ауыстырымдылық қасиетін қолдану
		1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	3.1.3.1 ауданы болатын нысандарды атау және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алу, палеткамен өлшеу; 3.1.3.3** ұзындық (мм,см, дм, м, км)/ масса (г, кг, ц, т)/көлем (сыйымдылық) (л)/аудан ($см^2$, $дм^2$, $м^2$)/өлшем бірліктерін салыстыру және шамалар мәндерімен қосу/азайту/көбейту/бөлу амалын орындау
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	3.2.1.4 санды 0-ге көбейту, 0-ге бөлуге болмайтын жағдайларды әріпті теңдік түрінде: $a \cdot 0 = 0$, $a \neq 0$ көрсету
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	3.4.1.1 екі жиынның бірігуі мен қиылысуын Эйлер-Венн диаграммасының көмегімен көрнекі түрде кескіндеу; 3.4.1.2 сандардың жиындарын, олардың бірігуі мен қиылысуын элементтердің берілген немесе оқушылардың өздері анықтаған қасиеттері бойынша құру; 3.5.2.2 екі жиынның қиылысуы $\cap$, екі жиынның бірігуі $\cup$, бос жиын $\varnothing$ таңбаларын қолдану

ЖОБА

		4.4 Нысандардың комбинациялары	3.4.4.1 «мүмкіндіктер тармағы» туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттар мен есеп шығаруда қолдану
		5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.1** 2-3 амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу; 3.5.1.4** шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді талдау және шығару
		5.2 Математикалық тіл	3.5.2.4** көбейту және бөлу амалдары компоненттерінің атауларын жақшалы өрнектерді оқу мен жазуда қолдану
	1С Кестелік көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.4 6, 7, 8, 9 сандарына көбейту мен бөлу кестесін құру, білу және қолдану
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	3.2.1.1 бір/екі әрпі бар өрнектерді ажырату, құрастыру, жазу және оқу; 3.2.1.6 төрт амалды жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу; 3.2.1.7 формулаларды шамалардың арасындағы өзара қатынасты орнатушы теңдік ретінде түсіну
		5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.2** есептерді шығаруда «бір заттың массасы», «саны», «жалпы масса»/«бір затқа жіберілген шығын», «заттардың саны», «жалпы шығын» ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану; 3.5.1.5** жанама сұрақтары болатын («бірнеше бірлік артық/кем», «бірнеше есе артық/кем» қатынастарымен байланысты), есептерді талдау және шығару

ЖОБА

2-тоқсан			
3. Уақыт 4.Сәулет өнері	2А Үлес	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	3.1.1.5 үлесті құру жолын көрсетіп беру, оларды оқу, жазу және салыстыру; 3.1.1.6 жай бөлшектерді оқу, жазу, бөлімдері бірдей жай бөлшектерді көрнекілік қолдану арқылы салыстыру
		1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.1** санның квадратын бірдей екі көбейткіштің, ал санның кубы бірдей үш көбейткіштің көбейтіндісі ретінде түсіну 3.1.2. 1** бөлшек дегеніміз бір бүтіннің бір немесе бірнеше бөліктері және екі натурал санның қатынасы екенін түсіну; 3.1.2.14 санның/шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды/шаманы табу: 100 көлеміндегі сандар мен жүздіктердің жартысын, төрттен бір, оннан бір бөлігін табу
		5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.3 санның және шаманың үлесін табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару; 3.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке/пропорционал бөлуге берілген есептерді талдау және шығару
	2В Аудан. Шамалар	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы	3.3.1.1 шеңбер мен дөңгелек, және олардың элементтерін (центр, радиус, диаметр) бір-бірінен ажырату және атау/симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру; 3.3.1.2 геометриялық фигуралардың классификациясы;

ЖОБА

			3.3.1.3 тіктөртбұрыш тікбұрышты үшбұрыш, $S= (a \cdot b):2$, шаршы $S=a^2$, тікбұрышты үшбұрыш $S=a \cdot b$ ауданы формуласын қорытындылап алу және қолдану; 3.3.1.4 суретте кескінделген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың периметрін анықтау; 3.3.1.5 берілген ауданы бойынша жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру
		3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	3.3.2.1 нүктелі қағазда параллель және қиылысатын түзулерді/ қиылысатын геометриялық жазық фигураларды сызу, олардың қиылысу және бірігу аймағын табу; 3.3.2.2 (берілген қабырғалары бойынша) тіктөртбұрыш пен шаршы, циркульдің көмегімен шеңбер сызу
		3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты	3.3.3.1 жазық фигурада белгіленген нүктелердің орнын бір-біріне қатысты анықтау
		1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	3.1.3.1 ауданы болатын нысандарды атау және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алу, палеткамен өлшеу; 3.1.3.2** ұзындық (мм)/масса (г, т)/ аудан ($см^2$, $дм^2$, $м^2$) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу; 3.1.3.3** шамалар мәндері ұзындық (мм, см, дм, м,

ЖОБА

			км)/масса (г, кг, ц, т)/ көлем (сыйымдылық) (л)/аудан ($см^2$, $дм^2$, $м^2$) өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындау; 3.1.3.4** ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (г, кг, ц, т)/аудан ($см^2$, $дм^2$, $м^2$) бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру
		5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.2** есептерді шығаруда ұзындығы, ені, ауданы ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану; 3.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке/пропорционал бөлуге берілген есептерді талдау және шығару; 3.5.1.5** тіктөртбұрыштың (шаршының) қабырғалары мен ауданын табуға есептерді талдау және шығару
		5.2 Математикалық тіл	3.5.2.3 бұрыштарды, көпбұрыштарды латын алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу
	2С Ауызша көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.5** үштаңбалы сандарды олардың ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау; 3.1.2.8 үштаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану; 3.1.2.9 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні біртаңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану; 3.1.2.12 нөлдермен аяқталатын үштаңбалы санды біртаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу тәсілін қолдану

ЖОБА

3-тоқсан			
5. Атақты тұлғалар 6. Өнер	3А Кестеден тыс көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.3** тиімді есептеу үшін көбейтудің үлестірімділік, терімділік қасиеттерін қолдану; 3.1.2.6 біртаңбалы санға қалдықпен бөлуді орындау; 3.1.2.7 кестеден тыс 17·5, 96:6, 75:15, 84:4 жағдайларында ауызша көбейту мен бөлуді орындау; 3.1.2.9 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні біртаңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану
		2.2 Теңдік және теңсіздік. Теңдеу	3.2.2.2 көбейту мен бөлуге берілген қарапайым теңдеулерді, құрылымы күрделі x·(25:5)=60, (24·3):x=6, x:(17·2)=2, k+124:4=465 түріндегі теңдеулерді шешу
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	3.2.1.3 көбейтудің үлестірімділік және терімділік қасиеттерін әріпті теңдік түрінде: (ab)c=a(bc), a(b+c)=ab+ac, a(b-c)=ab-ac көрсету және қолдану; 3.2.1.5 үш амалдан артық санды өрнектерді салыстыру
	3В Кеңістік фигуралар	3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	3.3.2.3 кеңістік геометриялық фигуралардың (тікбұрышты параллепипед, куб) жазбасын дайындау және олардың моделін құрастыру; 3.3.2.4 солға және оңға бұрғанда, үстінен және жанынан қарағанда кеңістік фигуралардың қалпындағы өзгерістерді түсіндіру
	3С	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.10 23·2, 123·2, 46:2, 246:2

ЖОБА

	Жазбаша көбейту және бөлу		жағдайларында екітаңбалы/ үштаңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану; 3.1.2.11 28·3, 269·2, 84:3, 538:2 жағдайларында екі/үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану
4-тоқсан			
7. Су – тіршілік көзі 8.Демалыс мәдениеті. Мерекелер	4А Жазбаша көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.13 бөліндінің бір разрядында нөл болатын кезде үштаңбалы санды біртаңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	3.2.1.5 үш амалдан артық санды өрнектерді салыстыру
	4В Есепті шешу жолдары	1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	3.1.3.6 1000 тг, 2000 тг, 5000 тг купюраларды ажырату және түрлі төлем жасау
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	3.4.1.3 сандар жиынының ішкі жиындарын элементтердің берілген немесе оқушылардың өздері анықтаған қасиеттері бойынша құру
		4.2 Пікірлер	3.4.2.1 ақиқат немесе жалған пікірлер құру; 3.4.2.2 кестелер және графтар құру әдісімен логикалық пайымдауға берілген есептерді шығару
		4.4 Нысандардың комбинациялары	3.4.4.1 «мүмкіндіктер тармағы» туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттар мен есеп шығаруда қолдану
		5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.1** екі-үш амалмен орындалатын есептің шартын кесте, сызықтық/бағандық диаграмма, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу; 3.5.1.2** есептерді шығаруда

ЖОБА

			бір заттың массасы, саны, жалпы масса/ бір затқа жіберілген шығын, заттардың саны, жалпы шығын/ ұзындығы, ені, ауданы ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану; 3.5.1.5** жанама сұрақтары болатын есептерді («бірнеше бірлік артық/ кем» «бірнеше есе артық/кем» қатынастарымен байланысты)/ тіктөртбұрыштың (шаршының) қабырғалары мен ауданын табуға берілген есептерді талдау және шығару; 3.5.1.6 есептеу кезінде жауабын алдын ала болжау, нәтижесін құрама есептің шартына сәйкес түсіндіру; 3.5.1.7 үш амалмен шығарылатын есептерді (шамалар арасындағы тәуелділікке құрылған жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу және шығару; 3.5.1.8** айнымалысы бар өрнектер мен теңдеулер түрінде барлық арифметикалық амалдарға берілген қарапайым есептерді/құрама есептерді санды өрнектер немесе жеке амалдар түрінде моделдеу
		5.2 Математикалық тіл	3.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және диаграммалар мен пиктограммалар қолданып салыстыру

ЖОБА

	4С Уақыт	1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	3.1.3.2** (сек) өлшем бірлігін қолданып өлшеу; 3.1.3.3** шамалар мәндерін уақыт (сек, мин, сағ, тәул, ай, жыл, ғасыр) салыстыру және амалдар орындау; 3.1.3.4** уақыт (сек, мин, сағ, тәул, ай, жыл, ғасыр) бірліктері олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру; 3.1.3.5 әртүрлі сағатпен уақытты анықтау: (сағ, мин, сек)

4) 4-сынып:

Ортақ тақырыптар	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бағдарлама бөлімшелері	Оқу мақсаттары
		1-тоқсан	
1. Менің Отаным – Қазақстан 2. Құндылықтар	1А Көптаңбалы сандар нумерациясы және олармен амалдар орындау	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	4.1.1.1 көптаңбалы сандардың құрылу жолын түсіну, натурал сандар қатарындағы 1 000 000 көлеміндегі санның орнын анықтау; 4.1.1.2 көптаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру/сандарды берілген разрядқа дейін дөңгелектеу; 4.1.1.3 көптаңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу; 4.1.1.4 санаудың ірі бірлігі – миллионды құрастыру жүз миллион көлемінде санау, жазу, салыстыру
		1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.2 көптаңбалы сандармен арифметикалық амалдарды орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану;

ЖОБА

			4.1.2.5 көптаңбалы сандарды ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау, микрокалькулятордың көмегімен есептеулер жүргізу; 4.1.2.8 көптаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану
		1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері	4.1.3.1 кеңістік геометриялық фигураларды атау, көлемді өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдау, текшелермен (1 $см^3$) өлшеу; 4.1.3.2** ($см^3$, $дм^3$, $м^3$, га, ар) өлшем бірліктерін қолданып өлшеу; 4.1.3.3** шамалар мәндері ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (г, кг, ц, т)/көлем (сыйымдылық) (л, $мм^3$, $см^3$, $дм^3$, $м^3$)/аудан ($мм^2$, $см^2$, $дм^2$, $м^2$, га, а) бірліктерін салыстыру; 4.1.3.4** ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (мг, г, кг, ц, т)/аудан ($мм^2$, $см^2$, $дм^2$, $м^2$, га, а)/көлем ($мм^3$, $см^3$, $дм^3$, $м^3$)/уақыт (сек, мин, сағ, тәул) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру; 4.1.3.5 уақыт өлшем бірлігінің үлесін табу (1/60 сағ═1 мин, 1/2 сағ═30 мин, 1/7 апта═1 күн); 4.1.3.6 10 000 тг, 20 000 тг купюраларды және түрлі мемлекеттің валюталарын (рубль, евро, доллар) ажырату және түрлі төлем жасау
		4.3 Тізбектер	4.4.3.1** 1 000 000-ға дейінгі сандар тізбектерінің заңдылықтарын анықтау

ЖОБА

	1B Біртаңбалы санға көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.3 көптаңбалы сандармен есептеулер жүргізгенде қосу және көбейтудің қасиеттерін қолдану; 4.1.2.4 2-ге, 5-ке, 10-ға бөлінгіштік белгілерге сүйеніп, натурал сандарды топтастыру; 4.1.2.5 көптаңбалы сандарды ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау, микрокалькулятордың көмегімен есептеулер жүргізу; 4.1.2.6 10, 100, 1000 сандарына қалдықсыз және қалдықпен бөлу; 4.1.2.7 екітаңбалы/үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға ауызша көбейту мен бөлуді орындау; 4.1.2.10** көптаңбалы сандарды біртаңбалы сандарға қалдықпен бөлуді орындау
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	4.4.1.1 жиындар арасындағы қатынастың (тең, қиылысатын, қиылыспайтын жиындар, ішкі жиын) сипатын анықтай білу
	1C Жылдамдық, уақыт, арақашықтық	2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.8** бірқалыпты түзу сызықты қозғалыстағы арақашықтық формулаларын көрсету және қолдану s=v·t, t=s: v, v=s:t
		5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.2** есептерді шығару үдерісінде жылдамдық, арақашықтық шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	4.4.1.3** есептерді шешуде жиындардың қиылысуы мен бірігуінің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін қолдану
	1D Геометриялық фигуралар	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың	4.3.1.1** текше, тікбұрышты параллелепипед және олардың элементтерін (төбелері, қабырғалары, қырлары) тану

ЖОБА

		классификациясы	және атау; 4.3.1.3 тікбұрышты параллепипед көлемінің формуласын (V=a·b·c) қорыту, шығару, қолдану; 4.3.1.4 суретте бейнеленген құрама фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың ауданын анықтау
		5.2 Математикалық тіл	4.5.2.3 текшені, тікбұрышты параллелепипедті латын алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу
		5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.2** есептерді шығару процесінде биіктік, ені, ұзындығы, көлемі ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану
2-тоқсан			
3. Мәдени мұра 4. Мамандық тар әлемі	2А Көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.9 санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге бөлу мен көбейту ережелерін қолдану; 4.1.2.12** нөлмен аяқталатын көптаңбалы сандарды біртаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмін қолдану; 4.1.2.10** көптаңбалы сандарды екітаңбалы сандарға қалдықпен бөлуді орындау; 4.1.2.11** екітаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану; 4.1.2.12** нөлмен аяқталатын көптаңбалы сандарды екітаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмін қолдану; 4.1.2.10** көптаңбалы сандарды үштаңбалы сандарға қалдықпен бөлуді орындау;

			4.1.2.11** үштаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану; 4.1.2.12** нөлмен аяқталатын көптаңбалы сандарды үштаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмін қолдану; 4.1.2.13 бөлінді мәнінде нөлдер болатын жағдайда көптаңбалы санды екітаңбалы/үштаңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.8** қалдықпен бөлу формуласын (a=b·c+r) шығарып алу және қолдану
	2В Есеп шығару	5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.2** есептерді шығаруда жұмысқа жіберілген уақыт, атқарылған жұмыс, өнімділік шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану; 4.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке/пропорционал бөлуге/ белгісізді екі айырым бойынша табуға берілген есептерді талдау және шығару; 4.5.1.9** кездесу қозғалысына, қарама-қарсы бағыттағы қозғалысқа берілген есептерді арифметикалық және алгебралық әдіспен шешу
3-тоқсан			
5. Табиғат құбылыстары. 6. Қоршаған ортаны қорғау	3А Қозғалысқа, өнімділікке берілген есептер	5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.1 есепті сызба, алгоритм, дөңгелек диаграмма, график түрінде модельдеу; 4.5.1.2** есептерді шығаруда жұмысқа жіберілген уақыт, атқарылған жұмыс, өнімділік/егіннің түсімділігі, ауданы мен массасы/ жылдамдық, ара қашықтық, уақыт шамалары арасындағы тәуелділігің пайдалану; 4.5.1.9** артынан қуып жету,бір

ЖОБА

			бағыттағы қалып қою қозғалысына берілген есептерді арифметикалық және алгебралық әдіспен шешу
		4.2 Пікірлер	4.4.2.1 математикалық мазмұндағы пікірлер құру, олардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтау; 4.4.2.2 кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді шығару
		4.4 Заттардың комбинациялары	4.4.4.1 «таңдап алу» әдісімен комбинаторлық есептерді шығару
		3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты	4.3.3.1 қозғалыстың басталуы мен бағытын пайдалана отырып, нысандар қозғалысы сызбасын құру, сәйкес есептеулер жүргізу; 4.3.3.2 нысандардың бастапқы орны мен қозғалыс бағытын (бір-біріне қарама қарсы, бірінен бірі қарама-қарсы бағытта) анықтау
		2.1 Сандық және әріптік өрнектер	4.2.1.8** қуып жету қозғалысы мен қалып қою қозғалысына байланысты формулаларды шығарып алу және қолдану
		5.2 Математикалық тіл	4.5.2.5 ақпаратты түсіндіру, салыстыру және мәліметтерді жиынтықтау, қозғалыс графиктерін құру, қозғалысқа арналған есептерге сызба құрастыру
	3В Бөлшектер және пайыз	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	4.1.1.5 пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екенін түсіну; 4.1.1.6 бөлімдері немесе алымдары бірдей жай бөлшектерді салыстыру/ сан сәулесінде салыстыру, дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшек, аралас сандарды ажырату 4.2.1.5 алымдары бірдей немесе бөлімдері бірдей жай

			бөлшектерді салыстыру, сан сәулесінде салыстыру
		4.3 Тізбектер	4.4.3.1** алымдары бірдей немесе бөлімдері бірдей жай бөлшектермен өрнектелген сандар тізбектерінің заңдылықтарын анықтау
		1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.1 бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосу және азайту үшін, бөлімдерін өзгертпей қалдырып, сәйкес алымдарын қосу және азайту деп түсіну; 4.1.2.14 аралас санды бұрыс бөлшекке және бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыру; 4.1.2.15 бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосу және азайту алгоритмін қолдану
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.4 бөлімдері бірдей жай бөлшектермен қосу және азайту амалдарын орындау; 4.2.1.5 алымдары бірдей немесе бөлімдері бірдей жай бөлшектерді салыстыру, сан сәулесінде салыстыру; 4.2.1.6 бөлімдері бірдей жай бөлшектері бар өрнектердің мәндерін салыстыру
		5.1 Есептержәне математикалық модель	4.5.1.3 бүтіннің бөлігін табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру, шығару
		5.2 Математикалық тіл	4.5.2.1 жай бөлшектердің құрылуын, салыстыру, қосу және азайтуды бейнелеу үшін жазық фигуралардың бөлігі және сан сәулесін қолдану; 4.5.2.4** (10 %, 20 %, 25 %, 50 %, 75% , 100 %) пайызды % символымен белгілеуді қолдану
	3С Шеңбер, дөңгелек	3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	4.3.2.2** шеңбер мен дөңгелекті радиусы бойынша сызу

ЖОГ

4-тоқсан			
7. Ғарышқа саяхат 8. Болашаққа саяхат	4А Теңдеу, теңсіздік, өрнектер	2.2 Теңдік және теңсіздік. Теңдеулер	4.2.2.1 қос теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу; 4.2.2.2 39+490:k=46, 230·a+40=1000:2 түріндегі теңдеулерді шешу
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді түрлендіру; 4.2.1.2 әріптердің берілген мәніндегі бірнеше айнымалысы бар өрнектің мәнін табу; 4.2.1.3 айнымалысы бар өрнектерді құру және есептер шығару барысында қолдану; 4.2.1.6 бөлімдері бірдей жай бөлшектері бар өрнектердің мәндерін салыстыру; 4.2.1.7 төрт амалдан артық жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	4.4.1.3** теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде жиындардың қиылысуы мен бірігуінің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін қолдану
	4В Есептер	1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.5** микрокалькулятордың көмегімен есептеулер жүргізу
		5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.4** шамалар арасындағы тәуелділікке/пропорционал бөлуге табуға берілген есептерді талдау және шығару; 4.5.1.5 тікбұрышты параллелепипедтің (кубтың) көлемі мен қырының ұзындығын табуға берілген есептерді талдау және шығару; 4.5.1.6 әр түрлі құрама есептерді құрастыру, салыстыру, шығару; 4.5.1.7 үш-төрт амалмен шығарылатын есептерді модельдеу және түрлі әдіспен

ЖОГ

			шығару, ең тиімді әдісті анықтау; 4.5.1.8** барлық арифметикалық амалдарға берілген жай есептердің шешуін санды өрнектер және теңдеулер түрінде модельдеу
	4С ҮшбұрыштарСимметрия	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы	4.3.1.1** тікбұрышты үшбұрышты тану және атау; 4.3.1.2 үшбұрыштардың классификациясы; 4.3.1.4 суретте бейнеленген құрама фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың ауданын анықтау; 4.3.1.5 жазық фигураларды осіне қатысты симметриялы болатын фигуралармен нүктелі қағазда толықтыру, бұрыштың шамасын табу; 4.3.2.1 нүктелі қағазда перпендикуляр түзулер, симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды сызу; 4.3.2.2** градустық өлшемі бойынша бұрыш, тік бұрышқа тиісті екі қабырғасы бойынша тікбұрышты үшбұрыш, тікбұрышты сызғыштың көмегімен түзуге перпендикуляр түзу сызу; 4.3.2.3 кеңістік геометриялық фигуралардың (пирамида, цилиндр, конус) жазбасын ажырату, фигураларды олардың жазбасымен сәйкестендіру және олардың моделін құрастыру; 4.3.2.4 симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды бір бірінен ажырату және оларды қоршаған

ЖОГ

			ортадағы заттармен сәйкестендіру
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	4.4.1.2 түзу сызықтардың, геометриялық фигуралардың қиылысуын көрсету, қиылысу және бірігу аймақтарын белгілеу
		4.3 Тізбектер	4.4.3.2 заңдылықты немесе ережені өзі таңдап, сандар, сандар тобы тізбектерін құру
		5.2 Математикалық тіл	4.5.2.4 (10 %, 20 %, 25 %, 50 %, 75%, 100 %) пайызды % символымен/ бұрыштың градустық өлшемін ^{0} символымен, белгілеуді қолдану

Ескерту:

оқу бағдарламасындағы ** белгіленген оқу мақсатының бөлігін жүзеге асырылады.

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу ағарту министрінің
2022 жылғы «...».....
№ бұйрығына
27-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1- сыныбына арналған «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Цифрлық сауаттылық» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту мақсаты – білім алушылардың оқу мен күнделікті өмірде есептей білу дағдылары, робототехника, базалық білім, заманауи ақпараттық технологиялармен жұмыс жасаудағы білік және дағдыларды тиімді қолдануын қамтамасыз ету.

3. Негізгі міндеттері:

1) білім алушыларға компьютер туралы, қазіргі заманғы цифрлық құрылғылар және олардың қоғамдағы рөлі туралы бастапқы ақпараттар беру;

2) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, білім алушылардың есептей білу, роботтарды жинау және программалау, іздеу, жинақтау, өңдеу, ақпараттарды сақтау және тарату дағдыларын қалыптастыру;

3) білім алушылардың әртүрлі қолданбалы программаларды қолдану арқылы өз идеяларын ұсыну дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету;

4) байланыс, ақпарат алмасу және ынтымақтастық үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануын ынталандыру;

5) білім алушыларды компьютермен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері мен авторлық құқықтарды құрметтеуді үйрету.

4. Оқу бағдарламасында үш тілде оқыту ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың мектептен тыс сабақтарын үш тілде (қазақ, орыс және шетел тілдерінде) ұйымдастыруды көздейтін үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған.

5. Оқу бағдарламасының ерекшелігіне оның пән бойынша білім мен білігінің қалыптасуына бағдарлануы ғана емес, сонымен қатар, білімді функционалдық және шығармашылық жағынан қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, әртүрлі коммуникациялық әдістерді пайдалану, топта және жеке жұмыс істей білу,

проблемаларды шешу және шешім қабылдау сияқты кең ауқымды дағдылар жатады.

6. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең спектрлі дағдылардың табиғи үйлесімде дамуы - білім алушылардың бойында: «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек және шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты базалық құндылықтарды қалыптастырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушылардың мінез-құлқына және күнделікті іс-әрекеттеріне ынталандырушы болуға арналған оның тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

2-тарау. «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1 - параграф. «Цифрлық сауаттылық» пәнінің мазмұны

7. «Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша білім жүктемесінің көлемі:

1) 1-сынып аптасына 1 сағаттан, II жартыжылдықтан бастап 19 сағатты;

2) 2-сынып аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 36 сағатты;

3) 3-сынып аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 36 сағатты;

4) 4-сынып аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

8. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқытудағы негізгі талап - компьютерлік жүйелерге қолжетімділік.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін тиімді өткізуге арналған қажетті жабдықтардың тізімі:

1) гарнитурамен жабдықталған дербес компьютерлер (микрофоны бар құлаққаптар);

2) Интернетке кең жолақты қосылуымен мұғалімдер мен білім алушылар арасындағы байланыс және құралдарын деректермен алмасуды қамтамасыз ететін жоғары сапалы ашық қатынас желісі;

3) Перифериялық құрылғылар: принтер, сканер, көшіру техникасы, интерактивті проектор/интерактивті тақта;

4) Робототехникаға арналған жиынтықтар.

9. Пәннің негізгі мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) Ақпараттық этикет

2) Менің алғашқы суретім

3) Біздің өміріміздегі алгоритм

4) Бағдарламалар

5) компьютер;

6) ақпаратты ұсыну және өңдеу;

7) интернет желісінде жұмыс істеу;

8) есептей білу;

9) робототехника.

10. «Компьютер» бөлімі келесі бөлімдерді қамтиды:

1) компьютердің құрылғылары;

2) программалық қамтамасыз ету;

3) қауіпсіздік.

11. «Ақпаратты ұсыну және өңдеу» бөлімі келесі бөлімдерден тұрады:

1) мәтіндер;

2) графика;

3) презентациялар;

4) мультимедия.

12. «Интернеттегі жұмыс» бөлімі келесі бөлімдерді қамтиды:

1) ақпаратты іздеу;

2) ақпаратпен алмасу.

13. «Есептей білу» бөлімі төмендегі бөлімдерді қамтиды:

1) алгоритмдер;

2) программалау.

14. «Робототехника» бөлімі келесі бөлімдерді қамтиды:

1) жалпы робототехника;

2) роботтың қозғалысы;

3) датчиктер мен қозғалтқыштар.

15. «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Ақпараттық этикет: Өз денсаулығымызды сақтаймыз; Біздің айналамыздағы ақпарат; Ақпарат және компьютер; Интернет желісінде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік.

2) «Менің алғашқы суретім»: Фигуралар; Фигуралармен орындалатын іс-әрекет.

3) «Біздің өміріміздегі алгоритмдер»: Біздің өміріміздегі алгоритм.

4) «Бағдарламалау»: Scratch бағдарламасымен танысу; Менің алғашқы бағдарламам.

16. «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: компьютер құрылғылары: енгізу құрылғылары (тінтуір, пернетақта, микрофон) және шығару құрылғылары (монитор, принтер, дыбыс шығарғыш/ құлаққап); программалық қамтамасыз ету: файлдар және бумалар түсінігі, меню командаларын қолдану; қауіпсіздік: цифрлық құрылғылармен жұмыс жасау барысында техника қауіпсіздігінің негізгі ережелерін сақтау, желіде орналасқан ақпараттардың шынайылығы мен пайдасы;

2)«Ақпаратты өңдеу және көрсету»:

Мәтіндер: мәтіндік редакторда сөйлемдерді теру, қаріпті және абзацты пішімдеу (қаріптің жазылу стилі, түсі, түзету), құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою;

Графика: суретті өңдеу; қию, бұру, өлшемін өзгерту, суреттің фрагментін көшіру;

Мультимедиа: дыбыс жазу және дыбысты ойнату, дыбыстық эффектілер, дыбысты өңдеу;

3) «Интернет желісінде жұмыс істеу»: берілген тақырып бойынша ақпаратты іздеу үшін браузерді пайдалану, қосымшалар арасында деректермен алмасу;

4) «Есептей білу»: алгоритмдер: сызықтық алгоритм, алгоритмнің сөздік формасы, алгоритмнің графикалық формасы; программалау: атқарушының командалар жүйесі, лабиринт.

Бағдарламалау: ендірілген графикалық редакторда ойын бағдарламалау ортасын құру, пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастыру, кейіпкерлер арасындағы мәтіндік диалогты ұйымдастыру;

5) «Робототехника»: Робот қозғалысын ауызша түрде берілген алгоритм бойынша ұйымдастыру, сенсорлық сенсорды пайдалану, робот үшін аудио файлды жүктеу, робот үшін бағдарламаны әзірлеу кезінде дыбысты пайдалану, құрылған роботты аудиторияға ұсыну.

17. «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: компьютердің құрылғылары: енгізу және шығару құрылғылары; программалық қамтамасыз ету: компьютерлік программалардың қызметі (сілтеуіш, суреттерді көруге арналған программалар), программа менюі, меню командаларын қолдану, файлдар мен бумалар, компьютерде файлдарды ашу және сақтау; қауіпсіздік техникасы: қауіпсіздік техникасының ережелері;

2) «Ақпаратты өңдеу және көрсету»: мәтіндер: мәтіндік редактордың қызметі, программа менюі, мәтінді теру және өңдеу, символдар мен абзацтарды пішімдеу, мәтінмен болатын операциялар, символдарды қосу; графика: графикалық редактордың қызметі, суреттерді ашу және сақтау, редактор құралдарын қолдана отырып, сурет салу, түстер палитрасы, суреттерді өңдеу, суретті кесу, айналдыру және өлшемін өзгерту, сурет бөліктерінің көшірмесін жасау; презентация: презентация құру программаларының қызметі, программа менюі, презентацияларды ашу және сақтау, слайдта мәтін мен суреттерді орналастыру, слайд арасында ауысу, презентация дизайны, дыбысты қосу; мультимедиа: дыбыстық ақпаратты енгізу және шығару құрылғылары, дыбыс редакторының қызметі, дыбысты жазу, дыбыстарды өңдеу және ойнату, дыбыстық эффектілерді қолдану;

3) «Интернет желісіндегі жұмыс»: ақпаратты іздеу: құжаттағы мәтіннің фрагментін іздеу; ақпарат алмасу: желіде ақпарат алмасу тәсілдері, жобамен бірлесіп жұмыс істеу үшін мессенджерлерді пайдалану;

4) «Есептей білу»:

Алгоритмдер: цикл, циклдік алгоритмді жүзеге асырудағы Орындаушының командалық жүйесі.

Бағдарламалау: ойын бағдарламалау ортасында ойын құру кезінде циклдік алгоритмді енгізу, дайын сценарий бойынша ойын жасау, ойын бағдарламалау ортасында бірнеше көріністермен және кейіпкерлермен жұмыс істеу;

5) «Робототехника»: орташа мотордың жылдамдығы мен айналу санын баптау, роботтың қозғалысын ұйымдастыру үшін циклды пайдалану.

18. «Цифрлық сауаттылық» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Компьютер»: компьютер құрылғылары, ғылыми-техникалық прогрестің компьютерлік және мобильді техниканың ескіруіне әсері.

Қауіпсіздік: сенімді құпиясөз критерийі;

2) «Ақпаратты ұсыну және өңдеу»:

Мәтіндер: мәтіндегі кестелер.

Презентациялар: слайдтың орналасуы, нысандардың анимациясы; бейне және дыбысты енгізу.

Мультимедиа: бейнеролик жасау;

3) «Интернет желісіндегі жұмыс»:

Ақпаратты іздеу: компьютердегі файлдар мен қалталарды іздеу.

Ақпарат алмасу: браузер параметрлері (бетбелгілер, тарих және жүктеулер).

Электрондық пошта: хабарламаларды, тіркелген файлдармен хабарламаларды қабылдау және жіберу;

4) «Есептей білу»: Алгоритмдер: кірістірілген циклдар, логикалық операторлар, салыстыру операторлары.

Бағдарламалау: ойын бағдарламалау ортасындағы айнымалылар, ойынды өз сценарийі бойынша дамыту;

5) «Робототехника»: түс сенсоры; ультрадыбыстық сенсор.

2- параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

19. Оқу мақсаттары программада кодпен берілген. Кодта бірінші нөмір сыныпты, екінші және үшінші сандар - бөлім мен бөлімше, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 2.1.2.1 кодында: «2» – сынып, «1.2» – бөлімше, «1» – оқу мақсатының нөмірленуі.

20. Оқыту мақсаты жүйесі әр сыныпқа бөлім бойынша берілген:

1) Ақпараттық этикет

Білім алушылар міндетті	
Бөлімше	1-сынып
1. Өз денсаулығымызды сақтаймыз	1.1.3.1 Компьютермен жұмыс істеу барысында тәртіп ережелерін ұстанып өз денсаулығын сақтау. 1.1.1.1 Компьютердің қолданылуына қарай негізгі құрылғыларын атау.
2. Біздің айналамыздағы ақпарат	1.3.2.1 Қабылдау тәсілдерін қолданып ақпарат түрлерін анықтау.
3. Ақпарат және компьютер	1.3.2.2 Ұсыну формасы бойынша ақпарат түрлерін ажырату. 1.3.2.3 ақпаратты ұсыну кезіндегі ақпарат көздері мен қабылдағыштардың байланыс арналарына мысалдар келтіру
4. Интернет желісінде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік	1.3.2.4 Интернет желісін өмірде қолдану мысалдарын келтіру. 1.3.2.5 желідегі барлық ақпарат сенімді және пайдалы емес екенін талқылау; 1.3.2.6 Интернет желісіне жеке ақпаратты беру кезіндегі қауіптерді анықтау.

2) Менің алғашқы суретім

Бөлімше	1-сынып
Фигуралар	1.2.2.1 Стандартты фигураларды қолданып салу. 1.2.2.2 Түстер палитрасындағы негізгі түсті өзгертіп кескін салу. 1.2.2.3 Палитрада фон түсін тандап кескін салу. 1.2.2.4 Контурын өзгерту арқылы фигураны салу. 1.2.2.5Фигура түсін құйып бояу арқылы өзгертіп салу.
Фигуралармен орындалатын іс-әрекет	1.2.2.6 Форма мен параметрді қолданып кескін бөлігін ерекшелеу. 1.2.2.7 Көшіру, қиып алу және қою құралдарын қолданып кескін салу. 1.2.2.8 Бұру немесе айналдыру құралдарын қолданып кескін салу. 1.2.2.9 Түспен толтыру құралын қолданып кескін салу.

3) Біздің өміріміздегі алгоритм

Біздің өміріміздегі алгоритм	1.4.1.1 Алгоритм, әрекет және команда ұғымдарын түсіндіру. 1.4.1.2 Орындаушы және оның командалар жүйесін анықтап алгоритм құру. 1.4.1.3Алгоритм түрлерін өмірмен байланыстырып мысалдар келтіру.

4) Бағдарламалау

Scratch пен танысу	1.4.2.1 Кейіпкер фигурасы үшін кітапханадан Спрайтты таңдау. 1.4.2.2 Кітапханадан Сахна фонын таңдау.
Менің алғашқы бағдарламам	1.4.1.4 Scratch (скретч) программалау ойын ортасында дайын сценариді алгоритм бойынша іске асыру. 1.4.1.5 Scratch (скретч) программалау ойын ортасында есептің шарты бойынша сызықтық алгоритімді өңдеу. 1.4.2.3 Scratch (скретч) программалау ойын ортасында жобаны құру, сақтау және ашу.

2-4 сынып

1) Компьютер

	Білім алушылар міндетті	
Бөлімше	3-сынып	4-сынып
1.Компьютердің құрылғылары	3.1.1.1 таңба регистрін, пернетақтаның орналасуын, меңзерді басқаруды өзгерту үшін клавиштерді пайдалану;	4.1.1.1компьютерлік және мобильді технологиялардың ескіруі ғылыми-техникалық прогреспен байланысты екенін түсіндіру;
2.Программалық қамтамасыз ету	3.1.2.1 қолданбалы программаларда "қызу" клавиштерді пайдалану;	

3.Қауіпсіздік	3.1.3.1 Интернет желісінде жұмыс істеуде жеке қауіпсіздігінің негізгі ережелерін ескеру;	4.1.3.1. сенімді пароль критерийлерін айқындау;

2) Ақпаратты ұсыну және өңдеу

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Мәтіндер	2.2.1.2. Өз идеяларын мәтіндік редакторда жазу;	3.2.1.1. таңбалы, нөмірленген тізімдер жасау; 3.2.1.2. мәтінді теру ережесін сақтау; 3.2.1.3. мәтінді өңдеу; 3.2.1.4. шрифт пен абзацты пішімдеу; 3.2.1.5. суреттерді мәтінге енгізіп, реттеу;	4.2.1.1 мәтінде қарапайым кестелер жасау;
2 Графика	2.2.2.1 суреттің фрагментін көшіру және көрсету; 2.2.2.2 суретті өңдеу (кесу, айналдыру, өлшемін өзгерту);	3.2.2.1 фотосуреттерді өңдейтін (жарық, контраст, жиектеме) программаларын қолдану;	
3. Презентациялар		3.2.3.1 мәтін мен бейнені қамтитын қарапайым көрсетілімдерді жасау; 3.2.3.2 слайдтар арасындағы ауысуды қолдану; 3.2.3.3 презентацияларды безендіру үшін дайын дизайнды қолдану;	4.2.3.1 слайд үшін макет таңдау; 4.2.3.2 презентациялардағы нысандардың анимациясын келтіру; 4.2.3.3 презентацияға дыбыс пен бейнені енгізу;
4. Мультимедиа	2.2.4.1 дыбысты жазу және ойнату үшін программаларды пайдалану;		4.2.4.1 бейнеклиптерді жасау; 4.2.4.2 белгілі бір тақырыпта

ЖОБА

	2.2.4.2 дыбыстық файлдарды өңдеу;		фотосуреттер, дыбыстар және бейнелерді пайдалану;

3) Интернет желісінде жұмыс істеу

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Ақпараттар іздеу	2.3.1.1 берілген тақырып бойынша ақпарат іздеу үшін браузерді қолдану;	3.3.1.1 ақпарат іздеуді іске асыру (құжаттағы мәтін үзіндісі);	4.3.1.1 түйінді сөздер бойынша ақпаратты іздеу үшін браузерді пайдалану; 4.3.1.2 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен қалталар)
2. Ақпарат алмасу	2.3.2.1 қосымшалар арасындағы мәліметтермен ауысу;	3.3.2.1. жоба бойынша бірлесіп жұмыс істеуге арнлаған мессенджерлерді пайдалану; 3.3.2.2. желідегі ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру;	4.3.2.1. электрондық поштаның мүмкіндіктерін түсіндіру 4.3.2.2. шолғыш параметрлерін қолдану (бетбелгілер жасау, тарихты және жүктеулерді қарау); 4.3.2.3 тіркелген файлдары бар хабарламаларды алу және электрондық пошта арқылы жіберу 4.3.2.4 электрондық пошта параметрлерін пайдалану (фонға арналған қалталар, тақырыптар)

ЖОБА

4) Есептей білу

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Алгоритмдер	2.4.1.1 берілген сценарий бойынша ойын бағдарламалау ортасында (Scratch (скретч)) тармақталу алгоритмін әзірлеу; 2.4.1.2 ойын бағдарламалау ортасында (Scratch (скретч)) ауызша түрде берілген тармақтау алгоритмін іске асыру;	3.4.1.1 берілген сценарий бойынша бағдарламалаудың ойын ортасында (Scratch (скретч)) қайталау алгоритмін әзірлеу; 3.4.1.2 ойын бағдарламалау ортасында (Scratch (скретч))ауызша түрде берілген қайталау алгоритмін іске асыру;	4.1 ойын бағдарламалау ортасында кірістірілген циклды жүзеге асыру (Scratch (скретч)) 4.4.1.2 логикалық операторларды ойын бағдарламалау ортасында қолдану (Scratch (скретч)); 4.4.1.3 ойын бағдарламалау ортасында салыстыру операторларын қолдану (Scratch (скретч))
2. Бағдарламалау Scratch-пен танысу	2.4.2.1 жоба үшін бағдарламалаудың ойын ортасының (Scratch (скретч)) ендірілген графикалық редакторында таңба жасау; 2.4.2.2 ойын бағдарламалау ортасында (Scratch (скретч))пернетақтадан спрайтты	3.4.2.1. дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу 3.4.2.2. программалау ойын алаңында бірнеше көріністермен жұмыс істеу 3.4.2.3. бағдарламалау ойын алаңында бірнеше кейіпкерлермен жұмыс істеу 3.4.2.4. программалау ойын алаңында ойын құру барысында циклдік	4.4.2.1 ойын программалау ортасында айнымалыларды қолдану (Scratch (скретч)); 4.2 ойынды өз сценарийі бойынша жасау;

ЖОБА

	басқаруды ұйымдастыру; 2.4.2.3 ойын бағдарламалау ортасында кейіпкерлер арасында мәтіндік диалог ұйымдастыру (Scratch (скретч))	алгоритмді жүзеге асыру	
Менің алғашқы бағдарламам		3.4.2.1 ойын бағдарламалау ортасында бірнеше таңбаларды жасау (Scratch (скретч)); 3.4.2.2 ойын бағдарламалау ортасында ойын құру кезінде циклдік алгоритмді іске асыру (Scratch (скретч))	

4) Робототехника

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Жалпы робототехника	2.5.1.1 робот туралы түсіндіру; 2.5.1.2 білім беру роботының базалық моделінің негізгі элементтерін сипаттау; 2.5.1.3. робот үшін аудио файлды жүктеу; 2.5.1.4.робот бағдарламасын жасау кезінде дыбысты қолдану; 2.5.1.5 құрылған роботты		

ЖОБА

	аудиторияға ұсыну		
2. Роботтың қозғалысы	2.5.2.1 роботтың берілген жылдамдықпен алға жылжуын ұйымдастыру; 2.5.2.2 роботтың берілген жылдамдықпен кері қозғалысын ұйымдастыру; 2.5.2.3 робот бағдарламасын жүктеу және іске қосу;	3.5.2.1. робот қозғалысын ұйымдастыру үшін циклды пайдалану;	
3. Датчиктер мен қозғалтқыштар	2.5.3.1 программаны бастау үшін жанап өтетін датчикті қолдану;	3.5.3.1. жылдамдығын реттеу және орта қозғалтқыш жылдамдығының мөлшерін орнату	4.5.3.1. түс датчигін пайдалану; 4.5.3.2. ультрадыбыс датчигін қолдану;

21. Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

22. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныбына арналған «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарласын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3- параграф. Бастауыш білім деңгейінің 1- 4сыныбынаа арналған «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарласын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары

1) 1 сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері (ортақ тақырыптар) *	Пән тақырыптары	Оқу мақсаттары
3 тоқсан		
1-бөлім – Ақпараттық этикет (ортақ тақырыбы: "Саяхат")	Өз денсаулығымызды сақтаймыз	1.1.3.1 Компьютермен жұмыс істеу барысында тәртіп ережелерін ұстанып өз денсаулығын сақтау.

		1.1.1.1 Компьютердің қолданылуына қарай негізгі құрылғыларын атау.
	Біздің айналамыздағы ақпарат	1.3.2.1 Қабылдау тәсілдерін қолданып ақпарат түрлерін анықтау.
	Ақпарат және компьютер	1.3.2.2 Ұсыну формасы бойынша ақпарат түрлерін ажырату. 1.3.2.3 ақпаратты ұсыну кезіндегі ақпарат көздері мен қабылдағыштардың байланыс арналарына мысалдар келтіру
	Интернет желісінде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік	1.3.2.4 Интернет желісін өмірде қолдану мысалдарын келтіру. 1.3.2.5 желідегі барлық ақпарат сенімді және пайдалы емес екенін талқылау; 1.3.2.6 Интернет желісіне жеке ақпаратты беру кезіндегі қауіптерді анықтау.
2-бөлім – Менің алғашқы суретім (ортақ тақырыбы: "Дәстүр және фольклор")	Фигуралар	1.2.2.1 Стандартты фигураларды қолданып салу. 1.2.2.2 Түстер палитрасындағы негізгі түсті өзгертіп кескін салу. 1.2.2.3 Палитрада фон түсін тандап кескін салу. 1.2.2.4 Контурын өзгерту арқылы фигураны салу. 1.2.2.5Фигура түсін құйып бояу арқылы өзгертіп салу.
	Фигуралармен орындалатын іс-әрекет	1.2.2.6 Форма мен параметірді қолданып кескін бөлігін ерекшелеу. 1.2.2.7 Көшіру, қиып алу және қою құралдарын қолданып кескін салу. 1.2.2.8 Бұру немесе айналдыру құралдарын қолданып кескін салу. 1.2.2.9 Түспен толтыру құралын қолданып кескін салу.
4 тоқсан		
3-бөлім Біздің өміріміздегі алгоритм (ортақ тақырыптар: "Тағам және	Біздің өміріміздегі алгоритм	1.4.1.1 Алгоритм, әрекет және команда ұғымдарын түсіндіру. 1.4.1.2 Орындаушы және оның командалар жүйесін анықтап алгоритм құру.

ЖОБА

сусындар", "Дені саудың – жаны сау")		1.4.1.3Алгоритм түрлерін өмірмен байланыстырып мысалдар келтіру.
4 – бөлім. Бағдарламалау	Scratch пен танысу	1.4.2.1 Кейіпкер фигурасы үшін кітапханадан Спрайтты таңдау. 1.4.2.2 Кітапханадан Сахна фонын таңдау.
	Менің алғашқы бағдарламам	1.4.1.4 Scratch (скретч) программалау ойын ортасында дайын сценариді алгоритм бойынша іске асыру. 1.4.1.5 Scratch (скретч) программалау ойын ортасында есептің шарты бойынша сызықтық алгоритімді өңдеу. 1.4.2.3 Scratch (скретч) программалау ойын ортасында жобаны құру, сақтау және ашу.

2) 2 сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері (ортақ тақырыптар) *	Пән тақырыптары	Оқу мақсаттары
1 тоқсан		
1-бөлім - Компьютерлер мен бағдарламалар (ортақ тақырыбы: "Барлығы мен туралы")	Өз денсаулығымызды сақтаймыз	2.1.3.1. цифрлық құрылғылар және интернет желілерімен жұмыс істеу кезінде негізгі қауіпсіздік ережелеріне сүйену; 2.3.1.1.берілген тақырып бойынша ақпарат іздеу үшін браузерді қолдану; 2. 1. 1. 1 енгізу шығару құрылғыларын ажырата білу;
	Файлдар мен бумалар	2.1.2.1 Файл мен бума туралы түсінік беру; 2.1.2.2 файлдар мен бумаларды жасау, көшіру, жылжыту және жою; 2.1.2.3 өз жұмысындағы контекстік мәзірді пайдалану;
2-бөлім - Шығармашылық және компьютер	Программалар құруды жалғастырамыз	2.4.1.1 тармақталған алгоритмді жүзеге асыру;

ЖОБА

(ортақ тақырыбы: "Менің отбасым және достарым"	Алгоритмді орындау	2.4.1.2 ауызша белгіленген алгоритмді іске асыру;
	Жеке кейіпкер жасау	2.4.2.1. программалау алаңының кірістірілген графикалық редакторында кейіпкер жасау ; 2.2.2.1 суреттің фрагментін көшіріп көрсету; 2.2.2.2 суретті өңдеу (кесу, айналдыру, өлшемін өзгерту);
2 тоқсан		
3-бөлім – Сөзбе-сөз (ортақ тақырыптары: "Менің мектебім", "Менің туған жерім")	Пернетақтамен танысу	2.4.2.2 пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастыру
	Пернетақта симуляторы	2.2.1.1пернетақта симуляторында мәтін теру;
	Мәтінмен жұмыс істеу	2.4.2.3 кейіпкерлер арасында мәтіндік диалог ұйымдастыру;
	Мультфильм жасау	2.4.1.1 тармақтау алгоритмін іске асыру; 2.4.2.2 пернетақтадан спрайтты басқаруды ұйымдастыру; 2.4.2.3 персонаждар арасында мәтін диалогын ұйымдастыру
3 тоқсан		
4-бөлім Мультимедиа (ортақ тақырыбы: "Жаны саудың – дені сау")	Дыбысты жазу және ойнату	2.1.1.1 енгізу шығару құрылғыларын ажырату; 2.2.4.1 дыбысты жазу және ойнату үшін программаларды пайдалану;
	Дыбыс әсерлері	2.2.4.2 дыбыстық файлдарды өңдеу;
	Дыбысты өңдеу	2.2.4.2 дыбыстық файлдарды өңдеу;
5-бөлім - Робототехника: сенсорлар (ортақ тақырыбы: "Дәстүрлер және фольклор")	Робот қозғалысы	2.5.2.1ауызша нысанда көрсетілген алгоритм бойынша робот қозғалысын ұйымдастыру;
	Роботқа арналған программаны іске қосу	2.5.3.1 программаны бастау үшін түрту сенсорын қолдану;
	Роботқа арналған дыбыс	2.5.1.1 роботқа арналған аудиофайлды жүктеу;
		2. 5. 1. 2. роботқа арналған программаны әзірлеу кезінде дыбысты пайдалану;
4 тоқсан		
6-бөлім - Робототехника:	Жобаға идея	2.2.1.2 өз идеяларын мәтіндік редакторда жазу

ЖОБА

"Билейтін робот" жобасы (ортақ тақырыптар: "Қоршаған орта", "Саяхат")		2.3.2.1 қосымшалар арасындағы мәліметтермен ауысу;
	Жобаға арналған алгоритм	2.4.1.3 мәселені шешу үшін алгоритм құрастыру;
	"Билейтін робот" жасау	2.4.1.1 тармақталған алгоритмді жүзеге асыру; 2.4.1.2 ауызша алдын ала белгіленген алгоритмді іске асыру; 2.5.2.1 ауызша нысанда көрсетілген алгоритм бойынша робот қозғалысын ұйымдастыру; 2.5.3.1 программаны бастау үшін жанап өтетін датчикті қолдану 2.5.1.1 роботқа арналған аудиофайлды жүктеу; 2.5.1.2. роботқа арналған программаны әзірлеу кезінде дыбысты пайдалану;
	Жобаны қорғау	2.5.1.3 құрылған роботты аудиторияға ұсыну.

4) 3-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері (ортақ тақырыптар)	Пән тақырыптары	Оқу мақсаттары
1 тоқсан		
1-бөлім - Бағдарламалау (ортақ тақырыптары: "Жабайы табиғат", "Жақсы деген немене, жаман деген немене?")	Өміріміздегі қайталаулар	3.4.1.1 қайталауды қолданатын алгоритмдер құрастыру (цикл);
	Циклдар	3.4.1.2 циклдік алгоритмді іске асыру;
	Кейіпкердің қозғалысы	3.4.2.4. программалау ойын алаңында ойын құру барысында циклдік алгоритмді жүзеге асыру; 3.3.2.2 желідегі ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру;
	Желіде тілдесу	3.1.3.1 Интернет желісінде жұмыс істеуде жеке қауіпсіздігінің негізгі ережелерін ескеру.
2 тоқсан		
2-бөлім- Ойын құру (ортақ тақырыптары:	Ойынның сценарийі.	3.4.2.1 дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу; 3.2.1.1 таңбалы, нөмірленген тізімдер жасау;

ЖОБА

"Уақыт", "Сәулет")	Көріністер	3.4.2.2 программалау ойын алаңында бірнеше көріністермен жұмыс істеу;
	Кейіпкерлер	3.4.2.3 программалау ойын алаңында бірнеше кейіпкерлермен жұмыс істеу; 3.4.2.4 .программалау ойын алаңында ойын құру барысында циклдік алгоритмді жүзеге асыру;
	Костюм ауыстыру	3.4.2.4 . программалау ойын алаңында ойын құру барысында циклдік алгоритмді жүзеге асыру;
	Менің ойыным	3.4.1.1 қайталауды қолданатын алгоритмдер құрастыру (цикл); 3.4.2.3 программалау ойын алаңында бірнеше кейіпкерлермен жұмыс істеу; 3.4.2.2 программалау ойын алаңында бірнеше көріністермен жұмыс істеу; 3.4.2.4 . программалау ойын алаңында ойын құру барысында циклдік алгоритмді жүзеге асыру.
3 тоқсан		
3 бөлім-Робототехника. Жоба (ортақ тақырыптары: "Өнер", "Көрнекті тұлғалар")	Жобаға идея	3.1.1.1 таңба регистрін, пернетақтаның орналасуын, меңзерді басқаруды өзгерту үшін клавиштерді пайдалану; 3.2. 1. 2 мәтінді теру ережесін сақтау; 3. 2. 1. 3. мәтінді өңдеу.
	Құжатты рәсімдейміз	3. 2. 1. 4 шрифт пен абзацты пішімдеу.
	Мәтіндегі иллюстрациялар	3. 3. 1. 1 ақпарат іздеуді іске асыру (құжаттағы мәтін үзіндісі); 3. 2. 1. 5. суреттерді мәтінге енгізіп, реттеу
	Робот қолының қозғалысы	3. 5. 3. 1 орта қозғалтқыш жылдамдығының мөлшерін орнату және жылдамдығын реттеу;
	Цикл блогі	3. 5. 2. 1 робот қозғалысын ұйымдастыру үшін циклды пайдалану;
	"Робот-тазартқыш" жасау	3. 5. 3. 1 орта қозғалтқыш жылдамдығының мөлшерін орнату

ЖОБА

		және жылдамдығын реттеу; 3. 5. 2. 1 робот қозғалысын ұйымдастыру үшін циклды пайдалану;
4 тоқсан		
4-бөлім – Презентациялар (ортақ тақырыбы: "Су – өмірдің қайнар көзі")	Презентация жасау	3. 2. 3. 1 мәтін мен бейнені қамтитын қарапайым презентациялар жасау; 3. 1. 2. 1 қолданбалы программаларда "қызу" клавиштерді қолдану;
	Презентация дизайны	3. 2. 3. 3 презентацияны безендіру үшін дайын дизайнды пайдалану;
	Анимация және ауысу	3. 2. 3. 2 слайдтар арасында ауысуды қолдану;
5-бөлім - Мәтін, графика және презентация (ортақ тақырыбы: "Демалыс мәдениеті. Мерекелер").	Фотосуреттер	3. 2. 2. 1 фотосуреттерді өңдейтін (жарық, контраст, жиектеме) программалар қолдану;
	Жобамен таныстыру	3. 2. 3. 1 мәтін мен бейнені қамтитын қарапайым презентациялар жасау;
		3. 2. 3. 2 слайдтар арасында ауысуды қолдану;
		3. 2. 3. 3 презентацияны безендіру үшін дайын жобаны пайдалану; Жүктеу

4) 4 сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері (ортақ тақырыптар) *	Пән тақырыптары	Оқу мақсаттары
	1 тоқсан	
1-бөлім Программалау (ортақ тақырыптары: "Менің Отаным - Қазақстан", "Адами құндылықтар")	Айнымалылар	4. 4. 2. 1 айнымалыларды қолдану;
	Кейіпкердің костюмін өзгерту	4. 4. 1. 1 кірістірілген циклды жүзеге асыру;
	Өз ойынының сценарийі	4. 2. 1. 1 мәтінде қарапайым кестелер жасау;
	Логикалық операторлар	4. 4. 1. 2 логикалық операторларды пайдалану;
	Салыстыру операторлары	4. 4. 1. 3 салыстыру операторларын пайдалану;
	Өз ойыным	4.4.2.2 өз сценарийі бойынша ойын жасау;
	2 тоқсан	
	Түс датчигі	4.5.1.1 түс датчигін қолдану;

2-бөлім - Робототехника. Лабиринт және кегль-ринг (ортақ тақырыптары: ("Мәдени мұра", "Мамандықтар әлемі")	Бағдаршам-робот	4.5.1.1 түс датчигін қолдану;
	Ультрадыбыс датчигі	4.5.1.2 ультрадыбыс датчигін қолдану;
	Лабиринттан шығу	4.5.1.2 ультрадыбыс датчигін қолдану;
	Кегль-ринг	4.5.1.1 түс датчигін қолдану; 4.5.1.2 ультрадыбыс датчигін қолдану;
3 тоқсан		
3-бөлім - Бейне жасау (ортақ тақырыбы: "Табиғи құбылыстар")	Бейнежазба	4. 2. 4. 1 бейнеклиптерді жасау;
	Бейнені өңдеу	4. 2. 4. 1 бейнеклиптерді жасау;
4 бөлім - Презентациялар (ортақ тақырыбы: "Қоршаған ортаны қорғау")	Презентацияларға арналған ақпарат	4. 2. 3. 1 слайд үшін макет таңдау; 4. 3. 1. 1 ақпарат іздеу (компьютердегі файлдар мен бумалар, құжаттағы мәтін үзіндісі); 4. 3. 2. 1 браузер параметрлерін қолдану (бетбелгілер жасау, журналды және жүктеуді көру);
	Презентациядағы дыбыстар	4. 2. 4. 2 белгілі бір тақырыпта фотосуреттер, дыбыстар және бейнелерді пайдалану; 4. 2. 3. 3 презентацияға дыбыс пен бейнені кірістіру;
	Презентациядағы бейне	4. 3. 1. 1 ақпарат іздеу (компьютердегі файлдар мен бумалар, құжаттағы мәтін үзіндісін); 4. 2. 3. 2 презентациялардағы нысандар анимациясын келтіру; 4. 2. 4. 2 белгілі бір тақырыпта фотосуреттер, дыбыстар және бейнелерді пайдалану; 4. 2. 3. 3 презентацияға дыбыс пен бейнені кірістіру;
	Презентациядағы анимация	4. 2. 3. 2 презентациялардағы нысандардың анимациясын келтіру; 4. 2. 1. 2 құжатқа сурет енгізу;
4 тоқсан		
5-бөлім - Болашақтың компьютерлері (ортақ	Интернеткеі деректер жіберу	4. 3. 2. 2 файлдары қоса берілген хабарламаларды электрондық пошта арқылы қабылдау және жіберу;

ЖОБА

тақырыптары: "Болашаққа саяхат", "Ғарышқа саяхат")	Пароль сенімділігі	4. 3. 2. 1 браузер параметрлерін қолдану (бетбелгілер жасау, журналды және жүктеуді көру); 4. 3. 2. 2 файлдары қоса берілген хабарламаларды электрондық пошта арқылы қабылдау және жіберу; 4. 1. 3. 1 сенімді пароль критерийлерін айқындау;
	Болашақтағы компьютерлер	4. 1. 1. 1 компьютерлік және мобильді технологиялардың ескіруі ғылыми-техникалық прогреспен байланысты екенін түсіндіру;
	«Болашақтағы компьютер» шағын жоба	4. 3. 1. 1 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен бумалар); 4. 2. 4. 2белгілі бір тақырыпта фотосуреттер, дыбыстар және бейнелерді пайдалану.

22. Тоқсандық сағаттарды бөлімдер мен бөлімшелер бойынша бөлу мұғалімнің қалауы бойынша өзгертіледі.

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу ағарту министрлігінің
2022 жылғы « » .....
№ бұйрығына
28-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Жаратылыстану» оқу пәнінің оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Бастауыш мектептегі «Жаратылыстану» оқу пәнінің оқу бағдарламасының мақсаты – әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан бейнесі туралы білім негізін қалыптастыру және білім алушылардың зерттеу біліктері мен дағдыларын дамыту.

3. Оқу пәнінің бағдарламасы келесі міндеттерге жетуге бағытталған:

1) зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылары мен біліктерінің негізін қалыптастыру;

2) техника мен технологияның дамуына елеулі ықпал еткен жаратылыстанудың маңызды идеяларымен, жетістіктерімен танысу;

3) қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін және әртүрлі ақпарат көздерінен алынған жаратылыстану-ғылымдық тұрғысынан маңызды және өмірлік маңызы бар мазмұнды ақпаратты қабылдау үшін алынған білімді қолдана білу біліктерін меңгеру;

4) зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану-ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;

5) табиғат заңдарын тану және жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін өркениеттің дамуы мен өмір сапасын жақсарту үшін пайдалану мүмкіндігіне сенімділікті тәрбиелеу;

6) күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.

4. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты білім алушының сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

5. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты басты құндылықтарын білім алушы бойына сіңіруге негіз болып табылады. Бұл құндылықтар білім алушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты бағдары болады.

2-тарау. «Жаратылыстану» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Жаратылыстану» оқу пәнінің мазмұны

6. «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 35 сағат;

2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағат;

3) 3-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 72 сағат;

4) 4-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 72 сағат.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

7. «Жаратылыстану» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден құралады:

1) «Мен зерттеушімін»: қоршаған орта құбылыстарын бақылау; бақылау кезеңдері; эксперимент;

2) «Жанды табиғат»: жанды ағзалар; өсімдіктер және олардың алуантүрлілігі, ағаштар, бұталар, шөптесін өсімдіктер; өсімдіктің негізгі бөліктері: тамыр, сабақ, жапырақ, гүл, жеміс, тұқым; жабайы және мәдени өсімдіктер; мәдени өсімдіктерді күту (суару, қоректендіру, топыраққа күтім жасау); өсімдіктің тіршілігіне қажетті жағдайлар (су, жарық, жылу, қоректік заттар); жануарлар, жабайы және үй жануарлары, үй жануарларын күту, үй жануарларының келтіретін пайдасы, жануарлардың жыл мезгілдерінің ауысуына бейімделуі: жылы жаққа ұшу, қысқа азық жинау, ұйқыға кету; адам, адамның дене мүшелері, адамның өмірінің кезеңдері, тамақтану, демалу;

3) «Жер және ғарыш»: жердің пішіні, глобус – жер моделі, ғарыш, ғарыш денелері, астрономия туралы алғашқы түсініктер; зымырандар, телескоптар, уақыт, уақыт өлшеу құралдары, сағат, күнтізбелер;

4) «Табиғат физикасы»: түрлі денелердің қозғалысы, табиғаттағы қозғалыс, адамдардың қозғалысы, қозғалыс траекториясы, қозғалыс траекториясын сурет

түрінде белгілеу, жарық пен қараңғы, жарықтың табиғи және жасанды көздері, жарықтандыру, дыбыс және оның таралу ерекшеліктері, дыбыстың табиғи және жасанды көздері, жылу шығаратын құрылғылар, күнделікті өмірдегі электр, магниттің қасиеттері, магниттік қасиеті бар заттар.

8. «Жаратылыстану» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден құралады:

1) «Мен зерттеушімін»: қоршаған орта, құбылыстар, процестер, нысандар, зерттеушінің жеке тұлғалық қасиеттері, бақылау – ғылыми таным әдісі, бақылаудың белгілері: мақсаты, нысаны, жоспары, мерзімі, нәтижесі; бақылау нәтижесін шартты белгілер арқылы тіркеу, бақылау жүргізу жоспары, қорытынды жасау, эксперименттің белгілері: мақсаты, болжам, ресурстары, жоспары, мерзімі, нәтижесі; эксперимент жүргізу және нәтижесін кестеге тіркеу, ақпарат көздері;

2) «Жанды табиғат»: өсімдіктің өсуіне қажетті жағдайлар, өсімдіктерде болатын маусымдық өзгерістер, өсімдіктердің негізгі бөліктерінің қызметтері, өсімдік топтарының тіршілік ортасы және оған бейімделу тәсілдері, өсімдік топтары (өз өлкесіндегі өсімдіктер негізінде), топыраққа күтім жасау, өсімдіктерге қамқорлық жасау; жануарлардың топтары: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар мен сүтқоректілер, жануарлардың тіршілік ортасына бейімделуі, жануарлардың көбеюі, жұмыртқа салатын және төлдейтін жануарлар, жануарларды қорғау, адам, қаңқа мен бұлшықет қызметі, бұлшықеттің жиырылуының қозғалудағы рөлі, дұрыс дене сымбаты, тіс және оның күтімі, жеке гигиена, оның денсаулық сақтаудағы рөлі;

3) «Заттар және олардың қасиеттері»: ауа, ауаның адам, өсімдіктер мен жануарлар үшін маңызы, ауаның қасиеттері (түсі, иісі), ауаның агрегаттық күйі, жылуөткізгіштік, ауаның бос кеңістікті толтыратын қасиеті, су және оның физикалық қасиеттері, судың агрегаттық күйлері: қатты, сұйық, газ тәрізді: судың табиғи көздері, табиғат ресурстары және олардың қолданысы, табиғат ресурстарын шығу тегі бойынша жіктеу;

4) «Жер және ғарыш»: жер ғаламшары үшін Күннің рөлі, Ай – Жердің табиғи серігі, Күн жүйесінің ғаламшарлары, олардың орналасу реті және сипаттамалары, жер тобындағы ғаламшарлар, алып ғаламшарлар, уақытты өлшеу бірліктері: жыл, ай, апта, тәулік, сағат, минут; ғарыштағы қашықтық пен уақыт ерекшеліктері;

5) «Табиғат физикасы»: денелердің түрлі жылдамдықпен қозғалуы, жылдамдықтың сипаттамасы: жылдам, баяу, қозғалыс тудыратын күштер: тарту және итеру, заттың массасы, заттардың массаларын анықтау, материалдардың жарықты өткізуі (мөлдір, мөлдір емес, жартылай мөлдір материалдар), қатты және бәсең дыбыс көздері, температура, температураны өлшеу, термометрлер, температураны өлшеу бірлігі – градус, магнит қолданылатын салалар.

9. «Жаратылыстану» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден құралады:

1) «Мен зерттеушімін»: ғылыми жаңалықтар және олардың күнделікті өмірге әсері, ақпарат көздерінің түрлері, ақпарат көздерінің артықшылығы мен кемшілігі, экспериментті жоспарлау және жүргізу, эксперимент нәтижесін диаграмма түрінде белгілеу, қорытынды жасау;

2) «Жанды табиғат»: фотосинтез процесі туралы алғашқы түсінік, өсімдіктердің бейімделуі, жылусүйгіш, суыққа төзімді, көлеңкесүйгіш,

жарықсүйгіш, шөлге төзімді, ылғалсүйгіш өсімдіктер; табиғат бірлестіктері – жанды және жансыз табиғаттың қауымдастығы, өз өлкесінің табиғат бірлестіктері, адам тіршілік әрекеттерінің өсімдіктердің алуантүрлілігіне әсері, өсімдіктердің табиғаттағы және адам өміріндегі рөлі, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктер (өз өлкесінің өсімдіктері негізінде), сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктерді сақтаудағы Қызыл кітаптың маңызы, жануарлар, омыртқалы және омыртқасыз жануарлар, жануарлардың өзара қарым-қатынас жасау түрлері, жануарлар мен өсімдіктер арасындағы өзара байланыс, тіршілік ортасындағы жағдайлардың өзгеруіне байланысты жануарлардың санының өзгеруі, адамның жануарлардың санының азаюына әкелетін іс-әрекеттері, адамның ішкі ағзалары, асқорыту жүйесі, оның адам тіршілігіндегі рөлі, тыныс алу жүйесі және оның ағзалары, тыныс алудың адам ағзасындағы рөлі, қанайналым жүйесі, оның адам ағзасындағы ролі, жүрек. тамыр соғуы, адамның ағзасын ауру мен инфекциялардан қорғау;

3) «Заттар және олардың қасиеттері»: заттар мен денелер, заттарды шығу тегі бойынша жіктеу, табиғи және жасанды денелер, заттарды агрегаттық күйі бойынша жіктеу (қатты, сұйық, газ тәрізді); ауа және оның құрамы (көмірқышқыл газ, оттек, азот, тағы басқалар), ауаның жануды қолдайтын қасиеті, жанды ағзалар мен жансыз табиғаттағы су, негізгі табиғи су көздері, мұхиттар, теңіздер, өзендер, көлдер; ащы және тұщы су, ауызсуды үнемді қолдану, суды тазалау тәсілдері, фильтр арқылы тазалау, судың тіршілік үшін маңызы; топырақ, топырақтың құрамы (құм, саз, жануарлар мен өсімдіктердің қалдықтары, су, ауа), топырақ түрлері, топырақтың қасиеті, құнарлылық, топырақтың кейбір ағзалардың тіршілігіндегі ролі, топырақты қорғау;

4) «Жер және ғарыш»: жер сфералары туралы алғашқы түсінік (литосфера, гидросфера, атмосфера, биосфера), жер сфераларын графикалық кескіндеу, ғарышты игерудегі айтулы оқиғалар, жердің алғашқы жасанды серігін ұшыру, адамның ғарышқа алғашқы ұшуы, айға адамның қонуы, адамзаттың дамуы үшін ғарыштың маңызы, ғарыш игерудегі Қазақстанның үлесі, Байқоңыр ғарыш айлағы, жердің өз осінен айналуы, Күн мен түннің ауысуы;

5) «Табиғат физикасы»: серпімділік күші, серпімді және пластикалық денелер, ауырлық күші, табиғаттағы ауырлық күші, үйкеліс күші, табиғаттағы үйкеліс күші, күштің әсер ету бағыты, көлеңке, оның пайда болу себептері, көлеңкенің ерекшеліктері, заттардың жарықты шағылдыру қасиеті, дыбыс. дыбыстың көздері мен дыбыс қабылдағыштар, дыбыс қаттылығының дыбыс көзі мен қабылдағыш арасындағы қашықтыққа тәуелділігі, электр энергиясы, электр энергиясының көздері, электр тізбегінің элементтері, қарапайым электр тізбегін құру сызбасы, әртүрлі металдардың магниттелуі.

10. «Жаратылыстану» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны келесі бөлімдерден құралады:

1) «Мен зерттеушімін»: зерттеудің өз пайымдауы негізінде анықталған өзекті бағыты, зерттеу әдісін таңдау, бақылау мен эксперименттің артықшылығы мен кемшілігі, нәтижені білім алушы таңдауы бойынша көрсету;

2) «Жанды табиғат»: қоректік тізбек, өсімдік – қоректік тізбектің маңызды буыны, өсімдіктің тіршілік циклі, тозаңдану негізінде тұқым түзілу, тұқым таралу жолдары (өздігінен, жел, су, жануарлар, адамдар арқылы таралу), жоғары және

төменгі сатыдағы өсімдіктер, өсімдіктерді қорғау жолдары, өз өлкесінің жануарлары, бунақденелердің тіршілік циклі (жұмыртқа, дернәсіл, қуыршақ, ересек бунақденелі), жануарлардың қоректену ерекшеліктері, өсімдікқоректі және жыртқыш жануарлар, симбиоздық байланыстар, қоректік тізбек құрылымы, тіршілік ортасына байланысты қоректік тізбек модельдері, жойылу шегінде тұрған жануарлар, Қазақстанның Қызыл кітабы, Ұлттық саябақтар мен қорықтарды құру мақсаты, Қазақстанның ұлттық саябақтары мен қорықтары; адам, зәр шығару жүйесі мен оның рөлі, жүйке жүйесі, оның адам ағзасындағы рөлі;

3) «Заттар және олардың қасиеттері»: заттардың қасиеттері, заттарды қасиеттеріне байланысты қолдану, құрастырылған эксперимент жоспарына сәйкес жаңа зат алу, адам тіршілігінің түрлі салаларында ауаны қолдану, ауаның ластануы, ауаның ластануының табиғи және жасанды көздері, ауа тазалығын сақтау, ауаны тазарту жолдары, ауаның орын ауыстыруы, желдің пайдасы мен зияны, табиғаттағы су айналымы, атмосферада жауын-шашынның түзілуі, судың ластану көздері (тұрмыстық, өндірістік, ауылшаруашылық), судың ластануының түрлі ағзаларға әсерін түсіндіру, түрлі заттардың судағы ерігіштігі, пайдалы қазбалар (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ), пайдалы қазбаларды қолдану, Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындары, пайдалы қазбаларды қорғау және үнемді қолдану;

4) «Жер мен ғарыш»: жер бетінің ірі элементтері, ғарыш денелері (астероидтар, кометалар, метеориттер, жұлдыздар, галактикалар), жердегі тіршілікке ғарыштың әсері, жердің орбита бойынша қозғалысы, жыл мезгілдерінің ауысуы, жыл мезгілдерінің сипаттамасы;

5) «Табиғат физикасы»: Архимед күші, Архимед күшін болжау, Архимед күшінің судағы заттарға әсері, көлеңкенің кедергі өлшеміне және жарық көзінен кедергіге дейінгі қашықтыққа тәуелділігі, жарықтың қасиеттері, шағылу, жұтылу, белгілі бір кедергілердің дыбыстың қаттылығы мен таралуына әсері, түрлі материалдардың жылуөткізгіштігі, түрлі материалдардың электрөткізгіштігі.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

11. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 1.2.1.1 кодында: «1» – сынып, «2.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

12. Оқу мақсаттарының жүйесі:

Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1) «Мен зерттеушімін»				
1.1 Ғылым мен зерттеушілер дің рөлі	1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, процестері мен нысандарын	2.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, үрдерістері мен нысандарын	3.1.1.1 маңызды ғылыми жаңалықтар мен олардың	4.1.1.1 зерттеудің өзекті бағытын өз пайымдауы негізінде анықтау

	зерттеудің қажеттілігін түсіндіру	зерделеуге қажетті жағдайларды және зерттеушінің тұлғалық қасиеттерін анықтау	адамның күнделікті өміріне әсері туралы әңгімелеу	
1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже); 2.1.2.3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу; 2.1.2.4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2.1.2.6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзім, нәтиже);	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылығы мен кемшілігін анықтау; 3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу; 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижесін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытынды жасау	4.1.2.1 зерттеу әдісін (бақылау мен эксперимент) таңдау себебін оның артықшылығы мен кемшілігіне байланысты негіздеу; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну

ЖОБА

		2.1.2.7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру		
2) «Жанды табиғат»				
2.1 Өсімдіктер	1.2.1.1 өсімдіктердің негізгі сипаттамаларын және олардың тіршілік формаларын анықтау; 1.2.1.2 өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажырату; 1.2.1.3 жабайы өсімдіктер мен мәдени өсімдіктерді ажырату; 1.2.1.4 өсімдіктердің тіршілігіне қажетті жағдайларды зерттеу; 1.2.1.5 мәдени өсімдіктерге күтім жасау жолдарын сипаттау	2.2.1.1 өсімдіктердің әр түрлі жағдайларда өсу мүмкіндіктерін зерттеу; 2.2.1.2 өсімдіктердің маусымдық өзгерістерін сипаттау; 2.2.1.3 өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттау; 2.2.1.4 өсімдік топтарын тіршілік ортасына және қоршаған ортаның жағдайларына (ылғал) бейімделу жолдары бойынша салыстыру; 2.2.1.5 өз өлкесінің өсімдік топтарын сипаттау; 2.2.1.6 топырақты күтудің	3.2.1.1 өсімдіктердің фотосинтез процесінде оттек бөлуін түсіндіру; 3.2.1.2 өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына (жылу, жарық, ылғал) бейімделу жолдарын түсіндіру; 3.2.1.3 өз өлкесіндегі табиғат бірлестіктерін сипаттау; 3.2.1.4 адамның іс-әрекеттерінің өсімдіктердің саналуандығын а әсерін түсіндіру; 3.2.1.5 сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктерді сақтаудағы Қызыл кітаптың рөлін анықтау	4.2.1.1 қоректік тізбектегі өсімдіктердің рөлін анықтау; 4.2.1.2 өсімдіктің тіршілік циклін сипаттау; 4.2.1.3 тозаңдану нәтижесінде тұқымның түзілуін сипаттау; 4.2.1.4 тұқым таралу жолдарын сипаттау; 4.2.1.5 төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктерді ажырату; 4.2.1.6 өсімдіктерді қорғау жолдарын ұсыну

ЖОБА

		маңызын түсіндіру; 2.2.1.7 өсімдіктерге қамқорлық жасаудың маңыздылығын түсіндіру		
2.2 Жануарлар	1.2.2.1 жануарлар мен өсімдіктерді салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 1.2.2.2 жабайы және үй жануарларын ажырату; 1.2.2.3 жыл мезгілдерінің ауысуына жануарлардың бейімделуін түсіндіру	2.2.2.1 жануарлар класының өкілдерін ажырату: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер; 2.2.2.2 жануарлардың тіршілік ортасына бейімделу жолдарын сипаттау; 2.2.2.3 жануарлардың көбею жолдарын түсіндіру; 2.2.2.4 жануарлардың саналуандығын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру	3.2.2.1 жануарларды омыртқалыларға және омыртқасыздарға жіктеу; 3.2.2.2 жануарларды тіршілік ортасы бойынша ажырату; 3.2.2.3 табиғаттағы жануарлардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау; 3.2.2.4 өсімдіктер мен жануарлар арасындағы өзара байланысты зерттеу; 3.2.2.5 тіршілік ортасындағы жағдайдың өзгеруіне байланысты жануарлар санының өзгеруін түсіндіру; 3.2.2.6 адамның жануарлар санының	4.2.2.1 өз өлкесіндегі жануарларды жіктеу; 4.2.2.2 бунақденелілердің тіршілік циклін сипаттау; 4.2.2.3 өсімдікқоректі және жыртқыш жануарларды ажырату; 4.2.2.4 симбиоздық қарым-қатынасқа мысал келтіру; 4.2.2.5 қоректік тізбектің құрылымын түсіндіру; 4.2.2.6 белгілі бір тіршілік ортасындағы қоректік тізбек моделін құрастыру; 4.2.2.7 жойылу шегінде тұрған жануарларға мысал келтіру; 4.2.2.8 ұлттық саябақтар мен қорықтарды құру мақсатын түсіндіру

ЖОБА

			азаюына әсер ететін іс-әрекет түрлерін анықтау	
2.3 Адам	1.2.3.1 адамның негізгі дене мүшелерін және олардың қызметтерін атау; 1.2.3.2 адам өмірінің кезеңдерін сипаттау; 1.2.3.3 адамның өсу және даму қажеттіліктерін анықтау	2.2.3.1 адамның тірек-қимыл жүйесінің қызметін анықтау; 2.2.3.2 дұрыс дене сымбатын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; 2.2.3.3 бұлшықеттің қозғалыс кезіндегі жиырылуының рөлін түсіндіру; 2.2.3.4 денсаулық сақтаудағы жеке гигиенаның рөлін анықтау; 2.2.3.5 тіс күтімінің денсаулық сақтаудағы маңызын анықтау	3.2.3.1 адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтау; 3.2.3.2 асқорыту жүйесінің тіршілікке қажетті энергияны алудағы рөлін сипаттау; 3.2.3.3 тыныс алу жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 3.2.3.4 қанайналым жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 3.2.3.5 адам ағзасының ауру мен инфекциядан қорғану жолдарын түсіндіру	4.2.3.1 зәр шығару жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 4.2.3.2 жүйке жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау
3) «Заттар және олардың қасиеттері»				
3.1 Заттардың типтері			3.3.1.1 заттарды шығу тегі және агрегаттық күйі бойынша жіктеу	4.3.1.1 заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтау; 4.3.1.2 құрастырылған эксперимент жоспарына

ЖОБА

				сәйкес жаңа зат алу
3.2 Ауа		2.3.2.1 біздің ғаламшарымыз үшін ауаның маңызын түсіндіру; 2.3.2.2 ауаның кейбір қасиеттерін сипаттау (агрегаттық күйі, түсі, иісі); 2.3.2.3 ауаның кеңістікті толтыру қасиетін және жылуөткізгіштігін зерттеу	3.3.2.1 ауаның құрамын сипаттау; 3.3.2.2 ауаның жануды қолдайтын қасиетін сипаттау	4.3.2.1 адам тіршілігінің түрлі салаларында ауаны қолдану жолдарын анықтау; 4.3.2.2 ауаның ластану көздерін анықтау; 4.3.2.3 ауа тазалығын сақтау жолдары мен оны тазарту шараларын ұсыну; 4.3.2.4 ауаның табиғаттағы орын ауыстыру процесін түсіндіру; 4.3.2.5 желдің пайдасы мен зияны туралы мысал келтіру
3.3 Су		2.3.3.1 судың физикалық қасиеттерін анықтау (дәмсіз, иіссіз, белгілі бір формасының болмауы, аққыштығы); 2.3.3.2 судың агрегаттық күйінің өзгеру процесін зерттеу; 2.3.3.3 судың табиғи көздерін анықтау	3.3.3.1 судың жанды ағзаларда және жансыз табиғатта кездесетінін түсіндіру; 3.3.3.2 судың негізгі табиғи көздерін салыстыру; 3.3.3.3 ауыз суды үнемді қолдану қажеттілігін түсіндіру; 3.3.3.4 суды тазартудың	4.3.3.1 табиғаттағы су айналымын сипаттау; 4.3.3.2 атмосферада жауын-шашын түзілу процесін сипаттау; 4.3.3.3 судың ластану көздерін анықтау; 4.3.3.4 судың ластануының түрлі ағзаларға әсерін түсіндіру; 4.3.3.5 түрлі заттардың

ЖОБА

			түрлі тәсілдерін ұсыну; 3.3.3.5 суды тазартуға арналған фильтрдің өз моделін ұсыну; 3.3.3.6 судың тіршілік үшін маңыздылығын түсіндіру	судағы ерігіштігін зерттеу
3.4 Табиғат ресурстары		2.3.4.1 табиғат ресурстарының қолданысын анықтау; 2.3.4.2 табиғат ресурстарын шығу тегі бойынша жіктеу	3.3.4.1 кейбір ағзалардың тіршілігіндегі топырақтың рөлін түсіндіру; 3.3.4.2 топырақтың негізгі құрамын зерттеу (құм, саз, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары, су, ауа); 3.3.4.3 топырақтың негізгі қасиетін анықтау; 3.3.4.4 топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттеу	4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласын анықтау; 4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын картадан көрсету; 4.3.4.3 пайдалы қазбаларды сақтау және үнемді қолданудың жолдарын ұсыну
4) «Жер және ғарыш»				
4.1 Жер	1.4.1.1 Жердің пішінін моделі негізінде анықтау	2.4.1.1 Жер мен Күн арасындағы байланысты түсіндіру; 2.4.1.2 Жердің табиғи серігін анықтау	3.4.1.1 Жер сфераларын түсіндіру және графиктік кескіндеу	4.4.1.1 жер бетінің ірі элементтерін атау және сипаттау

ЖОБА

4.2 Ғарыш	1.4.2.1 астрономияны ғарыш туралы ғылым ретінде сипаттау; 1.4.2.2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау	2.4.2.1 Күн жүйесі ғаламшарларын ың орналасу тәртібін анықтау; 2.4.2.2 Күн жүйесі ғаламшарларын салыстыру	3.4.2.1 ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелеу; 3.4.2.2 адамзат дамуындағы ғарыштың маңызын түсіндіру	4.4.2.1 жекелеген ғарыш денелерін сипаттау; 4.4.2.2 Жердегі тіршілікке ғарыштың әсерін анықтау
4.3 Кеңістік және уақыт	1.4.3.1 уақыттың маңыздылығын түсіндіру; 1.4.3.2 уақытты өлшеу құралдарын анықтау	2.4.3.1 негізгі уақыт өлшем бірліктерін ажырату; 2.4.3.2 ғарыштағы қашықтық пен уақыттың ерекшеліктерін түсіндіру	3.4.3.1 Жердің өз осінен айналуының салдарын түсіндіру	4.4.3.1 Жердің орбиталық айналуының салдарын түсіндіру; 4.4.3.2 жыл мезгілдерін сипаттау
5) «Табиғат физикасы»				
5.1 Күш және қозғалыс	1.5.1.1 түрлі денелердің қозғалуына мысал келтіру; 1.5.1.2 қозғалыстың адам өміріндегі және табиғаттағы маңыздылығын анықтау; 1.5.1.3 қозғалыстың түрлі траекториясын зерттеу, оларды сурет түрінде көрсету	2.5.1.1 түрлі денелердің әртүрлі жылдамдықпен қозғалуына мысал келтіру; 2.5.1.2 жылдамдықты түсіндіруде оның сапалық сипаттамаларын қолдану (жылдам, баяу); 2.5.1.3 қозғалыс тудыратын күштерді зерттеу; 2.5.1.4 массаны анықтауға арналған құралдарды	3.5.1.1 серпімділік күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру; 3.5.1.2 ауырлық күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру; 3.5.1.3 үйкеліс күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру; 3.5.1.4 күштің әсер ету бағытын анықтау	4.5.1.1 Архимед күшін сипаттау және оның білінуіне мысал келтіру; 4.5.1.2 судағы әр түрлі денелерге әсер ететін Архимед күшін бақылау және болжау

ҚОДА

		таңдау және пайдалану		
5.2 Жарық	1.5.2.1 жарық пен қараңғыны салыстыру; 1.5.2.2 жарықтың табиғи және жасанды көздерін ажырату; 1.5.2.3 жасанды жарықтың қажеттілігін және оның көздерін анықтау	2.5.2.1 кейбір денелердің жарықөткізгіштік қасиетін зерттеу	3.5.2.1 көлеңкенің пайда болу себептері мен ерекшеліктерін түсіндіру; 3.5.2.2 денелердің жарықты шағылдыру қасиетін түсіндіру	4.5.2.1 көлеңкенің кедергі өлшеміне және жарық көзінен кедергіге дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу және түсіндіру; 4.5.2.2 жарықтың шағылуы, жұтылуы сияқты қасиеттерін зерттеу және түсіндіру
5.3 Дыбыс	1.5.3.1 дыбыстың таралу ерекшеліктерін түсіндіру; 1.5.3.2 дыбыстың табиғи және жасанды көздерін ажырату	2.5.3.1 дыбыс қаттылығы бойынша дыбыс көздерін жіктеу	3.5.3.1 дыбыс қаттылығының дыбыс көзі мен қабылдағыш арасындағы қашықтыққа тәуелділігін түсіндіру	4.5.3.1 белгілі бір кедергілердің дыбыстың қаттылығы мен таралуына әсерін зерттеу және түсіндіру
5.4 Жылу	1.5.4.1 жылыту құрылғыларын анықтау	2.5.4.1 түрлі денелердің температурасын өлшеу		4.5.4.1 түрлі материалдардың жылуөткізгіштігін зерттеу
5.5 Электрлік	1.5.5.1 адамның күнделікті өміріндегі электр энергиясының маңызын түсіндіру		3.5.5.1 электр энергиясы көздерін анықтау; 3.5.5.2 қарапайым электр тізбегінің сызбасын жинау; 3.5.5.3 қарапайым электр тізбегін элементтерін көрсете	4.5.5.1 түрлі материалдардың электрөткізгіштігін зерттеу

ЖОБА

			отырып, сызба түрінде ұсыну	
5.6 Магниттілік	1.5.6.1 магниттік қасиеті бар денелерді анықтау; 1.5.6.2 магниттің қасиетін зерттеу	2.5.6.1 магниттерді қолдану аясын сипаттау	3.5.6.1 магнит көмегімен әртүрлі металдардың магниттелу қасиетін зерттеу	

13. Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

14. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 1-сынып:

Ортақ тақырыптар	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бағдарлама бөлімшелері	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Өзім туралы	1 Мен зерттеушімін	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, процестері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру
		1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
	2 Жанды табиғат	2.1 Өсімдіктер	1.2.1.1 өсімдіктердің негізгі сипаттамаларын және олардың тіршілік формаларын анықтау; 1.2.1.2 өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажырату; 1.2.1.3 жабайы өсімдіктер мен мәдени өсімдіктерді ажырату;

			1.2.1.4 өсімдіктердің тіршілігіне қажетті жағдайларды зерттеу; 1.2.1.5 мәдени өсімдіктерге күтім жасау жолдарын сипаттау
2. Менің мектебім		2.2 Жануарлар	1.2.2.1 жануарлар мен өсімдіктерді салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 1.2.2.2 жабайы және үй жануарларын ажырату; 1.2.2.3 жыл мезгілдерінің ауысуына жануарлардың бейімделуін түсіндіру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
2-тоқсан			
3. Менің отбасым және достарым	2 Жанды табиғат	2.3 Адам	1.2.3.1 адам денесінің негізгі мүшелерін және олардың қызметтерін атау; 1.2.3.2 адам өмірінің кезеңдерін сипаттау; 1.2.3.3 адамның өсу және даму қажеттіліктерін анықтау
4. Бізді қоршаған әлем	5 Табиғат физикасы	5.1 Күш және қозғалыс	1.5.1.1 түрлі денелердің қозғалуына мысал келтіру; 1.5.1.2 қозғалыстың адам өміріндегі және табиғаттағы маңыздылығын анықтау; 1.5.1.3 қозғалыстың түрлі траекториясын зерттеу, оларды сурет түрінде көрсету
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
3-тоқсан			
5. Саяхат	4 Жер және ғарыш	4.2 Ғарыш	1.4.2.1 астрономияны ғарыш туралы ғылым ретінде сипаттау; 1.4.2.2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау
		4.1 Жер	1.4.1.1 Жердің пішінін моделі негізінде анықтау

ЖОБА

		4.3 Кеңістік және уақыт	1.4.3.1 уақыттың маңыздылығын түсіндіру; 1.4.3.2 уақытты өлшеу құралдарын анықтау
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	5 Табиғат физикасы	5.4 Жылу	1.5.4.1 жылыту құрылғыларын анықтау
		5.5 Электрлік	1.5.5.1 адамның күнделікті өміріндегі электр энергиясының маңызын түсіндіру
		5.6 Магниттілік	1.5.6.1 магниттік қасиеті бар денелерді анықтау; 1.5.6.2 магниттің қасиетін зерттеу
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
4-тоқсан			
7. Тағам мен сусын	5 Табиғат физикасы	5.2 Жарық	1.5.2.1 жарық пен қараңғыны салыстыру; 1.5.2.2 жарықтың табиғи және жасанды көздерін ажырату; 1.5.2.3 жасанды жарықтың қажеттілігін және оның көздерін анықтау
8. Дені саудың жаны сау		5.3 Дыбыс	1.5.3.1 дыбыстың таралу ерекшеліктерін түсіндіру; 1.5.3.2 дыбыстың табиғи және жасанды көздерін ажырату
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру

2) 2-сынып:

Ортақ тақырыптар	**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі**	**Бағдарлама бөлімшелері**	**Оқу мақсаттары**
1-тоқсан			

ЖОБА

1. Өзім туралы	1 Мен зерттеушімін	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	2.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, процестері мен нысандарын зерделеуге қажетті жағдайларды және зерттеушінің тұлғалық қасиеттерін анықтау
		1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзім, нәтиже); 2.1.2.3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу; 2.1.2.4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытынды жасау; 2.1.2.6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзім, нәтиже); 2.1.2.7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кестеге түсіру
	2 Жанды табиғат	2.1 Өсімдіктер	2.2.1.1 өсімдіктердің әртүрлі жағдайларда өсу мүмкіндіктерін зерттеу; 2.2.1.2 өсімдіктердің маусымдық өзгерістерін сипаттау; 2.2.1.3 өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттау; 2.2.1.4 өсімдік топтарын тіршілік ортасына және қоршаған ортаның жағдайларына (ылғал) бейімделу жолдары бойынша салыстыру; 2.2.1.5 өз өлкесінің өсімдік топтарын сипаттау; 2.2.1.6 топырақты күтудің маңызын түсіндіру; 2.2.1.7 өсімдіктерге қамқорлық жасаудың маңыздылығын түсіндіру
2. Менің отбасым және достарым		2.2 Жануарлар	2.2.2.1 жануарлар класының өкілдерін ажырату: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер;

ЖОБА

			2.2.2.2 жануарлардың тіршілік ортасына бейімделу жолдарын сипаттау; 2.2.2.3 жануарлардың көбею жолдарын түсіндіру; 2.2.2.4 жануарлардың саналуандығын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру
		4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жеке тұлғаның демократиялық құқықтары, бостандықтары, міндеттерінен мысалдар келтіру
	1.4 Денсаулық және қауіпсіздік	4.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде жасанды ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау
		4.1.4.4 жасанды ортадағы өзінің қауіпсіздігін жоспарлау
8 Болашаққа саяхат	1.3 Менің атамекенім	4.1.3.2 түрлі дереккөздерге негізделе отырып, өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру
	2.4 Туризм	4.2.4.1 ақпараттың қолжетімді көздерін (интернет, кітаптар, Бұқаралық ақпарат

		құралдарын пайдалана отырып, Қазақстан мен Астана бойынша туристік маршрут құру
	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	4.3.1.1 түрлі дереккөздер негізінде тарихи кезеңдердегі технологиялық прогресті анықтау
	3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм	4.3.5.1 зерттеулер негізінде «Қазақстан» атауымен байланысты мағыналық ассоциациялар қатарын (ұлттық бренд) ұсыну
	1.6 Мерекелер	4.1.6.1 зерттеулер негізінде кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде таныстыру
	1.5 Құқық және міндет	4.1.5.1 Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы туралы қорытындылар жасау
		4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жеке тұлғаның демократиялық құқықтары, бостандықтары, міндеттерінен мысалдар келтіру

Ескерту:

әр тоқсандағы 2 ортақ тақырып есебінен тоқсан сайын оқу мақсатын ортақ тақырыптармен біріктіріледі.

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу ағарту министрлігінің
2022 жылғы « » .....
№ бұйрығына
30-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған
«Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1.«Бейнелеу өнері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2.«Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың мақсаты - көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбие беру. Оқушыларға Қазақстан мен бүкіл әлемнің рухани және материалдық мәдениетінің ажырамас бір бөлігі ретінде бейнелеу өнерінің жеке әлеміне тарту, олардың тұлғасын қалыптастыру мен дамытудың тиімді құралы болып табылады.

3.«Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың міндеттері:

- адамгершілік тәжірибені байыту; адамгершілік-имандылық сезімдерін тәрбиелеу, Қазақстан халқының өнері мен мәдениеті және басқа да халықтардың өнері мен көркемдік мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу;
- бейнелеу өнеріне деген қызығушылық пен әсемдік сезіміне тәрбиелеу;
- шығармашылық жұмыстарда қоршаған әлемге деген өзіндік оң қатынасына, оң көзқарасын білдіруге тәрбиелеу;
- сурет, кескіндеме, композиция, мүсін бойынша бейнелеу өнері сауаттылығының заңдылықтары мен негіздерімен таныстыру;
- бейнелеу өнерінің түрлерімен (графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін, дизайн, сәулет) және жанрларымен (пейзаж, портрет, натюрморт, жануарлық жанр және т. б.) таныстыру;
- қоршаған заттардың пішінін, көлемін және құрылымын көру және түсіну қабілетін қалыптастыру;
- кеңістіктікте ойлай білу қабілеттерін қалыптастыру;
- графикалық дағдыларды және түстану дағдыларын дамыту;
- мотористикалық, логикалық ойлауды, ойлаудың дербестігін және көркемдік идеяларды іске асыруды дамыту;
- әр түрлі көркемдік материалдармен жұмыс жасаудың дағдыларын игерту

және әр түрлі бейнелеу өнері техникаларын игерту;

- шынайы өмірде көркем мәдениеттің көрінісін көре, ажырата, таңдай, зерделей, талдай білу қабілетін дамыту (мұражайлар, сәулет, дизайн, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер және т. б.)

- балаларда сезімдік-эмоционалдық жағдаяттарын, зейіннің, жады мен қиялының дамуы;

- тәуелсіздік, мақсаттылық, дәлдік, еңбекқорлық сияқты жеке қасиеттерді қалыптастыру;

3. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

1-сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасы мынадай қағидаттарды сақтайды:

Құндылыққа бағытталған тәсіл. Құндылықтардың идеялық негізі - Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білімді игеру мен алу болып табылады.

Іс-әрекет тәсілі. Қоғам дамуының осы кезеңіндегі жалпы білім беретін мектептің маңызды міндеттерінің бірі-студенттерді білім қорымен «қамтамасыз ету» емес, сонымен қатар оларға өз бетінше ақпарат алуға және шығармашылық, ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуға мүмкіндік беретін дағдыларды қалыптастыру. Осыған байланысты оқу үрдісінде оқушылардың оқу, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға ықпал ететін педагогикалық технологияларды енгізу өзекті болып табылады. Әрекет әдісі тек іс-әрекетті оқытуды ғана көздемейді, сонымен қатар ол білімді терең және берік игеруді қамтамасыз етуі шарт.

Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл. Жеке тұлғаға бағытталған білім беру балалардың жеке, жас ерекшеліктерін (жас, физикалық, психологиялық, интеллектуалдық) ескере отырып, олардың тәрбиесіне, біліміне және дамуына, сондай-ақ кез-келген балаға ерекше тұлға ретінде қарауды көздейді.

Сараланған тәсіл. Білім алушылардың жас және жеке дара ерекшеліктерін есепке алумен сипатталатын оқыту, әрбір оқушыны оның мүмкіндіктері мен қабілеттері деңгейінде оқыту; оқытуды оқушылардың әртүрлі топтарының ерекшеліктеріне бейімдеу (бейімдеу).

Саралап оқыту барысында білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес дамуын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін түрлі әдістер, тәсілдер, оқыту нысандары және арнайы дидактикалық материалдар қолданылады.

Коммуникативтік тәсіл. Коммуникативті тәсілдің нәтижесі-қарым-қатынастың басқа қатысушыларымен өзара іс әрекет үрдісінде қарым-қатынас жасау, көркемдік образдық ойларды жеткізе білу мен беру және көркемдік идеялармен алмаса білу мүмкіндіктері. Оқу үрдісінде әртүрлі коммуникация құралдарын пайдалану оқушылардың сыни ойлауы мен дербестігін дамытуға ықпал жасайды. Оқу үрдісінде коммуникативтік тәсілге сәйкес қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, жеке және топтық іс-әрекет үрдісінде өздерінің көркемдік, шығармашылық жұмыстары мен басқалардың жұмысын бағалау мен талдауға ықпал ететін оқу тапсырмаларын қосу қажет.

Көркемдік-технологиялық тәсіл**.** Бұл оқушылардың материалдарды, құралдарды, бейнелеу өнерінің заңдылықтары мен ережелерін білу, жобалау және

модельдеу және шығармашылық объектілерді дайындаудың технологиялық реттілігін таңдау мәселелерін шешуге бағытталған оқу-танымдық іс-әрекеті.

4. Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдаланудағы құзыреттілік негізгі АКТ-дағдыларына негізделген және жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін технологияларды дұрыс және шығармашылық тұрғыда қолдануды қамтиды.

5.Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау туралы

«Бейнелеу өнері» пәнін оқыту нәтижелерін бағалау қалыптастырушы бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіледі, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу үрдісін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Оқыту ұпайларын бағалауды қамтиды. Қалыптастырушы бағалау оқытудың белгілі бір кезеңінде оқу ақпаратының блогын оқып аяқтағаннан кейін жүргізіледі, оқушыларға кері байланыс беру, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағалау кезінде «есептелінді» және «есептелінген жоқ» деген критериалды бағалау қағидасына сүйену керек.

2-тарау. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің мазмұны

6. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1)1-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 35 сағатты құрайды.

7. Бейнелеу өнері оқу пәнінің мазмұны бірыңғай оқу-тәрбиелік міндеттерді шешу үшін 4 блок түрінде топтастырылған:

1. «Бейнелеу сауаттылығы негіздері» блогы-көркем шығармашылық идеяларды практикалық іске асыруға арналған құралдарды ұсынады:

- өнер туындыларын қабылдау;
- көркем шығармашылықтың ерекшеліктері;
- өнер түрлері;
- өнер жанрлары;
- көркем мәдениеттің байлығы мен әртүрлілігі туралы түсінік (Қазақстан халықтарының мәдениеті мысалында), Қазақстан халықтарының бейнелеу өнерінің көрнекті өкілдері, қазақстандық және әлемдік өнердің шедеврлерін қабылдау және эмоционалды бағалау;
- бейнелеу өнерінің адамның күнделікті өміріндегі, оның материалдық ортасын ұйымдастырудағы рөлі туралы түсінік;
- графикаға арналған графика, Материалдар мен техника: қарындаш, қалам, фломастер, борлар және т. б.;
- түрлі графикалық материалдармен жұмыс істеу тәсілдері мен тәсілдері, өнердегі суреттің рөлі: негізгі және көмекші;
- графика арқылы ойды жеткізе білу;
- кескіндеме, кескіндеме материалдары және құралдар;

- түс-кескіндеме тілінің негізі, көркем бейнені жасау үшін көркемдік мәнерлілік құралдарын таңдау;

- сурет салу арқылы ойды білдіру қабілеті;

- мүсін, мүсін материалдары және олардың мәнерлі бейнені жасаудағы рөлі;

- көлем-мүсін тілінің негізі, мүсіннің негізгі тақырыптары,

- мүсіннің көмегімен ойды жеткізе білу;

- мәнерлі бейне жасау үшін пластикалық мүсіндік материалдармен жұмыс істеудің қарапайым тәсілдері (ермексаз, саз гипс папье маше – жаю, көлем жинау, созу және пішінді құрастыру),

- дизайн және сәулет-көркем құрастыруға және модельдеуге арналған материалдардың әртүрлілігі (ермексаз, Қағаз, картон және т. б.), мәнерлі образ жасау үшін әртүрлі материалдармен жұмыс істеудің қарапайым тәсілдері,

- адам өмірінде көркем құрастыру және модельдеу дағдыларын пайдалану мүмкіндіктері туралы түсінік;

- сәндік-қолданбалы өнер, сәндік-қолданбалы өнердің бастаулары және оның адам өміріндегі рөлі, халықтық мәдениеттің сипаты туралы түсінік;

- қолданбалы өнердегі сәндік формалардың негізі ретінде табиғаттағы формалардың әртүрлілігі, Қазақстанның халықтық және сәндік-қолданбалы өнер туындыларымен танысу.

2. «Бейнелеу өнері әлемі» блогы - оқу материалының мазмұнын ашады:

- композиция, жазықтықтағы және кеңістіктегі композицияның қарапайым тәсілдері;

- ұғымдар: композицияны құрудағы көлденең, тік және диагональ;

- ұғым: көкжиек сызығы, жақын – алыс, көп-аз, бітелу;

- композициялық орталық, композициядағы басты және екінші дәрежелі, симметрия және асимметрия;

- композициядағы Контрасттың рөлі: төмен және жоғары, үлкен және кішкентай, жұқа және қалың, қараңғы және ашық, тыныш және динамикалық және т. б;

- әр түрлі сызықтар (жұқа, қалың, түзу, толқынды, тегіс, өткір, спиральмен дөңгелектелген) және олардың айқын сипаты, штрих, дақ және көркемдік бейнесі;

- табиғаттың, адамның, жануардың эмоционалдық жағдайының желісі арқылы беру;

- түс, негізгі және құрама түстер, жылы және суық түстер, түстердің араласуы, бейненің эмоционалдық дыбысталуы мен мәнерлілігіндегі АҚ және қара түстердің рөлі, түстің эмоциялық мүмкіндіктері, кейіпкердің мінезінің түсі, оның эмоционалдық жай-күйі арқылы беру;

- нысан әлемінің пішіні, алуан түрлілігі және оларды жазықтық пен кеңістікте беру, пішіндердің ұқсастығы мен контрасты, қарапайым геометриялық пішіндер, табиғи формалар, нысан пішінінің оның сипаты туралы идеяға әсері, силуэт;

- көлем, кеңістіктегі көлем және жазықтықтағы көлем, көлемді беру тәсілдері, көлемді композициялардың мәнерлілігі;

- ырғақ, ырғақ түрлері (тыныш, баяу, екпінді, тынышсыз және т. б.);

- сызықтар, дақтар, түстер ырғағы;

- кескіндеме мен суреттегі композицияның эмоционалды дыбысындағы ырғақтың рөлі, элементтердің ырғағы арқылы композициядағы қозғалысты беру,

сәндік-қолданбалы өнердегі ырғақтың ерекше рөлі.

3.«Бізді қоршаған әлем» блогы – оқу тапсырмалары тақырыбының рухани-адамгершілік, эмоционалды және құндылық бағытын көрсетеді:

- бақылау, өмірден және жадынан жұмыс жасау дағдыларын игеру; табиғат пен табиғи құбылыстарды, сондай-ақ қоршаған әлем құбылыстарын бақылау; жылдың, күннің, ауа-райының әртүрлі уақыттарындағы табиғат бейнесіндегі айырмашылығы; табиғаттың мәнерлі бейнесін жасау үшін түрлі көркем материалдар мен құралдарды пайдалану; қазақстандық және шетелдік өнер жауһарларын қабылдау және эмоциялық бағалау (мысалы, Ә. Қастеев, А. Г. Ғалымбаева, К.Т. Тельжанов, А. К. Саврасов, И. И. Шишкина, К.Моне, В. Ван Гог және т. б. шығармалары); әр түрлі халықтар мен дәуірлерді бейнелейтін әлемнің бірнеше жарқын мәдениеттерімен танысу (мысалы, ежелгі Греция, ортағасырлық Еуропа, Жапония және т. б.); әлемнің әр түрлі халықтарының мәдени дәстүрлерінің сипатындағы табиғи жағдайлардың рөлі, әр түрлі халықтардың өнеріндегі адам бейнесі, сәулет және сәндік-қолданбалы өнер бейнелері; менің туған Қазақстаным, Қазақстан халқының дәстүрлі мәдениетін сипаттаудағы табиғи жағдайлардың рөлі, Туған табиғат көріністері, киіз үйді, тұрмыстық заттарды, еңбек құралдарын, костюмдерді безендірудегі сәндік құрылыстың бірлігі; дәстүрлі мәдениеттегі адам бейнесі, өнерде көрініс тапқан адамның сұлулығы (сыртқы және рухани) туралы халықтың идеялары; адам бейнесі, әлемнің түрлі мәдениеттеріндегі адам бейнесі, замандас бейнесі, портрет жанры, махаббат, достық, өнердегі отбасы тақырыптары; адамның ең жақсы сезімдері мен қасиеттерін: мейірімділік, жанашырлық, қолдау, қамқорлық, батырлық, жанқиярлық және т.б. оятатын кейіпкерлердің бейнелерінің эмоционалды және көркем экспрессивтілігі; заттық орта объектілерін көркем жобалау және модельдеу; әдемі және мәнерлі дизайн мен сәулет объектілерінің жобаларын жасау үшін әртүрлі көркем материалдар мен құралдарды пайдалану.

4. «Шығармашылық» блогы - шығармашылық қызметтің түрлері мен шарттарын ашады және жүзеге асырады:

- бейнелеу, сәндік-қолданбалы және көркем-конструкторлық қызмет бойынша түрлі презентацияларға қатысу; графика, кескіндеме, мүсін, сәндік-қолданбалы өнерде алынған құзыреттерді іске асыру; өмірден, жады мен қиялдан алынған сурет; шығармашылық жұмыстарда көркем құрастыру және модельдеу дағдыларын пайдалану; графикада, кескіндемеде, мүсіндеуде, көркем құрастыруда және модельдеуде өз ниетін іске асыру үшін мәнерлі құралдарды таңдау және қолдану; жеке және ұжымдық қызметте әртүрлі көркемдік техникалар мен материалдарды пайдалану; бейнелеу өнері туындыларының мазмұны мен мәнерлі құралдарын талқылауға қатысу, шығармаға өз көзқарасын білдіру.

8. Бағдарлама мазмұны әртүрлі көркемдік-шығармашылық әрекетті қарастырады. Блоктар өнердің әртүрлі аспектілерін ашады: типологиялық, тілдік, құндылық-бағдарлық, белсенділік және әр сабақта әр түрлі дәрежеде қатысу мен кешенді блоктар бастауыш көркемдік білім мен тәрбие мәселелерін шешуге бағытталады.

Өз кезегінде, блоктардың әрқайсысы бөлімдер кешенінен тұрады:

- Өнерді қабылдау бөлімінің міндеттері-бейнелеу өнері деген не? Оның адам өміріндегі маңызы мен рөлі қандай? деген түсінік беру, бейнелеу өнері туындыларын көркемдік тұрғыда қабылдау үрдісін түсінуге және терең ұғынуға

үйрету, Қазақстан мен әлемнің көрнекті суретшілері мен олардың шығармашылығы туралы түсініктерін дамыту. Өзіндік көркемдік дүниетаным қалыптастыру, көркем-эстетикалық талғамын, мәдениетін тәрбиелеу; өнер туындыларын талдай, зерделей білу қабілетін қалыптастыру.

- Графика бөлімінің міндеттері – оқушылардың кеңістіктегі екі өлшемді жазықтықта үш өлшемді пішінді көре білуге және бейнелеуге үйрету, әр түрлі графикалық құралдарды-сызықтар, штрихтар, дақтар, реңдер, жарық-көлеңкені қолдана отырып пропорцияларды, көлемді, фактура мен текстураны беру арқылы; графикалық материалдармен кеңінен танысуды жалғастыру.

- Кескіндеме бөлімінің міндеттері - табиғат пен түстерді эмоционалды тұрғыда қабылдауды дамыту; түс сезіміне тәрбиелеу; үйлесімді түс қатынастарын құра білу қабілетін дамыту. Оқу тапсырмалары мен жаттығуларды сауатты жүргізу, көркем материалдарды сауатты пайдалану дағдыларына үйрету. Заттардың фактурасын беру дағдысын дамыту; түстің көмегімен бұйымдар мен заттардың жарық-көлеңкесін шығару, ауа ортасын беру; бейнеленетін заттың пішінін реңмен және түспен көрсету білу дағыларын жетілдіру, жалпы кескіндемеде «түстік үйлесімділік», «түстік жағу» ұғымдары мен құбылысын білу, зерделеу мен зерттеу. («жергілікті түс» ұғымы және оған жарықтың әсері, нысанның пішіні мен материалдылығын берудегі түстік реңктің рөлі).

- Мүсін бөлімінің міндеттері-кеңістіктікте сомдап құрастыра білуге үйрету, балалардың көлемді, рельефті мүсіндік тапсырмаларды орындауда көркемдік қабылдауларын дамытуға ықпал ету, пластикалық тілдегі көлем мен кеңістікті көру және көрсете білу мүмкіндігі. Сабақтарда оқушылар рельефті де, көлемді, дөңгелек мүсіндік тапсырмаларды орындау негіздерімен танысады.

- Сәндік-қолданбалы өнер бөлімінің міндеттері - сәндік-қолданбалы өнер мен дизайнның көркемдік тілі мен заңдылықтарын түсінуге тәрбиелеу. Әдемілік туралы идеяларды түсінуге үйрету, тек ең әдемі және мәнерлі тұрғыда жеткізуге үйрету. Қалыптастыру қабілеті стилизация және жалпылау әдістерін қолдана отырып, қоршаған әлемде кездесетін формаларды шығармашылық түрде өңдей білуге баулу. Әр түрлі көркемдік материалдармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, халықтық дәстүрлі өнер түрлері, сәулет және дизайн (көркем құрастыру және модельдеу) бөлімінің міндеті - сәулет ортасын және дизайн негіздерін зерттеу және модельдеу, жобалау, қалыптау туралы білімді бекіту, көлемді және жазықтық композицияларды сомдап жасау дағдыларын қалыптастыру, көркем дизайн мәселелерін өз бетінше шеше білу дағдыларын дамыту; Бұл көркемдік білім жүзеге асырылатын қызметтің (немесе саланың) бөлімдері. Яғни, олардың барлығы кешенді және блоктардың құрамдас бөлігі ретінде қамтылған. Орта мерзімді жоспарлау кезінде блоктағы бөлімдер қарапайымнан күрделіге өту бойынша кезеңдерге байланысты жылжи алады.

9. «Бейнелеу өнері » оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

Жеке нәтижелер оқушылардың оқу үдерісінде игерген жеке сапалық қасиеттерін көрсетеді:

- Қазақстанның мәдениеті мен өнеріне деген мақтаныш сезімі;

- еліміздің және әлемнің басқа халықтарының мәдениеті мен өнеріне құрметпен қарау;

- әрбір жеке адамның және жалпы қоғамның өміріндегі мәдениет пен өнердің ерекше рөлін түсіну;

- көркем-шығармашылық ойлай, байқай және қиялдай білу, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру;

- қажеттіліктердің қалыптасуы - өнермен, табиғатпен тығыз қарым-қатынаста, қоршаған әлемге деген шығармашылық оң қатынас пен тәуелсіз шығармашылықта;

- мұғалімнің басшылығымен бірлескен шығармашылық жұмыс үрдісінде ұжымдық және топтық іс-әрекет дағдыларын меңгерту;

- бірлескен қызмет барысында сыныптастарымен ынтымақтаса білу, жұмыстың өз бөлігін ортақ оймен талдау мен салыстыру;

- өз шығармашылық қызметі мен сыныптастарының жұмысын талдау және талқылау қабілетінің болуы және шығармашылық міндеттер тұрғысынан мазмұны мен көркемдік сипатын білдіру құралдары тұрғысынан белгілі бір тақырыпта жұмыс жасау;

Метапәндік нәтижелер оқушылардың танымдық және практикалық шығармашылық іс-әрекеттіндегі әмбебап қабілеттерінің қалыптасу деңгейінің ерекшелігін сипаттайды:

- салыстыру, талдау, негізгі нәрсені бөліп көрсету, жалпылау;

- ұжымдық шығармашылық жұмысты орындау барысында диалог жүргізу, атқаратын қызмет түрлері мен рөлдерді бөлу қабілетін меңгерту;

- қосымша бейнелеу көркем материалдарын іздеу барысында, көркем шығармашылық жобалар мен жеке шығармашылық тапсырмаларды орындау үшін ақпараттық технологиялар құралдарын тиімді пайдалану;

- қойылған міндетке сәйкес оқу іс-әрекеттерін сауатты жоспарлай отырып, оларды жүзеге асыра білу, тиімді де дұрыс шешім нұсқаларын таба білу;

- әр түрлі көркем-шығармашылық міндеттерді жүзеге асыра білу;

- өзіндік шығармашылық қызметті тиімді жоспарлай білу, жұмыс орнын тиімді ұйымдастыра білу;

- жаңа білім мен дағдыларды игеруге және көркем шығармашылық нәтижелерге қол жеткізуге саналы түрде ұмтылу;

Пәндік нәтижелер оқушылардың оқу пәнін игеру барысында білім, іскерлік, дағдыларды қолданумен сипатталып, көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттегі тәжірибесімен бекітіледі:

- көркем іс-әрекет түрлерін білу: бейнелеу (кескіндеме, графика, мүсін), конструктивтік (дизайн және сәулет),

сәндік (халықтық және қолданбалы өнер түрлері);

- бейнелеу өнерінің негізгі түрлері мен жанрларын білу;

- қоршаған әлем оқиғалары мен табиғи құбылыстарға эстетикалық баға беру;

- жұмысты орындау барысында шығармашылық дағдыларды, білім мен дағдыларды қолдану;

- қазақстандық және әлемдік өнер туындыларын тану, қабылдау, сипаттау және эмоцияналдық тұрғыда бағалай білу қабілеті;

- өз пікірін білдіре отырып, өнер туындыларын талқылау және талдау қабілеті;

- қоршаған өмірдегі өнер көріністерін көре білу;

- шығармашылық қызметте түрлі көркем материалдар мен көркем техникаларды пайдалану қабілеті;

- шығармашылық қызметте эмоционалды жағдайларды және табиғатқа, адамдарға және қоғамға деген оң көзқарасын жеткізе білу;

- парақтың жазықтығында және көлемде ойластырылған көркем бейнелерді құрастыра білу қабілеті;

- түстану заңдылықтары мен негіздерін, композициялық аспектілерді, перспективаларды, графикалық және кескіндемелік сауаттылықты қолдана білу біліктерін игерту;

- қағаздан, картоннан, пластилиннен, саздан көркем бейнелерді модельдеу, аппликация және коллаж құралдарымен бейнелеу дағдыларын дамытып меңгерту;

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

10. Бағдарламада оқу мақсаттарын қолдануға ыңғайлы болу және мониторинг жүргізу үшін кодтау енгізілген. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар блок пен бөлімді, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін көрсетеді.

Мысалы: 1.2.1.4 кодында: «1» - сынып, «2.1» - 2 блок және 1 бөлім, «1» - оқу мақсатының нөмірленуі.

1. «Бейнелеу сауаттылығы негіздері» блогы:	
Бөлімдер	**1 сынып**
Өнер туындыларын қабылдау. 1 сағат	1.1.1.1 Қазақ ұлттық және әлемдік мәдениет өнерінің түрлі туындыларымен танысу.
Графика 2 сағат	1.1.2.1 Қарапайым деңгейде әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, графикалық материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау.
Кескіндеме 2 сағат	1.1.3.1 Қарапайым тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, көркем материалдар мен құралдарды пайдалану және тәжірибе жасау. 1.1.3.2 Графиканың қарапайым әдістері мен әдістерін қолдану және тәжірибе жасау.
Мүсін 1 сағат	1.1.4.1 Қарапайым тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, мүсіндік материалдар мен құралдарды пайдалану және олармен эксперимент жасау.
Сәндік-қолданбалы өнер 1 сағат	1.1.5.1 Қарапайым тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, сәндік-қолданбалы іс-әрекетте материалдармен және құралдармен қолдану және эксперимент жасау
Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және модельдеу) 2	1.1.6.1 Қарапайым құрастыру әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, қызметте материалдар мен құралдарды қолдану және

сағат	тәжірибе жасау. 1.1.6.2 Модельдеудің қарапайым әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау.

2. «Бейнелеу өнері әлемі» блогы:	
Өнер туындыларын қабылдау. 1 сағат	1.2.1.1 Өнер туындыларының тақырыбын және жұмысты орындау материалдарын талқылау.
Графика 1 сағат	1.2.2.1 Жұмысты орындау техникасы мен графикасының түрлерін білу.
Кескіндеме. 1 сағат	1.2.3.1 Жұмысты орындау үшін кескіндеме және техника түрлерін білу.
Мүсін 1 сағат	1.2.4.1 Жұмысты орындауға арналған мүсін мен техниканың түрлерін білу.
Сәндік-қолданбалы өнер 2 сағат	1.2.5.1 Жұмысты орындау үшін сәндік-қолданбалы өнер түрлерін және кейбір техниканы білу. 1.2.5.2 «Табиғи формалар» ұғымын білу және жұмысты орындау үшін кейбір техниканы білу.
Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және модельдеу) 2 сағат	1.2.6.1 Сәулет стилімен, дизайн түрлерімен және жұмысты орындау үшін конструкциялау мен модельдеудің кейбір техникаларымен танысу. 1.2.6.2 Жұмысты орындау үшін сәулет стильдерімен және кейбір құрылыс, модельдеу техникаларымен танысу.

3. «Бізді қоршаған әлем» блогы:	
Графика 2 сағ.	1.3.2.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру.
Кескіндеме 2 сағат	1.3.3.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру. 1.3.3.2 Байқау және есте сақтау арқылы қоршаған әлемде сурет салу тәсілдерінің, мүмкіндіктерінің кейбір ерекшеліктерін білу, кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді бейнелеу.
Мүсін 2 сағат	1.3.4.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, мүсін құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді бейнелеу.
Сәндік-қолданбалы өнер. 2 сағат	1.3.5.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, оларды бейнелер мен пішіндердің

	көмегімен сәндік - қолданбалы өнер құралдары арқылы білдіру. 1.3.5.2 Сәндік өнердегі «жалпылау» ұғымын білу, оны бейнелер мен пішіндердің көмегімен сәндік - қолданбалы өнер құралдары арқылы бейнелеу.
Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және модельдеу) 2 сағат	1.3.6.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, оларды бейнелер мен пішіндердің көмегімен дизайн құралдары арқылы бейнелеу. 1.3.6.2 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, оларды бейнелер мен пішіндердің көмегімен сәулет құралдары арқылы бейнелеу.

4. «Шығармашылық» блогы:	
Бөлімдер	1 сынып
Графика 2ч	1.4.2.1 Графикалық техникалар мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру. 1.4.2.2 Өзінің графикалық жұмысын таныстырудың түрлі мүмкіндіктерімен танысу.
Кескіндеме. 2 сағат.	1.4.3.1 Көркем техникалар мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру. 1.4.3.2 Өзінің кескіндемелік жұмысын таныстырудың түрлі мүмкіндіктерімен танысу.
Мүсін 1 сағат	1.4.4.1 Мүсіндік техникалар мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру.
Сәндік-қолданбалы өнер. 2 сағат	1.4.5.1 Сәндік техникалар мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру.
Дизайн және сәулет. (көркем құрастыру және модельдеу) 2 сағат.	1.4.6.1 Дизайн идеяларын шығармашылық түрде ұсыну, құрастыру мен модельдеудің техникалары мен әдістерінің көмегімен идеялар мен сезімдерді білдіру. 1.4.6.2 Сәулет идеяларын шығармашылық түрде ұсыну, құрастыру мен модельдеудің техникалары мен әдістерінің көмегімен идеялар мен сезімдерді білдіру.

11. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

12. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныпқа арналған «Бейнелеу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

Блоктар	Бөлімдер	Тақырыптар/ мазмұны	Оқу мақсаттары Білім алушы:
1 тоқсан			
Мен туралы			
1. «Бейнелеу сауаттылығы негіздері» блогы:	Өнер туындыларын қабылдау 1сағат	«Мұражайға саяхат» (виртуалды немесе нақты) «Бейнелеу өнері» ұғымымен және оны зерттеудің маңыздылығымен танысу.	1.1.1.1 Қазақ ұлттық және әлемдік мәдениет өнерінің түрлі туындыларымен танысу.
	Графика 2 сағат	«Ағаштар» - әртүрлі графикалық материалдарды қолдана отырып сурет салу. Әр түрлі графикалық материалдармен танысу - қарапайым қарындаш, қара гель қалам, түрлі-түсті қарындаштар, пастельдер, балауыз қарындаштар, маркер. Материалдардың мүмкіндіктері және сурет салу әдістері	1.1.2.1 Графикалық материалдар мен құралдарды қарапайым деңгейде қолдану және тәжірибе жасау.
1. «Бейнелеу сауаттылығы негіздері» блогы		«Күзгі пейзаж» - сызықтық сурет Сызықтардың әртүрлілігі және олардың сипаты. Көлденең, тік, көлбеу, спиральды, доғалы сызықтар. Суретте әр түрлі сызықтарды қолдану.	1.1.2.2 Қарапайым деңгейде графикалық әдістер мен тәсілдерді қолдану және тәжірибе жасау.
	Кескіндеме 2 сағат	«Кемпірқосақ» - гуашпен сурет салу. «Кескіндеме» ұғымымен танысу. Спектрдің жеті түсі және олардың кемпірқосақта	1.1.3.1 Қарапайым әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, көркем материалдар мен құралдарды қолдану

ЖОБА

		орналасу тәртібі туралы білім алу. «Дақ», «жағынды» ұғымдарымен және оларды орындау тәсілдерімен танысу.	және тәжірибе жасау.
		«Күн» және «Түн» - акварельмен сурет салу. Ұғымдарды зерттеу – «жылы»және «суық» түстер. Түрлі түсті бояу туралы білім алу және оны акварельмен суретте қолдану.	1.1.3.2 Қарапайым кескіндеме техникасы мен әдістерін қолдану және тәжірибе жасау.
	Менің мектебім		
	Мүсін 1 сағат	«Мектеп құралдарым» - ермексаздан жасау. «Пішін» және «көлем» ұғымдарын зерттеу. Модельдеу ережелері мен әдістері туралы білім алу.	1.1.4.1 Қарапайым әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, мүсіндік материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау.
	Сәндік-қолданбалы өнер 1 сағат	«Менің төсбелгім» - гуашпен безендірілген сурет. Ұлттық сәндік өнермен танысу. «Ырғақ» және «симметрия» ұғымдары туралы білім алу. Жолақта қарапайым ою-өрнек салу әдістері туралы білім алу. Қылқаламмен ою салу тәсілдері.	1.1.5.1 Қарапайым әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, сәндік-қолданбалы іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау.
	Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және модельдеу) 2 сағат	«Қылқаламға арналған ыдыс» - тұтас қатырма қағаздан құрастыру. «Дизайн» ұғымымен танысу. Көркем құрылыс туралы білім алу. Қатырма қағаз парағын белгілеу және бүгу тәсілдері.	1.1.6.1 Дизайнның қарапайым әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау.

ЖОБА

		«Менің мектебім» - шырын қорапшасы негізінде мектепті модельдеу. «Сәулет» ұғымымен танысу. «Модельдеу» ұғымымен танысу. Түрлі-түсті қағаздан бөлшектерді белгілеу және кесу тәсілдері.	1.1.6.2 Модельдеудің қарапайым әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау.
2 тоқсан			
Менің отбасым және достарым			
2. «Бейнелеу өнері әлемі» блогы	Өнер туындыларын қабылдау. 1 сағат	«Өнер түрлері» - саяхат сабағы «Өнер түрлері» ұғымымен танысу. Өнер түрлері туралы қарапайым деңгейде білім алу.	1.2.1.1 Өнер туындылары тақырыбымен және жұмыс жасайтын материалдармен танысу.
	Графика 1сағат	«Көбелектер» - түрлі-түсті қарындаштармен сурет салу. Графика түрлерімен танысу. «Сурет композициясы» ұғымымен танысу. Тақырыптың дизайны туралы қарапайым деңгейде білім алу. Геометриялық фигуралардың көмегімен сурет салу тәсілдері.	1.2.2.1 Жұмысты орындау графикасы мен техникасының түрлерін білу.
	Кескіндеме 1 сағат	«Бұлтты күн» суланған қағазға акварельмен сурет салу. Кескіндеме түрлерімен танысу. Қарапайым деңгейде «сызықтық перспектива» ұғымымен танысу. «Жақын-алыс», «көп-аз» ұғымдары. Суланған қағазға сурет салу әдістері туралы білім алу.	1.2.3.1 Жұмысты орындау үшін кескіндеме мен техника түрлерін білу.
	Мүсін	«Аққала» – ермексаздан	1.2.4.1 Жұмысты

ЖОБА

	1 сағат	мүсіндеу. Мүсін түрлерімен танысу. Ермексаз жолағын белгілі бір бөліктерге бөлу туралы білім алу. Жапсырмалау және құрастыру тәсілдері туралы білім алу.	орындау үшін мүсін мен техниканың түрлерін білу.
	Бізді қоршаған әлем		
	Сәндік-қолданбалы өнер 2 сағат	«Торсық» - түрлі-түсті қағаздан жасалған аппликация. Сәндік өнер түрлерімен танысу. Ұлттық тағамдармен танысу. Симметрия туралы білім алу. Түсті қағаздан симметриялы пішінді кесу әдістері туралы білім алу.	1.2.5.1 Жұмысты орындау үшін сәндік-қолданбалы өнер түрлерін және кейбір техниканы білу.
		«Гүлді ою» - гуашпен сурет салу. «Жалпылау» ұғымымен танысу. Қылқаламмен өсімдік оюларын салу әдістері туралы білім алу.	1.3.5.2 Сәндік өнердегі «жалпылау» ұғымын білу, оны бейнелер мен пішіндердің көмегімен сәндік - қолданбалы өнер құралдары арқылы қолдану.
	Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және модельдеу) 2 сағат	«Карнавал бетпердесі» Дизайн түрлерімен танысу. «Құрылыс» ұғымымен танысу. Қатырма қағаздан жасалған жалпақ бетперде құрастыру әдістері. Симметриялық бөлшектерді кесу әдістері туралы білім алу.	1.2.6.1 Жұмысты орындау үшін дизайн түрлерімен және дизайнмен модельдеудің кейбір әдістерімен танысу.
		«Ертегі кейіпкерінің үйі» сурет-жоба. Қарапайым деңгейде	1.2.6.2 Жұмысты орындау үшін сәулет стильдерімен және

ЖОБА

		сәулеттік стильдермен танысу. Сәулеттік композицияның қарапайым әдістері туралы білім алу.	дизайнмен модельдеудің кейбір әдістерімен танысу.
3 тоқсан			
Саяхат			
3.«Бізді қоршаған әлем» блогы	Графика 1 сағат	«Менің анам» - түрлі-түсті бояулармен сурет салу. «Бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарымен танысу. Қарапайым деңгейде портретті сурет салу жолдарымен танысу. Қарапайым деңгейде адам бетінің пропорциялары туралы білім алу.	1.3.2.1 Әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, графика арқылы бейнелермен, пішіндермен танысу.
	Кескіндеме 2 сағат	«Наурыз» – гуашпен сурет салу. «Бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарымен танысу. «Сюжеттік композиция» ұғымымен танысу. Сюжеттік суреттің құрамы туралы білім алу.	1.3.3.1 Әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, кескіндеме құралдары арқылы бейнелермен, пішіндермен танысу.
		«Тау көрініс» пейзаж - акварельмен сурет салу. «Бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарымен танысу. «Пейзаж композициясы» ұғымымен танысу. Әуе перспективасы туралы білім алу. Түс реңктері және оларды алу әдістері туралы білім алу.	1.3.3.2 Қоршаған әлемде сурет салу әдістерінің кейбір ерекшеліктерін байқау және есте сақтау арқылы, кескіндеме құралдары арқылы бейнелер мен пішіндер арқылы бейнелеу.
	Мүсін	«Күшік» – ермексазбен	1.3.4.1 Әлемнің

ЖОБА

	2 сағат	жұмыс «Бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарымен танысу. «Жануар фигурасының пропорциялары» ұғымымен танысу. «Жағумен» модельдеуді қабылдау туралы білім алу.	кейбір ерекшеліктерін білу, мүсін құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді қолдану.
	Салт – дәстүр және ауыз әдебиеті		
	Сәндік-қолданбалы өнер 2 сағат	«Ұлттық киімдер» коллажы. Әртүрлі ұлттардың ұлттық киімдерімен танысу. Ерлер мен әйелдер киімдерінің ерекшеліктері туралы білім алу. Мата коллажын орындау әдістері туралы білім алу.	1.3.5.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, оларды бейнелер мен пішіндердің көмегімен сәндік - қолданбалы өнер құралдары арқылы қолдану.
		«Қошқар мүйіз» Фетрден түрлі- түсті ою-өрнекті - дан жасау. Ұлттық ою-өрнектермен танысу. «Табиғи формалар» ұғымымен және олардың ою-өрнекке айналу жолдарымен танысу. Киізден ою-өрнек кесу әдістері туралы білім алу.	1.2.5.2 «Табиғи формалар» ұғымын білу және жұмысты орындаудың кейбір әдістерін білу.
	Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және модельдеу) 2 сағат	«Ашық хат» - шағын формадағы дизайн әдістерімен танысу. Шағын формадағы композиция туралы білім алу.	1.3.6.1 Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, оларды суреттер мен пішіндердің көмегімен дизайн құралдары арқылы қолдану.
		«Бақтағы үй»	1.3.6.2 Қоршаған

ЖОБА

		Табиғи материалдардан тұрғын үй жобасын жасау. Өңделген материалдарды модельдеудің қарапайым әдістері туралы білім алу.	әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, оларды бейнелер мен пішіндердің көмегімен сәулет құралдары арқылы қолдану.
4 тоқсан			
Тағам мен сусын			
4. «Шығармашылық» блогы	Графика 2 сағат	«Жемістер» - балауыз немесе майлы қарындаштармен сурет салу. Шығармашылық жұмыста графикалық техникаларды пайдалану. Суреттегі сызықтар мен дақтарды қолдану. Суретте симметрия әдістерін қолдану.	1.4.2.1 Графикалық әдістердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру.
		«Көкөністер» - бормен немесе құрғақ пастельмен сурет салу. Шығармашылық жұмыста графикалық әдістерді қолдану. Суретте әр түрлі сызықтарды қолдану.	1.4.2.2 Графикалық жұмыстарды орындаудың әртүрлі мүмкіндіктерімен танысу.
	Кескіндеме 2 сағат	«Дәрумендер» - гуашпен сурет салу. Шығармашылық жұмыста кескіндеме техникасын пайдалану. Сурет салуда жағындылар мен дақтарды қолдану. Түс реңктерін қолдану.	1.4.3.1 Көркем әдістер мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру.
		«Пайдалы және зиянды» – акварельмен сурет салу. Шығармашылық жұмыста кескіндеме техникасын пайдалану. Әр түрлі қалыңдықтағы	1.4.3.2 Көркем шығармаларды қолданудың әртүрлі мүмкіндіктерімен танысу.

ЖОБА

		щеткаларды пайдалану.	
	Дені саудың – жаны сау		
	Мүсін 1 сағат	«Рельеф», «Ою-өрнек» - мүсіндік техникаларды шығармашылық жұмыста қолдану. Рельеф үшін қатырмақағаз негізін қолдану. Роликтермен мүсіндеу техникасын қолдану.	1.4.4.1 Мүсіндік әдістер мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру.
	Сәндік-қолданбалы өнер 2 сағат	«Киіз үй» - коллажы. Шығармашылық жұмыста сәндік техникаларды қолдану. Коллажда киіз бен орамалды қолдану.	1.4.5.1 Сәндік әдістер мен тәсілдердің көмегімен идеяларды шығармашылық түрде ұсыну және сезімдерін білдіру.
	Дизайн және сәулет (көркем құрастыру және модельдеу) 2 сағат	«Құс» - қатырма қағаздан жасалған ілмекті модель. Фигураның құрылысы. Шығармашылық жұмыста дизайн мүмкіндіктерін пайдалану. Қанаттар мен аяқтарды бекіту нұсқаларын қолдану.	1.4.6.1 Дизайн идеяларын шығармашылық түрде ұсыну, дизайн мен модельдеудің әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, идеялар мен сезімдерін білдіру.
		«Менің қалам» - ұжымдық жұмыс. Пластикалық бөтелкелерден жасалған рамадағы ғимараттарды модельдеу. Ермексаз. Шығармашылық жұмыста модельдеу мүмкіндіктерін пайдалану. Ғимараттардың жеке декорын қолдану.	1.4.6.2 Сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну, дизайн мен модельдеудің әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, идеялар мен сезімдерін білдіру.

12. Орта мерзімді жоспарлау кезінде блоктағы бөлімдер тақырыпқа байланысты жылжуы мүмкін. (Яғни, блоктардағы орта мерзімді жоспарлау кезінде бөлімдер ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген тәртіппен жүрмеуі мүмкін. Мысалы: 1. Блок «Бейнелеу сауаттылығының негіздері». Тақырыптар/бөлімдер – «Кемпірқосақ» кескіндеме - 1 сағат; «Жемістер» мүсін - 1 сағат; «Ою» сәндік -

қолданбалы өнер - 1 сағат; «Қылқалам тірегі» Дизайн - 1 сағат; «Ағаштар» Графика -1 сағат; «Үй» сәулет өнері - 1 сағат, «Күзгі пейзаж» Графика -1сағат; «Күн мен түн» кескіндеме - 1 сағат.

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы « » .....
№ бұйрығына
31-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған
«Еңбекке баулу » оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Еңбекке баулу» оқу пәнінің оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Еңбекке баулу» оқу пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімінің негізін қалыптастыру.

«Еңбекке баулу» пәнін меңгерудің пәндік нәтижелері еңбектің адам өміріндегі шығармашылық және адамгершілік мәні туралы алғашқы түсініктерді, материалдар мен олардың қасиеттері, жобалау, модельдеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс деп белгілейді.

3. «Еңбекке баулу» оқу пәнінің міндеттері:

1) әртүрлі іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы пәндік білімдерді, дағдыларды және қабілеттерді дамыту;

2) ұлттық және әлемдік материалдық мәдениет пен өнер шығармаларымен таныстыру арқылы құндылық бағыттарын қалыптастыру;

3) білім алушылардың визуалды және эстетикалық қабылдауын, сыни ойлауын дамыту үшін терминологиялық аппарат қалыптастыру;

4) бақылау, эксперимент жүргізу және көрсетілім жасау арқылы зерттеу дағдыларын дамыту;

5) әртүрлі материалдар мен құралдарды қолдану арқылы шығармашылықпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру;

6) білім алушылардың өзін-өзі бағалауын жоғарылату және жағымды көзқарас қалыптастыру;

7) коммуникацияның бір тілі ретінде ұлттық және әлемдік мәдениет мұраларының мағынасын, рөлін түсіндіру;

8) өз жұмысын жасау үшін, әртүрлі ақпарат түрлерін (іздеу, жинау, сұрыптау) бағдарлау қабілетін дамытуға ықпал жасайтын, әртүрлі танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерді өздігінен шешу тәжірибелерін қалыптастыру;

9) ұжымдық, топтық және жеке жұмыстарды орындау процесінде қолдың моторикасын, сенсорикалық, қиялдауы мен шығармашылығын, елестетуін және қабылдауын дамыту.

4. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына негіз болады.

2-тарау. «Еңбекке баулу» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Еңбекке баулу» оқу пәнінің мазмұны

5. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 1-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 35 сағатты құрайды.

Оқу бағдарламасының мазмұны материалдарды 5 ортақ білім беру бағыттары арқылы оқып-үйренуді қарастырады: «Табиғи материалдармен жұмыс», «Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс», «Техникалық үлгілеу және құрастыру» ,«Өзіне-өзі қызмет ету»

6. Әртүрлі жұмыстарды орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелері сақталады.

7. Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1) «Шығармашылық идеяларды білу және тану» бөлімі: қоршаған әлемді, әртүрлі материалдарды зерттеу арқылы зерттеушілік дағдыларын және шығармашылық елестету қабілеттерін дамыту, қазақ халқының және басқа халықтардың дәстүрі мен мәдениетін зерделеу, өзінің шығармашылық идеяларын әзірлеу;

2) «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау» бөлімі: ұжымдық, топтық және жеке жұмыстарды орындау процесінде сенсорика, қолдың моторикасын, қиялдауы мен шығармашылығын, практикалық дағдыларын дамыту, әртүрлі материалдармен эксперимент жүргізу, әртүрлі жұмыс техникаларын меңгеру, өзінің іс-әрекетін жоспарлау;

3) «Талдау және бағалау» (презентация) бөлімі: презентация арқылы коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын дамыту, соның аясында өзінің және басқалардың жұмысын бағалау, презентациялау және түсіндіру.

8. «Еңбекке баулу » оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту: қоршаған ортаны білу және түсіну, қазақ халқының қолданбалы өнері, ою-өрнектер, шығармашылық

идеяларды дамыту, табиғат аясына саяхат, табиғи материалдарды жинау, адам өміріндегі қағаздың маңызы, түрлерін, қасиеттерін зерттеу.

2) шығармашылық жұмысты жасау және дайындау: шығармашылық жұмысқа арналған табиғи және жасанды материалдар, дәстүрлі емес материалдармен (көркемдік, табиғи және жасанды) , әртүрлі материалдармен (кепкен өсімдіктерден аппликация, жапырақ пен гүлдерден композиция құрастыру, тұқымдар мен дәндерден мозайка жасау) және техникалармен эксперимент жүргізу, әртүрлі жұмыс техникаларын меңгеру, өзінің іс-әрекетін жоспарлау; дайындау технологиясы, өлшеу құралдарымен жұмыс, қарапайым тәсілдермен материалдар мен компоненттерді біріктіру, көлемді пішіндерді жасау, құрастыру, қағаз пластикасы, қазақ ұлттық мәдениетінің элементтері бар шығармашылық жұмыстар, қауіпсіздік техникасын сақтау, қауіпсіздік техникасының ережелері;

3) презентация, талдау және бағалау: презентация, шығармашылық жұмыстардың презентациясы, шығармашылық жұмыстарды талқылау және бағалау.

9) «Еңбекке баулу» пәні бойынша 1-сыныпты бітірген оқушыдан күтілетін нәтиже:

– еңбек қауіпсіздігі ережесі және жеке бас гигиенасын сақтайды;

– қағазды өңдеуге қолданылатын қарапайым құрал-саймандардың аты және қолданылуын біледі;

– қағаздың, кептірілген жапырақтың, бұтақтардың өзіндік қасиеттерін атайды;

– қарапайым 2–3 бөлшектен тұратын бұйымдарды жасауды біледі;

– жұмыс орнын ретке келтіру және тазалық сақтау ережелерін орындайды;

– материал мен құрал-сайманды ұқыпты пайдаланады;

– табиғи материал, қағазды өңдеуде құрал-саймандарды орнымен пайдалануды біледі;

–үлгі бойынша жұмыс істеу алады;

– бүктеу және желімдеу арқылы құрамақ бөлшектерін біріктіре алады;

-бір-бірінің пікірімен санасып, өзара сыйласа біледі.

10) Бағдарлама мазмұны әртүрлі көркемдік-шығармашылық әрекетті қарастырады. Сабақ барысында іске асырылатын шығармашылық әрекеттің түрлерін еңбекке баулу мұғалімінің өзі анықтайды. Бұл ретте көркемдік-шығармашылық әрекеттің негізгі үш түрі: құрылымдау, жоспарлау және сәндеу әрекеттері міндетті түрде іске асырылады.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

11. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 1.2.1.1 кодында: «1» - сынып, «2.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

12. Оқу мақсаттарының жүйесі:

1) 1-бөлім «Шығармашылық идеяларды білу және тану»:

Бөлімшелер	1-сынып
1.1 Материалдың түрі мен қасиетін білу және түсіну	1.1.1.1 материалдың түрлерімен танысу барысында қасиеттерінің сипаттамасын (жұмсақтығы, тығыздығы, беріктігі) анықтау
1.2 Материал атауы мен қолданылу саласын білу және түсіну	1.1.2.1 Материалдың негізгі атауы мен қолданылу саласын анықтау
	1.1.2.2 қазақ халқының қолданбалы өнерінің негізгі элементтерін (ою-өрнектері, түстер, материалдар) анықтау
1.3 Шығармашылық идеяларды дамыту	1.1.3.1 шығармашылық идеялары мен ерекшелігін (пішін, фактурасы, біріктіру тәсілі, дайындау технологиясы) салыстырып көрсету
1.4 Жоспарлау	

2) 2-бөлім «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау»:

Бөлімшелер	1-сынып
2.1 Шығармашылық жұмысты орындау материал дары мен техникалары	1.2.1.1 қарапайым әдістер мен тәсілдерді пайдаланып, материалдарды (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолдану, эксперимент жүргізу
2.2 Дайындау технология лары	1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдарды және компоненттерді өлшеу, белгілеу, қию, формасын келтіру, жинақтау, қосу және біріктіру
	1.2.2.2 айқындалған материалдармен (ермексаз, қолданыстан шыққан, қағаз материалдары) қарапайым көлемді пішіндерді жасау
	1.2.2.3 шығармашылық жұмыстарды дайындау барысында қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану
2.3 Қауіпсіздік техникасын сақтау	1.2.3.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, материалдарды және құралдарды қолдану

3) 3-бөлім «Талдау және бағалау» (презентация):

Бөлімшелер	1-сынып
3.1 Презентация	1.3.1.1 өзінің жұмысын (эскиз, бұйым) қарапайым тәсілдермен таныстыру

ЖОБА

3.2 Шығармашылық жұмыстағы тәсілдерді талдау	
3.3 Шығармашы лық жұмысты талқылау және бағалау	1.3.3.1 шығармашылық жұмысын түсіндіру

13. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

14. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныпқа арналған «Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 1-сынып:

Ортақ тақырыптар	Оқу мақсаты жүйесінің бөлімдері	Оқу мақсаты жүйесінің бөлімшелері	Оқу мақсаттары
1-тоқсан (8 сағат)			
1 Өзім туралы 1.Өзін-өзіне қызмет ету деген не? 2-3. «Мен кішкентай көмекшімін» (2 сағат)	1 Шығармашылық идеяларды білу және тану	1.1 Материалдың түрі мен қасиетін білу және түсіну	1.1.1.1 материалдың түрлерімен танысу барысында қасиеттерінің сипаттамасын (жұмсақтығы, тығыздығы, беріктігі) анықтау
		1.2 Материал атауы мен қолданылу саласын білу және түсіну	1.1.2.1 Материалдың негізгі атауы мен қолданылу саласын анықтау
		1.3 Шығармашылық идеяларды дамыту	1.1.3.1 шығармашылық идеялары мен ерекшелігін (пішін, фактурасы, біріктіру тәсілі, дайындау технологиясы) салыстырып көрсету
	2 Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	2.1 Шығармашылық жұмысты орындау материал дары	1.2.1.1 қарапайым әдістер мен тәсілдерді пайдаланып, материалдарды (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолдану, эксперимент жүргізу

ЖОБА

4. Алуан түрлі қағаздар 5.Кеме жасаймыз		мен техникалары	
		2.2 Дайындау технология лары	1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдарды және компоненттерді өлшеу, белгілеу, қию, формасын келтіру, жинақтау, қосу және біріктіру
		2.3 Қауіпсіздік техникасын сақтау	1.2.3.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, материалдарды және құралдарды қолдану
	3. Талдау және бағалау (презентация)	3.3 Шығармашы лық жұмысты талқылау және бағалау	1.3.3.1 шығармашылық жұмысын түсіндіру
2. Менің мектебім 6.Табиғи материалдар дың түрлері мен оны сақтау жағдайы 7. Табиғатқа серуен 8-9. Табиғи материалдар дан панно жасау (2 сағ)	1 Шығармашылық идеяларды білу және тану	1.3 Шығармашылы қ идеяларды дамыту	1.1.3.1 шығармашылық идеялары мен ерекшелігін (пішін, фактурасы, біріктіру тәсілі, дайындау технологиясы) салыстырып көрсету
	2 Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау	2.1 Шығармашылы қ жұмысты орындау материал дары мен техникалары	1.2.1.1 қарапайым әдістер мен тәсілдерді пайдаланып, материалдарды (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолдану, эксперимент жүргізу
		2.2 Дайындау технология лары	1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдарды және компоненттерді өлшеу, белгілеу, қию, формасын келтіру, жинақтау, қосу және біріктіру 1.2.2.2 айқындалған материалдармен (ермексаз, қолданыстан шыққан, қағаз материалдары) қарапайым көлемді пішіндерді жасау

ЖОБА

		2.3 Қауіпсіздік техникасын сақтау	1.2.3.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, материалдарды және құралдарды қолдану
	3 Талдау және бағалау (презентация)	3.1 Презентация	1.3.3.1 шығармашылық жұмысын түсіндіру
2-тоқсан (8 сағат)			
3. Менің отбасым және достарым 10. Қағаздың құпиялары. Қағаздың қандай қасиеттері бар. 11.Қағазды қалай қауіпсіз кесуге болады? 12. Қазақ дастарханы 13.Салфеткаға қағаздан сақина жасаймыз. 14. «Менің отбасым» коллаж	1 Шығармашылық идеяларды білу және тану	1.1 Материалдың түрі мен қасиетін білу және түсіну	1.1.1.1 материалдың түрлерімен танысу барысында қасиеттерінің сипаттамасын (жұмсақтығы, тығыздығы, беріктігі) анықтау
		1.2 Материал атауы мен қолданылу саласын білу және түсіну	1.1.2.1 Материалдың негізгі атауы мен қолданылу саласын анықтау 1.1.2.2 қазақ халқының қолданбалы өнерінің негізгі элементтерін (ою-өрнектері, түстер, материалдар) анықтау
4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 72 сағат;
5) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 72 сағат.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

26. «Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

27. «Түсіну және жауап беру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

көркем шығарма мазмұны мен пішіні;

әдеби шығарманың тұжырымдамасы;

көркем шығармадағы образ;

шығарма үзінділерімен жұмыс.

28. «Анализ және интерпретация» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

әдеби шығарманың композициясы;

автор бейнесі;

көркем шығарманың тілі;

шығармашылық жұмыс.

29. «Бағалау және салыстыру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

тарихи және көркемдік құндылығы;

заманауилығы мен жаңашылдығы;

әдеби эссе;

әдеби сын.

30. 5-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығарманың фабуласы мен сюжеттік дамуы, кейіпкерлер портреті мен образы, шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту, әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясы;

2) анализ және интерпретация:

салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу, шығармадағы тілдік бейнелеу: теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы, эпикалық шығармадағы автор бейнесі, көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;

3) бағалау және салыстыру:

шығарманың тарихи құндылығын бағалау, кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау, әдеби эссе, сыни хабарлама жазу.

31. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) «Керқұла атты Кендебай» ертегісі;

2) «Қобыланды батыр» жыры;

3) Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы;

4) Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі;

5) ЫІбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері;

6) Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқаншысы» өлеңі;

7) Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты;

8) Марат Қабанбай «Бауыр» әңгімесі;

9) Тынымбай Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі;

10) Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі;

11) Джек Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі.

32. 6-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау, шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе, идеясы, кейіпкерлердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау, көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;

туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық, прозалық шығармаларды білу; туған өлкеге арналған бір өлеңді жатқа мәнерлеп оқу, өлкетану аясында прозалық үзінділер жазудың алғашқы дағдыларын меңгеру;

2) анализ және интерпретация:

шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау, әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу, шығармадағы көркем ауыстырулар: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау;

туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығы туралы деректер жинау және презентация дайындау. Мәтіннің ақпараттылық, оның көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдау;

3) бағалау және салыстыру:

кейіпкерлерді өзара салыстыру, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру, кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру, әдеби эссе жазу, сыни хабарлама жасау.

33. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) «Аяз би» ертегісі;

2) «Алып Ер Тұңға» жыры;

3) Әл Фараби «Қашықтасың туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңдері;

4) Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық» толғаулары;

5) Абай Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері, қара сөздері: «Бірінші сөз», «Жетінші сөз», «Отыз бірінші сөз»;

6) С. Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» өлеңдері;

7) С. Мұратбеков «Жусан иісі» әңгімесі;

8) О. Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесі;

9) Қалмақан Әбдікадыров «Қажымұқан» хикаяты;

10) А. Алтай «Прописка» әңгімесі;

11) Е. Жүніс «Менің атым -Тәуелсіздік» өлеңі;

12) Р. Ғамзатов «Ана тілі» өлеңі, «Менің Дағыстаным» әңгімесі.

34. 7-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау, әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау, кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау, көркем шығармадағы кейіпкер бейнесі, үзінділерді жатқа айту;

өңірде шығатын газет-журналдарды білу, энциклопедия ұғымын түсіну;

2) анализ және интерпретация:

шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру, эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесі, шығармадағы көркемдегіш құралдар: символ, синекдоха, эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ қолданысы, шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу;

туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктердің ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігі, эмоционалдық әсері тұрғысынан талдау, энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білу, өлкетанудың бағыттарын анықтау, өлкетанудың бағыттары бойынша электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысу;

3) бағалау және салыстыру:

кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемесі, тарихи және көркемдік құндылығын, әдеби жанр түрлерінің даму барысы, жаңашылдығы, шығарманы ұлттық құндылығы, әдеби эссе жазу, әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы сыни шолу жазу.

35. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»;

2) Орхон-Енисей ескерткіштері «Күлтегін» жыры;

3) «Қыз Жібек» жыры;

4) Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім»;

5) Ш. Қанайұлы «Зар заман»;

6) С. Аронұлы «Сүйінбай мен Қатағанның айтысы»;

8) Жамбыл Жабаев «Зілді бұйрық»;

9) М. Жұмабаев «Батыр Баян»;

10) М. Әуезов «Көксерек»;

11) Қ. Қайсенов «Жау тылындағы бала»;

12) С. Сарғасқаев «Тәмпіш қара»;

13) М. Шаханов «Нарынқұм зауалы»;

14) Медетбек Темірхан «Тәуелсізбін» өлеңі;

15) Т. Әбдіков «Қонақтар»;

16) А.С. Пушкин «Ескерткіш».

36. 8-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілер, эпилог, прологтар, әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу, көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулер, көркем шығармалардан алған үзінділерді орынды қолдану;

2) анализ және интерпретация:

композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау, автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісі, шығармадағы көркемдегіш құралдары: психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис қолданысы, автор стилі, шығармадан алған үзінділерді өңдеп, креативті жазу;

3) бағалау және салыстыру:

шығарманың тақырыбы мен идеясы, тарихи және көркемдік құндылығы, шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстыру, жаңашылдығы, шығарманың көркемдік-идеялық құндылығының гуманистік тұрғысы, әдеби эссе, шығармада жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу.

37. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Қорқыт «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр», Қорқыттың нақыл сөздері;

2) Ахмет Яссауи «Даналық кітабы»;

3) Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет» толғаулары;

4) Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»;

5) Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа» өлеңдері;

6) Ш. Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» поэмасы, «Жастарға» өлеңі;

7) М. Дулатов «Бақытсыз Жамал» романы;

8) Б. Момышұлы «Ұшқан ұя» әңгімесі;

9) Д. Исабеков «Әпке» драмасы;

10) М. Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы;

11) Т. Ахтанов «Күй аңызы» әңгімесі;

12) Ж. Сахиев «Айдағы жасырынбақ» фантастикалық әңгімесі;

13) Р. Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі.

38. 9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау, әдеби шығармадағы психологизм, көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесі, көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

2) анализ және интерпретация:

эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдар, автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөлі, шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлері, автор стилі, автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу;

3) бағалау және салыстыру:

шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстыру, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру, әдеби эссе жазу, әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдау, шағын сын мақала жазу.

39. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Ж. Баласағұн «Құтты білік»;

2) Шешендік өнер: Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері, Әнет баба «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?»;

3) Төле би «Ердің бақыты –әйел», Әйтеке би «Қасқакөл дауы», Қазыбек би «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?»;

4) Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай»;

5) «Біржан-Сара» айтысы;

6) Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай»;

7) Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны», «Мен, мен, мен едім»;

8) Ш.Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі»;

9) І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасы;

10) Б.Майлин «Шұғаның белгісі» хикаят;

11) Ғ.Мүсірепов «Ұлпан» романы;

12) Т.Айбергенов «Сағыныш», Ф.Оңғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем»;

13) Н.Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы;

14) Қажығали Мұхамбетқалиев «Тар кезең» романы.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

40. Бағдарламада «оқыту мақсаттары» сан мен әріптен тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар сәйкесінше бөлім мен бөлімшенің ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 7.2.1.2 кодында: «7» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

41. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) түсіну және жауап беру:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау	6. 1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау	8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау
2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы	5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау	6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру	7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмыстың гуманистік тұрғыдан талдау	8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу	9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау
3.Көркем	5.1.3.1	6.1.3.1	7.1.3.1	8.1.3.1	9.1.3.1

шығармадағы образ	көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу	әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау	көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау	көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу	көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау
4.Шығарма үзінділерімен жұмыс	5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	6.1.4.1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып,үзінділерді жатқа айту	8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану	9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану

2) анализ және интерпретация:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.Әдеби шығарманың композициясы	5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу	6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау	7.2.1.1 шығармадағы эпизодтармен бейнелерді салғастыру	8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау	9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау
2. Автор бейнесі	5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор	6.2.2.1 эпикалық,поэзиялық шығармала	7.2.2.1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармад	8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерле	9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистика

	бейнесін анықтау	рдағы автор бейнесін анықтау	а ғы автор бейнесін анықтау	р қарым-қатынасын ың тілдік көрінісін талдау	лық тұтастыру шы ретіндегі рөліне талдау жасау
3. Көркем шығарманың тілі	5.2.3.1 шығармад а ғы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдары ның (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағ ы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасы н анықтау	6.2.3.1 шығарма дағы көркем ауыстырул арды (троптар ды: метафора, кейіптеу, метони мия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау	7.2.3.1 шығарма дағы көркемдегі ш құралдар дың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерац ия, ассонанс, риторикал ық сұрақ) қолданысы н талдау	8.2.3.1 шығармада ғы көркемдегі ш құралдард ың (психологи я лық параллелиз м, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысы н талдай отырып, автор стилін анықтау	9.2.3.1 шығармад а ғы әдеби тілді құбылту мен айшықтау дың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру
4. Шығармашы лық жұмыс	5.2.4.1 көркем шығармад ан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу	6.2.4.1 әдеби көркемде гіш құралдар ды пайдала нып шығарма дағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін	7.2.4.1 шығарма дағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысына н дамытып жазу	8.2.4.1 шығармада н алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу	9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармаш ылық жұмыс жазу

		сипаттап жазу			

3) бағалау және салыстыру:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.Тарихи және көркемдік құндылығы	5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау	6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру	7.3.1.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру	8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалар мен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау	9.3.1.1 шығармany басқа өнер түрлерінде гі осы мазмұндас туындылар мен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
2.Заманауилығы мен жаңашылдығы	5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау	6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру	7.3.2.1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру	8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтар ды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру	9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру
3. Әдеби эссе	5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік	6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-	7.3.3.1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан	8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық	9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық

	құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	талдап, әдеби эссе жазу	құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу	тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу
4.Әдеби сын	5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу	6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау	7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу	8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу	9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілері мен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу

42. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

43. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға (оқыту қазақ тілінде) сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар (оқыту қазақ тілінде)

1) 5-сынып:

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан			

Таза, мінсіз асыл сөз	«Керқұла атты Кендебай» ертегісі, «Қобыланды батыр» жыры, Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы	Түсіну және жауап беру	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5.1.4.1 көркем шығармалар дан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
		Анализ және интерпретация	5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу
		Бағалау және салыстыру	5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау; 5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау; 5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
2-тоқсан			
«Тәрбиенің қайнар бұлағы»	Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас», Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай	Түсіну және жауап беру	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;

	Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?»		5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
		Анализ және интерпретация	5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсенісалыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу
		Бағалау және салыстыру	5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу
3-тоқсан			
Адамгершілік - асыл қасиет	А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқаншысы» өлеңі, Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты, М.Қабанбай «Бауыр» әңгімесі	Түсіну және жауап беру	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5.1.4.1көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
		Анализ және интерпретация	5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 5.2.3.1 шығармадағы тілдік

			бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу
		Бағалау және салыстыру	5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау; 5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу
4-тоқсан			
Отбасы құндылықтары	Т.Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі, Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі, Д.Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі	Түсіну және жауап беру	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау; 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
		Анализ және интерпретация	5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу; 5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау; 5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу

		Бағалау және салыстыру	5.3.1.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу

2) 6-сынып:

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан			
Туған жерім-аялы алтын бесігім	«Аяз би» ертегісі «Алып Ер Тұңға» жыры, Әл Фараби «Қашықтасың туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді», Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық»	Түсіну және жауап беру	6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6.2.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.3.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; 6.3.4.1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
		Анализ және интерпретация	6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды(троптарды : метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау; 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш

			құралдардыпайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу
		Бағалау және салыстыру	6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылықтұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау
2-тоқсан			
Абайды оқы, таңырқа!	Абай Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өленді ермек үшін", «Ғылым таппай мақтанба»,«Бірінші сөз», «Жетінші сөз», «Отыз бірінші қара сөз»	Түсіну және жауап беру	6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; 6.1.4.1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
		Анализ және интерпретация	6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; 6.2.2.1 эпикалық,поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау;

			6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау; 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдардыпайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу
		Бағалау және салыстыру	6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 6.3.3.2 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
3-тоқсан			
Мен балаң жарық күнде сәуле қуған...	С.Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы», С.Мұратбеков «Жусан иісі», О.Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат», Қалқаман Әбдіқадыров «Қажымұқан»	Түсіну және жауап беру	6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; 6.1.4.1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
		Анализ және интерпретация	6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме

			жасау; 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау; 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу
		Бағалау және салыстыру	6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 6.3.4.1шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау
Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада		Түсінужәне жауап беру	6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6.1.4.1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту

		Анализ және интерпретация	6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу
		Бағалау және салыстыру	6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру
4-тоқсан			
Тәуелсіздік-қасиет тұнған ұлы ұғым	Е.Жүніс «Менің атым - Тәуелсіздік» өлеңі, А. Алтай Прописка», Р.Ғамзатов «Ана тілі», «Менің Дағыстаным»	Түсіну және жауап беру	6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; 6.1.4.1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту
		Анализ және интерпретация	6.2.1.1 шығарма композиция-сындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау; 6.2.2.1 эпикалық,поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау; 6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды(троптарды : метафора, кейіптеу,

			метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау; 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдардыпайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу
		Бағалау және салыстыру	6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру; 6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
Өлкені сипаттау өнері		Түсіну және жауап беру	6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру
		Анализ және интерпретация	6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау; 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу

		Бағалау және салыстыру	6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу

3) 7-сынып:

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан			
Көнеден жеткен жәдігерлер	«Қыз Жібек» жыры, Орхон-Енисей ескерткіштері, «Күлтегін» жыры, Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім», Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»	Түсіну және жауап беру	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердіңтиптерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып,үзінділерді жатқа айту
		Анализ және интерпретация	7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7.2.2.1 эпикалық,поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 7.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау; 7.2.4.1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу

		Бағалау және салыстыру	7.3.1.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу
2-тоқсан			
Толғауы тоқсан қызыл тіл	Ш.Қанайұлы «Зар заман», С.Аронұлы «Сүйінбай мен Қатағанның айтысы», Жамбыл Жабаев «Зілді бұйрық»	Түсіну және жауап беру	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердіңтиптерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту
		Анализ және интерпретация	7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7.2.2.1 эпикалық,поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 7.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау; 7.2.4.1шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу
		Бағалау және салыстыру	7.3.2.1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру; 7.3.3.1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан

			талдап, әдеби эссе жазу
3-тоқсан			
Балалар мен үлкендер	М.Жұмабаев «Батыр Баян», М.Әуезов «Көксерек», Қ. Қайсенов «Жау тылындағы бала», С.Сарғасқаев «Тәмпіш қара»	Түсіну және жауап беру	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердіңтиптерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту
		Анализ және интерпретация	7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7.2.2.1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 7.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау; 7.2.4.1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу
		Бағалау және салыстыру	7.3.2.1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру; 7.3.3.1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу
Туған өлке публицистика беттерінде		Түсіну және жауап беру	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау;

			7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау
		Анализ және интерпретация	7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7.2.4.1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу
		Бағалау және салыстыру	7.3.1.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 7.3.2.1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру
4-тоқсан			
Ұрпақ тәрбиесі	М.Шаханов «Нарынқұм зауалы», Медетбек Темірхан «Тәуелсізбін» өлеңі, Т.Әбдіков «Қонақтар», А.С.Пушкин «Ескерткіш»	Түсіну және жауап беру	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7.1.2.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау; 7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау; 7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту
		Анализ және интерпретация	7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру; 7.2.2.1 эпикалық,поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау; 7.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық

			сұрақ) қолданысын талдау; 7.2.4.1 шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу
		Бағалау және салыстыру	7.3.3.1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу; 7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу
«Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы		Түсіну және жауап беру	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау; 7.12.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау
		Анализ және интерпретация	7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру
		Бағалау және салыстыру	7.3.2.1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру; 7.3.4.1 электронды энциклопедияның эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу

4) 8-сынып:

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан			
Дананың сөзі – ақылдың көзі	Қорқыт «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр», Қорқыттың нақыл сөздері,	Түсіну және жауап беру	8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8.1.3.1 көркем шығармадағы

	Ахмет Йассауи «Даналық кітабы», Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет», Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»		кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; 8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану
		Анализ және интерпретация	8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; 8.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау; 8.2.4.1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу
		Бағалау және салыстыру	8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 8.3.3.1 шығарманың көркемдік- идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу
2-тоқсан			
Көркем әдебиет және эпикалық сарын	Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа», Ш.Құдайбердіұлы «Еңлік- Кебек»	Түсіну және жауап беру	8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау;

	поэмасы, «Жастарға» өлеңі		8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу; 8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану
		Анализ және интерпретация	8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; 8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; 8.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау; 8.2.4.1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу
		Бағалау және салыстыру	8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу
3-тоқсан			
		Түсіну және жауап беру	8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты

Махаббат және абырой	М.Дулатов «Бақытсыз Жамал» романы, Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» әңгімесі, Д.Исабеков «Әпке» драмасы, М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы		сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау; 8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу
		Анализ және интерпретация	8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшеккке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; 8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; 8.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау
		Бағалау және салыстыру	8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу
4-тоқсан			

Қиял мен шындық	Т.Ахтанов «Күй аңызы» әңгімесі, Ж.Сахиев «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» фантастикалық әңгімелері, Р.Мұқанова «Мәңгілік бала бейне»	Түсіну және жауап беру	8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау; 8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; 8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану
		Анализ және интерпретация	8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; 8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау; 8.2.4.1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу
		Бағалау және салыстыру	8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу

5) 9-сынып:

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Сөйлеу қызметінің түрлері	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті

жоспардың бөлімдері			
1-тоқсан			
Атадан қалған асыл сөз	Ж. Баласағұн «Құтты білік», Шешендік өнер: Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері, Әнет баба «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?», Төле би «Ердің бақыты –әйел», Әйтеке би «Қасқакөл дауы», Қазыбек би «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?», Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Біржан-Сара» айтысы	Түсіну және жауап беру	9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
		Анализ және интерпретация	9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу
		Бағалау және салыстыру	9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сыни мақала жазу

2-тоқсан			
Тарихи шындық пен көркемдік шешім	Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай», Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны», «Мен, мен, мен едім», Ш.Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі»	Түсіну және жауап беру	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
		Анализ және интерпретация	9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу
		Бағалау және салыстыру	9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу
3-тоқсан			
Адам жанының құпиясы	І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасы, Б.Майлин «Шұғаның белгісі» хикаяты, Ғ.Мүсірепов «Ұлпан» романы,	Түсіну және жауап беру	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау;

	Т.Айбергенов «Сағыныш», Ф.Оңғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем»		9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
		Анализ және интерпретация	9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру
		Бағалау және салыстыру	9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сыни мақала жазу
4-тоқсан			
Мәңгілік Ел – мәңгілік мұрат	Н.Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы, Қ.Мұхамбетқалиев «Тар кезең» романы	Түсіну және жауап беру	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған

			үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
		Анализ және интерпретация	9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу
		Бағалау және салыстыру	9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
37 -қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Қазақ тілі пәнін оқыту мақсаты – мемлекеттік тілді қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, шығармашылыққа үйрету, ең бастысы, орта мектепке сай лингвистикалық білім беру.

3. «Қазақ тілі» оқу пәнін тереңдетіп оқытудың негізгі міндеттері:

1) қазақ тілін Қазақстан Республикасының аумағында қоғамның барлық салаларында еркін қолдана білуі үшін білім алушының коммуникативтік дағдыларын жетілдіру, еркін сөйлеуге және сауатты жазуға үйрету;

2) мәтіннің типтерін, стилін, жанрын тану үшін мәтінді құрайтын барлық тілдік құралдарды, синтаксистік құрылымдарды, лексикалық бірліктерді, сөздің дыбыстық және морфемдік құрамын тануға үйрету;

3) ауызша және жазбаша мәтінтудыру дағдыларын жетілдіру үшін орфоэпия және орфография нормаларын білу, сөйлеу мәдениетін және шешендік өнерді меңгеру, түрлі стильдер мен жанрларда мәтінтудырудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру;

4) мәтіндерге қойылған мақсатқа сәйкес қорытынды синтез, анализ жасау, бағалау дағыларын қалыптастыру.

2-тарау. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұны

4. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 108 сағат;

2) 6-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 108 сағат;

3) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 108 сағат;

4) 8-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 144 сағат;

5) 9-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 144 сағат.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді.

5. Оқу мақсаттары қазақ тілін ғылыми пән ретінде оқитын білім алушыларға мәтінтану мен мәтінтудыру дағдыларын жетілдіру арқылы өмірге қажет функционалды білім беруді көздейді. Мұның өзі орта мектеп деңгейіне сай лингвистикалық білім алуға негізделеді.

Оқу мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1) мәтінтану: тыңдау және оқу арқылы мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ойды таба білу, мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу, әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпаратты алумен қатар, мәтіннің стилі мен жанрын, мәтіннің типтерін және әр типке тиісті қолданылатын тілдік құралдарын ажырата білуден тұрады;

2) мәтінтудыру: мәтіннің мазмұнын айту кезінде орфоэпиялық нормаларды сақтаудан бастап, тіл мәдениетінің талаптарын орындай отырып, шешен сөйлеу деңгейіне жетуді көздейді. Орфографияжәне пунктуация талаптарын сақтай отырып, барлық стильдер мен жанрларда мәтін жаза алу арқылы мәтінтудыру дағдысын жетілдіруді көздейді;

3) әдеби тіл нормалары: айту және жазу әрекеті кезінде лексика-грамматикалық нормаларды, оның ережелерін және ерекшеліктерін қатаң сақтауды үйретуді көздейді.

6. «Мәтінтану» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мәтіннің мазмұнын тану;

2) мәтіннің стилі мен жанрын тану.

7. «Мәтінтудыру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ауызекі сөйлеу және көркем әдебиет стильдерінде мәтінтудыру;

2) ауызекі және көркем әдебиет стилінде ауызша сөйлеу;

3) ресми стильде мәтінтудыру, сөйлеу;

4) публицистикалық стильде мәтінтудыру, сөйлеу;

5) ғылыми стильде мәтінтудыру, сөйлеу.

8. «Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) лексика-грамматикалық норма;

2) орфографиялық норма;

3) орфоэпиялық норма;

4) пунктуациялық норма.

9. 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) мәтінтану:

оқылым стратегияларын қолданып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; тыңдалым мәтіні бойынша тірек сөздер мен жетекші сұрақтар құрастыру; мәтін құрылымын сақтай отырып жоспар құру; мәтінде баяндалған оқиғаның себебі мен мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау; мәтіндегі шешімге пікір білдіру, балама шешімдер ұсыну; мәтіннен ауызекі сөйлеу стиліне тән элементтерді ажырата білу; мәтіннен ауызекі сөйлеу және жазба тілдердің стильдік айырмашылықтарын тану; ауызекі сөйлеу стиліне тән тілдік ерекшеліктерді тану және талдау;

2) мәтінтудыру:

әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, суреттер бойынша сипаттау мәтінін жазу; ауызекі сөйлеу үлгілері кездесетін сипаттау, баяндау мәтіндерін жазу дағдыларын қалыптастыру; сәлемдесу, танысу, рұқсат сұрау, қоштасу кезінде ұлттық этикетті сақтау; берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (құттықтау хат, хабарлама хат) мәтін жазу; өзін және қоршаған ортаны таныстырумәтінін сөйлеу нормасына сай құрап айту; мәтіндегі негізгі ойды айқындап, жинақы мәтін жазу дағдысын қалыптастыру; әдеби тіл нормалары бойынша өз бетінше ереже, анықтама құрап жазу, ойын ауызша дәлелдеу;

3) әдеби тіл нормаларын сақтау:

лексика-грамматикалық норма: сөз таптары (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) және олардың мағыналық түрлерін ажырату; есім сөздердің түрленуін анықтау; сөз таптарына (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) морфологиялық талдау жасау; қазақ тілінің дыбыстық жүйесін білу, фонетикалық талдау жасау; сөз мағыналарын ажырата білу, лексикалық талдау жасау; сөйлемнің айтылу сазы мен мақсатына қарай түрлерін ажырату, синтаксистік талдау жасау;

айтылым-жазылым нормалары:

орфографиялық норма: әріптердің емлесі, түбір сөздердің сақталуы мен қосымшалардың жалғануын ескере отырып, терме диктантын жазу;

пунктуациялық норма: сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін білу;

орфоэпиялық норма: сөздердің жуан, жіңішке үндесімі мен қосымша жалғану кезіндегі айтылым нормаларын сақтау.

10. 6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) мәтінтану:

		Лексика-грамматикалық норма	7.3.1.1 атауыш және көмекші сөздерді ажырату; 7.3.1.5 сөздердің түпкі және туынды

ЖОБА

			мағынасын ажырата білу, лексикалық талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	7.3.2.2 сөйлем соңына қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді білу

3) 8-сынып:

Лексикалық бөлім	Әдеби тіл нормалары	Білім алу әрекетінің түрлері	Білім алушылар білуге тиісті оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Фонетика			
«Тілге жеңіл, құлаққа жылы тиіп...» («Әдебиет танытқыш» еңбегімен жұмыс)	1.1 Қазақ фонетикасы 1.2 Дауысты дыбыстар 1.3 Кірме әріптердің дыбыс мәні 1.4 Құранды дауысты дыбыстар 1.5 Дауыссыз дыбыстар 1.6 Дауыссыз дыбыстардың жіктелімі 1.7 Қазақ тілі дыбыстарының түрленімі 1.8 Қазақ тілі дыбыстарының естілімі 1.9 Фонологиялық талдау үлгісі	Мәтінтану	8.1.1.1 оқылым стратегияла рын қолданып, талдап оқу; 8.1.1.2 тыңдалым мәтіні бойынша альтернативті сұрақтар құрастыру; 8.1.2.1 ресми стильдің қызметі мен өзіне тән рәсімделу үлгілерін білу
		Мәтінтудыру	8.2.1.1 берілген тақырыптардың бірін таңдап, пайымдау мәтінін жазу; 8.2.1.2 көркем мәтін стилінің тілдік ерекшеліктерін сақтап, түрлі жанрларда мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру
		Лексика-грамматикалық норма	8.3.1.4 сөз арасындағы дыбыстық өзгерістерді ажырата білу
		Айтылым-жазылым нормалары	8.3.2.1 дыбыстардың түрленімі, құранды дауысты дыбыстар, буын жігі және тасымал, күрделі

ЖОБА

			атаулар мен қысқарған сөздер емлесі
2. Сөз мағынасы			
Қазақтың айтыс өнері (түрлі тақырыптардағы кешегі, бүгінгі айтыс үлгілері)	2.1 Омонимдердің жасалу жолдары 2.2 Омонимдердің түрлері 2.3 Синонимдер және олардың жасалу жолдары 2.4 Синонимдердің түрлері 2.5 Антонимдер және олардың грамматикалық сипаты 2.6 Антонимдердің түрлері 2.7 Табу, түрлері 2.8 Эвфемизмдер: жасалу жолдары 2.9 Фразеологизмдер 2.10 Мақал-мәтелдер	Мәтінтану	8.1.1.3 тақырыбы ұқсас әртүрлі стильдегі мәтіндердің түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау, пайымдау) салыстыра талдау; 8.1.2.2 ресми стильге тән жанрларды ажырата білу
		Мәтінтудыру	8.2.1.3 ауызша сөйлеу және өлең оқу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сақтау; 8.2.2.1 берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (алғыс хат, сұраныс хат) мәтін жазу
		Лексика-грамматикалық норма	8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	8.3.2.3 сөйлеу ішіндегі сөз арасындағы дыбыс өзгерістерінің орфоэпиялық нормаларын сақтау
2-тоқсан			
3. Ұлттық этикет			
«Жақсы сөз жан семіртеді» (ӘТН-де берілген тақырыптарға байланысты диалог, монолог түріндегі мәтіндер)	3.1 Сәлемдесу этикеті 3.2 Қаратпа сөздерді қолданудың этикеті 3.3 Рұқсат сұрау этикеті	Мәтінтану	8.1.1.4 мәтіннің коммуникациялық табиғатына талдау жасау арқылы негізгі ойды анықтау; 8.1.2.3 ресми іс-қағаздар стиліне тән тілдік ерекшеліктерді тану және талдау

ЖОБА

	3.4 Алғыс айту этикеті 3.5 Құттықтау үлгілері 3.6 Өтініш айту этикеті 3.7 Танысу этикеті 3.8 Қоштасу этикеті	Мәтінтудыру	8.2.3.1 публицистикалық стильге тән ерекшеліктерді сақтай отырып, көпшілік алдында оқуға арналған үндеу, уағыз, үгіт-насихат мәтіндерін құрастыру; 8.2.4.1 берілген тақырып бойынша презентация дайындау және оны көпшілік алдында қорғау
		Лексика-грамматикалық норма	8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау
4. Қимылдың өту сипаты			
Алғашқы махаббат (Қожа мен Жанардың балалық махаббаты, халық ауыз әдебиетіндегі махаббат үлгілері)	4.1 Қимылдың қайталануы 4.2 Қимылдың тез, бірден жасалуы 4.3 Қимылдың күтпеген жерден, кенеттен болуы 4.4 Қимылдың ықылассыз, ынтасыз жасалуы 4.5 Қимылдың созылыңқы тәсілі 4.6 Көмекші етістіктер 4.7 Еді, екен көмекші етістіктерінің қолданысы 4.8 Отыр, тұр, жатыр, жүр етістіктерінің көмекші естістік формасында қолданылуы	Мәтінтану	8.1.1.5 мәтінді ақпараттың өзектілігі мен құндылығы тұрғысынан бағалау; 8.1.2.1 ресми стильдің қызметі мен өзіне тән рәсімделу үлгілерін білу
		Мәтінтудыру	8.2.1.1 берілген тақырыптардың бірін таңдап, пайымдау мәтінін жазу; 8.2.3.2 автордың негізгі ойын сақтай отырып, сұхбат құрастыру
		Лексика-грамматикалық норма	8.3.1.5 етістіктерді лексика-грамматикалық топтарға ажырата білу, лексикалық мағынасын ашу
		Айтылым-жазылым нормалары	8.3.2.1 дыбыстардың түрленімі, құранды дауысты дыбыстар, буын жігі және

ЖОБА

			тасымал, күрделі атаулар мен қысқарған сөздер емлесі
3-тоқсан			
5. Еліктеу және оқшау сөздер			
Ауызекі сөйлеу стилі (ӘТН-де көрсетілген тілдік құралдары бар ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтіндер)	5.1 Еліктеу сөздердің түрлері. Еліктеуіш сөздер 5.2 Бейнелеуіш сөздер 5.3 Еліктеу сөздердің емлесі 5.4 Оқшау сөздер: одағай 5.5 Одағайдың түрлері: көңіл-күй одағайлары 5.6 Жекіру және шақыру одағайлары 5.7 Одағайдың емлесі 5.8. Қаратпа сөздер 5.9 Қаратпа сөздің емлесі 5.10 Қыстырма сөздер 5.11 Қыстырма сөздердің емлесі 5.12 Абай туындыларындағы оқшау сөздер	Мәтінтану	8.1.1.1 оқылым стратегияларын қолданып, талдап оқу; 8.1.2.2 ресми стильге тән жанрларды ажырата білу
		Мәтінтудыру	8.2.1.2 көркем мәтін стилінің тілдік ерекшеліктерін сақтап, түрлі жанрларда мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру; 8.2.1.3 ауызша сөйлеу және өлең оқу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сақтау
		Лексика-грамматикалық норма	8.3.1.1 сөз таптары (одағай, еліктеу, оқшау сөздер) және оның мағыналық түрлерін ажырату; 8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	8.3.2.2 сөйлем ішіне қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді білу
6. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері			
Ұлы дала өркениеті (кәсібі, тұрмысы, мемлекеттік құрылымы, қорғану тәсілдері)	6.1 Сөйлемнің бірыңғай мүшелері 6.2 Зат есімнен болған бірыңғай мүшелердің қызметі	Мәтінтану	8.1.1.2 тыңдалым мәтіні бойынша альтернативті сұрақтар құрастыру; 8.1.2.3 ресми іс-қағазда стиліне тән

ЖОБА

	6.3 Етістіктен болған бірыңғай мүшелердің қызметі 6.4 Сын есімнен болған бірыңғай мүшелердің қызметі 6.5 Сан есімнен болған бірыңғай мүшелердің қызметі 6.6 Сөйлемнің үйірлі мүшелері 6.7 Айқындауыш мүшелер		тілдік ерекшеліктерді тану және талдау
		Мәтінтудыру	8.2.2.1 берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (алғыс хат, сұраныс хат) мәтін жазу; 8.2.3.1 публицистикалық стильге тән ерекшеліктерді сақтай отырып, көпшілік алдында оқуға арналған үндеу, уағыз, үгіт-насихат мәтіндерін құрастыру
		Лексика-грамматикалық норма	8.3.1.2 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін тану; 8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	8.3.2.2 сөйлем ішіне қабаттаса қойылатын тыныс белгілерді білу
8. Жазу нормалары			
Өркениет көрсеткіші – жазу (жазудың тарихы, бүгінгі латын әліпбиіне дейінгі қазақ жазуының тарихына қатысты мәтіндер)	7.1 Орфографиялық сөздіктер 7.2 Орфографиясы қиын сөздер 7.3 Жиі кездесетін орфографиялық қателер 7.4 Орфографиялық принциптер 7.5. Фонетикалық принцип 7.6 Морфологиялық принцип 7.7 Тарихи-дәстүрлі принцип	Мәтінтану	8.1.1.3 тақырыбы ұқсас әртүрлі стильдегі мәтіндердің түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау, пайымдау) салыстыра талдау; 8.1.2.1 ресми стильдің қызметі мен өзіне тән рәсімделу үлгілерін білу
		Мәтінтудыру	8.2.3.2 автордың негізгі ойын сақтай отырып, сұхбат құрастыру; 8.2.4.1 берілген тақырып бойынша презентация дайындау

ЖОБА

			және оны көпшілік алдында қорғау
		Лексика-грамматикалық норма	8.3.1.3 сөз таптарына (еліктеу, одағай, оқшау сөздер) морфологиялық талдау жасау; 8.3.1.4 сөз арасындағы дыбыстық өзгерістерді ажырата білу
		Айтылым-жазылым нормалары	8.3.2.1 дыбыстардың түрленімі, құранды дауысты дыбыстар, буын жігі және тасымал, күрделі атаулар мен қысқарған сөздер емлесі
4-тоқсан			
8. Сөз таптарының сөйлемдегі қызметі			
Саяхат және туризм (түрлі стильдегі және жанрлардағы көрсетілген тақырыпқа қатысты мәтіндер)	8.1 Зат есімнің сөйлемдегі қызметі 8.2 Сын есімнің сөйлемдегі қызметі 8.3 Сан есімнің сөйлемдегі қызметі 8.4 Етістіктің сөйлемдегі қызметі 8.5 Есімшенің сөйлемдегі қызметі 8.6 Көсемшенің сөйлемдегі қызметі 8.7 Есімдіктің сөйлемдегі қызметі 8.8 Үстеудің сөйлемдегі қызметі 8.9 Еліктеу сөздердің сөйлемдегі қызметі 8.10 Сөйлем мүшесі бола алмайтын сөз таптары	Мәтінтану	8.1.1.4 мәтіннің коммуникациялық табиғатына талдау жасау арқылы негізгі ойды анықтау; 8.1.2.2 ресми стильге тән жанрларды ажырата білу
		Мәтінтудыру	8.2.1.1 берілген тақырыптардың бірін таңдап, пайымдау мәтінін жазу; 8.2.1.2 көркем мәтін стилінің тілдік ерекшеліктерін сақтап, түрлі жанрларда мәтін тудыру дағдыларын қалыптастыру
		Лексика-грамматикалық норма	8.3.1.2 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін тану

		Айтылым-жазылым нормалары	8.3.2.3 сөйлеу ішіндегі сөз арасындағы дыбыс өзгерістерінің орфоэпиялық нормаларын сақтау
9. Сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері			
Алаш арыстары (А.Байтұрсынұлынан бастап, тілге қатысты еңбектері бар тұлғалар туралы мәтіндер)	9.1 Сөздердің байланысу тәсілдері 9.2 Есімді және етістікті сөз тіркестері 9.3 Сөздердің байланысу түрлері 9.4 Қиысу (сөйлемге тән) 9.5 Жанасу (сөйлемге тән) 9.6 Матасу 9.7 Қабысу 9.8 Меңгеру 9.9 Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері 9.10 Матаса және меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері	Мәтінтану	8.1.1.5 мәтінді ақпараттың өзектілігі мен құндылығы тұрғысынан бағалау; 8.1.2.3 ресми іс-қағаздар стиліне тән тілдік ерекшеліктерді тану және талдау
		Мәтінтудыру	8.2.1.3 ауызша сөйлеу және өлең оқу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сақтау; 8.2.2.1 берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (алғыс хат, сұраныс хат) мәтін жазу
		Лексика-грамматикалық норма	8.3.1.6 сөз тіркесінің сөйлемдегі байланысу тәсілдері мен түрлерін ажырата білу, синтаксистік талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	8.3.2.3 сөйлеу ішіндегі сөз арасындағы дыбыс өзгерістерінің орфоэпиялық нормаларын сақтау

5) 9-сынып:

Лексикалық бөлім	Әдеби тіл нормалары	Білім алу әрекетінің түрлері	Білім алушылар білуге тиісті оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Ұғым			
«Сөздің түбін сөз табар» (жеке	1.1 Ұғымдық мағына	Мәтінтану	9.1.1.1 белгілі мақсат үшін оқылым

ЖОБА

сөздердің мағынасын ашу, мәдени код, мәдени лексика, аялық білім)	1.2 Сөздік мағына 1.3 Тілдік мағына 1.4 Лексикалық мағынаның құрамдас бөліктері 1.5 Сөз. Сөзге тән белгілер. Сөздің қызметі 1.6 Сөз варианттары 1.7 Сөз мағынасының кеңеюі 1.8 Сөз мағынасының тарылуы 1.9 Сөз мағынасының ауысуы 1.10 Сөздің лексикалық мағынасының түрлері (типтері)		стратегияла рын тиімді қолдана білу; 9.1.1.2 тыңдалым мәтіні бойынша сократтық сұрақтар құрастыру; 9.1.2.1 ресми стиль мен ғылыми стильдің өзіне тән ерекшеліктерін салыстыру
		Мәтінтудыру	9.2.1.1 берілген шығарманы талқылап, сыни мәтін тудыру; 9.2.1.2 түрлі жанрларда көркем мәтін тудыру кезінде пайымдау және қорытындылау дағдыларын қалыптастыру
		Лексика-грамматикалық норма	9.3.1.2 грамматикалық ұғымдарды (форма, мағына, категория) ажырату; 9.3.1.5 сөз мағынасының түрлері және оларды типтендіре білу, лексикалық талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	9.3.2.1 кірме сөздердің игерілген және игерілмеген түрлерін жазу ережелерін және жалпы қазақ тілінің емле ережелерін сақтау; 9.3.2.3 сөйлемді ырғақты топтарға бөліп, сөйлеу сазын сақтап айту дағдыларын жетілдіру
2. Синтаксистік қатынастар			
«Бақыт деген - сенің бала күндерің» (бақыт жайлы пәлсапалық	2.1. Анықтауыштық қатынас 2.2 Толықтауыштың қатынас	Мәтінтану	9.1.1.3 мәтіннің мағыналық құрылымын қамтамасыз ететін талаптарына талдау жасау (байланыстылық,

ЖОБА

ойлардан бастап, М.Мақатаев өлеңдеріне дейін ...)	2.3 Пысықтауыштық қатынас 2.4 Мезгілдік қатынастың берілуі 2.5 Қазақ тіліндегі кеңістіктік қатынастың берілуі		бүтіндік, қисындылық, ақпараттылық); 9.1.2.2 мәтіннің құрылымы мен рәсімделуі арқылы ғылыми стильге тән жанрлық ерекшеліктерін ажырату
		Мәтінтудыру	9.2.1.3 сөздің композициясын, сөйлеу техникасын, сөз өнерін игеру дағдыларын жетілдіру; 9.2.2.1 берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (заң баптарын құрастыру) мәтін жазу
		Лексика-грамматикалық норма	9.3.1.3 мәтіндегі барлық сөздердің морфологиялық құрамын білу, барлық сөз таптарына морфологиялық талдау жасау; 9.3.1.4 сөйлемдерді сөз сазына қарай ырғақтық топтарға бөлу
2-тоқсан			
3. Шешен сөйлеу			
«Сөйлей-сөйлей шешен боларсың» (кешегі және бүгінгі шешендік сөз үлгілері)	3.1 Шешендік сөз табиғаты 3.2 Шешендік сөзге қойылатын талаптар 3.3 Шешендік сөздің көріктеуіш құралдары 3.4 Шешеннің өзін ұстау әдебі мен мәдениеті 3.5 Пікірталас. 3.6 Пікірталас мәдениеті	Мәтінтану	9.1.1.4 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 9.1.2.3. ғылыми стильге тән ерекшеліктерді білу және қолдану
		Мәтінтудыру	9.2.3.1 көпшілік алдында сөйлеу техникасын жетілдіру, келтірген фактілерге сендіру қабілетін және суырыпсалма өнерін, ділмарлықты жетілдіру;

ЖОБА

	3.7 Пікірталас түрлері 3.8 Көсемсөзге қойлатын талаптар		9.2.3.2 берілген тақырыпта салыстыру, дәлелдеу эссесін жазу
		Лексика-грамматикалық норма	9.3.1.5 сөз мағынасының түрлері және оларды типтендіре білу, лексикалық талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	9.3.2.3 сөйлемді ырғақты топтарға бөліп, сөйлеу сазын сақтап айту дағдыларын жетілдіру
4. Сөйлем түрлері			
«Дос – ажарың, жолдас – базарың» (достықтың үлгілері, деңгейі, М. Шахановтың «Достық өлкесінің заңы» өлеңі, халық ауыз әдебиетіндегі достық үлгілері)	4.1 Сөйлемнің құрылысына қарай түрлері 4.2 Жай сөйлем 4.3 Жалаң және жайылма сөйлем 4.4 Жақты және жақсыз сөйлем 4.5 Болымды және болымсыз сөйлем 4.6 Есімді және етістікті сөйлем 4.7 Толымды және толымсыз сөйлем 4.8 Атаулы сөйлем 4.9 Қазақ сөйлемдерінің жіктелуі 4.10 Жай сөйлем емлесі 4.11 Сөйлем соңында қабаттаса келетін тыныс белгілер	Мәтінтану	9.1.1.5 проблемалық мәтіннің мазмұнын сыни тұрғыдан бағалау, оны шешу жөнінде өз болжамын айту; 9.1.2.1 ресми стиль мен ғылыми стильдің өзіне тән ерекшеліктерін салыстыру
		Мәтінтудыру	9.2.1.1 берілген шығарманы талқылап, сыни мәтін тудыру; 9.2.4.1 терминдер мен кәсіби сөздерді қолданып ғылыми жұмыс жазу және қорғау
		Лексика-грамматикалық норма	9.3.1.6 сөйлемнің құрылымдық, мағыналық түрлерін білу, сөйлемдерге сатылай кешенді синтаксистік талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	9.3.2.2 тыныс белгілердің қойылым ұстанымдарын (мағыналық, грамматикалық, интонациялық) білу
3-тоқсан			
5. Жай сөйлем синтаксисі			

ЖОБА

Ресми іс-қағаздар стилі (өтініш, түсініктеме, қолхат, хабарлау ...)	5.1 Жалаң, жайылма сөйлемдердің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері 5.2 Екі құрамды жалаң сөйлем 5.3 Екі негізді жайылма сөйлемдер 5.4 Екі толықтауышы бар екі құрамды сөйлем 5.5 Бастауыштың берілуі. Бастауыштың сөз тіркесі арқылы берілуі. Баяндауыштың бастауышпен қиысуы 5.6 Баяндауыштың берілуі. Етістік баяндауыш. 5.7 Етістікті күрделі баяндауыш 5.8 Етістікті күрделі баяндауыш құрамында көмекшілік қызмет атқаратын етістіктер 5.9 Есімді күрделі баяндауыш 5.10 Құрама баяндауыштың есім бөлігі	Мәтінтану	9.1.1.1 белгілі мақсат үшін оқылым стратегияла рын тиімді қолдана білу; 9.1.2.2 мәтіннің құрылымы мен рәсімделуі арқылы ғылыми стильге тән жанрлық ерекшеліктерін ажырату
		Мәтінтудыру	9.2.1.2 түрлі жанрларда көркем мәтін тудыру кезінде пайымдау және қорытындылау дағдыларын қалыптастыру; 9.2.1.3 сөздің композициясын, сөйлеу техникасын, сөз өнерін игеру дағдыларын жетілдіру
		Лексика-грамматикалық норма	9.3.1.1 сөз таптары және оның мағыналық түрлерін ажырату; 9.3.1.3 мәтіндегі барлық сөздердің морфологиялық құрамын білу, барлық сөз таптарына морфологиялық талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	9.3.2.1 кірме сөздердің игерілген және игерілмеген түрлерін жазу ережелерін және жалпы қазақ тілінің емле ережелерін сақтау; 9.3.2.3 сөйлемді ырғақты топтарға бөліп, сөйлеу сазын сақтап айту дағдыларын жетілдіру
6. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары			

ЖОБА

Қазақ тілінің бүгінгі ахуалы (тіл саясаты әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу, қазақ тіліне қатысты заңдар...)	6.1 Салалас құрмалас сөйлем 6.2 Сабақтас құрамалас сөйлем 6.3 Құрмаластың көпқұрамды түрлері. Көпқұрамды салалас құрмалас сөйлемдер 6.4. Көпбағыныңқылы сабақтастар 6.5 Аралас құрмалас сөйлем	Мәтінтану	9.1.1.2 тыңдалым мәтіні бойынша сократтық сұрақтар құрастыру; 9.1.1.3 мәтіннің мағыналық құрылымын қамтамасыз ететін талаптарына талдау жасау (байланыстылық, бүтіндік, қисындылық, ақпараттылық); 9.1.2.3. ғылыми стильге тән ерекшеліктерді білу және қолдану
		Мәтінтудыру	9.2.2.1 берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (заң баптарын құрастыру) мәтін жазу; 9.2.3.1 көпшілік алдында сөйлеу техникасын жетілдіру, келтірген фактілерге сендіру қабілетін және суырыпсалма өнерін, ділмарлықты жетілдіру
		Лексика-грамматикалық норма	9.3.1.5 сөз мағынасының түрлері және оларды типтендіре білу, лексикалық талдау жасау; 9.3.1.6 сөйлемнің құрылымдық, мағыналық түрлерін білу, сөйлемдерге сатылай кешенді синтаксистік талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	9.3.2.2 тыныс белгілердің қойылым ұстанымдарын (мағыналық, грамматикалық, интонациялық) білу
7. Құрмалас сөйлемнің түрлері			
«Мен қазақ қыздарына қайран қалам»	7.1 Қарсылықты білдіретін	Мәтінтану	9.1.1.4 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік)

ЖОБА

(кешегі және бүгінгі қазақ қыздары, гендерлік саясат, ұлттық тәрбие, қызға қырық үйден тыю)	құрмалас сөйлемдер 7.2 Мезгілді білдіретін құрмалас сөйлемдер 7.3 Себепті білдіретін құрмалас сөйлемдер 7.4 Мақсатты білдіретін құрмалас сөйлемдер 7.5 Шартты білдіретін құрмалас сөйлемдер		талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 9.1.2.1 ресми стиль мен ғылыми стильдің өзіне тән ерекшеліктерін салыстыру
		Мәтінтудыру	9.2.3.2 берілген тақырыпта салыстыру, дәлелдеу эссесін жазу; 9.2.4.1 терминдер мен кәсіби сөздерді қолданып ғылыми жұмыс жазу және қорғау
		Лексика-грамматикалық норма	9.3.1.6 сөйлемнің құрылымдық, мағыналық түрлерін білу, сөйлемдерге сатылай кешенді синтаксистік талдау жасау
		Айтылым-жазылым нормалары	9.3.2.1 кірме сөздердің игерілген және игерілмеген түрлерін жазу ережелерін және жалпы қазақ тілінің емле ережелерін сақтау; 9.3.2.3 сөйлемді ырғақты топтарға бөліп, сөйлеу сазын сақтап айту дағдыларын жетілдіру
4-тоқсан			
8. Сөйлем талдау			
Кәсіпкерліктің бастаулары (кәсіп ашудың негіздері, нарықтық қатынас, мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындар)	8.1 Сөйлем талдаудың мақсаты 8.2 Фонетикалық/ фонологиялық талдау 8.3Лексикалық талдау 8.4 Сөзжасамдық/ морфологиялық талдау	Мәтінтану	9.1.1.5 проблемалық мәтіннің мазмұнын сыни тұрғыдан бағалау, оны шешу жөнінде өз болжамын айту; 9.1.2.2 мәтіннің құрылымы мен рәсімделуі арқылы ғылыми стильге тән жанрлық ерекшеліктерін ажырату

ЖОБА

	8.5 Синтаксистік талдау 8.6 Сатылай-кешенді талдау	Мәтінтудыру	9.2.1.1 берілген шығарманы талқылап, сыни мәтін тудыру; 9.2.1.2 түрлі жанрларда көркем мәтін тудыру кезінде пайымдау және қорытындылау дағдыларын қалыптастыру
		Лексика-грамматикалық норма	9.3.1.3 мәтіндегі барлық сөздердің морфологиялық құрамын білу, барлық сөз таптарына морфологиялық талдау жасау; 9.3.1.6 сөйлемнің құрылымдық, мағыналық түрлерін білу, сөйлемдерге сатылай кешенді синтаксистік талдау жасау
9. Пунктуация			
«Мен жастарға сенемін» (қазақ елінің тарихындағы еңбегі елге үлгі болған жастар)	9.1 Сөйлем соңында келетін тыныс белгілер. Нүкте 9.2 Сұрақ белгісі 9.3 Леп белгісі 9.4 Сөйлемнің ішінде келетін тыныс белгілер. Нүктелі үтір 9.5 Үтір 9.6 Сызықша (дефис) 9.7 Қос нүкте және жақша 9.8 Қабаттаса қойылатын тыныс белгілер 9.9 Түрлі позицияда келетін тыныс белгілер. Көп нүкте 9.10 Сызықша (тире)	Мәтінтану	9.1.1.3 мәтіннің мағыналық құрылымын қамтамасыз ететін талаптарына талдау жасау (байланыстылық, бүтіндік, қисындылық, ақпараттылық; 9.1.2.3. ғылыми стильге тән ерекшеліктерді білу және қолдану
		Мәтінтудыру	9.2.1.3 сөздің композициясын, сөйлеу техникасын, сөз өнерін игеру дағдыларын жетілдіру; 9.2.2.1 берілген үлгі бойынша іс-қағаздар стилінде (заң баптарын құрастыру) мәтін жазу
		Лексика-грамматикалық норма	9.3.1.4 сөйлемдерді сөз сазына қарай ырғақтық топтарға бөлу

ЖОБА

	9.11 Тырнақша	Айтылым-жазылым нормалары	9.3.2.2 тыныс белгілердің қойылым ұстанымдарын (мағыналық, грамматикалық, интонациялық) білу

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
38-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын қоғамдық -гуманитарлық бағытындағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы
(оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Қазақ әдебиеті пәні бағдарламасының басты бағыты – білім алушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерін дамыту, коммуникативті құзыреттіліктерін жетілдіру, өздігінен және үздіксіз білім алуға жұмылдыру, алған білім негіздерін өмірлік жағдайларда қолдана білетін жеке тұлға қалыптастыру. Қазақ әдебиеті пәні арқылы білім алушылардың оқырмандық мәдениетін жетілдіру, қазақ халқының әдеби мұралары туралы жүйелі білім беру, әдеби-эстетикалық талғамдарын, ізгілік және іскерлік құндылықтарын дамыту көзделеді. Сондай-ақ бағдарлама әдеби шығармалардың идеялық мазмұны, композициялық құрылым жүйесі, сөз қолданысы, стилі, жанрлық сипатын әдеби-теориялық ұғымдармен сіңіріп, әдеби шығарманы ұлттық, көркем-эстетикалық құндылық ретінде білім алушылардың бағалай алу құзіретін қалыптастыруға бағытталған. Адамзаттың мәңгілік сұрақтары, қазіргі заманғы диллемалар, көп қырлы мәселелер қарастырылады, білім алушылардың ой-пайымдарын шығармашылық жұмыстарымен тиянақтау көзделеді.

3. Қазақ әдебиеті бағдарламасының мақсаты – сөз өнерін мәдени мұра, ұлттық құндылық ретінде түсініп, бағалай алатын, интелектуалдық эстетикалық деңгейі, адамгершілік ұстанымы жоғары шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Қазақ әдебиеті пәні арқылы білім алушыларға әдеби шығармада бейнеленген құбылысты көркемдік тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдыларды меңгертіп, өз ой-пайымдарын сөйлеу тілі мен жазба тілде еркін жеткізе алу, эстетикалық талғамын, өзіндік дүниетаным мен көзқарасын таныта алу, оқу

материалдарын салыстыру, сараптау, бағалай алу дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Білімгердің образды ойлау жүйесі мен шығармашылық қиялын дамыту, сөз мағынасы мен көркем сөздің мәнін түсініп, қазақ әдеби тілін сауатты қолдана білу құзыретін қалыптастыру, креативті ойлауға бағыттау мақсат етіледі.

4. Теориялық материалдар білім алушының әдеби теориялық ұғымдарын кеңейтуге, әдебиет туралы дүниетанымын қалыптастыруға және адамзатқа ортақ ойларды, диллемаларды, мінездерді зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақ әдебиеті білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын және көркем тілмен шұрайлы сөйлей алатын, өзіндік ұстанымы бар, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді.

5. Бағдарламаны түзуде білім мазмұнын ізгілендіру, адамгершілік-эстетикалық, мәдени-тарихи құндылықтарды, ұлттық құндылықтарды, ұлттық кодты таныту, білім алушылардың тілдік қорын байытып, шығармашылық қабілетін дамыту мақсат етілді.

Әдеби білім жүйелілік, сабақтастық, білім мазмұнының тарихилық сипаты және пәнаралық, пәнішілік байланыс ұстанымдарына негізделіп, жеңілден күрделіге бағытталған шиыршық әдісінде ұсынылды.

6. Қазақ әдебиеті пәнін оқу арқылы білім алушылар:

1) төл әдебиеттің ұлттық сипатын, халықтың әдет-ғұрып, салт-санасының көрінісін, көркем туындының идеялық-адамгершілік мәнін түсінеді;

2) көркем шығарманың тақырыптық-идеялық бірлігін, сюжеттегі, образ жасалуындағы типтік байланысты ұғынып, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін көркем шығарма мазмұны мен құрылысындағы көркем заңдылықтарды терең танып, мазмұн мен форма тұтастығын, өмірлік шындық пен көркем шындықтың аражігін ажырата алады;

3) қазақ әдебиетінің ұлттық болмысын ұғынып, түрлі ұлттар әдебиетіндегі ұқсастықтарды ажырата біледі, басқа ел әдебиетінің көрнекті үлгілерімен салыстыра алады;

4) көркем шығарманы эмоционалды қабылдауға, бейнелі ойлау мен жан-жақты танымға, қаламгер пайымын түсінуге машықтанады;

5) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

6) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, әдеби үдерісін, дәстүр сабақтастығын, әдеби байланыстарды зерделейді;

7) саналы оқырман ретінде түрлі жағдайларда өз ұстанымын білдіріп, өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

8) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымы дамиды;

9) көркем туындыларды оқу арқылы мәнерлі сөйлеу дағдыларын қалыптастырып, тарихи оқиғаларды бүгінгі күнмен салыстыра алады;

10) білім алушылардың көркем шығарманы өз бетімен оқуға, үздіксіз ізденуге деген рухани қажеттілігі мен сұранысы туындайды.

2-тарау. «Қазақ әдебиеті» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің мазмұны

7. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 180 сағат;
2) 6-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 180 сағат;
3) 7-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 180 сағат;
4) 8-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 180 сағат;
5) 9-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 180 сағат.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

8. «Қазақ әдебиеті» пәнінің мазмұны бөлімдерге бөлінген:

«Оқу және түсіну», «Талдау және жинақтау», «Бағалау және шығармашылық өнім», сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден құралған. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

9. «Оқу және түсіну» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) пайымдап, мәнерлеп, талдап оқу (сөздің, сөз оралымдарының мәнін ашу, мәтіндегі қолданысын анықтау);
2) шығарма үзінділерімен жұмыс;
3) шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн;
4) интерпретация (ауызша, жазбаша).

10. «Талдау және жинақтау» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әдеби шығарманың композициялық құрылымы;
2) көркем шығарманың образдар жүйесі, типтік характер;
3) көркем шығарманың тілі, стилі;
4) көркемдік тәсілдер.

11. «Бағалау және шығармашылық өнім» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) шығармадағы тарихи шындық және көркемдік шешім;
2) рухани және көркем-эстетикалық құндылығы;
3) әдеби шығармашылық;
4) әдеби сын.

12. 5-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) оқу және түсіну: әдеби шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу, сөз, сөз тіркестерінің ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын білу; шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қою; шығармадағы көтерілген мәселені (басты және жанама тақырыптарды) анықтау; көркем шығарманың оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту;

2) талдау және жинақтау: сюжетті шығармадағы фабула композициясын тауып, жоспар құру;лирикалық шығарманы құрылысына талдау; шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу; көркем шығармадағы поэтикалық

тілдің ерекшелігін айқындау; шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау, өлең құрылысы, ұйқасы, оның түрлерін анықтау;

3) бағалау және шығармашылық өнім: шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау; көркем мәтіндегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау; шығарманы автор ізімен баяндап жазу; көркем шығармадағы көрініс әңгімелеп жазу; оқырман ретінде шығармадан алған әсерін зерделеп, сыни хабарлама жазу.

13. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

Халық ауыз әдебиеті

1) Тұрмыс-салт жырлары және олардың түрлері;

2) Мақал-мәтелдер;

3) Жұмбақтар;

4) Жаңылтпаштар.

Ертегілер

5) «Керқұла атты Кендебай» ертегісі;

6) «Қырық өтірік» ертегісі;

7) «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісі.

Әдеби ертегі

8) Ә.Тәжібаевтың «Толағай» ертегісі;

9) Ж.Смақов «Бұршақ туралы ертегі»;

10) Ө.Тұрманжановтың «Құмырсқалар, аралар қиыспас дос құдалар» ертегісі.

Аңыз-әңгімелер

11) «Асанқайғының Жерұйықты іздеуі»;

12) С.Қалиев «Бақ атай туралы аңыз»;

Шешендік сөздер

13)Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті

14) Ы.Алтынсариннің «Дүние қалай етсең табылады?», «Әке мен бала», «Бақша ағаштары» әңгімелері;

15) С.Көбеевтің «Мектепке шақыру» өлеңі;

16) С.Торайғыровтың «Туған еліме» өлеңі;

17) Ш.Құдайбердіұлының «Адамдық борышың» өлеңі;

18) А.Байтұрсынұлының «Балаларды оқуға шақыру»,«Егіннің бастары», «Адамдық дикаршысы» өлеңдері;

19) Т.Ізтілеуовтің «Өнер бәйгесі» өлеңі.

XX ғасыр әдебиеті

20) Ж.Аймауытовтың «Шұбар тайым табылды», «Көк өгіз»,«Жан-жануардың иісшілдігі», «Әркімдікі өз қамы» шығармалары;

21) М.Жұмабаевтың «Қарағым», «Тез барам» өлеңдері;

22) І.Жансүгіровтің «Бөбек бөлеу», «Сәлемдеме» өлеңдері;

23) М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесі;

24) Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаяты;

25) С.Бақбергеновтің «Қасиет» әңгімесі;

26) С.Бегалиннің «Бала Шоқан» әңгімесі;

27) М.Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңі;

ЖОБА

28) М.Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесі.

Қазіргі заман әдебиеті

29) М.Әлімбаевтың «Серуендетем атамды» өлеңі;

30) С.Оспанов «Мектебінен қашқандар мен ертегіден қашқандар жайындағы ертегі»;

31) Т.Нұрмағамбетовтің «Анасын сағынған бала» әңгімесі;

32) Н.Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесі;

33) Т.Шапайдың «Қазақпен саудаласу» әңгімесі;

34) С.Сейітманның «Тәуелсіздік» өлеңі;

35) А.Әлменбеттің «Аңшы» әңгімесі;

36) Б.Сарыбайдың «Рауғаш ерте гүлдейді» әңгімесі.

14.6-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) оқу және түсіну: әдеби шығарманы, пайымдап, мәнерлеп (логикалық екпін мен кідіріс жасай) оқу, сөз, сөз тіркестерінің мәнін ашу, мәтіндегіжұмсалу мақсатын түсіну; шығармадан қажетті дәйектерді жинау, үзіндідегі суреттеу, сипаттау құралдарын анықтау; көркем шығармадағы кейіпкерлер әрекеті, оның шығарманың өзекті ойына қатысын анықтау; кейіпкерге, лирикалық кейіпкерге ауызша/жазбаша сипаттама жасау;

2) талдау және жинақтау:әдеби шығарманы сюжет композициясына талдау, жай, күрделі жоспар құру, шығармадағы тура және жанама мінездеулерді табу, кейіпкер образын берудегі қызметін айқындау,шығармадағы автор мен кейіпкер тіліндегі айымашылықты (кейіпкер тіліндегі ауызекі сөз, диалект сөздердің болуы, автордың әдеби шығармаға сәйкес сөз қолданыстарын) салыстыра талдау, шығармадағы көркем ауыстыруларды(троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация) анықтау;

3) бағалау және шығармашылық өнім: шығарма образдарын ұлттық сипаттың ашылуы тұрғысынан бағалау; мәтіндегі пейзаж, монологтің, диалогтіңкөркемдік құндылығына баға беру, шығарманың идеялық мазмұнын пайымдай отырып (ой толғау, хат, пост т.б.) жазу, шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау.

15. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

Ертегі

1) «Аяз би» ертегісі;

2) «Ер Төстік» ертегісі.

Аңыз-әңгіме

3) «Кетбұғаның естіртуі»

Батырлар жыры

4) «Алпамыс батыр» жыры;

5) Қорқыт «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр»;

6) «Қобыланды батыр» жыры;

7) «Қамбар батыр» жыры.

Ежелгі дәуір әдебиеті

8) «Еділ патша»;

9) «Тұмар патшайым», «Зарина сұлу»;

10) Қорқыттың нақыл сөздері.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиет

11) М.Өтемісұлының «Ұл туса» өлеңі;

12) С.Аронұлының «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңі;

13) Ы.Алтынсариннің «Мейірімді бала», «Асан мен Үсен» әңгімелері;

14) С.Көбеевтің «Көлбақа мен Юпитер» мысалы;

15) С.Дөнентаевтың «Бозторғай» мысал өлеңі;

16) А.Байтұрсынұлының «Аққу, шортан, һәм шаян», «Қара бұлт» мысалдары;

17) С.Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» өлеңдері.

XX ғасыр әдебиеті

18) М.Жұмабаевтың «Сүйемін» өлеңі;

19) Б.Майлиннің«Кемпірдің ертегісі» поэмасы;

20) А. Тоқмағанбетовтің «Алыптар туралы аңыз» шығармасы;

21) Ә.Тәжібаевтың «Сырдария» өлеңі;

22) Ә.Сәрсенбаевтың «Туған жер» өлеңі;

23) С.Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесі;

24) С.Сейфуллиннің«Ақсақ киік» өлеңі, «Әупілдек» әңгімесі;

25) Ғ.Мүсіреповтің «Боранды түнде» әңгімесі;

26) Ж. Нәжімеденовтің «Дастархан» өлеңі;

27) М.Жаманбалиновтың «Бала пілдің қалаға саяхаты» ертегісі.

Қазіргі заман әдебиеті

28) Қ.Мырза-Әлінің «Ана» өлеңі;

29) К.Ахметованың «Қазағым менің» өлеңі;

30) Ж. Ахмадидің «Кие» әңгімесі;

31) А.Егеубаевтың «Аламан» поэмасы;

32) Р.Ниязбековтің «Әлемдегі жетінші ұлы» өлеңі;

33) Ұ.Есдәулеттің «Біз түркілерміз» өлеңі;

34) С.Дүйсенбиевтің «Алматының апорты» ертегісі;

35) С.Балғабаевтың «Жымбала, Мико және қасқыр» драмасы;

36) Қ.Сариннің «Тәуелсіздік» өлеңі;

37) Қ.Әбілқайырдың «Атасының баласы» әңгімесі;

38) М.Мұқаштың «Меруерт» әңгімесі.

16. 7-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) оқу және түсіну:көркем мәтінді, пайымдап, мәнерлеп (логикалық, психологиялық кідірістермен) оқу; жекелеген сөздердің, фразалардың эмотивті мәнін түсіну, мәнмәтіндегі(контекс) қызметін ашу; көркем шығармадағы пейзаж, монологтің құрылымдық-бірлігін ажырату; мәтінге жоспар құру; әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтау; көркем шығармадағы пейзаж, портрет, мінездеулерді ауызша мәтінге жуық суреттеу, сипаттау;

2) талдау және жинақтау: әдеби шығармадағы сюжеттен тыс композицияны анықтау; көркем шығармадағы образдың жасалу тәсілдерін талдау; шығарма тіліндегі синоним, архаизм, диалектизм, неологизмдердің қызметін мәнмәтінде анықтау; шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ, арнау) қолданысын талдау;

3) бағалау және шығармашылық: шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын

ҚОДА

бағалау; кейіпкерлердің жан дүниесін (психологиялық параллелизм, күйініш-сүйініш) ашудағы автор шеберлігіне баға беру; шығармадағы көріністі (пейзаж, оқиға) суреттеп жазу; кейіпкер болмысын сипаттап (өлең, кейіпкер монологі, әңгіме т.б.) жазу; әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу.

17. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

Батырлар жыры

1) «Ер Тарғын» жыры;

2) «Едіге батыр» жыры.

Ғашықтық жырлар

3) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры;

4) «Айман-Шолпан» жыры.

Ежелгі дәуір әдебиеті

5) «Күлтегін» жыры;

6) «Тоныкөк» жыры.

Шешендік өнер

7) Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері;

8) Әнет баба «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?»;

9) Төле би «Ердің бақыты – әйел»;

10) Әйтеке би «Қасқакөл дауы»;

11) Қазыбек би «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?»;

12) Бөлтірік шешен «Сөз мәнісі», «Ақыл сөз».

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті

13) Д.Бабатайұлының «Аягөз қайда барасың»,«Ақжайлау мен Сандықтас» өлеңдері;

14) Ш.Қанайұлының «Зар заман» өлеңі;

15) М.Өтемісұлының «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым»,«Мен–құстан туған құмаймын» өлеңдері;

16) М.Сұлтанқожаұлының «Ілімге толса көкірек» толғауы;

17) Т.Ізтілеуұлының «Адамдық іс», «Ақыл-тон аңдағанға тозбайтұғын» өлеңдері;

18) С.Дөнентаевтың «Ауырған арыстан» мысалы.

XX ғасыр әдебиеті

19) М.Дулатовтың «Елім-ай» өлеңі;

20) М.Жұмабаев «Түркістан», «Толқын», «Мен жастарға сенемін» өлеңдері;

21) С.Торайғыровтың «Мен қазақ», «Бір адамға» өлеңдері;

22) Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесі;

23) М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі;

24) І.Жансүгіровтің «Домбыра»,«Жетісу суреттері» өлеңдері;

25) Ғ.Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңгімесі;

26) Қ.Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесі;

27) Қ.Аманжоловтың «Туған жер» өлеңі;

28) Ғ.Ормановтың «Қарағай» өлеңі;

29) С.Сарғасқаевтың «Тәмпіш қара»повесі;

30) Ш.Смаханұлы шымшымалары.

Қазіргі заман әдебиеті

31) Қ.Мырза-Әлінің «Кәрі қыран» өлеңі;
32) М.Шахановтың «Арман» өлеңі;
33) Т.Медетбектің «Тәуелсізбін» өлеңі;
34) Т.Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесі;
35) А.Мархабаевтың «Ғарыштағы қымыз» фантастикалық әңгімесі;
36) О.Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным?» драмасы;
37) М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы;
38) Ф.Оңғарсынованың «Жерошақ» өлеңі;
39) С. Жиенбаевтың «Қарттарым, аман сау жүрші» өлеңі;
40) Ж.Бөдештің «Аңырақай бекетіндегі ой» поэмасы;
41) Н.Ораздың «Бала махаббат» әңгімесі;
42) Б.Беделханның «Өтеуіл» хамса-поэмасы.

18.8-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) оқу және түсіну: көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу; сөз, сөз оралымдарының семантикалық мәнін түсіну, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау; шығарма үзіндісін өзге нысанмен салыстыру, салғастыру; шығармадағы образдардың идеяны берудегі қызметін ашу; көркем мәтіннен дәйектер келтіре отырып шығарма идеясын жазу;

2) талдау және жинақтау: әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтеріне талдау; көркем шығармадағы образ композициясын құраушы элементтерді табу, образ сомдаушы бөліктерді жинақтау; көркем шығармадағы автордың баяндау тілін талдау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау; шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдау, мәнмәтіндегі көркемдік қызметін анықтау;

3) бағалау және шығармашылық өнім: шығарманы басқа өнер түрлеріндегі мазмұндас туындылармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығына баға беру; шығармапоэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға беру; шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, әдеби эссе, шығарма, блог, әңгіме жазу; шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу.

19. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

Ғашықтық жырлар

1) «Қыз Жібек» жыры

Айтыс

2) «Біржан- Сара» айтысы;
3) Қазіргі заман айтысы.

Ежелгі дәуір әдебиеті

4) «Оғыз-Қаған» жыры;
5) Махмұт Қашқари «Махмұт Қашқари жинаған түркі мақал-мәтелдері»;
6) Ахмет Йассауи «Даналық кітабы»;
7) Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастаны;
8) А.Йүгнеки «Ақиқат сыйы»;
9) Әл-Фарабидің «Қашықтасың туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңдері;
10) Рабғузидың «Қарлығаштың адамға достығы», «Лұқпан Хакім»

қиссалары.

XIX ғасыр мен XX ғ.б. әдебиет

11) Д.Бабатайұлының «Еспембет» поэмасы;

12) М. Мөңкеұлының «Үш қиян», «Сарыарқа» өлеңдері;

13) М.Көпейұлының «Сарыарқаның кімдікі екендігі» өлеңі;

14) Базар жырау «Халық үшін туған қайратты ер» өлеңі;

15) А.Құнанбайұлының «Арғы атасы қажы еді» өлеңі;

16) Ш.Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» дастаны, «Жастарға» өлеңі;

17) Н.Орманбетұлының «Замана» өлеңі;

18) Ғ.Қараштың «Бармысың?» өлеңі;

19) М.Сералиннің «Гүлхашима» поэмасы.

XX ғасыр әдебиеті

20) Ж.Жабаевтың «Сұраншы батыр» жыры;

21) М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы;

22) Н.Байғаниннің «Нарғыз» дастаны;

23) И.Байзақовтың «Құралай сұлу» поэмасы;

24) С.Мұқановтың «Балуан шолақ» повесі;

25) Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі;

26) О.Әубәкіровтің «Адам жетектеген адам» сықақ өлеңі;

27) Қ.Қазиевтің «Менің шешем» әңгімесі;

28) Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесі;

29) Д.Исабековтің «Әпке» драмасы;

30) Т.Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесі;

31) Т.Айбергеновтің «Ана»өлеңі.

Қазіргі заман әдебиеті

32) Ж.Сахиевтің «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» фантастикалық әңгімелері;

33) Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасы;

34) Ү.Уайдиннің «Күлкім келсе көршіме қараймын», «Ұйқының оқуы» сатиралары;

35) Б.Бәмішұлының «Оспан батыр» поэмасы;

36) Г.Салықбайдың «Менің тауым» өлеңі;

37) М.Мағауиннің «Тазының өлімі» повесі;

38) Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесі;

39) И. Сапарбайдың «Анаңнан асыл бар ма екен?» өлеңі;

40) Ә.Қайранның «Ерасыл» дастаны;

41) А.Кемелбаеваның «Қоңырқаз» әңгімесі;

42) М.Омарованың «Көмбе нанның дәмі» драмасы.

20. 9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) оқу және түсіну: көркем мәтінді талдап оқу; сөз, сөз оралымы, фразалық тіркестердің мәтіндегі қызметін айқындау, сөздердің концептілік мәнін ашу; шығарма бөліктерін ұқсас белгілеріне/айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу; шығармадағы объективті идеяны, көркемдік шешімді айқындау; көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырмандық ой-пайымын ауызша/жазбаша түйіндеу;

2) талдау және жинақтау: эпикалық, лирикалық, драмалық мәтіндердегі

композициялық амалдарды талдау; шығарманың образдар жүйесін салыстыра талдау, типтік характерлерді ашу; көркем шығармадағы автордың стилін айқындау; шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау, көркемдік қызметін пайымдау;

3) бағалау(салыстыру) және шығармашылық (өнім): туындыдағы даралық образдар мен типтік характерлердің ұлттық және тарихи құндылығын әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра бағалау; көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыра отырып, шығарманың эстетикалық құндылыған баға беру; шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең, әңгіме, кейіпкер монологі, жоба жазу; әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, рецензия жазу.

21. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

Ежелгі дәуір әдебиеті

1) Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындары» трактаты;

2) Сайф Сараи «Түркіше Гүлстан» дастаны;

3) Хорезми «Мұхаббат-наме» дастаны.

Хандық дәуір әдебиеті

4) Асанқайғы «Бұл заманда не ғаріп» толғауы;

5) Қазтуған жырау «Алаң да алаң, алаң жұрт»толғауы;

6) Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»;

7) Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық» тоғаулары;

8) Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет» толғаулары;

9) Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім»толғауы;

10) Үмбетей жырау «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту» толғауы;

11) Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені» толғаулары.

XIX ғасыр әдебиеті

12) М.Өтемісұлының «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Мен едім», «Бағаналы терек жарылса» өлеңдері;

13) Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны;

14) Ш.Уәлиханов «Жоңғария очерктері», «Қазақтың халық поэзиясының түрлері»;

15) Ш. Бөкеевтің «Құйрық атып құлия» өлеңі;

16) М. Көпеевтің «Тірлікте көп жасағаннан көрген тамашамыз» өлеңі.

XX ғасыр әдебиеті

17) С. Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңі, «Аққудың айырылуы» поэмасы;

18) І.Жансүгіровтің «Күйші» поэмасы;

19) Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаяты;

20) М.Әуезовтің «Оқыған азамат» әңгімесі;

21) Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі;

22) Ж.Молдағалиевтің «Мен-қазақпын!» поэмасы;

23) Ә.Шәріповтің «Партизан қызы» повесі;

24) Қ.Әбдікадыровтың «Қажымұқан» повесі.

Қазіргі заман әдебиеті

25) М.Шахановтың «Рух пен тіл» өлеңі, «Ғашықтық ғаламаты» поэмасы;
26) Н.Айтұлының «Ту» поэмасы;
27) Қ.Мұқанбетқалиұлының «Тар кезең» романы;
28) Қ.Ілиясұлының «Мысыққа мінездеме» мысал-дастаны;
29) С.Асылбекұлының «Желтоқсан түні» драмасы;
30) Р.Мұқановаңың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі;
31) Е.Раушановтың «Ғайша-Бибі» поэмасы.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

22. Бағдарламада оқыту мақсаттары санмен тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші, үшінші сандар бөлім мен бөлімше, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 7.2.1.2 кодында «7» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

23. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) оқу және түсіну:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
Көркем шығарманы пайымдап, мәнерлеп, талдап оқи отырып, сөздің, сөз оралымдарының мәнін ашу, мәтіндегі қолданысын анықтау.	5.1.1.1 әдеби шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу; 5.1.1.2 сөз, сөз тіркестерінің ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын білу	6.1.1.1 әдеби шығарманы пайымдап, мәнерлеп (логикалық екпін мен кідіріс жасай) оқу; 6.1.1.2 сөз, сөз тіркестерінің мәнін ашып, мәтіндегі жұмсалу мақсатын түсіну	7.1.1.1 көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (логикалық, психологиялық кідірістер мен) оқу; 7.1.1.1 жекелеген сөздердің, фразалардың эмотивті мәнін түсіну, мәнмәтіндегі (контекс) қызметін ашу	8.1.1.1 көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу; 8.1.1.2 сөз, сөз оралымдарының семантикалық мәнін түсіну, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау	9.1.1.1 көркем мәтінді талдап оқу; 9.1.1.2 сөз, сөз оралымы, фразалық тіркестердің мәтіндегі қызметін айқындау, сөздердің концептілік мәнін ашу
Шығарма үзінділерімен жұмыс	5.1.2.1 шығарманы құрылысы	6.1.2.1 шығарма дан қажетті	7.1 2.1 көркем шығармада	8.1.2.1 шығарма үзіндісін	9.1.2.1 шығарма бөліктерін

	мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қою	дәйектерді жинау, үзіндідегі суреттеу, сипаттау құралдарын анықтау	ғы пейзаж, монологтің құрылымдық бірлігін ажырату; 7.1 2.1 мәтінге жоспар құру	өзге нысанмен салыстыру, салғастыру	ұқсас белгілеріне/айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу
Шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн	5.1.3.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселені (басты және жанама тақырыптарды) анықтау	6.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер әрекеті, оның шығарманың өзекті ойына қатысын анықтау	7.1.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтау	8.1.3.1 шығармадағы образдардың идеяны берудегі қызметін ашу	9.1.3.1 шығармадағы объективті идеяны, көркемдік шешімді айқындау
Интерпретация (ауызша, жазбаша)	5.1.4.1 көркем шығарманың оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту	6.1.4.1 кейіпкерге, лирикалық кейіпкерге ауызша/жазбаша сипаттама жасау	7.1.4.1 көркем шығармадағы пейзаж, портрет, мінездеуледі ауызша мәтінге жуық суреттеу, сипаттау	8.1.4.1 көркем мәтіннен дәйектер келтіре отырып, шығарма желісі бойынша идеясын жазу	9.1.4.1 көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырмандық ой-пайымын ауызша/жазбаша түйіндеу

2) талдау және жинақтау:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
Әдеби шығарманың композициялық құрылымы	5.2.1.1 сюжетті шығармадағы фабула композициясын тауып,	6.2.1.1 әдеби шығарманы сюжет композициясына	7.2.1.1 әдеби шығармадағы сюжеттен тыс	8.2.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланыст	9.2.1.1 эпикалық, лирикалық, драмалық мәтіндердегі

	жоспар құру; 5.2.1.2 лирикалық шығарманы құрылысына талдау	талдау; 6.2.1.2 жай, күрделі жоспар құру	композицияны анықтау	ы сюжеттік желілерін, эпилог, прологтерін е талдау	композициялық амалдарды талдау
Көркем шығарманың образдар жүйесі, типтік характер	5.2.2.1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу	6.2.2.1 шығармадағы тура және жанама мінездеулерді табу, кейіпкер образын берудегі қызметін айқындау	7.2.2.1 көркем шығармадағы образдың жасалу тәсілдерін талдау	8.2.2.1 көркем шығармадағы образ композициясын құраушы элементтерді табу, образ сомдаушы бөліктерді жинақтау	9.2.2.1 шығарманың образдар жүйесін салыстыра талдау, типтік характерлерді ашу
Көркем шығарманың тілі, стилі	5.2.3.1 көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау	6.2.3.1 шығармадағы автор мен кейіпкер тіліндегі айырмашылықты (кейіпкер тіліндегі ауызекі сөз, диалект сөздердің болуы, автордың әдеби нормаға сәйкес сөз қолданыстарын) салыстыра талдау	7.2.3.1 шығарма тіліндегі синоним, архаизм, диалектизм, неологизмдердің қызметін мәнмәтінде анықтау	8.2.3.1 көркем шығармадағы автордың баяндау тілін талдау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау	9.2.3.1 көркем шығармадағы автордың стилін айқындау
Көркемдік тәсілдер	5.2.4.1 шығармада	6.2.4.1 шығарма	7.2.4.1 шығармада	8.2.4.1 шығармада	9.2.4.1 шығармадағ

	ғы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау; 5.2.4.2 өлең құрылысы, ұйқасы, оның түрлерін анықтау	дағы көркем ауыстырулар ды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация) анықтау	ғы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ, арнау) қолданысын талдау	ғы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдау, мәтіндегі көркемдік қызметін анықтау	ы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау, көркемдік қызметін пайымдау

3) бағалау және шығармашылық өнім:

Шығармадағы тарихи шындық және көркемдік шешім	5.3.1.1 шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау	6.3.1.1 шығарма образдарын ұлттық сипаттың ашылуы тұрғысынан бағалау	7.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау	8.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлерінде гі мазмұндас туындылармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығына баға беру	9.3.1.1 туындыдағы даралық образдар мен типтік характерлердің ұлттық және тарихи құндылығын әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра бағалау
Рухани және көркем-эстетикалық құндылығы	5.3.2.1 көркем мәтіндегі сөз образының	6.3.2.1 мәтіндегі пейзаж, монологтің, диалогтің көркемдік	7.3.2.1 кейіпкердің жан дүниесін (психологиялық	8.3.2.1 шығарма поэтикасындағы автордың айшықты	9.3.2.1 көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыра

	эстетикалық құндылығын бағалау	құндылығына баға беру	параллелизм, күйініш-сүйініші) ашудағы автор шеберлігіне баға беру	қолтаңбасына баға беру	отырып, шығарманың көркемдік-эстетикалық құндылығына баға беру
Әдеби шығармашылық	5.3.3.1 шығарманы автор ізімен баяндап жазу; 5.3.3.2 көркем шығармадағы көріністі әңгімелеп жазу	6.3.3.1 шығарманың идеялық мазмұнын пайымдай отырып (ой толғау, хат, пост, ертегі, өтірік өлең) жазу	7.3.3.1 шығармадағы көріністі (пейзаж, оқиға) суреттеп жазу; 7.3.3.2 кейіпкер болмысын сипаттап (өлең, кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме) жазу	8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, шығарма, әдеби эссе,блог, әңгіме т.б.жазу	9.3.3.1 шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең, блог, әңгіме, кейіпкер монологі, жоба жаз
6) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

7) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

8) математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;

9) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;

10) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

2-тарау. «Математика» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Математика» оқу пәнінің мазмұны

«Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 180 сағатты;

2) 6-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында – 180 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

15. 5-сыныпқа арналған математика пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) «Натурал сандар және нөл». Натурал сандар және нөл саны. Координаталық сәуле. Натурал сандарды салыстыру. Қос теңсіздік. Натурал сандарды қосу. Натурал сандарды азайту. Натурал сандарды көбейту. Натурал сандарды бөлу. Арифметикалық амалдардың қасиеттері. Натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдану. Санды өрнектер. Әріпті өрнектер. Санды және әріпті өрнектердің мәндері. Өрнектерді ықшамдау. Теңдеу. Теңдеудің түбірі. Тендеудің көмегімен мәтінді есептерді шығару. Формула. Формула арқылы есептеу. Натурал сандардан тұратын сандар тізбектері;

2) «Натурал сандардың бөлінгіштігі». Натурал сандардың бөлгіші мен еселігі. Жай және құрама сандар. Бөлінгіштіктің негізгі қасиеттері. 2; 3; 5; 9; 10 сандарына бөлінгіштік белгілері. Жұп және тақ сандар. Дәреже. Дәреженің негізі. Дәреженің көрсеткіші. Натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеу. Ең үлкен ортақ бөлгіш. Өзара жай сандар. Ең кіші ортақ еселік;

3) «Жай бөлшектер және оларға амалдар қолдану». Жай бөлшектерді оқу және жазу. Жай бөлшектің негізгі қасиеті. Дұрыс және бұрыс жай бөлшектер. Аралас сан. Аралас санның бүтін және бөлшек бөліктері. Бұрыс бөлшекті аралас

санға айналдыру. Аралас санды бұрыс бөлшек түрінде жазу. Жай бөлшектер мен аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу. Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру. Жай бөлшектерді және аралас сандарды салыстыру. Жай бөлшектерді косу және азайту. Аралас сандарды қосу. Аралас сандарды азайту. Жай бөлшектерді және аралас сандарды көбейту. Өзара кері сандар. Жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлу. Жай бөлшектер мен аралас сандарға арифметикалық амалдар колдану. Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табу. Бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер;

4) «Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану». Ондық бөлшек. Ондық бөлшектерді оқу және жазу. Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру. Ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу. Ондық бөлшектерді салыстыру. Ондық бөлшектерді қосу және азайту. Ондық бөлшекті натурал санға көбейту. Ондық бөлшектерді көбейту. Ондық бөлшекті натурал санға бөлу. Ондық бөлшекті ондық бөлшекке бөлу. Ондық бөлшекті 10; 100; 1000; ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына көбейту және бөлу. Ондық және жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолдану. Ондық бөлшектерді дөңгелектеу. Бөлшектерден тұратын сандар тізбектері;

5) «Жиын». Жиын. Жиын элементтері. Жиындарды кескіндеу. Жиындар арасындағы қатынастар. Ішкі жиын. Жиындардың бірігуі мен қиылысуы;

6) «Пайыз». Пайыз. Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу. Мәтінді есептерді шығару;

7) «Бұрыш. Көпбұрыш». Бұрыш. Бұрыштың шамасы. Бұрышты салу және өлшеу. Транспортир. Бұрыштарды салыстыру. Көпбұрыш. Көпбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарын өлшеу, периметрін табу;

8) «Диаграмма». Шеңбер. Дөңгелек. Дөңгелек сектор. Диаграмма. Бағанды, сызықтық және дөңгелек диаграммалар. Статистикалық деректерді көрсету тәсілдері;

9) «Кеңістік фигураларының жазбалары».Тік бұрышты параллелепипед (текше). Тік бұрышты параллелепипедтің (текшенің) жазбасы. Фигураларды қиюға берілген есептер. Фигураларды құрастыруға берілген есептер;

10) 5-сыныптағы математика курсын қайталау.

16. 6-сыныпқа арналған математика пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) 5-сыныптағы математика курсын қайталау;

2) «Қатынас және пропорция». Екі санның қатынасы. Екі санның пайыздық қатынасы. Пропорция. Пропорцияның негізгі қасиеті. Тура пропорционалдық тәуелділік. Кері пропорционалдық тәуелділік. Мәтінді есептерді пропорция көмегімен шығару. Санның пайызын және пайызы бойынша санды табуды пропорция арқылы шығару. Масштаб. Шеңбердің ұзындығы. Дөңгелектің ауданы. Шар. Сфера;

3) «Рационал сандар және оларға амалдар қолдану». Оң сандар. Теріс сандар. Координаталық түзу. Қарама-қарсы сандар. Бүтін сандар. Рационал сандар. Санның модулі. Рационал сандарды салыстыру. Рационал сандарды координаталық түзудің көмегімен қосу. Теріс рационал сандарды қосу. Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу. Рационал сандарды азайту. Координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығы. Рационал сандарды көбейту. Рационал

сандарды қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері. Рационал сандарды бөлу. Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру. Шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру. Рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану. Мәтінді есептерді шығару;

4) «Алгебралық өрнектер». Айнымалы. Айнымалысы бар өрнек. Жақшаны ашу. Коэффициент. Ұқсас қосылғыштар. Ұқсас қосылғыштарды біріктіру. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Тепе-теңдік. Алгебралық өрнектерді түрлендіру. Мәтінді есептерді шығару;

5) «Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулер». Санды теңдіктер және олардың қасиеттері. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәндес теңдеулер. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәтінді есептерді шығару;

6) «Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер және олардың жүйелері». Санды теңсіздіктер және олардың қасиеттері. Сан аралықтары. Сан аралықтарының бірігуі мен қиылысуы. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Мәндес теңсіздіктер. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу;

7) «Координаталық жазықтық». Жазықтық. Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер мен кесінділер. Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі. Центрлік симметрия. Осьтік симметрия;

8) «Кеңістіктегі фигуралар». Фигуралардың кеңістікте орналасуы. Кеңістік фигураларын кескіндеу, «көрінбейтін» сызықтар. Вектор ұғымы;

9) «Статистика. Комбинаторика». Статистикалық деректер және олардың сипаттамалары: арифметикалық орта, мода, медиана, құлаш. Қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару. Іріктеу тәсілі арқылы комбинаторикалық есептер шығару;

10) «Шамалар арасындағы тәуелділіктер». Шамалар арасындағы тәуелділіктерді беру тәсілдері: аналитикалық (формула арқылы), кестелік, графиктік тәсіл. Нақты процестердің графиктерін қолданып шамалар арасындағы тәуелділіктерді зерттеу. Тура пропорционалдық және оның графигі;

11) «Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер мен олардың жүйелері». Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу және оның графигі. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін қосу тәсілімен және алмастыру тәсілімен шешу. Мәтінді есептерді екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері арқылы шығару;

12) 5-6-сыныптардағы математика курсын қайталау.

Оқу пәнінің білім мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер күтілетін нәтижелер (біліктер немесе дағдылар, білім немесе түсініктер) түрінде берілген сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.Әр бөлімше ішінде тізбектеліп жазылған оқыту мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлап, оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік жасайды.

Оқу пәнінің мазмұны бес бөлімді қамтиды: «Сандар», «Алгебра»,

«Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ».

«Сандар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) сандар және шамалар туралы түсініктер;
2) сандарға амалдар қолдану.

«Алгебра» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру;
2) теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары;
3) тізбектер және олардың қосындысы.

«Геометрия» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) геометриялық фигуралар туралы түсінік;
2) геометриялық фигуралардың өзара орналасуы;
3) метрикалық қатыстар;
4) векторлар және түрлендірулер.

«Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жиындар теориясы және логика элементтері;
2) комбинаторика негіздері;
3) статистика және деректерді талдау.

«Математикалық» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару;
2) математикалық тіл және математикалық модель.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

17. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4. кодында «6» сынып, «2.1» екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» оқыту мақсатының реттік саны.

18. Білім алушыларға қойылатын мақсаттар:

1-бөлім. Сандар		
1. Сандар және шамалар туралы түсініктер	5.1.1.	6.1.1.
	5.1.1.1 натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру; 5.1.1.2 тақ және жұп сандар ұғымдарын меңгеру; 5.1.1.3 натурал сан дәрежесінің анықтамасын білу; 5.1.1.4 натурал санды ондық жазылу түрінде көрсету; 5.1.1.5 натурал санның бөлгіші мен еселігі анықтамаларын білу; 5.1.1.6 жай және құрама	6.1.1.1 екі санның қатынасы нені көрсететінін түсіну; 6.1.1.2 қандай шамалар тура пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару; 6.1.1.3 қандай шамалар кері пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару; 6.1.1.4 координаталық түзудің анықтамасын білу және

	сандардың анықтамаларын білу; 5.1.1.7 ортақ бөлгіш, ортақ еселік, ең үлкен ортақ бөлгіш, ең кіші ортақ еселік ұғымдарының анықтамаларын білу; 5.1.1.8 өзара жай сандардың анықтамасын білу; 5.1.1.9 жай бөлшек ұғымын меңгеру; 5.1.1.10 дұрыс және бұрыс бөлшектерді ажырату; 5.1.1.11 аралас сан анықтамасын білу; 5.1.1.12 өзара кері сандар анықтамасын білу; 5.1.1.13 ондық бөлшек ұғымын меңгеру; 5.1.1.14 ондық бөлшек түрінде жазылған сандардың теңдігін түсіну, мысалы, 1,3 және 1,30; 5.1.1.15 санның жуық мәні ұғымын меңгеру; 5.1.1.16 пайыз ұғымын меңгеру	координаталық түзуді салу; 6.1.1.5 масштаб ұғымын меңгеру; 6.1.1.6 бүтін сан ұғымын меңгеру; 6.1.1.7 қарама-қарсы сандар ұғымын меңгеру, оларды координаталық түзуде белгілеу; 6.1.1.8 рационал сан ұғымын меңгеру; 6.1.1.9 санның модулі анықтамасын білу және оның мәнін табу
2.	5.1.2.	6.1.2.
Сандарға амалдар қолдану	5.1.2.1 натурал сандарды салыстыру, сонымен қатар координаталық сәуленің көмегімен салыстыру; 5.1.2.2 амалдар саны төрттен артық болатын жақшамен және жақшасыз берілген санды өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтау және мәндерін табу; 5.1.2.3 санды өрнектердің мәндерін табу үшін көбейту мен қосу амалдарының қасиеттерін қолдану; 5.1.2.4 бірдей сандардың көбейтіндісін дәреже түрінде жазу; 5.1.2.5 натурал сандардың 2-ге, 5-ке, 10-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану;	6.1.2.1 сандардың қатынасы ұғымын меңгеру; 6.1.2.2 берілген қатынасқа кері қатынасты табу; 6.1.2.3 пропорция анықтамасын білу; 6.1.2.4 пропорцияларды ажырату және құрастыру; 6.1.2.5 пропорцияның негізгі қасиетін білу және қолдану; 6.1.2.6 шамаларды берілген қатынаста бөлу; 6.1.2.7 шамаларды берілген сандарға кері болатын пропорционал бөліктерге бөлу; 6.1.2.8 бүтін сандарды салыстыру; 6.1.2.9 координаталық түзуде рационал сандарды кескіндеу; 6.1.2.10 бүтін сандарды координаталық түзу көмегімен

ЖОБА

	5.1.2.6 натурал сандардың 3-ке және 9-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану; 5.1.2.7 құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеу; 5.1.2.8 натурал сандардың бөлгіштерін табу; 5.1.2.9 натурал сандардың еселіктерін табу; 5.1.2.10 көбейтіндінің берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау; 5.1.2.11 қосындының және айырымның берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау; 5.1.2.12 екі және одан артық сандардың ең үлкен ортақ бөлгіші мен ең кіші ортақ еселігін табу; 5.1.2.13 бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру; 5.1.2.14 жай бөлшектерді қысқартуда бөлшектің негізгі қасиетін қолдану; 5.1.2.15 жай бөлшекті жаңа бөлімге келтіру; 5.1.2.16 жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру; жай бөлшектерді, аралас сандарды салыстыру; 5.1.2.17 бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.18 бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.19 натурал саннан жай бөлшекті азайтуды орындау; 5.1.2.20 аралас сандарды қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.21 жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау; 5.1.2.22 берілген санға кері санды табу;	қосу және азайтуды орындау; 6.1.2.11 рационал сандардың ішкі жиындарын Эйлер-Венн дөңгелектері арқылы кескіндеу; 6.1.2.12 рационал сандарды салыстыру; 6.1.2.13 таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау; 6.1.2.14 рационал сандарды азайтуды орындау; 6.1.2.15 рационал сандарды көбейтуді орындау; 6.1.2.16 рационал сандарды бөлуді орындау; 6.1.2.17 рационал сандарды қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолдану; 6.1.2.18 шектеулі ондық бөлшектер түрінде жазуға болатын жай бөлшектерді танып білу; 6.1.2.19 рационал санды шектеусіз периодты ондық бөлшек түрінде көрсету; 6.1.2.20 шектеусіз периодты ондық бөлшектің периодын табу; 6.1.2.21 шектеусіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру; 6.1.2.22 рационал сандармен арифметикалық амалдарды орындау; 6.1.2.23 тура пропорционал тәуелділіктерді танып білу және мысалдар келтіру; 6.1.2.24 координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу

	5.1.2.23 жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлуді орындау; 5.1.2.24 санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу; 5.1.2.25 бөлшектерді бір жазылу түрінен басқа жазылу түріне ауыстыру; 5.1.2.26 ондық бөлшектерді салыстыру; 5.1.2.27 ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.28 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке көбейтуді орындау; 5.1.2.29 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000, ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына көбейту ережелерін қолдану; 5.1.2.30 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындау; 5.1.2.31 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000, ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына бөлу ережелерін қолдану; 5.1.2.32 ондық бөлшектерді берілген разрядқа дейін дөңгелектеу; 5.1.2.33 бөлшекті пайызға және пайызды бөлшекке айналдыру ; 5.1.2.34 берілген санның пайызын табу; 5.1.2.35 бір санның екінші санға пайыздық қатынасын және екінші санның бірінші санға пайыздық қатынасын табу; 5.1.2.36 берілген пайызы бойынша санды табу	
2-бөлім. Алгебра		
1. Алгебралық өрнектер және	5.2.1. 5.2.1.1 қосу және көбейту амалдарының қасиеттерін қолданып, әріпті өрнектерді түрлендіру;	6.2.1. 6.2.1.1 алгебралық өрнек ұғымын меңгеру; 6.2.1.2 айнымалылардың берілген рационал мәндері үшін

ЖОБА

түрлендіру	5.2.1.2 әріптердің берілген мәндері бойынша әріпті өрнектердің мәндерін табу	алгебралық өрнектердің мәндерін есептеу; 6.2.1.3 алгебралық өрнектегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 6.2.1.4 айнымалылардың қандай мәндерінде алгебралық өрнектің практикалық есептер мәнмәтіндіде мағынасы бар болатынын түсіну; 6.2.1.5 жақшаны ашу ережелерін білу; 6.2.1.6 коэффициент, ұқсас мүшелер ұғымдарының анықтамаларын білу; 6.2.1.7 алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіруді орындау; 6.2.1.8 тепе-теңдік және тепе-тең түрлендіру анықтамаларын білу; 6.2.1.9 алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау; 6.2.1.10 теңдіктерден бір айнымалыны екінші айнымалы арқылы өрнектеу; 6.2.1.11 $\|a-b\|$ өрнегінің геометриялық мағынасын түсіну; 6.2.1.12 тура пропорционалдықтың формуласын білу және графигін салу; 6.2.1.13 сандармен байланысты есептер шығаруда $\overline{ab}=10a+b$, $\overline{abc}=100a+10b+c$ жазуларын қолдану
2. Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтық	5.2.2.	6.2.2.
	5.2.2.1 арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережесі негізінде теңдеулерді шешу; 5.2.2.2 теңдеудің шығарылуының дұрыстығын тексеру тәсілдерін қолдану	6.2.2.1 тура санды теңдіктердің қасиеттерін білу және қолдану; 6.2.2.2 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің, мәндес теңдеулердің анықтамаларын білу; 6.2.2.3 бір айнымалысы бар

ЖОБА

тары		сызықтық теңдеулерді шешу; 6.2.2.4 $\|x \pm a\| = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандар; 6.2.2.5 тура санды теңсіздіктердің қасиеттерін білу және қолдану; 6.2.2.6 теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту және бөлуді түсіну және қолдану; 6.2.2.7 сан аралықтарын жазу үшін белгілеулерді пайдалану; 6.2.2.8 сан аралықтарды кескіндеу; 6.2.2.9 сан аралықтардың бірігуін және қиылысуын табу; 6.2.2.10 $kx > b,\ kx \geq b, kx < b,\ kx \leq b$ түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу; 6.2.2.11 алгебралық түрлендірулердің көмегімен теңсіздіктерді $kx > b,\ kx \geq b,\ kx < b,\ kx \leq b$ түріндегі теңсіздіктерге келтіру; 6.2.2.12 теңсіздіктердің шешімдерін координаталық түзуде кескіндеу; 6.2.2.13 теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазу; 6.2.2.14 бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу; 6.2.2.15 $\|x\| > a, \|x\| \geq a, \|x\| < a, \|x\| \leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндеу; 6.2.2.16 екі айнымалысы бар теңдеудің анықтамасын және қасиеттерін білу; 6.2.2.17 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі

ЖОБА

		туралы түсінігінің болуы; 6.2.2.18 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімі реттелген сандар жұбы болатынын түсіну; 6.2.2.19 теңдеулер жүйелесін алмастыру тәсілі және қосу тәсілі арқылы шешу
3. Тізбектер және қосындылау	5.2.3.	6.2.3.
	5.2.3.1 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын анықтау; 5.2.3.2 натурал сандар тізбегінің жеткіліксіз элементтерін табу; 5.2.3.3 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу; 5.2.3.4 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау; 5.2.3.5 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу	
3-бөлім. Геометрия		
1. Геометриялық фигуралар туралы түсінік	5.3.1.	6.3.1.
	5.3.1.1 өлшеудің түрлі ұзындық бірліктерін білу және координаталық сәуледегі бірлік кесінді дегенді түсіну; 5.3.1.2 шеңбер, дөңгелек және олардың элементтері (центр, радиус, диаметр) ұғымдарын меңгеру; 5.3.1.3 циркульдің көмегімен шеңберді салу; 5.3.1.4 бұрыш және оның градустық өлшемі ұғымдарын меңгеру, бұрыштарды белгілеу және салыстыру, 5.3.1.5 бұрыштардың түрлерін ажырату (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық); 5.3.1.6 дөңгелек сектор ұғымын меңгеру; 5.3.1.7 көпбұрыш ұғымын меңгеру;	6.3.1.1 координаталық жазықтық ұғымын меңгеру; 6.3.1.2 тік бұрышты координаталар жүйесін салу; 6.3.1.3 $(x; y)$ реттелген сандар жұбы тікбұрышты координаталар жүйесінде нүктені беретінін және әрбір нүктеге нүктенің координаталары деп аталатын бір ғана реттелген сандар жұбының сәйкес болатынын түсіну; 6.3.1.4 координаталар жүйесінде нүктені оның координаталары бойынша салу және координаталық жазықтықта берілген нүктенің координаталарын табу;

ЖОБА

	5.3.1.8 тік бұрышты параллелепипед (текше) және оның жазбасы туралы түсінігі болу	6.3.1.5 осьтік және центрлік симметрия ұғымдарын меңгеру; 6.3.1.6 осьтік немесе центрлік симметриясы болатын фигуралар туралы түсінігі болуы; симметриялық және центрлік-симметриялы фигураларды ажырату; 6.3.1.7 шар мен сфера туралы түсінігінің болуы
2.	5.3.2.	6.3.2.
Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы	5.3.2.1 фигураларды қию және құрастыру арқылы есептер шығару	6.3.2.1 параллель, қиылысатын, перпендикуляр түзулердің анықтамаларын білу; 6.3.2.2 параллель, перпендикуляр түзулер мен кесінділерді ажырату; 6.3.2.3 кесінділердің, сәулелер немесе түзулердің бір-бірімен, координаталық осьтермен қиылысу нүктелерінің координаталарын графиктік тәсілмен табу; 6.3.2.4 кескіні бойынша фигураны ажырату, жазық және кеңістік фигураларын кескіндеу; 6.3.2.5 тік бұрышты координаталар жүйесінде координаталар басы және координаталық осьтерге қатысты симметриялы нүктелер мен фигураларды салу
3.	5.3.3.	6.3.3.
Метрикалық қатыстар	5.3.3.1 бұрышты транспортир көмегімен өлшеу; 5.3.3.2 градустық өлшемі берілген бұрышты транспортир көмегімен салу; 5.3.3.3 бұрыштың градустық өлшемін табуға, бұрыштарды салыстыруға берілген есептерді шығару	6.3.3.1 координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу; 6.3.3.2 шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін білу; 6.3.3.3 шеңбер ұзындығының формуласын білу және қолдану; 6.3.3.4 дөңгелек ауданының формуласын білу және қолдану
4.	5.3.4.	6.3.4.
Векторла		6.3.4.1 вектор анықтамасын

ЖОБА

р және түрлендіру лер		білу және оны кескіндеу
4-бөлім. Статистика және ықтималдықтар теориясы		
1. Жиындар теориясы және логика элементтері	5.4.1.	6.4.1.
	5.4.1.1 жиын, оның элементтері, бос жиын ұғымдарын меңгеру; 5.4.1.2 жиындардың қиылысуы және бірігуі анықтамаларын білу; 5.4.1.3 берілген жиындардың қиылысуы мен бірігуін табу, нәтижесін ∪, ∩ символдарын қолданып жазу; 5.4.1.4 ішкі жиын ұғымын меңгеру; 5.4.1.5 жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасын анықтау (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар)	
2. Комбинаторика негіздері	5.4.2.	6.4.2.
		6.4.2.1 іріктеу тәсілмен комбинаторикалық есептерді шығару
3. Статистика және деректерді талдау	5.4.3	6.4.3.
	5.4.3.1 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар туралы түсініктері болу; 5.4.3.2 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар салу; 5.4.3.3 кесте немесе диаграмма түрінде берілген статистикалық ақпаратты алу	6.4.3.1 бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы, медианасы, модасының анықтамаларын білу; 6.4.3.2 статистикалық санды сипаттамаларды есептеу
5-бөлім. Математикалық модельдеу мен талдау		
1. Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару	5.5.1.	6.5.1.
	5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару; 5.5.1.2 мәтінді есептерді шығаруда , ең үлкен ортақ бөлгіш пен ең кіші ортақ еселікті қолдану; 5.5.1.3 жай бөлшектерге	6.5.1.1 шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді ажырату және шығару; 6.5.1.2 пайызға берілген есептерді пропорция арқылы шешу; 6.5.1.3 картамен, сызбамен, жоспармен жұмыс барысында

	арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару (мысалы, бірлесіп жұмыс жасауға қатысты есептер және тағы басқа); 5.5.1.4 санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді құрастыру және шығару; 5.5.1.5 бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару; 5.5.1.6 пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару; 5.5.1.7 Эйлер-Венн диаграммасын қолданып, есептер шығару; 5.5.1.8 әріпті өрнектерді құру және оларды есептер шығаруда қолдану; 5.5.1.9 мәтінді есептерді шығару үшін формулаларды қолдану	масштабты қолдану; 6.5.1.4 рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығару; 6.5.1.5 қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару; 6.5.1.6 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару; 6.5.1.7 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулер жүйелерін құру арқылы шешу
2. Математикалық тіл және Математикалық модель	5.5.2. 5.5.2.1 жай бөлшектерді оқу және жазу; 5.5.2.2 натурал сандарды координаталық сәуледе кескіндеу; 5.5.2.3 жай бөлшектерді, аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу; 5.5.2.4 ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу; 5.5.2.5 ондық бөлшектерді оқу және жазу; 5.5.2.6 натурал сандарды салыстырудың нәтижесін $>, <, =$ белгілері арқылы жазу; 5.5.2.7 натурал сандарды салыстыру мен реттеуді талап ететін жағдайды зерттеу; 5.5.2.8 жиындармен жұмыс	6.5.2. 6.5.2.1 екі санның қатынасын оқу және жазу; 6.5.2.2 пропорцияны оқу және жазу; 6.5.2.3 шамаларды сипаттау үшін бүтін сандарды қолдану; 6.5.2.4 мәтінді есептер шығаруда айнымалысы бар өрнектер мен формулалар құрастыру; 6.5.2.5 шамалар арасындағы тәуелділікке есептер шығару; 6.5.2.6 шамалар арасындағы тәуелділіктердің берілу тәсілдерін білу; 6.5.2.7 сипаттамасы бойынша тәуелділіктің формуласын жазу; 6.5.2.8 формуламен немесе графикпен берілген тәуелділіктердің кестесін құру;

ҚОБА

	істеуде ⊂,∪,∩, ∅, ∈, ∉ символдарын қолдану; 5.5.2.9 жазық фигуралардың және кеңістіктегі геометриялық фигуралардың жазбаларын салу (текше және тік бұрышты параллелепипед)	6.5.2.9 формуламен және кестемен берілген тәуелділіктердің графиктерін салу; 6.5.2.10 шынайы процестердің графиктерін қолданып, шамалар арасындағы тәуелділіктерді табу және зерттеу; 6.5.2.11 тура пропорционал шамалардың арасындағы шынайы тәуелділіктердің графиктеріне талдау беру; 6.5.2.12 сипаттамасы бойынша тура пропорционалдықтың формуласын жазу; 6.5.2.13 тура пропорционалдықтың графигін салу

Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Математика» оқу пәнінен Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Математика» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Натурал сандар және нөл саны	Натурал сандар және нөл	5.1.1.1 натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру; 5.1.1.2 тақ және жұп сандар ұғымдарын меңгеру
	Координаталық сәуле. Натурал сандарды салыстыру. Қос теңсіздік	5.3.1.1 өлшеудің түрлі ұзындық бірліктерін білу және координаталық сәуледегі бірлік кесінді дегенді түсіну; 5.5.2.2 натурал сандарды координаталық сәуледе кескіндеу;

		5.1.2.1 натурал сандарды салыстыру, сонымен қатар координаталық сәуленің көмегімен салыстыру; 5.5.2.6 натурал сандарды салыстырудың нәтижесін $>, <, =$ белгілері арқылы жазу; 5.5.2.7 натурал сандарды салыстыру мен реттеуді талап ететін жағдайды зерттеу
	Арифметикалық амалдардың қасиеттері. Натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдану	5.1.2.2 амалдар саны төрттен артық болатын жақшамен және жақшасыз берілген санды өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтау және мәндерін табу; 5.1.2.3 санды өрнектердің мәндерін табу үшін көбейту мен қосу амалдарының қасиеттерін қолдану
	Санды және әріпті өрнектер, олардың мәндері. Өрнектерді ықшамдау	5.2.1.1 қосу және көбейту амалдарының қасиеттерін қолданып, әріпті өрнектерді түрлендіру; 5.2.1.2 әріптердің берілген мәндері бойынша әріпті өрнектердің мәндерін табу
	Теңдеу. Теңдеудің түбірі. Теңдеуді шешу.	5.2.2.1 арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережесі негізінде теңдеулерді шешу; 5.2.2.2 теңдеудің шығарылуының дұрыстығын тексеру тәсілдерін қолдану
	Формула. Формула арқылы есептеу. Мәтінді есептерді шығару. Натурал сандардан тұратын сандар тізбегі	5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару; 5.5.1.8 әріпті өрнектерді құру және оларды есептер шығаруда қолдану; 5.5.1.9 мәтінді есептерді шығару үшін формулаларды қолдану; 5.2.3.1 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын анықтау; 5.2.3.2 натурал сандар тізбегінің жеткіліксіз элементтерін табу; 5.2.3.3 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу
Натурал сандардың бөлінгіштігі	Натурал сандардың бөлгіштері мен еселіктері	5.1.1.5 натурал санның бөлгіші мен еселігі анықтамаларын білу; 5.1.2.8 натурал сандардың бөлгіштерін табу; 5.1.2.9 натурал сандардың еселіктерін табу

	Жай және құрама сандар	5.1.1.6 жай және құрама сандардың анықтамаларын білу
	Бөлінгіштіктің негізгі қасиеттері	5.1.2.10 көбейтіндінің берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау; 5.1.2.11 қосындының және айырымның берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау
	2, 3, 5, 9, 10 сандарына бөлінгіштік белгілері	5.1.2.5 натурал сандардың 2-ге, 5-ке, 10-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану; 5.1.2.6 натурал сандардың 3-ке және 9-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану
	Дәреже	5.1.1.3 натурал сан дәрежесінің анықтамасын білу; 5.1.1.4 натурал санды ондық жазылу түрінде көрсету; 5.1.2.4 бірдей сандардың көбейтіндісін дәреже түрінде жазу
	Натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеу	5.1.2.7 құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеу
	Ең үлкен ортақ бөлгіш. Өзара жай сандар. Ең кіші ортақ еселік	5.1.1.7 ортақ бөлгіш, ортақ еселік, ең үлкен ортақ бөлгіш, ең кіші ортақ еселік ұғымдарының анықтамаларын білу; 5.1.2.12 екі және одан артық сандардың ең үлкен ортақ бөлгіші мен ең кіші ортақ еселігін табу; 5.1.1.8 өзара жай сандардың анықтамасын білу; 5.5.1.2 мәтінді есептерді шығаруда ең үлкен ортақ бөлгіш пен ең кіші ортақ еселік қолдану
Жай бөлшектер	Жай бөлшек. Жай бөлшектерді оқу және жазу	5.1.1.9 жай бөлшек ұғымын меңгеру; 5.5.2.1 жай бөлшектерді оқу және жазу
	Жай бөлшектің негізгі қасиеті	5.1.2.14 жай бөлшектерді қысқартуда бөлшектің негізгі қасиетін қолдану; 5.1.2.15 жай бөлшекті жаңа бөлімге келтіру
	Дұрыс және бұрыс жай бөлшектер	5.1.1.10 дұрыс және бұрыс бөлшектерді ажырату
	Аралас сандар	5.1.1.11 аралас сан анықтамасын білу; 5.1.2.13 бұрыс бөлшекті аралас санға және

ЖОБА

		аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру
	Жай бөлшектер мен аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу	5.5.2.3 жай бөлшектерді, аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу
2-тоқсан		
Жай бөлшектерге амалдар қолдану	Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру. Жай бөлшектерді және аралас сандарды салыстыру	5.1.2.16 жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру; жай бөлшектерді, аралас сандарды салыстыру
	Жай бөлшектерді қосу және азайту	5.1.2.17 бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.18 бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау
	Аралас сандарды қосу. Аралас сандарды азайту	5.1.2.19 натурал саннан жай бөлшекті азайтуды орындау; 5.1.2.20 аралас сандарды қосу және азайтуды орындау
	Жай бөлшектерді және аралас сандарды көбейту. Өзара кері сандар	5.1.2.21 жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау; 5.1.1.12 өзара кері сандар анықтамасын білу; 5.1.2.22 берілген санға кері санды табу
	Жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлу	5.1.2.23 жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлуді орындау
3-тоқсан		
Мәтінді есептер	Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептер	5.1.2.24 санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу; 5.5.1.4 санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді құрастыру және шығару
	Бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер	5.5.1.3 жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару (мысалы, бірлесіп жұмыс жасауға қатысты есептер және тағы басқа)

Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану	Ондық бөлшек. Ондық бөлшектерді оқу және жазу. Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру	5.1.1.13 ондық бөлшек ұғымын меңгеру; 5.5.2.5 ондық бөлшектерді оқу және жазу; 5.1.1.14 ондық бөлшек түрінде жазылған сандардың теңдігін түсіну, мысалы, 1,3 және 1,30; 5.1.2.25 бөлшектерді бір жазылу түрінен басқа жазылу түріне ауыстыру
	Ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу. Ондық бөлшектерді салыстыру	5.5.2.4 ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу; 5.1.2.26 ондық бөлшектерді салыстыру
	Ондық бөлшектерді қосу және азайту	5.1.2.27 ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау
	Ондық бөлшекті натурал санға көбейту. Ондық бөлшектерді көбейту	5.1.2.28 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке көбейтуді орындау
	Ондық бөлшекті натурал санға бөлу. Ондық бөлшекті ондық бөлшекке бөлу	5.1.2.30 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындау
	Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000;... және 0,1; 0,01; 0,001;... сандарына көбейту және бөлу	5.1.2.29 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000, ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына көбейту ережелерін қолдану; 5.1.2.31 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000, ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына бөлу ережелерін қолдану
	Ондық бөлшектерді дөңгелектеу	5.1.1.15 санның жуық мәні ұғымын меңгеру; 5.1.2.32 ондық бөлшектерді берілген разрядқа дейін дөңгелектеу
	Мәтінді есептерді шығару. Бөлшектерден тұратын сандар	5.5.1.5 бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару; 5.2.3.4 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау;

ҚОБА

	тізбектері	5.2.3.5 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу
Жиын	Жиын. Жиынның элементтері. Жиындарды кескіндеу	5.4.1.1 жиын, оның элементтері, бос жиын ұғымдарын меңгеру; 5.5.2.8 жиындармен жұмыс істеуде $\subset, \cup, \cap, \emptyset, \in, \notin$ имволдарын қолдану
	Жиындар арасындағы қатынастар. Ішкі жиын	5.4.1.4 ішкі жиын ұғымын меңгеру; 5.4.1.5 жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасын анықтау (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар)
	Жиындардың бірігуі мен қиылысуы	5.4.1.2 жиындардың қиылысуы және бірігуі анықтамаларын білу; 5.4.1.3 берілген жиындардың қиылысуы мен бірігуін табу, нәтижесін $\cup$, $\cap$ символдарын қолданып жазу
	Мәтінді есептерді шығару	5.5.1.7 Эйлер-Венн диаграммасын қолданып, есептер шығару
4-тоқсан		
Пайыз	Пайыз	5.1.1.16 пайыз ұғымын меңгеру; 5.1.2.33 бөлшекті пайызға және пайызды бөлшекке айналдыру
	Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу	5.1.2.34 берілген санның пайызын табу; 5.1.2.35 бір санның екінші санға пайыздық қатынасын және керісінше табу; 5.1.2.36 берілген пайызы бойынша санды табу
	Мәтінді есептерді шығару	5.5.1.6 пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару
Бұрыш. Көпбұрыш	Бұрыш	5.3.1.4 бұрыш және оның градустық өлшемі ұғымдарын меңгеру, бұрыштарды белгілеу және салыстыру, 5.3.1.5 бұрыштардың түрлерін ажырату (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық); 5.3.3.1 бұрышты транспортир көмегімен өлшеу; 5.3.3.2 градустық өлшемі берілген бұрышты транспортир көмегімен салу; 5.3.3.3 бұрыштың градустық өлшемін табуға, бұрыштарды салыстыруға берілген есептерді шығару

	Көпбұрыш	5.3.1.7 көпбұрыш ұғымын меңгеру
Диаграмма	Шеңбер. Дөңгелек. Дөңгелек сектор	5.3.1.2 шеңбер, дөңгелек және олардың элементтері (центр, радиус, диаметр) ұғымдарын меңгеру; 5.3.1.3 циркульдің көмегімен шеңберді салу; 5.3.1.6 дөңгелек сектор ұғымын меңгеру
	Диаграмма	5.4.3.1 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар туралы түсініктері болу; 5.4.3.2 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар салу
	Статистикалық деректерді көрсету тәсілдері	5.4.3.3 кесте немесе диаграмма түрінде берілген статистикалық ақпаратты алу
Кеңістік фигураларының жазбалары	Тік бұрышты параллелепипед (текше) және оның жазбасы	5.3.1.8 тік бұрышты параллелепипед (текше) және оның жазбасы туралы түсінігі болу; 5.5.2.9 жазық фигуралардың және кеңістіктегі геометриялық фигуралардың жазбаларын салу (текше және тік бұрышты параллелепипед)
	Фигураларды қиюға берілген есептер. Фигураларды құрастыруға берілген есептер	5.3.2.1 фигураларды қию және құрастыру арқылы есептер шығару
5-сыныптағы математика курсын қайталау		

3) 6-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
5-сыныптағы математика курсын қайталау		
Қатынастар және пропорциялар	Екі санның қатынасы. Екі санның пайыздық қатынасы	6.1.1.1 екі санның қатынасы нені көрсететінін түсіну; 6.1.2.1 сандардың қатынасы ұғымын меңгеру; 6.1.2.2 берілген қатынасқа кері қатынасты табу; 6.5.2.1 екі санның қатынасын оқу және жазу

	Пропорция. Пропорцияның негізгі қасиеті	6.1.2.3 пропорция анықтамасын білу; 6.1.2.4 пропорцияларды ажырату және құрастыру; 6.1.2.5 пропорцияның негізгі қасиетін білу және қолдану; 6.5.2.2 пропорцияны оқу және жазу
	Тура пропорционалдық тәуелділік. Кері пропорционалдық тәуелділік	6.1.1.2 қандай шамалар тура пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару; 6.1.1.3 қандай шамалар кері пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру,есептер шығару; 6.5.1.1 шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді ажырату және шығару
	Мәтінді есептерді пропорцияның көмегімен шығару	6.5.1.2 пайызға берілген есептерді пропорция арқылы шешу; 6.1.2.6 шамаларды берілген қатынаста бөлу; 6.1.2.7 шамаларды берілген сандарға кері болатын пропорционал бөліктерге бөлу
	Масштаб	6.1.1.5 масштаб ұғымын меңгеру; 6.5.1.3 картамен, сызбамен, жоспармен жұмыс барысында масштабты қолдану
	Шеңбердің ұзындығы. Дөңгелектің ауданы. Шар. Сфера	6.3.3.2 шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін білу; 6.3.3.3 шеңбер ұзындығының формуласын білу және қолдану; 6.3.3.4 дөңгелек ауданының формуласын білу және қолдану; 6.3.1.7 шар мен сфера туралы түсінігінің болуы
Рационал сандар және оларға амалдар қолдану	Оң сандар. Теріс сандар. Координаталық түзу. Қарама-қарсы сандар	6.1.1.4 координаталық түзудің анықтамасын білу және координаталық түзуді салу; 6.1.1.7 қарама-қарсы сандар ұғымын меңгеру, оларды координаталық түзуде белгілеу
	Бүтін сандар. Рационал сандар	6.1.1.6 бүтін сан ұғымын меңгеру; 6.5.2.3 шамаларды сипаттау үшін бүтін сандарды қолдану; 6.1.1.8 рационал сан ұғымын меңгеру; 6.1.2.9 координаталық түзуде рационал сандарды кескіндеу; 6.1.2.11 рационал сандардың ішкі

		жиындарын Эйлер-Венн дөңгелектері арқылы кескіндеу
	Санның модулі	6.1.1.9 санның модулі анықтамасын білу және оның мәнін табу; 6.2.1.11 $\|a-b\|$ өрнегінің геометриялық мағынасын түсіну; 6.3.3.1 координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу
	Рационал сандарды салыстыру	6.1.2.8 бүтін сандарды салыстыру; 6.1.2.12 рационал сандарды салыстыру
	Рационал сандарды координаталық түзудің көмегімен қосу	6.1.2.10 бүтін сандарды координаталық түзу көмегімен қосу және азайтуды орындау
	Теріс рационал сандарды қосу. Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу	6.1.2.13 таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау
	Рационал сандарды азайту. Координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығы	6.1.2.14 рационал сандарды азайтуды орындау; 6.1.2.24 координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу
2-тоқсан		
Рационал сандарға амалдар қолдану	Рационал сандарды көбейту	6.1.2.15 рационал сандарды көбейтуді орындау
	Рационал сандарды қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері	6.1.2.17 рационал сандарды қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолдану
	Рационал сандарды бөлу	6.1.2.16 рационал сандарды бөлуді орындау
	Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру.	6.1.2.18 шектеулі ондық бөлшектер түрінде жазуға болатын жай бөлшектерді танып білу; 6.1.2.19 рационал санды шектеусіз

ҚОБА

	Шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру	периодты ондық бөлшек түрінде көрсету; 6.1.2.20 шектеусіз периодты ондық бөлшектің периодын табу; 6.1.2.21 шектеусіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру
	Рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану	6.1.2.22 рационал сандармен арифметикалық амалдарды орындау
	Мәтінді есептерді шығару	6.5.1.4 рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығару
Алгебралық өрнектер	Айнымалы. Айнымалысы бар өрнек	6.2.1.1 алгебралық өрнек ұғымын меңгеру; 6.2.1.2 айнымалылардың берілген рационал мәндері үшін алгебралық өрнектердің мәндерін есептеу; 6.2.1.3 алгебралық өрнектегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 6.2.1.4 айнымалылардың қандай мәндерінде алгебралық өрнектің практикалық есептер мәнмәтіндіде мағынасы бар болатынын түсіну
	Жақшаларды ашу. Коэффициент. Ұқсас қосылғыштар. Ұқсас қосылғыштарды біріктіру	6.2.1.5 жақшаны ашу ережелерін білу; 6.2.1.6 коэффициент, ұқсас мүшелер ұғымдарының анықтамаларын білу; 6.2.1.7 алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіруді орындау
	Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Тепе-теңдік	6.2.1.8 тепе-теңдік және тепе-тең түрлендіру анықтамаларын білу
	Алгебралық өрнектерді түрлендіру	6.2.1.9 алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау
	Мәтінді есептерді шығару	6.5.2.4 мәтінді есептер шығаруда айнымалысы бар өрнектер мен формулалар құрастыру; 6.2.1.10 теңдіктерден бір айнымалыны екінші айнымалы арқылы өрнектеу
3-тоқсан		
Бір айнымалысы бар сызықтық	Санды теңдіктер және олардың қасиеттері	6.2.2.1 тура санды теңдіктердің қасиеттерін білу және қолдану

теңдеу	Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәндес теңдеулер. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу	6.2.2.2 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің, мәндес теңдеулердің анықтамаларын білу; 6.2.2.3 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу
	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу	6.2.2.4 $\|x \pm a\| = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы a және b – рационал сандар
	Теңдеулер көмегімен мәтінді есептерді шығару	6.5.1.6 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару
Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер	Санды теңсіздіктер және олардың қасиеттері	6.2.2.5 тура санды теңсіздіктердің қасиеттерін білу және қолдану; 6.2.2.6 теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту және бөлуді түсіну және қолдану
	Сан аралықтар. Сан аралықтардың бірігуі мен қиылысуы	6.2.2.7 сан аралықтарын жазу үшін белгілеулерді пайдалану; 6.2.2.8 сан аралықтарды кескіндеу; 6.2.2.9 сан аралықтардың бірігуін және қиылысуын табу
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу	6.2.2.10 $kx > b,\ kx \geq b, kx < b,\ kx \leq b$ түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу 6.2.2.11 алгебралық түрлендірулердің көмегімен теңсіздіктерді $kx > b,\ kx \geq b,$ $kx < b,\ kx \leq b$ түріндегі теңсіздіктерге келтіру; 6.2.2.12 теңсіздіктердің шешімдерін координаталық түзуде кескіндеу; 6.2.2.13 теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазу
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі. Бір айнымалысы бар	6.2.2.14 бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу

	сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу	
	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу	6.2.2.15 $\|x\| > a, \|x\| \geq a, \|x\| < a, \|x\| \leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндеу
Координаталық жазықтық	Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер және кесінділер	6.3.2.1 параллель, қиылысатын, перпендикуляр түзулердің анықтамаларын білу; 6.3.2.2 параллель, перпендикуляр түзулер мен кесінділерді ажырату
	Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі	6.3.1.1 координаталық жазықтық ұғымын меңгеру; 6.3.1.2 тік бұрышты координаталар жүйесін салу; 6.3.1.3 $(x; y)$реттелген сандар жұбы тікбұрышты координаталар жүйесінде нүктені беретінін және әрбір нүктеге нүктенің координаталары деп аталатын бір ғана реттелген сандар жұбының сәйкес болатынын түсіну; 6.3.1.4 координаталар жүйесінде нүктені оның координаталары бойынша салу және координаталық жазықтықта берілген нүктенің координаталарын табу; 6.3.2.3 кесінділердің, сәулелер немесе түзулердің бір-бірімен, координаталық осьтермен қиылысу нүктелерінің координаталарын графиктік тәсілмен табу
	Центрлік симметрия. Осьтік	6.3.1.5 осьтік және центрлік симметрия ұғымдарын меңгеру; 6.3.1.6 осьтік немесе центрлік

ЖОБА

	симметрия	симметриясы болатын фигуралар туралы түсінігі болуы; симметриялық және центрлік-симметриялы фигураларды ажырату; 6.3.2.5 тік бұрышты координаталар жүйесінде координаталар басы және координаталық осьтерге қатысты симметриялы нүктелер мен фигураларды салу
Кеңістіктегі фигуралар	Фигуралардың кеңістікте орналасуы. Кеңістік фигураларын кескіндеу, «көрінбейтін» сызықтар. Вектор ұғымы	6.3.2.4 кескіні бойынша фигураны ажырату, жазық және кеңістік фигураларын кескіндеу; 6.3.4.1 вектор анықтамасын білу және оны кескіндеу
4-тоқсан		
Статистика. Комбинаторика	Статистикалық деректер және олардың сипаттамалары: арифметикалық орта, мода, медиана, құлаш	6.4.3.1 бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы, медианасы, модасының анықтамаларын білу; 6.4.3.2 статистикалық санды сипаттамаларды есептеу
	Қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару. Іріктеу тәсілі арқылы комбинаторикалық есептер шығару	6.5.1.5 қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару; 6.4.2.1 іріктеу тәсілмен комбинаторикалық есептерді шығару
Шамалар арасындағы тәуелділіктер	Шамалар арасындағы тәуелділіктердің берілу тәсілдері: аналитикалық (формула арқылы), кестелік, графиктік тәсіл	6.5.2.5 шамалар арасындағы тәуелділікке есептер шығару; 6.5.2.6 шамалар арасындағы тәуелділіктердің берілу тәсілдерін білу; 6.5.2.7 сипаттамасы бойынша тәуелділіктің формуласын жазу; 6.5.2.8 формуламен немесе графикпен берілген тәуелділіктердің кестесін құру; 6.5.2.9 формуламен және кестемен берілген тәуелділіктердің графиктерін салу
	Нақты	6.5.2.10 шынайы процестердің графиктерін

	процестердің графиктерін қолданып шамалар арасындағы тәуелділіктерді зерттеу	қолданып, шамалар арасындағы тәуелділіктерді табу және зерттеу
	Тура пропорционалдық және оның графигі	6.1.2.23 тура пропорционал тәуелділіктерді танып білу және мысалдар келтіру; 6.2.1.12 тура пропорционалдықтың формуласын білу және графигін салу; 6.5.2.11 тура пропорционал шамалардың арасындағы шынайы тәуелділіктердің графиктеріне талдау беру; 6.5.2.12 сипаттамасы бойынша тура пропорционалдықтың формуласын жазу; 6.5.2.13 тура пропорционалдықтың графигін салу
Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер және олардың жүйелері	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу	6.2.2.16 екі айнымалысы бар теңдеудің анықтамасын және қасиеттерін білу
	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері	6.2.2.17 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі туралы түсінігінің болуы; 6.2.2.18 екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесінің шешімі реттелген сандар жұбы болатынын түсіну
	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін қосу тәсілімен және алмастыру тәсілімен шешу	6.2.2.19 теңдеулер жүйелерін алмастыру тәсілі және қосу тәсілі арқылы шешу
	Мәтінді есептерді екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері арқылы шығару	6.2.1.13 сандармен байланысты есептер шығаруда $\overline{ab} = 10a + b$, $\overline{abc} = 100a + 10b + c$ жазуларын қолдану; 6.5.1.7 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулер жүйелерін құру арқылы шешу
5-6-сыныптардағы математика курсын қайталау		

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
53-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәнінен Үлгілік оқу бағдарламасы

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Оқу бағдарламасының мақсаты – «Алгебра» пәнінің мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен кіріктіре отырып, жалпы адами құндылықтар негізінде және ұлттық мәдениеттің озық салт-дәстүрлері арқылы оқушылардың зияткерлік деңгейін дамыту.

3. Міндеттері:

11) «Сандар», «Алгебра», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

12) әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;

13) есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

14) өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

15) практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

16) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

17) өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

18) математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;

19) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканың маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ету;

20) математика оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

2-тарау. «Алгебра» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Алгебра» оқу пәнінің мазмұны

4. «Алгебра» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 108 сағат;

2) 8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 108 сағат;

3) 9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 108 сағат.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

7-сыныпқа арналған алгебра пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

	Линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы. Линзаның көмегімен кескін алу	8.5.1.11 - жұқа линза формуласын есептер шығару үшін қолдану; 8.5.1.12 - линзаның сызықтық ұлғаю формуласын сандық және графиктік есептер шығару үшін қолдану; 8.5.1.13 - жұқа линзада сәуленің жолын салу және кескінге сипаттама беру
	№ 11 зертханалық жұмыс. «Жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау»	8.5.1.14 - жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау; 8.1.3.3 - физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау
	Көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері	8.5.1.15 - көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау
	Оптикалық аспаптар	8.5.1.16 - қарапайым оптикалық құралдарды (перископ, обскура камерасы) құрастыру

9-сынып:

ЖОБА

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
Білім алушылар:		
1-тоқсан		
Кинематика негіздері	Механикалық қозғалыс	9.2.1.1 - Материялық нүкте, санақ жүйесі, механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы ұғымдарының мағынасын түсіндіру, жылдамдықтарды қосу және орын ауыстыру теоремаларын қолдану
	Векторлар және оларға амалдар қолдану. Вектордың координаталар осьтеріндегі проекциялары	9.2.1.2 - векторларды қосу, азайту, векторды скалярға көбейту; 9.2.1.3 - вектордың координаталар осіне проекциясын анықтау, векторды құраушыларға жіктеу
	Түзусызықты теңайнымалы қозғалыс, үдеу*	9.2.1.4 - уақыттан тәуелділік графиктерінен орын ауыстыруды, жылдамдықты, үдеуді анықтау;
	Түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру*	9.2.1.5 - түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және үдеу формулаларын есептер шығаруда қолдану; 9.2.1.6 - түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі координата мен орын ауыстыру теңдеулерін есептер шығаруда қолдану
	№ 1 зертханалық жұмыс. «Теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау»	9.2.1.7 - теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін эксперименттік жолмен анықтау; 9.1.3.2 - эксперименттің нәтижесіне әсер ететін факторларды талдау және эксперименттi жүргізуді жақсарту жолдарын ұсыну; 9.2.1.8 - теңүдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстырудың және жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графиктерін тұрғызу және оларды түсіндіру
	Дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі	9.2.1.9 - еркін түсуді сипаттау үшін теңайнымалы қозғалыстың

ЖОБА

		кинематикалық теңдеулерін қолдану
	№ 2 зертханалық жұмыс. «Горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу»	9.2.1.10 - теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдана отырып, горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын сипаттау; 9.2.1.11 - горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс жылдамдығын анықтау ; 9.2.1.12- горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын сызу
	Қисықсызықты қозғалыс; материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы* Сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар*	9.2.1.13 - дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сызықтық және бұрыштық шамалар арқылы сипаттау; 9.2.1.14 - сызықтық және бұрыштық жылдамдықты байланыстыратын өрнекті есептер шығаруда қолдану
	Центрге тартқыш үдеу*	9.2.1.15 - центрге тартқыш үдеу формуласын есептер шығаруда қолдану
Астрономия негіздері	Жұлдызды аспан*	9.7.2.1 - абсолюттік және көрінерлік жұлдыздық шамаларды ажырату; 9.7.2.2 - жұлдыздырдың жарқырауына әсер ететін факторларды атау
	Аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі*	9.7.2.3 - аспан сферасының негізгі элементтерін атау; 9.7.2.4 - жұлдызды аспанның жылжымалы картасынан жұлдыздардың аспан координатасын анықтау
	Әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт	9.7.2.5 - әртүрлі ендіктегі жұлдыздардың шарықтау айырмашылығын түсіндіру; 9.7.2.6 - жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақытты сәйкестендіру

ЖОБА

	Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары	9.7.2.7 - Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру
	Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау	9.7.2.8 - Күн жүйесіндегі денелердің ара қашықтығын немесе өлшемдерін анықтау үшін параллакс әдісін қолдануды түсіндіру
2-тоқсан		
Динамика негіздері	Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері	9.2.2.1 - инерция, инерттілік және инерциялық санақ жүйесі ұғымдарының мағынасын түсіндіру; 9.2.2.2- Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану
	Механикадағы күштер	9.2.2.3 - ауырлық күші, серпімділік күші, және үйкеліс күші табиғатын түсіндіру
	Ньютонның екінші заңы, масса	9.2.2.2 - Ньютонның екінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану
	Ньютонның үшінші заңы	9.2.2.5 - Ньютонның үшінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану
	Бүкіләлемдік тартылыс заңы*	9.2.2.6 - Бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану
	Дененің салмағы, салмақсыздық*	9.2.2.10 - үдеумен қозғалған дененің салмағын анықтау; 9.2.2.11 - салмақсыздық күйді түсіндіру
	Денелердің ауырлық күшінің әрекетінен қозғалуы. Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы*	9.2.2.9 - бірінші ғарыштық жылдамдықтың формуласын есептер шығаруда қолдану; 9.2.2.7 - ғарыш аппараттардың орбиталарын салыстыру; 9.2.2.8 - тартылыс өрісіндегі дененің қозғалысын сипаттайтын шамаларды анықтау
3-тоқсан		
Сақталу заңдары	Дене импульсі және күш импульсі*	9.2.3.1 - дене импульсі мен күш импульсін ажырату

	Импульстің сақталу заңы* Реактивті қозғалыс*	9.2.3.2 - импульстің сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану; 9.2.3.3 - табиғаттағы және техникадағы реактивті қозғалысқа мысалдар келтіру; 9.2.3.4 - Байқоңыр ғарыш айлағының аймақтық және халықаралық маңыздылығына баға беру
	Механикалық жұмыс және энергия	9.2.3.5 - механикалық жұмысты аналитикалық және графиктік тәсілдермен анықтау; 9.2.3.6 - жұмыс пен энергияның байланысын түсіндіру
	Энергияның сақталу және айналу заңы	9.2.3.7 - энергияның сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану
Тербелістер және толқындар	Тербелмелі қозғалыс	9.2.5.1 - еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру; 9.2.5.2 - эксперименттік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтау; 9.2.5.3 - формулаларды қолданып, период, жиілік, циклдік жиілікті анықтау
	Тербелістер кезіндегі энергияның түрленуі* Тербелмелі қозғалыстың теңдеуі*	9.2.5.4 - тербелмелі процесте энергияның сақталу заңын сипаттау; 9.2.5.5 - гармониялық тербелістердің графиктері бойынша координатаның, жылдамдықтың және үдеудің теңдеулерін жаза білу
	Математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері*	9.2.5.6 - әртүрлі тербелмелі жүйедегі тербелістің пайда болу себептерін түсіндіру; 9.2.5.7 - маятниктер тербелісі периодының әртүрлі параметрлерге тәуелділігін зерттеу
	№ 3 зертханалық жұмыс. «Математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау»	9.2.5.8 - математикалық маятник периодының формуласынан еркін түсу үдеуін анықтау; 9.2.5.9 - период квадратының маятник ұзындығына тәуелділік графигін тұрғызу және талдау;

ЖОБА

		9.1.3.1 - алған нәтижені түсіндіру және қорытынды жасау
	Еркін және еріксіз тербелістер, резонанс	9.2.5.10 - еріксіз тербеліс амплитудасының мәжбүрлеуші күштің жиілігіне тәуелділігін график бойынша сипаттау; 9.2.5.11 - резонанс құбылысын сипаттау
	Еркін электромагнитік тербелістер	9.4.4.1 - тербелмелі контурдағы еркін электромагниттік тербелістерді сапалық түрде сипаттау
	Толқындық қозғалыс*	9.2.5.12 - толқын жылдамдығы, жиілігі және толқын ұзындығы формулаларын есеп шығаруда қолдану; 9.2.5.13 - көлденең және бойлық толқындарды салыстыру
	№4 зертханалық жұмыс. «Беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау»	9.2.5.14 - су бетіндегі толқындардың таралу жылдамдығын эксперимент түрінде анықтау
	Дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық	9.2.5.15 - дыбыстың пайда болу және таралу шарттарын атау; 9.2.5.16 - дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқындарының жиілігі және амплитудасымен сәйкестендіру; 9.2.5.17 - резонанстың пайда болу шарттарын атау және оның қолданылуына мысалдар келтіру; 9.2.5.18 - жаңғырықтың пайда болу табиғатын және оны қолдану әдістерін сипаттау; 9.2.5.19 - табиғатта және техникада ультрадыбыс пен инфрадыбыстықолдануға мысалдар келтіру
	Электромагниттік толқындар Электромагниттік толқындар шкаласы	9.4.4.2 - механикалық толқындар мен электромагниттік толқындардың ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру;

ЖОБА

		9.4.4.3 - электромагниттік толқындар шкаласын сипаттау және әртүрлі диапазондағы толқындардың қолданылуына мысалдар келтіру; 9.4.4.4 - шыны призма арқылы өткен жарықтың дисперсиясына сапалы сипаттама беру
4-тоқсан		
Атом құрылысы. Атомдық құбылыстар	Жылулық сәуле шығару	9.6.1.1 - жылулық сәуле шығару энергиясының температураға тәуелділігін сипаттау
	Жарық кванттары туралы Планк гипотезасы	9.6.1.2 - Планк формуласын есептер шығаруда қолдану
	Фотоэффект құбылысы	9.6.1.3 - фотоэффект құбылысын сипаттау және фотоэффект құбылысының техникада пайдаланылуына мысалдар келтіру; 9.6.1.4 - фотоэффект үшін Эйнштейн формуласын есептер шығаруда қолдану;
	Рентген сәулелері*	9.6.1.5 - рентген сәулесін электромагниттік сәулелердің басқа түрлерімен салыстыру; 9.6.1.6 - рентген сәулесін қолдануға мысалдар келтіру
	Радиоактивтілік* Радиоактивті сәулеленудің табиғаты*	9.6.2.1 - α, β және γ - сәулеленудің табиғаты мен қасиеттерін түсіндіру
	Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы	9.6.1.7- α-бөлшегінің шашырауы бойынша Резерфорд тәжірибесін сипаттау
Атом ядросы	Ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер. Массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы	9.6.1.8 - ядролық күштердің қасиеттерін сипаттау; 9.6.1.9 - атом ядросының масса ақауын анықтау; 9.6.1.10 - атом ядросының байланыс энергиясы формуласын есептер шығаруда қолдану
	Ядролық реакциялар. Радиоактивті ыдырау заңы	9.6.1.11 - ядролық реакцияның теңдеуін шешуде зарядтық және массалық сандардың сақталу заңын қолдану;

КОПИЯ

		9.6.2.2 - радиоактивті ыдыраудың ықтималдық сипатын түсіндіру; 9.6.2.3 - радиоактивті ыдырау заңын есеп шығаруда қолдану
	Ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция. Ядролық реакторлар	9.6.2.4 - тізбекті ядролық реакциялардың өту шарттарын сипаттау; 9.6.2.5 - ядролық реактордың жұмыс істеу принципін сипаттау
	Термоядролық реакциялар. Радиоизотоптар, радиациядан қорғану	9.6.2.6 - ядролық ыдырау мен ядролық синтезді салыстыру; 9.6.2.7 - радиактивті изотоптарды қолданудың мысалдарын келтіру; 9.6.2.8 - радиациядан қорғану әдістерін сипаттау
	Элементар бөлшектер	9. 6.3 - элементар бөлшектерді жіктеу
Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі	Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы	9.8.1.1 - адамның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына физика және астрономияның дамуының ықпалын түсіндіру;
	Экологиялық мәдениет	9.8.1.3 - жаңа технологиялардың қоршаған ортаға ықпалының артықшылығы мен қауіптілігін бағалау;

Ескертпе:

сағатты азайту үшін:

Негізгі орта білім деңгейінің 7-9 сыныптарына арналған «Физика» пәні бойынша типтік оқу жоспарын іске асырудың ұзақ мерзімді жоспарында негізгі мазмұн сақталады. Оқу жоспарының көлемін 1 сағатқа дейін төмендету үшін қажет болған жағдайда «*» қойылып белгіленген тақырыптарды мұғалімнің қалауы бойынша біріктіру ұсынылады.

сағаттарды көбейту үшін:

Негізгі орта білімнің 7-9 сыныптарына арналған «Физика» пәні бойынша типтік оқу жоспарын іске асырудың ұзақ мерзімді жоспарында негізгі мазмұн сақталды. Оқу жоспарының көлемін ұлғайту үшін мұғалімге эксперимент нәтижелерін жинау және талдау негізінде эмпирикалық тәуелділікті анықтауға, сандық және сапалық есептерді шешу, практикалық тапсырмаларды орындау үшін сағаттардың санын көбейтуге мүмкіндік бар.

Аймақтық және жергілікті аспектілерде қолданбалы құндылығы бар оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру, физика саласындағы Қазақстанның ғылыми жетістіктерін зерттеу ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « «
№ бұйрығына
58-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Химия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Химия» оқу пәні әлемнің біртұтас ғылыми бейнесін, оқушылардың жаратылыстану-ғылымитанымын, табиғатты аялау, сын тұрғысынан ойлау және зерттеу дағдыларын дамытуды қалыптастыруда маңызды.

3. «Химия» оқу пәнінің мақсаты:

1) заттар мен олардың айналымы, заттар қасиеттерінің, олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастыру;

2) заттар және химиялық реакциялар туралы білімін өмірде пайдалану біліктерін дамыту.

4. Химия курсын оқып аяқтағаннан кейін оқушылар:

1) заттардың атомдармен молекулаларының құрылымын, химиялық реакция барысында заттардың қасиеттерінің өзгеруін;

2) химиялық реакциялар кезіндегі зат массасы мен энергия сақталу заңдарын;

3) химиялық реакцияның жылдамдығының әртүрлі жағдайда өзгеру заңдылықтарын;

4) химиялық реакцияларды жүргізу ережелерін, өмір мен қоршаған орта қауіпсіздігі үшін техника қауіпсіздігі ережелерін сақтауды;

5) эксперименттерді жоспарлаудың ғылыми әдістері;

6) химиялық процестер мен олардың заңдылықтарын болжау және түсіндіру үшін химияның басты заңдылықтарын қолдануды және бағалауды білулері қажет.

2-тарау. «Химия» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Химия» оқу пәнінің мазмұны

5.»Химия» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;

2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты;

3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

6. Оқу пәнінің мазмұны бес бөлімді қамтиды:

1) заттардың бөлшектері;

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;

3) химиядағы энергетика;

4) химия және қоршаған орта;

5) химия және өмір.

7. Оқу пәнінің мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер білім, түсінік және дағдыларды қамтитын күтілетін нәтижелер түріндегі оқу мақсаттарынан тұратын бөлімшелерге бөлінген. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

8. «Заттардың бөлшектері» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) атомдар, иондар және молекулар;

2) атомның құрамы мен құрылысы;

3) атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы, атомдардан иондардың құрылуы;

4) химиялық байланыстардың түрлері.

9. «Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) периодтық заң және химиялық элеметтердің периодтық жүйесі;

2) химиялық реакциялардың жіктелуі;

3) зат массасының сақталу заңы;

4) металдардың электрохимиялық кернеу қатары.

10. «Химиядағы энергетика» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар;

2) химиялық реакциялардың жылдамдығы;

3) химиялық тепе-теңдік;

4) қышқылдар мен негіздер теориясы.

11. «Химия және қоршаған орта» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) заттардың жіктелуі;

2) Жер химиясы;

3) көміртек және оның қосылыстары химиясы.

12. «Химия және өмір» бөлімі «Биохимия» бөлімшесінен тұрады.

13. 7- сыныпқа арналған «Химия» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Химия пәні. Таза заттар және қоспалар. Химия – заттар туралы жаратылыстану ғылымдарының бір саласы, химияның дамуы мен маңызы, химия кабинетіндегі және зертханасындағы қауіпсіздік техникасының ережелері, таза заттар және олардың физикалық қасиеттері, біртекті және әртекті қоспалар, заттарды тазарту және бөлу тәсілдері, жәй және күрделі заттар, элемент, химиялық қосылыстар:

№ 1 практикалық жұмыс «Техника қауіпсіздігі ережелері және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу»;

№ 1 зертханалық тәжірибе «Заттарды және олардың қосылыстарын салыстыру»;

№ 2 зертханалық тәжірибе «Ластанған ас тұзын тазарту»;

2) «Заттар күйінің өзгеруі». Физикалық және химиялық құбылыстар, химиялық реакция, заттың агрегаттық күйлері, қатты, сұйық, бөлшектердің кинетикалық теориясына сәйкес газ тәріздес заттардың құрылымы, заттардың салқындау, қыздыру және булану үдерістері:

№ 3 зертханалық тәжірибе «Химиялық реакциялардың белгілерін зерттеу»;

№ 4 зертханалық тәжірибе «Аспирин немесе салолдың салқындау үдерісін зерттеу»;

№ 5 зертханалық тәжірибе «Судың қайнау үдерісін зерттеу»;

№ 1 бақылау жұмысы;

3) «Атомдар. Молекулалар. Заттар». Атомдар мен молекулалар, атомдар мен молекулалардың айырмашылығы, химиялық элементтер, химиялық элементтердің символдары, элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу, жай және күрделі заттар, атомның құрамы мен құрылысы, ядро, протон, нейтрон, электрон, изотоптар, элементті аталуы және фундаменталды бөлшектерінің саны бойынша сипаттау;

4) «Ауа. Жану реакциясы». Ауа және оның құрамы, атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызы, жану үдерісі, заттың жану шарттары, тез тұтанатын, жанатын және жанбайтын заттар, отын, оттек, тұтану көзі, тұтану температурасы, металдар мен бейметалдардың жануы, жану реакциясының өнімдері:

№ 6 зертханалық тәжірибе: «Балауыз шамның жануы»;

№ 2 практикалық жұмыс/көрсетілім «Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттегінде жануын салыстыру»;

№ 2 бақылау жұмысы;

5) «Химиялық реакциялар». Табиғи қышқылдар мен сілтілер; «қышқылдық» және «сабынды» қасиеттері, индикаторлар, әмбебап индикатор, pH шкала метилоранж, лакмус, фенолфталеин, индикаторлардың түрлі орталардағы түстерінің өзгеруі, қышқылдар мен сілтілер, антацидті заттар, бейтараптану реакциясы, сұйылтылған қышқылдар, қышқылдардың қолданылу аймақтар, қышқылдармен жұмыс жүргізу ережелері, сұйылтылған қышқылдардың түрлі металдармен әрекеттесуі, сутекке сапалық реакция, карбонаттар, сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі, көмірқышқыл газына сапалық реакция;

№ 7 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің қышқылдық, негіздік ортасын анықтау»;

№ 8 зертханалық тәжірибе «Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы»;

№ 9 зертханалық тәжірибе «Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен реакциясы»;

№ 10 зертханалық жұмыс «Сутекке сапалық реакция»;

№ 3 практикалық жұмыс «Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция»;

6) «Химиялық элементтердің периодтық кестесі». Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы, И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің элементтерді жіктеуі, периодтық заң, периодтық кестенің құрылымы, периодтық кестенің құрылу принципі, атом нөмірі ядро заряды, атомдағы элементер бөлшектер;

7) «Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формулалар». Изотоптар қоспасы, табиғи изотоптар, салыстырмалы атомдық масса, салыстырмалы молекулалық/формулалық масса, химиялық формула, химиялық элементтердің валенттілігі, бинарлы қосылыстардың формулаларын құрастыру, қосылыстардағы атомдардың қатынастары:

есептеуге берілген есептер: салыстырмалы молекулалық массаны есептеу;

№ 3 бақылау жұмысы;

8) «Адам ағзасындағы химиялық элементтер». Қоректік заттар, адам ағзасындағы химиялық элементтер (O, C, H, N, Ca, P, K), химиялық элементтердің тірі және өлі табиғаттағы таралуы, адам ағзасындағы микро- макроэлементтердің биологиялық рөлі, тыныс алу үдерісі, тамақтану теңгерімі;

№ 4 практикалық жұмыс «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау»;

№ 11 зертханалық тәжірибе «Тыныс алу үдерісін зерттеу»;

9) «Геологиялық химиялық қосылыстар». Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар, табиғи ресурстар, кен орны, кен, кеннің құрамы, минералдар, табиғи ресурстарды өндіру, металдарды алу, Қазақстанның пайдалы қазбалары, минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері:

№ 4 бақылау жұмысы.

14. 8-сыныпқа арналған «Химия» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Атомдардағы электрондардың қозғалысы». Атомдардағы электрондардың орналасуы, энергетикалық деңгейлер, *s* және *p* орбитальдарының пішіндері, электрондық конфигурация, электронды-графикалық формула, ион, иондардың түзілуі, «нольдік қосынды» әдісімен қосылыстардың формулаларын құрастыру:

№ 1 зертханалық тәжірибе «Атомдардың модельдерін жасау»;

2) «Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері». Химиялық формула, химиялық реакция теңдеулері, заттардың массасының сақталу заңы, химиялық реакциялардың типтері: бірігу, ажырау, алмастыру, алмасу, табиғаттағы химиялық реакциялар, тірі организмдер мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар:

№ 1 көрсетілім «Заттардың массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе»;

№ 2 зертханалық тәжірибе «Әрекеттесуші заттардың массасының қатынасы»;

есептеуге берілген есептер: химиялық формула бойынша химиялық бірігудегі элементтің массалық үлесін есептеу, элементтердің массалық үлестері бойынша заттың қарапайым формуласын анықтау;

3) «Металдардың химиялық белсенділігі». Металдардың тотығуы, металдардың жемірілуі, металдардың сумен әрекеттесуі, металдардың қышқыл ерітінділерімен, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуі, металдардың белсенділік қатары, металдардың белсенділігін салыстыру:

№ 2 көрсетілім «Белсенді металдардың сумен әрекеттесуі»;

№ 3 зертханалық тәжірибе «Металдардың қышқылдар ерітіндісімен әрекеттесуі»;

№ 3 көрсетілім «Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру»;

№ 1 практикалық жұмыс «Металдардың белсенділігін салыстыру»;

№ 1 бақылау жұмысы;

4) «Заттың мөлшері». Заттың мөлшері, моль, Авогадро саны, заттың молярлық массасы:

есептеуге берілген есептер: жәй және күрделі заттардың салыстырмалы молярлық массасын есептеу, химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу, заттың белгілі мөлшеріндегі атомдардың (молекулалардың) сандарын есептеу;

5) «Стехиометриялық есептеулер». Химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша есептер шығару, молярлық көлем, газдардың салыстырмалы тығыздығы, көлемдік қатынастар заңы, қалыпты және стандартты жағдайлар;

есептеуге берілген есептер: химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын , массасын және заттың мөлшерін есептеу, заттың берілген массасы немесе заттың мөлшері бойынша атомдар мен молекулалардың сандарын есептеу, химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін (газдың) және зат мөлшерін есептеу, қалыпты жағдайлардағы газдың көлемін, газдардың салыстырмалы тығыздығын есептеу, оттек және ауа бойынша газдардың салыстырмалы тығыздықтарын есептеу, заттың мөлшері, молярлық масса, газдың молярлық көлемі, Авогадро заңы ұғымдарын пайдаланып формулалар бйынша есептеулер жасау, химиялық реакциялар кезіндегі газдардың көлемдік қатынастары түсініктерін қолданып есептеулер жасау;

6) «Химиялық реакциялардағы энергиямен танысу». Отынның жануы және энергияның бөлінуі, көміртекті отынның жануы кезінде көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілуі мүмкіндігі, жылыжайлық эффектісінің себептері және шешу жолдары, экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар, әртүрлі отындардың потенциалы, қоршаған ортаға әсері, кинетикалық бөлшектер теориясы тұрғысынан энергия өзгерісі, реакцияның жылу эффектісі, термохимиялық теңдеулер:

№ 4 зертханалық тәжірибе «Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар»;

есептеуге берілген есептер: реакциялардың термохимиялық теңдеулері бойынша реакцияның жылу эффектісін есептеу;

7) «Сутек. Оттек және озон». Сутек – химиялық элемент және жәй зат, сутектің изотоптары (протий, дейтерий және тритий), сутектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы, оттек – химиялық элемент және жәй зат, оттектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы, сутектің және оттектің бинарлы қосылыстары, табиғатта таралуы, оттектің аллотропиялық түрөзгерісі, озон, сутек пен оттекті алу, Жер бетіндегі озон қабатының маңызы;

№ 4 көрсетілім «Сутек пероксидінің ыдырауы»;

№ 2 практикалық жұмыс «Сутекті алу және оның қасиеттерін зерттеу»;

№ 3 практикалық жұмыс «Сутектің переоксидінен оттекті алу және оның қасиеттерін зерттеу»;

есептеуге берілген есептер: реакцияға қатысатын немесе реакция нәтижесінде түзілген өнімнің белгілі массасы, заттың мөлшері немесе көлемі бойынша заттың массасын, заттың мөлшерін, (газдың) көлемін есептеу;

№ 2 бақылау жұмысы;

8) «Химиялық элементтердің периодтық жүйесі». Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы, периодтың, топтың, атом нөмірінің физикалық мәні, химиялық элементтердің атомдарының кейбір қасиеттері мен сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі, периодтық жүйедегі орыны бойынша элементтің сипатталуы, химиялық элементтердің табиғи тектестері, сілтілік металдардың, галогендердің, инертті газдардың тектестері, металдар мен бейметалдар, периодтық кестеде орналасуына байланысты химиялық элементтің қасиеттері;

9) «Химиялық байланыс түрлері». Химиялық элементтердің электртерістілігі, атомдар арасындағы химиялық байланыстар табиғатының бірлігі, ковалентті полярлық және полярлық емес байланыс, иондық байланыс, заттың аморфты және кристалдық күйлері, кристалл торларының типтері, заттардың қасиеттерінің оның құрылысына тәуелділігі;

10) «Ерітінділер және ерігіштік». Заттардың суда еруі, заттардың судағы ерігіштігі бойынша жіктелуі, ерітінділер, еріген заттың массалық үлесі, молярлық концентрация, қатты заттардың, сұйықтардың және газдардың суда ерігіштігі, кристаллогидраттар, ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі рөлі, заттарды ерігіштігіне температураның әсері:

№ 5 зертханалық тәжірибе «Заттардың ерігіштігін зерттеу»;

№ 4 практикалық жұмыс «Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері»;

№ 5 практикалық жұмыс «Берілген пайыздық және молярлық концентрациялы ерітінділерді дайындау»;

есептеуге берілген есептер: заттардың судағы ерігіштігін есептеу, тығыздығы мен көлемі бойынша ерітіндінің массасын анықтау, еріген заттың және еріткіштің массасын, еріген заттың массалық үлесін есептеу, ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу;

№ 3 бақылау жұмысы;

11) «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары». Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс, қышқылдар:

құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, негіздер: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, тұздар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс;

№ 6 зертханалық тәжірибе «Оксидтердің химиялық қасиеттерін зерттеу»;

№ 7 зертханалық тәжірибе «Қышқылдардың химиялық қасиеттерін зерттеу»;

№ 8 зертханалық тәжірибе «Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу»;

№ 9 зертханалық тәжірибе «Тұздардың қасиеттері және алынуы»;

есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу;

12) «Көміртек және оның қосылыстары». Көміртектің жалпы сипаттамасы; табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуы, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолдану аймағы, көміртектің қасиеттері, көміртектің оксидтері және олардың қасиеттері, тірі ағзаларға иіс газының физиологиялық әсері, көміртектің табиғаттағы айналымы:

№ 6 практикалық жұмыс «Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері»;

№ 7 практикалық жұмыс «Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттері зерттеу»;

есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу;

13) «Су». Судың құрамы, қасиеттері және қолданылуы, табиғаттағы су, су – табиғи әмбебап еріткіш, сулы ерітінділер және жүзгіндер, судың бірегей қасиеттері және оның өмір үшін маңызы, судың табиғаттағы айналымы, судың ластану себептері, судың кермектігі және оны жою тәсілдері, судың және сулы ерітінділердің табиғаттағы, өндірістің түрлі салаларындағы және ауыл шаруашылығындағы маңызы, суды тазарту әдістері, ауыз суын тазарту, Қазақстан Республикасындағы ауыз су мәселесі, су басейнін ластанудан қорғау, Қазақстандағы су ресурстарының экологиялық мәселелері, сусыз мыс (II) сульфатының көмегімен суды анықтау әдісі:

№ 10 зертханалық тәжірибе «Судың кермектігін анықтау»;

есептеуге берілген есептер: еріген заттың массалық үлесін, еріткіштің, еріген заттың массасын есептеу;

№ 4 бақылау жұмысы.

15. 9-сынып оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Электролиттік диссоциация». Электролиттер және бейэлектролиттер, С. Аррениустың электролиттік диссоциациялану теориясының негізгі қағидалары, электролиттік диссоциациялану механизмі, ерітінділердің немесе заттың балқымаларының электр өткізгіштігінің химиялық байланыс түріне тәуелділігі, күшті және әлсіз электролиттер, диссоциациялану дәрежесі, қышқыл, сілті және тұздардың судағы ерітінділерінде электролиттік диссоциациялануы, көпнегізді қышқылдардың, қышқылдық және негіздік тұздардың диссоциациялануы, ион алмасу реакциялары және олардың жүру жағдайлары, электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз және тұз ерітінділерінің химиялық қасиеттері, тұздар гидролизі;

№ 1 көрсетілім «Иондық және ковалентті полярлық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы»;

№ 1 зертханалық тәжірибе «Қышқыл, сілті ерітінділерінің pH анықтау»;

№ 1 практикалық жұмыс «Ион алмасу реакциялары»;

№ 2 зертханалық тәжірибе «Тұздар гидролизі»;

есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың мөлшерін, массасын, реакция өнімінің көлемін есептеу, диссоциациялану дәрежесін есептеу;

2) «Бейорганикалық заттарға сапалық талдау». Катиондарға сапалық реакциялар, жалын түсінің боялуы бойынша Li^+, Na^+, K^+, Ca^{2+}, Sr^{2+}, Ba^{2+}, Cu^{2+} металл катиондарын анықтау, аниондардың сапалық реакциялары, бейорганикалық қосылыстардың құрамын сапалық талдау;

№ 3 зертханалық тәжірибе жалын түсінің боялуы бойынша «Li^+, Na^+, K^+, Ca^{2+}, Sr^{2+}, Ba^{2+}, Cu^{2+} катиондарын анықтау»;

№ 4 зертханалық тәжірибе «Fe^{2+}, Fe^{3+}, Cu^{2+} катиондарына сапалық реакциялар»;

№ 5 зертханалық тәжірибе «Сулы ерітіндідегі Cl^-, Br^-, I^-, PO_4^{3-}, SO_4^{2-}, CO_3^{2-}, NO_3^-, SiO_3^{2} аниондарын анықтау»;

№ 2 практикалық жұмыс «Бейорганикалық қосылыстарды сапалық талдау»;

есептеуге берілген есептер: егер әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілсе химиялық теңдеулер бойынша есептеу;

3) «Химиялық реакциялардың жылдамдығы». Химиялық реакциялардың жылдамдығы, химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететін факторлар, бөлшектердің кинетикалық тұрғысынан реакция жылдамдығы, катализаторлар, ингибиторлар, катализаторлар мен ингибиторлардың реакция жылдамдығына әсері:

№ 2 көрсетілім «Түрлі химиялық реакциялардың жылдамдығы»;

№ 6 зертханалық тәжірибе «Концентрацияның температурасы мен бөлшектер көлемінің реакция жылдамдығына әсері»;

№ 3 практикалық жұмыс «Реакция жылдамдығына катализатордың әсері»;

4) «Қайтымды реакциялар». Химиялық тепе-теңдік, тепе-теңдік динамикалық үдеріс ретінде, химиялық тепе-теңдіктің ығысуы, Ле-Шателье-Браун принципі, химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына

жағдайлардың өзгерісінің әсері, бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан химиялық тепе-теңдік;

№ 3 көрсетілім «Қайтымды химиялық реакциялар»;

№ 7 зертханалық тәжірибе «Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы»;

5) «Тотығу-тотықсыздану реакциялары». Химиялық элементтердің тотығу дәрежелері, қосылыстардың формулалары бойынша химиялық элементтердің тотығу дәрежелерін анықтау, тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш туралы түсінік, тотығу-тотықсыздану реакциялары, электрондық баланс әдісі;

6) «Металдар мен қорытпалар». Металдардың жалпы сипаттамасы, металдық байланыс пен металдық кристалдық тор, темір мен мыстың физикалық және химиялық қасиеттері, металдардың тек тотықсыздандырғыш қасиеттерін көрсетуі, темір қорытпалары және олардың қолданылуы, металлургия туралы түсінік, шойын мен болат өндірісі, Қазақстанда металлургияның дамуы, металдар мен олардың қорытпаларын алу, Қазақстандағы металдар және оның қосылыстарының маңызды кен орындары, металдарды өндіру үдерістері, қоршаған ортаға әсері, металдарды алу:

№ 4 көрсетілім «Металдардың кристалдық торы модельдері»;

№ 5 көрсетілім «Металдар және қорытпалар»;

есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі бір массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда реакция теңдеуі бойынша заттың массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу;

7) 1 (I), 2 (II) және 13 (III) топтар элементтері және олардың қосылыстары. 1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары, атомдары құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттері, сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 2 (II)-топ элементтері және олардың қосылыстары, 1 (I)-ші және
2 (II)-топ металдарының жалпы қасиеттері, кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 3 (III)-топ элементтері, алюминий және оның қосылыстары, алюминийдің қосылыстары мен қорытпаларының қолдану аймағы, алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екі дайлы қасиеттері:

№ 6 көрсетілім «Натрийдің, кальцидің сумен әрекеттесуі»;

№ 8 зертханалық тәжірибе «Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі»;

№ 7 көрсетілім «Алюминий мен оның қорытпалары»;

№ 9 зертханалық тәжірибе «Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі»;

№ 4 практикалық жұмыс «Металдар» тақырыбына эксперименттік есептер шығару;

есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болғанда, заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын реакция теңдеуі бойынша есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу;

№ 2 бақылау жұмысы;

8) 17 (VII), 16 (VI), 15 (V), 14 (IV) - топтарының элементтері және олардың қосылыстары.(VII) топ элементтері, галогендер, байланыс түрі және кристалдық тор типі, топтағы галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары, хлор, хлордың химиялық қасиеттері: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі, хлорсутек қышқылының құрамы қасиеттері мен қолданылуы, 16 (VI)-топ элементтері, күкірт, күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттері, күкірттің негізгі қосылыстары және олардың физикалық және химиялық қасиеттері, қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсері, күкірт қышқылы, күкірт қышқылы және оның тұздарының жалпы және ерекше қасиеттері, қасиеттері мен қолданылуы, 15 (V)-топ элементтері: азот, азоттың қасиеттері және табиғаттағы азот айналымы, аммиак, аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы, аммиак өндірісі, (Габер синтезі): азот қышқылы, азот қышқылының қасиеттері, азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері, фосфор және оның қосылыстары, фосфорды аллотропиялық түрлендіру, фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындары, фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттері, минералды тыңайтқыштар, олардың Қазақстанда өндірілуі және оларды тиімді қолдану, азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсері, 14 (IV) - топ элементтері, кремний және оның қосылыстары, кремнийдің қолданылу аймағы және оның жартылай өткізгіш ретінде маңызы, сұйық кристалдар, кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типі, кремний мен оның қосылыстарының химиялық қасиеттері, Қазақстандағы силикат өнеркәсібі:

№ 8 көрсетілім «Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері»;

№ 5 практикалық жұмыс «Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу»;

№ 10 зертханалық тәжірибе «Азот молекуласының моделін дайындау»;

№ 11 зертханалық тәжірибе «Аммиак молекуласының моделін дайындау»;

№ 6 практикалық жұмыс «Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу»;

№ 12 зертханалық тәжірибе «Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері»;

№ 9 көрсетілім «Минералды тыңайтқыштар»;

№ 10 көрсетілім «Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торларының модельдері»;

есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша есептеу, бірі зат бастапқы заттардан артық берілген есептер, егер реакция өнімінің практикалық шығымының массалық үлесі белгілі болса, химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, құрамындағы қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы бойынша реакция өнімінің массасын есептеу;

9) «Адам ағзасындағы химиялық элементтер». Адам ағзасының химиялық құрамы, макроэлементтер және микроэлементтер, олардың маңызы, адам ағзасының құрамына кіретін элементтер және олардың маңызы: (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe), Қазақстан тұрғындарының теңгерімді тамақтану рационы, ағзадағы кейбір элементтерді анықтау, ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы көздері, ауыр металдардың ағзаларға әсері:

№ 13 зертханалық тәжірибе «Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау»;

№ 14 зертханалық тәжірибе «Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау»;

№ 3 бақылау жұмысы;

10) «Органикалық химияға кіріспе». Органикалық химия – көміртек қосылыстарының химиясы, А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізгі қағидалары, органикалық заттардың ерекшеліктері, органикалық қосылыстардың жіктелуі, функционалдық топ түсінігі, органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары, органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары, органикалық қосылыстардың номенклатурасы, органикалық қосылыстардың изомериясы:

№ 11 көрсетілім «Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь,этан қышқылы, глюкоза, аминоэтан қышқылы модельдері»;

№ 12 көрсетілім «Алкандардың алғашқы бес өкілдерінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері»;

№ 13 көрсетілім «Пентан изомерлерінің модельдері»;

есептеуге берілген есептер: элементтердің массалық үлесі және салыстырмалы тығыздығы бойынша газтәрізді заттардың молекулалық формулаларын табу;

11) «Көмірсутектер. Отын». Көмірсутектердің жіктелуі, номенклатурасы және изомериясы, қаныққан көмірсутектер, алкан, метан, қанықпаған көмірсутектер, алкендер, этилен, алкиндер, ацетилен, арендер, бензол,көмірсутектер арасындағы генетикалық байланыс, көмірсутектердің табиғи көздері, көмірсутекті отындар, табиғи газдың, мұнайдың, көмірдің Қазақстандағы кен орындары, оларды өндіру және өңдеу, көмірсутектерді өндіру, өңдеу және қолданудағы экологиялық мәселелер, көмірсутектерді экономиканың түрлі салаларында және тұрмыста пайдалану, альтернативті отын түрлері, мұнай, мұнай фракциялары және шикі мұнай өнімдерінің қолдану аймағы:

№ 14 көрсетілім «Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі»;

№ 15 көрсетілім «Отын түрлері»;

№ 16 көрсетілім «Мұнай және мұнай өнімдері»;

есептеуге берілген есептер:реакция өнімінің массасы немесе көлемі және белгілі заттың салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттың формуласын анықтау;

12) «Оттекті және азотты органикалық қосылыстар». Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі және номенклатурасы, метанол, этанол, спирттердің улылығы және этил спиртінің адам организміне зиянды әсері, оттекті органикалық қосылыстардың өкілдері, этандиол, пропантриол, этан қышқылы, глюкоза, сахароза, крахмал, целлюлозаның қолданылуы, карбон қышқылдары, күрделі эфирлер мен майлар, сабын, синтетикалық жуғыш заттар, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсері, көмірсулар, нәруыздар, аминқышқылдары, биологиялық маңызды органикалық қосылыстар, Қазақстанның тамақ өнеркәсібі:

№ 15 зертханалық тәжірибе «Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу»;

№ 16 зертханалық тәжірибе «Нәруыздардың денатурациясы»;

есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда, реакция теңдеуі бойынша органикалық заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу, метан, бутан, этанолдың жану реакция теңдеуі бойынша оттектің, ауаның көлемдерін есептеу;

№ 4 бақылау жұмысы.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

16. Бағдарламада оқыту мақсаттары қолдануға ыңғайлы болу үшін төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 9.2.1.2 кодында: «9» – сынып, «2.1.» - бөлім мен бөлімше; «2» - оқу мақсатының реттік нөмірі.

17. Оқыту мақсаттарының жүйесі әр сынып бойынша жазылған:

1) заттардың бөлшектері:

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Атомдар, иондар және молекулар	7.1.1.1 «Химия» ғылымының нені оқытатынын білу; 7.1.1.2 химиялық зертханада және кабинетінде жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну; 7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата алу; 7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіре алу; 7.1.1.5 салқындау үдерісін зерделеу,	8.1.1.1 зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде мольді және Авогадро санын білу; 8.1.1.2 формула бойынша заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептей алу	

	салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру; 7.1.1.6 судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру		
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.2 Атом құрамы мен құрылысы	7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу; 7.1.2.2 әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктей алу; 7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу; 7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу; 7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (p^+, n^0, e^-) мен атом ядросының құрамын білу; 7.1.2.7 «изотоп» түсінігін білу; 7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым		

ҚОБА

	бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну; 7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну; 7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаның анықтамасын білу; 7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, бинарлы химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу; 7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/формулалық массасын есептеу		
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.3 Атомдағы электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы		8.1.3.1 атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну; 8.1.3.2 әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну; 8.1.3.3 *s* және *p*	

ЖОБА

		орбиталдарының пішінін білу; 8.1.3.4 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды – графикалық формулаларын жаза білу; 8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіну; 8.1.3.6 «нольдік қосынды» әдісімен қосылыстардың формуласын құрастыру	
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.4 Химиялық байланыстардың түрлері		8.1.4.1 электртерістілік ұғымына сүйеніп ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру; 8.1.4.2 иондық байланыстың түзілуін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау; 8.1.4.3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру	9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу; 9.1.4.2 металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру; 9.1.4.3 құйма

ЖОБА

			ұғымын білу және оның артықшылықтарын түсіндіру; 9.1.4.4 шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 9.1.4.5 галоген молекулала-рының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрлері мен байланыс типтерін анықтау; 9.1.4.6 аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формулаларын түсіндіру; 9.1.4.7 азот қышқылының молекулалық, формуласын білу және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру; 9.1.4.8 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау

2. химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары:

Білім алушылар білуі тиіс:			
1. Периодтық заң мен химиялы	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.2.1.1 И. Дёберейнер Дж. Ньюлендс, Д.И.	8.2.1.1 топ , период, атом нөмірінің физикалық мәнін	9.2.1.1 атом құрылысы негізінде сілтілік

ЖОБА

қ элеметтер дің периодты қ жүйесі	Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру; 7.2.1.3 периодтық кестенің кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар және периодтар	түсіндіру; 8.2.1.2 бір топтағы элементтердің сыртқы электрондық деңгейінде электрондар санының бірдей болатындығын түсіну; 8.2.1.3 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру; 8.2.1.4 периодтық жүйедегі орны бойынша элементті сипаттау; 8.2.1.5 химиялық қасиеттері ұқсас элемент-тердің бір топқа жататындығын дәлелдеу; 8.2.1.6 химиялық элементтердің табиғи ұяластарын білу және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру; 8.2.1.7 химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжау	металдардың жалпы қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.2 сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.3 1 (I) және 2 (II) -топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және химиялық реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.4 кальций оксиді мен гидроксидінің негізгі қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау; 9.2.1.5 атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосылыстары мен құймаларынның қолдану аймағын атау; 9.2.1.6 алюминийдің, оксиді мен

ЖОБА

			гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.7 1 (I), 2 (II), 13 (III) -топ металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу; 9.2.1.8 топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау; 9.2.1.9 хлордың физикалық қасиеттерін сипаттау және металдармен, сутекпен және галогенидтермен реакция теңдеулерін құру; 9.2.1.10 хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және оның қолдану аясын білу; 9.2.1.11 16 (VI) топ элементтерінің жалпы қасиеттерін сипаттау; 9.2.1.12 күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің

ЖОБА

			физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.13 күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру; 9.2.1.14күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.15азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру; 9.2.1.16 аммиакты алу және қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру; 9.2.1.17 аммиакты аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алуды білу және газ

ЖОБА

			тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.18 азоттан азот қышқылын алудың реакция теңдеуін құрастыру; 9.2.1.19 азот қышқылының басқа қышқылдармен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.20 сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және электронды баланс әдісімен реакция теңдеуін құрастыру; 9.2.1.21 нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.22 фосфордың аллотропиялық түр өзгерістерін салыстыру; 9.2.1.23 фосфор және оның

ЖОБА

			қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.24 кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру; 9.2.1.25 кремний және оның қосылыстарының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру
2.2 Химиялық реакциялардың жіктелуі	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау; 7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру; 7.2.2.3 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру	8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу; 8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау	9.2.2.1 реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құру; 9.2.2.2 бейтараптану және ион алмасу реакцияларының жүру себептерін түсіндіру; 9.2.2.3 тотығу дәрежесі ұғымының мәнін түсіндіру және оны заттың формуласы бойынша анықтау; 9.2.2.4 тотығу және тотықсыздану үдерістері бір-бірімен

23. «Заттардың бөлшектері» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) атомдар, иондар және молекулар;

2) атомның құрамы мен құрылысы;

3) атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы;

4) химиялық байланыстардың түрлері.

24. «Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) периодтық заң мен химиялық элеметтердің периодтық жүйесі;

2) химиялық реакциялардың жіктелуі;

3) зат массасының сақталу заңы;

4) металдардың электрохимиялық кернеу қатары.

25. «Химиядағы энергетика» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар;

2) химиялық реакциялардың жылдамдығы;

3) химиялық тепе-теңдік;

4) қышқылдар мен негіздер теориясы.

26. «Химия және қоршаған орта» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) заттардың жіктелуі;

2) Жер химиясы;

3) көміртек және оның қосылыстары химиясы.

27. «Химия және өмір» бөлімі «Биохимия» бөлімшесінен тұрады.

28. 7- сыныпқа арналған «Химия» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Химия пәні. Таза заттар және қоспалар. Химия – заттар туралы жаратылыстану ғылымдарының бір саласы, химияның дамуы мен маңызы, химия

кабинетіндегі және зертханасындағы қауіпсіздік техникасының ережелері, таза заттар және олардың физикалық қасиеттері, біртекті және әртекті қоспалар, заттарды тазарту және бөлу тәсілдері, жәй және күрделі заттар, элемент, химиялық қосылыстар:

№ 1 практикалық жұмыс «Техника қауіпсіздігі ережелері және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу»;

№ 1 зертханалық тәжірибе «Заттарды және олардың қосылыстарын салыстыру»;

№ 2 зертханалық тәжірибе «Ластанған ас тұзын тазарту»;

2) «Заттар күйінің өзгеруі». Физикалық және химиялық құбылыстар, химиялық реакция, заттың агрегаттық күйлері, қатты, сұйық, бөлшектердің кинетикалық теориясына сәйкес газ тәріздес заттардың құрылымы, заттардың салқындау, қыздыру және булану үдерістері:

№ 3 зертханалық тәжірибе «Химиялық реакциялардың белгілерін зерттеу»;

№ 4 зертханалық тәжірибе «Аспирин немесе салолдың салқындау үдерісін зерттеу»;

№ 5 зертханалық тәжірибе «Судың қайнау үдерісін зерттеу»;

№ 1 бақылау жұмысы;

3) «Атомдар. Молекулалар. Заттар». Атомдар мен молекулалар, атомдар мен молекулалардың айырмашылығы, химиялық элементтер, химиялық элементтердің символдары, элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу, жай және күрделі заттар, атомның құрамы мен құрылысы, ядро, протон, нейтрон, электрон, изотоптар, элементті аталуы және фундаменталды бөлшектерінің саны бойынша сипаттау;

4) «Ауа. Жану реакциясы». Ауа және оның құрамы, атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызы, жану үдерісі, заттың жану шарттары, тез тұтанатын, жанатын және жанбайтын заттар, отын, оттек, тұтану көзі, тұтану температурасы, металдар мен бейметалдардың жануы, жану реакциясының өнімдері:

№ 6 зертханалық тәжірибе: «Балауыз шамның жануы»;

№ 2 практикалық жұмыс/көрсетілім «Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттегінде жануын салыстыру»;

№ 2 бақылау жұмысы;

5) «Химиялық реакциялар». Табиғи қышқылдар мен сілтілер; «қышқылдық» және «сабынды» қасиеттері, индикаторлар, әмбебап индикатор, pH шкала метилоранж, лакмус, фенолфталеин, индикаторлардың түрлі орталардағы түстерінің өзгеруі, қышқылдар мен сілтілер, антацидті заттар, бейтараптану реакциясы, сұйылтылған қышқылдар, қышқылдардың қолданылу аймақтар, қышқылдармен жұмыс жүргізу ережелері, сұйылтылған қышқылдардың түрлі металдармен әрекеттесуі, сутекке сапалық реакция, карбонаттар, сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі, көмірқышқыл газына сапалық реакция;

№ 7 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің қышқылдық, негіздік ортасын анықтау»;

№ 8 зертханалық тәжірибе «Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы»;

№ 9 зертханалық тәжірибе «Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен реакциясы»;

№ 10 зертханалық жұмыс «Сутекке сапалық реакция»;

№ 3 практикалық жұмыс «Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция»;

6) «Химиялық элементтердің периодтық кестесі». Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы, И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің элементтерді жіктеуі, периодтық заң, периодтық кестенің құрылымы, периодтық кестенің құрылу принципі, атом нөмірі ядро заряды, атомдағы элементер бөлшектер;

7) «Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формулалар». Изотоптар қоспасы, табиғи изотоптар, салыстырмалы атомдық масса, салыстырмалы молекулалық/формулалық масса, химиялық формула, химиялық элементтердің валенттілігі, бинарлы қосылыстардың формулаларын құрастыру, қосылыстардағы атомдардың қатынастары:

есептеуге берілген есептер: салыстырмалы молекулалық массаны есептеу;

№ 3 бақылау жұмысы;

8) «Адам ағзасындағы химиялық элементтер». Қоректік заттар, адам ағзасындағы химиялық элементтер (O, C, H, N, Ca, P, K), химиялық элементтердің тірі және өлі табиғаттағы таралуы, адам ағзасындағы микро- макроэлементтердің биологиялық рөлі, тыныс алу үдерісі, тамақтану теңгерімі;

№ 4 практикалық жұмыс «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау»;

№ 11 зертханалық тәжірибе «Тыныс алу үдерісін зерттеу»;

9) «Геологиялық химиялық қосылыстар». Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар, табиғи ресурстар, кен орны, кен, кеннің құрамы, минералдар, табиғи ресурстарды өндіру, металдарды алу, Қазақстанның пайдалы қазбалары, минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері:

№ 4 бақылау жұмысы.

29. 8-сыныпқа арналған «Химия» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Атомдардағы электрондардың қозғалысы». Атомдардағы электрондардың орналасуы; энергетикалық деңгейлер; s және p орбитальдарының пішіндері; электрондық конфигурация; электронды-графикалық формула; ион;

№1 зертханалық тәжірибе «Атомдардың модельдерін жасау»;

2) «Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері». Химиялық формула; химиялық реакция теңдеулері; заттардың массасының сақталу заңы; химиялық реакциялардың типтері: бірігу, ажырау, алмастыру, алмасу; табиғаттағы, химиялық реакциялар тірі организмдер мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар;

№ 1 көрсетілім «Заттардың массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе»;

№ 2 зертханалық тәжірибе «Әрекеттесуші заттардың массасының қатынасы»;

Есептеуге берілген есептер: химиялық формула бойынша химиялық бірігудегі элементтің массалық үлесін есептеу; элементтердің массалық үлестері

бойынша заттың қарапайым формуласын анықтау;

3) «Металдардың химиялық белсенділігі». Металдардың тотығуы; металдардың жемірілуі; металдардың сумен әрекеттесуі; металдардың қышқыл ерітінділерімен, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуі; металдардың белсенділік қатары; металдардың белсенділігін салыстыру;

№ 3 зертханалық тәжірибе «Металдардың қышқылдар ерітіндісімен әрекеттесуі»;

№ 2 көрсетілім «Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру»;

№ 1 практикалық жұмыс «Металдардың белсенділігін салыстыру»;

№ 1 бақылау жұмысы.

4) «Заттың мөлшері». Заттың мөлшері; моль; Авогадро саны; заттың молярлық массасы;

Есептеуге берілген есептер: жәй және күрделі заттардың салыстырмалы молярлық массасын есептеу; химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу; заттың белгілі мөлшеріндегі атомдардың (молекулалардың) сандарын есептеу.

5) «Стехиометриялық есептеулер». Химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша есептер шығару; молярлық көлем; газдардың салыстырмалы тығыздығы; көлемдік қатынастар заңы; қалыпты және стандартты жағдайлар.

Есептеуге берілген есептер: қалыпты жағдайлардағы газдың көлемін, газдардың салыстырмалы тығыздығын есептеу; оттек және ауа бойынша газдардың салыстырмалы тығыздықтарын есептеу; заттың мөлшері, молярлық масса, газдың молярлық көлемі, Авогадро заңы ұғымдарын пайдаланып формулалар бйынша есептеулер жасау; химиялық реакциялар кезіндегі газдардың көлемдік қатынастары түсініктерін қолданып есептеулер жасау;

6) «Химиялық реакциялардағы энергиямен танысу». Отынның жануы және энергияның бөлінуі; көміртекті отынның жануы кезінде көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілуі мүмкіндігі; жылыжайлық эффектісінің себептері және шешу жолдары; экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар; әртүрлі отындардың потенциалы; қоршаған ортаға әсері; кинетикалық бөлшектер теориясы тұрғысынан энергия өзгерісі; реакцияның жылу эффектісі;

7) «Сутек. Оттек және озон». Сутек – химиялық элемент және жәй зат, сутектің изотоптары (протий, дейтерий және тритий); сутектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы; оттек – химиялық элемент және жәй зат, оттектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы; сутектің және оттектің бинарлы қосылыстары; табиғатта таралуы; оттектің аллотропиялық түрөзгерісі, озон; сутек пен оттекті алу; Жер бетіндегі озон қабатының маңызы;

№ 3 көрсетілім «Сутек пероксидінің ажырауы»;

№ 2 практикалық жұмыс «Сутекті алу және оның қасиеттерін зерттеу»;

№ 3 практикалық жұмыс «Сутектің переоксидінен оттекті алу және оның қасиеттерін зерттеу»;

Есептеуге берілген есептер: реакцияға қатысатын немесе реакция нәтижесінде түзілген өнімнің белгілі массасы, заттың мөлшері немесе көлемі бойынша заттың массасын, заттың мөлшерін, (газдың) көлемін есептеу;

№ 2 бақылау жұмысы.

8) «Химиялық элементтердің периодтық жүйесі». Химиялық элементтердің

периодтық жүйесінің құрылымы, периодтың, топтың, атом нөмірінің физикалық мәні; химиялық элементтердің атомдарының кейбір қасиеттері мен сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі; периодтық жүйедегі орыны бойынша элементтің сипатталуы; химиялық элементтердің табиғи тектестері; сілтілік металдардың, галогендердің, инертті газдардың тектестері; металдар мен бейметалдар; периодтық кестеде орналасуына байланысты химиялық элементтің қасиеттері;

9) «Химиялық байланыс түрлері». Химиялық элементтердің электртерістілігі, атомдар арасындағы химиялық байланыстар табиғатының бірлігі, коваленттi полярлық және полярлық емес байланыс, иондық байланыс, заттың аморфты және кристалдық күйлері, кристалл торларының типтері, заттардың қасиеттерінің оның құрылысына тәуелділігі;

10) «Ерітінділер және ерігіштік». Заттардың суда еруі, заттардың судағы ерігіштігі бойынша жіктелуі; ерітінділер; еріген заттың массалық үлесі, молярлық концентрация, қатты заттардың, сұйықтардың және газдардың суда ерігіштігі, кристаллогидраттар; ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі рөлі; заттарды ерігіштігіне температураның әсері;

№ 4 зертханалық тәжірибе «Заттардың ерігіштігін зерттеу»;

Есептеуге берілген есептер: заттардың судағы ерігіштігін есептеу;

№ 3 бақылау жұмысы.

11) «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары». Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс; қышқылдар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы; негіздер: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы; тұздар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы; бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс;

№ 5 зертханалық тәжірибе «Оксидтердің химиялық қасиеттерін зерттеу»;

№ 6 зертханалық тәжірибе «Қышқылдардың химиялық қасиеттерін зерттеу»;

№ 7 зертханалық тәжірибе «Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу»;

№ 8 зертханалық тәжірибе «Тұздардың қасиеттері және алынуы»;

Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу; ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу;

12) «Көміртек және оның қосылыстары». Көміртектің жалпы сипаттамасы; табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуы; көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері; көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолдану аймағы; көміртектің қасиеттері; көміртектің оксидтері және олардың қасиеттері; тірі ағзаларға иіс газының физиологиялық әсері; көміртектің табиғаттағы айналымы;

№4 практикалық жұмыс «Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттері зерттеу»;

Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу; ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу;

13) «Су». Судың құрамы, қасиеттері және қолданылуы, табиғаттағы су, су – табиғи әмбебап еріткіш, сулы ерітінділер және жүзгіндер, судың бірегей қасиеттері және оның өмір үшін маңызы; судың табиғаттағы айналымы; судың ластану себептері; судың кермектігі және оны жою тәсілдері; судың және сулы ерітінділердің табиғаттағы, өндірістің түрлі салаларындағы және ауыл шаруашылығындағы маңызы; суды тазарту әдістері; ауыз суын тазарту, Қазақстан Республикасындағы ауыз су мәселесі, су басейнін ластанудан қорғау, Қазақстандағы су ресурстарының экологиялық мәселелері; сусыз мыс (II) сульфатының көмегімен суды анықтау әдісі;

№ 9 зертханалық тәжірибе «Судың кермектігін анықтау»;

Есептеуге берілген есептер: еріген заттың массалық үлесін, еріткіштің, еріген заттың массасын есептеу;

№ 4 бақылау жұмысы.

30. 9-сынып оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Электролиттік диссоциация». Электролиттер және бейэлектролиттер, С.Аррениустың электролиттік диссоциациялану теориясының негізгі қағидалары, электролиттік диссоциациялану механизмі; ерітінділердің немесе заттың балқымаларының электр өткізгіштігінің химиялық байланыс түріне тәуелділігі; күшті және әлсіз электролиттер, диссоциациялану дәрежесі, қышқыл, сілті және тұздардың судағы ерітінділерінде электролиттік диссоциациялануы, көпнегізді қышқылдардың, қышқылдық және негіздік тұздардың диссоциациялануы, электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз және тұз ерітінділерінің химиялық қасиеттері; тұздар гидролизі;

№ 1 зертханалық тәжірибе «Тұздар гидролизі»;

Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың мөлшерін, массасын, реакция өнімінің көлемін есептеу; диссоциациялану дәрежесін есептеу.

2) «Бейорганикалық заттарға сапалық талдау». Катиондарға сапалық реакциялар; жалын түсінің боялуы бойынша Ca2+, Ba2+, Cu2+ металл катиондарын анықтау; аниондардың сапалық реакциялары; бейорганикалық қосылыстардың құрамын сапалық талдау;

№ 2 зертханалық тәжірибе жалын түсінің боялуы бойынша «Ca2+, Ba2+, Cu2+ катиондарын анықтау»;

№ 3 зертханалық тәжірибе «Сулы ерітіндідегі Cl–, Br–, I–, PO43–,аниондарын анықтау»;

Есептеуге берілген есептер: егер әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілсе химиялық теңдеулер бойынша есептеу;

3) «Химиялық реакциялардың жылдамдығы». Химиялық реакциялардың

жылдамдығы; химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететін факторлар; бөлшектердің кинетикалық тұрғысынан реакция жылдамдығы; катализаторлар; ингибиторлар; катализаторлар мен ингибиторлардың реакция жылдамдығына әсері;

№ 4 зертханалық тәжірибе «Реакция жылдамдығына температура, концентрация мен бөлшектер өлшемінің әсері»;

№ 1 практикалық жұмыс «Реакция жылдамдығына катализатордың әсері».

4) «Қайтымды реакциялар». Химиялық тепе-теңдік; тепе-теңдік динамикалық үдеріс ретінде; химиялық тепе-теңдіктің ығысуы; Ле-Шателье-Браун принципі; химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлардың өзгерісінің әсері; бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан химиялық тепе-теңдік;

№ 1 көрсетілім «Қайтымды химиялық реакциялар»;

№1 Бақылау жұмысы

5) «Тотығу-тотықсыздану реакциялары». Химиялық элементтердің тотығу дәрежелері, қосылыстардың формулалары бойынша химиялық элементтердің тотығу дәрежелерін анықтау, тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш туралы түсінік, тотығу-тотықсыздану реакциялары; электрондық баланс әдісі.

6) «Металдар мен қорытпалар». Металдардың жалпы сипаттамасы; металдық байланыс пен металдық кристалдық тор; темір мен мыстың физикалық және химиялық қасиеттері; металдардың тек тотықсыздандырғыш қасиеттерін көрсетуі; темір қорытпалары және олардың қолданылуы; металлургия туралы түсінік, шойын мен болат өндірісі; Қазақстанда металлургияның дамуы, металдар мен олардың қорытпаларын алу, Қазақстандағы металдар және оның қосылыстарының маңызды кен орындары; металдарды өндіру үдерістері, қоршаған ортаға әсері; № 4 көрсетілім «Металдардың кристалдық торы модельдері»;

№ 2 көрсетілім «Металдар және қорытпалар»;

Есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі бір массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда реакция теңдеуі бойынша заттың массасын есептеу; өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу.

7) 1 (I), 2 (II) және 13 (III) топтар элементтері және олардың қосылыстары. 1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары; атомдары құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттері; сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы; 2 (II)-топ элементтері және олардың қосылыстары; 1 (I)-ші және 2 (II)-топ металдарының жалпы қасиеттері; кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы; 3 (III)-топ элементтері; алюминий және оның қосылыстары; алюминийдің қосылыстары мен қорытпаларынның қолдану аймағы; алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттері;

№ 3 көрсетілім «Натрийдің сумен әрекеттесуі»;

№ 5 зертханалық тәжірибе «Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі»;

№ 4 көрсетілім «Алюминий мен оның қорытпалары»;

№2 Практикалық жұмыс «Металдар» тақырыбына есептер шығару.

№ 2 бақылау жұмысы.

8) 17 (VII), 16 (VI), 15 (V), 14 (IV) - топтарының элементтері және олардың қосылыстары. (VII) топ элементтері, галогендер; топтағы галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары; хлор; хлордың химиялық қасиеттері: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі; хлорсутек қышқылының құрамы қасиеттері мен қолданылуы; 16 (VI)-топ элементтері, күкірт, күкірттің негізгі қосылыстары және олардың физикалық және химиялық қасиеттері; қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсері; күкірт қышқылы, күкірт қышқылы және оның тұздарының жалпы және ерекше қасиеттері, қасиеттері мен қолданылуы; 15 (V)-топ элементтері: азот, азоттың қасиеттері және табиғаттағы азот айналымы; аммиак, аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы; аммиак өндірісі; (Габер синтезі): азот қышқылы; азот қышқылының қасиеттері; азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері; фосфор және оның қосылыстары; фосфорды аллотропиялық түрлендіру; фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындары; фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттері; минералды тыңайтқыштар, олардың Қазақстанда өндірілуі және оларды тиімді қолдану; азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсері; 14 (IV) - топ элементтері; кремний және оның қосылыстары; кремнийдің қолданылу аймағы және оның жартылай өткізгіш ретінде маңызы; сұйық кристалдар, кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типі; кремний мен оның қосылыстарының химиялық қасиеттері; Қазақстандағы силикат өнеркәсібі;

№ 3 практикалық жұмыс «Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу»;

№ 6 зертханалық тәжірибе «Азот молекуласының моделін дайындау»;

№7 зертханалық тәжірибе «Аммиак молекуласының моделін дайындау»;

№ 4 практикалық жұмыс «Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу»;

№ 4 көрсетілім «Минералды тыңайтқыштар»;

№ 5 көрсетілім «Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торларының модельдері»;

9) «Адам ағзасындағы химиялық элементтер». Адам ағзасының химиялық құрамы; макроэлементтер және микроэлементтер, олардың маңызы; адам ағзасының құрамына кіретін элементтер және олардың маңызы (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe); Қазақстан тұрғындарының теңгерімді тамақтану рационы; ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы көздері, ауыр металдардың ағзаларға әсері;

№ 3 бақылау жұмысы.

10) «Органикалық химияға кіріспе». Органикалық химия – көміртек қосылыстарының химиясы, А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізгі қағидалары; органикалық заттардың ерекшеліктері; органикалық қосылыстардың жіктелуі; функционалдық топ түсінігі; органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары; органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары; органикалық қосылыстардың номенклатурасы; органикалық қосылыстардың изомериясы;

№ 6 көрсетілім «Алкандардың алғашқы бес өкілдерінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері»;

№ 7 көрсетілім «Пентан изомерлерінің модельдері»;

Есептеуге берілген есептер: элементтердің массалық үлесі және салыстырмалы тығыздығы бойынша газтәрізді заттардың молекулалық формулаларын табу.

11) «Көмірсутектер. Отын». Көмірсутектердің жіктелуі, номенклатурасы және изомериясы, қаныққан көмірсутектер, алкан, метан, қанықпаған көмірсутектер,алкендер, этилен, алкиндер,ацетилен; арендер, бензол; көмірсутектер арасындағы генетикалық байланыс, көмірсутектердің табиғи көздері, көмірсутекті отындар; табиғи газдың, мұнайдың, көмірдің Қазақстандағы кен орындары, оларды өндіру және өңдеу; көмірсутектерді өндіру, өңдеу және қолданудағы экологиялық мәселелер, көмірсутектерді экономиканың түрлі салаларында және тұрмыста пайдалану; альтернативті отын түрлері; мұнай, мұнай фракциялары және шикі мұнай өнімдерінің қолдану аймағы;

№ 8 көрсетілім «Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі»;

№ 9 көрсетілім «Отын түрлері»;

№ 10 көрсетілім «Мұнай және мұнай өнімдері»;

Есепетеуге берілген есептер: реакция өнімінің массасы немесе көлемі және белгілі заттың салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттың формуласын анықтау;

12) «Оттекті және азотты органикалық қосылыстар». Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі және номенклатурасы, метанол, этанол, спирттердің улылығы және этил спиртінің адам организміне зиянды әсері, оттекті органикалық қосылыстардың өкілдері; этандиол, пропантриол, этан қышқылы, глюкоза, сахароза, крахмал, целлюлозаның қолданылуы; карбон қышқылдары, күрделі эфирлер мен майлар, сабын, синтетикалық жуғыш заттар, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсері; көмірсулар, нәруыздар, аминқышқылдары; биологиялық маңызды органикалық қосылыстар, Қазақстанның тамақ өнеркәсібі;

№ 8 зертханалық тәжірибе «Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу»;

№ 9 зертханалық тәжірибе «Нәруыздардың денатурациясы»;

Есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда, реакция теңдеуі бойынша органикалық заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу; өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу; метан, бутан, этанолдың жану реакция теңдеуі бойынша оттектің, ауаның көлемдерін есептеу;

№ 4 бақылау жұмысы.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі (төмендетілген оқу жүктемесімен)

31. Бағдарламада оқыту мақсаттары қолдануға ыңғайлы болу үшін төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімшені, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 9.2.1.2 кодында: «9» – сынып, «2.1.» - бөлім мен бөлімше; «2» - оқу мақсатының реттік нөмірі.

32. Оқу мақсаттарының жүйесі әр сыныпқа арналған:

1. Заттардың бөлшектері.

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Атомдар, иондар және молеку-лар	7.1.1.1 «Химия» ғылымының нені оқытатынын білу; 7.1.1.2 химиялық зертханада және кабинетінде жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну; 7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата алу; 7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіре алу; 7.1.1.5 салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру; 7.1.1.6 судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру	8.1.1.1 - зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде – мольді және Авогадро санын білу 8.1.1.2 - формула бойынша заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептей алу	
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.2 Атом құрамы мен құрылысы	7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың		

	айырмашылығын білу; 7.1.2.2 әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктей алу; 7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу; 7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу; 7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (p^+, n^0, e^-) мен атом ядросының құрамын білу; 7.1.2.7 «изотоп» түсінігін білу; 7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну; 7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну; 7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаның анықтамасын білу; 7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, бинарлы		

ҚОБА

	химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу; 7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/формулалық массасын есептеу		
		8-сынып	9-сынып
1.3 Атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы		8.1.3.1 - атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну 8.1.3.2 - әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну 8.1.3.3 - s және p орбиталдарының пішінін білу 8.1.3.4 - алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды – графикалық формулаларын жаза білу	
		8-сынып	9-сынып
1.4 Химиялық байланыстарды		8.1.4.1 - электртерістілік	9.1.4.1 - металдық байланыс пен

ЖОБА

ң түрлері		ұғымына сүйеніп коваленттi және иондық байланыстың түзілуін түсіндіру 8.1.4.2 - заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру	металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу 9.1.4.2 - құйма ұғымын білу және оның артықшылықтарын түсіндіру 9.1.4.3 - шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру 9.1.4.5 - галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру 9.1.4.6 - аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формуласын түсіндіру 9.1.4.7 - азот қышқылының молекулалық, формуласын білу және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру

2. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары

Білім алушылар білуі тиіс:			
1 Периодтық заң мен химиялық	7-сынып	8-сынып	9-сынып
	7.2.1.1 И. Дёберейнер	8.2.1.1 - топ , период, атом нөмірінің	9.2.1.1 - атом құрылысы негізінде сілтілік

ЖОБА

элеметтер-дің периодтық жүйесі	Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру; 7.2.1.3 периодтық кестенің кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар және периодтар	физикалық мәнін түсіндіру бір топтағы элементтердің сыртқы электрондық деңгейінде электрондар санының бірдей болатындығын түсіну 8.2.1.2 - топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру 8.2.1.3 - периодтық жүйедегі орны бойынша химиялық элементті сипаттау 8.2.1.4 - химиялық қасиеттері ұқсас элемент-тердің бір топқа жататындығын дәлелдеу; 8.2.1.5 - химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжау	металдардың жалпы қасиеттерін түсіндіру 9.2.1.2 - сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру 9.2.1.3 - 1 (I) және 2 (II) -топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және химиялық реакция теңдеулерін құрастыру 9.2.1.4 - кальций оксиді мен гидроксидінің негізгі қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау 9.2.1.5 - атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосылыстары мен құймаларынның қолдану аймағын атау 9.2.1.6 - топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау 9.2.1.7 - хлордың химиялық қасиеттерін сипаттау: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі 9.2.1.8 - хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және оның қолдану аясын білу 9.2.1.9 - 16 (VI) топ элементтерінің жалпы қасиеттерін сипаттау 9.2.1.10 - күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің

ЖОБА

			физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру 9.2.1.11 - күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу 9.2.1.12 - азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру; 9.2.1.13 - аммиакты алу және қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру 9.2.1.14 - азоттан азот қышқылын алудың реакция теңдеуін құрастыру; 9.2.1.15 - сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және электронды баланс әдісімен реакция теңдеуін құрастыру; 9.2.1.16 – нитраттың қасиеттерін сипаттау 9.2.1.17 - фосфордың аллотропиялық түр өзгерістерін салыстыру 9.2.1.18 - кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру
2.2 Химиялық	7-сынып	8-сынып	9-сынып
реакциялардың	7.2.2.1	8.2.2.1 - бастапқы	9.2.2.1 - реакция

ЖОБА

жіктелуі	сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау; 7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру; 7.2.2.3 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру	және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу 8.2.2.2 - табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау	теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құру 9.2.2.2 - тотығу дәрежесі ұғымының мәнін түсіндіру және оны заттың формуласы бойынша анықтау 9.2.2.3 - Тотығу-тотықсыздану реакцияларына мысалдар жазу 9.2.2.4 - электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.3 Зат массасының сақталу заңы		8.2.3.1 - заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару 8.2.3.2 - әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтап, заттар массасының сақталу заңын білу 8.2.3.3 - реакцияға қатысатын және	9.2.3.1 - әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу 9.2.3.2 - қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу 9.2.3.3 - газтектес заттардың молекулалық формуласын салыстырмалы

ЖОБА

		түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру 8.2.3.4 - химиялық реакция теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу 8.2.3.6 - Авогадро заңын білу және газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану	тығыздық немесе элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау
2.4 Металдардың электро-химиялық кернеу қатары		8-сынып	9-сынып
		8.2.4.1 - кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын білу 8.2.4.2 - металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды зерттеу 8.2.4.3 - қышқыл ерітінділерімен әртүрлі металдардың реакцияларын зерттеу 8.2.4.4 - металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру 8.2.4.5 - металдардың тұз ерітінділерімен	

ЖОБА

		әрекеттесуінің жоспарын жасау және жүргізу 8.2.4.6 - эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру	

3. Химиядағы энергетика

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
3.1 Экзотер-миялық және эндотермиялық реакциялар	7.3.1.1ауа құрамын білу; 7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу; 7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну; 7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу; 7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; 7.3.1.6 заттардың таза оттекте ауаға қарағанда жақсырақ жанатындығын	8.3.1.1 - заттың жану реак-циясының өнімі көбінесе оксидтер екенін және құрамында көміртегі бар отын оттекте жанғанда, көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілетінін түсіну 8.3.1.2 - парниктік эффектінің себептерін түсіндіру және шешу жолдарын ұсыну 8.3.1.3 - экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін білу 8.3.1.4 - әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіну	

	түсіну; 7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін білу		
3.2 Химиялық реакция-лардың жылдам-дығы	7-сынып	8-сынып	9-сынып
			9.3.2.1 - реакция жылдамдығы және оған әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру 9.3.2.2 - катализатордың реагенттен айырмашылығын және олардың реакция жылдамдығына әсерін түсіндіру 9.3.2.3 - реакция жылдамдығына ингибитордың әсерін түсіндіру
3.3 Химиялық тепе-теңдік			9.3.3.1 - тепе-теңдікті динамикалық үдеріс ретінде сипаттау; 9.3.3.2 - Ле-Шателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау 9.3.3.4 аммиак өндірісінің үдерісін сипаттау
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
3.4 Қышқылдар мен негіздер	7.3.4.1 кейбір табиғи қышқылдар мен	8.3.4.1 – заттардың ерігіштігі, заттың 100 г судағы ерігіштігін	9.3.4.1 - қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер,

ЖОБА

теориясы	сілтілердің «қышқылдық» және «сабындылық» қасиеттер белгілері болуы мүмкін екендігін білу; 7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортада түстерінің өзгеруін білу; 7.3.4.3 pH шкаланың негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай алу; 7.3.4.4 «антацидтік заттарды» қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну	есептеу, алынған нәтижелерді анықтамалық мәндермен салыстыру 8.3.4.2 - еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын, ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу 8.3.4.7 - оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін білу, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру	орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру
3.4 Қышқылдар мен негіздер теориясы		8.3.4.8 - қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру 8.3.4.9 - негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін	9.3.4.2 - орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау 9.3.4.3- орта тұз гидролизінің теңдеуін молекулалық және иондық түрде құрастыру

ЖОБА

		сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру 8.3.4.10 тұздарды алудың әртүрлі әдістерін білу, сәйкес реакция теңдеулерін құрастыру 8.3.4.11 - тұздардың қасиеттерін, жіктелуін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру 8.3.4.12 - бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысты зерттеу	

4.Химия және қоршаған орта

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
4.1 Заттардың жіктелуі	7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну; 7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу; 7.4.1.3 элемент (жай зат) қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу;		9.4.1.1 - электролиттермен бейэлектролиттердің анықтамасын білу және мысалдар келтіру 9.4.1.2 - заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру 9.4.1.3 - иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік

ҚОБА

	7.4.1.4 қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдана алу; 7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін білу; 7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу		диссоциациялану механизмін түсіндіру 9.4.1.3 - ерітінділердің қышқылдылығы мен сілтілігін ажырату 9.4.1.4 - күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу 9.4.1.5 Ca2+, Ba2+, Cu2+ металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу 9.4.1.6 - хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат- иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап, нәтижесін сипаттау
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
4.2 Жер химиясы	7.4.2.1 жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіну; 7.4.2.2 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын түсіну; 7.4.2.3 металды алу үшін кенді	8.4.2.1 - сутекті алу және оның қасиеттері мен қолдануын зерттеу; 8.4.2.2 - ауа құрамындағы және жер қыртысындағы оттектің пайыздық мөлшерін білу; 8.4.2.3 - оттекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу 8.4.2.4 - оттектің	9.4.2.1 - қышқылдық жаңбырлардың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру 9.4.2.2 - фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындарын атау; 9.4.2.3 - минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді білу

ЖОБА

	өңдеу үдерісін сипаттау; 7.4.2.4 Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын білу; 7.4.2.5 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін зерделеу	аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру 8.4.2.5 - Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру; 8.4.2.6 - судың ластану қауіптілігін және салдарын анықтау, суды тазарту әдістерін түсіндіру 8.4.2.7- судың «кермектігін» анықтау және оны жою тәсілдерін түсіндіру 8.4.2.8 - табиғаттағы және тірі ағзалар қызметі мен адамның тіршілігіндегі жүретін химиялық реакцияларды сипаттау	9.4.2.4 - азот және фосфор тыңайтқыш-тарының қоршаған ортаға әсерін оқып білу 9.4.2.4 - Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру процестерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
		8-сынып	9-сынып
4.3 Көміртек және оның қосылыс-тары		8.4.3.1 – көміртектің сиптаттамасын, табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуын түсіндіру 8.4.3.2 - көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрылысын және қасиеттерін салыстыру 8.4.3.3 - көміртектің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу	9.4.3.1 - органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себептерін түсіндіру; 9.4.3.4 - гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты білу 9.4.3.2 - көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер,альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдарының жіктелуін білу; 9.4.3.3 -

ЖОБА

		8.4.3.4 - көмір-қышқыл газын алу, оны анықтау және қасиеттерін зертте	функционалдық топ түсінігін берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру 9.4.3.4 - гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты білу 9.4.3.5 - органикалық қосылыстардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдану 9.4.3.6 - изомерия құбылысын білу және көмірсутектер құрылымдық изомерлерінің формулаларын құрастыру 9.4.3.7 - алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция теңдеулерімен дәлелдеу 9.4.3.8 - қанықпағандық ұғымын сипаттау; 9.4.3.9 - этен мысалында алкендердің химиялық қасиеттерін оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу 9.4.3.10 - пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін

ЖОБА

			түсіну және оқып білу, қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу 9.4.3.11 - этин мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу 9.4.3.12 - бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау 9.4.3.13 - құрамында көміртек бар қосылыстардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін білу және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау 9.4.3.14 - Қазақсатандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру 9.4.3.15 - мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау 9.4.3.16 - оттекті органикалық заттардың жіктелуін білу 9.4.3.17 - спирттердің жіктелуін метанол мен

ЖОБА

			этанолдың, қолданылуын, этанолдың алынуын білу және қасиеттерін түсіндіру 9.4.3.18 - метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру 9.4.3.19 - карбон қышқылдарының құрамын білу және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау 9.4.3.20 - күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру 9.4.3.21 - сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу 9.4.3.22 - синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру 9.4.3.23 - көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру 9.4.3.24 - нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу 9.4.3.25 - нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру

ЖОБА

5. Химия және өмір

Білім алушылар білуі тиіс:			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып

5.1 Биохимия	7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардыңжиынтығы деп түсіну; 7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды білу және анықтай алу; 7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) білу; 7.5.1.4 тыныс алу үдерісін түсіндіру		9.5.1.1 - адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe) 9.5.1.2 - Қазақстан тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру; 9.5.1.3 - қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау және олардың ағзаларға әсерін түсіндіру

33. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

34. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Химия» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына (төмендетілген оқу жүктемесімен) сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Химия» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар (төмендетілген оқу жүктемесімен)

1) 7-сынып:

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаты
1-тоқсан		
Білім алушылар:		
7.1 Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар	Химия пәні. №1 практикалық жұмыс «Қауіпсіздік техникасының ережелерімен және зертханалық құрал-	7.1.1.1 химия ғылымының нені оқытатынын білу; 7.1.1.2 химиялық лабораторияда және кабинетте жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну

	жабдықтармен танысу»	
	Элемент, қоспа және қосылыс. № 1 зертханалық тәжірибе «Заттар қоспалары мен олардың қосылыстарын салыстыру»	7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну; 7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу; 7.4.1.3 элемент(жай зат), қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу; 7.4.1.4 қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдана алу
	Қоспаларды бөлу әдістері. № 2 зертханалық тәжірибе «Ластанған ас тұзын тазарту»	7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін білу; 7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу
7.1 Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі	Физикалық және химиялық құбылыстар. № 3 зертханалық тәжірибе «Химиялық реакциялардың белгілері»	7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату
	Заттардың агрегаттық күйлері	7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіру
	Салқындау үдерісі № 4 зертханалық тәжірибе «Салқындау үдерісін зерттеу»	7.1.1.5 салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру
	Қыздыру үдерісі № 5 зертханалық тәжірибе «Судың қайнау үдерісін зерттеу»	7.1.1.6 судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру
2-тоқсан		

ЖОБА

7.2 Атомдар Молекулалар Заттар	Атомдар мен молекулалар	7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу
	Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар	7.1.2.2 әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу; 7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу
	Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар	7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу; 7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (p^+, n^0, e^-) мен атом ядросының құрамын білу; 7.1.2.7 изотоп түсінігін білу
7.2 Ауа. Жану реакциясы	Ауа. Ауаның құрамы №6 зертханалық тәжірибе «Балауыз шамның жануы»	7.3.1.1ауа құрамын білу; 7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу; 7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну
	Жану үдерісі № 2 практикалық жұмыс/көрсетілім «Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттекте жануын салыстыру»	7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу; 7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; 7.3.1.6 заттардың таза оттекте жақсырақ жанатындығын түсіну; 7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін білу
		3-тоқсан
7.3 Химиялық реакциялар	Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар. №7 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау»; №8 зертханалық тәжірибе «Хлорсутек қышқылының бейтараптану	7.3.4.1 «қышқылдық» және «сабындылық» қасиеттер кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің белгілері болуы мүмкін екендігін білу; 7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін білу; 7.3.4.3 pH шкаласы негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай алу; 7.3.4.4 «антацидтік заттарды» қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну

	реакциясы»	
	Сұйылтылған қышқылдардың металдармен әрекеттесуі. №9 зертханалық тәжірибе «Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен әрекеттесуі»; №10 зертханалық тәжірибе «Сутекке сапалық реакция»	7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау; 7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу жәнесутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру
	Сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі. № 3 практикалық жұмыс «Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция»	7.2.2.4 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру
7.3 Химиялық элементтердің периодтық кестесі	Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы	7.2.1.1 И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру
	Периодтық кестенің құрылымы	7.2.1.2 периодтық кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар мен периодтар
7.3 Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формула	Салыстырмалы атомдық масса	7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну; 7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну; 7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаның анықтамасын білу

ЖОБА

	Валенттілік. Химиялық формулалар. Қосылыстардың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу	7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, биэлементті химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу; 7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/ формулалық массасын есептеу
4-тоқсан		
7.4 Адам ағзасындағы химиялық элементтер	Тағам құрамындағы қоректік заттар. № 4 практикалық жұмыс «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау»	7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну; 7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды білужәне анықтай алу
	Адам ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу үдерісі. №11 зертханалық тәжірибе «Тыныс алу үдерісін зерттеу»	7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) білу; 7.5.1.4 тыныс алу үдерісін түсіндіру
7.4 Геологиялық химиялық қосылыстар	Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар. Кен құрамы	7.4.2.1 Жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіну; 7.4.2.2 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын білу; 7.4.2.3 металды алу үшін кенді өңдеу үдерісін сипаттау
	Қазақстанның пайдалы қазбалары Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері	7.4.2.4 Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын білу; 7.4.2.5 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін зерделеу

2) 8-сынып

Ұзақ мерзімді жоспар	Тақырып \ Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі мазмұны	Оқу мақсаттары

бөлімі		
1-тоқсан		
8.1 Атомдағы электрондардың қозғалысы	Атомда электрондардың таралуы	8.1.3.1 - атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну
	Энергетикалық деңгейлер. № 1 зертханалық тәжірибе «Атомдар модельдерін жасау»	8.1.3.2 - әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну 8.1.3.3 - s және p орбиталдарының пішінін білу 8.1.3.4 - алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды-графикалық формуларын жаза білу
2) Қазақстанның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

3) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;

5) тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

6) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

8) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда,жарияланым мен электронды құралдарды қолдану.

2-тарау. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұны

6. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

7) 5-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағат;

8) 6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағат;

9) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағат;

10) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағат;

11) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағат құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелді).

7. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы;

2) мәдениеттің дамуы;

3) мемлекеттің дамуы;

4) Қазақстанның экономикалық дамуы.

9. «Әлеуметтік қатынастардың дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) этникалық қатынастар;

2) әлеуметтік қатынастар.

10. «Мәдениеттің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) дүниетаным мен дін;

2) өнер мен әдебиет;

3) білім және ғылым.

11. «Мемлекеттің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мемлекеттің ішкі саясаты;

2) мемлекеттің сыртқы саясаты.

12.«Қазақстанның экономикалық дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) шаруашылық;

2) өндірістік қатынастар және сауда.

13. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

14. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағыдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.

15. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) өзгеріс пен сабақтастық;

2) себеп пен салдар;

3) дәлел;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

16. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

3) «Дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады.

5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

17. 5-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі.Тас дәуіріндегі Қазақстан: Қазақстанда алғашқы адамның пайда болуы, әлеуметтік ұйымдасудың алғашқы формалары. Ежелгі адамдардың кәсібі (аң аулау мен терімшілік). Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары. Егіншілік пен мал шаруашылығының қалыптасуы. Ботай мәдениеті. Қола дәуіріндегі Қазақстан: Қазақстан аумағындағы мыс пен қалайы металдарының кен орындары. Андрон мәдениеті. Қола дәуірі кезіндегі шаруашылық пен қоғамдық құрылыс. Беғазы-Дәндібай мәдениеті. Ә. Марғұлан және басқа да Қазақстанның ежелгі дәуірін зерттеушілер;

2) ежелгі көшпелілердің өмірі. Темір дәуірінің ерекшеліктері. Қазақстанның ежелгі металлургиясы. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы. Алғашқы көшпелілердің өмір сүруді қамтамасыз ету жүйесі. Көшпелілердің жылжымалы баспанасы. Алғашқы көшпелілердің дүниетанымы;

3) сақтар. Қазақстан аумағындағы сақ тайпалары. Сақтар тарихы жайлы деректер. Сақтардың саяси тарихы. Қоғамдық құрылысы. Шаруашылығы мен тұрмысы. Материалдық және рухани мәдениеті. «Аңдық стиль». Есік олжасы – «Алтын адам». Шілікті алқабының патша қорғандары. Берел қорымы. Бесшатыр қорғандары. Тасмола мәдениеті;

4) үйсіндер мен қаңлылар.Үйсіндер. Үйсіндер туралы жазба деректер. Үйсіндердің қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Үйсіндердің қоғамдық құрылысы. Қаңлылар. Қаңлылар тарихына қатысты қытай және парсы деректері. Қаңлылардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Қаңлылардың қоғамдық құрылысы. Үйсіндердің, қаңлылардың археологиялық ескерткіштері;

5) ғұндар (хунну). Қытай деректеріндегі ғұндардың ерте тарихы. Мөде шаньюй-ғұн мемлекетінің негізін салушы. Ғұндардың саяси тарихы мен мемлекеттік құрылысы. Халықтардың ұлы қоныс аударуы (ғұндардың Батысқа жылжуы). Аттила және оның жорықтары. Ғұндардың шаруашылығы мен қоғамдық құрылысы. Ғұндар дәуіріндегі мәдениеттің дамуы;

6) сарматтар. Сарматтардың ежелгі замандағы саяси оқиғаларға қатысуы. Сарматтардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Сарматтардың қоғамдық құрылысы. Сарматтардың археологиялық ескерткіштері. Мәдениеті;

7) ежелгі Қазақстан тарихына шолу. Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың антропологиялық бет-әлпеті. Ежелгі Қазақстан тарихының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен үдерістері. Ежелгі Қазақстанның мәдени мұрасы;

8) өлкетану: Туған өлкенің аңыз-ертегілері. Өлкенің тарихи ескерткіштері. Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар. Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер.

18. 6-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) VI - IX ғасырдағы Қазақстан. Ортағасырлық Қазақстан тарихының кезеңделуі. Ұлы Түрік қағанатының құрылуы. Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер: Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қимақ қағанаты. Атлах шайқасының тарихи маңызы.

Түркі мемлекеттерінің қоғамдық-саяси құрылысы. Түркілердің әскери өнері. Шаруашылығы. Сауда және қала мәдениетінің дамуы;

2) X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан.Қарахан мемлекеті. Қазақстан аумағына исламның тарала басталуы. Наймандар, керейіттер, жалайырлар. Қыпшақ хандығы. «Дешті Қыпшақ» түсінігі. Шаруашылығы: көшпелі, отырықшы. Сауда. Қала мәдениеті. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы. Түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі. Түркі әлемінің көрнекті ойшылдары;

3) XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан. Шыңғыс ханның жаулаушылық соғыстары. Отырар қорғанысы. Моңғол империясының құрылуы. Алтын Орда. Ақ Орда. Моғолстан мемлекеті. Әмір Темір жорықтары. Ноғай Ордасы. Әбілқайыр хандығы. XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылысы. Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстан туралы. Шаруашылық. Сауданың дамуы. Мәдениет;

4) қазақ халқының қалыптасуы. Қазақтар – Ұлы Дала мұрагері: тарихи және этникалық сабақтастық. «Қазақ» этнонимі. Қазақ халқының біртұтас халық болып қалыптасу үдерісінің аяқталуы;

5) біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы. Қазақ ұлттық мемлекетінің құрылу алғышарттары. Қазақ хандығының құрылуы (аумағы, халықтың этникалық құрамы). Мемлекеттің негізін салушылар – Жәнібек пен Керей. М.Х. Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегі – Қазақ хандығыныңалғашқы тарихы жөніндегі құнды дерек. Қазақ хандығы қалыптасуының алғашқы жылдарындағы ішкі және сыртқы саясаты. Біртұтас қазақ мемлекеті қалыптасуының тарихи маңызы;

6) қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы. Қасым хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының нығаюы. Хақназар хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының одан әрі нығаюы және саяси өркендеуі. Тәуекел ханның ішкі және сыртқы саясаты. Есім ханның ішкі және сыртқы саясаты. Жәңгір хан. Орбұлақ шайқасы. Тауке ханның билігі. «Жеті жарғы». Қазақтың ұлы билері. Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы. Қазақ қоғамының әлеуметтік стратификациясы;

7) XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет. Қазақ халқының мәдениеті: материалдық, рухани мәдениет. Әдебиет пен өнер: ақын-жыраулар, халық әншілері мен композиторлардың шығармашылығы, музыкалық өнер. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы: мал шаруашылығы, егіншілік;

8) өлкетану: Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы). Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері. Бір халық – бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары). Туған өлке тарихының қазіргі куәгерлері.

19. 7-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) XVIII ғасырдың басындағы Қазақстан: сыртқы және ішкі саяси жағдай. Жоңғар мемлекеті. Қазақ-жоңғар соғыстары. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманы. Қарақұм мен Ордабасыдағы құрылтайлар – қазақ жасағының құрылуы. Аңырақай шайқасы. Отан қорғаушы батырлар. XVIII ғасырдың 30-40 жылдарындағы қазақ-жоңғар соғыстары;

2) XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығы. XVIII ғасырдың

басына дейінгі қазақ-орыс қатынастары. XVIII ғасырдың басындағы Ресей империясы назарындағы Қазақстан (саяси және экономикалық мақсаттар, әскери-барлау экспедициялары, алғашқы әскери бекіністердің салынуы). Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы:себептері мен мақсаттары. XVIII ғасырдың 30-50-жылдарындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясаты. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Қазақстандағы ішкі саяси жағдайдың асқынуы. Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығы: ішкі және сыртқы саясаты;

3) XVIII ғасырдағы Қазақстан мәдениеті. XVIII ғасыр ақын-жырауларының шығармашылығы. XVIII ғасыр тарихы бойынша қазақ деректері. Қазақтардың қолданбалы өнері;

4) отарлау және ұлт-азаттық күрес. Ресей империясының отаршылдық саясаты: мақсаттары мен әдістері. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, қозғалыстың қозғаушы күші, кезеңдері мен барысы, нәтижелері). 1822-1824 жылдардағы патша реформалары (Кіші және Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы). 1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі (себептері, негізгі кезеңдері мен шайқастары). XIX ғасырдыңбірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары (Жоламан Тіленшіұлы, Саржан Касымов бастаған көтеріліс). Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, мақсаттары мен қозғаушы күштері, негізгі кезеңдері). Кенесары Қасымұлы: тұлға және саясаткер. Жанхожа Нұрмұхамедұлы және Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (себептері, көтеріліс барысы). Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аймақтарын қосып алуы. XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихи маңызы;

5) Қазақстан Ресей империясының құрамында. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы патшалық реформалар. 1867-1868 жылдардағы реформалар. Қазақстандағы патшалық Ресейдің аграрлық және қоныстандыру саясаты. 1860-1870 жылдардағы ұлт-азаттық күрес (себептері мен көтеріліс барысы). XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Капиталистік қатынастардың ене бастауы. XIX ғасырдың 80-90 - жылдарындағы әкімшілік-аумақтық реформалар: мазмұны мен салдары. Сауда қатынастарының дамуы. Жетісу аумағына ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы. Дәстүрлі қазақ қоғамының трансформациясы. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық-саяси ойлардың дамуы;

6) XIX ғасыр-XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті. XIX ғасырдағы Қазақстандағы ағарту ісі мен ғылымның дамуы. Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің ағартушылық қызметі. Қазақстанның ғылыми зерттелуі (П. Семенов-Тянь-Шанский, Г.Н. Потанин, В.В. Радлов, М. Шорманов, М. Бабаджанов, А. Диваев). Зайырлы және діни білім беру мекемелері. Жадиттік және білім берудегі жаңашылдық. Шоқан Уәлиханов – ұлы қазақ ғалымы. Ыбырай Алтынсарин –ағартушы, жаңашыл-педагог, қоғам қайраткері. Абай Құнанбайұлы – ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Қазақ музыкалық мәдениетінің дамуы (Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Дәулеткерей Шығайұлы). Әйгілі суретшілер шығармашылығындағы ұлттық контекст. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев және К. Халидтің тарихи еңбектері.

7) өлкетану: Туристік маршруттар. Жомарт жүрек. Туған өлкенің шежіресі. Мектебімнің тарихы.

20. 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) XX ғасырдың басындағы Қазақстан. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. Столыпиннің аграрлық реформасы және шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы. Сауданың дамуы. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Қазақ ұлттық зиялылар қауымы және оның XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси үдерістерге әсері. Ұлттық баспаның дамуы («Қазақ» газеті, «Айқап» журналы). 1917 жылғы революциялар. «Алаш» партиясының құрылуы. «Алаш-Орда» үкіметі. Қазақ халқының саяси көшбасшылары (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Б. Қаратаев, М. Тынышпаев, М. Шоқаев). XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ғылыми еңбектері;

2) Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнығуы. «Үш Жүз» қазақ социалистік партиясы. Азамат соғысы жылдарындағы (1918-1920 жылдар) Қазақстандағы соғыс қимылдары. Кеңес билігі органдарының «Алаш-Орда» үкіметі, Қоқан автономиясымен қарым-қатынасы. «Әскери коммунизм саясаты».1921 жылғы жұт және аштық. Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы. Қазақ АКСР-ы аумағының қалыптасуы. Қазақ жерлерінің біртұтастығын қалпына келтірудегі қазақ зиялыларының рөлі. Қазақстандағы Жаңа экономикалық саясат (1921-1925 жылдар). XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясаты. Кеңес үкіметінің діни саясаты;

3) Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде. Қазақстандағы социалистік индустрияландыру (мәні мен ерекшеліктері). «Кіші Қазан» (мазмұны және жүзеге асырылуы). Бай шаруашылықтарының тәркіленуі. Ауыл шаруашылығындағы күштеп ұжымдастыру саясаты. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатының экономикалық салдары. 1931-1933 жылдардағы аштық - XX ғасырдағы қазақстандық қасірет. Қазақстандағы ұжымдастырудың демографиялық салдарлары. Ұжымдастыруды жүзеге асырудың әдістеріне қатысты ұлттық зиялылардың («Бесеудің хаты») қоғамдық-саяси көзқарасы мен қатынасы. 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. Сталиндік репрессиялар. Қазақстан аумағындағы кеңестік «еңбек түзеу» концентрациялық лагерлері (Степлаг, Карлаг, Алжир және тағы басқалар);

4) Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым. Халыққа білім беру (жалпыға бірдей міндетті сауат ашу, орта білім, қазақ жазуының араб тілінен латын тіліне көшуі, орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшу). А. Байтұрсынов – «ұлт ұстазы». Жоғары оқу орындарының ашылуы. КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы. Қ.Сәтбаевтың Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлі. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері. Әдебиеттің дамуы (Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин шығармашылығы). Театр, кино, бейнелеу өнері және оның қайраткерлері. Мәдениет саласындағы кеңестік идеология. Социалистік реализм;

5) Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. Ұлы Отан соғысының басталуы.

Қазақстандағы мобилизация және қазақстандық әскери бөлімдердің құрылуы. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі мен тағдыры. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы. Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары. Б. Момышұлы – аңызға айналған тұлға. Қазақстан – майдан арсеналы. КСРО халықтарының Қазақстанға депортациялануы. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мәдениет. Ғылымның дамуы. Әдебиеттегі жетістіктер (М. Әуезов, Ж. Жабаев, Д. Снегин,
И. Шухов және тағы басқалар). Өнердің дамуы (театр, кино).

21. 9-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар). Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Пайдалы қазбаларды өңдеу және өнеркәсіптің дамуы. Ауыл шаруашылығының дамуы. Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенінің қалыптасуы (Қазақстандағы ядролық полигон). Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. «Бекмаханов ісі»;

2) Қазақстан «Жылымық» кезеңінде (1954-1964 жылдар). Қазақстанда «Хрущевтік кезеңдегі» өнеркәсіптің дамуы. Тың және тыңайған жерлерді игеру (тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдары). Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен («Байқоңыр» ғарыш айлағы). «Жылымық кезеңі». 1954-1965 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір;

3) Қазақстан «Тоқырау» кезеңінде (1965-1985 жылдар). 1965-1985-жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Экономиканың шикізаттық бағыты. Урбанизация. 1970-1980 жылдардағы ауыл шаруашылығындағы дағдарыс. 1965-1985 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір. 1979 жылғы Целиноградтағы оқиғалар. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы басшыларының қызметі (Ж. Шаяхметов, Д. Қонаев, Ж. Тәшенов);

4) кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985-жылдар.). Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат. Жалпыға бірдей міндетті орта білім. Қазақ тілінің жағдайы. Ғылымның дамуы. Әдебиеттің дамуы (Ә. Нұрпейісов, Б. Момышұлы, І. Есенберлин, О. Сүлейменов, М. Шаханов). Өнер (театр, кино);

5) Қазақстан Қайта құру кезеңінде (1986-1991 - жылдар). «Қайта құру» жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер: мақсаттары, проблемалары мен қарама-қайшылықтары. Қазақстандағы 1986жылғы желтоқсан оқиғалары (себептері, барысы мен салдары). 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының қатысушыларына қатысты жазалау шаралары. «Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемегендігі туралы Декларация» (1990 жылғы қазан). Кеңестік саяси жүйенің дағдарысы (1991 жылғы «Тамыз бүлігі»). КСРО-ның ыдырауы. Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар. Семей ядролық полигонының жабылуы. «Қазақ КСР-ның тілдер туралы Заңының» қабылдануы;

6) Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 - 1997 жылдар). «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заңының қабылдануының тарихи маңызы. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси институттарының қалыптасуы. Нарықтық экономикаға көшудегі қиыншылықтар. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық

үдерістер. 1995 жылғы Конституцияның қабылдануы;

7) Қазақстан Республикасының нығаюы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін).Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді басым мақсаттары мен стратегиялары. «Қазақстан – 2030» стратегиясының қабылдануы. Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы беделінің өсуі. Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасы. Қазақстанның ЕҚЫҰ және ИЫҰ-на төрағалық етуі. Әлемдік экономикалық байланыстар жүйесіндегі Қазақстан. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жағдайы. Астана – Қазақстан Республикасының жаңа астанасы. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. «5 институтционалды реформаларды жүзеге асырудағы100 нақты қадам» ұлттық жоспары – қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап. Ұлт көшбасшысы – Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз мемлекетті құрудағы және дамытудағы рөлі;

8) қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін). Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясат. «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы. Инновациялық ғылыми-білім беру мекемелерінің құрылуы. Этносаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті жаңғырту және сақтап қалу мәселелері. Қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденциялары. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясы.«Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламасы.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

22. Оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында: «7» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

23. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:

Білім алушылар:					
Бөлімше	5- сынып шамамен 1 миллион жыл бұрын – V ғасыр	6- сынып VI – XVII ғасырлар	7- сынып XVIII – XIX ғасырлар	8- сынып XX ғасырдың бірінші жартысы	9- сынып XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін
1.1 Этникалық қатынастар	5.1.1.1 алғашқы адамдардың антропологиялық	6.1.1.1 түркі тілдес тайпаларды атап, олардың	7.1.1.1 жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографи	8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланы

	белгілерін сипаттау	аумақтық орналасуын картада көрсету	ялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру	мен салдарын анықтау	сын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау
	5.1.1.2 Ежелгі Қазақстан адамдарының антрополо гиялық тұрпатын анықтау	6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау	7.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау		9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдер мен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру
	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету	6.1.1.3 ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқының қалыпта суындағы негізгі кезеңдерді анықтау			9.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау
		6.1.1.4 «қазақ» этнонимінің мағынасын түсіндіру			
1.2	5.1.2.1	6.1.2.1	7.1.2.1	8.1.2.1	9.1.2.1

ЖОБА

Әлеуметтік қатынастар	алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету	қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау	дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау	қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау	қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау
	5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру	6.1.2.2 өлкедегі әр түрлі ұлттардың тарихын, салт-дәстүрін сипаттау	7.1.2.2 қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру	8.1.2.2 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау	

2) мәдениеттің дамуы:

Білім алушылар:					
Бөлімше	5- сынып шамамен 1 миллион жыл бұрын -V ғасыр	6- сынып VI – XVII ғасырлар	7- сынып XVIII – XIX ғасырлар	8- сынып XX ғасырдың бірінші жартысы	9- сынып XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін
2.1 Дүниетаным мен дін	5.2.1.1 алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау	6.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру	7.2.1.1 салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау	8.2.1.1 мемлекеттің діни саясатының мақсаты мен салдарын анықтау	9.2.1.1 дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін талдау
	5.2.1.2 ежелгі тайпалар	6.2.1.2 ислам дінінің	7.2.1.2 отаршылдық		9.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблея

ЖОБА

	дың дүниетанымын сипаттау	қоғамдық өмірге ықпалын анықтау	саясаттың ұлттық құндылықтарға кері әсерін талдау		сының дінаралық, этносаралық келісім мен ішкі тұрақтылық ты нығайтудағы ықпалын бағалау
		6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала Елі» ұғымын қолдану			9.2.1.3 «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау
2.2 Өнер мен әдебиет	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау	7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау	8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру	9.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау
	5.2.2.2 археологиялық деректерге сүйене отырып, Андронов мәдениетінің белгілерін анықтау	6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру	7.2.2.2 А. Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі рөлін айқындау	8.2.2.2 Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау	9.2.2.2 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау

ЖОБА

	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау	6.2.2.3 көшпелілер дің әскери өнер жетістіктерін сипаттау	7.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау	8.2.2.3 өнер мен әдебиет тегі өзгерістерді анықтау	9.2.2.3 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау
	5.2.2.4 Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау	6.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру	7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау	8.2.2.4 Ә. Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға беру	9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар:руханы жаңғыру» бағдарламалары)
	5.2.2.5 Ә. Марғұлан ды ғалым-археолог ретінде айқындау	6.2.2.5 көшпелілер дің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау	7.2.2.5 өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру	8.2.2.5 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын бағалау	
	5.2.2.6 көшпелілер дің әлемдік өркениетке	6.2.2.6 жергілікті жер, қала, өзен, көл, тау атаулары	7.2.2.6 түрлі дереккөздер негізінде өз мектебің		

ЖОБА

	қосқан үлесін түсіну	ның шығу тарихын түсіндіру	нің тарихын анықтау		
	5.2.2.7 тарихи мұраны жеткізудегі жәдігердің рөлін сипаттау	6.2.2.7 өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыру ға үлесін қосқан шеберлерді айқындау			
	5.2.2.8 өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну				
	5.2.2.9 өлкенің аңыз-ертегілерінің мән-мағынасын түсіндіру				
2.3 Білім және ғылым	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу	6.2.3.1 көне түркі жазуының тарихи маңызын түсіндіру	7.2.3.1 Ш. Уәли хановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау	8.2.3.1 ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөліне баға беру	9.2.3.1 Е.Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау
		6.2.3.2 Әл-Фарабидің және басқада ғалымдардың	7.2.3.2 XIX ғ. білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін	8.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау	9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру

ЖОБА

		ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау	түсіндіру		
		6.2.3.3 «Кодекс Куманикус» сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін анықтау	7.2.3.3 Ы. Алтын сариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау	8.2.3.3 XX ғ. бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау	
		6.2.3.4 Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінің тарихи маңызын түсіндіру	7.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау	8.2.3.4 Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру	
			7.2.3.5 туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну		

3) мемлекеттің дамуы:

Білім алушылар:

ЖОБА

Бөлімше	5-сынып шамамен 1миллион жыл бұрын – Vғасыр	6-сынып VI-XVII ғасырлар	7-сынып XVIII - XIX ғасырлар	8-сынып XX ғасырдың бірінші жартысы	9-сынып XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін
3.1. Мемлекеттің ішкі саясаты	5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету	6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанатының құрылуының тарихи маңызын анықтау	7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру	8.3.1.1 қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға беру	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
	5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау	8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық–саяси процестерге баға беру	9.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру
	5.3.1.3 тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін түсіндіру	6.3.1.3 X ғ. – XIII ғ. басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау	8.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және	9.3.1.3 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты даму кепілі ретінде бағалау

ЖОБА

		ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау		тұлғалардың рөліне баға беру	
		6.3.1.4 тарихи ұғымдарды қолданып, Қарахан мемлекетіндегі жер иелену ерекшеліктерін түсіндіру	7.3.1.4 патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру	8.3.1.4 «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту саясатын талдау	9.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау
		6.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау	8.3.1.5 Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру	9.3.1.5 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру
		6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру	7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңызды лығына баға беру	9.3.1.6 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау
		6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттер дің ыдырауының негізгі және		8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 – жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе	9.3.1.7 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, тәуелсіз Қазақстанның жариялануыны

ЖОБА

		жанама себептерін анықтау		саясаты ның зардапта рын талдау	ң тарихи маңызын түсіндіру
		6.3.1.8 Қазақстан аумағын дағы мемлекетте р дің басқару жүйесінің ерекшелікте рін анықтау			9.3.1.8 Тәуелсіз Қазақстан ның қоғамдық-саяси дамуын талдау
		6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуыны ң тарихи маңызын анықтау			9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау
		6.3.1.10 қазақ хандарыны ң мемлекетті нығайтудағ ы рөлін анықтау			9.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыпта-суындағы Елбасы Н.Назарбаев тың рөліне баға беру
		6.3.1.11 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулар дың қызметтерін сипаттау			9.3.1.11 Астананы жаңа Қазақстан ның өркендеуінің нышаны ретінде айқындау
		6.3.1.12 туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері			

ЖОБА

		нің ерлік істері мен еңбегін сипаттау			
3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілер дің халықаралық сахнадағы орнын анықтау	6.3.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпалардың миграциялық үдерісін түсіндіру	7.3.2.1 Жоңғар шапқын шылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру	8.3.2.1 қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау	9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіптік кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау
	5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау	6.3.2.2 ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау	7.3.2.2 қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау	8.3.2.2 Б. Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау	9.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуына баға беру
		6.3.2.3 Атлах шайқасының тарихи маңызын талдау	7.3.2.3 Абылай ханның дипломатиялық шеберлігі мен саясатын бағалау		9.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен байланыстарын талдау
		6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихында			9.3.2.4 қазақ диаспорасының тарихи Отанымен байланы

		ғы орнын анықтау			сының маңыздылы ғын айқындау
		6.3.2.5 тарихи оқиғаларды ң өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда құрылған мемлекетте р дің сыртқы саясатын түсіндіру			
		6.3.2.6 Қазақ хандарыны ң сыртқы саясатын талдау			
		6.3.2.7 Орбұлақ шайқасында ғы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау			

4) Қазақстанның экономикалық дамуы:

Білім алушылар:					
Бөлімше	5-сынып шамамен 1 миллион жыл бұрын - V ғасыр	6-сынып VI-XVII ғасырлар	7-сынып XVIII - XIX ғасырлар	8-сынып XX ғасырдың бірінші жартысы	9-сынып XX ғасырдың екінші жартысы нан бүгінгі күнге дейін

ЖОБА

4.1 Шаруашылық	5.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау	6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау	7.4.1.1 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау	8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау	9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
	5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншілік тің қалыптасуын түсіндіру	6.4.1.2 көшпелілер дің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау	7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау	8.4.1.2 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын талдау	9.4.1.2 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік экономикалық мәселелерді талдау
			7.4.1.3 өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру		9.4.1.3 Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесінің экономикаға ықпалын талдау
			7.4.1.4 өлке дамуының маңызды кезеңдерін анықтау		9.4.1.4 аграрлық секторды модернизациялау бағытта рын талдау
4.2 Өндірістік	5.4.2.1 еңбек құралдары	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының	7.4.2.1 капиталистік қатынас	8.4.2.1 Қазақстандағы	9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын

ЖОБА

қатына стар және сауда	мен қару түрлерін сипаттау	қала мәдениетін ің дамуына әсерін анықтау	тардың экономи каға ықпалын анықтау	индустрия ландыру дың жетістік тері мен кемшіліктер ін талдау	анықтап, қорытын ды жасау
	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашы лық салаларын а тигізген ықпалын түсіндіру	6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықара лық қатынаста р дың дамуындағ ы орнын анықтау	7.4.2.2 сауда қатынас тарына жәрмеңкелер дің әкелген өзгерісте рін анықтау	8.4.2.2 Қазақстан экономика сының соғыс жағдайына бейімдел гендігін дәлелдеу	9.4.2.2 нарықтық экономика ның өндірістік қатынас тарға әсерін талдау
	5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру				9.4.2.3 Қазақстан ның әлемдік экономикаға кірігуін талдау
					9.4.2.4 сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеу

24. Тоқсандағы бөлімдер және бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

25. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		

Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі	Кіріспе сабақ Зерттеу сұрағы: Қазақстанның ежелгі тарихында не оқытылады?	Ежелгі Қазақстан тарихына жалпы шолу
	Алғашқы адамдардың өмірі Зерттеу сұрағы: Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді?	5.1.1.1алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау; 5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету
	Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары Зерттеу сұрағы: Археологтар Қазақстан жерінен тас дәуіріне жататын қандай олжаларды тапты?	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу; 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау
	Адамдардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер және еңбек құралдарының жетілдірілуі Зерттеу сұрағы: Мезолит пен неолит дәуірлерінде алғашқы адамдардың өмірі қалай өзгерді?	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау
	Ботай мәдениеті Зерттеу сұрағы: Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғашқы қолға үйретушілер деп атайды?	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау
	Қазақстан аумағында металлургияның пайда болуы Зерттеу сұрағы: Қазақстан жерінде металды өндіру ежелгі адамдардың өмірін қалай өзгертті?	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру

ЖОБА

	Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар?	5.2.2.2 археологиялық деректерге сүйене отырып, андронов және беғазы-дәндібай мәдениеттерінің белгілерін анықтау; 5.2.2.5 Ә.Марғұланның Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесін айқындау
	Қазақстандағы жартастарға салынған ежелгі суреттер Зерттеу сұрағы: Тасқа салынған суреттер ежелгі адамдардың дүниетанымын қалай бейнелейді?	5.2.1.1 алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау; 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау
	Ежелгі адамдардың өміріне саяхат	5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету
Өлкетану	Туған өлкенің аңыз-ертегілері	5.2.2.9 өлкенің аңыз-ертегілерінің мән-мағынасын түсіндіру
	2- тоқсан	
Ежелгі көшпелілер өмірі	Қазақстан аумағында темірдің игерілуі Зерттеу сұрағы: Темір өндіру адамдар өмірін қалай өзгертті?	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру
	Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы Зерттеу сұрағы: Көшпелі мал шаруашылығы неліктен Қазақстанның ежелгі тұрғындары шаруашылығының негізгі түріне айналды?	5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін білу

	Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті Зерттеу сұрағы: Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде?	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну
	Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталды?	5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Сақтар	Сақтар туралы тарихи мәліметтер Зерттеу сұрағы: Қандай тарихи дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?	5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
	«Алтын адам» археологиялық олжасы Зерттеу сұрағы: Есік обасынан табылған «Алтын адам» кім болды?	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу; 5.2.2.4 Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Өлкетану	Өлкенің тарихи ескерткіштері	5.2.2.8 өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну
3- тоқсан		
Сақтар	Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары Зерттеу сұрағы: Неліктен Шілікті мен Бесшатыр «патша қорғандары» деп аталады?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшелік терін түсіндіру; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау

ҚОБА

	Берел қорғандары Зерттеу сұрағы. Берел қорымынан табылған олжалар сақтардың мәдениетін қалай сипаттайды?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау; 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау
	Тасмола археологиялық мәдениеті Зерттеу сұрағы: «Мұртты обалардың» ерекшелігі неде?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
	Сақ патшайымы Томирис Зерттеу сұрағы: Тарихи деректерде Томиристің бейнесі қалай сипатталған?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
	Шырақтың ерлігі Зерттеу сұрағы: Сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
	Сақтардың Александр Македонский әскеріне қарсы күресі Зерттеу сұрағы: Неліктен Александр Македонский дің сақтарға жасаған жорығы сәтсіз аяқталды?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
Үйсіндер мен қаңлылар	Үйсіндер туралы жазба деректер Зерттеу сұрағы: Қытай авторлары үйсіндердің өмірін қалай сипаттады?	5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
	Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы	5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру;

ЖОБА

	Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты?	5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
	Қаңлылардың қоғамдық құрылысы Зерттеу сұрағы: Сыма Цянь қаңлы қоғамын қалай сипаттады?	5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
	Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті Зерттеу сұрағы: Үйсіндер мен қаңлылар мәдениетінің ерекшеліктері қандай?	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну
Өлкетану	Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар	5.3.1.3 тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін түсіндіру
4- тоқсан		
Ғұндар	Ғұн тайпаларының бірігуі Зерттеу сұрағы: Неге Мөде шаньюй «Жер – мемлекеттің негізі» деді?	5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
	Ғұндардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары Зерттеу сұрағы: Ғұндармен Ұлы Қытай қорғанының салынуы арасында қандай байланыс бар?	5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
	Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету

ЖОБА

	Зерттеу сұрағы: Ғұндардың Батысқа қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді?	
	Аттила және оның жаулаушылық жорықтары Зерттеу сұрағы: Ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға береді?	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
Сарматтар	Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі Зерттеу сұрақтары: Сармат қоғамы несімен ерекшеленеді?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру
	Сарматтардың саяси тарихы Зерттеу сұрағы: Сарматтар қандай мемлекеттермен өзара қарым-қатынаста болды?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
Ежелгі Қазақстан тарихына шолу	Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты Зерттеу сұрағы: Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты қалай өзгерді?	5.1.1.2 Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпатын анықтау
	Ежелгі Қазақстанға саяхат	5.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау; 5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару

ЖОБА

		түрлерін сипаттау; 5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру
Өлкетану	Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер	5.2.2.7 тарихи мұраны жеткізудегі жәдігерлердің рөлін сипаттау
Қайталау		

2) 6- сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
VI - IX ғасырлардағы Қазақстан	Кіріспе сабақ Зерттеу сұрағы: Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы нені оқытады?	Орта ғасырлардағыҚазақстан тарихына жалпы шолу
	Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер Зерттеу сұрағы: VI-IX ғасырларда билік құрған қай қағандардың есімдері тарихта сақталды?	6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.2.2 ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттау үшін «Ұлы Дала» ұғымын қолдану
	Көне түркі жазуы Зерттеу сұрағы: Білге қаған мен Күлтегіннің мемлекетті нығайтудағы саясаты бізге қандай деректерден белгілі?	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.2.3.1 көне түркі жазуының маңызын түсіндіру
	Атлах шайқасы Зерттеу сұрағы:	6.3.2.3 Атлах шайқасының тарихи маңызын талдау; 6.2.2.3 көшпелілердің әскери

ЖОБА

	Неліктен Атлах шайқасын «халықтар шайқасы» деп атайды?	өнеріндегі жетістіктерін сипаттау
	Оғыз мемлекеті Зерттеу сұрағы: Қазақстанның орта ғасырлар тарихында Оғыз мемлекетінің алатын орны қандай?	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
	Қимақ қағанаты Зерттеу сұрағы: Қимақтарда қалалық мәдениетінің дамуын қандай деректер дәлелдейді?	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарды анықтау
	Түріктер туралы тарихи деректер Зерттеу сұрағы: Қытай және араб деректері түркілер туралы қандай ақпарат береді?	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау; 6.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру
	Түркі әлемі қалыптасуының басталуы Зерттеу сұрағы: Түрік тілдес халықтардың миграциясы Еуразия тарихына қаншалықты әсерін тигізді?	6.3.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпалардың миграциясын түсіндіру; 6.1.1.1 түркі тілдес тайпаларды атап, картадан олардың аумақтық орналасуын көрсету
Өлкетану	Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы).	6.2.2.6 жергілікті жер, қала, өзен, көл, тау атауларының шығу тарихын түсіндіру
2- тоқсан		
X ғасыр – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан	X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы саяси процестер Зерттеу сұрағы: X ғасыр - XIII ғасырдың	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының

	басында саяси карта қаншалықты өзгерді?	негізгі және жанама себептерін анықтау
	Қарахан мемлекеті Зерттеу сұрағы: Неліктен Қарахан мемлекеті ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады?	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.2.1.2 ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын анықтау; 6.3.1.4 тарихи ұғымдарды қолданып, Қарахан мемлекетіндегі жер иелену ерекшеліктерін түсіндіру
	Наймандар, керейіттер және жалайырлар Зерттеу сұрағы: Наймандар, керейіттер мен жалайырлардың ортағасырларлық саяси сахнадағы рөлі қандай болды?	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
	Қыпшақ хандығы Зерттеу сұрағы: Не себепті Еуразия даласы «Дешті Қыпшақ» деп аталды?	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау; 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала» ұғымын қолдану
	Халықаралық байланыстардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы халықаралық байланыстардың дамуына ықпал етті ме?	6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау
	Ортағасырлық	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала

ЖОБА

	Қазақстанның экономика лық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына қалай әсер етті?	мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау; 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру
	Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті Зерттеу сұрағы: Әлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты?	6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау; 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 6.2.3.2 Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау; 6.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде М. Қашғари, Ж. Баласағұн және А. Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру; 6.2.3.3 «Кодекс Куманикус» сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін анықтау
Өлкетану	Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері	6.2.2.7 өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға үлесін қосқан шеберлерді айқындау
Қайталау		
3- тоқсан		
XIII - XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан	Моңғол империясының құрылуы Зерттеу сұрағы: Моңғолдар мемлекеттілік деңгейге қалай жетті?	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.3.1.6 картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру
	Қазақстандағы моңғол шапқыншылығы	6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру;

ЖОБА

	Зерттеу сұрағы: Неліктен Шыңғыс хан әскерлері Отырарды алты ай бойы ала алмады?	6.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау
	Моңғол шапқыншылықтарының салдары Зерттеу сұрағы: Орталық Азияға ең үлкен өзгерісті әкелген кімдер: қыпшақтар ма, әлде моңғолдар ма?	6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктерін анықтау
	Қазақстан аумағында ұлыстардың құрылуы Зерттеу сұрағы: Моңғол ұлыстарының құрылуы нәтижесінде саяси картада қандай өзгерістер болды?	6.3.1.6 картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру; 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау
	Ақ Орда Зерттеу сұрағы: Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы Ақ Орданың рөлі қандай болды?	6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру; 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру
	Моғолстан. Әбілқайыр хандығы Зерттеу сұрағы: Моғолстан мен Әбілқайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар қандай саяси өзгерістерге әкелді?	6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру; 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы

ЖОБА

		саясатын түсіндіру
	XIII - XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті Зерттеу сұрағы: XIII - XV ғасырлардағы өнер мен әдебиет ортағасырлық қоғамды қалай бейнелейді?	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау
	Ортағасырлық саяхатшылардың Қазақстан туралы мәліметтері Зерттеу сұрағы: Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстанды қалай сипаттады?	6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау; 6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау
Қазақ халқының қалыптасуы	Қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы Зерттеу сұрағы: Ұлы Дала мұрагері – қазақ халқы қалай қалыптасты?	6.1.1.3 ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерді анықтау; 6.1.1.4 «қазақ» этнонимінің мағынасын түсіндіру
Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы	Қазақ хандығының құрылуы Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақ хандығы Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет деп саналады?	6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.2.3.4 М.Х.Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінің маңыздылығын түсіндіру; 6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала» ұғымын қолдану
Өлкетану	Бір халық – бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)	6.1.2.2 өлкедегі әр түрлі ұлттардың тарихын,салт-дәстүрін сипаттау
4- тоқсан		

ЖОБА

Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы	Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының күшеюі Зерттеу сұрағы: Не себепті Қадырғали Жалайыр: «Жәнібек ханның ұлдарының арасында аса белгілі болғаны Қасым хан еді...» деп жазды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Хақназар хан кезіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты Зерттеу сұрағы: Неліктен Хақназар хан билеген кезеңді Қазақ хандығының «қайта жаңғыруы» деп атайды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Тәуекел хан тұсындағы Қазақ хандығының оңтүстік шекараларының нығаюы Зерттеу сұрағы: Тәуекел хан қазақ жерлерін біріктіру мақсатында қандай саясат ұстанды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Есім хан билігі кезіндегі Қазақ хандығы бірлігінің нығаюы Зерттеу сұрағы: Есім хан Қазақ хандығының біртұтастығын қалай сақтап қалды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар қарсылығы Зерттеу сұрағы: Орбұлақ шайқасының әлемдік әскери өнер тарихындағы алатын	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау; 6.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау

ЖОБА

	орны қандай?	
	Тәуке хан тұсындағы қазақтардың қоғамдық-құқықтық жүйесі Зерттеу сұрағы: Неліктен А. Левшин Тәуке ханды «Дала Ликургі» деп атады?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымы Зерттеу сұрағы: Әлеуметтік топтар қазақ қоғамында қандай рөл атқарды?	6.1.2.1 Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау; 6.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау
XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет	XVI-XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениеті Зерттеу сұрағы: XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениетінде халық өмірі қалай көрініс табады?	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау
	XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың материалдық мәдениеті Зерттеу сұрағы: Неліктен киіз үй көшпелілердің материалдық мәдениетінің ең жоғарғы үлгісі деп саналады?	6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнердегі жетістіктерін сипаттау
	Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшелігі неде?	6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау

ЖОБА

Өлкетану	Туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері	6.3.1.12 туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлерінің ерлік істері мен еңбегін сипаттау
Қайталау		

3) 7-сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
Қазақ-жоңғар соғыстары	Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы Зерттеу сұрағы: Не себепті «Елім-ай» бүкілхалықтық әнге айналды?	7.1.1.1 жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру; 7.2.2.1халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.4.1.1 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау
	Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы Зерттеу сұрағы: Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру
	Қазақ-жоңғар шайқастары Зерттеу сұрағы: Неліктен Аңырақай шайқасы қазақ-жоңғар соғысындағы түбегейлі бетбұрыс деп саналады?	7.3.2.1 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру
XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы	XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау

КОПИЯ

	Зерттеу сұрағы: Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың «кілті мен қақпасы» деп санады?	
	Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталауы Зерттеу сұрағы: Әбілқайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдары қандай болды?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
	Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты Зерттеу сұрағы:Дербес Қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.3 Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын бағалау
Өлкетану	Туристік маршруттар	7.2.3.5 туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну
2-тоқсан		
XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті	XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті Зерттеу сұрағы: XVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты?	7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау
	XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті Зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?	7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау
Отарлау және ұлт-азаттық күрес	XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау

КОПИЯ

	Зерттеу сұрағы: Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?	
	Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс Зерттеу сұрағы: Сырым Датұлы Кіші жүз қазақтарының қандай құқықтарын қорғауды көздеді?	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
	1822-1824 жылдардағы патша реформалары Зерттеу сұрағы: Неліктен XX ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?	7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау
	1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?	7.3.1.5 қазақ халықының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
	Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
Өлкетану	Жомарт жүрек	7.4.1.3 өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру
Қайталау		
3-тоқсан		

КОПА

Отарлау және ұлт-азаттық күрес	XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары Зерттеу сұрағы: Неліктен Орта Азия хандықтарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарына экспансиясы күшейді?	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
	Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы Зерттеу сұрағы: Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
Қазақстан Ресей империясының құрамында	XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар Зерттеу сұрағы: Патша өкіметі тарапынан «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы қалай жүзеге асты?	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау
	Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі Зерттеу сұрағы: XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді?	7.3.1.5 қазақ халықының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау

ҚОБА

	Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты Зерттеу сұрағы: Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті?	7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау; 7.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау
Қазақстан Ресей империясының құрамында	Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?	7.4.2.1 капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау
	Жәрмеңке саудасының дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақстанда неліктен жәрмеңке саудасы дамыды?	7.4.2.2 сауда қатынастарына жәрмеңкелердің әкелген өзгерістерін анықтау
	XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы Зерттеу сұрағы: «Зар заман» өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?	7.2.1.2 ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдау; 7.1.2.2 қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру
Өлкетану	Туған өлкенің шежіресі	7.4.1.4 өлке дамуының маңызды кезеңдерін анықтау; 7.2.2.5 өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру
4- тоқсан		
XIX ғасыр - XX ғасырдың басындағы Қазақстанны	XIX ғасырдағы мәдениеттің дамуы Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ	7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау; 7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи

ҚОБА

ң мәдениеті	халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?	дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау
	XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі Зерттеу сұрағы: XIX ғасырда Қазақстанда оқу-ағартушылық мекемелер қандай түрде дамыды?	7.2.3.2 XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру
	Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы Зерттеу сұрағы: Неге С. Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын «Аққан жұлдыз» деп атады?	7.2.3.1 Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау
	Ы. Алтынсарин – жаңашыл –педагог Зерттеу сұрағы: Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалады?	7.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау
	Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл Зерттеу сұрағы: Неліктен Абай Құнанбайұлын «Хәкім Абай» деп атады?	7.2.2.2 Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру
	XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы Зерттеу сұрағы: Ш. Құдайбердіұлы,	7.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерін тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау

ҚОБА

	М. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы неде?	
Өлкетану	Менің мектебімнің тарихы	7.2.2.6 түрлі дереккөздер негізінде өз мектебінің тарихын анықтау
Қайталау		

8- сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
XX ғасырдың басындағы Қазақстан	Қазақстанның XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы Зерттеу сұрағы: Не себепті А. Байтұрсынов: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», - деп санады?	8.3.1.1 қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға беру; 8.3.1.2 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру
	Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс Зерттеу сұрағы: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс неліктен бүкілхалықтық сипат алды?	8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру; 8.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру
	1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері Зерттеу сұрағы: Қазақстанда 1917 жылы саяси белсенділіктің артуы қандай оқиғалардан көрініс тапты?	8.3.1.2 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру

ҚОБА

	«Алаш» қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы Зерттеу сұрағы: Неліктен «Алаш» партиясы халық қолдауына ие болды?	8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; 8.3.1.4 «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы саясатын талдау; 8.2.3.1 ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөліне баға беру
	XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері Зерттеу сұрағы: Қазақ зиялылары ұлттық мүдделерді қалайша қорғады?	8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; 8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру; 8.3.1.5 Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру
2- тоқсан		
Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы	Қазақстан азаматтық қарсыластық жылдарында (1917-1920 жылдар) Зерттеу сұрағы: Қазан революциясының ұрандары халық арасында қандай үміт тудырды?	8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру
	Қазақстандағы ұлттық автономиялар Зерттеу сұрағы: Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының идеялары неліктен жүзеге аспады?	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
	Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы Зерттеу сұрағы: Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылуының тарихи маңызы неде?	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау

ЖОБА

	Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу Зерттеу сұрағы: Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың артықшылықтары қандай болды?	8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау; 8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау
Қайталау		
3-тоқсан		
Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде	Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы индустрияландыру саясатының қарама-қайшылығы неде?	8.4.2.1 Қазақстандағы индустриялан дырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау
	Қазақстандағы ұжымдастыру Зерттеу сұрағы: Неліктен ұжымдастыру саясаты «ұлы нәубетке»әкеліп соқтырды?	8.4.1.2 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардап тарын талдау; 8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау; 8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау
	1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар Зерттеу сұрағы: Сталиндік режим не себепті зиялыларға «халық жауы» деген айып тақты?	8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым	Ахмет Байтұрсынов – «ұлт ұстазы» Зерттеу сұрағы: Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми мұрасы қандай?	8.2.2.2 Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау

ҚОБА

	XX ғ. 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым Зерттеу сұрағы: Білім мен ғылым саласының қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды?	8.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау; 8.2.3.3 XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау
	Қ.Сатбаев – жан-жақты ғалым Зерттеу сұрағы: Қаныш Сәтбаевтың феномені неде?	8.2.3.4 Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру
4- тоқсан		
Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: әдебиет пен өнер	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақ әдебиетінде социалистік реализм қалай көрініс тапты?	8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру
	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ өнерінің дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақ өнерінің жаңа белеске көтерілуі неден байқалды?	8.2.2.4 Әміре Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға беру; 8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру; 8.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау
Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында	Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы Зерттеу сұрағы: Ұлы Отан соғысының қандай батырлары халық есінде сақталды?	8.3.2.1 қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау; 8.3.2.2 Бауыржан Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау
	Қазақстан – майдан арсеналы	8.4.2.2 Қазақстан экономикасының соғыс жағдайларына бейімделгендігін дәлелдеу; 8.1.2.2 соғыс жылдарындағы

	Зерттеу сұрағы: «Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін!» ұраны қалай жүзеге асты?	халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау
	Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақ КСР мәдениеті Зерттеу сұрағы: Соғыс жылдарындағы Қазақстанның мәдени жетістіктері қандай болды?	8.2.2.5 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын бағалау
	Қазақстанға КСРО халықтарының депортациясы Зерттеу сұрағы: Қазақстан қалайша депортацияланған халықтардың өлкесіне айналды?	8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау
Қайталау		

9-сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)	Соғыстан кейінгі Қазақ КСР-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы Зерттеу сұрағы: Соғыстан кейінқазақстандықтардың өмірі қалай өзгерді?	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру; 9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау
	Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешені Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналды?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау

КОПА

	Сталиндік идеологияның Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірге әсері Зерттеу сұрағы: Неліктен тарихшы Ермұхан Бекмаханов 25 жылға бас бостандығынан айырылды?	9.2.3.1 Ермұхан Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау; 9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
Қазақстан «жылымық» кезеңінде (1954-1964 жылдар)	«Жылымық» кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы Зерттеу сұрағы: «Жылымық кезеңі» қоғамға қандай өзгеріс әкелді?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
	Тың игеру жылдарындағы Қазақстан Зерттеу сұрағы: Тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Қазақстанға қалай әсер етті?	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
	Қазақ КСР экономикасы-ның шикізатқа бағытталуы Зерттеу сұрағы: Қазақстанның табиғи ресурстарын игеруде ұлттық мүдде қаншалықты ескерілді?	9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау; 9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
2-тоқсан		
Қазақстан «тоқырау» кезеңінде (1965-1985 жылдар)	1965-1985 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы Зерттеу сұрағы: Не	9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру

ҚОБА

	себепті 1965-1985 жылдар «тоқырау» кезеңі деп аталды?	
	XX ғ. 60-80 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуындағы қарама-қайшылықтар Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың. екінші жартысында ұлттық мүдделерді қорғау қалай жүзеге асырылды?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау; 9.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру
	«Тоқырау» жылдарындағы демографиялық процестер Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы урбандалу процесіне қандай фактор лар әсер етті?	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру
Кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985 жылдар)	XX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы Зерттеу сұрағы: Кеңестік білім беру саласындағы реформалар қандай мақсат көздеді?	9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру
	XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы қазақстандық ғалымдардың ғылымды дамытудағы жетістіктері Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың екінші жартысында ғылымның қай салалары көбірек	9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру

	дамыды?	
	XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы Зерттеу сұрағы: Кеңестік идеология қазақ мәдениетінің дамуына қалай әсер етті?	9.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау; 9.2.2.2 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау
Қайталау		
3-тоқсан		
Қазақстан қайта құру кезеңінде (1986-1991 жылдар)	Қазақстан «Қайта құрудың» бастапқы кезеңінде Зерттеу сұрағы: КСРО-ның ыдырауы: заңдылық па әлде кездейсоқтық па?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.4.1.2 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік-экономикалық проблемаларды талдау
	Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының сипаты қандай болды?	9.3.1.5 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру; 9.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау
	«Қайта құру» жылдарындағы Қазақстандағы демократиялық процестер Зерттеу сұрағы: Демократиялық процестер қоғамдық сананы қалай өзгертті?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 – 1996 жылдар)	Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы Зерттеу сұрағы:	9.3.1.6 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау; 9.3.1.7 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының

ҚОБА

	«Қазақстан Республикасының тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңының тарихи маңызы қандай?	тарихи маңызын түсіндіру
	Н.Ә. Назарбаев - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Зерттеу сұрағы: Саяси көшбасшының мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі рөлі қандай болды?	9.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н. Назарбаевтың рөліне баға беру
	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралар Зерттеу сұрағы: 1995 жылғы жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңызы неде?	9.3.1.8 Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық – саяси дамуын талдау; 9.3.1.6 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау; 9.3.1.3 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі ретінде бағалау
	Қазақстан – халықаралық құқық субеъектісі Зерттеу сұрағы: Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі қалай жүзеге асты?	9.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға беру; 9.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдау
	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы Зерттеу сұрағы: Неліктен нарықтық экономикаға көшу барысында қиыншылықтар орын	9.4.1.3 Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесінің экономикаға ықпалын талдау; 9.4.2.2 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау; 9.4.2.3 Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін талдау

КОПИЯ

	алды?	
	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық процестер Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестердің ерекшеліктері неде?	9.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау; 9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру; 9.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау; 9.3.2.4 қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын айқындау
4-тоқсан		
Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)	Қазақстан - 2030» Стратегиясы – мемлекет дамуындағы жаңа кезең Зерттеу сұрағы: «Қазақстан - 2030» Стратегиясын қабылдау қажеттілігі неден туындады?	9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау; 9.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау
	Қазақстанның 1997 жылдан бастап экономикалық дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақстан Республикасының XXI ғасырдағы экономикалық дамуының негізгі бағыттары қандай?	9.4.2.2 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау; 9.4.1.4 аграрлық секторды модернизациялау бағыттарын талдау; 9.4.2.4 сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеу
	Қазақстанның 1997 жылдан бастап	9.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын

	әлеуметтік дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайы қалай өзгерді?	статистикалық мәліметтер негізінде талдау
	Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан Зерттеу сұрағы: Қазақстанның жаңа әлемдегі орны қандай?	9.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдау; 9.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға беру
	Астана – Тәуелсіз Қазақстанның астанасы Зерттеу сұрағы: Астананы көшіру неліктен ұтымды стратегиялық шешім болып табылды?	9.3.1.11 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындау
	«Қазақстан – 2050» стратегиялары Зерттеу сұрағы: «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қандай жаңа саяси бағытты белгіледі?	9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау
	Қазіргі кездегі Қазақстанның дамуындағы басым бағыттары Зерттеу сұрағы: «5 институтционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам» ұлт жоспары неліктен қабылданды?	9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау
Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан	Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның дамуы Зерттеу сұрағы: Жаһандану	9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру

ЖОБА

бүгінгі күнге дейін)	жағдайындағы қазақстандық білім мен ғылымның даму тенденциялары қандай?	
	Тәуелсіз Қазақстан мәдениетінің дамуы Зерттеу сұрағы: Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті дамыту мен сақтау жолдары қандай?	9.2.2.3 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау; 9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру » бағдарламасы)
	Діннің қазіргі Қазақстан қоғамындағы рөлі Зерттеу сұрағы: Қазақстан қоғамында зайырлы мемлекет және діни сенім бостандығы ұстанымдары қалай үйлесім табуда?	9.2.1.1 дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін талдау; 9.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау
	«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы Зерттеу сұрағы: «Мәңгілік Ел»: идеясының біріктірушілік рөлі неде?	9.2.1.3 «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау; 9.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау
Қайталау		

3-тарау. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру (төмендетілген оқу жүктемесімен)

1-параграф. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұны

26. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1. 5-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағат;
2. 6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағат;
3. 7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат;
4. 8-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат);

12) 9-сыныпта –төмендетілген оқу жүктемесімен аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелді).

27. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

28. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

5) әлеуметтік қатынастардың дамуы;

6) мәдениеттің дамуы;

7) мемлекеттің дамуы;

8) Қазақстанның экономикалық дамуы.

29. «Әлеуметтік қатынастардың дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

3) этникалық қатынастар;

4) әлеуметтік қатынастар.

30. «Мәдениеттің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

4) дүниетаным мен дін;

5) өнер мен әдебиет;

6) білім және ғылым.

31. «Мемлекеттің дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

3) мемлекеттің ішкі саясаты;

4) мемлекеттің сыртқы саясаты.

32.«Қазақстанның экономикалық дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

4) шаруашылық;

5) өндірістік қатынастар және сауда.

33. Оқу мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

34. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағыдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.

35. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) өзгеріс пен сабақтастық;

2) себеп пен салдар;

3) дәлел;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

ЖОБА

36. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

3) «Дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады.

5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

37. 5-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі.Тас дәуіріндегі Қазақстан: Қазақстанда алғашқы адамның пайда болуы, әлеуметтік ұйымдасудың алғашқы формалары. Ежелгі адамдардың кәсібі (аң аулау мен терімшілік). Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары. Егіншілік пен мал шаруашылығының қалыптасуы. Ботай мәдениеті. Қола дәуіріндегі Қазақстан: Қазақстан аумағындағы мыс пен қалайы металдарының кен орындары. Андрон мәдениеті. Қола дәуірі кезіндегі шаруашылық пен қоғамдық құрылыс. Беғазы-Дәндібай мәдениеті. Ә. Марғұлан және басқа да Қазақстанның ежелгі дәуірін зерттеушілер;

2) ежелгі көшпелілердің өмірі. Темір дәуірінің ерекшеліктері. Қазақстанның ежелгі металлургиясы. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы. Алғашқы көшпелілердің өмір сүруді қамтамасыз ету жүйесі. Көшпелілердің жылжымалы баспанасы. Алғашқы көшпелілердің дүниетанымы;

3) сақтар. Қазақстан аумағындағы сақ тайпалары. Сақтар тарихы жайлы деректер. Сақтардың саяси тарихы. Қоғамдық құрылысы. Шаруашылығы мен тұрмысы. Материалдық және рухани мәдениеті. «Аңдық стиль». Есік олжасы – «Алтын адам». Шілікті алқабының патша қорғандары. Берел қорымы. Бесшатыр қорғандары. Тасмола мәдениеті;

4) үйсіндер мен қаңлылар.Үйсіндер. Үйсіндер туралы жазба деректер.

Үйсіндердің қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Үйсіндердің қоғамдық құрылысы. Қаңлылар. Қаңлылар тарихына қатысты қытай және парсы деректері. Қаңлылардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Қаңлылардың қоғамдық құрылысы. Үйсіндердің, қаңлылардың археологиялық ескерткіштері;

5) ғұндар (хунну). Қытай деректеріндегі ғұндардың ерте тарихы. Мөде шаньюй-ғұн мемлекетінің негізін салушы. Ғұндардың саяси тарихы мен мемлекеттік құрылысы. Халықтардың ұлы қоныс аударуы (ғұндардың Батысқа жылжуы). Аттила және оның жорықтары. Ғұндардың шаруашылығы мен қоғамдық құрылысы. Ғұндар дәуіріндегі мәдениеттің дамуы;

6) сарматтар. Сарматтардың ежелгі замандағы саяси оқиғаларға қатысуы. Сарматтардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Сарматтардың қоғамдық құрылысы. Сарматтардың археологиялық ескерткіштері. Мәдениеті;

7) ежелгі Қазақстан тарихына шолу. Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың антропологиялық бет-әлпеті. Ежелгі Қазақстан тарихының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен үдерістері. Ежелгі Қазақстанның мәдени мұрасы;

8) өлкетану: Туған өлкенің аңыз-ертегілері. Өлкенің тарихи ескерткіштері. Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар. Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер.

38. 6-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) VI - IX ғасырдағы Қазақстан. Ортағасырлық Қазақстан тарихының кезеңделуі. Ұлы Түрік қағанатының құрылуы. Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер: Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қимақ қағанаты. Атлах шайқасының тарихи маңызы. Түркі мемлекеттерінің қоғамдық-саяси құрылысы. Түркілердің әскери өнері. Шаруашылығы. Сауда және қала мәдениетінің дамуы;

2) X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан.Қарахан мемлекеті. Қазақстан аумағына исламның тарала басталуы. Наймандар, керейіттер, жалайырлар. Қыпшақ хандығы. «Дешті Қыпшақ» түсінігі. Шаруашылығы: көшпелі, отырықшы. Сауда. Қала мәдениеті. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы. Түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі. Түркі әлемінің көрнекті ойшылдары;

3) XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан. Шыңғыс ханның жаулаушылық соғыстары. Отырар қорғанысы. Моңғол империясының құрылуы. Алтын Орда. Ақ Орда. Моғолстан мемлекеті. Әмір Темір жорықтары. Ноғай Ордасы. Әбілқайыр хандығы. XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылысы. Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстан туралы. Шаруашылық. Сауданың дамуы. Мәдениет;

4) қазақ халқының қалыптасуы. Қазақтар – Ұлы Дала мұрагері: тарихи және этникалық сабақтастық. «Қазақ» этнонимі. Қазақ халқының біртұтас халық болып қалыптасу үдерісінің аяқталуы;

5) біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы. Қазақ ұлттық мемлекетінің құрылу алғышарттары. Қазақ хандығының құрылуы (аумағы, халықтың этникалық құрамы). Мемлекеттің негізін салушылар – Жәнібек пен Керей. М.Х. Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегі – Қазақ хандығыныңалғашқы тарихы жөніндегі құнды дерек. Қазақ хандығы қалыптасуының алғашқы жылдарындағы ішкі және сыртқы

саясаты. Біртұтас қазақ мемлекеті қалыптасуының тарихи маңызы;

6) қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы. Қасым хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының нығаюы. Хақназар хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының одан әрі нығаюы және саяси өркендеуі. Тәуекел ханның ішкі және сыртқы саясаты. Есім ханның ішкі және сыртқы саясаты. Жәңгір хан. Орбұлақ шайқасы. Тауке ханның билігі. «Жеті жарғы». Қазақтың ұлы билері. Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы. Қазақ қоғамының әлеуметтік стратификациясы;

7) XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет. Қазақ халқының мәдениеті: материалдық, рухани мәдениет. Әдебиет пен өнер: ақын-жыраулар, халық әншілері мен композиторлардың шығармашылығы, музыкалық өнер. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы: мал шаруашылығы, егіншілік;

8) өлкетану: Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы). Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері. Бір халық – бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары). Туған өлке тарихының қазіргі куәгерлері.

39. 7-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) XVIII ғасырдың басындағы Қазақстан: сыртқы және ішкі саяси жағдай. Жоңғар мемлекеті. Қазақ-жоңғар соғыстары. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманы. Қарақұм мен Ордабасыдағы құрылтайлар – қазақ жасағының құрылуы. Аңырақай шайқасы. Отан қорғаушы батырлар. XVIII ғасырдың 30-40 жылдарындағы қазақ-жоңғар соғыстары;

2) XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығы. XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қатынастары. XVIII ғасырдың басындағы Ресей империясы назарындағы Қазақстан (саяси және экономикалық мақсаттар, әскери-барлау экспедициялары, алғашқы әскери бекіністердің салынуы). Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы:себептері мен мақсаттары. XVIII ғасырдың 30-50-жылдарындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясаты. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Қазақстандағы ішкі саяси жағдайдың асқынуы. Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығы: ішкі және сыртқы саясаты;

3) XVIII ғасырдағы Қазақстан мәдениеті. XVIII ғасыр ақын-жырауларының шығармашылығы. XVIII ғасыр тарихы бойынша қазақ деректері. Қазақтардың қолданбалы өнері;

4) отарлау және ұлт-азаттық күрес. Ресей империясының отаршылдық саясаты: мақсаттары мен әдістері. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, қозғалыстың қозғаушы күші, кезеңдері мен барысы, нәтижелері). 1822-1824 жылдардағы патша реформалары (Кіші және Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы). 1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі (себептері, негізгі кезеңдері мен шайқастары). XIX ғасырдыңбірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары (Жоламан Тіленшіұлы, Саржан Касымов бастаған көтеріліс). Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, мақсаттары мен қозғаушы күштері, негізгі кезеңдері). Кенесары Қасымұлы: тұлға және саясаткер. Жанхожа Нұрмұхамедұлы және Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (себептері, көтеріліс барысы). Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аймақтарын қосып алуы. XVIII ғасырдың

соңы – XIX ғасырдағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихи маңызы;

5) Қазақстан Ресей империясының құрамында. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы патшалық реформалар. 1867-1868 жылдардағы реформалар. Қазақстандағы патшалық Ресейдің аграрлық және қоныстандыру саясаты. 1860-1870 жылдардағы ұлт-азаттық күрес (себептері мен көтеріліс барысы). XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Капиталистік қатынастардың ене бастауы. XIX ғасырдың 80-90 - жылдарындағы әкімшілік-аумақтық реформалар: мазмұны мен салдары. Сауда қатынастарының дамуы. Жетісу аумағына ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы. Дәстүрлі қазақ қоғамының трансформациясы. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық-саяси ойлардың дамуы;

6) XIX ғасыр-XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті. XIX ғасырдағы Қазақстандағы ағарту ісі мен ғылымның дамуы. Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің ағартушылық қызметі. Қазақстанның ғылыми зерттелуі (П. Семенов-Тянь-Шанский, Г.Н. Потанин, В.В. Радлов, М. Шорманов, М. Бабаджанов, А. Диваев). Зайырлы және діни білім беру мекемелері. Жадиттік және білім берудегі жаңашылдық. Шоқан Уәлиханов – ұлы қазақ ғалымы. Ыбырай Алтынсарин –ағартушы, жаңашыл-педагог, қоғам қайраткері. Абай Құнанбайұлы – ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Қазақ музыкалық мәдениетінің дамуы (Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Дәулеткерей Шығайұлы). Әйгілі суретшілер шығармашылығындағы ұлттық контекст. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев және К. Халидтің тарихи еңбектері.

7) өлкетану: Туристік маршруттар. Жомарт жүрек. Туған өлкенің шежіресі. Мектебімнің тарихы.

40. 8-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) XX ғасырдың басындағы Қазақстан. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. Столыпиннің аграрлық реформасы және шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы. Сауданың дамуы. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Қазақ ұлттық зиялылар қауымы және оның XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси үдерістерге әсері. Ұлттық баспаның дамуы («Қазақ» газеті, «Айқап» журналы). 1917 жылғы революциялар. «Алаш» партиясының құрылуы. «Алаш-Орда» үкіметі. Қазақ халқының саяси көшбасшылары (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Б. Қаратаев, М. Тынышпаев, М. Шоқаев). XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ғылыми еңбектері;

2) Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнығуы. «Үш Жүз» қазақ социалистік партиясы. Азамат соғысы жылдарындағы (1918-1920 жылдар) Қазақстандағы соғыс қимылдары. Кеңес билігі органдарының «Алаш-Орда» үкіметі, Қоқан автономиясымен қарым-қатынасы. «Әскери коммунизм саясаты».1921 жылғы жұт және аштық. Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы. Қазақ АКСР-ы аумағының қалыптасуы. Қазақ жерлерінің біртұтастығын қалпына келтірудегі қазақ зиялыларының рөлі. Қазақстандағы Жаңа экономикалық саясат (1921-1925 жылдар). XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл

жүйе саясаты. Кеңес үкіметінің діни саясаты;

3) Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде. Қазақстандағы социалистік индустрияландыру (мәні мен ерекшеліктері). «Кіші Қазан» (мазмұны және жүзеге асырылуы). Бай шаруашылықтарының тәркіленуі. Ауыл шаруашылығындағы күштеп ұжымдастыру саясаты. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатының экономикалық салдары. 1931-1933 жылдардағы аштық - XX ғасырдағы қазақстандық қасірет. Қазақстандағы ұжымдастырудың демографиялық салдарлары. Ұжымдастыруды жүзеге асырудың әдістеріне қатысты ұлттық зиялылардың («Бесеудің хаты») қоғамдық-саяси көзқарасы мен қатынасы. 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. Сталиндік репрессиялар. Қазақстан аумағындағы кеңестік «еңбек түзеу» концентрациялық лагерлері (Степлаг, Карлаг, Алжир және тағы басқалар);

4) Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым. Халыққа білім беру (жалпыға бірдей міндетті сауат ашу, орта білім, қазақ жазуының араб тілінен латын тіліне көшуі, орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшу). А. Байтұрсынов – «ұлт ұстазы». Жоғары оқу орындарының ашылуы. КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы. Қ.Сәтбаевтың Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлі. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері. Әдебиеттің дамуы (Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин шығармашылығы). Театр, кино, бейнелеу өнері және оның қайраткерлері. Мәдениет саласындағы кеңестік идеология. Социалистік реализм;

5) Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. Ұлы Отан соғысының басталуы. Қазақстандағы мобилизация және қазақстандық әскери бөлімдердің құрылуы. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі мен тағдыры. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы. Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары. Б. Момышұлы – аңызға айналған тұлға. Қазақстан – майдан арсеналы. КСРО халықтарының Қазақстанға депортациялануы. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мәдениет. Ғылымның дамуы. Әдебиеттегі жетістіктер (М. Әуезов, Ж. Жабаев, Д. Снегин,
И. Шухов және тағы басқалар). Өнердің дамуы (театр, кино).

41. 9-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар). Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Пайдалы қазбаларды өңдеу және өнеркәсіптің дамуы. Ауыл шаруашылығының дамуы. Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенінің қалыптасуы (Қазақстандағы ядролық полигон). Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. «Бекмаханов ісі»;

2) Қазақстан «Жылымық» кезеңінде (1954-1964 жылдар). Қазақстанда «Хрущевтік кезеңдегі» өнеркәсіптің дамуы. Тың және тыңайған жерлерді игеру (тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдары). Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен («Байқоңыр» ғарыш айлағы). «Жылымық кезеңі». 1954-1965 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір;

3) Қазақстан «Тоқырау» кезеңінде (1965-1985 жылдар). 1965-1985-жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Экономиканың

шикізаттық бағыты. Урбанизация. 1970-1980 жылдардағы ауыл шаруашылығындағы дағдарыс. 1965-1985 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір. 1979 жылғы Целиноградтағы оқиғалар. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы басшыларының қызметі (Ж. Шаяхметов, Д. Қонаев, Ж. Тәшенов);

4) кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985-жылдар.). Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат. Жалпыға бірдей міндетті орта білім. Қазақ тілінің жағдайы. Ғылымның дамуы. Әдебиеттің дамуы (Ә. Нұрпейісов, Б. Момышұлы, І. Есенберлин, О. Сүлейменов, М. Шаханов). Өнер (театр, кино);

5) Қазақстан Қайта құру кезеңінде (1986-1991 - жылдар). «Қайта құру» жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер: мақсаттары, проблемалары мен қарама-қайшылықтары. Қазақстандағы 1986жылғы желтоқсан оқиғалары (себептері, барысы мен салдары). 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының қатысушыларына қатысты жазалау шаралары. «Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемегендігі туралы Декларация» (1990 жылғы қазан). Кеңестік саяси жүйенің дағдарысы (1991 жылғы «Тамыз бүлігі»). КСРО-ның ыдырауы. Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар. Семей ядролық полигонының жабылуы. «Қазақ КСР-ның тілдер туралы Заңының» қабылдануы;

6) Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 - 1997 жылдар). «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заңының қабылдануының тарихи маңызы. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси институттарының қалыптасуы. Нарықтық экономикаға көшудегі қиыншылықтар. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық үдерістер. 1995 жылғы Конституцияның қабылдануы;

7) Қазақстан Республикасының нығаюы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін).Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді басым мақсаттары мен стратегиялары. «Қазақстан – 2030» стратегиясының қабылдануы. Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы беделінің өсуі. Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасы. Қазақстанның ЕҚЫҰ және ИЫҰ-на төрағалық етуі. Әлемдік экономикалық байланыстар жүйесіндегі Қазақстан. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жағдайы. Астана – Қазақстан Республикасының жаңа астанасы. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. «5 институтционалды реформаларды жүзеге асырудағы100 нақты қадам» ұлттық жоспары – қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап. Ұлт көшбасшысы – Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз мемлекетті құрудағы және дамытудағы рөлі;

8) қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін). Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясат. «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасы. Инновациялық ғылыми-білім беру мекемелерінің құрылуы. Этносаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті жаңғырту және сақтап қалу мәселелері. Қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденциялары. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясы.«Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламасы.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі (төмендетілген оқу жүктемесімен)

42. Оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында: «7» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

43. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:

Білім алушылар:					
Бөлімше	5- сынып шамамен 1 миллион жыл бұрын – V ғасыр	6- сынып VI – XVII ғасырлар	7- сынып XVIII – XIX ғасырлар	8- сынып XX ғасырдың бірінші жартысы	9- сынып XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін
1.1 Этникалық қатынастар	5.1.1.1 алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау	6.1.1.1 түркі тілдес тайпаларды атап, олардың аумақтық орналасуын картада көрсету	7.1.1.1 жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру	8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау
	5.1.1.2 Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпатын анықтау	6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау	7.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау		9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру
	5.1.1.3 ұндарды	6.1.1.3 ежелгі			9.1.1.3 Қазақстан

ЖОБА

	ң қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету	және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқының қалыпта суындағы негізгі кезеңдерді анықтау			ның даму стратегия сындағы демография лық саясаттың бағыттарын талдау
		6.1.1.4 «қазақ» этнонимінің мағынасын түсіндіру			
1.2 Әлеуметтік қатынастар	5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету	6.1.2.1 қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау	7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау	8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау	9.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистика лық мәліметтер негізінде талдау
	5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру	6.1.2.2 өлкедегі әр түрлі ұлттардың тарихын, салт-дәстүрін сипаттау	7.1.2.2 қазақ зиялыларының қалыпта суының маңызды лығын түсіндіру	8.1.2.2 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау	

ЖОБА

2) мәдениеттің дамуы:

Білім алушылар:					
Бөлімше	5- сынып шамамен 1 миллион жыл бұрын -V ғасыр	6- сынып VI – XVII ғасырлар	7- сынып XVIII – XIX ғасырлар	8- сынып XX ғасырдың бірінші жартысы	9- сынып XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін
2.1 Дүние таным мен дін	5.2.1.1 алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау	6.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру	7.2.1.1 салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау	8.2.1.1 мемлекеттің діни саясатының мақсаты мен салдарын анықтау	9.2.1.1 дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін талдау
	5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау	6.2.1.2 ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын анықтау	7.2.1.2 отаршылдық саясаттың ұлттық құндылықтарға кері әсерін талдау		9.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау
		6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала Елі» ұғымын қолдану			9.2.1.3 «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау
2.2 Өнер мен	5.2.2.1 археологиялық	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре,	7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті	8.2.2.1 қазақ зиялылары	9.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер

әдебиет	ескерткіштерді сипаттау	эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау	мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау	ның шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру	туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау
	5.2.2.2 археологиялық деректерге сүйене отырып, Андронов мәдениетінің белгілерін анықтау	6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру	7.2.2.2 А. Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі рөлін айқындау	8.2.2.2 Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау	9.2.2.2 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау
	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнер жетістіктерін сипаттау	7.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау	8.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау	9.2.2.3 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау
	5.2.2.4 Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін	6.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет	7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау	8.2.2.4 Ә. Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне	9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра»,

	анықтау	Яссауи еңбектерін ің тарихи құндылығ ын түсіндіру		баға беру	«Болашаққа бағдар:руха ни жаңғыру» бағдарлама лары)
	5.2.2.5 Ә. Марғұлан ды ғалым-археолог ретінде айқындау	6.2.2.5 көшпеліле р дің қолданбал ы өнер жетістікте рін сипаттау	7.2.2.5 өлкенің тарихи оқиғалар хроника сын құру	8.2.2.5 соғыс жылдарын дағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын бағалау	
	5.2.2.6 көшпеліле р дің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну	6.2.2.6 жергілікті жер, қала, өзен, көл, тау атаулары ның шығу тарихын түсіндіру	7.2.2.6 түрлі дереккөз дер негізінде өз мектебің нің тарихын анықтау		
	5.2.2.7 тарихи мұраны жеткізудег і жәдігердің рөлін сипаттау	6.2.2.7 өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыр у ға үлесін қосқан шеберлерд і айқындау			
	5.2.2.8 өлкедегі тарихи ескерткіш тердің құндылығ ын түсіну				
	5.2.2.9				

ЖОБА

	өлкенің аңыз-ертегілерінің мән-мағынасын түсіндіру				
2.3 Білім және ғылым	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу	6.2.3.1 көне түркі жазуының тарихи маңызын түсіндіру	7.2.3.1 Ш. Уәлиханов тың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау	8.2.3.1 ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөліне баға беру	9.2.3.1 Е.Бекмаханов тың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау
		6.2.3.2 Әл-Фарабидің және басқада ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау	7.2.3.2 XIX ғ. білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру	8.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау	9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру
		6.2.3.3 «Кодекс Куманикус» сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін анықтау	7.2.3.3 Ы. Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау	8.2.3.3 XX ғ. бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау	
		6.2.3.4 Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-	7.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр	8.2.3.4 Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан	

ЖОБА

		Рашиди» еңбегінің тарихи маңызын түсіндіру	Жүсіп Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау	өнеркәсібі мен ғылымын дамытуда ғы рөліне баға беру	
			7.2.3.5 туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну		

1) мемлекеттің дамуы:

Білім алушылар:					
Бөлімше	5-сынып шамамен 1миллион жыл бұрын – Vғасыр	6-сынып VI-XVII ғасырлар	7-сынып XVIII - XIX ғасырлар	8-сынып XX ғасырдың бірінші жартысы	9-сынып XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін
3.1. Мемлекеттің ішкі саясаты	5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету	6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанатының құрылуының тарихи маңызын анықтау	7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру	8.3.1.1 қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға беру	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
	5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктер	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау	8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық–	9.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға

ҚОБА

	дің құрылуын түсіндіру	ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау		саяси процестерге баға беру	беру
	5.3.1.3 тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін түсіндіру	6.3.1.3 X ғ. – XIII ғ. басындағы мемлекеттер дің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау	8.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру	9.3.1.3 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты даму кепілі ретінде бағалау
		6.3.1.4 тарихи ұғымдарды қолданып, Қарахан мемлекетіндегі жер иелену ерекшеліктерін түсіндіру	7.3.1.4 патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру	8.3.1.4 «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту саясатын талдау	9.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау
		6.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау	8.3.1.5 Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру	9.3.1.5 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру

ЖОБА

		6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлар дағы мемлекетте рдегі саяси үдерістерді түсіндіру	7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыла рының рөліне баға беру	8.3.1.6 Қазақстан да құрылған ұлттық автономия лардың маңызды лығына баға беру	9.3.1.6 Қазақстан ның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытын дылау
		6.3.1.7 ортағасыр лық мемлекетте р дің ыдырауы ның негізгі және жанама себептерін анықтау		8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 – жылдар дағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясаты ның зардапта рын талдау	9.3.1.7 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, тәуелсіз Қазақстан ның жариялануының тарихи маңызын түсіндіру
		6.3.1.8 Қазақстан аумағын дағы мемлекетте р дің басқару жүйесінің ерекшелікте рін анықтау			9.3.1.8 Тәуелсіз Қазақстан ның қоғамдық-саяси дамуын талдау
		6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуыны ң тарихи маңызын анықтау			9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау
		6.3.1.10 қазақ хандарыны ң мемлекетті нығайтудағ			9.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыпта-суындағы Елбасы

ЖОБА

		ы рөлін анықтау			Н.Назарбаев тың рөліне баға беру
		6.3.1.11 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулар дың қызметтерін сипаттау			9.3.1.11 Астананы жаңа Қазақстан ның өркендеуінің нышаны ретінде айқындау
		6.3.1.12 туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері нің ерлік істері мен еңбегін сипаттау			
3.2 Мемле кеттің сыртқы саясат ы	5.3.2.1 Қазақстан аумағында ғы ерте көшпеліле р дің халықара лық сахнадағы орнын анықтау	6.3.2.1 тарихи оқиғаларды ң өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпаларды ң миграция лық үдерісін түсіндіру	7.3.2.1 Жоңғар шапқын шылығы на қарсы күресте танылған хандар мен батырлар дың рөлін түсіндіру	8.3.2.1 қазақстан дықтардың Екінші дүние жүзілік соғысыны ң жеңісіне қосқан үлесін бағалау	9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендері нің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау
	5.3.2.2 Қазақстан аумағында ғы алғашқы мемлекетті к бірлестік тердің көрші елдермен	6.3.2.2 ерте түрік қағанаттары ның сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау	7.3.2.2 қазақ хандығы ның сыртқы саясаты ның нәтижелерін анықтау	8.3.2.2 Б. Момыш ұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау	9.3.2.2 Қазақстан Республика сының халықара лық сахнадағы танылуына баға беру

ЖОБА

	қарым-қатынасын анықтау				
		6.3.2.3 Атлах шайқасының тарихи маңызын талдау	7.3.2.3 Абылай ханның дипломатиялық шеберлігі мен саясатын бағалау		9.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен байланыс тарын талдау
		6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау			9.3.2.4 қазақ диаспорарының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын айқындау
		6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру			
		6.3.2.6 Қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау			
		6.3.2.7 Орбұлақ			

ЖОБА

		шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау			

4) Қазақстанның экономикалық дамуы:

Білім алушылар:					
Бөлімше	5-сынып шамамен 1 миллион жыл бұрын - V ғасыр	6-сынып VI-XVII ғасырлар	7-сынып XVIII - XIX ғасырлар	8-сынып XX ғасырдың бірінші жартысы	9-сынып XX ғасырдың екінші жартысы нан бүгінгі күнге дейін
4.1 Шаруашылық	5.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау	6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау	7.4.1.1 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау	8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау	9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
	5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншілік тің қалыптасуын түсіндіру	6.4.1.2 көшпелілер дің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау	7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау	8.4.1.2 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын талдау	9.4.1.2 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік экономикалық мәселелерді талдау
			7.4.1.3 өлкені		9.4.1.3 Қазақстан

ЖОБА

			дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалар дың қызметіне баға беру		Республика сындағы жекешелен діру процесінің экономикаға ықпалын талдау
			7.4.1.4 өлке дамуы ның маңызды кезеңде рін анықтау		
4.2 Өндіріс тік қатына стар және сауда	5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетін ің дамуына әсерін анықтау	7.4.2.1 капиталистік қатынас тардың экономи каға ықпалын анықтау	8.4.2.1 Қазақстан дағы индустрия ландыру дың жетістік тері мен кемшіліктер ін талдау	9.4.2.1 өнеркәсіп тің ахуалын анықтап, қорытын ды жасау
	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашы лық салаларын а тигізген ықпалын түсіндіру	6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықара лық қатынаста р дың дамуындағ ы орнын анықтау	7.4.2.2 сауда қатынас тарына жәрмеңкелер дің әкелген өзгерісте рін анықтау	8.4.2.2 Қазақстан экономика сының соғыс жағдайына бейімдел гендігін дәлелдеу	9.4.2.2 нарықтық экономика ның өндірістік қатынас тарға әсерін талдау
	5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру				9.4.2.3 Қазақстан ның әлемдік экономикаға кірігуін талдау
					9.4.2.4 сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеу

44. Тоқсандағы бөлімдер және бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

45. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады (төмендетілген оқу жүктемесімен).

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)

4) 5-сынып:

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі	Кіріспе сабақ Зерттеу сұрағы: Қазақстанның ежелгі тарихында не оқытылады?	Ежелгі Қазақстан тарихына жалпы шолу
	Алғашқы адамдардың өмірі Зерттеу сұрағы: Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді?	5.1.1.1алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау; 5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету
	Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары Зерттеу сұрағы: Археологтар Қазақстан жерінен тас дәуіріне жататын қандай олжаларды тапты?	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу; 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау
	Адамдардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер және еңбек құралдарының жетілдірілуі Зерттеу сұрағы: Мезолит пен неолит дәуірлерінде алғашқы	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау

ҚОБА

	адамдардың өмірі қалай өзгерді?	
	Ботай мәдениеті Зерттеу сұрағы: Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғашқы қолға үйретушілер деп атайды?	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау
	Қазақстан аумағында металлургияның пайда болуы Зерттеу сұрағы: Қазақстан жерінде металды өндіру ежелгі адамдардың өмірін қалай өзгертті?	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру
	Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар?	5.2.2.2 археологиялық деректерге сүйене отырып, андронов және беғазы-дәндібай мәдениеттерінің белгілерін анықтау; 5.2.2.5 Ә.Марғұланның Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесін айқындау
	Қазақстандағы жартастарға салынған ежелгі суреттер Зерттеу сұрағы: Тасқа салынған суреттер ежелгі адамдардың дүниетанымын қалай бейнелейді?	5.2.1.1 алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау; 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау
	Ежелгі адамдардың өміріне саяхат	5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс- тіршілігін шығармашылық түрде көрсету
Өлкетану	Туған өлкенің аңыз-ертегілері	• 5.2.2.9 өлкенің аңыз-ертегілерінің мән-мағынасын түсіндіру
2- тоқсан		
Ежелгі көшпелілер өмірі	• Қазақстан аумағында темірдің игерілуі •	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру

ЖОБА

	• Зерттеу сұрағы: Темір өндіру адамдар өмірін қалай өзгертті?	
	• Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы Зерттеу сұрағы: Көшпелі мал шаруашылығы неліктен Қазақстанның ежелгі тұрғындары шаруашылығының негізгі түріне айналды?	5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін білу
	• Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті • • Зерттеу сұрағы:___Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде?	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну
	• Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы • • Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталды?	5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Сақтар	• Сақтар туралы тарихи мәліметтер • • Зерттеу сұрағы: Қандай тарихи	5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру

ЖОБА

	дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?	
	• «Алтын адам» археологиялық олжасы • • Зерттеу сұрағы: Есік обасынан табылған «Алтын адам» кім болды?	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу; 5.2.2.4 Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Өлкетану	Өлкенің тарихи ескерткіштері	• 5.2.2.8 өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну
3- тоқсан		
Сақтар	Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары Зерттеу сұрағы: Неліктен Шілікті мен Бесшатыр «патша қорғандары» деп аталады?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшелік терін түсіндіру; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
	Берел қорғандары Зерттеу сұрағы. Берел қорымынан табылған олжалар сақтардың мәдениетін қалай сипаттайды?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау; 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау
	Тасмола археологиялық мәдениеті Зерттеу сұрағы: «Мұртты обалардың» ерекшелігі неде?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
	Сақ патшайымы Томирис Зерттеу сұрағы: Тарихи деректерде Томиристің бейнесі қалай	• 5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау

ЖОБА

	сипатталған?	
	Шырақтың ерлігі Зерттеу сұрағы: Сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті?	• 5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
	Сақтардың Александр Македонский әскеріне қарсы күресі Зерттеу сұрағы: Неліктен Александр Македонский дің сақтарға жасаған жорығы сәтсіз аяқталды?	• 5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
Үйсіндер мен қаңлылар	•Үйсіндер туралы жазба деректер • •Зерттеу сұрағы: Қытай авторлары үйсіндердің өмірін қалай сипаттады?	5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
	•Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы • •Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты?	5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
	•Қаңлылардың қоғамдық құрылысы • •Зерттеу сұрағы: Сыма Цянь қаңлы қоғамын қалай сипаттады?	5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
	•Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті •	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну

ЖОБА

	• Зерттеу сұрағы: Үйсіндер мен қаңлылар мәдениетінің ерекшеліктері қандай?	
Өлкетану	Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар	5.3.1.3 тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін түсіндіру
4- тоқсан		
Ғұндар	• Ғұн тайпаларының бірігуі • • Зерттеу сұрағы: Неге Мөде шаньюй «Жер – мемлекеттің негізі» деді?	5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
	Ғұндардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары Зерттеу сұрағы: Ғұндармен Ұлы Қытай қорғанының салынуы арасында қандай байланыс бар?	5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
	Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы Зерттеу сұрағы: Ғұндардың Батысқа қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді?	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету
	Аттила және оның жаулаушылық жорықтары Зерттеу сұрағы: Ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға береді?	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
Сарматтар	• Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі •	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін

ЖОБА

	• Зерттеу сұрақтары: Сармат қоғамы несімен ерекшеленеді?	сипаттау; 5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру
	• Сарматтардың саяси тарихы • • Зерттеу сұрағы: Сарматтар қандай мемлекеттермен өзара қарым-қатынаста болды?	• 5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
• Ежелгі Қазақстан тарихына шолу	• Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты • • Зерттеу сұрағы: Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты қалай өзгерді?	5.1.1.2 Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпатын анықтау
	• Ежелгі Қазақстанға саяхат	5.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау; 5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау; 5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру
Өлкетану	Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер	5.2.2.7 тарихи мұраны жеткізудегі жәдігерлердің рөлін сипаттау
Қайталау		

5) 6- сынып:

•

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
VI - IX	Кіріспе сабақ	Орта ғасырлардағыҚазақстан

ЖОБА

ғасырлардағы Қазақстан	Зерттеу сұрағы: Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы нені оқытады?	тарихына жалпы шолу
	Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер Зерттеу сұрағы: VI-IX ғасырларда билік құрған қай қағандардың есімдері тарихта сақталды?	6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.2.2 ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттау үшін «Ұлы Дала» ұғымын қолдану
	Көне түркі жазуы Зерттеу сұрағы: Білге қаған мен Күлтегіннің мемлекетті нығайтудағы саясаты бізге қандай деректерден белгілі?	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.2.3.1 көне түркі жазуының маңызын түсіндіру
	Атлах шайқасы Зерттеу сұрағы: Неліктен Атлах шайқасын «халықтар шайқасы» деп атайды?	6.3.2.3 Атлах шайқасының тарихи маңызын талдау; 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау
	Оғыз мемлекеті Зерттеу сұрағы: Қазақстанның орта ғасырлар тарихында Оғыз мемлекетінің алатын орны қандай?	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
	Қимақ қағанаты Зерттеу сұрағы: Қимақтарда қалалық	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара

ЖОБА

	мәдениетінің дамуын қандай деректер дәлелдейді?	экономикалық байланыстарды анықтау
	Түріктер туралы тарихи деректер Зерттеу сұрағы: Қытай және араб деректері түркілер туралы қандай ақпарат береді?	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау; 6.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру
	Түркі әлемі қалыптасуының басталуы Зерттеу сұрағы: Түрік тілдес халықтардың миграциясы Еуразия тарихына қаншалықты әсерін тигізді?	6.3.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпалардың миграциясын түсіндіру; 6.1.1.1 түркі тілдес тайпаларды атап, картадан олардың аумақтық орналасуын көрсету
Өлкетану	Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы).	6.2.2.6 жергілікті жер, қала, өзен, көл, тау атауларының шығу тарихын түсіндіру
2- тоқсан		
X ғасыр – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан	X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы саяси процестер Зерттеу сұрағы: X ғасыр - XIII ғасырдың басында саяси карта қаншалықты өзгерді?	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау
	Қарахан мемлекеті Зерттеу сұрағы: Неліктен Қарахан мемлекеті ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады?	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.2.1.2 ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын анықтау; 6.3.1.4 тарихи ұғымдарды қолданып, Қарахан мемлекетіндегі жер иелену ерекшеліктерін түсіндіру
	Наймандар, керейіттер	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың

	және жалайырлар Зерттеу сұрағы: Наймандар, керейіттер мен жалайырлардың ортағасырларлық саяси сахнадағы рөлі қандай болды?	басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
	Қыпшақ хандығы Зерттеу сұрағы: Не себепті Еуразия даласы «Дешті Қыпшақ» деп аталды?	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау; 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала» ұғымын қолдану
	Халықаралық байланыстардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы халықаралық байланыстардың дамуына ықпал етті ме?	6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау
	Ортағасырлық Қазақстанның экономика лық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына қалай әсер етті?	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау; 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру
	Түріктердің	6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы

ЖОБА

	материалдық және рухани мәдениеті Зерттеу сұрағы: Әлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты?	өнер жетістіктерін сипаттау; 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 6.2.3.2 Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау; 6.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде М. Қашғари, Ж. Баласағұн және А. Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру; 6.2.3.3 «Кодекс Куманикус» сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін анықтау
Өлкетану	Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері	6.2.2.7 өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға үлесін қосқан шеберлерді айқындау
Қайталау		
3- тоқсан		
XIII - XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан	Моңғол империясының құрылуы Зерттеу сұрағы: Моңғолдар мемлекеттілік деңгейге қалай жетті?	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.3.1.6 картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру
	Қазақстандағы моңғол шапқыншылығы Зерттеу сұрағы: Неліктен Шыңғыс хан әскерлері Отырарды алты ай бойы ала алмады?	6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру; 6.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау
	Моңғол шапқыншылықтарының салдары Зерттеу сұрағы: Орталық Азияға ең үлкен өзгерісті әкелген кімдер: қыпшақтар ма, әлде моңғолдар ма?	6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктерін анықтау

ЖОБА

	Қазақстан аумағында ұлыстардың құрылуы Зерттеу сұрағы: Моңғол ұлыстарының құрылуы нәтижесінде саяси картада қандай өзгерістер болды?	• 6.3.1.6 картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру; 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау
	Ақ Орда Зерттеу сұрағы: Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы Ақ Орданың рөлі қандай болды?	• 6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру; • 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру
	Моғолстан. Әбілқайыр хандығы Зерттеу сұрағы: Моғолстан мен Әбілқайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар қандай саяси өзгерістерге әкелді?	• 6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру; • 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру
	XIII - XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті Зерттеу сұрағы: XIII - XV ғасырлардағы өнер мен әдебиет ортағасырлық қоғамды	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау

ЖОБА

	қалай бейнелейді?	
	Ортағасырлық саяхатшылардың Қазақстан туралы мәліметтері Зерттеу сұрағы: Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстанды қалай сипаттады?	6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау; 6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау
Қазақ халқының қалыптасуы	Қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы Зерттеу сұрағы: Ұлы Дала мұрагері – қазақ халқы қалай қалыптасты?	6.1.1.3 ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерді анықтау; 6.1.1.4 «қазақ» этнонимінің мағынасын түсіндіру
Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы	Қазақ хандығының құрылуы Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақ хандығы Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет деп саналады?	6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.2.3.4 М.Х.Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегінің маңыздылығын түсіндіру; 6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала» ұғымын қолдану
Өлкетану	Бір халық – бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)	• 6.1.2.2 өлкедегі әр түрлі ұлттардың • тарихын,салт-дәстүрін сипаттау
4- тоқсан		
Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы	Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының күшеюі Зерттеу сұрағы: Не себепті Қадырғали Жалайыр: «Жәнібек ханның ұлдарының арасында аса белгілі болғаны Қасым хан	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау

ЖОБА

	еді...» деп жазды?	
	Хақназар хан кезіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты Зерттеу сұрағы: Неліктен Хақназар хан билеген кезеңді Қазақ хандығының «қайта жаңғыруы» деп атайды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Тәуекел хан тұсындағы Қазақ хандығының оңтүстік шекараларының нығаюы Зерттеу сұрағы: Тәуекел хан қазақ жерлерін біріктіру мақсатында қандай саясат ұстанды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Есім хан билігі кезіндегі Қазақ хандығы бірлігінің нығаюы Зерттеу сұрағы: Есім хан Қазақ хандығының біртұтастығын қалай сақтап қалды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар қарсылығы Зерттеу сұрағы: Орбұлақ шайқасының әлемдік әскери өнер тарихындағы алатын орны қандай?	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау; 6.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау
	Тәуке хан тұсындағы қазақтардың қоғамдық-құқықтық жүйесі Зерттеу сұрағы: Неліктен А. Левшин Тәуке ханды «Дала Ликургі» деп атады?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Қазақ хандығының	6.1.2.1 Қазақ хандығындағы

ЖОБА

	әлеуметтік құрылымы Зерттеу сұрағы: Әлеуметтік топтар қазақ қоғамында қандай рөл атқарды?	әлеуметтік топтардың орнын анықтау; 6.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау
XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет	XVI-XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениеті Зерттеу сұрағы: XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениетінде халық өмірі қалай көрініс табады?	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау
	XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың материалдық мәдениеті Зерттеу сұрағы: Неліктен киіз үй көшпелілердің материалдық мәдениетінің ең жоғарғы үлгісі деп саналады?	6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнердегі жетістіктерін сипаттау
	Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшелігі неде?	6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау
Өлкетану	Туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері	6.3.1.12 туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлерінің ерлік істері мен еңбегін сипаттау
Қайталау		

ЖОБА

1) 7- сынып (төмендетілген оқу жүктемесімен)

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
Қазақ-	Жоңғар	7.1.1.1 жоңғар шапқыншылығы

жоңғар соғыстары	басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы Зерттеу сұрағы: Не себепті «Елім-ай» бүкілхалықтық әнге айналды?	кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру; 7.2.2.1халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау
	Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы Зерттеу сұрағы: Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру
	Қазақ-жоңғар шайқастары Зерттеу сұрағы: Неліктен Аңырақай шайқасы қазақ-жоңғар соғысындағы түбегейлі бетбұрыс деп саналады?	7.3.2.1 жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру; 7.4.1.1 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау
XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы	XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы Зерттеу сұрағы: Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың «кілті мен қақпасы» деп санады?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
	Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы Зерттеу сұрағы: Әбілқайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдары қандай болды?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
	Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты Зерттеу сұрағы: Дербес Қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.3 Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын бағалау
Өлкетану	Туристік маршруттар	7.2.3.5 туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну

Қайталау		
2-тоқсан		
XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті	XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті және материалдық мәдениет Зерттеу сұрағы: XVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты? Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?	7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау; 7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау
Отарлау және ұлт-азаттық күрес	XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы Зерттеу сұрағы: Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау
	Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс Зерттеу сұрағы: Сырым Датұлы Кіші жүз қазақтарының қандай құқықтарын қорғауды көздеді?	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
	1822-1824 жылдардағы патша реформалары Зерттеу сұрағы: Неліктен XX ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?	7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау
	1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?	7.3.1.5 қазақ халықының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
	Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру

ҚОБА

	неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?	
Өлкетану	Жомарт жүрек	7.4.1.3 өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру
Қайталау		
3-тоқсан		
Отарлау және ұлт-азаттық күрес	XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары Зерттеу сұрағы: Неліктен Орта Азия хандықтарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарына экспансиясы күшейді?	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
	Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы Зерттеу сұрағы: Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
Қазақстан Ресей империясының құрамында	XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар Зерттеу сұрағы: Патша өкіметі тарапынан «бөліп ал да, билей бер» ұстанымы қалай жүзеге асты?	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау
	Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі Зерттеу сұрағы: XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді?	7.3.1.5 қазақ халықының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау

	Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты Зерттеу сұрағы: Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті?	7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау; 7.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау
Қазақстан Ресей империясының құрамында	Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?	7.4.2.1 капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау
	Жәрмеңке саудасының дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақстанда неліктен жәрмеңке саудасы дамыды?	7.4.2.2 сауда қатынастарына жәрмеңкелердің әкелген өзгерістерін анықтау
	XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы Зерттеу сұрағы: «Зар заман» өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?	7.2.1.2 ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдау; 7.1.2.2 қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру
Өлкетану	Туған өлкенің шежіресі	7.4.1.4 өлке дамуының маңызды кезеңдерін анықтау; 7.2.2.5 өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру
Қайталау		
4- тоқсан		
XIX ғасыр - XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті	XIX ғасырдағы мәдениеттің дамуы Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?	7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау; 7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау
	XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі Зерттеу сұрағы: XIX	7.2.3.2 XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру

ЖОБА

	ғасырда Қазақстанда оқу-ағартушылық мекемелер қандай түрде дамыды?	
	Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы Зерттеу сұрағы: Неге С. Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын «Аққан жұлдыз» деп атады?	7.2.3.1 Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау
	Ы. Алтынсарин – жаңашыл –педагог Зерттеу сұрағы: Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалады?	7.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау
	Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл Зерттеу сұрағы: Неліктен Абай Құнанбайұлын «Хәкім Абай» деп атады?	7.2.2.2 Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру
	XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы Зерттеу сұрағы: Ш. Құдайбердіұлы, М. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы неде?	7.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерін тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау
Өлкетану	Менің мектебімнің тарихы	7.2.2.6 түрлі дереккөздер негізінде өз мектебінің тарихын анықтау
Қайталау		

2) 8- сынып (төмендетілген оқу жүктемесімен)

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
XX ғасырдың басындағы Қазақстан	Қазақстанның XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы Зерттеу сұрағы: Не себепті А.	8.3.1.1 қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға беру; 8.3.1.2 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру

	Байтұрсынов: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», - деп санады?	
	Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс Зерттеу сұрағы: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс неліктен бүкілхалықтық сипат алды?	8.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру
	1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері Зерттеу сұрағы: Қазақстанда 1917 жылы саяси белсенділіктің артуы қандай оқиғалардан көрініс тапты?	8.3.1.2 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру
	«Алаш» қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы Зерттеу сұрағы: Неліктен «Алаш» партиясы халық қолдауына ие болды?	8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; 8.3.1.4 «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы саясатын талдау; 8.2.3.1 ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөліне баға беру
	XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері Зерттеу сұрағы: Қазақ зиялылары ұлттық мүдделерді қалайша қорғады?	8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру; 8.3.1.5 Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру
Қайталау		
2- тоқсан		
Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы	Қазақстан азаматтық қарсыластық жылдарында (1917-1920 жылдар) Зерттеу сұрағы: Қазан революциясының ұрандары халық арасында қандай үміт тудырды?	8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру
	Қазақстандағы ұлттық	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық

ҰОБА

	автономиялар Зерттеу сұрағы: Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының идеялары неліктен жүзеге аспады?	автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
	Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы Зерттеу сұрағы: Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылуының тарихи маңызы неде?	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
	Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу Зерттеу сұрағы: Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың артықшылықтары қандай болды?	8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау; 8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау
Қайталау		
3-тоқсан		
Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде	Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы индустрияландыру саясатының қарама-қайшылығы неде?	8.4.2.1 Қазақстандағы индустриялан дырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау
	Қазақстандағы ұжымдастыру Зерттеу сұрағы: Неліктен ұжымдастыру саясаты «ұлы нәубетке»әкеліп соқтырды?	8.4.1.2 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардап тарын талдау; 8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау; 8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау
	1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар Зерттеу сұрағы: Сталиндік режим не себепті зиялыларға «халық жауы» деген айып тақты?	8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
Кеңестік Қазақстанның	Ахмет Байтұрсынов – «ұлт ұстазы»	8.2.2.2 Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам

ЖОБА

мәдениеті: білім мен ғылым	Зерттеу сұрағы: Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми мұрасы қандай?	қайраткері ретінде бағалау
	XX ғ. 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым Зерттеу сұрағы: Білім мен ғылым саласының қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды?	8.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау; 8.2.3.3 XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау
	Қ.Сатбаев – жан-жақты ғалым Зерттеу сұрағы: Қаныш Сәтбаевтың феномені неде?	8.2.3.4 Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру
Қайталау		
4- тоқсан		
Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: әдебиет пен өнер	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақ әдебиетінде социалистік реализм қалай көрініс тапты?	8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру
	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ өнерінің дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақ өнерінің жаңа белеске көтерілуі неден байқалды?	8.2.2.4 Әміре Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға беру; 8.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау
Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында	Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы Зерттеу сұрағы: Ұлы Отан соғысының қандай батырлары халық есінде сақталды?	8.3.2.1 қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау; 8.3.2.2 Бауыржан Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау
	Қазақстан – майдан арсеналы Зерттеу сұрағы: «Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін! » ұраны қалай жүзеге асты?	8.4.2.2 Қазақстан экономикасының соғыс жағдайларына бейімделгендігін дәлелдеу; 8.1.2.2 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау
	Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақ КСР мәдениеті	8.2.2.5 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын бағалау

ҚОДА

	Зерттеу сұрағы: Соғыс жылдарындағы Қазақстанның мәдени жетістіктері қандай болды?	
	Қазақстанға КСРО халықтарының депортациясы Зерттеу сұрағы: Қазақстан қалайша депортацияланған халықтардың өлкесіне айналды?	8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау
Қайталау		

8) 9- сынып (төмендетілген оқу жүктемесімен)

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)	Соғыстан кейінгі Қазақ КСР-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы Зерттеу сұрағы: Соғыстан кейінқазақстандықтардың өмірі қалай өзгерді?	9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру; 9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау
	Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешені Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналды?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау
	Сталиндік идеологияның Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірге әсері Зерттеу сұрағы: Неліктен тарихшы Ермұхан Бекмаханов 25 жылға бас бостандығынан айырылды?	9.2.3.1 Ермұхан Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау; 9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
Қазақстан «жылымық» кезеңінде (1954-1964 жылдар)	«Жылымық» кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы Зерттеу сұрағы: «Жылымық кезеңі»	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау

КОПИЯ

	қоғамға қандай өзгеріс әкелді?	
	Тың игеру жылдарындағы Қазақстан Зерттеу сұрағы: Тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Қазақстанға қалай әсер етті?	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
	Қазақ КСР экономикасы-ның шикізатқа бағытталуы Зерттеу сұрағы: Қазақстанның табиғи ресурстарын игеруде ұлттық мүдде қаншалықты ескерілді?	9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау; 9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
Повторение		
2-тоқсан		
Қазақстан «тоқырау» кезеңінде (1965-1985 жылдар)	1965-1985 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы Зерттеу сұрағы: Не себепті 1965-1985 жылдар «тоқырау» кезеңі деп аталды?	9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
	XX ғ. 60-80 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуындағы қарама-қайшылықтар Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың. екінші жартысында ұлттық мүдделерді қорғау қалай жүзеге асырылды?	9.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау; 9.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру
	«Тоқырау» жылдарындағы демографиялық процестер Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы урбандалу процесіне қандай фактор лар әсер етті?	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру
Кеңестік Қазақстанны	XX ғасырдың екінші жартысындағы білім	9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру

ЖОБА

ң мәдениеті (1946-1985 жылдар)	беру жүйесінің дамуы Зерттеу сұрағы: Кеңестік білім беру саласындағы реформалар қандай мақсат көздеді?	
	XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы қазақстандық ғалымдардың ғылымды дамытудағы жетістіктері Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың екінші жартысында ғылымның қай салалары көбірек дамыды?	9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру
	XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы Зерттеу сұрағы: Кеңестік идеология қазақ мәдениетінің дамуына қалай әсер етті?	9.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау; 9.2.2.2 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау
Қайталау		
3-тоқсан		
Қазақстан қайта құру кезеңінде (1986-1991 жылдар)	Қазақстан «Қайта құрудың» бастапқы кезеңінде Зерттеу сұрағы: КСРО-ның ыдырауы: заңдылық па әлде кездейсоқтық па?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.4.1.2 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік-экономикалық проблемаларды талдау
	Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының сипаты қандай болды?	9.3.1.5 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру; 9.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау
	«Қайта құру» жылдарындағы Қазақстандағы демократиялық процестер Зерттеу сұрағы: Демократиялық процестер қоғамдық	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау

ҚОДА

	сананы қалай өзгертті?	
Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 – 1996 жылдар)	Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы Зерттеу сұрағы: «Қазақстан Республикасының тәуелсіздік туралы» Конституциялық Заңының тарихи маңызы қандай?	9.3.1.6 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау; 9.3.1.7 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызын түсіндіру
	Н.Ә. Назарбаев - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Зерттеу сұрағы: Саяси көшбасшының мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі рөлі қандай болды?	9.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н. Назарбаевтың рөліне баға беру
	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралар Зерттеу сұрағы: 1995 жылғы жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңызы неде?	9.3.1.8 Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық – саяси дамуын талдау; 9.3.1.3 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі ретінде бағалау
	Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі Зерттеу сұрағы: Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі қалай жүзеге асты?	9.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға беру; 9.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдау
	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы Зерттеу сұрағы: Неліктен нарықтық экономикаға көшу барысында қиыншылықтар орын алды?	9.4.1.3 Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесінің экономикаға ықпалын талдау; 9.4.2.2 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау; 9.4.2.3 Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін талдау

КОПИЯ

	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық процестер Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестердің ерекшеліктері неде?	9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру; 9.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау; 9.3.2.4 қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын айқындау
Қайталау		
4-тоқсан		
Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)	Қазақстанның 1997 жылдан бастап экономикалық және әлеуметтік дамуы Зерттеу сұрағы: Қазақстан Республикасының XXI ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары қандай?	9.4.2.2 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау; 9.4.2.4 сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеу; 9.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау
	Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан Зерттеу сұрағы: Қазақстанның жаңа әлемдегі орны қандай?	9.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдау; 9.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға беру; 9.3.1.11 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындау
	Қазіргі кездегі Қазақстанның дамуындағы басым бағыттары Зерттеу сұрағы: Қазақстан дамуындағы Ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегиялардың маңыздылығы неде? («Қазақстан – 2030, 2050» стратегиялары, 100 нақты қадам» Ұлт жоспары)	9.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау; 9.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау

Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін)	Тәуелсіздік жылдарындағы білім, ғылым және мәдениеттің дамуы Зерттеу сұрағы: Жаһандану жағдайындағы қазақстандық білім мен ғылымның және мәдениеттің даму тенденциялары қандай?	9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру; 9.2.2.3 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау; 9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламасы)
	Діннің қазіргі Қазақстан қоғамындағы рөлі Зерттеу сұрағы: Қазақстан қоғамында зайырлы мемлекет және діни сенім бостандығы ұстанымдары қалай үйлесім табуда?	9.2.1.1 дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін талдау; 9.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау
	«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы Зерттеу сұрағы: «Мәңгілік Ел»: идеясының біріктірушілік рөлі неде?	9.2.1.3 «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау; 9.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау
Қайталау		

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
62-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрмет қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту және зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

3. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің міндеттері:

1) адамзат өркениетінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және түрлі халықтардың тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;

2) әлемнің тарихи дамуы барысында қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

3) негізгі оқиғалар, құбылыстар мен тарихи даму процестерінің мәні туралы түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін дүниежүзі тарихы контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;

5) тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

6) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

8) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, соның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден

алынған ақпараттарды қоса алғанда, басылымдар мен электронды құралдарды қолдану.

2-тарау. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1.Параграф. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұны

4. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағатты;
2) 6-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағатты;
3) 7-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағатты;
4) 8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағатты;
5) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелді).

5. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

6. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы;
2) мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі;
3) саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі;
4) экономикалық қатынастардың дамуы.

7. «Әлеуметтік қатынастардың дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әлеуметтік құрылымдар;
2) әлеуметтік өзара әрекеттестік.

8. «Мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) дін;
2) өнер;
3) философиялық жүйелер;
4) ғылым.

9. «Саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мемлекет: белгілері, құрылымы және басқару тәртібі;
2) империялар, соғыстар, көтерілістер мен революциялар.

10. «Экономикалық қатынастардың дамуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) шаруашылық жүйелер: эволюция және өзара әрекеттестік;
2) экономикалық жүйелердің тарихи үлгілері.

11. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағыдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.

12. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктер) негізделеді:

1) өзгеріс пен сабақтастық;

2) себеп пен салдар;

3) дәлел;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

13. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) «себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

3) «дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды,

4) «ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) «маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

14. 5-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) терімшілер-аңшылардан бастап егіншілер мен малшыларға дейін. Адамның пайда болуы туралы теориялар. Адамдардың алғашқы бірлестік формалары: адамдар тобыры, ру, қауым, тайпа және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Ежелгі адамдардың өмір салты. Иемденуші және өндіруші шаруашылық түрлері (терімшілік, аңшылық, балық аулау, мал шаруашылығы,егіншілік, металл өңдеу, айырбас сауда). «Неолиттік төңкеріс»

ұғымы. Ежелгі діни наным-сенімдер. Алғашқы қауымдық өнердің түсінігі және түрлері;

2) өзен алқаптарының өркениеттері. Алдыңғы Азия мен солтүстік-шығыс Африканың табиғи жағдайлары. Месопотамия тарихының ежелгі кезеңі: Шумер және Аккад мемлекеттері. Ежелгі өркениеттердің шаруашылық жүйесі мен өнері;

3) Ежелгі Египет. Табиғи жағдайлары. Египеттегі мемлекеттің пайда болуы. Пирамидалар құрылысының дәуірі. Ежелгі Египеттің әлеуметтік құрылымы, экономика, діни наным-сенімдер мен ғылыми білімдері;

4) қос дөңгелекті арбалар мен империялар. «Империя» түсінігі. Ежелгі замандағы әскери өнер: соғыс арбалары мен атты әскердің пайда болуы. Жаулаушылық соғыстар мен империялар шекараларының өзгеруі. Таяу және Орта Шығыс империялары. Орталық Азияның ежелгі мемлекеттері. Әлеуметтік ұйымдасу, шаруашылығы мен мәдениеті;

5) Ежелгі Үндістан: буддизмнің гүлденуі мен индуизмнің салтанат құруы. Табиғи жағдайлары. Үндістанда мемлекеттің қалыптасуы. Ежелгі Үндістандағы индуизм мен буддизм. Ежелгі Үндістанның әлеуметтік құрылымы (касталық жүйе). Шаруашылығы. Мәдениеті мен ғылыми білімдердің дамуы;

6) Ежелгі Қытай. Табиғи жағдайлары. Ежелгі Қытай мемлекетінің қалыптасуы. Конфуций және Лао Цзы ілімдері. Ежелгі Қытайдың саяси, шаруашылық және қоғамдық құрылысы. Ежелгі Қытайдың мәдениеті;

7) Ежелгі Грекия. Ежелгі Грекияның географиялық жағдайы. Грекияның ежелгі өркениеттері. Грекиялық қала-мемлекеттер. Афина мемлекеті. Ежелгі Спарта. Ежелгі Грекияның саяси, шаруашылық және қоғамдық құрылысы. Грек-парсы соғыстары. Александр Македонский империясы;

8) Ежелгі Грекия мәдениеті. Ежелгі Грекияның тарихшылары мен философтары. Ежелгі Грекиядағы білім мен ғылым. Ежелгі Грекияның мәдениеті (күнделікті өмірі мен мерекелері, Олимпиада ойындары, діни наным-сенімдер, аңыздар мен мифтер, театр, сәулет және мүсін өнері);

9) Рим империясының гүлденуі. Апеннин түбегінің табиғи-географиялық ерекшеліктері. Ежелгі Римнің саяси және қоғамдық құрылысы (патшалық басқару және республика кезеңі тұсында). Римнің жаулаушылық соғыстары. Рим империясы. Рим империясындағы басқару жүйесі мен әлеуметтік ұйымдасу. Спартак бастаған құлдар көтерілісі. Шаруашылығы мен тұрмысы. Мәдениет. Империя дағдарысы;

10) дәуірлер кезеңіндегі Рим. Христиандықтың пайда болуы. Рим империясындағы алғашқы христиандар. Мемлекеттік басқару жүйесі. Ұлы Константиннің діни реформасы. Ежелгі дүниенің мәдени мұрасы: жазу, әлемнің ғылыми бейнесі, ежелгі Римдегі техниканың дамуы.

15. 6-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) Рим империясының құлауы. Тарихтағы «орта ғасыр» түсінігі. Орта ғасырлар тарихының хронологиялық шеңбері мен кезеңдері. Халықтардың ұлы қоныс аударуы және Батыс Рим империясының құлауы. Византия империясы. Византия мен Түрік қағанатының дипломатиялық қарым-қатынастары. Киев Русінің құрылуы. Киев Русінде христиандықтың қабылдануы;

2) феодализм. «Феодализм» түсінігі. Феодалдық шаруашылық түрінің

ерекшеліктері. Феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымы. Ортағасырлық қалалар мен өнердің даму ерекшеліктері;

3) ислам тарихы. Ислам дінінің пайда болуы. 610 және 1258 жылдар аралығындағы ислам тарихындағы басты оқиғалар. Араб халифаты. Мұсылман әлемі мәдениетінің дамуы;

4) крест жорықтары. Крест жорықтарының (1-4 крест жорықтары) себептері, барысы мен салдары. Крест жорықтарынан кейінгі христиандық Еуропа мен мұсылман әлемі;

5) моңғолдар. Шыңғыс хан. Моңғол империясының құрылуы. Моңғолдардың әскери өнері. Еуразия этносаяси картасының қалыптасуына моңғол шапқыншылықтарының әсері;

6) XIV ғасырдағы - XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам. «Қара індет». Франция мен Англиядағы шаруалар көтерілісі. Феодалдық соғыстар (Жүз жылдық соғыс, Ал қызыл және Ақ раушандар соғысы) және Еуропадағы бір орталықтанған мемлекеттердің қалыптасуы. Жанна д′Арк;

7) Батыс пен Шығыстағы абсолютизм. Феодалдық мемлекеттің даму кезеңдері. Батыс пен Шығыс мемлекеттеріндегі абсолютизмнің ерекшеліктері (Франция, Ресей, Англия, Қытай, Жапония, Осман империясы). «Парламент», «Бас штаттар», «сейм», «кортес», «Бояр Думасы» ұғымдары;

8) сауда, қолөнер және әлемді игеру. Ұлы Жібек жолы. Халықаралық сауда мен саяхаттар. Қытайдағы Мин әулетіндегі теңіз саяхаттары (Чжен Хе басшылығымен). XV ғасырдың соңы - XVI ғасырдың басындағы Ұлы географиялық ашулар мен олардың салдары. XV ғасырдағы Америка халықтары. Алғашқы отарлық империялар (Португалия, Испания);

9) Қайта өрлеу дәуірі. Батыс Еуропадағы қайта өрлеу дәуірінің мәдениеті. Гуманистер идеялары. Шығыстың ортағасырлық мәдениеті;

10) Реформация. Реформация себептері мен оның Еуропа елдеріндегі таралуы. Мартин Лютер наразылығының тарихи маңызы;

11) ғылыми революция. Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесінің негізін қалаушылар және олардың ізбасарлары (Николай Коперник, Галилео Галилей, Джордано Бруно, Иоганн Кеплер).

16. 7-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) жаңа заманның басталуы. Курсқа кіріспе. «Жаңа заман» түсінігі, оның мәні мен кезеңдері. XVII ғасырдағы ағылшын бұржуазиялық революциясы. Дәстүрлі өркениет дағдарысы және Англияда XVII ғасырда жаңа қоғамның пайда болуы. Мануфактура, фабрикалардың пайда болуы және жалдамалы жұмысшы табының қалыптасуы. Өнеркәсіп төңкерісі: мәні, маңызы және салдары. Феодалдық құрылыстан капиталистік шаруашылыққа өту. Индустриалды қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымының ерекшеліктері;

2) XVIII ғасырдағы Үндістан және Ұлыбритания. Ұлы Моғолдар империясының дағдарысы және күйреуі. Еуропалық мемлекеттердің Ост-Үнді компаниясы. Франция мен Ұлыбританияның Үндістанға үстемдік жүргізудегі бәсекелестігі. Британ отарлық империясының құрылуы. XVIII ғасырдағы Үндістанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы;

3) Ағартушылық идеяларының таралуы. Ағартушылық кезеңінің

қайраткерлері. «Ағартушылық абсолютизмі». Еуропа мен Солтүстік Америкадағы революциялық процестердің таралуындағы ағартушылық идеялардың рөлі. Солтүстік Америкадағы Британ отарлары. Отар елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы. Тәуелсіздік үшін күрес және Америка Құрама Штаттарының құрылуы. «Тәуелсіздік декларациясы»;

4) Француз бұржуазиялық революциясының көрінісі. Француз абсолютизмнің дағдарысы. Француз бұржуазиялық революциясының негізгі оқиғалары. Ағартушылық идеялардың қоғамдық санаға әсері. Ағартушылық пен революция кезеңіндегі Франция мәдениеті. Республикалық құрылыстың ерекшеліктері. Наполеон Бонапарттың ішкі және сыртқы саясаты. Антифранцуздық коалициялар. Құрлықтық блокада. Наполеонның Ресейге басып кіруі. Наполеон империясының күйреуі;

5) XIX ғасырдағы империялар және олардың бәсекелестігі. Ұлыбритания мен Ресейдің Иранға ықпал ету бәсекелестігі. Осман империясының саяси және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері. Танзимат реформасы: мақсаттары мен нәтижелері. XVIII ғасырдың II - жартысындағы Осман империясының әлсіреуі: ішкі және сыртқы саясат. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы халықаралық қатынастар жүйесіндегі Ресей. Қырым соғысының себептері мен салдары;

6) XIX ғасырдағы Қытай мен Еуропа елдері. Цин династиясының оқшаулану саясаты мен еуропалықтардың сауда, дипломатиялық миссиялары. Апиын соғыстары: себептері мен салдары. Ихэтуандар көтерілісі («боксерлер» көтерілісі). Еуропалық мемлекеттердің Қытайды «ықпал ету аймақтарына» бөлуі. Жартылай отар Қытайдың әлеуметтік-экономикалық жағдайы. «Миссионерлік», «экспансия», «фактория», «отарлау» түсініктері;

7) революциялық идеялардың XIX ғасырда Еуропаға таралуы. Мемлекеттердің саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы (Германия, Италия). Либералдық және демократиялық қозғалыс. Марксизмнің қалыптасуы мен таралуы. Еуропадағы 1848 жылғы буржуазиялық революциялар. Франко-Пруссия соғысы және Германияның бірігуі. Италияның бірігуі;

8) XIX ғасырдағы Ресейдегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Әлеуметтік-экономикалық даму. Ресей самодержавиясының ерекшеліктері. Ресейдегі азаттық қозғалыстың үш кезеңі. Декабристер көтерілісі. II Александр императордың реформалары. Халықшылдардың қозғалысы. Ресейдегі марксизмнің таралуы мен В.И. Лениннің революциялық қызметінің басталуы;

9) XIX ғасырдағы еуропалық отарлық үстемдік. 1857-1859 жылдардағы Үндістандағы ұлт-азаттық көтеріліс (сипайлар көтерілісі). Үндістанды басқарудағы өзгерістер. XIX ғасырдың соңында әлемдік отарлық жүйенің қалыптасуы;

10) Америка Құрама Штаттарының күшеюі. Америка Құрама Штаттарының «Айқын болашақ» идеясы және АҚШ территориясының ұлғаюы. Қиыр шығыстық саясат. «Жапонияны ашу». Трансатлантикалық құл саудасы. 1861-1865 жылдардағы азамат соғысы. Америка Құрама Штаттарындағы құлдықтың жойылуы. Өнеркәсіптің өркендеуі және әлеуметтік-экономикалық даму;

11) суретшілер және жазушылар көзқарастарымен: XIX ғасырдағы өзгерістерге шолу. XIX ғасырдағы өнер және оның бағыттары. Әдебиет пен өнер. Өнердегі әлеуметтік әділетсіздіктің суреттелуі (Э. Золя, А.Н.Радищев, А. Құнанбаев, Ч. Диккенс, Ф. М. Достоевский);

12) ғылыми ойдың дамуы. XIX ғасырдың ғылыми жаңалықтары (Ч. Дарвин, Г. Мендель және тағы басқалар).

17. 8-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) XX ғасырдың басындағы әлем. XX ғасырдың басына қарай әлемнің аумақтық бөлінуі және мемлекеттердің саяси құрылымы. Индустриалды қоғамнан ақпараттық қоғамға. Ғылыми-техникалық прогресс. Өнер стильдерінің әлеуметтік себептілігі (модерн, символизм, реализм, авангардизм);

2) Бірінші дүниежүзілік соғыс: себептері мен салдары. XX ғасырдың басындағы жетекші капиталистік мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылықтар. Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептері. 1914-1918 жылдардағы негізгі соғыс қимылдары. Соғыс жылдарындағы әскери стратегиялардың, ғылым мен техниканың дамуы. Германия мен оның одақтастарының жеңілуі. Компьен бітімі. Соғыстың салдары.

Париж бітім конференциясы. Әлемнің саяси картасының өзгеруі. Империялардың күйреуі. Мандаттық жүйе. Ұлттар Лигасының құрылуы және қызметі. Вашингтон конференциясы. Версаль-Вашингтон жүйесінің қарама-қайшылығы мен әлсіздігі;

3) 1917 жылғы Ресейдегі революциялар. Ресей империясындағы 1917 жылғы революциялық оқиғалар. Саяси күштердің күресі. Большевиктердің билік басына келуі. Кеңес үкіметінің алғашқы декреттері. «Еңбекшілер құқығы туралы Декларация». Азамат соғысы және шетел интервенциясы. «Әскери коммунизм» саясатынан жаңа экономикалық саясатқа көшу. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы. Әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптаса бастауы;

4) Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азия елдері. Осман империясында сұлтан билігінің жойылуы және шетел интервенттеріне қарсы күресі. Мұстафа Кемалдың (Ататүрік) тарихи рөлі. Түркия – зайырлы мемлекет.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытай. Гоминьдан қызметі. Азамат соғысы. Синьхай революциясы. Сунь Ятсен – Қытайдың уақытша президенті. Чан Кайши үкіметінің саясаты. Біртұтас майдан мәселесі.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапония. «Танака меморандумы» және басқыншылық саясат. «Антикоминтерндік пакт» пен «Үштік пакт». Жапонияның Қытайдағы және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі басқыншылық саясаты.

М. Гандидің Үндістан тәуелсіздігіне қол жеткізудегі көзқарастары;

5) әлемдік экономикалық дағдарыстың себептері мен салдары. «Гүлдену» кезеңіндегі Америка Құрама Штаттарының экономикалық және саяси дамуы. Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс және оның салдары.

Франклин Делано Рузвельттің «Жаңа бағыты». Соғысаралық кезеңдегі Америка Құрама Штаттарының сыртқы саясаты. Германияның, Францияның, Жапонияның әлемдік экономикалық дағдарыстан шығу жолдары;

6) еуропа елдеріндегі тоталитарлық режимдер. И.В. Сталин және Кеңестік Социалистік Республикалар Одағындағы тоталитаризм. Индустрияландыру. Ұжымдастыру. Кеңестік қоғамның әлеуметтік құрылымы. 1937-1938 жылдардағы жаппай саяси репрессиялар. ГУЛАГ жүйесі. XX ғасырдың 30-жылының соңындағы Кеңес үкіметінің сыртқы саясаты.

Социалистік реализм.

Соғыстан кейінгі Италия. Фашистік ұйымның пайда болуы. Фашистердің билікке келуі. Фашизмге қарсы демократиялық күштердің күресі. «Маттеотти дағдарысы». Б. Муссолини үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты.

Германия. 1918-1919 жылдардағы революциялық үдерістер. Веймар республикасы. Соғыс салдары, экономикалық және саяси дағдарыстар. Фашистік партия және тоталитарлық режимнің орнығуы. Ұлтшылдар партиясының әлеуметтік-экономикалық саясаты. Үшінші Рейхтің жүргізген сыртқы басқыншылық саясаты.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Францияның дамуы. Әлемдік экономикалық дағдарыс және оның Франциядағы салдары. Франциядағы фашизмнің жеңілу себептері. Халықтық майдан үкіметі.

Соғысаралық кезеңдегі Испания. Буржуазиялық-демократиялық революция. Халықтық майданның жеңісі. Азамат соғысы және 1936-1939 жылдардағы фашистік интервенция. Ф. Франко диктатурасының орнауы;

7) Екінші дүниежүзілік соғыс: себептері мен салдары. Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері. Мюнхен келісімі, Молотов-Риббентроп пактісі, Антифашистік коалиция, Ленд-лиз заңының қабылдануы, «Үлкен үштік».

Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы. Германияның Батыс Еуропа елдерін басып алуы. Балқан түбегі, Солтүстік Африкадағы соғыс қимылдары. Басып алынған аумақтарда орнатылған фашистік «Жаңа тәртіп». Жапонияның Перл-Харборға шабуылы және Америка Құрама Штаттарының соғысқа кірісуі. Соғыс барысындағы түбегейлі бетбұрыс. «Екінші майдан» ашу мәселесі.

Фашистік Германияға қарсы кеңес халқының Ұлы Отан соғысы.

Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындылары мен салдары;

8) XX ғасырдың бірінші жартысындағы мәдениет және ғылым. Мәдениет дамуының ерекшелігі. Көпшілік мәдениет. Қоғамдағы дін рөлінің өзгеруі. XX ғасырдың бірінші жартысындағы жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар, техника мен өндірістегі маңызды жаңалықтар мен жетістіктер.

18. 9-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы. Отарсыздану үдерісінің күшеюі. Әлемдік отарлау жүйесінің дағдарысы және күйреуі. Британдық Үндістанды бөлу және екі мемлекеттің (доминионның) қалыптасуы. Тәуелсіз Үндістанның жариялануы. Африка жылы. Франциядағы отарлық мәселенің шиеленісуі.

Маршалл жоспары. «Қырғи қабақ соғыстың» басталуы. У.Черчилдің Фултон сөзі. Трумэн доктринасы. Екі полюсті әлем. Әскери-саяси одақтар НАТО және ВШҰ қарсылығы. Әлемдік «социалистік лагерьдің» қалыптасуы. Қарулану жолындағы жарыс. 1948-1962 жылдардағы «қырғи қабақ соғыстың» негізгі оқиғалары;

2) халықаралық ұйымдардың қалыптасуы. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы мен қызметі. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. XX ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық мәселелерді реттеудің жолдары. Еуропалық интеграция (Еуроодақ, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық

Ұйымы);

3) XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік экономиканың дамуы. Екінші дүниежүзілік соғыстың экономикалық салдары. 50-60 жылдардағы «экономикалық ғажайып». Батыс Еуропа мен Америка Құрама Штатындағы «мемлекеттік әл-ауқаттылық» негізінің қалыптасуы.

КСРО-дағы соғыстан кейінгі қалпына келу және әкімшіл-әміршіл жүйенің нығаюы. «Хрущев жылымығы». Кеңестік экономиканы реформалаудың сәтсіздікке ұшырау себептері. «Тоқырау» кезеңі (1960 жылдың II жартысы – 1980 жылдың соңы);

4) екі полюсті әлемнен көп полюсті әлемге бағыт алу үдерісі. 1979-1985 жылдардағы «қырғи қабақ соғыстың» түйінді оқиғалары және оның аяқталуы. Саманта Смиттің КСРО- ға келуі. «Қырғи қабақ соғыстың» салдары: әлем картасындағы өзгерістер, жергілікті әскери шиеленістер;

5) аумақтық мәселелерді шешудегі халықаралық ұйымдардың рөлі. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі араб мемлекеттерінің негізгі даму тенденциялары. Араб-израиль қайшылығы мен Палестина мәселесі. Халықаралық шиеленістерді реттеудегі Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметі. «Араб көктемі»: әлемдік саясат үшін себептері мен салдары;

6) Батыс елдерінің XX ғасырдың екінші жартысындағы даму ерешеліктері. Ұлыбританиядағы консерватизмнің неоконсерватизмге ауысуы. «Тэтчеризм». Швеция үлгісіндегі социал-демократиялық мемлекеттің қалыптасуы. Германиядағы «әлеуметтік-нарықтық шаруашылық» белгілері. Әлемдегі жоғары дамыған елдердің әлеуметтік құрылымы мен адамдардың өмір сүру деңгейі;

7) XX ғасырдың екінші жартысындағы Азия елдерінің даму ерешеліктері. Коммунистік Қытай: саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйе сипаттамасы. Үндістанның тәуелсіз дамуы: мәселелер және шешу жолдары. XX ғасырдың екінші жартысындағы кемализм эволюциясы.

1950-1960 жылдардағы жапондық және оңтүстік кореялық «экономикалық ғажайыптың» себептері;

8) қазіргі әлемнің жаһандануы. Жаһандану үдерісінің мәні. Бүгінгі әлемдегі лаңкестік қаупі. Халықаралық лаңкестік және экстремизм. Аса ірі лаңкестік әрекеттер. Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі;

9) XX ғасырдың екінші жартысындағы - XXI ғасырдың басындағы ғылым, білім, технология. Қазіргі кездегі ғылымның негізгі даму бағыттары. XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар, техника мен өндірістегі маңызды жаңалықтар мен жетістіктер. Ғылыми-техникалық революция - ғылыми-техникалық прогрестің жаңа кезеңі. АҚШ-тағы ғылыми техникалық революцияның елдердің дамуына әсері. Дамушы елдердің мәдени-техникалық даму ерекшеліктері мен заңдылықтары. «Байқоңыр» ғарыш айлағы. Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы білім берудің рөлі;

10) XX ғасырдың екінші жартысындағы - XXI ғасырдың басындағы мәдениет. Мәдениеттің негізгі даму бағыттары. Қазіргі кездегі ақпараттық қоғам. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтаудағы ЮНЕСКО-ның қызметі.

2.Параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

19. Оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында: «7» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

20. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы:

Білім алушылар:					
Бөлімше	5-сынып шамамен 2,5 миллион жыл бұрын – V ғасыр. Ежелгі Грекия, Ежелгі Рим, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үндістан, Египет, Месопотамия және Парсы, Бактрия, Кушан хандығы, Эфталит мемлекеттері	6-сынып V ғасыр. - XVII ғасырдың ортасы Франция, Германия, Англия, Қытай, Үндістан, Киев Русі, Мәскеу мемлекеті, Осман империясы, Араб халифаты, Византия империясы	7-сынып XVII ғасырдың ортасы - XIX ғасыр Франция, Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Қытай, Жапония, Үндістан, Ресей, Осман империясы	8-сынып XX ғасырдың бірінші жартысы Франция, Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Қытай, Үндістан, Ресей империясы және КСРО, Түркия, Сауд Арабиясы, Жапония	9-сынып XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасыр Франция, Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Қытай, Үндістан, КСРО және Ресей, Корея, Жапония, араб елдері
1.1 Әлеуметтік құрылымдар	5.1.1.1 түрлі теориялар негізінде адамның пайда болуын түсіндіру	6.1.1.1 феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымын сипаттау	7.1.1.1 «капитал», «буржуазия», «жұмысшы табы» \пролетариат\ұғымдарын қоғамның әлеуметтік құрылымын түсіндіру	8.1.1.1 тарихи оқиғаның нәтижелерін талдау арқылы әлеуметтік құрылымның өзгеруіне Қазан төңкерісі	9.1.1.1 социалистік даму жолынан бас тартуға байланысты әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді анықтау

			үшін қолдану	әсерін сипаттау	
	5.1.1.2 адамдар тобыры, ру, қауым, тайпа секілді алғашқы бірлестік формаларын және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсіндіру		7.1.1.2 мануфактура, фабрикалардың пайда болуы мен жалдамалы жұмысшы табының қалыптасуы арасындағы байланысты анықтау	8.1.1.2 социалистік қоғамның дамуына байланысты әлеуметтік топтардың (жұмысшы табы, шаруалар, зиялылар) мәртебесіндегі өзгерісті талдау	
			7.1.1.3 Еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтау (Қытай, Үндістан, Жапония)		
1.2 Әлеуметтік өзара әрекеттестік	5.1.2.1 ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын сипаттау	6.1.2.1 үстемдік етушілер мен бағынышты лардың (феодал	7.1.2.1 экономикалық және саяси жүйенің өзгеруіне буржуазия	8.1.2.1 қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге реакциышыл	9.1.2.1 батыс және шығыс мемлекеттеріндегі әлеуметтік құрылым

ЖОБА

		дар мен шаруалар дың) өзара қатына сын сипаттау	ның әсерін анықтау	идеология лардың (фашизм, тоталитаризм, нәсіл шілдік, шовинизм, ұлтшыл дық) таралу ықпалын талдау;	ның ұқсас тықтары мен айырмашы лықтарын анықтап, әлеуметтік тігінен және көлденеңі нен мобильділікке мысал келтіру
	5.1.2.2 ежелгі дүниедегі құлдық тың ерекшелік терін анықтау		7.1.2.2 трансатлант икалық құлдықтың ерекшелікте рін анықтау		9.1.2.2 әлемнің жетекші және дамушы мемлекетте ріндегі халықтың өмір сүру деңгейіне әсер ететін факторлар ды анықтау
	5.1.2.3 қоғамның әлеумет тік құрылымы н түсіндіру үшін Үндістанд ағы «касталық жүйе» ұғымын қолдану				9.1.2.3 қоғамның тарихи даму бағытын үлгілей отырып, жаһандану процесіне байланысты қазіргі әлемдегі әлеуметтік өзгерістерді бақылау (еңбек миграциясы, әлеуметтік интеграция)
					9.1.2.4 қоғамдық сананы қалыптасты руда

ЖОБА

					бұқаралық ақпарат құралдары ның рөлін анықтау

2) мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі:

Білім алушылар:					
Бөлімше	5-сынып шамамен 2,5 миллион жыл бұрын – V ғасыр Ежелгі Грекия, Ежелгі Рим, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үндістан, Египет, Месопотамия және Парсы, Бактрия, Кушан хандығы, Эфталит мемлекеттері	6-сынып V ғасыр - XVII ғасырдың ортасы Франция, Германия, Англия, Италия, Испания, Қытай, Үндістан, Киев Русі, Мәскеу мемлекеті, Осман империясы, Иран, Араб халифаты, Византия империясы	7-сынып XVII ғасырдың ортасы - XIX ғасыр Франция, Германия, Англия, АҚШ, Қытай, Жапония, Үндістан, Ресей, Осман империясы, Иран	8-сынып XX ғасырдың бірінші жартысы Франция, Германия, Англия, АҚШ, Жапония, Қытай, Үндістан, Ресей империясы, КСРО, Түркия, Сауд Арабиясы	9-сынып XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасыр Франция, Германия, Англия, АҚШ, Қытай, Жапония, Италия, Үндістан, Ресей, КСРО, араб елдері
2.1 Дін	5.2.1.1 негізгі діни ұғымдарды (Құдай, ғибадат хана, абыз, қасиетті жазбалар, пұт) түсіндіру	6.2.1.1 адамның дүниетанымы мен қоғамдық өмірдегі дін рөлінің өзгеру себептерін анықтау	7.2.1.1 қоғамда дін рөлінің шектелуіне байланысты адамдар өмірінде орын алған өзгерістерді анықтау	8.2.1.1 тарихи кезеңдер дің ерекшелік терін салыстыра отырып, мемлекет пен діннің өзара қатынасын сипаттау	9.2.1.1 қоғам өміріндегі дәстүрлі және деструктивті діни ұйымдардың іс-әрекетіне баға беру

ЖОБА

	5.2.1.2 тотемизм, анимизм, фетишизм, магия сияқты ежелгі діни наным-сенімдерді білу	6.2.1.2 тарихи процестер контексінде «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютеранство», «кальвинизм», «контрреформация», «кезуиттер ордені» ұғымдарын түсіндіру	7.2.1.2 миссионерліктің міндеттерін анықтау	8.2.1.2 «секуляризация» «ұждан бостандығы», «зайырлы мемлекет», «мемлекеттік дін» ұғымдарын түсіндіру	9.2.1.2 қазіргі қоғамдық-саяси мәселелерді түсіну және интерпретациялау үшін дін туралы білімдерін пайдалану
	5.2.1.3 ежелгі қоғамның дамуына діндердің ықпалын сипаттау				9.2.1.3 тарихи процестің сабақтастығын орнату арқылы адамзаттың өркениетті даму жолдарын қалыптастырудағы әлемдік діндердің рөлін анықтау
2.2 Өнер	5.2.2.1 ежелгі адамдардың тұрмыс салтын сипаттау үшін «алғашқы қауымдық өнер» ұғымын	6.2.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату арқылы діндердің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтау	7.2.2.1 тарихи оқиғаларды интерпретациялау үшін өнер туындыларын пайдалану	8.2.2.1 XIX - XX ғасырдың басындағы өнердегі негізгі ағымдарды сипаттау (модернизм, символизм, реализм,	9.2.2.1 танымал өнер қайраткерлерінің қоғамның дамуына ықпалын талдау және олардың қызметіне дүниежүзілік тарих

ЖОБА

	білу			авангар дизм)	контекстінде өзіндік баға беру
	5.2.2.2 Ежелгі Египеттің ғибадатханалары мен пирамидаларын сипаттау	6.2.2.2 өнердің (сәулет, сурет өнері) дамуына қоғамдағы өзгерістердің ықпалын анықтау	7.2.2.2 өнердегі негізгі стильдер мен ағымдардың белгілерін (неоклассицизм, романтизм, импрессионизм, реализм) анықтау	8.2.2.2 XX ғасырдың бірінші жартысында бұқаралық мәдениеттің (кинематограф, радио) қоғамның рухани дамуына ықпалын талдау	9.2.2.2 XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басындағы бұқаралық мәдениеттің қоғамның рухани дамуына ықпалын бағалау
	5.2.2.3 ежелгі дүние өнеріне сипаттама беру	6.2.2.3 антикалық мәдениет пен байланыс орнату арқылы Қайта өрлеу дәуірінің мәдениетін (бейнелеу, мүсін өнері) сипаттау			9.2.2.3 ақпараттық қоғам жағдайындағы көркем шығармашылықтың жаңа түрлерінің қалыпта суын талдау
		6.2.2.4 Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау			
2.3 Философиялық жүйелер	5.2.3.1 ежелгі философтардың көзқарастарына	6.2.3.1 Шығыс ойшылдары жетістіктерінің	7.2.3.1 Ресейде жаңа қоғамдық-саяси ағымдар	8.2.3.1 «позитивизм», «прагматизм», «экзистенциализм»	9.2.3.1 түрлі философиялық көзқарастардың қазіргі

ЖОБА

	қара пайым түсіндір ме беру	маңызын түсіндіру	дың (халықшыл дық, либе ализм) пайда болу себептерін анықтау	ұғымда рын тарихи кезеңді сипаттау үшін қолдану	қоғамдық өмірге ықпалын бағалау
		6.2.3.2 гуманистік идеялар дың орта ғасырлық мәдениет тің дамуына ықпалын анықтау	7.2.3.2 Ағартушы лық дәуір идеялары ның қоғамдық дамуға ықпалын анықтау		9.2.3.2 адам құқықтарын қорғау идеялары ның қазіргі халықара лық құқық қорғау ұйымдары ның қызметі не ықпалын бағалау
			7.2.3.3 Карл Маркстың көзқарас тарын және марксизм нің қоғам дық өмірге ықпалын түсіндіру		9.2.3.3 жаһандану жағдайында ұлттық мәдени құндылық тарды сақтаудың маңыздылы ғын дәлелдеу
2.4 Ғылым	5.2.4.1 ежелгі қоғамның дамуындағ ы жазудың рөлін сипаттау	6.2.4.1 адам өміріндегі қоршаған орта туралы білімнің рөлін түсіндіру	7.2.4.1 өзгерістер мен сабақтас тықты көрсету арқылы, адам мен қоғам өміріндегі ғылыми жаңалық тардың маңызын талдау	8.2.4.1 әлем мемлекет терінің әлеуметтік-экономикалы қ дамуын дағы Дж. Кейнс теориясы ның рөлін сипаттау	9.2.4.1 ғылыми-техникалық революция ның әлеуметтік және экологиялық салдарын бағалау және интерпрета циялау
	5.2.4.2	6.2.4.2		8.2.4.2	9.2.4.2

ЖОБА

	ғылымдардың (арифметика, геометрия, астрономия, медицина) пайда болып, дамуына шаруашылық іс-әрекетпен әлеуметтік өзгерістердің ықпалын сипаттау	жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын анықтау		тарихи оқиғалардың себептерін, нәтижелерін, маңызын тұжырымдау арқылы, ғылымның әлем мемлекетерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін бағалау	адамзат өркениетінің дамуын үлгілеу арқылы жаһандық мәселелерді шешуде ғылым мен білімнің маңызы туралы қорытынды жасау
		6.2.4.3 картадан XV-XVI ғасырдағы саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық жаңалықтардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын анықтау		8.2.4.3 тарихи оқиғаларға түсіндірме бере отырып, әскери ғылым мен техниканың және соғыс стратегияларының рөлін бағалау	9.2.4.3 ғылыми жаңалықтардың (генетика, микробиология, ақпараттық технологиялар, нанотехнологиялар, ядролық физика) қоғам дамуына ықпалын талдау

3) саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі:

Білім алушылар:

ЖОБА

Бөлімше	5-сынып шамамен 2,5 миллион жыл бұрын - Vғасыр Ежелгі Греция, Ежелгі Рим, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үндістан, Персия, Мысыр, Месопотамия, Бактрия, Кушан патшалығы, Эфталиттер мемлекеті	6-сынып V ғасыр - XVII ғасырдың ортасы Франция, Германия, Италия, Англия, Қытай, Үндістан, Жапония, Киев Русі, Мәскеу мемлекеті, Осман империясы, Иран, Араб халифаты, Византия империясы, Түркі қағанаты	7-сынып XVII ғасырдың ортасы - XIX ғасыр. Франция, Германия, Англия, АҚШ, Қытай, Жапония, Үндістан, Ресей империясы, Италия, Дания, Венгрия, Осман империясы, Иран	8-сынып XX ғасырдың бірінші жартысы Франция, Германия, Англия, АҚШ, Қытай, Жапония, Үндістан, Ресей империясы, КСРО, Сауд Арабиясы, Түркия, Австро - Венгрия	9-сынып XX ғасырдың екінші жартысы XXI ғасыр Франция, Германия, Англия, АҚШ, Қытай, Италия, Үндістан, Ресей, КСРО, араб елдері, Корея, Сингапур, Швеция, Малайзия, Жапония
3.1 Мемлекет: белгілері, құрылымы және басқару тәртібі	5.3.1.1 ежелгі мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау	6.3.1.1 «ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін білу және уақыт сызығында белгілеу	7.3.1.1 республикалық басқару құрылымының ерекшеліктерін анықтау	8.3.1.1 қоғамдық-саяси ағымдардың (әлеуметтік либерализм, консерватизм, марксизм, социал-демократия) қоғамның өміріне ықпалын талдау	9.3.1.1 «Мемлекеттік әл-ауқаттылық» ұғымын 1970 – 1980 жылдардағы әлеуметтік саладағы өзгерістерді сипаттау үшін қолдану
	5.3.1.2 Афина мемлеке	6.3.1.2 Батыс пен Шығыс	7.3.1.2 XIX ғасырдағы	8.3.1.2 тоталитаризм,	9.3.1.2 Еуропа мен Азияның

ЖОБА

	тінде демокра тияның пайда болуын түсіндіру	тағы монархия формала рын (сословиел ік-өкілдік және шексіз билік) ажырату	Америка Құрама Штаттары территория сының кеңею үдерісін сипаттау	әміршіл-әкімшіл жүйе сияқты саяси режимдер дің қалып тасу алғы шарттары мен тарихын түсіндіру	жетекші мемлекет теріндегі конституция лық-құқықтық идеология ның қалыптасу жолдарын талдау (Жалпыға бірдей адам құқығы Декларация сы Еуропа ның Қауіпсіз дік пен Ынтымақтас тық Ұйымы, Еурокеңес, Гаагадағы Халықара лық сот)
		6.3.1.3 феодал дық мемлекетті ң даму кезеңде рін сипаттау	7.3.1.3 тарихи оқиғаны түсіндіру үшін «басыбайлы құқық», «декабрис тер», «халық шылдар», «жеке террор», «пролета риат диктату расы» ұғымдарын қолдану	8.3.1.3 фактілерді, процестер мен оқиғаларды салыстыру арқылы дүниежүзі лік экономика лық дағдарыс тан шығудың түрлі жолдарын түсіндіру (АҚШ, Франция, Германия)	9.3.1.3 мемлекеттер дің тарихи даму заңдылықта рын анықтау
		6.3.1.4 феодал дық соғыстар мен	7.3.1.4 әртүрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі		9.3.1.4 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау

ЖОБА

		орталық тандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнату	тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттер дің (Италия, Германия) қалыптасу маңызын анықтау		
		6.3.1.5 саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі ел билеуші лерінің қызметін салыс тыру			
		6.3.1.6 басқару форма сына сипаттама беру үшін «парла мент», «Бас штаттар», «сейм», «кортес», «Боярлар Думасы» ұғымда рын түсіндіру			
3.2 Империя лар,	5.3.2.1 ежелгі заман тарихын	6.3.2.1 Рим империя сының	7.3.2.1 Батыс Еуропадағы буржуазия	8.3.2.1 Бірінші дүниежүзі лік соғыстың	9.3.2.1 отаршылдық жүйе күйреуінің

ЖОБА

соғыстар, көтерілістер және революциялар	дағы мемлекетаралық қатынастарды түсіндіру үшін «империя» ұғымын білу және пайдалану	ыдырау себептерін анықтау және жіктеу	лық революциялардың себептерін сипаттау	алғышарттары мен себептерін айқындау	себептері мен салдарын талдау
2. «Құқық негіздері» пәнінің мақсаты - құқық жөнінде негізгі білімдерді игеру арқылы құқықтық тұрғыдан сауатты азаматты тәрбиелеу және олардың бойында заңды құрметтеу дәстүрі мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру, өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастырып дамыту.

3. Пәннің міндеттері:

1) Қазақстандық құқық салаларының негізгі түсініктері мен мазмұны туралы білімдерді қалыптастыру;

2) іргелі құқықтық және әлеуметтік құндылықтар жүйесі: адам құқықтары, демократия, азаматтық қоғам, заңдылық пен құқықтық тәртіп туралы білімдерін қалыптастыру;

3) құқықтық мемлекеттің белгілері мен ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру;

4) оқу және практикалық іс-әрекетте құқықтық ақпаратты табу, талдау және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

5) құқықпен реттелетін әртүрлі өмірлік жағдайларда құқықтық білімдер мен дағдыларын қолдануды қалыптастыру және дамыту;

6) бүгінгі күнгі өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелерге қатысты пікірталасқа қатысу дағдыларын дамыту;

7) сын тұрғысынан талдау және қоғамда құқықтық қатынастармен байланысты практикалық жағдаяттарды бағалау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту.

2-тарау. «Құқық негіздері» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Құқық негіздері» пәнінің мазмұны

4. «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

9-сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

5. Оқу пәнінің мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыруды көздейтін бөлімшелерден тұрады.

6. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға және олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

7. «Құқық негіздері» оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімді құрайды.

8. «Құқық және мемлекет» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) құқық түсінігі;
2) құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

9. «Конституциялық құқық» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары;
2) мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі.

10. «Азаматтық құқық» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) азаматтық құқық түсінігі;
2) меншік құқығы;
3) азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік;
4) тұтынушылар құқығын қорғау.

11. «Еңбек құқығы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) еңбек құқығы түсінігі;
2) еңбек жағдайлары;
3) еңбекті қорғау;
4) еңбек шарты.

12. «Отбасы құқығы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) отбасы құқығының түсінігі;
2) некені қию және тоқтату жолдары;
3) отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;
4) отбасының қоғамдағы маңыздылығы.

13. «Әкімшілік құқық» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әкімшілік құқық түсінігі;
2) әкімшілік жауапкершілік;
3) әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу.

14.«Қылмыстық құқық» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) қылмыстық құқық түсінігі;

2) қылмыс ұғымы;

3) қылмыстық жауапкершілік;

4) жазалау және гуманизм мәселесі.

15.«Құқық негіздері» пәнінің базалық мазмұны:

1) құқық түсінігі. Құқық түсінігі және оның белгілері. Құқықтың басқа әлеуметтік нормалардан айырмашылығы: мораль, діни нормалар, дәстүрлер, корпоративтік нормалар;

2) адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары. Конституциялық құрылыс негіздері. Адамдар мен азаматтардың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері;

3) азаматтық құқық түсінігі. Тараптардың теңдігі негізіндегі мүліктік қатынас. Жеке мүліктік емес қатынастар: өмір, денсаулық, ар, абырой;

4) еңбек құқығы түсінігі. Еңбек бостандығының конституциялық кепілдігі;

5) неке және отбасы құқығы түсінігі. Отбасы мен неке (ерлі-зайыптылық) түсінігі;

6) әкімшілік құқық түсінігі. Басқару құқығы. Әкімшілік құқық бұзушылық;

7) қылмыстық құқық түсінігі. Қылмыстық мінез-құлық пен жазаланушылық;

8) мемлекеттік басқару органдардың конституциялық жүйесі. Жоғарғы билік органдарының негізгі қызмет бағыттары. Мемлекеттік биліктің өкілетті органдары;

9) меншік құқығы. Қазақстан Республикасындағы меншік түрлері. Меншік құқығына ие болу және тоқтатылуының негізгі жолдары;

10) еңбек жағдайлары. Жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтары мен міндеттері;

11) некені қию және тоқтату жолдары. Некеге тұрудың шарттары мен кедергілері. Некені тоқтату мен бұзу;

12) қылмыс ұғымы. Қылмыстың түрлері мен белгілері. Қылмыстың объектісі, субъектісі. Қылмыстың объективті және субъективті жақтары;

13) азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік. Міндеттемелерді орындамағаны үшін мүліктік жауапкершілік. Міндеттемелерді қамтамасыз ету амалдары;

14) еңбекті қорғау. Еңбек дауларын шешу жолдары. Жасөспірімдер еңбегінің құқықтық реттелуі;

15) отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері. Бала құқығы;

16) әкімшілік жауапкершілік. Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері мен түрлері. Әкімшілік өндіріп алу түрлері мен оларды қолдану тәртібі;

17) қылмыстық жауапкершілік. Құқыққа қарсы әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік және жаза түрлері. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың субъектілері;

18) құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемлекеттің түсінігі мен белгілері. Құқықтық мемлекеттің қызметіндегі азаматтық қоғам институттарының маңызы мен рөлі;

19) тұтынушылар құқығын қорғау. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдары. Тұтынушылардың өз құқықтарын қорғау құқығы;

20) еңбек шарты. Еңбек шартының мазмұны;

21) отбасының қоғамдағы маңыздылығы. Отбасы қатынастарын мемлекеттік қолдау және қорғау;

22) әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу. Қоғамдық қатынастарды реттеудегі әкімшілік құқық бұзушылық нормаларының рөлі мен маңызы;

23) жазалау мен гуманизм мәселесі. Қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидаты.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

16. Бағдарламада «оқыту мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді Мысалы, 9.2.1.2 кодында: «9» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімшенің, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

17. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша берілген:

1) «құқық және мемлекет» бөлімі:

Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып
9.1.1 Құқық түсінігі	9.1.1.1 әлеуметтік нормалар жүйесінде құқықтың ұғымы мен рөлін түсіндіру
9.1.2 Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	9.1.2.1 құқықтық мемлекеттің ерекшелігі мен маңызын анықтау
	9.1.2.2 азаматтық қоғам институттарының рөлі мен маңызын анықтау

2) «конституциялық құқық» бөлімі:

Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып
9.2.1 Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары	9.2.1.1 конституциялық құрылыс негіздерін түсіндіру
	9.2.1.2 Қазақстан Республикасы Конституциясын талдау арқылы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау
9.2.2 Мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі	9.2.2.1 Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтап, салыстыру
	9.2.2.2 мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен рөлін анықтау

3) «азаматтық құқық» бөлімі:

Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып
9.3.1 Азаматтық құқық түсінігі	9.3.1.1 азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру

9.3.2 Меншік құқығы	9.3.2.1 меншік түрлерін анықтау
	9.3.2.2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау
9.3.3 Азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік	9.3.3.1 азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдап, жауапкершіліктерін анықтау
9.3.4 Тұтынушылар құқығын қорғау	9.3.4.1 тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну

4) «еңбек құқығы» бөлімі:

Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып
9.4.1 Еңбек құқығы түсінігі	9.4.1.1 еңбек құқығы ұғымын түсіндіру
9.4.2 Еңбек жағдайлары	9.4.2.1 Қазақстан Республикасының еңбек кодексі баптарының негізінде еңбек жағдайларын анықтау
	9.4.2.2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді
9.4.3 Еңбекті қорғау	9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтық нормаларды талдау
	9.4.3.2 құқықтық нормативтік актілерге сүйеніп еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну
9.4.4 Еңбек шарты	9.4.4.1 құқықтық жағдаяттарды талдап еңбек шартының мазмұнын ашу

5) «отбасы құқығы» бөлімі

Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып
9.5.1 Неке және отбасы құқығы түсінігі	9.5.1.1 неке және отбасы ұғымдарын түсіндіру
9.5.2 Некені қию және тоқтату жолдары	9.5.2.1 некені қию және тоқтатылу шарттарын анықтау
9.5.3. Отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттері	9.5.3.1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау
	9.5.3.2 құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдау
9.5.4 Отбасының қоғамдағы маңыздылығы	9.5.4.1 отбасының қоғамдағы маңыздылығын бағалау

6) «әкімшілік құқық» бөлімі:

Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып
9.6.1 Әкімшілік құқық түсінігі	9.6.1.1 әкімшілік құқық ұғымын түсіндіру
9.6.2 Әкімшілік жауапкершілік	9.6.2.1 әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін анықтау
	9.6.2.2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдану тәртібін түсіндіру
9.6.3 Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу	9.6.3.1 әкімшілік құқықтық нормалардың маңызына баға беру

7) «қылмыстық құқық» бөлімі:

Білім алушылар:	
Бөлімше	9-сынып
9.7.1 Қылмыстық құқық түсінігі	9.7.1.1 қылмыстық құқық ұғымын түсіндіру
9.7.2 Қылмыс ұғымы	9.7.2.1 қылмыстың белгілері мен түрлерін ажырату
9.7.3 Қылмыстық жауапкершілік	9.7.3.1 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы қылмыстық жауаптылықты және жаза түрлерін анықтау
	9.7.3.2 сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған құқықтық актілерді талдау
9.7.4 Жазалау және гуманизм мәселесі	9.7.4.1 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға беру

18. Тоқсандағы бөлімдер және бөлім ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

19. Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

20. Ұзақ мерзімді жоспардағы тақырыптар білім алушылардың ойлау қабілетін белсендіретін және олардың сын тұрғысынан ойлау, проблемалық сұрақ қою, өздігінен талдау жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін проблемалық сұрақтар түрінде құрастырылған.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар тиісті:
1-тоқсан		
9.1 Құқық түсінігі	Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді?	9.1.1.1 әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық ұғымы мен ролін түсіндіру
9.1 Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары	Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың қандай құқықтары мен міндеттері бар?	9.2.1.2 Қазақстан Республикасы Конституциясын талдау арқылы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау
	Неліктен Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялайды?	9.2.1.1 конституциялық құрылым негіздерін түсіндіру
9.1 Азаматтық құқық түсінігі	Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді	9.3.1.1 азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру
9.1 Еңбек құқығы түсінігі	ҚР Конституциясының 24-ші бабы нені көздейді?	9.4.1.1 еңбек құқығы ұғымын түсіндіру
9.1 Неке және отбасы құқығы түсінігі	Заңнамада отбасы қалай қорғалған?	9.5.1.1 неке және отбасы ұғымдарын түсіндіру
9.1 Әкімшілік құқық түсінігі	Әкімшілік құқық қандай қоғамдық қатынастарды реттейді?	9.6.1.1 әкімшілік құқық ұғымын түсіндіру
9.1 Қылмыстық құқық түсінігі	Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларынан ерекшелігі неде?	9.7.1.1 қылмыстық құқық ұғымын түсіндіру
2-тоқсан		
9.2 Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылысы	Мемлекеттік органдардың қызметі қандай?	9.2.2.1 Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтап, салыстыру
	Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен рөлі қандай?	9.2.2.2 мемлекеттік органдардың құрылуындағы сайлаудың маңызы мен

ЖОБА

		ролін анықтау
9.2 Меншік құқығы	Қалай меншік иесі бола аламыз?	9.3.2.1 меншік түрлерін анықтау; 9.3.2.2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау
9.2 Еңбек жағдайлары	Заңнамамен еңбек жағдайлары қалай реттеледі?	9.4.2.1 ҚР еңбек кодексінің баптарының негізінде еңбек жағдайларын анықтау; 9.4.2.2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
9.2 Некені қию және тоқтату жолдары	Неке қандай жағдайда қиылады және тоқтатылады?	9.5.2.1 некені қию және тоқтатылу шарттарын анықтау
9.2 Қылмыс ұғымы	Қандай әрекет қылмыс деп танылады?	9.7.2.1 қылмыстың белгілері мен түрлерін ажырату
3-тоқсан		
9.3 Азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік	Азаматтық-құқықтық міндеттемелер қандай жауапкершіліктерді туындатады?	9.3.3.1 азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдап, жауапкершіліктерін анықтау
9.3 Еңбекті қорғау	Еңбек даулары қалай шешіледі?	9.4.3.2 құқықтық нормативтік актілерге сүйене отырып, еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну
	Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?	9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқық нормаларын талдау
9.3 Отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттері	Отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі қандай?	9.5.3.1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау
	Бала құқығы қалай қорғалады?	9.5.3.2 құқықтық актілерге сүйеніп қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдау
9.3	Қандай жағдайларда	9.6.2.1 әкімшілік құқық

Әкімшілік жауапкершілік	әкімшілік жауапкершілік туындайды?	бұзушылықтың түрлері мен белгілерін анықтау; 9.6.2.2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдану тәртібін түсіндіру
9.3 Қылмыстық жауапкершілік	Қылмыстық жауапкершіліктің мәні неде?	9.7.3.1 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы қылмыстық жауапкершілікті және жаза түрлерін анықтау
	Кімдер сыбайлас жемқорлықтың субъектілері болып табылады	9.7.3.2 сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған құқықтық актілерді талдау
4-тоқсан		
9.4 Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	Құқықтық мемлекеттің басты идеялары неде?	9.1.2.1 құқықтық мемлекеттің ерекшелігі мен маңызын анықтау
	Азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызы неде?	9.1.2.2 азаматтық қоғам институттарының ролі мен маңызын анықтау
9.4 Тұтынушылар құқығын қорғау	Біз тұтынушы ретінде өз құқығымызды білеміз бе?	9.3.4.1 тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну
9.4 Еңбек шарты	Еңбек шарты қандай құқықтар мен міндеттерді туындатады?	9.4.4.1 құқықтық жағдаяттарды талдап еңбек шартының мазмұнын ашу
9.4 Отбасының қоғамдағы маңыздылығы	Отбасының әлеуметтік мәні неде?	9.5.4.1 отбасының қоғамдағы маңыздылығын бағалау
9.4 Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу	Әкімшілік құқықтық нормалардың қажеттілігі мен маңызы неде?	9.6.3.1 әкімшілік құқықтық нормалардың маңызына баға беру
9.4 Жазалау мен гуманизм мәселесі	Қылмыстық құқықта гуманизм қағидасы қажет пе?	9.7.4.1 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға беру

ҚОБА

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
64-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік «Абай мектептерінің» 5-9-сыныптарына арналған «Абайтану» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2.«Абайтану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты:

1) Абай шығармаларының тілдік қабаты арқылы қазақ әдеби тілінің құнарын, көркем сөздің қуатын, эстетикалық күшін, идеялық мазмұнын меңгертіп, бейнеленген құбылысты көркемдік тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдылар қалыптастыру, ұлттық мінез-құлық, сапалық ерекшеліктерді, ұлттық кодты таныту, гуманистік-көркемдік, мәдени-тарихи, ұлттық құндылықтарды бағалай алу құзыретін дамыту, әдеби-эстетикалық талғамдары мен ізгілік және іскерлік құндылықтарын, шығармашылық құзыреттерін жетілдіру;

2) Абайдың «Толық адам», ар ілімі, адамшылық мұрат-мақсаты, пәлсапалық көзқарастары арқылы тұлғалық қасиеттерді танытып, білімгерлердің өзіндік даму бағытын, сыни ой-пайымын қалыптастыру;

3) әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, өзіндік ұстанымы бар, түрлі жағдайда оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру.

3. «Абайтану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының міндеттері:

1) Абай шығармашылығының идеялық, мазмұндық-құрылымдық сипатын, тілдік, стильдік, жанрлық ерекшеліктерінен жүйелі білім беру;

2) Абай шығармаларындағы ізгілік, имандылық, мораль қағидаттарын таразылау арқылы Абай ілімдерінің негізін терең таныту;

3) Абайдың қарасөздері мен өленderіндегі ой-толғамдарды интерпретациялай алу;

4) өзіндік ой-пікірлерін жазба тіл мен сөйлеу тілінде еркін жеткізе алу, оқу

материалдарын салыстыру, саралау, талдай алу;

5) Абай шығармаларындағы заман адамының тұлғалық ерекшеліктерін саралау арқылы пәлсапалық толғаныстарын пайымдау, қажетті тұлғалық қасиеттерді, өз заманына лайық тұлға болу харекеттерін сыни пайымдау;

6) «Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы» ретінде бағалау.

2-тарау. «Абайтану» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Абайтану» оқу пәнінің мазмұны

4. «Абайтану» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағат;

2) 6-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағат;

3) 7-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағат;

4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 72 сағат;

5) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 72 сағат.

5. «Абайтану» оқу пәні білімінің мазмұны бөлімдерге бөлінген:

1) оқу және түсіну;

2) талдау және жинақтау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім).

6. «Оқу және түсіну» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мәтінді түсініп, мәнерлеп негізгі ой түйіндерін пайымдап оқу;

2) мәтіннің тілдік қабатын (лексикалық, образдық мәнін) игеру;

3) шығарма үзінділерімен жұмыс;

4) шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн;

5) (ауызша, жазбаша) интерпретация.

7. «Талдау және жинақтау» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әдеби шығарманың композициялық құрылымы;

2) көркем шығарманың идеялық мазмұны, образдар жүйесі, типтік характер;

3) көркем шығарманың тілі, стилі;

4) көркемдік тәсілдер.

8. «Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) шығармадағы тарихи шындық және көркемдік шешім;

2) рухани және көркем-эстетикалық құндылық;

3) әдеби шығармашылық;

4) әдеби сын.

9. 5-сыныпқа арналған «Абайтану» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) оқу және түсіну:

мәтінді түсініп оқи отырып, негізгі ой түйіндерін анықтау; шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну; шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құру; көркем шығармадағы көтерілген мәселені (ғибратын) анықтау;

көркем, шығармадағы оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту; мысал өлеңдерді (диалогте, сахналық көріністе, сурет, мозайка, комикс) интерпретациялау; көркем мәтіндегі ой-түйіндерді салыстырмалы үлгіде (мақал, мысал, дәйек) әңгімелеу;

2) талдау және жинақтау:

сюжетті шығармадағы фабула, композициясын тауып, жоспар құру; лирикалық шығарманы құрылысына талдау; қарасөздерді мағыналық жігіне қарай бөлу; шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу; жас Абайды ерекшелейтін қасиеттерді шығармадағы іс-әрекеті арқылы дәйектеу; Абайдың білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын (ментальді картада, кластер) жинақтау; көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау; шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау; көркем мәтіндегі сөз образдарының эстетикалық құндылығын бағалау; шығарманы автор ізімен баяндап жазу; көркем шығармадағы көріністі әңгімелеп жазу; шығармадан алған әсерін зерделеп, ойтолғау, авторға, замандастарына хат жазу; «Абай қарасөздеріндегі талап пен еңбек тақырыбы» эссе жазу; оқырман ретінде шығармадан алған әсерін зерделеп, сыни хабарлама жазу.

10. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Мұхтар Әуезов «Абайдың өмірбаяны» мақаласы;

2) Мұхтар Әуезов «Зерек те талапты жас»;

3) «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қыс», «Күз», «Жаз», «Жазғытұры» өлеңдері;

4) «Отыз бірінші», «Отыз екінші» қарасөздері;

5) «Есек пен бұлбұл», «Шегіртке мен құмырсқа», «Қарға мен түлкі», «Емен мен шілік» мысал өлеңдері;

6) қосымша оқуға:

Мұхтар Әуезов «Кәрі әже – Зере» («Абай жолы» роман-эпопеясынан);

Тұрағұл Абайұлы «Менің әкемнің ерекше қасиеті»;

Уәсила Мағауияқызының Абай туралы естеліктері;

Бейбіт Сапаралы «Өскенбай» (тарихи ғұмырбаяндық еңбегінен);

Мұхтар Әуезов «Құнанбай» («Абай жолы» роман-эпопеясынан);

Мұхтар Әуезов «Ұлжан» («Абай жолы» роман-эпопеясынан).

11. 6-сыныпқа арналған «Абайтану» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) оқу және түсіну*:*

мәтіндерді интонацияның құрамдас бөліктерін сақтай отырып оқу; мәнерлеп (логикалық екпін мен кідіріс жасай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық, образдық мәнін ашып, мәтіндегі жұмсалу мақсатын түсіну; шығармадан қажетті дәйектерді жинау, негізгі ой түйіндерін анықтау; көркем шығармадағы кейіпкерлер әрекеті, шығарманың өзекті ойына қатысын анықтау арқылы көркем мәтіндегі өзекті ойды анықтау; көркем шығармадағы тұлғаның ерекшелігін (слайд, ментальді карта) сипаттау; лирикалық кейіпкерге ауызша/жазбаша сипаттама жасау;

2) талдау және жинақтау:

лирикалық шығармаларды композициялық құрылымына талдау; қарасөздерді идеялық бөліктерге бөлу; ортақ негізгі ойқазығын, лирикалық

образдарды анықтау, ой-толғамдарды (ментальді картада, кластер) жинақтау; шығарма тіліндегі этномәдени бірліктерді айқындау, поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау; шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, аллегория, антитеза, градация) анықтау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

шығарма образдарын ұлттық сипаттың ашылуы тұрғысынан бағалау, мәтіндегі нысандарды ұлттық, тарихи құндылық тұрғысында бағалау; мәтіннің көркемдік-эстетикалық құндылығына баға беру; шығарманың идеялық мазмұнын пайымдай отырып (ойтолғау, хат, пост, ертегі, өтірік өлең) жазу; шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау.

12. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», «Білімдіден шыққан сөз», «Біреуден біреу артылса», «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап», «Әсемпаз болма әрнеге», «Адамның кейбір кездері», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңдері;

2) «Жетінші», «Он бесінші», «Он сегізінші», «Он тоғызыншы», «Жиырма бірінші» қарасөздері;

3) қосымша оқуға:

Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласы;

Кәкітай Ысқақұлы «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» мақаласы; Ахмет Жұбанов «Абайдың музыкалық мұрасы»

13. 7-сыныпқа арналған «Абайтану» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) оқу және түсіну:

көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (логикалық, психологиялық кідірістермен) оқу; мәтіндегі тілдік бірліктерді дербес және мәнмәтіндегі (контексте) қызметін түсініп, идеялық мазмұндағы маңызын айқындау; көркем мәтіндегі ой-түйіндерді тауып, негізгі ой қазығына топтастыру; әдеби шығармадағы өзекті ойды, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық мәселені анықтау; көркем шығармадағы, образдарды, мінездеулерді ауызша мәтінге жуық суреттеу, сипаттау; қарасөздердегі автордың түйінді ойын (түрлі нысанды: ментальді карта, сызба) қолдана отырып баяндау;

2) талдау және жинақтау:

шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын айқындау, жоспар құру; көркем шығармадағы лирикалық образдың жасалу тәсілдерін айқындау; автордың түрлі мінез-құлық, адам болмысы туралы тұжырымдарын түрлі нысанда жинақтау; көркем шығарма тілінің, ақпараттық, фразеологиялық қырын мәнмәтінде анықтау; шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ, арнау) қолданысын талдау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес автордың өзге шығармаларымен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; көркем образдардың тұлғалық ерекшеліктерін ашудағы автор шеберлігіне баға беру; кейіпкер болмысын сипаттап (өлең, кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме,) жазу; әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу.

14. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) «Ұяламын дегенің көңіл үшін», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас...», «Жастықтың оты жалындап», «Жүректе қайрат болмаса», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Өзгеге, көңілім, тоярсың» өлеңдері;

2) «Екінші», «Бесінші», «Жиырма үшінші», «Жиырма алтыншы», «Жиырма тоғызыншы», «Қырық төртінші» қарасөздері;

3) қосымша оқуға:

Жүсіпбек Аймауытов пен М.Әуезовтің «Абайдың өнері һәм қызметі» мақаласы; Көкбай Жанатайұлы «Абай туралы естелік»; «Біржан сал Абай ауылында» («Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді).

15. 8-сыныпқа арналған «Абайтану» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) оқу және түсіну:

көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу; тілдік бірліктердің семантикалық мәнін түсініп, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау, образдық қызметін ашу; әке жоқтауындағы эмоционалды-экспрессивті сөздерді зерделеу, авторлық идеяны өмір шындығымен байланыстыру; шығармадағы Абайдың ой-тұжырымдарын өзге шығармаларымен байланыстыру, тұтастыру; шығармадағы өзекті ойды анықтау, сөз образдарының идеяны берудегі қызметін ашу; көркем мәтіннен дәйектер келтіре отырып, образдардың тұлғалық ерекшеліктерін жазу/тұжырым айту; қарасөздердегі автордың түйінді ойын (түрлі нысанды: ментальді карта, сызба) дәйектеу;

2) талдау және жинақтау:

шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын жинақтау; көркем шығармадағы образ құраушы элементтерді табу, образ сомдаушы бірліктерді жинақтау; көркем шығармадағы автордың суреттеу тілін талдау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау; шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, аксиморон, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдау, мәтіндегі көркемдік қызметін анықтау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

шығармадағы тұлғалық қасиеттерді автордың өзге шығармаларымен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығына баға беру; шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға беру; шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, шығарма, блог, әңгіме жазу; көркем мәтінді жалпы адамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, әдеби эссе жазу; шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу.

16. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) «Тұла бойың ұят-ар едің», «Жиырма жеті жасында», «Талаптың мініп тұлпарын», «Кешегі өткен ер Әбіш», «Орынсызды айтпаған», «Жастықтың оты қайдасың?», «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық», «Дүтбайға», «Мен боламын демеңдер», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Аттың сыны», «Бүркіт сыны» өлеңдері;

2) «Төртінші», «Алтыншы», «Он төртінші», «Отызыншы», «Отыз үшінші», «Отыз тоғызыншы» қарасөздері;

3) қосымша оқуға:

Мұхтар Әуезов «Халқын сүйген Әбіш» еңбегі;

Мұхтар Әуезов «Абай Құнанбаев» монографиясы;

Зәки Ахметов «Абайдың ақындық әлемі» еңбегі.

17. 9-сыныпқа арналған «Абайтану» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) оқу және түсіну:

көркем мәтінді талдап оқу; тілдік бірліктердің мәтіндегі қызметін айқындай отырып, жекелеген қолданыстардағы автордың ой-ниетін танытудағы рөлі мен концептілік мәнін ашу; шығарма бөліктерін ұқсас белгілеріне/айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу; мәнмәтіндегі астарлы ойды анықтау, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені беруде авторлық ниетті (дітті/интенцияны) түсіну; көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырмандық ой-пайымын ауызша/жазбаша түйіндеу; қарасөздердегі ой-толғамдарды оқырмандық ұстаным тұрғысында дәйектеп айту/жазу;

2) талдау және жинақтау:

шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, композициялық амалдарды айқындау; шығармадағы образдар жүйесін салыстыра талдау, типтік характерлерді ашу, әртүрлі мінез-құлықты саралап тану, «адал жар», «адал дос», «мағыналы жастық» тұжырымдарын айқындау, автордың ойын айқындау; көркем шығармадағы автордың стилін айқындау; шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау, көркемдік қызметін пайымдау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

туындыдағы даралық образдар мен типтік характерлердің ұлттық және тарихи құндылығын әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра бағалау; көркем шығармалардың рухани-эстетикалық құндылығына баға беру; шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең, блог, әңгіме, кейіпкер монологі, жоба жазу; әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, рецензия жазу.

18. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) «Сегіз аяқ», «Заманақыр жастары», «Жасөспірім замандас қапа қылды», «Көзінен басқа ойы жоқ», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Адасқанның алды-жөн, арты соқпақ», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап», «Ғашықтық құмарлықпен ол – екі жол», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Қызарып, сұрланып» өлеңдері;

2) «Тоғызыншы», «Жиырмасыншы», «Отыз алтыншы», «Отыз жетінші», «Қырқыншы» қарасөздері;

3) «Ескендір» поэмасы;

4) қосымша оқуға:

Мекемтас Мырзахметұлының «Абайдың адамгершілік мұраттары» еңбегі;

Тұрсын Жұртбайдың «Күйесің жүрек... Сүйесің» еңбегі.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

19. Бағдарламада оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодтың бірінші саны сыныпты, екінші және үшінші саны негізгі бөлімдердің ретін, төртінші саны оқу мақсатының ретін көрсетеді. 7.2.1.1 кодында: «7» – сынып, «2.1» – негізгі дағдылар, «1» – оқу мақсатының реті.

20. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) оқу және түсіну:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Мәтінді түсініп, мәнерлеп негізгі ой түйіндерін пайымдап оқу	5.1.1.1 мәтінді түсініп оқи отырып, негізгі ой түйіндерін анықтау	6.1.1.1 мәтіндерді интонацияның құрамдас бөліктерін сақтай отырып оқу	7.1.1.1 көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (логикалық, психологиялық кідірістермен) оқу	8.1.1.1 көркем мәтінді пайымдап, мәнерлеп (оқырмандық ұстанымын білдіре) оқу	9.1.1.1 көркем мәтінді талдап оқу
2. Мәтіннің тілдік қабатын (лексикалық, образдық мәнін) игеру	5.1.2.1 шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну	6.1.2.1 мәнерлеп (логикалық екпін мен кідіріс жасай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалы, образдық мәнін ашып, мәтіндегі жұмсалу мақсатын түсіну	7.1.2.1 мәтіндегі тілдік бірліктерді дербес және мәнмәтіндегі (контексте) қызметін түсініп, идеялық мазмұндағы маңызын айқындау	8.1.2.1 тілдік бірліктердің семантикалық мәнін түсініп, мәтіннің ішкі бірлігіндегі қызметін айқындау, образдық қызметін ашу; 8.1.2.2 әке жоқтауындағы эмоционалды-экспрессивті сөздерді зерделеу, авторлық	9.1.2.1 тілдік бірліктердің мәтіндегі қызметін айқындай отырып, жекелеген қолданыстардағы автордың ой-ниетін танытудағы рөлі мен концептілік мәнін ашу

				идеяны өмір шындығымен байланыстыру	
3. Шығарма үзінділерімен жұмыс	5.1.3.1 шығарманы құрылысымен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құру	6.1.3.1 шығармадан қажетті дәйектерді жинау, негізгі ой түйіндерін анықтау	7.1.3.1 көркем мәтіндегі ой-түйіндерді тауып, негізгі ой қазығына топтастыру	8.1.3.1 шығармадағы Абайдың ой-тұжырымдарын өзге шығармаларымен байланыстыру, тұтастыру	9.1.3.1 шығарма бөліктерін ұқсас белгілеріне/айырмашылығына қарай топтастыру, белгілі нысандарды зерделеу
4. Шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн	5.1.4.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселені (ғибратын) анықтау	6.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер әрекеті, шығарманың өзекті ойына қатысын анықтау арқылы көркем мәтіндегі өзекті ойды анықтау	7.1.4.1 әдеби шығармаға өзекті ойды, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық мәселені анықтау	8.1.4.1 шығармадағы өзекті ойды анықтау, сөз образдарының идеяны берудегі қызметін ашу	9.1.4.1 мәнмәтіндегі астарлы ойды анықтау, көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені беруде авторлық ниетті (дітті/интенцияны) түсіну
5. Интерпретация (ауызша, жазбаша)	5.1.5.1 көркем, шығармадағы оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту;	6.1.5.1 көркем шығармадағы тұлғаның ерекшелігін(слайд, ментальді карта)	7.1.5.1 көркем шығармадағы, образдарды, мінездеулерді ауызша мәтінге	8.1.5.1 көркем мәтіннен дәйектер келтіре отырып, образдардың тұлғалық ерекшелікт	9.1.5.1 көркем шығарманың идеялық мазмұнына сүйене отырып, оқырманд

ЖОБА

	5.1.5.2 мысал өлеңдерді (диалогте, сахналық көріністе, сурет, мозайка, комикс) интерпретациялау; 5.1.5.3 көркем мәтіндегі ой-түйіндерді салыстырмалы үлгіде (мақал, мысал, дәйек) әңгімелеу	сипаттау; 6.1.5.2 лирикалық кейіпкерге ауызша/жазбаша сипаттама жасау	жуық суреттеу, сипаттау; 7.1.5.2 қара сөздердегі автордың түйінді ойын (түрлі нысанды: ментальді карта, сызба қолдана отырып) баяндау	ерін жазу/тұжырып айту; 8.1.5.2 қара сөздердегі автордың түйінді ойын (түрлі нысанды: ментальді карта, сызба қолдана отырып) дәйектеу	ық ой-пайымын ауызша/жазбаша түйіндеу; 9.1.5.2 қарасөздердегі ой-толғамдарды оқырмандық ұстаным тұрғысында дәйектеп айту/жазу

2) талдау және жинақтау:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1. Әдеби шығарманың композициялық құрылымы	5.2.1.1 сюжетті шығармадағы фабула композиция сын тауып, жоспар құру; 5.2.1.2 лирикалық шығарманы құрылысына талдау; 5.2.1.3 қарасөздерді	6.2.1.1 лирикалық шығармаларды композициялық құрылымына талдау; 6.2.1.2 қарасөздерді идеялық бөліктерге бөлу	7.2.1.1 шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын айқындау, жоспар құру	8.2.1.1 шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, негізгі тұжырымын жинақтау	9.2.1.1 шығармаларды композициялық құрылымына талдай отырып, композициялық амалдарды айқындау

	мағыналық жігіне қарай бөлу				
2. Көркем шығарманың идеялық мазмұны, образдар жүйесі, типтік характер	5.2.2.1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5.2.2.2 жас Абайды ерекшелейтін қасиеттерді шығармадағы іс-әрекеті арқылы дәйектеу; 5.2.2.3 Абайдың білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын (ментальді картада, кластер) жинақтау	6.2.2.1 шығармаларға ортақ ойқазығын, образдарды анықтау, ой-толғамдарды (ментальді картада, кластер) жинақтау	7.2.2.1 көркем шығармадағы лирикалық образдың жасалу тәсілдерін айқындау; 7.2.2.2 автордың түрлі мінез-құлық, адам болмысы туралы тұжырымдарын түрлі нысанда жинақтау	8.2.2.1 көркем шығармадағы образ құраушы элементтерді табу, образ сомдаушы бірліктерді жинақтау	9.2.2.1 шығармадағы образдар жүйесін салыстыра талдау, типтік характерлерді ашу, әртүрлі мінез-құлықты саралап тану, «адал жар», «адал дос», «мағыналы жастық» тұжырымдарын айқындау, автордың ойын айқындау
3. Көркем шығарманың тілі, стилі	5.2.3.1 көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігі найқындау	6.2.3.1 шығарма тіліндегі этномәдени бірліктерді талдау, поэтикалық тілдің	7.2.3.1 көркем шығарма тілінің, ақпараттық, фразеологиялық қырын	8.2.3.1 көркем шығармадағы автордың суреттеу тілін талдау, өзіндік ерекшелікте	9.2.3.1 көркем шығармадағы автордың стилін айқындау

ЖОБА

		ерекшелігін айқындау	мәнмәтінде анықтау	рін айқындау	
4. Көркемдік тәсілдер	5.2.4.1 шығармада ғы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау	6.2.4.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, аллегория, антитеза, градация) анықтау	7.2.4.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (троптың түрлері мен символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ, арнау) қолданысын талдау	8.2.4.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (троп пен фигура, психологиялық параллелизм, перифраз, аксиморон, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдау, мәтіндегі көркемдік қызметін анықтау	9.2.4.1 шығармада ғы әдеби тілді құбылтумен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау, көркемдік қызметін пайымдау

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

1. Шығармадағы тарихи шындық және көркемдік шешім	5.3.1.1 шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау	6.3.1.1 шығарма образдарын ұлттық сипаттың ашылуы тұрғысынан бағалау; 6.3.1.2 мәтіндегі нысандарды ұлттық, тарихи құндылық тұрғысында бағалау	7.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес автордың өзге шығармалармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылық	8.3.1.1 шығармадағы тұлғалық қасиеттерді автордың өзге шығармаларымен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығы на баға беру	9.3.1.1 туындыдағы даралық образдар мен типтік характерлердің ұлттық және тарихи құндылығын әлем әдебиеті үлгілерім

			ын бағалау		ен салыстыра бағалау
2. Рухани және көркем-эстетикалық құндылығы	5.3.2.1 көркем мәтіндегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау	6.3.2.1 мәтіннің көркемдік-эстетикалық құндылығына баға беру	7.3.2.1 көркем образдардың тұлғалық ерекшелігіне рін ашудағы автор шеберлігіне баға беру	8.3.2.1 шығарма поэтикасындағы автордың айшықты қолтаңбасына баға беру	9.3.2.1 көркем шығармалардың рухани-эстетикалық құндылығына баға беру
3. Әдеби шығармашылық	5.3.3.1 шығарманы автор ізімен баяндап жазу; 5.3.3.2 көркем шығармадағы көріністі әңгімелеп жазу; 5.3.3.3 шығармадан алған әсерін зерделеп, ойтолғау, авторға, замандастарына хат жазу, «Абай қарасөздеріндегі талап пен еңбек тақырыбы» эссе жазу	6.3.3.1 шығарманың идеялық мазмұнын пайымдай отырып (ойтолғау, хат, пост, ертегі, өтірік өлең) жазу	7.3.3.1 кейіпкер болмысын сипаттап (өлең, кейіпкер монологі, диалогі, әңгіме) жазу	8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдап, шығарма, блог, әңгіме жазу; 8.3.3.2 көркем мәтінді жалпы адамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, әдеби эссе жазу	9.3.3.1 шығарманың идеясын қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда талдап, әдеби эссе, сценарий, өлең, блог, әңгіме, кейіпкер монологі, жоба жазу
4. Әдеби сын	5.3.4.1 оқырман ретінде шығармадан алған әсерін	6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы	7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық	8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге	9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем

КОПИЯ

	зерделеп, сыни хабарлама жазу	сыни хабарлама жасау	құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу	сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу	әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, рецензия жазу

21. Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімшелер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

22. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 5-9-сыныптарына арналған «Абайтану» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік «Абай мектептерінің» 5-9-сыныптарына арналған «Абайтану» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып:

Оқу жоспарының концепциялық негіздері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Білім мазмұнының мақсаты	Білім алушыларға тиісті құзыреттіліктер мен оқу міндеттері
1-тоқсан			
Абайдың өскен ортасы, тұлғалық ерекшеліктері	«Абайтану» пәнінің ерекшелігі, пән ретіндегі сипаттамасы, Абайдың балалық шағы мен өскен ортасын жайында жазылған мақала мен көркем шығармалар арқылы игеру; Ғылымның пайдасы мен оны игерудің шарттары	Оқу және түсіну	5.1.2.1 шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну; 5.1.3.1 шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құру;

	туралы Абай пайымын тану. Кіріспе. «Абайтану» пәні туралы түсінік, М. Әуезов «Абайдың өмірбаяны», М. Әуезов «Зерек те талапты жас», «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр...» өлеңдері. Қосымша оқуға: М.Әуезов «Кәрі әже – Зере» («Абай жолы» роман-эпопеясынан), Тұрағұл Абайұлы «Менің әкемнің ерекше қасиеті», Уәсила Мағауияқызының Абай туралы естеліктері.		5.1.4.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселені (ғибратын) анықтау; 5.1.5.1 көркем, шығармадағы оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту
		Талдау және жинақтау	5.2.1.1 сюжетті шығармадағы фабула композициясын тауып, жоспар құру; 5.2.1.2 лирикалық шығарманы құрылысына талдау; 5.2.2.1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5.2.2.2 жас Абайды ерекшелейтін қасиеттерді шығармадағы іс-әрекеті арқылы дәйектеу; 5.2.2.3 Абайдың білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын (ментальді картада, кластер) нысандарда жинақтау
		Бағалау (салыстыру) және шығарма шылық (өнім)	5.3.1.1 шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау; 5.3.2.1 көркем мәтіндегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау; 5.3.3.1 шығарманы автор ізімен баяндап жазу; 5.3.3.2 көркем шығармада ғы көріністі әңгімелеп жазу; 5.3.3.3 шығармадан алған

			әсерін зерделеп, ойтолғау, авторға, замандастарына хат жазу, «Абай қарасөздеріндегі талап пен еңбек тақырыбы» эссе жазу
2-тоқсан			
«Білімдіден шыққан сөз»	Абайдың тұлғалық болмысы мен өскен ортасын ғылыми мақалалар мен көркем шығармалар арқылы игеру; білім алу шарттарын шығармалары арқылы игеру. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі, «Отыз бірінші», «Отыз екінші» қарасөздері. Қосымша оқуға: Бейбіт Сапаралы «Өскенбай», Мұхтар Әуезов «Құнанбай» («Абай жолы» роман-эпопеясынан), Мұхтар Әуезов «Ұлжан» («Абай жолы» роман-эпопеясынан)	Оқу және түсіну	5.1.1.1 мәтінді түсініп оқи отырып, негізгі ой түйіндерін анықтау; 5.1.2.1 шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестері нің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну; 5.1.3.1 шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құру; 5.1.4.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселені (ғибратты) анықтау; 5.1.5.2 мысал өлеңдерді (диалогте, сахналық көріністе, сурет, мозайка, комикс) интерпретациялау
		Талдау және жинақтау	5.2.1.2 лирикалық шығарманы құрылысына талдау; 5.2.2.1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5.2.2.3 Абайдың білімді игерудің шарттары мен талаптары туралы ой-тұжырымдарын (ментальді картада, кластер) нысандарда

			жинақтау
		Бағалау (салыстыру) және шығарма шылық (өнім)	5.3.2.1 көркем мәтіндегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау; 5.3.3.2 көркем шығармадағы көріністі әңгімелеп жазу; 5.3.3.3 шығармадан алған әсерін зерделеп, ойтолғау, авторға, замандастарына хат жазу, «Абай қарасөздеріндегі талап пен еңбек тақырыбы» эссе жазу
3-тоқсан			
«Мініңді ұрлап жасырып...»	Адамның түрлі мінез-құлық, іс-әрекеттерін, болмысын мысал өлеңдері мен сатирасы арқылы сын тұрғысында пайымдау. «Есек пен бұлбұл», «Шегіртке мен құмырсқа», «Қарға мен түлкі», «Емен мен шілік» мысал өлеңдері	Оқу және түсіну	5.1.1.1 мәтінді түсініп оқи отырып, негізгі ой түйіндерін анықтау; 5.1.2.1 шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну; 5.1.3.1 шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құру; 5.1.4.1 мәтіндегі, көркем шығармадағы көтерілген мәселені (ғибратты) анықтау; 5.1.5.1 көркем шығармадағы оқиға желісін мәтінге жуық баяндап айту; 5.1.5.2 мысал өлеңдерді (диалогте, сахналық көріністе, сурет, мозайка, комикс)

			интерпретациялау; 5.1.5.3 көркем мәтіндегі ой-түйіндерді салыстырмалы үлгіде (мақал, дәйек) әңгімелеу
		Талдау және жинақтау	5.2.1.1 сюжетті шығармада ғы фабула композициясын тауып, жоспар құру; 5.2.2.1 шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы образын ашу; 5.2.4.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау
		Бағалау (салыстыру) және шығарма шылық (өнім)	5.3.3.1 шығарманы автор ізімен баяндап жазу; 5.3.3.2 көркем шығармадағы көрініст әңгімелеп жазу; 5.3.3.3 шығармадан алған әсерін зерделеп, ойтолғау, авторға, замандастарына хат жазу; 5.3.4.1 оқырман ретінде шығармадан алған әсерін зерделеп, сыни хабарлама жазу
4-тоқсан			
«Түрлендірген дүниені тәңірім шебер»	А.Құнанбайұлының сомдаған көркем образдарын эстетикалық-танымдық тұрғыда бейнелі әрі зерделі игеру. «Қыс», «Күз», «Жаз», «Жазғытұры» өлеңдері	Оқу және түсіну	5.1.1.1 мәтінді түсініп оқи отырып, негізгі ой түйіндерін анықтау; 5.1.2.1 шығарманы пайымдап (алған әсерін анықтай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық және ауыспалы мағынасын ашып, мәтіндегі қолданысын түсіну; 5.1.3.1 шығарманы құрылысы мен құрылымына қарай

			жіктеп, бөліктеріне тақырып қойып, мәтінге жоспар құру; 5.1.4.1 мәтіндегі, көркем шығармадағы көтерілген мәселені (ғибратты) анықтау; 5.1.5.3 көркем мәтіндегі ой-түйіндерді салыстырмалы үлгіде (мақал, мысал, дәйек) әңгімелеу
		Талдау және жинақтау	5.2.1.2 лирикалық шығарманы құрылысына талдау; 5.2.3.1 көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау; 5.2.4.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, қайталау) қызметін анықтау; 6.2.3.1 шығарма тіліне, көркемдік тәсіліне, этномәдени бірліктеріне талдау
		Бағалау (салыстыру) және шығарма шылық (өнім)	5.3.1.1 шығарма үзінділері арқылы шығарманың ұлттық, тарихи құндылығын бағалау; 5.3.2.1 көркем мәтіндегі сөз образының эстетикалық құндылығын бағалау; 5.3.3.3 шығармадан алған әсерін зерделеп, ойтолғау, авторға, замандастарына хат жазу

2) 6-сынып:

Оқу	Тақырыптар/Ұзақ	Білім	Білім алушыларға тиісті

жоспарының концепциялық негіздері	мерзімді жоспардың мазмұны	мазмұнының мақсаты	құзыреттіліктер мен оқу міндеттері
1-тоқсан			
«Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел»	Сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, талапты тыңдарман, адамдық болмыс жөнінде Абай көзқарастарын таныту, тағылымдық мәнін зерделеу. «Өлең − сөздің патшасы, сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», «Білімдіден шыққан сөз» өлеңдері. Қосымша оқуға: Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласы	Оқу және түсіну	6.1.1.1 мәтіндерді интонацияның құрамдас бөліктерін сақтай отырып оқу; 6.1.2.1 мәнерлеп (логикалық екпін мен кідіріс жасай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалы, образдық мәнін ашып, мәтіндегі жұмсалу мақсатын түсіну; 6.1.3.1 шығармадан қажетті дәйектерді жинау, негізгі ой түйіндерін анықтау; 6.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер әрекеті, шығарманың өзекті ойына қатысын анықтау арқылы көркем мәтіндегі өзекті ойды анықтау; 6.1.5.2 лирикалық кейіпкерге ауызша/жазбаша сипаттама жасау
		Талдау және жинақтау	6.2.1.1 лирикалық шығармаларды композициялық құрылымына талдау; 6.2.2.1 ортақ негізгі ой қазығын, лирикалық образдарды анықтау, ой-толғамдарды нысандарда (ментальді картада, кластер) жинақтау;

			6.2.3.1 өлең құрылысына талдай отырып, шығарма тіліне, көркемдік тәсіліне, этномәдени бірліктеріне талдау, поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау; 6.2.4.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, аллегория, антитеза, градация) анықтау
		Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)	6.3.1.2 мәтіндегі нысандарды ұлттық, тарихи құндылық тұрғысында бағалау; 6.3.2.1 мәтіннің көркемдік-эстетикалық құндылығына баға беру; 6.3.3.1 шығарманың идеялық мазмұнын пайымдай отырып (ой толғау, хат, пост, ертегі, өтірік өлең) жазу; 6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау
2-тоқсан			
«Бір ғылымнан басқаның кеселі көп асқанға»	А.Құнанбайұлының адамға тән жақсы, жаман әрекеттерді салыстыра отырып, адамшылықтың жолын нұсқайтын ой-пайымдарын саралап тану, өзіндік көзқарас қалыптастыру. «Біреуден біреу артылса» өлеңі, «Он сегізінші», «Жиырма бірінші», «Жетінші» қарасөздері.	Оқу және түсіну	6.1.2.1 мәнерлеп (логикалық екпін мен кідіріс жасай) оқу арқылы сөз, сөз тіркестерінің лексикалық, образдық мәнін ашып, мәтіндегі жұмсалу мақсатын түсіну; 6.1.3.1 шығармадан қажетті дәйектерді жинау, негізгі ой түйіндерін анықтау; 6.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер әрекеті,

	Қосымша оқуға: Кәкітай Ысқақұлы «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі»		шығарманың өзекті ойына қатысын анықтау арқылы көркем мәтіндегі өзекті ойды анықтау; 6.1.5.1 көркем шығармадағы тұлғаның ерекшелігін (слайд, ментальді карта) сипаттау; 6.1.5.2 лирикалық кейіпкерге ауызша/жазбаша сипаттама жасау
		Талдау және жинақтау	6.2.1.2 қарасөздерді идеялық бөліктерге бөлу; 6.2.2.1 ортақ негізгі ой қазығын анықтау, ой-толғамдарды (ментальді картада, кластер нысандар да) жинақтау; 6.2.4.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, аллегория, антитеза, градация) анықтау
			канон элементтерін пайдаланып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау; 6.2.2.1 музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау
		Дыбыстау және музыкамен көркемдеу	6.2.2.1 музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау; 6.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity, Soundation, Windows Movie Maker, Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялаужәне интерпретация жасау; 6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану
		Жобаны жоспарлау және құрастыру	6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалға интепретация жасау; 6.2.2.1 музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау; 6.2.2.2 компьютерлік бағдарламаларды (Audacity, Soundation, Windows Movie Maker, Киностудия) қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялаужәне интерпретация жасау
		Жобаның нәтижесін таныстыру	6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану; 6.3.1.1 шығармашылық көрсетілімнің бағдарламасын таныстыру, оларды критерийлерге сәйкес бағалау, өзінің және өзгелердің жұмысын жақсарту үшін түрлі ұсыныстар енгізу;
5	Өлкетану	Туған жердің таланттары	9) 6.1.1.1 туған өлкенің жыршы-термеші, әнші және сазгерлерінің шығармашылығы туралы тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі мен жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтау

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
66-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Көркем еңбек» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Жалпы орта білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» оқу пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады.

3. Оқу бағдарламасының мақсаты – өнер және еңбек технологиясы саласында функционалды сауаттылықты қалыптастыру, шындыққа шығармашылықпен қарайтын тұлға дамыту.

4. «Көркем еңбек» оқу пәнінің бағдарламасы:

1) қоршаған ортада өнер, дизайн мен технология туралы түсінік пен білімді дамытуға;

2) Қазақстан және әлем халықтарының көркем-мәдениет мұрасын оқып үйренуге;

3) өнер мен дизайнның көркем тәсілдері арқылы шығармашылық идеяларды, технологиялық дағдыларды дамытуға;

4) зерттеу, жасау, талдау, нысандарды көркем түрлендіру үдерісінде оқушылардың шығармашылық және сыни тұрғыда ойлау дағдыларын дамытуға;

5) оқу қызметінің барлық түрлерінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы тәжірибе алуға (зерттеу, идеялардың шығармашылықпен іске асыру, жұмыстардың таныстырылымы);

6) жұмыс нәтижесі үшін түрлі ақпарат көздері мен ресурстарының маңыздылығын түсіне отырып, зерттеу мен пайдалануға;

7) эстетикалық, еңбекке баулу, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбиелеу мен рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыруға;

8) уақыт, материалдың қасиеті мен басқа да факторлардың әсерін анықтап және оны ескере отырып қызметін өз бетінше жоспарлай алуға;

9) оқу мақсаттарына жетуде бірігіп жұмыс істеуді ұйымдастыру (жеке, жұптық және топтық жұмыс) бойынша тәжірибе жинауға бағытталған.

2- тарау. «Көркем еңбек» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1 - параграф. «Көркем еңбек» оқу пәнінің мазмұны

5. «Көркем еңбек» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 72 сағатты;

3) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;

4) 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты;

5) 9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

6. Оқу бағдарламасының мазмұны материалдарды бес ортақ білім беру бағыттары арқылы оқып-үйренуді қарастырады:

1) визуалды өнер;

2) сәндік-қолданбалы шығармашылық;

3) дизайн және технология;

4) үй мәдениеті;

5) тамақтану мәдениеті.

7. «Визуалды өнер» бөлімінің мазмұны:

1) классикалық және заманауи өнер;

2) қазақстандық суретшілердің шығармашылы;

3) бейнелеу өнері жанрлары мен түрлері;

4) сандық өнер (фотосурет, анимация, медиа құралдар);

5) бейнелеу (визуалды) өнерінің көркем тәсілдері;

6) көркемдік материалдар және техникалармен эксперименттеу бөлімдерін қамтиды.

8. «Сәндік-қолданбалы шығармашылық» бөлімінің мазмұны:

1) сәндік-қолданбалы өнер ерекшеліктері мен негізгі пішіндері, Қазақстанның және басқа елдердің сәндік-қолданбалы өнері;

2) сәндік-қолданбалы өнер материалдары, технологиялары мен құралдары;

3) ұлттық ою-өрнек;

4) ішкі көріністі сәнді безендіру қарастырады.

9. «Дизайн және технология» (ұлдар) бөлімінің мазмұны:

1) негізгі конструкциялық, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес

материалдарды;

2) материалдарды өңдеу құралдары мен жабдықтарын;

3) материалдарды әртүрлі тәсілдермен өңдеуді;

4) әртүрлі материалдардан бұйым дизайнын;

5) ұлттық тұрмыстық заттарды дайындау технологиясын;

6) қазақстандық және әлемдік сәулет ескерткіштерін;

7) макеттеуді;

8) ішкі көрініс дизайнын;

9) робототехника, көлік құралдарын модельдеуді қамтиды.

10. «Дизайн және технология» (қыздар) бөлімінің мазмұны:

1) негізгі тоқыма, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдарды;

2) тоқыма материалдарын өңдеу құралдары мен жабдықтарын;

3) тоқыма материалдарын әртүрлі тәсілдермен өңдеуді;

4) тоқыма материалдарынан бұйым дизайнын;

5) сән индустриясын, стиль және образ, ұлттық киім элементтерін дайындау технолоиясын қамтиды.

11. «Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (ұлдар):

1) тұрғын үйдің экологиясын;

2) өсімдік шаруашылығы, сәндік өсімдіктер шаруашылығы, ландшафтты дизайн негіздерін;

3) электр қуатының көздері туралы жалпы мәліметтерді, тұрмыстық техника және электр құралдарын қолдану мен жөндеуді;

4) тұрмыстық жөндеу жұмыстарын, ішкі көріністі ұйымдастыру мен жоспарлауды қамтиды.

12. «Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (қыздар):

1) жеке гигиенаны, тұрғын үй экологиясын;

2) өсімдік шаруашылығы, сәндік өсімдіктер шаруашылығы, ландшафтты дизайн негіздерін;

3) киім күтімі мен ұзақ мерзімді сақтауды қамтиды.

13. «Тамақтану мәдениеті» бөлімінің мазмұны:

1) дұрыс тамақтану негізін;

2) дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелерін, дастарқанды жабдықтауды;

3) тағам әзірлеу технологиясын;

4) әлем халықтарының тағамдарын қамтиды.

14. «Көркем еңбек» пәнінің базалық мазмұны. 5-сынып (ұлдар):

1) «Визуалды өнер» бөлімі: Бейнелеу өнеріндегі көркем құралдар, классикалық бейнелеу өнерінің үздік туындылары, қазақстандық суретшілердің шығармашылығы, бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары, натюрморт өнері, ұлттық сәндік натюрморт, пейзаж, табиғатпен үйлесім, әуе перспективасы, индустриалды пейзаж, қала пейзажы, сызықтық перспектива, пластикалық пішіндер өнері, мүсін өнері, шығармашылық жұмыс, көрме ұйымдастыру;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Сәндік-қолданбалы өнер, негізгі формалары мен ерекшеліктері, Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнері, сәндік-қолданбалы өнердегі заманауи және дәстүрлі емес материалдар, материалдар мен құрал-жабдықтармен танысу, дәстүрлі емес материалдардан

сәндік бұйым, идеяларды талқылау мен дамыту, нобай орындау, дәстүрлі емес материалдардан сәндік бұйым, бұйым дайындау, өру өнері, өру түрлері, материалдар және құрал-жабдықтармен танысу, бұйым өру, жұмыстардың көрмесі;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Конструкциялық материалдар, материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу, конструкциялық материалдарды өңдеуге арналған жабдықтар, қол еңбегі құралдары, құрылғылар, көркемдеп аралау, идеяларды құру, материалды таңдау және дайындау, сыртқы және ішкі сызықтар арқылы қисық пішінді бұйымды қыларамен көркемдеп аралау, сымнан бұйымдарды модельдеу, нобайлар дайындау (шынжыр, басқатырғыш ойындары, жануарлардың пішіндері), материал таңдау, құралдар-жабдықтар мен құрылғылар, бұйым дайындау (шынжыр, басқатырғыш ойындары, жануарлардың пішіндері), түрлі материалдарды қолданып, музыкалық аспаптарды (ұрмалы және соқпалы) жобалау, музыкалық аспапты құрастыру, жұмыстардың көрмесі;

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: Дұрыс тамақтанудың негіздері, ас мәзірін әзірлеу;

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: Электр қуатының негізгі көздері туралы жалпы мәліметтер, электротехникалық арматура, электр энергиясының әртүрлі көздерімен тәжірибе жасау (батарея, гальваникалық элементтер), тұрмыстағы жөндеу жұмыстары, өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары, өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

15. «Көркем еңбек» пәнінің базалық мазмұны. 6-сынып (ұлдар):

1) «Визуалды өнер» бөлімі: Портрет жанры, портрет түрлері, қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы портрет, сызықты портрет, графика, орындалу техникасы, дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау (сымнан) материалдардан орындалған портрет), портреттегі түс, орындау техникасы, заманауи портрет, фотоөнер, фотокамерамен тәжірибе, анимация, қозғалатын элементтер (ермексазды анимация, көлеңкелі театр, саусақты және таяқшалы қуыршақтар), сценарий дайындау, кейіпкерлер мен декорациялар құру, көркем өнер идеяларын іске асыру, дыбыс қосу, жұмысты қорғау;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Қазақстан халықтарының зергерлік өнерімен танысу, зергерлік бұйым нобайын орындау, материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау, зергерлік бұйым дайындау, бұйымды көркемдеп безендіру, табиғи материалдардың түрлері мен сипаттамалары (өздігінен ізденіс зерттеулері), табиғи материалдардан дайындалатын бұйым нобайын орындау, табиғи материалдардан бұйым дайындау, бұйымды көркемдеп безендіру, жұмысты қорғау, көрме ұйымдастыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Электрлік және қол еңбегі құралдары мен жабдықтары, тәжірибелік жұмыс, құрамалы бөлшектерден робот құру, роботтың шығу тарихы мен оның түрлері (өздігінен ізденіс зерттеулері), роботты жобалау және дайындау, нобай, материалдарды іріктеу, таңдау, робот құру, робот бөлшектерінің жылжымалы механизмін құру бойынша эксперимент жүргізу, көлік құралдарының түрлері туралы жалпы мәлімет (өздігінен ізденіс зерттеулері), көлік құралы үлгісін дайындау, нобай, материалдарды іріктеу, таңдау, көлік құралын орындау, үлгінің жеке бөліктерін дайындау, үлгіні құрастыру, безендіру, жұмысты қорғау, көрме ұйымдастыру;

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: Қазақ халқы мен әртүрлі халықтардың және де қоғамдық тамақтану орындарындағы дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері;

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: Электрсызбалардың шартты белгілерімен танысу, электр тізбегі, батарейкалы шамшырақ дайындау, электрлік қол еңбегі құралдарын қолданып тұрмыстағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, сәндік гүлдер түрлері, гүл өсіру шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

16. «Көркем еңбек» пәнінің базалық мазмұны. 7-сынып (ұлдар):

1) «Визуалды өнер» бөлімі: Өнердегі заманауи техника мен ғылыми жетістіктер, табиғаттағы микро суреттер, бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттары (поп арт, инсталляция), өздігінен ізденіс зерттеулері, Қазақстанның заманауи суретшілері, өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізінде тәжірибелік жұмыс орындау (2D немесе 3D форматында), жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Пирография өнерімен танысу, көркемдеп күйдіру техникасы мен тәсілдері, нобай орындау, материалдарды таңдау және дайындау, бұйымды көркемдеп күйдіру, безендіру, жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Ағашты механикалық өңдеуге арналған құрал-жабдықтар, ағашты механикалық өңдеу барысындағы жұмысты ұйымдастыру, ағаштан жасалған бұйымды өңдеу, бұйымның дизайны, материалды таңдау және дайындау, бұйымды жасау, материалдар мен бөлшектерді механикалық өңдеу, бұйымды безендіру, көрме ұйымдастыру;

4) «Үй мәдениеті» бөлімі: Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі заманауи техникалар мен жабдықтар, тұрмыстық құрал-жабдықтар мен электроарматураны жөндеу, үй экологиясы, үйдегі микроклимат.

17. «Көркем еңбек» пәнінің базалық мазмұны. 8-сынып (ұлдар):

1) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Мозаика өнері, мозаика орындаудың түрлері мен техникалары, мозаикалық панноға арналған негіз дайындау, нобай және материалды таңдау, мозаика панносын орындау, көркемдеп безендіру мен жұмыстарын таныстыру;

2) «Дизайн және технология» бөлімі: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен танысу, қазақ халқының тұрмыстық заттарының орындалу техникасы мен материалдарын (торсық, дөңгелек үстел) зерделеу, идеяларды талдау және нобайды орындау, жұмысты жоспарлау, материалдарды өңдеу, бұйымды дайындау, көрме ұйымдастыру және жұмысты қорғау;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Үстел ойыны, шығу тарихы, үстел ойынының тұжырымдамасы, үстел ойынын дайындау, графикалық құжаттама, үстел ойының бөлшектерін дайындау, көркемдеп безендіру, ойынды тестілеу, сауалнама және ақпараттар жинау, жұмысты қорғау;

4) «Үй мәдениеті» бөлімі: Агротехнологияның дамуындағы ғылымның рөлі (өздігінен ізденіс зерттеулері), электрқұрылғылар мен тұрмыстық техникаларды таңдау және бағалау, бөлменің жөндеу жұмыстарына арналған заманауи материалдар мен құрал-жабдықтар (тәжірибелік жұмыс).

18. «Көркем еңбек» пәнінің базалық мазмұны. 9-сынып (ұлдар):

1) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Заманауи интерьердегі сәндік бұйымдар, интерьердің сәнді заттарының (шамшырақ, сәнді сағаттар) дайындалу техникалары мен тәсілдерін зерделеу, идеяларды дамытуды талқылау мен нобай орындау, жұмысты жоспарлау, интерьерге арналған сәндік заттарды дайындау мен безендіру, жұмысты қорғау;

2) «Дизайн және технология» бөлімі: Сәулет өнерінің үздік туындылары, заманауи сәулет өнері, Қазақстан сәулет өнері (заманауи және тарихи), сәулеттік ғимараттар мен нысандардың (имитация немесе өз идеялары) нобайы, сызбасы, сәулеттік нысанның макетін орындауға қажетті материалдарды анықтау және таңдау, шығармашылық жұмыс, сәулеттік нысан макеті, жұмысты қорғау;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Интерьер заттары және жиһаздардың өндірілуі, белгілі бір интерьерге арналған заттарды дайындау (мысалы: көрме залына арналған модульді жиһаз, трансформацияланатын балаларға арналған жиһаз, сәнді шамшырақ), идеяны дамыту және талқылау, материалдарды таңдау, графикалық құжаттама, техникалық спецификация, бұйымды әзірлеу, әрлеу, жұмысты қорғау;

4) «Үй мәдениеті» бөлімі: Интерьер/экстерьердегі ландшафт элементтері, шығармашылық идеяларды визуалдау, интерьердегі жарықтандыру, табиғи және жасанды жарықтандыру, интерьерді жарықтандырудың жобасын даярлау (тұрғын үй бөлмелері, өндірістік, қоғамдық орындар), интерьерді аудандарға бөлу және жоспарлау (тұрғын үй бөлмелері, өндірістік, қоғамдық орындар).

19. «Көркем еңбек» пәнінің базалық мазмұны. 5-сынып (қыздар):

1) «Визуалды өнер» бөлімі: Бейнелеу өнеріндегі көркем құралдары, классикалық өнердің үздік туындылары, қазақстандық суретшілердің шығармашылығы, бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары, натюрморт өнері, ұлттық сәндік натюрморт, пейзаж, табиғатпен үйлесім, әуе перспективасы, индустриалды пейзаж, қала пейзажы, сызықтық перспектива, пластикалық пішіндер өнері, мүсін өнері, шығармашылық жұмыс, көрме ұйымдастыру;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Сәндік-қолданбалы өнер, негізгі пішіндер мен ерекшеліктері, Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнері, қазақтың ұлттық ою-өрнектері (түрлері, стилизация мен мотивтері), көркем кестелеу, кесте түрлері, материалдар және құрал-жабдықтармен танысу, нобай орындау, көркемдік кестемен бұйымды безендіру, өру өнері, өру түрлері, материалдар және құрал-жабдықтармен танысу, бұйым өру, жұмыстардың көрмесі;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Тоқыма материалдарының классификациясы мен сипаттамалары, материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу, тоқыма материалдарын өңдеуге арналған құрал-жабдықтар мен құрылғылар, тігін бұйымдарының классификациясы, идеядан өнімге (тігін бұйымдары), дизайн, киімді макеттеу (қағаз, тоқыма материалдар), костюм құру (мини-манекенде немесе қуыршақта), тоқыма мозаика техникасында тігін бұйымдарының дизайны (құрақ, пэчворк, квилт), идеяларды құру, нобай, материалды таңдау және дайындау, жұмыстың орындалу бірізділігі, бұйым дайындау, бұйымды безендіру, жұмысты қорғау;

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: Дұрыс тамақтанудың негіздері, ас мәзірін әзірлеу, асхананың жабдықталуы, тағам әзірлеуге арналған құралдар-жабдықтар, аспаптар мен ыдыс-аяқтар, тағам дайындауға арналған құрал-жабдықтардың

мүмкіндіктерін зерттеу, бутербродтар мен сусындардың әзірлену технологиясы, жемістер мен көкөністерден салаттар әзірлеу технологиясы;

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: Жеке бастың гигиенасы, өз-өзіне күтім жасау, өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары, өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

20. «Көркем еңбек» пәнінің базалық мазмұны. 6-сынып (қыздар):

1) «Визуалды өнер» бөлімі: Портрет жанры, портрет түрлері, қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы портрет, сызықты портрет, графика, орындалу техникасы, дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау (сымнан орындалған портрет), портреттегі түс, орындалу техникасы, заманауи портрет, фотоөнер, фотокамерамен тәжірибе, анимация, қозғалатын элементтер (ермексазды анимация, көлеңкелі театр, саусақты және таяқшалы қуыршақтар), сценарий дайындау, кейіпкерлер мен декорациялар құру, көркем өнер идеяларын іске асыру, дыбыс қосу, жұмысты қорғау;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Тоқу өнері, ілмекпен тоқу, тоқу тәсілдері мен техникалары, бұйымның нобайын дайындау, материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау, әртүрлі бұйымдарды ілмекпен тоқу (сулықтар, сөмкелер, ұялы телефондардың қабы), шалма бізбен тоқу, шалма біз және олардың түрлері, тоқу тәсілдері мен техникалары, бұйымның нобайын дайындау, әртүрлі бұйымдарды шалма бізбен тоқу (мойынорағыш, үшкіл орамал, тіреуіш, ұялы телефондардың қабы), жұмысты қорғау, көрме ұйымдастыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Тоқыма материалдарынан бұйым дайындау (авторлық қуыршақ, дамытатын ойыншықтар), идеяларды құру, нобай, түрлі-түсті және фактуралы тоқыма материалдарын зерттеу, материалдарды, құралдар мен жабдықтарды таңдау және дайындау, бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөліктерін өңдеу, бөлшектерді біріктіру мен бұйымды безендіру, үйге арналған тоқыма бұйымдарының дизайны (алжапқыш, асханалық бұйымдар), идеяларды құру, нобай, материалды таңдау және дайындау, жұмысты орындау бірізділігі, бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөліктерін өңдеу, бөлшектерді біріктіру мен бұйымды безендіру, жұмысты қорғау, көрме ұйымдастыру;

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: Қазақ халқы мен әртүрлі халықтардың және де қоғамдық тамақтану орындарындағы дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері, жартылай дайын өнімдерден тағамдар әзірлеу технологиясы, тағамдарды жылдам әзірлеудің технологиясы, десерт әзірлеу технологиясы;

5) Бөлім «Үй мәдениеті»: Гигиена ережелері, бөлмені ылғалды және құрғақ тазалау жұмысы, киім (аяқ киім) күтімі мен оларды сақтау, сәндік гүлдер түрлері, гүл өсіру шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

21. «Көркем еңбек» пәнінің базалық мазмұны. 7-сынып (қыздар):

1) «Визуалды өнер» бөлімі: Өнердегі заманауи техника мен ғылыми жетістіктер, табиғаттағы микро суреттер, бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттары (поп арт, инсталляция), өздігінен ізденіс зерттеулері, Қазақстанның заманауи суретшілері, өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізінде тәжірибелік (шығармашылық) жұмыс орындау (2D немесе 3D форматында), жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру;

2) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Көркемдік жазба (батик, гжель, хохлома), жазбалар түрлері, жазбалардың тәсілдері мен техникасы, материалдары және құралдары, бұйымның нобайын орындау, материалдар мен құралдарды дайындау, көркемдік жазбаны орындау, сәндеу, безендіру, жұмысты қорғау және көрме ұйымдастыру;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Өзгеріске ұшырау (трансформация) және тігін бұйымдарды сәндеу (киім, аксессуарлар, бижутериялар), идеяларды құру, нобай, материалдар мен құралдарды дайындау, жиынтықты орындау, киім бөлшектерін пішу, жеке бөлшектерді өңдеу, бұйымдардың бөлшектерін құрастыру және өңдеу, бұйымды сәндеу, жұмысты қорғау;

4) «Тамақтану мәдениеті» бөлімі: Қазақтың ұлттық тағамдары, әлем халықтарының тағамдары (өздігінен ізденіс зерттеулері), әлем халықтарының тағамдары, тәжірибелік жұмыс (суши, пицца, көже);

5) «Үй мәдениеті» бөлімі: Тұрмыстық техниканы таңдау, тұрмыстық техниканы қолдану ережелері, өсімдік сән және интерьер элементі ретінде.

22. «Көркем еңбек» пәнінің базалық мазмұны. 8-сынып (қыздар):

1) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Қазақтың ұлттық сәндік қолданбалы бұйымдары (ши тоқу, киіз бас), әртүрлі ұлттық бұйымдар, құрал-жабдықтар мен материалдармен танысу, бұйымдарға нобайлар дайындау, құрал- жабдықтар мен материалдар дайындау, шығармашылық жұмыстарды орындау, әшекейлерді пайдалана отырып сәндеу, жұмысты қорғау, көрмеге ұсыну;

2) «Дизайн және технология» бөлімі: Қазақтың ұлттық киімі, этностиль, ою-өрнек стилизациясы, этностильдегі (бас киімдер, қазақтың ұлттық киімдері), этностильдегі бұйымдарды жасау (бас киімдер, қазақтың ұлттық киімдері), бұйымдарды әшекейлеу, жұмысты қорғау;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Халықтық пішім негізінде киім үлгісінің дизайны (тұтас жеңдер), бұйымдарға нобайлар дайындау, құрал-жабдықтар мен материалдарды дайындау, халықтық пішім негізінде киім үлгісінде бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, бөлшектерді өңдеу, бөлшектерді біріктіру мен безендіру, бұйымды ою-өрнек элементтерімен безендіру, жұмысты қорғау;

4) «Үй мәдениеті» бөлімі: Интерьерге арналған сәнді бұйымдар (2D/3D форматта), бұйымдарға нобайлар дайындау, құрал-жабдықтар мен материалдарды дайындау, интерьерге арналған 2D/3D сәнді бұйымдарды жасау, өсімдік шаруашылығындағы ғылымның рөлі, медицина, фитотерапия және косметологиядағы өсімдіктің рөлі.

23. «Көркем еңбек» пәнінің базалық мазмұны. 9-сынып (қыздар):

1) «Сәндік-қолданбалы өнер» бөлімі: Қазақстанның дәстүрлі тоқыма өнері, қазақ кілемдері, алаша, кілем тоқу, гобелен, қазіргі кілемдер үлгілері, кілем тоқу материалдары мен құрал-жабдықтары, бұйым нобайын жасау, материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау, шығармашылық жұмысты орындау, декор жасау мен безендіру, жұмысты қорғау, көрме ұйымдастыру;

2) «Дизайн және технология» бөлімі: Заманауи сән әлеміндегі сарындық (стильді) бағыттар (өздігінен ізденіс зерттеулері), «Сән және жеке тұлға үйлесімділігі» эксперименті, жеке даралық имиджін жасау, идеяларды жүзеге асыру, аксессуарлар, шаш үлгісі, визаж құралдары негізінде жеке даралық образды

жасау, киім топтамасын жасау эксперименті/жеке даралық имидж үшін аксессуарлар, жұмысты қорғау;

3) «Дизайн және технология» бөлімі: Сәнді киім дизайны «Fast cloth» қарапайым геометриялық формалар (пончо, кейп, туника) (сән журналдары), киім және аксессуарлардың заманауи өндірісі, нобай, идеяны жүзеге асыру, материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау, бұйымды жасау, бөлшектерді пішу, жеке бөлшектерді өңдеу, бөлшектерді жинау мен бұйымды сәндеу, жұмысты талдау мен бағалау, жұмысты қорғау;

4) «Үй мәдениеті» бөлімі: Ландшафт элементтері интерьерде /экстерьерде, шығармашылық идеяны визуалдау (нобай), шығармашылық идеяны іске асыру, интерьерді мерекеге орай безендіру, шығармашылық идеяны визуалдау (нобай), шығармашылық идеяны іске асыру.

24. «Көркем еңбек» оқу пәнінің 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мазмұны оқыту мақсаттары жүйесінің шығармашылық әрекет үдерісі барысында тәжірибелік және негізгі білім қалыптастыруға бағытталған үш бөлім бойынша ұйымдастырылған.

25. «Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) қоршаған орта туралы білім мен түсінік;

2) тарих, мәдениет және дәстүр туралы білім мен түсінік;

3) ақпарат көздерімен жұмыс істеу;

4) шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау;

5) дизайн дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс жасау;

6) материалдар, олардың қасиеттері мен жұмыс істеу техникалары.

26. «Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) шығармашылық идеялардың көркем көрінісі;

2) құралдар мен жабдықтар;

3) жасау технологиясы;

4) тамақтану мәдениеті;

5) үй мәдениеті;

6) техника қауіпсіздігі және еңбек гигиенасы ережелерін сақтау.

27. «Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы;

2) идеяларды талдау және бағалау;

3) әдіс-тәсілдерді талдау және бағалау;

4) жұмысты жетілдіру және бейімдеу.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

28. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа бөлінген.

29. Бағдарламада оқыту мақсаттарын қолдануға және мониторинг жасауға тиімді болу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан оқу мақсатының

реттік номерін көрсетеді. Мысалы, 5.2.1.4. кодында «5» - сынып, «2.1» - бөлім мен бөлімше, «4» - оқыту мақсатының реттік саны.

30. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) «Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу» бөлімі:

Білім алушылар білуі тиіс:					
Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Қоршаған орта туралы білім мен түсінік	5.1.1.1 ұлдар/ қыздар қоршаған ортаның ассоциативті мағынасы мен визуалды сипат тамасын зерделеу және анықтау	6.1.1.1 ұлдар/ қыздар қоршаған орта нысандарының визуалды сипаттамаларын түсіну және білімін көрсету	7.1.1.1 ұлдар/ қыздар қоршаған орта элементтерінің визуалды сипаттамасын өзінше түсіндіру		
1.2 Тарих, мәдениет және дәстүр туралы білім мен түсінік	5.1.2.1 ұлдар/ қыздар қазақ халқының ұлттық және әлем мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу	6.1.2.1 ұлдар/ қыздар қазақ халқының ұлттық және әлем мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсету	7.1.2.1 ұлдар/ қыздар тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін өз бетінше зерделеу және сипаттау	8.1.2.1 ұлдар/ қыздар тарихи және мәдени шығу тегі әр түрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету	9.1.2.1 ұлдар/ қыздар тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер және дизайн туындыларының түрлі материалдарын, бағытын, салыстыру, талдау

ЖОБА

1.3 Ақпарат көздері	5.1.3.1 ұлдар/ қыздар шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу	6.1.3.1 ұлдар/ қыздар шығармашылық идеяларды іске асыру мақсатында ақпарат көздерін өз бетінше таңдап, қолдану	7.1.3.1 ұлдар/ қыздар шығармашылық жұмыста идеяларын іске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдау және қолдану	8.1.3.1 ұлдар/ қыздар шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану	9.1.3.1 ұлдар/ қыздар шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда ақпарат көздерін толыққанды және нәтижелі қолдану
1.4 Шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау	5.1.4.1 ұлдар/ қыздар шығамашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтай отырып, жоспар дайындау	6.1.4.1 ұлдар/ қыздар уақыт және басқа да факторларды ескере отырып, іс-әрекеттің реттілігін анықтау және жоспарлау; 6.1.4.2 ұлдар/ қыздар материалдық шығынды анықтау (сандық көрсеткіштер)	7.1.4.1 ұлдар/ қыздар алған білім дері мен тәжірибелерін қолдана болашақ іс-әрекеттерін анықтау жә не шығармашылық қызметін жоспарлау; 7.1.4.2 ұлдар/ қыздар бұйымның өзіндік құны мен материалдық	8.1.4.1 ұлдар/ қыздар алған білімі мен тәжіри белерін қолданып, бола шақ іс-әре кетін толық сипаттап, шығармашылық қызме тін жоспар лау; 8.1.4.2 ұлдар/ қыздар зерттеу нәти желері негізінде тұтыну шылардың өнімнің түрлеріне қажеттілігін анықтау	9.1.4.1 ұлдар/ қыздар жұмысты орындаудың тиімді әдістері мен реттілігін анықтай отырып, шығармашы-лық қызметін жоспарлау; 9.1.4.2 ұлдар/ қыздар пайданы анықтау мақсатында түрлі тауарларды өткізу нарығын талдау

ЖОБА

			шығындарын анықтау		
1.5 Дизайн (эскиз) дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс істеу	5.1.5.1 ұлдар/қыздар композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау	6.1.5.1 ұлдар/қыздар композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, әртүрлі нысандардың дизайны бойынша тапсырмалар орындау	7.1.5.1 ұлдар/қыздар функционалды және эстетикалық талаптарға сай, нысанның дизайн дайындау бойынша тапсырмаларды орындау	8.1.5.1 ұлдар/қыздар функционалды талаптарға сай нысан дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау	9.1.5.1 ұлдар/қыздар күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың дизайнын дайындау үшін білімді қорытындылау
	5.1.5.2 ұлдар/қыздар шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау	6.1.5.2 ұлдар/қыздар шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау	7.1.5.2 ұлдар/қыздар түрлі графикалық құралдардың көмегімен бұйым дайындау үшін эскиздер орындау және графикалық пен технологиялық құжаттар әзірлеу	8.1.5.2 ұлдар/қыздар бұйым дайындаудың реттілігі мен тиімді тәсілін анықтай отырып, графикалық және технологиялық құжаттар дайындау	9.1.5.2 ұлдар/қыздар графиканың әртүрлі тәсілдерін қолдану арқылы өз бетінше графикалық және технологиялық құжат құру
1.6 Материалдар, олардың қасиеттері мен жұмыс	5.1.6.1 ұлдар материалдардың ұқсастықтары мен айырмашыл	6.1.6.1 ұлдар материалдардың физикалық,	7.1.6.1 ұлдар жобаланатын нысанды дайындау	8.1.6.1 ұлдар жобаланатын нысанның тағайындал	9.1.6.1 ұлдар техникалық, эксплуатациялық

ЖОБА

істеу техника-лары	ықтарын анықтау арқылы, жалпы қасиеттері мен құрылысын зерделеу	механикалық және технологиялық қасиеттерін, олардың қолданылу аясын анықтау және сипаттау	барысында материалдардың физикалық, технологиялық және механикалық қасиеттерін анықтау және салыстыру	уы мен қасиеттерін ескеріп, материалдарды өңдеу мен безендіру тәсілдерін анықтау және таңдау	және экологиялық ескере отырып, материалдарды өңдеудің өзіндік тәсілдерін негіздеп анықтау және таңдау
	5.1.6.2 ұлдар/ қыздар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, олардың қасиеттері мен міндеттерін анықтау	6.1.6.2 ұлдар/ қыздар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу мен пайдаланудың тиімді жолдарын	7.1.6.2 ұлдар/ қыздар бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу, пайдалану және үйлестірудің тиімді жолдарын	8.1.6.2 ұлдар/ қыздар бұйымды дайындау мен безендіру үшін заманауи және дәстүрлі емес материалдардың тиімді қолданылуын түсіне отырып өздігінен таңдау	9.1.6.2 ұлдар/ қыздар бұйымды дайындау мен безендіру барысында заманауи және дәстүрлі емес материалдарды қолдануды ң өзіндік шешімдері мен жолдарын ұсыну
	5.1.6.3 қыздар тоқыма материалдарм ен бұйымдардың жіктелуін білу және сипаттау	6.1.6.3 қыздар тоқыма материалдар мен бұйымдардың қасиеттері мен фактурасын зерделеу және анықтау	7.1.6.3 қыздар өңдеу тігін материалдары мен сәндік әшекей бұйымдарының жіктелуін анықтау, сипаттау	8.1.6.3 қыздар табиғи және жасанды тері мен былғарының түрлері мен қасиеттерін анықтау, сипаттау және	9.1.6.3 қыздар трикотаж, тоқусыз матаны өз бетінше зерделеу, анықтау және бағалау

ЖОБА

			және салыстыру	салыстыру	
	5.1.6.4 ұлдар/ қыздар таңдаған құралдардың қасиеттерін ескере отырып, көркем өнер материалдарын, орындау техникаларын пайдалану және эксперимент жүргізу	6.1.6.4 ұлдар/ қыздар материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау	7.1.6.4 ұлдар/ қыздар шығармашылық жұмыстар барысында орындау техникасымен өнер материалдарын анықтау, таңдау және біріктіру	8.1.6.4 ұлдар/ қыздар шығармашылық жұмыстар барысында орындау техникасымен өнер материалдарын анықтау, таңдау және біріктіру	9.1.6.4 ұлдар/ қыздар шығармашылық жұмыс жасау үшін әр түрлі орындау техникасын және өнер материалдарын қолдану бойынша өзіндік шешімдер ұсыну

2) «Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі:

Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.1 Шығармашылық идеялардың көркем көрінісі	5.2.1.1 ұлдар/ қыздар өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен	6.2.1.1 ұлдар/ қыздар өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін	7.2.1.1 ұлдар/ қыздар күрделі шығармашылық идеяларды білдіру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтерін және өнердің	8.2.1.1 ұлдар/ қыздар күрделі шығармашылық идеяларды білдіру үшін өнердің көркем құралдарын өз бетінше анықтау, таңдау және	9.2.1.1 ұлдар/ қыздар мазмұнды және ерекше туындылар орындау үшін өнердің көркем құралдарын өз бетінше

	өнердің көркем тәсілдерін қолдану	анықтау, таңдау және қолдану	көркем құралдарын негіздеп анықтау, таңдау және қолдану	қолдану	қолдану
2.2 Құралдар мен жабдықтар	5.2.2.1 ұлдар құрастырымды, табиғи және жасанды материалдарды өңдеу үшін қол еңбегі құралдарымен жабдықтарын анықтау, сипаттау және қолдану; 5.2.2.2 ұлдар ағаш және темір өңдеу білдегінің тағайындалуы мен құрылысын түсіндіру	6.2.2.1 ұлдар құрастырымды, табиғи және жасанды материалдарды өңдеу үшін пайдаланатын қол электрлік құралдарының қозғалысты беру механизмдерімен құрылысын анықтау және сипаттау	7.2.2.1 ұлдар заманауи технологиялық машиналардың құрылысын және жұмыс істеу принципін сипаттау және олармен құрастырымды, табиғи, жасанды заттарды өңдеу бойынша жұмыстар орындау	8.2.2.1 ұлдар заманауи технологиялық машиналарда құрастырымды материалдарды өңдеу бойынша күрделі операцияларды орындау	9.2.2.1 ұлдар материалдарды өңдеу үшін құралдарды және заманауи технология-лық машиналарды анықтау, таңдау және қолдану; 9.2.2.2 ұлдар/ қыздар өнеркәсіптегі технологиялық және өндірістік процестер туралы білімі мен түсінігін көрсету
	5.2.2.1 қыздар тігін машинасының құрылысын, жіп өткізуді	6.2.2.1 қыздар тігін машинасын қалыпты күйге келтіруді білу және орындау;	7.2.2.1 қыздар тігін машинасы жұмысындағы ақауларды анықтау	8.2.2.1 қыздар тігін машинасына қажетті құрылғыларды (түймелікті өңдеу,	9.2.2.1 қыздар заманауи тігін құрал-жабдықтарын білу және торлау

	сипаттау және білу, машина тігістерін орындау; 5.2.2.2 қыздар тігін бұйымдарын ылғалды-жылулық өңдеуге арналған жабдықтарды білу, сипаттау және қолдану	6.2.2.2 қыздар тігін бұйымдарын ылғалды-жылулық өңдеу режимдерін білу, сипаттау және оларды тәжірибеде қолдану	және жөндеу; 7.2.2.2 қыздар тігін бұйымдарын ылғалды-жылулық өңдеу барысында қолданылатын құралдарды анықтау, таңдау, қолдану	сыдырманы қондырып тігу) таңдау және қолдану	тігін машинасын қолдану; 9.2.2.3 қыздар тігін машиналарында күрделі операцияларды (аппликация, кестелеу) орындау және зерделеу
2.3 Жасау технологиясы	5.2.3.1 ұлдар өлшем мен белгілеу негізінде орындалған бұйым дайындау үшін материалдарды қол құралдары-мен өңдеу; 5.2.3.2 ұлдар түрлі материал-дардан қара-пайым бұйым дайындау	6.2.3.1 ұлдар орындалған өлшем мен белгілеу негізінде бұйым дайындау үшін материалдарды электрлік қол құралдарымен өңдеу; 6.2.3.2 ұлдар ажырайтын және ажырамайтын біріктіру әдістерін қолданып, бірнеше бөлшектерден тұратын бұйым жасау	7.2.3.1 ұлдар бұйымдардың функционалдық және эстетикалық сапасын арттыру үшін материалдарды механикалық өңдеу және бұйымды безендіру; 7.2.3.2 ұлдар технологиялық құжаттар бойынша реттілікті және дәлдікті	8.2.3.1 ұлдар түрлі құрал-жабдықтарды қолдана отырып, материалдарды өңдеу мен безендіру әдістерін анықтау, пайдалану; 8.2.3.2 ұлдар өз бетінше дайындаған технологиялық құжатпен күрделі бұйым жасау	9.2.3.1 ұлдар бұйым дайындау барысында материалдарды өңдеу мен безендірудің ұтымды тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану; 9.2.3.2 ұлдар әртүрлі техника-ларды, конструкция түрлері мен

ЖОБА

			сақтай отырып, күрделі бұйымдар жасау		заманауи материалдарды қолдана отырып күрделі бұйым жасау
	5.2.3.1 қыздар тоқыма бұйымдарын пішу және сыру тігісін қолдану арқылы қол еңбегі құралдары мен тігін машинасында өңдеу; 5.2.3.2 қыздар түрлі материалдардан (тоқыма, табиғи және жасанды) қарапайым бұйым орындау	6.2.3.1қыздар тігін машинасы және қол құралдарымен қайып тігу, сырып тігу тігіс түрлерін қолдана отырып, тоқыма материалдарын пішу және өңдеу; 6.2.3.2 қыздар әр түрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, бір өнім орындау	7.2.3.1 қыздар әртүрлі конструкциялық, заманауи тоқыма және сәндеу материалдарын қолдана отырып, тігін машинасында технологиялық талапқа сәйкес бұйым жасау	8.2.3.1 қыздар қол мен тігін құрал-жабдықтарын және олардың құрылғыларын қолдана отырып, тоқыма материалдарын өңдеу мен сәндеудің тиімді әдістерін анықтау және қолдану; 8.2.3.2 қыздар өз бетінше құрастырған технологиялық құжат бойынша бұйымдар дайындау	9.2.3.1 қыздар бұйым дайындау барысында материалдарды өңдеу тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану; 9.2.3.2 қыздар сенімділік пен дербестігін көрсету арқылы, әртүрлі техниканы, конструкция түрлері мен заманауи материалдарды қолдана отырып ерекше бұйым жасау
	5.2.3.3 ұлдар/ қыздар шығарма	6.2.3.3 ұлдар/ қыздар шығармашылық	7.2.3.4 ұлдар/ қыздар шығармашылық	8.2.3.3 ұлдар/ қыздар шығармашылық	9.2.3.3 ұлдар/ қыздар шығармаш

	шылық жұмыстармен бұйымдар дайындаудүдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану	жұмыстармен бұйымдар жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану	жұмыстармен бұйымдар жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану	жұмыстармен бұйымдар жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану	ылық жұмыстармен бұйымдар жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану
2.4 Тамақтану мәдениеті	5.2.4.1 ұлдар/ қыздар дұрыс және тиімді тамақтану ережелерін зерделеу және сипаттау; 5.2.4.2 ұлдар/ қыздар дұрыс және тиімді тамақтану мәзірін құрастыру; 5.2.4.3 қыздар тағам әзірлеуге арналған құралдармен жабдықтарды	6.2.4.1 ұлдар/ қыздар қоғамдық тамақтану орындарында, қазақ халқымен әлем халықтарының мәдениетіндегі дастарқан басында өзін-өзі ұстау ережелерін салыстыру және сипаттау; 6.2.4.2 ұлдар/ қыздар әртүрлі іс-шараға арналған дастарқанды безендірудегі білімдері мен тәжірбиелік	7.2.4.1 қыздар әлем халықтарының тағамдарымен әлемге әйгілі аспазшылардың тағамдарындағы ерекшеліктерді сипаттап, салыстыру; 7.2.4.2 қыздар әлем халықтарының және ұлттық тағамдардың жасалу технологияла-рын зерделеу және қолдану; 7.2.4.3		

ЖОБА

	зерделеу және олардың мүмкіншілігін анықтау; 5.2.4.4 қыздар салқын тағамдар мен сусындарды әзірлеу технологиясын білу және қолдану	дағдыларын көрсету; 6.2.4.3 қыздар жылдам орындалатын тағамдар мен десерт дайындау технологияларын білу және қолдану; 6.2.4.4 қыздар әртүрлі тағамдарды дайындау үшін азық-түліктер, құрал-саймандар мен керек-жарақтарын анықтау және таңдау	қыздар әртүрлі тағамдар дайындауда қолданатын қажетті құрал-жабдықтарды, өнімдерді таңдауда өз бетінше нақты шешім қабылдай алу		
2.5 Үй мәдениеті	5.2.5.1 ұлдар/ қыздар өсімдік шаруашылығы мен жеміс-көкөніс түрлерінің негізгі бағыттарын зерделеу және сипаттау; 5.2.5.2 ұлдар/ қыздар өсімдік шаруашы-	6.2.5.1 ұлдар/ қыздар сәндік гүл түрлерін өсіру технологиясын зерттеу және сипаттау; 6.2.5.2 ұлдар/ қыздар сәндік бақша мен гүл өсіру шаруашылығында көктемгі жұмыстар орындау	7.2.5.1 ұлдар ауыл шаруашылығындағы жабдықтарды және заманауи техникаларды сипаттау, жіктеу және бағалау; 7.2.5.1 қыздар интерьер безендіру үшін әртүрлі өсімдіктердің эстетикалық	8.2.5.1 ұлдар/ қыздар ауыл шаруашылық өндірісінің дамуындағы әдіс-тәсілдерді талқылау және бағалау; 8.2.5.2 қыздар медицинадағы, фитотерапия мен косметикадағы	9.2.5.1 ұлдар/ қыздар ландшафты дизайнның элементтерін, заманауи бағыттары мен стильдерін анықтау және сипаттау

ЖОБА

	лығында көктемгі жұмыстар жүргізу		қасиеттерін сипаттау, қолдану және бағалау	өсімдіктердің рөлін зерделеу, талқылау және бағалау	
	5.2.5.3 ұлдар электр энергиясы көздері туралы айтып беру; 5.2.5.4 ұлдар қарапайым электротехникалық арматура мен электромонтажды құралдарды атау мен олардың тағайындалуын түсіндіру	6.2.5.3 ұлдар электросызба элементтерінің графикалық шартты белгілерін зерделеу, анықтау және орындау; 6.2.5.4 ұлдар қарапайым электр тізбектерінің есебін жүргізу және ажырата білу	7.2.5.2 ұлдар электротехникалық арматуралар мен тұрмыстық құралдардың қарапайым жөндеу жұмыстарын жүргізу	8.2.5.2 ұлдар тұрмыстық техника мен электр жабдықтарының эстетикалық, эргономикалық және эксплуатациялық сапаларын салыстыру және бағалау	9.2.5.2 ұлдар жарықтандырудың типтік және әртүрлі түрін анықтау және сипаттау
	5.2.5.5 ұлдар тұрақты ток көздерін пайдалану арқылы қарапайым бұйым құрастыру	6.2.5.5 ұлдар қарапайым сызба бойынша электр тізбектерін орындау және жинау	7.2.5.3 ұлдар электр тізбектеріндегі ақауларды табу; 7.2.5.4 ұлдар есептеулер орындау үшін арнайы бақылау-өлшегіш аспаптарын таңдау және қолдану		9.2.5.3 ұлдар функционалдық, эргономикалық және эстетикалық талаптарды ескере отырып, интерьердегі жарықтандыруды ұйымдастыру бойынша

ҚОБА

					шығармашылық шешімдер дайындау
	5.2.5.6 ұлдар қол құралдарын пайдаланып, ақауларды жою бойынша интерьерді ұйымдастырудың тәжірибелік жұмыстары мен қарапайым жөндеу операцияларын орындау	6.2.5.6 ұлдар электрлік құрал-саймандарды пайдаланып, ақауларды жою бойынша жөндеу операциялары мен интерьерді ұйымдастырудың тәжірибелік жұмыстарын орындау	7.2.5.5 ұлдар интерьерді ұйымдастыру бойынша тәжірибелік жұмыстар орындау барысында жарықтандыруға, желдеткіш және жылу жүйесіне қойылатын нормаларды сақтау және қарастыру	8.2.5.3 ұлдар тұрмыста жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында ақауларды жоюдың тиімді тәсілдерін табу; 8.2.5.4 ұлдар тұрмыста жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында заманауи материалдар мен құрал-жабдықтарды зерделеу, таңдау және қолдану	9.2.5.4 ұлдар /Қыздар интерьерді безендіру, жоспарлау және ұйымдастыру бойынша тәжірибелік жұмысты орындау үшін түрлі салалардағы білімдерін жалпылау
	5.2.5.3 қыздар жеке бас гигиенасы ережелерін зерделеу және сипаттау, әртүрлі шаш пен тері түрін анықтау; 5.2.5.4 қыздар өз бетінше өз-өзіне қарау әрекеттері	6.2.5.3 қыздар тазалау құралдарын, тұрғын үйге қойылатын гигениалық талаптарды зерделеу және сипаттау; 6.2.5.4 қыздар тазалау құралдары мен жабдықтарын	7.2.5.2 қыздар эксплуатациялық, эстетикалық және экологиялық сапаларын бағалай отырып, тұрмыстық техниканың мақсаты мен атқаратын қызметіне қарай жіктеу; 7.2.5.3	8.2.5.3 қыздар өз бетінше материалдар мен техниканы анықтап, таңдай отырып, эстетикалық және техникалық талаптарға сай келетін интерьерге арналған сәндік бұйымдар	

КОПИЯ

	мен тәсілдерін таңдау және қолдану	таңдау және қолдану; 6.2.5.5 қыздар мезгілдік киім мен аяқ-киімдерді күту мен сақтау ережелерін білу және ұстану	Қыздар тұрмыстық техниканы қолдану мен күту ережелерін зерделеу және сипаттау	дайындау	
2.6 Техника қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасының ережелерін сақтау	5.2.6.1 ұлдар/ қыздар техника қауіпсіздігін қадағалап, материалдар мен құралдарды қолдану; 5.2.6.2 ұлдар/ қыздар қол еңбегі құралдары-мен жұмыс істеудің қауіпсіз тәсілдерін, еңбек гигиенасының ережелерін білу	6.2.6.1 ұлдар/ қыздар техника қауіпсіздігін қадағалап және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану; 6.2.6.2 ұлдар/ қыздар қол электрлі құралдары және жабдықтары мен қауіпсіз жұмыс жасау тәсілдерін, еңбек гигиенасы ережелерін білу және түсіндіру	7.2.6.1 ұлдар/ қыздар техника қауіпсіздігін қадағалап, материалдар мен құралдарды қолдану; 7.2.6.2 ұлдар/ қыздар заманауи технологиялық машиналармен қауіпсіз жұмыс жасау жолдарын білу және түсіндіру	8.2.6.1 ұлдар/ қыздар техника қауіпсіздігін қадағалап, материалдар мен құралдарды қолдану; 8.2.6.2 ұлдар / қыздар құрал-жабдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу туралы ескертпе парағын құру	9.2.6.1 ұлдар/ қыздар техника қауіпсіздігін қадағалап, материалдар мен құралдарды қолдану; 9.2.6.2 ұлдар/ қыздар белгілі бір бұйым мен жұмыс түріне арналған техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық құру

3) «Презентациялау, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау» бөлімі:

Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
3.1 Шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы	5.3.1.1 ұлдар/ қыздар сыныпқа дайын жұмысты таныстыру (көрме)	6.3.1.1 ұлдар/ қыздар мектеп аудиториясы алдында өзінің дайын жұмыстарын таныстыру (көрме)	7.3.1.1 ұлдар/ қыздар ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстыру (көрме, сән көрсетілімі)	8.3.1.1 ұлдар/ қыздар онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды қорғау және оны ұсыну	9.3.1.1 ұлдар/ қыздар медиа құралдары мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстарын қорғауды өз бетінше ұйымдастыру
3.2 Идеяларды талдау және бағалау	5.3.2.1 ұлдар/ қыздар пәндік терминологияны қолданып өзінің және өзгелердің жұмыстарында берілген идеялармен тақырыптарды сипаттау	6.3.2.1 ұлдар/ қыздар пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы идеялары мен тақырыптарды салыстыру	7.3.2.1 ұлдар/ қыздар пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы идеялармен тақырыптарды талқылау және бағалау	8.3.2.1 ұлдар/ қыздар пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы идеялары мен тақырыптарды талдау мен бағалау жүргізу үшін критерийлерді қолдану	9.3.2.1 ұлдар/қыздар өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы тарихи, әлеуметтік және мәдениеттік мәнмәтінде рді талдау мен бағалау
3.3 Әдіс-тәсілдерді талдау және бағалау	5.3.3.1 ұлдар/ қыздар пәндік терминологияны қолдана	6.3.3.1 ұлдар/ қыздар пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және	7.3.3.1 ұлдар/ қыздар пәндік терминологияны пайдалана отырып,	8.3.3.1 ұлдар/ қыздар жасалған өнімнің сапасын қолданылған әдіс-	9.3.3.1 ұлдар/ қыздар бұйымның сапасын және өнімнің

	отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді сипаттау	өзгелердің жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді салыстыру	басқалардың және өз жұмыстарындағы әдіс-тәсілдері мен техникаларды талқылау және бағалау	тәсілдерін бағалау және талдау үшін критерийлерді қолдану	сыртқы көрінісін анықтайтын негізгі факторларды талдау және бағалау
3.4 Жұмысты жетілдіру мен бейімдеу	5.3.4.1 ұлдар/ қыздар өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және бейімдеу бойынша конструктивті пікірлер, ұсыныстар білдіру	6.3.4.1 ұлдар/ қыздар өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялау бойынша сындарлы пікір мен негізделген ұсыныстарды қабылдау	7.3.4.1 ұлдар/ қыздар өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды салыстыруда негізделген сыни ұсыныстар жасау	8.3.4.1 ұлдар/ қыздар өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру мен бейімдеуде қолданылған идеяларды талдауда және бағалауда негізделген сыни ұсыныстар жасау	9.3.4.1 ұлдар/ қыздар өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы мақсаттың өзіндік анық көруін және негізделген бағаны өзіндік білдіру

31. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

32. Осы оқу бағдарламасы Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Көркем еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Көркем еңбек» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

1) 5-сынып (ұлдар):

Оқу жоспарындағы ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан		
Визуалды өнер	Бейнелеу өнеріндегі көркем құралдары. Классикалық өнердің үздік туындылары. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары	5.1.2.1 әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу
		5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу (ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану арқылы)
		5.3.2.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарында берілген идеялар мен тақырыптарды сипаттау
		5.3.3.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді (техникасы) сипаттау
	Натюрморт өнері. Ұлттық сәндік натюрморт	5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау
		5.1.6.4 таңдаған тәсілдерінің қасиеттерін ескере отырып, көркемөнер материалдарын, техникаларын пайдалану және эксперимент жүргізу
		5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану
		5.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану

ЖОБА

	Пейзаж. Табиғатпен үйлесім. Әуе перспективасы	5.1.1.1 қоршаған ортаның ассоциативті мағынасы мен визуалды сипаттамасын зерделеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік)
		5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану
	Индустриалды пейзаж. Қала пейзажы. Сызықтық перспектива	5.1.1.1 қоршаған ортаның ассоциативті мағынасы мен визуалды сипаттамасын зерделеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік)
		5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану
2	«Елің үшін еңбек қыл, отыра берме бекерге» (Дулат Бабатайұлы)		
3	«Жақсымен жолдас болсаңыз, айырылмасқа серт етер» (Бұқар жырау)		
4	«Ендігі туған балалар, атаңның сөзін бұзбаңдар!» (Шортанбай Қанайұлы)		
5	«Өзіңнен өзің есеп ал» (Абай)		
Азаматтық және патриотизм			
1	Толеранттылық деген не?	**3**	Әлеуметтік жоба қайырымдылық челлендж «Жақыныңа жанашыр бол»
2	Біз – біртұтас халықпыз!		
3	Отанға арналады		
4	Елім деп соққан жүрегім!		
Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық			
1	Бейнехостинг (YouTube)	**4**	Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу
2	Прокрастинация		
3	Отбасылық табыс		

ЖОБА

4	Жинақтау. Қалта ақшасы		Рөлдік ойындар Схемаларды құру Конкурс
5	Отбасылық шығындар		
6	Тұрғын үй несиесі. Ипотека		
7	Жоспарсыз сатып алу		
8	Отбасы бюджетін жүргізу ережесі		
9	Жинақ жасау түрлері		
Тіршілік қауіпсіздігі			
1	Ережелер мен заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік	**5**	Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу Стартаптар
2	Жауапты мінез-құлық және инфекцияның алдын-алу		
3	Жеке басына қол сұқпаушылық құқығы		
4	Зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділік		
5	Жеке тұлғалықты сақтау құқығы		
6	Алғашқы көмек көрсету ережесі		
Экологиялық мәдениет			
1	Табиғатқа деген сүйіспеншілік	**3**	Стартаптар Дөңгелек үстел (Олажас Сүлейменовтың «Бөлтіріктер» поэмасын талқылау) Зерттеу жұмысы Аргументтік эссе Экологиялық акциялар «Табиғатты қорғау біздің қолымызда!»
2	Болашақта жер қандай болуы керек?		
3	Табиғи апаттар		
4	Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілік		

9-класс

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім)
Парасаттылық және әдеп			
1	Отбасы және неке. Бақыт не әкеледі және бақытқа не кедергі?	**6**	Әлеуметтік жобалар Брифингтер Жобаларды қорғау Бейне дайындау Инфографика
2	Корпоративтік жұмыс мәдениеті		
3	«Әділ деп соны айтыңыз, турасын қисық бұрмаса» (Шортанбай Қанайұлы)		
4	Саяхат әдебі: біз өз еліміздің өкіліміз		

ЖОБА

5	Қарым-қатынас мәдениеті: гендерлік рөлдер		
Азаматтық және патриотизм			
1	Өзгені өзіңдей сыйла	**4**	Жоба Жағдаяттық есептерді шешу Флешмоб Акциялар
2	Әлеуметтік рөлдер мен мәртебелер		
3	Ертеңгі жастар қандай болмақ?		
4	Ынтымағы жарасқан ел		
Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық			
1	Әлеуметтік желілердегі блогерлер	**6**	TEDx өткізу Жоба Рөлдік ойындар Стартаптар
2	Кибербуллинг		
3	Белсенді және пассивті кірістер		
4	Отбасылық бюджеттің түрлері		
5	Отбасы бюджетін жоспарлау		
6	Жинақтарды қалай сақтауға болады		
7	Қаржы пирамидасы		
8	Қаржылық әлеует		
Тіршілік қауіпсіздігі			
1	Қандай да бір қауіп туындаған жағдайда нені білу маңызды?	**5**	Зерттеу жұмысы Ситуациялық есептерді шешу Рөлдік ойындар Схемаларды құру Конкурс Бейнеролик
2	Төтенше жағдайларда өзіме және басқаларға қалай көмектесе аламын?		
3	Өмір мен денсаулыққа қауіпті жағдайлардан қалай шығуға болады?		
4	Қауіпсіздік мәселесін кіммен талқылауға болады?		
5	Отбасын жоспарлау		
6	АИТВ және ЖИТС туралы не білеміз?		
Экологиялық мәдениет			
1	Табиғи ресурстарды қалай пайдаланамыз?	**4**	Экологиялық акциялар «Біз табиғи ресурстарды қалай пайдаланамыз» тақырыбындағы брифинг «Болашақ жер» Эссе Жобаларды қорғау Макулатура жинау және қайталама шикізатты
2	Экологиялық тұрақтылық		
3	Апаттар мен табиғи апаттардың қоршаған ортаға әсері		
4	Таза экологияға құқылымыз		

ЖОБА

5	Табиғи ресурстарды қалай пайдаланамыз?		бөлек жинау «Табиғат дәлсіздіктерге шыдамайды және қателіктерді кешірмейді» тақырыбындағы бейнеролик
Зайырлылық және дінтану негіздері			
1	Зайырлы мемлекет және дін	**11**	Жоба Жағдаяттық есептерді шешу Тесттер
2	Діннің пайда болуы және маңыздылығы, әлеуметтік мақсаты мен жіктелуі		
3	Діннің құрылымы мен қызметтері		
4	Діннің шығу тегі мен тарихи формалары		
5	Ежелгі сенім жүйесі, ұлттық және дәстүрлі діндер		
6	Буддизм. Дін ілімі негіздері.		
7	Христиан діні. Дін ілімі негіздері.		
8	Ислам. Дін ілімі негіздері.		
9	Қазақстандағы ислам.		
10	Қазақстан аумағындағы православты діни ұйымдардың қызметі.		
11	Ислам мәдениеті.		
12	Теріс пиғылдағы діни ағымдар туралы түсінік. Терроризм.		
13	Қазақстан – унитарлық және зайырлы мемлекет.		
14	Қазақстанның дінаралық келісім мен татулық аясындағы саясаты		

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
69-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сыныбына арналған «Өлкетану» курсынан үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Өлкетану курсының басты мақсаты:

1) өзінің туған өлкесі жайлы білімді терең меңгерту және дамыту;

2) жасөспірімдердің бойында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру және отансүйгіштік сезім тәрбиелеу.

3. Аталған мақсаттарға сәйкес білім берудің келесі міндеттері шешілуі тиіс:

1) білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын тереңдету;

2) практикалық және интеллектуалдық дағды мен шеберлікті қалыптастыру және дамыту;

3) болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесу;

4) жеке тұлғаның бойында ізденушілік-зерттеушілік қасиетін, экспедициялық жұмыс дағдыларын қалыптастыру;

5) әр түрлі тәсілдермен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын өлкетану жұмысындағы кешенділікті сақтау: жалпы оқу біліктілігі мен дағдысын, байқағыштықты, ойлауды, қиялдауды, ғылымдарға деген сүйіспеншілікті, білімдарлықты және мәдени деңгейін, әдеби және пәндік тілді, бірнеше тілді меңгеруді, әр түрлі мамандық иелерімен, өзінен үлкен-кіші адамдармен қарым-қатынас дағдыларына икемделу, өз бетімен өмір сүруге және болашақтағы мамандығына психологиялық тұрғыдан дайындалу, моральдық-өнегелілік қасиеттерді, туған өлкеге және Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерді тәрбиелеу.

4. Өлкетану сабақтарда, сынып сағаттарында, олардың тәрбиелік мақсаты ретінде («кіші» Отанына деген патриоттық, азаматтық сезімдерді тәрбиелеу) жүзеге асырылады.

5. Өлкетану курсы жергілікті жердің қыр-сырын ашып көрсету арқылы география, биология, тарих, әдебиет және басқа да пәндерді оқу білімімен

логикалық түрде толықтырады.

6. Өлкетану курсының бағдарламасы сыныпта және мектепте жекелеген зерттеу топтарымен, білім беру ұйымының өлкетану жұмысы Кеңесінің белгілеген экспедициялық зерттеу тақырыптары бойынша жүзеге асырылады.

7. Нақты белгіленген бағдарлама бойынша факультатив сабағы ретінде бөлек оқытылады.

8. Оқу сабақтары үдерісі кезінде туған өлкені тікелей оқып-білу мүмкіндігі шектеулі. Сол себепті, жұмыстың жүйелі-әрекеттік нәтижелерін сыныптан тыс және сабақтан бос уақытта кабинеттерден жергілікті жердің төңірегіне, өзен-көлдердің жағалауына, өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындарына, ескерткіштерге және тарихи даңқ орындарына, мұражайлар мен көрмелерге т.б. жерлерге саяхатқа шығу арқылы жандандыру мүмкіншілігі бар.

9. Оқу барысында білім алушылардың бойында өз өлкесі: оның табиғаты, табиғат ресурстары, өнеркәсіптері, ауыл шаруашылығы, көлік жүйесі, тарихи және мәдени дамуы, белгілі адамдары, өлкенің аудан, облыс, аймақ және республика үшін маңызы жайлы білім жүйесі қалыптасуы тиіс. Білім алушының өз өлкесі экономикасындағы еңбек ресурстарына сұранысы жайлы білу мүмкіндігі бар.

10. 7-сынып білім алушылары туған аймақтың табиғи-экономикалық ерекшеліктерін және олардың даму келешегін оқып-үйренеді. Алдын-ала оқыту мақсатында, бағдарламаға өлкенің экономикасы жайлы тақырыптар кіргізілгенін атап айту қажет, жоғары сыныптарда ол тақырыптар тереңдетіліп оқытылады. Сонымен қатар, өлкетану жұмысының мазмұнына өлкенің тарихи өткені, археологиялық ескерткіштерін, мәдени (сәулет өнері, әдебиет) ескерткіштерін, әр түрлі жанрдағы фольклорлық материалдарды, ұлттық ерекшелігі бар қолөнерді, өлкенің атын шығарған атақты тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерттеу кіреді.

11. Білім алушылардың өз өлкесіне тән негізгі ерекшеліктерді анықтауға жағдай жасайтын, өлкетанудағы оқу-ізденушілік әрекетінің негізгі түрі ретіндегі бұл бағдарлама, іздеу-зерттеу әрекеттерінің алгоритмі болып табылады. Бағдарлама жан-жақты сипатқа ие және еліміздің кез-келген бөлігінде орналасқан туған өлкені, ауылды немесе қаланы, олардың төңірегін оқып-білудегі негізгі бағыттарды көрсетеді.

12. Жыл бойы жүргізілген жұмыстың нәтижесі мектептің өлкетану конференциясында қорытындыланады, үздік жұмыстар марапатталады және аудандық, қалалық конференцияға ұсынылады.

2 тарау. «Өлкетану» таңдау курсының мазмұнын ұйымдастыру

13. 7 - сыныпта өлкетану факультативтік курс ретінде аптасына 1 сағат, жылына 36 сағат оқытылады.

14. Курстың мазмұны келесі тақырыптардан тұрады:

1) «Кіріспе» (1 сағат), өлкетану пәні нені оқытады, курстың мақсаттары мен міндеттері, білім көздері, аумақтың географиялық орны және көлемі (өлкенің, ауылдың, қаланың), елді мекендердің (әкімшілік, экономикалық, ғылыми, туристік, рекреациялық, мәдени, мәдени-тарихи, рухани орталықтар) маңызы және

ерекшеліктері;

2) «Туризм негіздерімен танысу және карталармен жұмыс істеу» (2 сағат):

өлкетануда қолданылатын карталардың түрлері, бағдарлау (бағытты анықтау) негіздері, компас, жергілікті жерде және картада азимутты анықтау, полярлық және маршруттық түсіру тәсілдерімен жергілікті жердің планын жасау технологиялары, шартты белгілер;

туристік техника негіздері (шатырды орнату, заттарды салу, арқанды (жіпті) байлау, өткелдерден өту тәсілдері, алғашқы медициналық көмек көрсету), картаның көмегімен жергілікті жерде жүру, экскурсия кезіндегі қауіпсіздік ережелері;

3) «Өлке аумағының жер бедері» (3 сағат):

жер бедерінің түрлерімен танысу, рельеф құрушы негізгі факторларды анықтау, сейсмикалық үдерістер, жер сілкінуі кезіндегі әрекеттер, жер бедері түрлері атауларының шығу тарихын оқып-білу, тау жыныстарымен танысу;

карталарда және жергілікті жерде өлшеу жұмыстары (нивелирмен жұмыс), дөңдердің (төбелердің), қыраттардың, таулардың биіктігін, беткейдің тіктігін анықтау, жер бедерінің әр түрлі формаларының бейнесін жасау (сурет, карта-сызба, сызба-нұсқа, жергілікті жер нысандарының шартты белгілерінің жиынтығы және модельдеу);

жер бедері бетіндегі антропогендік және табиғи эрозиялық үдерістер және олардың кері әсерінің салдары, оларды болдырмау үшін қолданылатын шаралар, аумақтың экологиясы;

4) «Өлкенің табиғи ресурстары» (3 сағат):

туған өлкенің табиғат ресурстарының тізімін құрастыру және олардың экономиканы дамытудағы рөлін анықтау, өлкенің пайдалы қазбаларымен және кен орындарының ашылу тарихымен танысу, рекреациялық ресурстарды саралау;

пайдалы қазбалардың кен орындарымен және оларды өндіру әдістерімен (тәсілдерімен) танысу, ресурс қорғау технологиялары, кен орнының, карьердің сызбасын жасау, пайдалы қазбалардың, тау жыныстарының үлгілерін жинау;

5) «Жергілікті жердің ауа райы және климаты» (3 сағат):

климат қалыптастырушы факторларды анықтау, ауа райын бақылау әдістері (атмосфера қысымын, ауа температурасын, желдің күші мен бағытын, атмосфералық жауын-шашын мөлшерін өлшеу (құралдармен жұмыс істеу), ауа райының бұл көрсеткіштерін график түрінде көрсету, жақын маңайдағы метеостансаның жұмыс істеу технологиясымен танысу (мүмкіндікке байланысты);

ауа райы өзгерістерінің жергілікті белгілері, ауа райын болжау (әдістерді презентациялау), төтенше жағдай сипатындағы ауа райы құбылыстары, адамның іс-әрекеті;

көпжылдық бақылаулар бойынша өлкенің жалпы климат жағдайларындағы және табиғатындағы өзгерістерге талдау жасау, өзгерістердің негізгі себептерін анықтау (әр түрлі ақпарат көздерінің көмегімен, сонымен қатар байырғы тұрғындардың тәжірибесінен), өлкенің жел энергетикасы, ауа бассейінінің экологиясы;

6) «Өлкенің сулары және оларды пайдалану» (3 сағат):

өлке аумағындағы су нысандарының жіктелуі, жергілікті жердің гидрографиялық жүйесінің сызбасын жасау, атауларының пайда болу тарихын

оқып-білу, су ресурстарын пайдалану, су энергетикасы, су экологиясы;

бір су нысанын зерттеу және сипаттау (өзенді, бұлақты);

өлкенің көлдерін зерттеу және сипаттау (немесе жақын маңайда орналасқан бір көлді);

7) «Өлкенің топырағы» (2 сағат):

өлке топырағының негізгі түрлері, олардың негізгі сипаты және маңызы, топырақ кесіндісін оқып-білу;

жергілікті жердің топырағының құнарлығы, оны сақтау және қалпына келтіру шаралары, агромелиорация технологияларымен танысу (ауыл шаруашылығы жұмысшыларымен және мамандарымен кездесулер);

8) «Өлкенің және қаланың өсімдіктері» (3 сағат):

өлке аумағындағы өсімдік жамылғысын оқып-білу, өсімдіктердің түрлерін және олардың ішінен ғажайып түрлерін анықтау, өлкенің өсімдік жамылғысының жағдайы, қаланың өсімдік жамылғысы, Астана қаласын және оның маңайын көгалдандыру тәжірибесі;

өлкеде өсетін өсімдіктердің жекелеген түрлерін оқып-білу, олардың пайдалы және емдік қасиеттерімен танысу;

кеппешөптердің көмегімен жергілікті жердің өсімдіктерін оқып-білу және сипаттау, флористикалық бұрыш ұйымдастыру;

9) «Өлкенің жануарлар дүниесі» (4 сағат):

өлке аумағының жануарлар дүниесін анықтау және оқып-білу, жануарлардың топтарын және олардың ғажайып түрлерін анықтау, жануарлар дүниесін қорғау;

өлкенің жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін оқып-білу, қауіпті және пайдалы жәндіктер, кәсіптік жануарлар және олардың маңызы, қазақтың ұлттық аңшылық өнері – саяткерлік;

туған өлкенің табиғат мұражайларына саяхат жасау (аң аулау қоғамдарының, орман шаруашылығының жұмысшыларымен кездесулер), құс үйшіктерін жасау және ілу;

10) «Өлкенің және қаланың ерекше қорғалатын аумақтары және табиғатты қорғау» (3 сағат):

туған өлкенің қорғауды талап ететін өсімдіктері мен жануарларын анықтау және тізімін құрастыру, олар жайлы фотоальбомдар, бейне слайдтар, бейнефильмдер жасау (жұмысты презентациялау);

туған өлкенің және оған жақын аумақтардың «Қызылкітаптық», эндемикалық өсімдіктері мен жануарлары;

ерекше қорғалатын аумақтар және нысандарға (мүмкіндікке байланысты): қорықтарға, қорықшаларға, ұлттық саябақтарға, табиғат ескерткіштеріне, хайуанаттар бағына, ботаникалық бақтарға, дендрарилерге, орман шаруашылықтарына саяхат жасау, олардағы табиғатты қорғау жұмыстарының технологияларымен танысу;

11) «Өлкенің, қаланың шаруашылығы» (4 сағат):

маңызы бар (ауылдың, ауданның, қаланың) өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының орналасуының карта-сызбасын құрастыру, өлкенің кәсіпорындары және мекемелерінде сұранысқа ие мамандықтар;

өнеркәсіп және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының жұмысымен танысу

(кәсіпорындардың жетекшілерімен және мамандарымен кездесу);

кәсіпорынға экскурсия жасау, техникамен, технологиялармен және технологиялық үдерістермен танысу, әр түрлі мамандық иелерімен танысу;

алдын-ала жасалған жоспар бойынша аудан, қала үшін аса маңызды кәсіпорындарды оқып-білу және сипаттама беру, өнеркәсіптік, сонымен қатар экспорттық және импорттық қарым-қатынастардың сызба-нұсқасын құрастыру;

12) «Өлкеде өмір сүретін халықтардың тарихы және мәдениеті» (4 сағат):

жақын маңайдағы археологиялық ескерткіштер, ерте замандағы тұрақтардың, елді мекендердің, қалалардың, қорғандардың, қорымдардың сызба-нұсқаларын жасау, әдеби мұра көздерін зерттеу;

өлкенің ең бастапқы игерілуінің тарихи-қоғамдық, экономикалық және табиғи факторлары, аумақтың қоныстану, игерілу және даму үдерісінің қысқаша тарихы;

мәдениет (қазақ және өлке аумағында өмір сүретін басқа да ұлт өкілдерінің шығармашылығы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ұлттық тағамдары, ұлттық қолөнері);

өлкенің белгілі адамдары, өлкенің, қаланың дамуына үлес қосқан адамдардың өмірбаянымен және еңбегімен танысу;

13) қорытындылау (1 сағат), бөлімдер бойынша жинақталған материалдарды ресімдеу, оларға презентация жасау және мектептің өлкетану мұражайына тапсыру.

3 тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

15. Пәндік нәтижелер, 7-сыныптың соңында білім алушылар туған өлкесінің:

1) географиялық жағдайының ерекшеліктерін;

2) өлкедегі елді мекендердің дәрежесі мен маңызын;

3) географиялық нысандарының атауларын;

4) аумақ және рельеф көлемінің ерекшеліктерін;

5) табиғат ресурстарының жиынтығын;

6) пайдалы қазбаларының негізгі кен орындарын;

7) өз өлкесінің рекреациялық мүмкіндіктерін;

8) ауданның гидрография жүйесін, негізгі су нысандарын;

9) өз өлкесінің ауа райы мен климатының ерекшеліктерін;

10) төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттерді;

11) топырағын, өсімдік жамылғысының негізгі түрлерін;

12) өз өлкесінің жануарлар дүниесінің негізгі түрлерін;

13)өсімдіктердің және жануарлардың ерекше түрлерін;

14) өлкенің ерекше қорғалатын аумақтарын;

15) өлкенің экономикалық «тұрпатын», өнеркәсіптің және ауылшаруашылығы-ның негізгі кәсіпорындарын;

16) экспорттық өнімдерін;

17) жақын маңайдағы археологиялық ескерткіштерді және тарихи нысандарды;

18) өлкенің қоныстану, игерілу және даму үдерісін;

19) негізгі халықтарын, олардың мәдениетін, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын және қолөнерін;

20) өлкенің белгілі, еңбек сіңірген адамдарын білулері тиіс.

16. 7-сыныптың соңында білім алушылар:

1) аумақтың географиялық орнының және өлкенің географиялық нысандарының негізгі белгілеріне карта көмегімен талдау жасай;

2) табиғат ерекшеліктеріне сипаттама жасау барысында карталардың көмегімен өлшеу жұмыстарын орындай;

3) өз өлкесінің климаты және ауа райының, суларының ерекшеліктеріне, тау жыныстарына, пайдалы қазбаларына талдау жасай;

4) өлкенің өсімдік жамылғысына және жануарлар дүниесіне, топырағына сипаттама бере;

5) өз өлкесінің шаруашылығына, жекелеген маңызды кәсіпорындарына, олардың өнімдеріне, шаруашылық байланыстарына жалпы және толық сипаттама бере;

6) өлкенің тарихын, дамуының негізгі факторларын, қоныстануының ерекшеліктерін, халық құрамының көпұлтты болу себептерін, олардың мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сипаттап, түсіндіре;

7) туған өлке аумағындағы табиғат кешені және оның компоненттерін қорғау жағдайын, экологиялық, басқа да проблемаларды анықтап және сипаттама бере алулары тиіс.

17. Білім алушылардың тұлғалық нәтижелері:

1) белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуінен, өз Отанына қызмет етуге және оның мүддесін қорғауға дайын болуынан;

2) туған өлкесінің табиғатын сақтауға және көркейтуге, қолынан келерлік еңбегімен оның экономикасын, экологиясын жақсартуға ұмтылуынан;

3) өлкенің көрнекті өкілдерінің рухына, халықтардың тарихына, мәдениетіне және салт-дәстүріне құрметпен қарауынан көрініс табады.

18. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер:

1) іздеу-зерттеу жұмыстары кезінде алынған ақпаратты саралау, өңдеу, жинақтау, қолдану шеберлігі;

2) іс-әрекетті және зерттеуді жоспарлау, танып білу әдістерін меңгеру;

3) қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, білім беру ресурстарын, мұрағат деректерін қолдана білу, алынған ақпаратқа презентация жасау;

4) коммуникативтік қабілетті, көптілділікті дамыту және өздігінен, шағын не үлкен топтарда жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
70-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбы үшін «Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы» курсының үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының 7-бағытын: «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғам табысының негізі» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысымен бекітілген "Ұлттық рухани жаңғыру" ұлттық жобасының «Қазақстандық бірегейлік пен зияткерлік әлеуетті дамыту» 1-міндетін ескере отырып, әзірленді.

2. Елдің табысты дамуының басты шарты – ішкі саяси тұрақтылықты, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету, әрі қалыптасқан этникалық қауымдастықтардың терең тарихы негізінде этносаралық қатынастар мәдениетін арттыру болып табылады.

3. Курс бағдарламасы жастарымызға тәрбие берудегі басты бағыттардың бірі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамытуды қарастырады. Бағдарламаның болашақ ұрпақты толерантты әрі өзге этностардың құндылықтарын құрметтейтін азамат ретінде тәрбиелеудегі маңызы зор.

4. Курсты оқыту мақсаты:

Білім алушыларға Қазақстанның көпэтносты қоғам ретінде қалыптасу тарихын белгілі заңдылықтар мен тарихи үдерістер негізінде таныстыру. Қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды жолдары мен шарттарын түсіндіру.

5. Оқыту міндеттері:

1) этнос ұғымының адам өміріндегі рөлін, оның басты белгілері мен қызметтерін көрсету;

2) Қазақстан аумағындағы этномәдени үдерістердің негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерін түсіндіру;

3) этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихын кезеңдер арқылы ашып көрсету;

4) этностардың бай этникалық тарихы, мәдениеті және олардың қоғам өмірін ұйымдастырудағы қызметтерімен таныстыру;

5) көпэтносты, әрі көпконфессиялы қоғам құрудағы қазақстандық тәжірибенің ерекшеліктерін айқындау.

6) Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы этностар өмірінің әртүрлі сатыдағы даму деңгейінің барлық қырларын қарастыратындықтан, пәнаралық байланыстар орната білудің мүмкіндігі өте мол. Пәнаралық байланыс белгілі бір

этноска ортақ фактілер, деректер, түсініктер мен идеялар бойынша жүргізіліп, білім алушылардың оқу материалдарын шығармашылықпен игеруіне, оқу дағдылары мен икемділіктерін қалыптастыруға септігін тигізеді. Курс тақырыптарына байланысты пәндер тізімінен тек тарих, әдебиет сияқты гуманитарлық пәндерді ғана емес, жаратылыстану-математика цикліндегі пәндерді де көруге болады.

2-тарау. «Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы» курсының мазмұнын ұйымдастыру

7) Оқу жүктемесінің көлемі:

8-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағат.

8. Курстың білім мазмұны төмендегідей тарауларды қамтиды:

9. Кіріспе: пән туралы түсінік, мақсат-міндеттері, өзектілігі. Қазақстан халқы, оның күрделі этникалық құрамы. Қазақ этносының ұлт құру және мемлекет құру әлеуеті. Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласында ұстанатын саясаты (1 сағат).

10. "Этнос әлемі" (5 сағат):

1) Этнос ұғымы: этнос ұғымының мәні. Негізгі түсініктер: этникалық тарих, ұлттық мемлекет, унитарлық мемлекет, федерация, титулдық этнос, көпэтностық қоғам, этносаралық коммуникация, диаспора, интеграция, ассимиляция, консолидация (1 сағат);

2) Алғашқы этникалық бірлестіктердің пайда болуы (антропогенез, расогенез және этногенез). Этностардың қалыптасуына ықпал ететін түрлі факторлар (тарихи, географиялық, саяси, мәдени). Ірі миграциялық үдерістердің жер шарының этникалық бет-бейнесінің қалыптасуына тигізген әсері (2 сағат);

3) Қазіргі замандағы этникалық қарым-қатынастар: Жер бетін мекендеген этностарды тілдік, антропологиялық, шаруашылық, діни ерекшеліктері бойынша жүйелеу. Қазіргі әлемдегі этностардың өзара қарым-қатынастары және негізгі үдерістері (2 сағат).

11. "Көне және ортағасырлардағы Қазақстанның этносаралық қарым-қатынас мәдениеті" (4 сағат):

1) Қазақстанның этникалық тарихы: Қазақстан этно-саяси бірлестіктерінің әлем этностарымен қарым-қатынасы тарихынан. Қазақстан территориясын мекендеген халықтардың өзара этногенетикалық және мәдени сабақтастығы (1 сағат);

2) Қазақтардың өзге халықтармен қалыптасқан қарым-қатынас жүйесі: Қазақ мемлекетінің саяси-дипломатиялық мәдени байланыстары. Қазақ одағына кірген өзге этникалық топтар мен ұлыстар және олардың қоғамға интеграциялануының механизмдері (кірме, ру құрамына ену, төлеңгіттер институты, шалақазақтар). Тамыр болу, қонақжайлылық дәстүрі (2 сағат);

3) Қазақ халқының мәдениеті. Дәстүрлі рухани және материалдық мәдениет – ұлттық сана-сезімді қалыптастырушы фактор. Ұлттық стереотиптер (1 сағат).

12. «Көпэтносты Қазақстанның қалыптасу тарихы» (13 сағат):

1) Өзге этнос өкілдерінің Қазақстанға қоныстануының алғашқы кезеңі: XVIII ғасырдың орта шеніндегі Қазақ хандығының этникалық территориясы мен халқы. Ресей, Қытай, Орта Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасы (1 сағат);

2) XIX ғасырдың басындағы Ресей реформалары және этникалық құрамдағы өзгерістер: XIX ғасырдың басындағы Ресей реформаларының қазақ қоғамындағы этносаралық қатынастарға тигізген әсері. Казак-орыстардың жергілікті халықтармен мәдени-тұрмыстық байланыстары. Шаруашылықтағы өзара байланыстар. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің үлгілерін қабылдауы. Жайық, Орынбор, Сібір, Жетісу казак-орыстары қоныстарының қалыптасуы. Отырықшы қоныстардың пайда болуы (1 сағат);

3) XIX ғ. этникалық құрамның күрделенуі: Қазақстанды крестьяндық (қарашекпен) отарлаудың кезеңдері. Ұйғырлар мен дүнгендердің қазақ жеріне қоныс аударуы. Жергілікті халықтармен мәдени тұрмыстық байланыстары. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің отырықшы мәдениет үлгілерін қабылдауы (1 сағат);

4) Қазақ жеріндегі этносаралық қарым-қатынас XIX ғасырдың зиялы қауымының назарында: А.И.Левшин, Т.Г.Шевченко, Ш.Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, С.Бабаджанов, В.В.Радлов, Ы.Алтынсарин, Н.И.Ядринцев, В.К.Фон Герн, И.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, М.Ж.Көпейұлы, т.б. қазақ жерін мекендеген этностардың мәдени ерекшеліктері және қарым-қатынастары жөнінде (1 сағат);

5) Алаш зиялыларының этносаралық қатынастарға қатысты ұстанымы: Алаш бағдарламасындағы ұлыс және ұлт саясатының көріністері. Алашорда үкіметінің мемлекет құру және этносаралық мәселелерді шешу үшін жүргізген күресі (1 сағат);

6) Кеңес үкіметінің орнауы: 1920-1930 жылдардағы саяси-қоғамдық және демографиялық ахуал. КСРО құрамында Қазақ республикасының құрылуы және территорияның межеленуі. 1921-1922, 1932 жылғы аштық. 1929 жылғы переселен басқармасының құрылуы. Демографиялық жағдайдағы өзгерістер (2 сағат);

7) Қазақстан – үлкен депортациялық лагерь: 1930-1950 жылдардағы тұтас халықтарды елімізге жер аудару тарихынан. Олардың көрген қиыншылықтары мен жаңа жерге орнығуы. Лагерьде азап шеккендер. Қазақ халқы тарапынан қамқорлық (2 сағат);

8) Тың және тыңайған жерлерді игеру кезіндегі этникалық үдерістер: Тың игеру науқаны кезінде республикаға келген халықтар. Демографиялық жағдайдың күрт өзгеруі (2 сағат);

9) Кеңес үкіметінің XX ғасырдың 2-ші жартысында республикада жүргізген ұлттық саясаты: білім беру, мәдениет салаларындағы саясат. "Халықтар достастығы зертханасы" идеясы. Қазақ тілінің жағдайы. Қазақстандағы кіші этностардың жағдайы (1 сағат);

10) Қазақстан – егеменді мемлекет: КСРО-ның ыдырауы. КСРО-ның ұлттық саясатының дағдарысы. Қазақстанның егемендік алуы. Алғашқы декларация мен тәуелсіздік туралы заң (1 сағат).

13."Тәуелсіз Қазақстан – көпэтносты және көпконфессиялы мемлекеттің жаңа үлгісі" (6 сағат):

1) Егеменді еліміздің ұлттық саясаттағы алғашқы қадамдары: отарлық жағдайдан шынайы тәуелсіздікке өту үдерісі. Ата заң. Қазақстанды мекендеген

этностар мен этникалық топтардың арасында жаңа қатынастардың қалыптасу тарихы. Қазақстанның мемлекеттік және ұлттық рәміз-нышандары (1 сағат);

2) Қазақ ұлты өзге этникалық топтардың ұйтқысы ретінде: мемлекет және ұлт құрушы қазақ этносы. Мемлекет және тіл саясаты, қазақ мәдениетінің көпэтностыортадағы орны мен қызметі, қазақ халқының саяси-демографиялық ахуалы (1 сағат);

3) Қазақстанды мекендеген этникалық топтар және олардың қоғамдық-саяси өмірде алатын орны: орыс, өзбек, украин, ұйғыр, кәріс, татар, башқұрт этномәдени қауымдастықтары. Қазақстандағы этносаралық үйлесім, өзге этникалық топтар мен этнос өкілдері туралы ақпарат және демографиялық жағдай. Қазақстанды мекендеген этностардың материалдық ескерткіштері. Қазақ жерін мекендеген этностардың дәстүрлі өнері, ерекше мерекелері (2 сағат);

4) Қазақстан – этнос және конфессияаралық татулықтың жаңа үлгісі. Қазақстандағы діни конфессиялар мен топтар. Олардың қоғамдық өмірдегі орны. Түрлі этностар мен конфессиялардың арасында үйлесім мен тұрақтылықты сақтауға бағытталған Қазақстан тәжірибесі. Әлемдік дін өкілдерінің бас қосулары (2 сағат).

14. «Қазақстан халқының ортақ салт-дәстүрлері мен мерекелері» (3 сағат):

1) 1 мамыр – Қазақстан халқының достығы мен татулығы мерекесі: Мерекенің маңызы, өткізілу барысы, көріністер. Қазақстанды мекендеген этностардың бейбітшілікті, бірлікті, татулықты дәріптейтін рухани қазыналары мен құндылықтары (1 сағат);

2) Қазақстан халқының діни-конфессиялық мерекелері: Мұсылмандардың ораза-айт және құрбан айт, христиандардың рождество, т.б. мерекелері (1 сағат);

3) Наурыз – Қазақстан этностары үшін шынайы жаңғыру мерекесі: Наурыз мерекесінің тарихи бастаулары мен аңыздар. Наурыздың салт-дәстүрлері. Наурыз – табиғат пен адам баласының болашаққа деген үміті (1 сағат).

15. "Қазақстан халқының ассамблеясы және этносаралық қатынастар" (3 сағат):

1) Қазақстан халқы Ассамблеясының даму стратегиясы. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылу тарихы. Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясы – ұлттық келісім, қауіпсіздік, азаматтық білім. Этномәдени орталықтардың ашылуы (2 сағат);

2) Қазақстан Республикасының ұлттық доктринасы және этностардың өзара ықпалдастығының артуы. Қабылдану қажеттілігі. Негізгі қағидалары. 3) Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тұрақтылық пен татулықты сақтаудағы рөлі, этносаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты. (1 сағат);

16. Қорытынды қайталау (1сағат).

3 тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

17. Пәндік нәтижелер бойынша 8-сыныптың соңында білім алушылар:

1) этнос ұғымының адам өміріндегі орнын, оның басты белгілері мен қызметтерін;

2) Қазақстан аумағындағы этномәдени үдерістердің негізгі заңдылықтары мен ерекшеліктерін;

3) этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихының негізгі кезеңдерін;

4) этностардың этникалық тарихы мен Қазақстан аумағына қоныс аудару себептерін;

5) этностар этнографиясы мен олардың қоғам өмірін ұйымдастырудағы қызметтерін;

6) көпэтносты, әрі көпконфессиялы қоғам құрудағы қазақстандық тәжірибенің ерекшеліктерін білуі тиіс;

7) этносаралық қатынастардың қоғамның саяси және әлеуметтік өміріндегі рөлін;

8) Қазақстан этностары тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктерін;

9) Қазақстан аумағындағы этномәдени үдерістердің негізгі заңдылықтарын;

10) этнос өміріндегі мәдениеттің рөлін анықтауды;

11) салт-дәстүрдің жеке тұлғаның дүниетанымының қалыптасуындағы орнын талдауды;

12) діннің қоғамның мәдени және рухани дамуындағы рөліне баға беруді;

13) оқытылатын тақырыпқа байланысты толық жоспар құруды;

14) тарихи құжаттармен өздік жұмыс жасауды;

15) этникалық топтарға, маңызды тарихи оқиғаларға, тарихи тұлғаларға өзіндік сипаттама беруді;

16) алған білімін жаңа жағдайға көшіре білуді;

17) өткен материалдар бойынша жеке пікірін айта алуды және дәйектер негізінде өз көзқарасын қорғай алуды;

18) баяндама мен хабарламалар жасауды;

19) жекелеген тақырыптар бойынша тест жасауды;

20) тест тапсырмаларын орындауды;

21) қосымша мәліметтерді өз алдына іздестіруді меңгеруі тиіс.

18. Тұлғалық нәтижелер білім алушылардың:

1) азаматтық, этникалық, мәдени сәйкестілігі мен патриотизмнің қалыптасуынан, өз халқы мен өзге этностарға деген құрметі, көпэтносты өз Отанының кешегі тарихы мен бүгінгі күніне мақтанышпен және келешегіне зор сеніммен қарауынан;

2) Қазақстан қоғамының белсенді әрі жауапты мүшесі ретінде жалпы адамзатқа тән гуманитарлық және демократиялық, дәстүрлі ұлттық құндылықтарды саналы түрде қабылдап, өз Отанының алдында жауапкершілігін сезінуінен;

3) қазіргі заманғы қоғамдық құбылыстардың мәні мен көпэтникалық және көпконфессиялы әлемдегі өмірді түсіну үшін тарихи білімді қолдану дағдыларынан;

4) Қазақстан этностарының тарихи мұрасына деген құрмет, еліміздің көпэтникалық және көпконфессиялы қоғамында тарихи қалыптасқан толеранттылық дәстүрлерін қабылдап, одан әрі жалғастырудан көрініс табуы тиіс.

19. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер бойынша:

1) білім алушының өз көзқарасы негізінде кезкелген жорамалдың өмірсүруге құқы барын дәлелдей алуы;

2) Қазақстан тарихы, сонымен қатар өзге де гуманитарлық пәндерден жинақтаған білімдерін қолдана білуі;

3) тарихи және этнографиялық деректерді зерделеуде, тарихи оқиғалардың нұсқалары мен бағалауларын салыстырмалы тәсіл негізінде әртүрлі сабақ түрлерін;

4) оқытудың бірнеше әдістерін қолдану арқылы көтеріліп отырған мәселелерге байланысты әртүрлі көзқарастарды талдай білуді;

5) белгілі бір этносқа тән толассыз тарихи уақиғаларды баяндау арқылы мәселелік оқыту әдістерін;

6) білім алушыларды дербес танымдық іс-әрекетке тарту, қызықтыру, жеке тұлға есебіндегі қасиеттері мен шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында өзіндік жұмысты сабақ жүргізудің, ұйымдастырудың формасы ретінде жүзеге асыруда;

7) тарихи құжаттарды тарихи сюжеттердің мысалы ретінде ғана қолданбай, тарихи танымды қалыптастыратын негізгі білім обьектісі деңгейіне жеткізудің;

8) тарихи құжаттар, анықтамалармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, оларды талқылау мен талдауға үйретететін әдістерді қолдануы тиіс.

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
71-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1.Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының мәні және маңызы оның қазіргі қоғам қажеттілігі мен тұрақтылығының ғылыми тұғырнамасы ретіндегі өзектілігінен, қоғам тарихы, мәдениеті мен рухани құндылығын анықтайтын бастаулардан тұрады. Зайырлылық және дінтану негіздері жалпы орта білім жүйесіндегі әлеуметтік-гуманитарлық және қоғамтанулық білім алудың құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Қазақстанның қазіргі саясаты елімізде ұлт, этникалық топтар мен мәдениет арасындағы өзара сыйластық құру, өзара татулықты орнату, рухани, адамгершілік құндылықтарға негізделген қоғамдық жүйе құруға бағытталған.

4. Мемлекет және дін, өркениет және дін, мәдениет және дін қатынастары мен тарихын білу, адамзаттың сан ғасырлық рухани тәжірибесінің көрінісін тану болып табылады.

5. Қазақтың белгілі ойшылдары - әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Бұқар жырау, Шортанбай, Мәшһүр Жүсіп, Абай, Ыбырай, Шәкәрім, Ғұмар Қараш рухани мұраларында ел тарихындағы діннің рөлі мен оның жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастырудағы маңызын тарихи сана мен тәжірибе негізінде ашып көрсетті.

6. Курсы оқыту мақсаты:

білім алушыларға гуманистік дүниетанымын қалыптастыра, зайырлылық қағидатын тұрақтылықтың басты факторы ретінде таныстыру.

7. Курсты оқытудың міндеттері:

1) білім алушыларға діннің мәні, дін тарихы және діннің қазіргі қоғамдағы рөлі жөнінде өздігінен үйренуге баулу;

2) зайырлылық ұстанымды мемлекеттіліктің негізі ретінде таныта отырып, ұлт тәуелсіздігінің құндылығын түсіндіру бағытындағы білім қалыптастыру;

3) зайырлылық тұрғысынан діни сенім, діни сана және діни тәжірибе негіздерін салыстыра білуді үйрету;

4) діннің дүниетанымдық, мәдени-өркениеттік және адамшылық мәнін түсіндіру;

5) білім алушыларды адамның діни сенім еркіндігін сыйлау, елдік құндылық болып табылатын ынтымақтастықты құрметтеу, адамгершілікке баулу арқылы ұстаным негізінде бағалау діни ағымды зайырлылық дағдысын қалыптастыру;

6) Қазақстандағы этномәдени, дінаралық қатынастарды зайырлылық ұстанымның ұтымды нәтижесі ретінде танытып, оқушыларды азаматтық мінез, бен жауапкершілік қасиетке тәрбиелеу;

7) ұлттық қауіпсіздікке, зайырлылық ұстаным мен қоғам тұрақтылығына қауіп төндіретін экстремизм, терроризм, діни радикализм сияқты кесапаттардың теріс идеологияларының қаупін түсіндіріп, зайырлы мемлекет қағидаттарына құрмет сезімін тәрбиелеу;

8) білім алушылардың бойында діни әдебиеттер, электрондық ресурстар және бұқаралық ақпарат құралдары дін тақырыбындағы материалдарын ақыл-парасат тұрғысынан өзара салыстыра білу және сыни талдау тұрғыда сараптау мәдениеті мен қабілеттерін қалыптастыру;

9) құқықтық және діни сауаттылықтың қоғам өміріндегі маңызын түсіндіре отырып, Қазақстан Республикасы азаматының құқықтары мен еркіндіктерін сыйлауға тәрбиелеу;

Бағдарламада ұсынылған материалды игеру барысында «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақ әдебиеті», «Құқық негіздері» сияқты пәндермен пәнаралық байланыс пен сабақтастықты орнату қарастырылған.

2 тарау. «Зайырлылық және дінтану негіздері»курсының мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. Оқу курсының мазмұны

8. Оқу жүктемесінің көлемі: 9-сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат.

9. Оқу пәнінің мазмұны төмендегідей тақырыптарды қамтиды:

1) Кіріспе: «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының мәні (1 сағат).

2) Зайырлылық және зайырлы мемлекет: ұғымы, мәні, сипаты. Зайырлы мемлекет және дін. Зайырлы этика негіздері. Білім жүйесіндегі зайырлылық қағидаттары (2 сағат).

3) Діннің қалыптасуы мен мәні, әлеуметтік маңызы мен жіктелуі. Діннің құрылымы және функциялары. Дінтану ғылымының қалыптасуы мен дамуы. Негізгі діни ұғымдар. Политеизм. Монотеизм. Дін - рухани мәдениет феномені

(2 сағат).

4) Діннің бастаулары мен тарихи түрлері. Көне наным-сенім жүйелері,

ұлттық және дәстүрлі діндер. Ежелгі Мысыр, Грекия, Рим діни түсініктері. Шығыс елдерінің діни дүниетаным жүйелері. Зәрдүштік діни ілім жүйесі. Тәңірлік дүниетаным. Кітап түсірлген ежелгі діни қауымдар тарихы. Мұса пайғамбар және Тәурат, Забур (4 сағат).

5) Буддизм діни ілім негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу аймақтары. Буддизмнің аясындағы діни ағым тармақтары (1 сағат).

6) Христиан діни ілім негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері. Иисус Христос және Библия. Христиан дінінің негізгі бағыттары. Қазіргі заманғы христиан діні (3 сағат).

7) Ислам дінінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері. Мұхаммед пайғамбар және Құран Кәрім. Ислам діні аясындағы қалыптасқан діни бағыттар мен ағымдар. Мұсылман құқығының негізгі мектептері (мазхабтар). Ханафи құқықтық мектебінің ерекшеліктері мен маңызы. Матурудия мектебінің ерекшеліктері мен тарихи ролі. Сопылық танымдық мектебі. Ислам, ғылым және мәдениет (5 сағат).

8) Қазақстан аумағындағы ислам. Қарлұқ-Қарахан мемлекетіндегі исламның мемлекеттік дін ретінде орнығуы. Қожа Ахмет Йасауидің хикметі. Алтын Ордадағы исламның тарихы. Қазақ хандығы тұсындағы исламның рөлі. Қазақ жырауларының мұрасындағы исламдық діни таным. Қазақ хандығы тұсындағы зайырлылық бастаулары. XX ғасырдағы Қазақстандағы атеизим саясаты. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы ислам діні. Ханафи құқықтық нормаларының Қазақстанда таралуы (5 сағат).

9) Қазақ жеріне христиан дін өкілдерінің келуі. Қазақстан Республикасы аумағындағы православиелік діни ұйымдар қызметі. Қазақстан Республикасы аумағындағы католиктік және протестанттық діни ұйымдар қызметі (2 сағат).

10) Ислам мәдениеті. Исламдық сәулет өнері. Ислам мәдениетінің жазба ескерткіштері. Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари, Ахмет Иүгінеки, Хусамеддин Сығнақи, Бұқар жырау, Бекет ата, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Бекасыл Биболатұлы, Ғұмар Қараштың діни мұралары (3 сағат).

11) Жалған діни ұйымдар мен ағымдар туралы түсінік. Дін атын жамылған теріс пиғылды ағымдар, олардың белгілері және зардабы. Тыйым салынған діни ұйымдар. Терроршылық - дінге жат ұғым. Діни экстремизм мен терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке қатері (3 сағат).

12) Қазақстан – унитарлы және зайырлы мемлекет. Қазақ халқы – діни тұтастығын сақтаған ұлт. Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамасы. Зайырлылық – мемлекеттік жүйенің негізі, ұлттық қауіпсіздіктің кепілі. Діни сенім еркіндігі туралы түсінік. Қазақ халқы Қазақстандағы діни және этникалық тұрақтылықтың кепілі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.А. Назарбаевтың халықаралық қауымдастықта бейбітшілік пен дінаралық келісім орнату саласында жүргізген саясаты. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тұжырымдамасы. Қазақ Елінің тұрақтылығы, ынтымақтастығы және дін мәселесіндегі сабақтастық ұстанымы (5 сағат).

3 тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

10. Пәндік нәтижелер. 9-сыныптың соңында білім алушылар:

1) негізгі діни ұғымдарды;

2) зайырлылық пен дін арақатынасын;

3) діндер тарихы мен сенім ерекшеліктерін;

4) жалған діни ағымдардың белгілерін;

5) экстремизм мен терроризмнің қауіп-қатерін;

6) қазақ халқының сан ғасырлық мұсылмандық таным-түсінігін;

7) Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы;

8) Республикадағы діни ұйымдар, мемлекет және мәдениет арасындағы өзара қатынасын;

11. Тұлғалық нәтижелер. Білім алушылар:

1) конфессияаралық құрмет пен толеранттылықтың негіздерін тануы; 2) мемлекет, діни бірлестіктер және мәдениет арасындағы қатынастардың мәнін білуі; 3) діни сенім, діни таным, діни сана мен діни тәжірибе ара-жігін ажырату қабілетіне ие болуы; 4) қоғам тіршілігіндегі діннің, сенімнің дүниетанымдық және танымдық миссиясын түсінуі;

5) діннің әдеп-ахлақтық құндылықтарын тануы және түсіндіруі;

6) діни радикализм мен экстремизм, терроризм секілді жаһандық жағымсыз құбылыстар идеологияларының қауіпін түсінуі;

7) қоғамға қауіпті экстремистік, террористік мәндегі теріс діни ағымдардың ерекшеліктерін тануы;

8) дін және ғылым, зайырлылық пен құқық, дін және жалған діни ағымдардың арақатынасын ажырата білуі тиіс.

12. Жүйелілік іс-әрекеттік нәтижелер. Білім алушылар:

1) дінтанулық тұрғыдан маңызды мәліметтер мен жүйелі білімді жүйелі игеруі;

2) ақпараттарды сыни тұрғыда сараптау мәдениеті мен қабілеттерін меңгеруі;

3) шығармашылық оқу жобалары мен зерттеу жұмыстарының басқа да түрлерін орындауда пайдалану үшін ақпаратты бағдарлап талдай білуі;

4) қоғамға қауіпті экстремистік, террористік діни топтар мен ағымдардың насихаты, идеологиялары мен бүлік тәжірибесінің әсеріне қарсы тұра білу;

5) қазіргі ақпараттық технологияларды игеруі;

6) діни мәселелер бойынша пікірталасқа, ой бөлісуге, түрлі мәдениеттер мен діни жүйенің ерекшеліктері бойынша хабардар болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « «
№ бұйрығына
72-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Алаштану» таңдау курсының үлгілік оқу бағдарламасы

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы Ұлттық даму жоспарының «Білім беру сапасын арттыру» 3-міндетін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысымен бекітілген «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының «Қазақстандық бірегейлік пен зияткерлік әлеуетті дамыту» 1-міндетін, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының «Патриотизм құндылықтарын дәріптеу» 6-жалпыұлттық басымдығын ескере отырып, әзірленді.

2. Алаш қозғалысы – қазақ елі тарихының жарқын бір беті, ұлттық рух пен мемлекеттілік идеясының, отандық ғылым мен білімнің, мәдениет пен руханияттың айқын көрінісі. XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан тарихының «ақтандақ» беттері Алаш қозғалысы, Алаш партиясы және Алашорда тарихымен тікелей байланысты.

3. Қазіргі уақытта қоғамымызда Алаш идеясы – тәуелсіздік идеясы деген ой-пікір берік қалыптасуда. Білім беру үдерісінде XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Алаш қозғалысына байланысты құбылыстар, оқиғалар, тұлғалар, еңбектер туралы білім алушылардың түсінігін, талдау дағдысын қалыптастыру – ел тәуелсіздігі талаптарымен орайласып жатқан көкейкесті міндет.

4. Бағдарлама білім алушылардың Алаш тұлғаларының мемлекеттік және ғылыми-шығармашылық қызметін білу арқылы отаншылдық қабілетін арттыруға бағытталған.

5. Курсты оқыту мақсаты:

Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің және оның қайраткерлерінің қазақ жері мен мемлекеттілігі және ұлттық идея мен рухани-мәдени сананы қалыптастыру жолындағы қызметтерін тарихи арнада талдап оқыту.

6. Оқыту міндеттері:

1) жаңа замандағы білім беру үдерісінде Алаш қозғалысына байланысты құбылыстар, тарихи оқиғалар, тұлғалар келбеті, сан салалы еңбектер туралы білім алушылардың тарихи түсінігін қалыптастыру;

2) білім алушыларды Алаш тұлғаларының мемлекеттік және ғылыми-шығармашылық қызметі арқылы отаншылдық қасиеттерге баулу және тәрбиелеу;

3) білім алушылар бойында тәуелсіздік, ел, жер, ұлттық болмыс, ұлттық таным, ұлттық намыс, ұлттық сана категорияларын Алаш қозғалысы тарихы

арнасында қалыптастыру;

4) қазақ мемлекеттілігінің тәжірибесі санатындағы Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі, Алаш автономиясы және Түркістан автономиясы сияқты тарихи құбылыстар туралы білім алушылар санасында жүйелі білімді орнықтыру;

5) Алаш тұлғаларының отандық ғылым мен білімнің бастауындағы мұраларын зерделеу;

6) білім алушылардың «Алаштану» курсы бойынша тарихи үдерістерді дербес талдай білу біліктілігін дамыту, тарихи фактілер, құбылыстар мен тұлғаларға дербес көзқарас білдіру бейімін жетілдіру және тақырыптық негізде түйінді тұжырымдар жасауды қалыптастыру;

7) білім алушылардың алаштануға қатысты деректермен жұмыс істей білу және осы саладағы білімін шығармашылықпен дамыту дағдысын арттыру;

8) ізденімпаздық қабілеттерін жетілдіру, тұлғалық әлеуметтену үдерісіне ықпал ету;

9) мемлекеттік қайраткерлік қызметін қадірлейтін және елдік дәстүр құндылықтарын жете түсінетін саналылық келбетін дамыту;

10) білім алушылардың Алаш тәжірибесіндегі әлем мәдениетіне, зайырлылық пен өркениетке құрметпен қарау дағдысын жетілдіру.

7. Курсты оқытуда мынадай оқу пәндерімен пәнаралық байланыс жүзеге асады:

1) «Дүниежүзі тарихы» және «Қазақстан тарихымен»: Қазақстан тарихы – дүниежүзі тарихының құрамдас бөлігі; көршілес мемлекеттердің тарихымен байланысты қарастырылатын ортақ мәселелердің болуы; XX ғасырдың басы мен 20-30 жылдардағы Қазақстан тарихының күрделі, «тар жол, тайғақ кешу» беттері;

2) «Географиямен»: Қазақ КСР мен Қазақстан Республикасы территориясы мен шекарасының анықталу кезеңі; Қазақстан территориясында әлеуметтік-экономикалық реформалардың жүргізілу мерзімдері; Ресей мемлекеттік Думасында, Кеңес өкіметінің бастапқы жылдарында Алаш қайраткерлерінің жартылай көшпелі қазақ шаруашылығын дамытуға байланысты ұстанымдары, тұжырымдамалары;

3) «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиетімен»: XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғаларды бейнелеген ақын-жазушылардың шығармалары; XX ғасырдың басындағы жүйеленген әліпби, емле, жазу реформалары; білім мен ғылым тілінің қалыптасуы, қазақ тіліндегі алғашқы оқу құралдары.

8. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбында «Алаштану» курсын оқытуда оқытушы мынадай жалпы педагогикалық қағидаларды ұстануы тиіс:

1) тарих пәнін жете меңгеріп, басқа да гуманитарлық пәндерден (әдебиет, тіл, өнер, география т.б. пәнаралық байланыс) қабілетті болу;

2) білім алушымен дербес жұмыс істеу үшін білім алушылардың қызығушылығын арттыратын, «мамандандыратын» (мемлекет және қоғам қайраткерлері, мемлекетшілдік ізденіс тарихы, шығармашылық, мәдениет және т.б.) оқу материалына қосымша элементтерді қосу;

3) білім алушыларды нәтижелі және белсенді жұмыс түрлеріне тартатын ізденіс форматтарын (семинар, тренинг, дөңгелек үстел, баспасөз конференциясы, рөлдік ойындар, пікірсайыс, т.б.) тірек ету;

4) деректерді, оқиғаларды, құбылыстарды, тұлғаларды тарихи пайымдау

мен бағалауды қалыптастыратын өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

2 тарау. «Алаштану» таңдау курсының мазмұнын ұйымдастыру

9.Оқу жүктемесінің көлемі:

9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында – 36 сағат.

10. «Алаштану» курсының базалық мазмұны төмендегідей тақырыптардан тұрады:

1) Кіріспе: «Алаштану» курсының мектеп бағдарламасында алатын орны. «Алаш» ұғымының жаңғыруы мен жандануы. Алаш қозғалысы – ұлт-азаттық күрестің айрықша белесі. Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметі тарихының тарихнамасы мен дерекнамасына қысқаша шолу (1 сағат).

11. «Алаш қозғалысы және ұлттық мүдде» (7 сағат):

1) Алаш қозғалысының қалыптасуы мен дамуы. XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы: Столыпин реформасынан кейін Ресей империясының ұлттық аймақтарындағы жер мәселесі. Патшалық үкіметтің қоныстандыру саясатынан туындаған күрделі ахуал. Шет аймақтардағы теңсіздік. Алаш қозғалысының шығуы мен өріс алуы. Ұлт зиялылары – Алаш қозғалысының тірегі. 1905 жылғы Қарқаралы құзырхаты (петициясы). Алаш қозғалысы және Ресей Мемлекеттік Думасы. Қазақ зиялылары және ресейлік саяси қозғалыстар мен ағымдар (2 сағат);

2) Қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғырту бастамалары және Алаш қайраткерлігі: Отаршылдыққа қарсы күрестің жаңа бағыттары. Ұлттық басылымдар. Ана тіліндегі газет-журнал, кітап, мектеп үшін күрес. «Оян, қазақ!» тұжырымдамасы. «Айқап» басылымы және қазақ мәселесі. Баспасөз бетінде саяси жүйе мен отаршылдыққа қарсы сынның күшеюі. Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның аграрлық экономика саласындағы бастамашыл істері. «Қазақ» газеті. Автономия туралы ой-пікірлер. 1916 жылғы көтеріліске қатысты Алаш қозғалысы жетекшілерінің ұстанымдары мен қайраткерлік қызметтері (2 сағат);

3) XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ ұлттық элитасы және идеялық-саяси ағымдар: Ресей отаршылдығы және дүниежүзілік антиимпериалистік күрес аясындағы қазақ оппозициясы. Ресей мұсылмандары қозғалысы. Саяси партиялардың жұмысына қатысу. Коммунистік идеология: интернационализм және пролетарлық тапшылдық. Дербестік және тәуелсіздік идеялары. Қазақ оқығандары арасындағы пікір алуандығы (отырықшылық және көшпелі тұрмыс, мүфтият, әліпби, т.б. туралы). Ұлттық мұраттар. Діни-ағартушылық тұғырнамалар (2 сағат).

12. «Алаш партиясы, Алаш автономиясы және Алашорда» (10 сағат):

1) 1917 жылғы Ресейдегі Ақпан төңкерісі және Қазақ өлкесіндегі ұлттық-демокртиялық қозғалыс. 1917 жылғы ақпан төңкерісі және қазақтар. Монархияның құлауы. Қазақ зиялыларының Уақытша үкіметпен қарым-қатынасы. Ұлт қайраткерлерінің көпвекторлы саясаты. Қазақстандағы земство қозғалысы және оның сайлау науқаны. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы сайлауы және қазақ қоғамы. 1917 жылғы Қазан төңкерісі және Алаштың

көзқарасы. Саяси күштердің тоғысуы. Ресейлік азаматтық қарсы тұру үдерісі (2 сағат);

4) тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады;

5) «Қазақ тілі» пәні бағдарламасы білім алушының тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

2-тарау. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

2-тарау. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұны

4. Қазақ тілі пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағатты;

2) 11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

5. Оқу мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

1) тыңдалым және айтылым;

2) оқылым;

3) жазылым;

4) әдеби тіл нормасы.

6. «Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) болжау;

2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;

3) негізгі ойды анықтау;

4) тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау;

5) сөйлеу мәдениетін дамыту;

7. «Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ақпаратты түсіну;

2) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;

3) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;

4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

5) мәліметтерді өңдей білу;

6) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

8. «Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;

2) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;

3) эссе жазу;

4) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;

5) шығармашылық жұмыс;

6) мәтіндерді түзету және редакциялау.

9. Әдеби тіл нормасы бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) орфография;

2) орфоэпия;

3) лексика;

ЖОБА

4) грамматика;

5) пунктуация.

10. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми іскағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б. мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша өзіндік пікір жаза білу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу), әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу,

редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша).

11. Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру, мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу; сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау, таза ғылыми және публицистикалық стильдерін тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми іс-қағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі, мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия, мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік

және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау, көтерілген мәселе бойынша академиялық тұрғыдан эссе жаза білу, мәселенің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап жазу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу, әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді қазіргі орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, әлеуметтік-саяси шешендік қатынас аясында сөз әдебі мен сөйлеу мәнерін дұрыс қолдану, мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып), мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

12. Бағдарламада «оқыту мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» сынып, «2.1» екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» оқыту мақсатының реттік саны.

13. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) тыңдалым және айтылым:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Болжау	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру	11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу
2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау
3. Негізгі ойды анықтау	10.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау	11.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізі

	және ғаламдық мәселелермен байланыстыру	ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен салыстыру
4. Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау	10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау	11.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау
5. Сөйлеу мәдениетін дамыту	10.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу	11.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу

2) оқылым:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Ақпаратты түсіну	10.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау	11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау
2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану	10.2.2.1 ғылыми-көпшілік стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері)	11.2.2.1 таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы)
3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	10.2.3.1 көпшілікке арналған дәріс, интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау	11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі дәріс, интервью, мақала, баяндама, тезис, аннотация, рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іскағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іскағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
5. Мәліметтерді өңдей білу	10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу	11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру
6. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	10.2.6.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу	11.2.6.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу, дәйексөз келтіру

3) жазылым:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	10.3.1.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу	11.3.1.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, тезис, аннотация, рецензия жазу
2. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну	10.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу	11.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау
3. Эссе жазу	10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)	11.3.3.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
4. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу	10.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу)	11.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу
5. Шығармашылық жұмыс	10.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу	11.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу
6. Мәтіндерді түзету және редакциялау	10.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау	11.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау)

4) әдеби тіл нормасы:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Орфографиялық норма	10. 4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	11.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2. Орфоэпиялық норма	10. 4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті	11.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті

	сөйлеу мәнеріне сай қолдану	сөйлеу мәнеріне сай қолдану
3. Лексикалық норма	10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу	11.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)
4. Грамматикалық норма	10. 4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу	11.4.4.1 мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)
5. Пунктуациялық норма	10. 4.5.1 сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу	11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

14. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

15. Осы оқу бағдарламасы жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының (оқыту қазақ тілінде) ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын (оқыту қазақ тілінде) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары (оқыту қазақ тілінде)

1) 10-сынып:

Лексика-грамматикалық бөлім	Грамматика-лық материал	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті	Кітаби тіл. Сөйлеу тілі	Тыңдалым және айтылым	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; 10.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық- саяси) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру
		Оқылым	10.2.2.1 ғылыми-көпшілік стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері); 10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу
		Жазылым	10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі)

		Әдеби тіл нормалары	10.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; 10.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2-тоқсан			
2. Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті	Сөз дәлдігі	Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау
		Оқылым	10.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 10.2.3.1 көпшілікке арналған дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
		Жазылым	10.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; 10.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау
		Әдеби тіл нормалары	10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу
3-тоқсан			
3. Адамзат дамуының жаһандық мәселелері. Тілдік жүйе және норма	Сөз қолданысындағы ерекшеліктер және стиль. Ғылыми әдебиет тілінің ерекшеліктері	Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу
		Оқылым	10.2.3.1 көпшілікке арналған интервью құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу; 10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
		Жазылым	10.3.1.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазу; 10.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу
		Әдеби тіл нормалары	10.4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу

ҚОБА

4. Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма	Сөз тазалығы. Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктері	Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау
		Оқылым	10.2.3.1 көпшілікке арналған очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іскағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
		Жазылым	10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе); 10.3.1.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, нұсқаулық жазу; 10.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу
		Әдеби тіл нормалары	10.4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу
4-тоқсан			
5. Сәулет өнері. Тілдік жүйе және норма	Жаңа қолданыстағы сөздер. Ғылыми әдебиет атауларының ерекшелігі	Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу
		Оқылым	10.2.3.1 көпшілікке арналған мақаланың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10.2.6.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу
		Жазылым	10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (аргументативті эссе); 10.3.1.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазу; 10.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу
		Әдеби тіл нормалары	10.4.5.1 сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

2) 11-сынып

Лексика-грамматикалық бөлім	Грамматикалық материал	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер	Ойталқы (диспут). Ғылыми стильдің тілдік ерекшелік тері	Тыңдалым және айтылым	11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; 11.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен салыстыру
		Оқылым	11.2.2.1 таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы); 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі тезис, аннотацияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
		Жазылым	11.3.1.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, тезис, аннотация жазу; 11.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу; 11.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау)
		Әдеби тіл нормалары	11.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; 11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу
2-тоқсан			
2. Экология: ядролық және мұнай өндірістері. Шешендік сөздер	Айтыс. Сыни пікірдің өзіндік ерекшелігі	Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау
		Оқылым	11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 11.2.6.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу, дәйексөз келтіру
		Жазылым	11.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу; 11.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық

			жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу
		Әдеби тіл нормалары	11.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)
3-тоқсан			
3. Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция. Шешендік сөздер	Сөзталас. Ресми іскағаздар стилінің тілдік ерекшелік тері	Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау; 11.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу
		Оқылым	11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі интервью, мақаланың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру
		Жазылым	11.3.1.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью жазу; 11.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау; 11.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау)
		Әдеби тіл нормалары	11.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
4. Әлемді өзгерткен өнертабыстары Шешендік сөздер	Пікір алмасу. Публицистикалық стильдің тілдік ерекшелік тері	Тыңдалым және айтылым	11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; 11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау
		Оқылым	11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру
		Жазылым	11.3.1.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, рецензия жазу;

ЖОБА

			11.3.3.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
		Әдеби тіл нормалары	11.4.4.1 мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)
4-тоқсан			
5. Туризм: экотуризм. Шешендік сөздер	Әңгіме және дөңгелек үстел. Ой айқындылығы. Сөз дәлдігі. Пікірталас мәдениетіндегі сөз қолданыс тар	Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу
		Оқылым	11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі баяндаманың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
		Жазылым	11.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау; 11.3.3.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі)
		Әдеби тіл нормалары	11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

ЖОБА

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
75-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

4. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

5. Жалпы орта білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

6. «Қазақ тілі» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

6) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады;

7) білім алушылардың қазақ тілін күнделікті өзі еркімен қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны тілдік заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

8) қазақ тілі жүйесін құраушы кіші жүйелерді, тіл бірліктерін және олардың табиғатын танып біледі;

9) тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып-біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады;

10) «Қазақ тілі» пәні бағдарламасы білім алушының тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

2-тарау. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұны

4. Қазақ тілі пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағат.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

5. Оқыту мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

5) тыңдалым және айтылым;

6) оқылым;

7) жазылым;

8) әдеби тіл нормасы.

6.«Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) болжау;

2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;

3) негізгі ойды анықтау;

4) тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау;

5) сөйлеу мәдениетін дамыту.

11. «Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

7) ақпаратты түсіну;

8) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;

9) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;

10) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

11) мәліметтерді өңдей білу;

12) әртүлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

12. «Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

7) әртүлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;

8) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;

9) эссе жазу;

10) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;

11) шығармашылық жұмыс;

12) мәтіндерді түзету және редакциялау.

13. Әдеби тіл нормасы бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) орфография;

ҚОБА

2) орфоэпия;
3) лексика;
4) грамматика;
5) пунктуация.

14. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми іскағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б. мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия және мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, информациялық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, эссе түрлерінің құрылымын сақтай отырып, көтерілген мәселе бойынша өзіндік пікір жаза білу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу), әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең,

хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қою (үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша).

15. Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу, мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру, мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау, мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу, сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану;

2) оқылым: әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау, таза ғылыми және публицистикалық стильдерін тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы), әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу, ауызекі сөйлеудің стильдік бедерін дұрыс қолдану, публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу, ресми іскағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу, әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау (фонетикалық деңгей, лексикалық деңгей, морфологиялық деңгей, синтаксистік деңгей негізінде), мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру, белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу;

3) жазылым: жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар), ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру, ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б.мәтіндер құрастыру, ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, дәріс, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия мәтіндер құрастыру, публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж,

сұхбат, ақпарат, ақпараттық хабар, очерк, памфлет жазу, көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру (таңдау бойынша), мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау, көтерілген мәселе бойынша академиялық тұрғыдан эссе жаза білу, мәселенің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдап жазу, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу, әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу, жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетудер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді қазіргі орфографиялық нормаға сай жазу, сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу, сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу, сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, әлеуметтік-саяси шешендік қатынас аясында сөз әдебі мен сөйлеу мәнерін дұрыс қолдану, мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып), мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

12. Бағдарламада «оқыту мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны.

13. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) тыңдалым және айтылым:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Болжау	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру	11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу
2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды,	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау

	тілдік оралымдарды талдау	
3. Мәтіннен ақпаратты анықтау	10.1.3.3 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, астарлы ойды анықтау	11.1.3.3 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру, факті мен көзқарасты ажырата білу
4. Негізгі ойды анықтау	10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру	11.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау
5. Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастыру және бағалау	10.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау	11.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау
6. Сөйлеу мәдениетін дамыту	10.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу	11.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу

2) оқылым:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Ақпаратты түсіну	10.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау	11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау
2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану	10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері)	11.2.2.1 таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы)
3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату	10.2.3.1 көпшілікке арналған дәріс, интервью, мақала, очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау	11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі дәріс, интервью, мақала, баяндама, тезис, аннотация, рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау
4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау	11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау

ЖОБА

5. Мәліметтерді өңдей білу	10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу	11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру
6. Оқылым стратегияларын қолдану	10.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу	11. 2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу
7. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу	10. 2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу	11.2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу

3) жазылым:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Жоспар құру	10.3.1.1 жоспар түрлерін құру (қарапайым, күрделі, тезистік)	11.3.1.1 жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар)
2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	10.3.2.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу	11.3.2.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, тезис, аннотация, рецензия жазу
3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну	10.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу	11.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау
4. Эссе жазу	10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)	11.3.4.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)
5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу	10.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу)	11.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу
6. Шығармашылық жұмыс	10.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме,	11.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу

	шығарма) ұсына білу	
7. Мәтіндерді түзету және редакциялау	10.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау	11.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау)

4) әдеби тіл нормасы:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Орфографиялық норма	10. 4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	11.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2. Орфоэпиялық норма	10. 4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	11.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану
3. Лексикалық норма	10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу	11.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)
4. Грамматикалық норма	10. 4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу	11.4.4.1 мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)
5. Пунктуациялық норма	10. 4.5.1 сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу	11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

14. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

15. Осы оқу бағдарламасы жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын (оқыту қазақ тілінде)) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып:

Лексика-грамматикалық бөлім	Грамматикалық материал	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Тіл және алаш идеясы. Сөз мәдениеті	Кітаби тіл. Сөйлеу тілі	Тыңдалым және айтылым	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; 10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру
2. «Физика» пәнін оқыту мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүиетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру.

3. Мақсатқа сәйкес оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері мынадай болып табылады:

1) білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы іргелі білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерді меңгеруіне ықпал ету;

2) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлективтік мәдениетін дамытуға, физикалық экспериментті және зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын қалыптастыру;

3) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) меңгерген дағдыларды табиғат ресурстарын пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда, қоғам мен адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қолдану.

2-тарау. «Физика» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Параграф 1. «Физика» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

4. «Физика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағатты;

2) 11-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

5. Оқу пәнінің мазмұны 9 бөлімді қамтиды:

1) механика;

2) молекулалық физика;

3) электр және магнетизм;

4) тербелістер;

5) толқындар;

6) оптика;

7) кванттық физика;

8) нанотехнология және наноматериалдар;

9) космология.

6. «Механика» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) кинематика;

2) динамика;

3) статика және гидростатика

4) сақталу заңдары;

5) гидродинамика.

7. «Молекулалық физика» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) молекулалық физика;

2) газ заңдары;

3) термодинамика негіздері;

4) сұйық және қатты денелер.

8. «Электр және магнетизм» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) электростатика;

2) тұрақты ток;

3) әртүрлі ортадағы электр тогы.

4) магнит өрісі;

5) электромагниттік индукция.

9. «Тербелістер» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) механикалық тербелістер;

2) электромагниттік тербелістер;

3) айнымалы ток.

10. «Толқындар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) электромагниттік толқындар.

11. «Оптика» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) толқындық оптика;

2) геометриялық оптика.

ЖОБА

12. «Кванттық физика» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) атомдық және кванттық физика;

2) атом ядросының физикасы.

13. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) «Кинематика». Дене қозғалысы кинематикасының негізгі теңдеулері мен графиктері; салыстырмалы қозғалыс, қисық сызықты қозғалыс кинематикасы;

2) «Динамика».Күштер; күштерді қосу; Ньютон заңдары; бүкіл әлемдік тартылыс заңы; гравитациялық өрістегі дене қозғалысы;

3) «Статика және гидростатика». Массалар центрі; тепе-теңдік түрлері, қатынас ыдыстар; Паскаль заңы, атмосфералық қысым, Торричелли тәжірибесі.

4) «Сақталу заңдары». Механикадағы импульс және энергияның сақталу заңдары, серпімді және серпімсіз соқтығысулар;

5) «Гидродинамика». Газдар мен сұйықтардың ламинарлық және турбуленттік ағысы, денелердің тұтқыр сұйықтағы қозғалысы;

№ 1 Зертханалық жұмыс: «Тұтқыр сұйықта қозғалатын кішкентай шардың қозғалысын зерттеу»;

6) «Молекулалық физика». Молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары, термодинамикалық параметрлер; кристалл және кристалл емес заттар, қатты денелердің, сұйықтар мен газдардың моделі, молекула-кинетикалық теорияның негізгі теңдеуі;

7) «Газ заңдары». Идеал газ күйінің теңдеуі; изопроцестер; адиабаталық процесс;

8) «Термодинамика негіздері». Идеал газдың ішкі энергиясы, термодинамикалық жұмыс, жылу мөлшері, жылусыйымдылық, термодинамиканың бірінші заңы, адиабаталық процесс, термодинамиканың екінші заңы, жылу қозғалтқыштары;

9) «Сұйық және қатты денелер». Қанықкан және қанықпаған бу, ауаның ылғалдылығы, шық нүктесі, сұйықтың беттік керілуі, жұғу, қылтүтіктік құбылыстар;

10) «Электростатика». Электр заряды, Кулон заңы, электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі, біртекті электр өрісіндегі электр өрісінің кернеулігі мен потенциалдар арасындағы байланыс, электрсыйымдылық; конденсаторлар; электр өрісінің энергиясы;

11) «Тұрақты ток». Электр тогы, ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі; толық тізбек үшін Ом заңы, электр тогының жұмысы мен қуаты, ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті, пайдаланылған энергия құны;

№ 2 Зертханалық жұмыс. «Өткізгіштерді аралас жалғауды оқып үйрену»

№ 3 Зертханалық жұмыс. «Ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау».

12) «Әртүрлі ортадағы электр тогы». Металдардағы электр тогы; асқын өткізгіштік, жартылай өткізгіштердегі электр тогы, жартылай өткізгішті құралдар, электролит ерітінділеріндегі электр тогы, электролиз заңы, газдардағы және вакуумдегі электр тогы;

№ 4 Зертханалық жұмыс: «Электролиттердегі электр тогының пайда болуын зерттеу»;

13) «Магнит өрісі». Магнит өрісі; тогы бар өткізгіштердің әсері, Ампер тәжірибесі, магнит индукциясының векторы; бұрғы ережесі; Ампер күші; зарядталған бөлшектердің магнит өрісіндегі қозғалысы; заттардың магниттік қасиеттері; жасанды магниттер; соленоид;

14) «Электромагниттік индукция». Магнит ағыны, электромагниттік индукция, электромагниттік индукция заңы; Ленц ережесі; магнит өрісінің энергиясы; электрқозғалтқыш және тұрақты токтың электрогенераторы;

14. Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) «Механикалық тербелістер». Гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері;

2) «Электромагниттік тербелістер». Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер; механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастық;

3) «Айнымалы ток». Айнымалы ток генераторы; еріксіз электромагниттік тербелістер; электр тізбегіндегі кернеу резонансы; Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану;

№ 1 Зертханалық жұмыс: «Трансформатор орамасындағы орам санын анықтау»;

4) «Электромагниттік толқындар». Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы; радиобайланыс; детекторлы радиоқабылдағыш; аналогты-сандық түрлендірулер; байланыс арналары; байланыс құралдары;

5) «Толқындық оптика». Жарықтың интерференциясы; жарықтың дифракциясы; дифракциялық торлар; жарықтың поляризациясы;

№ 2 Зертханалық жұмыс: «Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау»;

№ 3 Зертханалық жұмыс: «Поляризация құбылысын бақылау»;

6) «Геометриялық оптика». Геометриялық оптика заңдары, жазық-параллель пластинадан шағылу, толық ішкі шағылу; оптика-талшықты тасымалдаушылар, оптикалық құралдар;

№ 4 Зертханалық жұмыс: «Шынының сыну көрсеткішін анықтау»;

7) «Атомдық және кванттық физика». Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы; сәулеленудің түрлері; спектрлер; спектрлік құралдар; спектрлік анализ; инфракызыл және ультракүлгін сәулелену; рентген сәулелері; электромагниттік сәулелену шкаласы; фотоэффект; фотоэффектіні қолдану; жарық қысымы; жарықтың химиялық әсері; лазерлер; голография; фотография; томография;

8) «Атом ядросының физикасы». Табиғи радиоактивтілік; радиоактивті ыдырау заңы; атомдық ядро; ядронық нуклондық моделі; изотоптар; ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы; ядролық реакциялар; жасанды радиоактивтілік; ауыр ядролардық бөлінуі; тізбекті ядролық реакция; сындық масса; радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері; радиациядан қорғану; ядролық реактор; ядролық энергетика; термоядролық реакциялар;

№ 5 Зертханалық жұмыс: «Жартылай ыырау периодын анықтау»;

9) «Нанотехнология және наноматериалдар». Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, өзекті мәселелелері және дамуы*;* наноматериалдар;

10) «Космология». Жұлдыздар әлемі; жұлдызға дейінгі қашықтық; айнымалы жұлдыздар; біздің Галактика; басқа Галактикалардың ашылуы; квазарлар; Үлкен жарылыс теориясы; қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі қашықтықты анықтау; қара құрдым; Әлемнің ұлғаюы; Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері; әлемнің моделдері; өмір және Әлем туралы ойлар; қара материя; нетронды жұлдыздар; аса жаңа жұлдыздар; Герцшпрунг-Рассел диаграммасы.

Параграф 2. Оқу мақсаттарының жүйесі

15. Бағдарламада «оқу мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.4. кодында «10» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны.

Білім алушылар білуі тиіс:

Бөлімше	10-сынып	11-сынып
1.1 Кинематика	10.1.1.1 - кинематика теңдеулерін қолдану және орын ауыстыру, жылдамдық, үдеудің графиктерін талдай білу	
	10.1.1.2 - жылдамдықтар мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңына күнделікті өмірден мысалдар келтіру	
	10.1.1.3 - қисықсызықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау	
1.2 Динамика	10.1.2.1 - бірнеше күштің әрекетінен болатын дененің қозғалысына есеп шығарудың алгоритмдерін құру	
	10.1.2.2 - бүкіл әлемдік тартылыс заңын түсіну және ғарыш аппаратының қозғалысын сипаттау	
	10.1.2.3 - көкжиекке бұрыш жасай және вертикаль лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі физикалық шамалардың өзгерісін сипаттау	

ЖОБА

1.3 Статика және гидростатика	10.1.3.1 - абсолют қатты дененің және денелер жүйесінің массалар центрін анықтау	
	10.1.3.2- Паскаль заңын сипаттау және оның қолданылуы	
	10.1.3.3- гидростатикалық қысым терминін түсіндіру	
1.4. Сақталу заңдары	10.1.4.1 - сақталу заңдарын сандық және эксперименттік есептерді шығаруда қолдану	
1.5 Гидродинамика	10.1.5.1 сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстарын сипаттау	
	10.1.5.2 - тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтау және физикалық шамалардың өлшеу дәлдігін ескереру	
	10.1.5.3 - эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну	
2.1 Молекулалық физика	10.2.1.1 - температура мен молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының байланысын сипаттау	
	10.2.1.2 - идеал газ моделін сипаттау	
	10.2.1.3-кристалл және кристалл емес қатты заттардың құрылысын ажырату	
2.2 Газ заңдары	10.2.2.1 - идеал газ күйінің негізгі теңдеуін қолдану және изопроцестер графиктерін ажырату	
2.3Термодинамика негіздері	10.2.3.1 - термодинамиканың бірінші және екінші заңының мағынасын түсіндіру	
	10.2.3.2 - жылу қозғалтқышының жұмыс істеу	

ЖОБА

	принципі мен қолданылуын сипаттау	
2.4 Сұйық және қатты денелер	10.2.4.1 -ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау	
	10.2.4.2- сұйықтың беттік керілу құбылысының табиғатын түсіну және қылтүтіктік құбылыстардың өмірдегі маңызы	
3.1 Электростатика	10.3.1.1 - электр өрісінің қасиетін талқылау және оның күштік сипаттамасын анықтау	
	10.3.1.2 - электр өрісінің қозғалыстағы зарядтарға әсерін сипаттау;	
	10.3.1.3 - гравитациялық және электростатикалық өрістердің қасиеттерін салыстыру	
	10.3.1.4 - конденсаторларды тізбектей және параллель жалғау формулаларын есеп шығаруда қолдану	
3.2 Тұрақты ток	10.3.2.1 - аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолдану	
	10.3.2.2 - өткізгіштерді аралас жалғауды зерттеу	
	10.3.2.3- элерктр қозғаушы күші мен кернеу көзінің әртүрлі жұмыс режиміндегі (жұмыстық, бос жүріс, қысқа тұйықталу) байланысын зерттеу	
	10.3.2.4 - тұрмыстағы электр құралдарының жұмыс құны мен қуатына практикалық есептеулер жүргізу	
3.3 Әртүрлі ортадағы электр тогы	10.3.3.1 - әртүрлі ортадағы электр тогының пайда болуын салыстыру	
	10.3.3.2 - электролиз үдерісіндегі электр тогы шартын эксперимент арқылы анықтау	

ЖОБА

	10.3.3.3-жартылай өткізгішті құралдардың қолданылуына мысалдар келтіру	
	10.3.3.4 - асқын өткізгіштік құбылысы мен практикалық қолданылуын сипаттау;	
3.4 Магнит өрісі	10. 3.4.1 - өткізгіштің магнит өрісін сипаттайтын шамаларды түсіну	
	10. 3.4.2 - сол қол ережесін қолдануды және зарядталған бөлшектердің қозғалысы мен тогы бар өткізгішке магнит өрісінің әсерін сипаттау	
	10. 3.4 .3 - магниттік материалдардың(неодим магниттер, датчиктер, сейсмометрлер, металл детекторлар) заманауи қолдану аймағын және олардың қолдану үрдісін талқылау	
	10.3.4.4 - жасанды магниттерді эксперимент жүзінде жинау және қолданылу аясын түсіндіру	
	10.3.4.5 - соленоидтың магнит өрісіне әсер ететін факторларды сипаттау	
3.5 Электромагниттік индукция	10.3.5.1 - магнит ағыны өзгеруі салдарынан электр қозғаушы күштің пайда болуын түсіндіру	
	10.3.5.2 - Ленц ережесін түсіндіру	
	10.3.5.3 - электромагниттік құралдардың (электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін түсіну	
	10.3.5.4 - магниттік-резонанстық томографияның практикалық маңызын түсіну	
4.1 Механикалық тербелістер		11.4.1.1 - эксперименттік, аналитикалық және графиктік тәсілмен

ЖОБА

		гармоникалық тербелісті (x(t), v(t), a(t)) зерттеу
4.2 Электромагниттік тербелістер		11.4.2.1 - еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттау 11.4.2.2 - механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіру
4.3 Айнымалы ток		11.4.3.1 - генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттеу
		11.4.3.2 - физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен элерктр қозғаушы күші максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттау
		11.4.3.3 - резонанс шартын түсіндіру және оның қолданылуына мысал келтіру; 11.4.3.4 - Резонанстық жиілікті есептеу
		11.4.3.5 - электр энергиясын тасымалдау үшін жоғары кернеудегі айнымалы токтың экономикалық артықшылықтарын түсіндіру
		11.4.3.6 - трансформатор орамасындағы орам санын эксперимент арқылы анықтау
		11.4.3.7 - Қазақстандағы электр энергиясы

ЖОБА

		көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау
5.1 Электромагниттік толқындар		11.5.1.1 - электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіру және олардың қасиеттерін сипаттау
		11.5.1.2 - жоғары жиілікті электромагниттік тербелістердің амплитудалық (АМ) және жиіліктік (FM) мен детектрленуін сипатт ау; 11.5.1.3- радиоқабылдағыштың жұмыс істеу принципін түсіндіру
		11.5.1.4 - аналогтықпен салыстырғанда сандық форматтағы сигналды берудің артықшылықтарын түсіндіру
		11.5.1.5 - байланыс құралдарын жүйелеу және оларды жетілдірудің жолдарын ұсыну
6.1 Толқындық оптика		11.6.1.1 – жарық жылдамдығын анықтаудың зертханалық және астрономиялық әдістерін түсіндіру
		11.6.1.2 – дифракциялық торды толқын ұзындығын анықтау үшін қолдану
		11.6.1.3 - жарықтың поляризация құбылысын

ЖОБА

		эксперимент арқылы зерттеу
6.2 Геометриялық оптика		11.6.2.1 - шынының сыну көрсеткішін эксперименттік жолмен анықтау; 11.6.2.2 - жарық сигналдарын тасымалдауда оптоталшықты технологияның артықшылығын түсіндіру
		11.6.2.3 - телескоп, микроскоп және лупадағы сәуленің жолын салу және түсіндіру
7.1 Кванттық физика		11.7.1.1 - электромагнитік сәулеленудің корпускулярлық-толқындық табиғатының дәлелдейтін мысалдар келтіру(элементар бөлшектердің толқындық табиғаты);
		11.7.1.2 - спектрлік талдау әдісін және оның қолданылуын сипаттау
		11.7.1.3 - электромагниттік сәулеленуді, олардың пайда болу табиғаты мен затпен әрекеттесуіне қарай ажырату
		11.7.1.4 - фотоэффектінің табиғатын түсіндіру және оны қолдануға мысалдар келтіру
		11.7.1.5 - фотосинтез және фотография

ЖОБА

		үдерісін мысалға келтіре отырып, жарықтың химиялық әсерін сипаттау
		11.7.1.6 - компьютерлік және магниттік-резонанстық томографияны салыстыру
		11.7.1.7-лазер құрылғысының әсері мен қолданылуын түсіндіру; 11.7.1.8 - голографияның даму кезеңдерін талқылау
7.2 Атом ядросының физикасы		11. 7.2.1- радиоактивті ыдырау заңы негізінде ядролық қалдықтармен аймақтың зақымдануының ұзаққа созылу себептерін түсіндіру
		11. 7.2.2 - графикалық тәсіл арқылы жартылай ыдырау периодын анықтау
		11. 7.2.3- ядролық реакцияны жазу кезінде массалық және зарядтық санның сақталу заңын қолдану
		11. 7.2.4 - сәулелердің иондалу және өтімділік қабілеттерін түсіндіру; 11. 7.2.5 - радиоактивті материалдарды өңдеуді, қолдануды, сақтауды және олармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сипаттау
		11. 7.2.6 - ядролық реакторлардың құрылысы мен жұмыс

ЖОБА

		істеу принципін сипаттау; 11. 7.2.7 - ядролық энергетиканың даму кезеңдерін талқылау
8.1 Нанотехнология және наноматериалдар	3.	11.8.1.1- наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын, қолдануын түсіндіру
9.1 Космология		11.9.1.1 - жұлдыздардың жырақтылығы бойынша жіктелетінін, көрінерлік жұлдыздық шамамен және абсолют жұлдыздық шамамен сипатталатынын түсіндіру
		11.9.1.2 - Жұлдыздар эволюциясын түсіндіру үшін Герцшпрунг-Рассель диаграммасын қолдану; 11.9.1.3 - қара құрдымдар, нейтронды жұлдыздар және аса жаңа жұлдыздардың қасиеттерін сипаттау
		11.9.1.4 - ара қашықтықты анықтау үшін қолданылатын «жаңа тәсілдерді» әдісін пайдалануды сипаттау
		11.9.1.5 - Әлемнің ұлғаюы мен күңгірт энергия туралы пікірталасты талқылау; 11.9.1.6 - берілген астрономиялық бақылауларға сүйене отырып әлемнің ұлғаюы туралы болжамды талқылау

ЖОБА

		11.9.1.7 - Хаббл заңын қолданып, Әлемнің жасын бағалай алу

16. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

17. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі қосымшада берілген Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Параграф 3. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар

1) 10-сынып

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімшесі	Тақырыптар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Кинематика	Дене қозғалысы кинематикасының теңдеулері мен графиктері	10.1.1.1- кинематика теңдеулерін қолдану және орын ауыстыру, жылдамдық, үдеудің графиктерін талдай білу
	Салыстырмалы қозғалыс	10.1.1.2 - жылдамдықтар мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңына күнделікті өмірден мысалдар келтіру
	Қисық сызықты қозғалыс кинематикасы	10.1.1.3 - қисықсызықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау;
Динамика	Күштер. Күштерді қосу. Ньютон заңдары	10.1.2.1- бірнеше күштің әрекетінен болатын дененің қозғалысына есеп шығарудың алгоритмдерін құру

ЖОБА

	Бүкіл әлемдік тартылыс заңы	10.1.2.2 - бүкіл әлемдік тартылыс заңын түсіну және ғарыш аппаратының қозғалысын сипаттау
	Гравитациялық өрістегі снарядтың қозғалысы	10.1.2.3 - көкжиекке бұрыш жасай және вертикаль лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі физикалық шамалардың өзгерісін сипаттау
Статика және гидростатика	Массалар центрі. Тепе-теңдік түрлері	10.1.3.1 - абсолют қатты дененің массалар центрін анықтау және әртүрлі тепе-теңдікті түсіндіру
	Қатынас ыдыстар. Гидравликалық пресс. Паскаль заңын қолдану Торичелли тәжірибесі	10.1.3.2- Паскаль заңын сипаттау және оның қолданылуы 10.1.3.3- гидростатикалық қысым терминін түсіндіру
Сақталу заңдары	Механикадағы импульс пен энергияның сақталу заңдары	10.1.4.1- сақталу заңдарын сандық және эксперименттік есептерді шығаруда қолдану
Гидродинамика	Сұйықтық кинематикасы	10.1.5.1 - сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстарын сипаттау
	№ 1 Зертханалық жұмыс: «Тұтқырлығы әртүрлі сұйықта қозғалатын кішкентай шардың қозғалысын зерттеу»	10.1.5.2. - тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтау және физикалық шамалардың өлшеу дәлдігін ескеру; 10.1.5.3 - эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну
2-тоқсан		
Молекулалық физика	Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері қағидалары. Термодинамикалық параметрлер Кристалл және кристалл емес заттар	10.2.1.1- температура мен молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының байланысын сипаттау; 10.2.1.2 - идеал газ моделін сипаттау

		10.2.1.3 - кристалл және кристалл емес қатты заттардың құрылысын ажырату
Газ заңдары	Идеал газ күйінің теңдеуі Изопроцестер.Адиабаталық процесс	10.2.2.1 - идеал газ күйінің негізгі теңдеуін қолдану және изопроцестер графиктерін ажырату
Термодинамика негіздері	Термодинамика заңдарын қолдану Жылу қозғалтқыштары.	10.2.3.1 – термодинамиканың бірінші және екінші заңының мағынасын түсіндіру; сипаттау; 10.2.3.2 – жылу қозғалтқышының жұмыс істеу принципі мен қолданылуын сипаттау
Сұйық және қатты денелер	Ауаның ылғалдылығы, шық нүктесі Сұйықтың беттік керілуі. Жұғу, қылтүтіктік құбылыстар Қатты денелердің механикалық қасиеттері	10.2.4.1 - ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау; 10.2.4.2 - сұйықтың беттік керілу құбылысының табиғатын түсіну және қылтүтіктік құбылыстардың өмірдегі маңызы.
3-тоқсан		
Электростатика	Электр өрісі	10.3.1.1 – электр өрісінің қасиетін талқылау және оның күштік сипаттамасын анықтау; 10.3.1.2 - электр өрісінің қасиетін талқылау және оның күштік сипаттамасын анықтау;
		10.3.1.3 - гравитациялық және электростатикалық өрістердің қасиеттерін салыстыру
	Электрсыйымдылық. Конденсаторлар. Сыйымдылықтың өлшем бірлігі және электр мөлшері	10.3.1.4 – конденсаторларды тізбектей және параллель жалғау формулаларын есеп шығаруда қолдану

Тұрақты ток	Ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі. Кернеу және потенциалдар айырмасы № 4 Зертханалық жұмыс «Өткізгіштерді аралас жалғауды оқып үйрену»	10.3.2.1 –- сыртқы тізбектегі электр қозғаушы күші пен кернеу түсуінің айырмашылығын түсіну 10.3.2.2 - өткізгіштерді аралас жалғауды зерттеу
	Толық тізбек үшін Ом заңы	10.3.2.3- толық тізбек үшін Ом заңын қолдану және қысқа тұйықталудың салдарын түсіну
	Электр тогының жұмысы мен қуаты № 3 Зертханалық жұмыс «Ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау».	10.3.2.4 – эксперимент арқылы ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау
Әртүрлі ортадағы электр тогы	Металдардағы, жартылай өткізгіштердегі, электролиттердегі, газдар мен вакуумдағы электр тогы. № 2 Зертханалық жұмыс: «Электролиттердегі электр тогының пайда болу шарттарын зерттеу»	10.3.3.1 – әртүрлі ортадағы электр тогының пайда болуын салыстыру; 10.3.3.2 - электролиз үдерісіндегі электр тогы шартын эксперимент арқылы анықтау
	Жартылай өткізгішті құралдар	10.3.3.3 – жартылай өткізгішті құралдардың қолданылуына мысалдар келтіру
	Асқын өткізгіштік	10.3.3.4 - асқын өткізгіштік құбылысы мен практикалық қолданылуын сипаттау
4-тоқсан		
Магнит өрісі	Магнит өрісі. Магнит индукциясының векторы. Бұрғы ережесі.	10.3.4.1 – өткізгіштің магнит өрісін сипаттайтын шамаларды түсіну
	Ампер күші, Лоренц күші.	10.3.4.2 – сол қол ережесін қолдануды және зарядталған бөлшектердің қозғалысы мен тогы бар өткізгішке магнит өрісінің әсерін сипаттау

ЖОБА

	Заттың магниттік қасиеттері.	10.3.4.3 – магниттік материалдардың(неодим магниттер, датчиктер, сейсмометрлер, металл детекторлар) заманауи қолдану аймағын және олардың қолдану үрдісін талқылау
	Жасанды магниттер.Соленоид	10.3.4.4 - жасанды магниттерді эксперимент жүзінде жинау және қолданылу аясын түсіндіру; 10.3.4.5- соленоидтың магнит өрісіне әсер ететін факторларды сипаттау
Электромагнитік индукция	Электромагниттік индукция заңы. Электромагниттік құралдар	10.3.5.1- магнит ағыны өзгеруі салдарынан электр қозғаушы күштің пайда болуын түсіндіру; 10.3.5.2- Ленц ережесін түсіндіру; 10.3.5.3 - электромагниттік құралдардың (электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін түсіну
	Магниттік-резонанстық томография	10.3.5.4 - магниттік-резонанстық томографияның практикалық маңызын түсіну

2) 11-сынып

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімшесі	Тақырыптар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
Механикалық тербелістер	Гармоникалық тербелістер	11.4.1.1 - эксперименттік, аналитикалық және графиктік тәсілмен гармоникалық тербелісті (x(t), v(t), a(t)) зерттеу

ЖОБА

Электромагниттік тербелістер	Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер	11.4.2.1 - еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттау; 11.4.2.2 - механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіру
Айнымалы ток	Айнымалы ток генераторы	11.4.3.1 - генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттеу
	Еріксіз электромагниттік тербелістер. Айнымалы ток	11.4.3.2 - физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен электр қозғаушы күшінің максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттау
	Айнымалы ток тізбегіндегі резонанс	11.4.3.3 - резонанс шартын түсіндіру және оның қолданылуына мысал келтіру; 11.4.3.4 - резонанстық жиілікті есептеу
	Электр энергиясын өндіру, тасымалдау және қолдану, трансформатор	11.4.3.5 - электр энергиясын тасымалдау үшін жоғары кернеудегі айнымалы токтың экономикалық артықшылықтарын түсіндіру
	№ 1 Зертханалық жұмыс: «Трансформатор орамасындағы орам санын анықтау»	11.4.3.6 - трансформатор орамасындағы орам санын эксперимент арқылы анықтау
	Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану	11.4.3.7 - Қазақстандағы электр энергиясы көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау
2 - тоқсан		
Электромагниттік толқындар	Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылуы	11.5.1.1 - электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіру және олардың қасиеттерін сипаттау

ЖОБА

	Радиобайланыс	11.5.1.2 - жоғары жиілікті электромагниттік тербелістердің модуляциясы (АМ және FM) мен детектрленуін сипатт ау; 11.5.1.3 - радиоқабылдағыштың жұмыс істеу принципін түсіндіру
	Аналогты-сандық түрлендірулер. Байланыс арналары	11.5.1.4 - аналогтықпен салыстырғанда сандық форматтағы сигналды берудің артықшылықтарын түсіндіру
	Байланыс құралдары	11.5.1.5 - байланыс құралдарын жүйелеу және оларды жетілдірудің жолдарын ұсыну
Толқындық оптика	Жарықтың интерференциясы Жарықтың дифракциясы	11.6.1.1 – жарық жылдамдығын анықтаудың зертханалық және астрономиялық әдістерін түсіндіру
	Дифракциялық торлар № 2 Зертханалық жұмыс: «Дифракциялық тордың көмегімен жарықтың толқын ұзындығын анықтау»	11.6.1.2 – дифракциялық торды толқын ұзындығын анықтау үшін қолдану
	Жарықтың поляризациясы. № 3 Зертханалық жұмыс: «Жарықтың поляризациясын бақылау»	11.6.1.3- жарықтың поляризация құбылысын эксперимент арқылы зерттеу
Геометриялық оптика	Геометриялық оптика заңдары	11.6.2.1 - шынының сыну көрсеткішін эксперименттік жолмен анықтау; 11.6.2.2 - жарық сигналдарын тасымалдауда оптоталшықты технологияның артықшылығын түсіндіру
	Оптикалық құралдар	11.6.2.3 - телескоп, микроскоп және лупадағы

		сәуленің жолын салу және түсіндіру
3-тоқсан		
Кванттық физика	Жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы	11.7.1.1 - электромагнитік сәулеленудің корпускулярлық-толқындық табиғатынын дәлелдейтін мысалдар келтіру (элементар бөлшектердің толқындық табиғаты)
	Спектрлік талдау	11.7.1.2 - спектрлік талдау әдісін және оның қолданылуын сипаттау
	Электромагниттік сәулелену шкаласы	11.7.1.3 - электромагниттік сәулеленуді, олардың пайда болу табиғаты мен затпен әрекеттесуіне қарай ажырату
	Фотоэффектіні қолдану	11.7.1.4 - фотоэффектінің табиғатын түсіндіру және оны қолдануға мысалдар келтіру
	Жарықтың химиялық әсері	11.7.1.5 - фотосинтез және фотография үдерісін мысалға келтіре отырып, жарықтың химиялық әсерін сипаттау
	Рентгендік сәулелену	11.7.1.6 - компьютерлік және магниттік-резонанстық томографияны салыстыру
	Лазерлер.	11.7.1.7 - лазер құрылғысының әсері мен қолданылуын түсіндіру; 11.7.1.8 - голографияның даму кезеңдерін талқылау
Атом ядросының физикасы	Табиғи радиоактивтілік. Радиоактивті ыдырау заңы	11.7.2.1- - радиоактивті ыдырау заңы негізінде ядролық қалдықтармен аймақтың зақымдануының ұзаққа созылу себептерін түсіндіру
	№4 Зертханалық жұмыс: «Жартылай ыдырау периодын анықтау»	11.7.2.2 - графикалық тәсіл арқылы жартылай ыдырау периодын анықтау
	Ядролық реакциялар. Ауыр ядролардық бөлінуі. Тізбекті ядролық реакция	11. 7.2. 3 - ядролық реакцияны жазу кезінде массалық және зарядтық

ЖОБА

		санның сақталу заңын қолдану
	Радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері. Радиациядан қорғану	11.7.2.4 - α, β және γ сәулелердің иондалу және өтімділік қабілеттерін түсіндіру; 11.7.2.5 - радиоактивті материалдарды өңдеуді, қолдануды, сақтауды және олармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сипаттау
	Ядролық реактор. Ядролық энергетика	11.7.2.6 - ядролық реакторлардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін сипаттау; 11.7.2.7 - ядролық энергетиканың даму кезеңдерін талқылау
Нанотехнология және наноматериалдар	4. Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, *өзекті мәселелер* және даму кезеңдері. Наноматериалдар	11.8.1.1 - наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын, қолдануын түсіндіру
4-тоқсан		
Космология	Жұлдыздар әлемі. Жұлдыздық шамалар.	11.9.1.1 - жұлдыздардың жыракқтылығы бойынша жіктелетінін, көрінерлік жұлдыздық шамамен және абсолют жұлдыздық шамамен сипатталатынын түсіндіру
	Жұлдыздардың классификациясы	11.9.1.2 - жұлдыздар эволюциясын түсіндіру үшін Герцшпрунг-Рассель диаграммасын қолдану; 11.9.1.3 - қара құрдымдар, нейтронды жұлдыздар және аса жаңа жұлдыздардың қасиеттерін сипаттау
	Қашықтықты анықтау	11.9.1.4 - ара қашықтықты анықтау үшін қолданылатын «жаңа тәсілдер» әдісін пайдалануды сипаттау

	Күңгірт энергия. Әлемнің үдеуі мен ұлғаюы	11.9.1.5 - Әлемнің ұлғаюы мен күңгірт энергия туралы пікірталасты талқылау; 11.9.1.6 - берілген астрономиялық бақылауларға сүйене отырып әлемнің ұлғаюы туралы болжамды талқылау
	Үлкен жарылыс теориясы. Қызыл ығысу	11.9.1.7 - Хаббл заңын қолданып, Әлемнің жасын бағалай алу;

3 Тарау. «Физика оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру(төмендетілген оқу жүктемесімен)

Параграф 1. «Физика» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру (төмендетілген оқу жүктемесімен)

18. «Физика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:
1) 10-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 108 сағатты;
2) 11-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 108 сағатты құрайды.
19. Оқу пәнінің мазмұны 10 бөлімді қамтиды:
1) механика;
2) жылу физикасы;
3) электр және магнетизм;
4) электромагниттік тербелістер;
5) электромагниттік толқындар;
6) оптика;
7) салыстырмалы теорияның элементтері;
8) кванттық физика;
9) нанотехнология және наноматериалдар;
10) космология.
20. «Механика» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
1) кинематика;
2) динамика;
3) статика;
4) сақталу заңдары;
5) сұйықтар мен газдардың механикасы.
21. «Жылу физикасы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
1) молекулалы-кинетикалық теория негіздері;
2) газ заңдары;
3) термодинамика негіздері;
4) сұйық және қатты денелер.

ЖОБА

22. «Электр және магнетизм» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) электростатика;

2) тұрақты ток;

3) әртүрлі ортадағы электр тогы;

4) магнит өрісі;

5) электромагниттік индукция.

23. «Электромагниттік тербелістер» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) механикалық тербелістер;

2) электромагниттік тербелістер;

3) айнымалы ток.

24. «Электромагниттік толқындар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) толқындық қозғалыс;

2) электромагниттік толқындар.

25. «Оптика» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) толқындық оптика;

2) геометриялық оптика.

26. «Салыстырмалы теорияның элементтері» бөлімі «Салыстырмалы теорияның элементтері» бөлімшесінен тұрады.

27. «Кванттық физика» бөлімі келесі бөлімшесінен тұрады:

1) атомдық және кванттық физика;

2) атом ядросының физикасы.

28. «Нанотехнология және наноматериалдар» бөлімі «Нанотехнология және наноматериалдар» бөлімшесінен тұрады.

29. «Космология» бөлімі «Космология» бөлімшесінен тұрады.

30. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) «Кинематика». Қазіргі замандағы физиканың рөлі. Физикалық өлшеулер; физикалық шамалардың қателіктері; өлшеулер нәтижесін өңдеу;

Теңүдемелі қозғалыс кинематикасының негізгі теңдеулері мен ұғымдары; инвариантты және салыстырмалы физикалық шамалар; Галилейдің салыстырмалылық принципі; қисық сызықты қозғалыс кинематикасы; көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы.

№1 Зертханалық жұмыс: көлбеу жазықтық бойымен қозғалатын дененің үдеуін анықтау;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

2) «Динамика». Күштер; күштерді қосу; Ньютон заңдары; бүкіл әлемдік тартылыс заңы; абсолют қатты дененің инерция моменті; импульс моменті; импульс моментінің сақталу заңы және оның кеңістік қасиеттерімен байланысы; айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуі;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

3) «Статика». Массалар центрі; тепе-теңдік түрлері.

№ 2 Зертханалық жұмыс: бір-біріне бұрыш жасай бағытталған күштерді қосу;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

4) «Сақталу заңдары». Механикадағы импульс пен энергияның сақталу заңдары және олардың кеңістік пен уақыттың қасиеттерімен байланысы;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

5) «Сұйықтар мен газдардың механикасы». Гидродинамика. Сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстары; Үзіліссіздік теңдеуі. Бернулли теңдеуі. Көтергіш күш; Тұтқыр сұйықтың қозғалысы. Стокс формуласы. Денелерді қапталдай ағуы;

№3 Зертханалық жұмыс: тұтқыр сұйықта қозғалатын кішкентай шардың жылдамдығының оның радиусынан тәуелділігін зерттеу;

6) «Газдардың молекулалық- кинетикалық теория негіздері». Газдардың молекулалық кинетикалық теориясының негізгі қағидалары және оның тәжірибелік дәлелдемелері; термодинамикалық жүйелер және термодинамикалық параметрлер; тепе-теңдік және тепе-теңдік емес күйдегі термодинамикалық жүйе; температура - зат бөлшектерінің жылулық қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының өлшемі; идеал газ; газдардың молекулалық-кинетикалық теориясының негізгі теңдеуі;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

7) «Газ заңдары». Идеал газ күйінің теңдеуі; изопроцестер; изопроцесстер графиктері; Дальтон заңы;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару; молекулалық физиканың заңын компьютерлік модельдеу.

8) «Термодинамика негіздері». Идеал газдың ішкі энергиясы; термодинамикалық жұмыс; жылу мөлшері; жылусыйымдылық; термодинамиканың бірінші заңы; термодинамиканың бірінші заңын изопроцестерге қолдану; адиабаталық процесс, Пуассон теңдеуі; қайтымды және қайтымсыз процестер; энтропия; термодинамиканың екінші заңы; айналмалы үдерістер және оның пайдалы әсер коэффициенті; Карно циклі;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

9) «Сұйық және қатты денелер». Қаныққан және қанықпаған бу; ауаның ылғалдылығы; фазалық диаграммалар; үштік нүкте; заттың кризистік күйі; сұйықтың беткі қабатының қасиеттері; жұғу, қылтүтіктік құбылыстар; кристалл және аморф денелер; қатты денелердің механикалық қасиеттері;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

10) «Электростатика». Электр заряды; зарядтың беттік және көлемдік тығыздығы; зарядтың сақталу заңы; Кулон заңы; электр өрісі; біртекті және біртекті емес электр өрісі; электр өрісінің кернеулігі; электр өрісінің суперпозиция принципі; электр өрісінің кернеулік векторының ағыны; Гаусс теоремасы; зарядтың орын ауыстыруы кезіндегі электр өрісінің жұмысы; потенциал; электр өрісінің потенциалдар айырымы; эквипотенциал беттер; біртекті электр өрісі үшін кернеулік пен потенциалдар айырымы арасындағы байланыс; электр өрісіндегі өткізгіштер мен диэлектриктер; электрсыйымдылығы; конденсаторлар; конденсаторларды жалғау; электр өрісінің энергиясы;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

11) «Тұрақты ток». Электр тогы; тізбек бөлігіне арналған Ом заңы; өткізгіштерді аралас жалғау; ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісі; толық тізбек үшін Ом заңы; Кирхгоф заңдары; электр тогының жұмысы мен қуаты; Джоуль –Ленц заңы; ток көзінің пайдалы әсер коэффициенті;

№4 Зертханалық жұмыс: өткізгіштерді аралас жалғауды оқып үйрену;

№5 Зертханалық жұмыс: ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

12) «Әртүрлі ортадағы электр тогы». Металдардағы электр тогы; асқын өткізгіштік; жартылай өткізгіштердегі электр тогы; жартылайөткізгішті құралдар; электролит ерітінділеріндегі және балқыламалардағы электр тогы; электролиз заңы; газдардағы электр тогы; вакуумдегі электр тогы; электронды-сәулелік түтікше;

№ 6 Зертханалық жұмыс: шамның қыл сымының, резистордың және жартылай өткізгішті диодтың вольт-амперлік сипаттамасы;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

13) «Магнит өрісі». Магнит өрісі; тогы бар өткізгіштің өзара әрекеттесуі, Ампер тәжірибелері; бұрғы ережесі; Ампер күші, сол қолы ережесі; Лоренц күші; магнит өрісіндегі зарядталған бөлшектердің қозғалысы; заттың магниттік қасиеттері; кюри температуры;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

14) «Электромагниттік индукция». Ампер күшінің жұмысы; магнит ағыны; электромагниттік индукция құбылысы; электромагниттік индукция заңы; Ленц ережесі; өздік индукция; индуктивтілік; магнит өрісінің энергиясы; электр қозғалтқыш және тұрақты токтың электр генераторы.

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

31. Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) «Механикалық тербелістер». Гармоникалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері.

2) Электромагниттік тербелістер». Еркін және еріксіз электромагниттік тербелістер; механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер арасындағы ұқсастық.

Практикалық жұмыстар: мазмұндық есептерді шығару; электромагниттік тербелістерді компьютерлік модельдеу; тербелмелі контурдың әртүрлі параметрлері үшін электрлік тербелістер кезіндегі кернеудің және ток күшінің, электр және магнит энергиясының уақытқа тәуелділігін компьютерлік модельдеу.

3) «Айнымалы ток». Айнымалы ток генераторы; еріксіз электромагниттік тербелістер; айнымалы ток; айнымалы ток тізбегінде активті және реактивті кедергі; активті және реактивті кедергілерден тұратын айнымалы токтың тізбектелген электр тізбегі үшін Ом заңы; айнымалы ток тізбегіндегі қуат; электр тізбегіндегі кернеу резонансы; Қазақстандағы және дүние жүзіндегі электр энергиясын өндіру және қолдану;

Практикалық жұмыстар: сапалық және мәтінді есептер шығару.

4) «Толқындық қозғалыс». Серпімді механикалық толқындар; бойлық және тұрғын толқындардың теңдеуі; механикалық толқындардың таралуы; механикалық толқындардың интерференциясы; Гюйгенс принципі; механикалық толқындардың дифракциясы;

№ 1 Зертханалық жұмыс: Ауадағы дыбыстың жылдамдығын анықтау.

«Электромагниттік толқындар».

5) Электромагниттік толқындардың жұтылуы мен шығарылу; радиобайланыс; детекторлы радиоқабылдағыш; аналогты-сандық түрлендірулер; байланыс арналары; байланыс құралдары;

Практикалық жұмыстар: эксперименттік есептерді шығару; электромагниттік толқындарды компьютерлік модельдеу және олардың қасиеттерін зерделеу.

6) «Толқындық оптика». Жарықтың электромагниттік табиғаты; жарықтың жылдамдығы; жарықтың дисперсиясы; жарықтың интерференциясы; жарықтың дифракциясы; дифракциялық торлар; жарықтың поляризациясы;

№ 2 Зертханалық жұмыс: жарықтың интерференциясын, дифракциясын және поляризациясын бақылау;

7) «Геометриялық оптика». Гюйгенс принципі; жарықтың шағылу заңы; жазық және сфералық айналар; жарықтың сыну заңы; толық ішкі шағылу; линзалар жүйесінде кескін салу; жұқа линза формуласы; оптикалық құралдар;

№ 3 Зертханалық жұмыс: шынының сыну көрсеткішін анықтау;

Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; ойыс айнаға түскен және шағылған стандартты сәулелердің жүрісі; жинағыш және шашыратқыш линзадағы негізгі сәулелердің жүрісі; көз бен фотоаппараттың оптикалық жүйелерін салыстыру.

8) «Салыстырмалы теорияның элементтері».

Салыстырмалы теорияның постулаттары; Лоренц түрлендірулері; энергия; релятивистік динамикадағы импульс және масса; материалдық дене үшін энергия мен массаның байланыс заңы;

9) «Атомдық және кванттық физика».

Сәулеленудің түрлері; спектрлер; спектрлік құралдар; спектрлік анализ; инфракызыл және ультракүлгін сәулелену; рентген сәулелері; жылулық сәулелену; Стефан –Больцман және Винн заңдары; ультракүлгін апаты; Планк формуласы; фотондар; фотоэффект; электромагниттік сәулелену шкаласы фотоэффектіні қолдану; жарық қысымы; жарықтың химиялық әсері; рентгендік сәулелену; жарықтың корпускулярлық-толқындық табиғатының біртұтастығы; альфа бөлшектің шашырауы бойынша Резерфорд тәжірибесі; Бор постулаттары; Франк және Герц тәжірибелері; сызықты емес оптика туралы түсінік; лазерлер; бөлшектің толқындық қасиеттері; Бор теориясының қиыншылығы; де Бройль толқындары;

№ 4 Зертханалық жұмыс: сәулеленудің тұтас және сызықтық спектрлерін бақылау;

10) «Атом ядросның физикасы». Табиғи радиоактивтілік; радиоактивті ыдырау заңы; атомдық ядро; ядронның нуклондық моделі; изотоптар; ядродағы нуклондардың байланыс энергиясы; ядролық реакциялар; жасанды радиоактивтілік; ауыр ядролардық бөлінуі; тізбекті ядролық реакция; сындық масса; радиоактивті сәулелердің биологиялық әсері; радиациядан қорғану; ядролық реактор; ядролық энергетика; термоядролық реакциялар;

№ 5 Зертханалық жұмыс: дайын сурет бойынша зарядталған бөлшектердің тректерін оқып үйрену;

11) «Нанотехнология және наноматериалдар».

Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, өзекті мәселелер және даму кезеңдері; наноматериалдар.

12) «Космология».

Жұлдыздар әлемі; жұлдызға дейінгі қашықтық; айнымалы жұлдыздар; Күн-Жер байланыстары; жұлдыздардың планеталық жүйелері; Жер топтарындағы планеталар және гигант-планеталар; Күн жүйесіндегі кіші денелер; біздің Галактика; басқа Галактикалардың ашылуы; квазарлар; Үлкен жарылыс теориясы; қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі қашықтықты анықтау; Әлемнің ұлғаюы; Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері; әлемнің моделдері; өмір және Әлем туралы ойлар; адамзаттың космостық болашағы және космосты игеру.

Параграф 2. Оқу мақсаттарының жүйесі (төмендетілген оқу жүктемесімен)

Бөлімшелер	10-сынып	11-сынып
1.1 Кинематика	10.1.1.1 - қазіргі заманғы физиканың рөлі туралы пікірін айту және өз пікірін дәлелдеу	
	10.1.1.2 - жүйелік және кездейсоқ қателіктерді ажырата білу	
	10.1.1.3 - тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтау	
	10.1.1.4 - физикалық шамалардың өлшеу дәлдігін ескере отырып, эксперименттік зерттеудің соңғы нәтижесін жазу	
	10.1.1.5 - жылдамдықтың уақытқа тәуелділігі графигін пайдалана отырып, теңүдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру формуласын қорытып шығару	
	10.1.1.6 - сандық және графиктік есептерді шығаруда кинематика теңдеулерін қолдану	
	10.1.1.7- инварианты және салыстырмалы физикалық шамаларды ажырату	

ЖОБА

	10.1.1.8 - жылдамдықтарды қосу мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңын есеп шығаруда қолдану	
	10.1.1.9 - қисықсызықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтау	
	10.1.1.10 - көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы кезіндегі кинематикалық шамаларын анықтау	
1.2 Динамика	10.1.2.1 - бірнеше күштің әрекетінен болатын дененің қозғалысына есеп шығарудың алгоритмдерін құру	
	10.1.2.2 - инертті масса мен гравитациялық массаның физикалық мағынасын түсіндіру	
	10.1.2.3 - материалдық нүктенің гравитациялық өріс кернеулігі мен потенциалының қашықтыққа тәуелділік графигін түсіндіру	
	10.1.2.4 - бүкіл әлемдік тартылыс заңын есептер шығаруда қолдану	
	10.1.2.5 - материалдық дененің инерция моментін есептеу үшін Штейнер теоремасын қолдану	
	10.1.2.6 - айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуін есеп шығаруда қолдану	
	10.1.2.7 - айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты сипаттайтын физикалық шамалардың арасындағы сәйкестікті жүргізу	

ЖОБА

1.3 Статика	10.1.3.1 - абсолют қатты дененің және денелер жүйесінің массалар центрін анықтау	
	10.1.3.2 - әртүрлі тепе-теңдікті түсіндіру кезінде себеп-салдар байланысын орнату	
	10.1.3.3 - күштерді қосудың заңдылығын эксперименттік тексеру және күш шамасын тәжірибелік жолмен анықтау	
1.4. Сақталу заңдары	10.1.4.1 - сақталу заңдарын сандық және эксперименттік есептерді шығаруда қолдану	
1.5. Сұйықтар мен газдардың механикасы	10.1.5.1 - сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстарын сипаттау	
	10.1.5.2 - үзіліссіздік теңдеуі мен Бернулли теңдеуін эксперименттік, сандық және сапалық есептерді шығаруда қолдану	
	10.1.5.3 - Торричелли теңдеуін эксперименттік, сандық және сапалық есептерді шығаруда қолдану	
	10.1.5.4 - эксперименттің нәтижесіне әсер етуші факторларды анықтау және нәтижені жақсартудың жолдарын ұсыну	
2.1 Молекулалық кинетикалық теорияның негіздері	10.2.1.1 - температура мен молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясының байланысын сипаттау	
	10.2.1.2 - идеал газ моделін сипаттау	
	10.2.1.3- молекулалық кинетикалық теорияның негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолдану	

ЖОБА

2.2 Газ заңдары	10.2.2.1 - идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолдану	
	10.2.2.2 - тұрақты температура кезінде қысымның газ көлеміне тәуелділігін зерттеу (Бойль-Мариотт заңы)	
	10.2.2.3 - тұрақты қысым кезінде газ көлемінің температураға тәуелділігін зерттеу (Гей-Люссак заңы)	
	10.2.2.4 - тұрақты көлем кезінде қысымның газ температурасына тәуелділігін зерттеу (Шарль заңы)	
	10.2.2.5 - газ заңдарын сандық және графиктік есептер шығаруда қолдану	
2.3 Термодинамика негіздері	10.2.3.1 - бір атомды және екі атомды идеал газдың ішкі энергиясының формуласын есептер шығаруда қолдану	
	10.2.3.2 - термодинамиканың бірінші заңын изопроцестерге және адиабаталық процеске қолдану	
	10.2.3.3 - идеал жылу қозғалтқышы үшін Карно циклін сипаттау	
	10.2.3.4 - жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициенті формуласын есептерді шығаруда қолдану	
2.4 Сұйық және қатты денелер	10.2.4.1 - гигрометрдің және психрометрдің көмегімен ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтау	
	10.2.4.2 - сұйықтың беттік керілу коэффициентін әртүрлі тәсілдермен анықтау	
	10.2.4.3 - әртүрлі қатты денелер мысалында кристалдық және аморфты	

ЖОБА

	денелердің құрылымын ажырату	
	10.2.4.4 - серпімді деформация кезіндегі Юнг модулін анықтау	
3.1 Электростатика	10.3.1.1 - электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолдану	
	10.3.1.2 - суперпозиция принципін электр өрісінің қорытқы кернеулігін анықтау үшін пайдалану	
	10.3.1.3 - зарядталған жазықтықтың, шардың, сфераның электр өрісінің кернеулігін анықтау	
	10.3.1.4 - нүктелік зарядтың электр өрісінің потенциалы мен жұмысын есептеу	
	10.3.1.5 - электростатикалық өрісте күшті және энергетикалық сипаттамаларды байланыстыратын формуланы есептер шығаруда қолдану	
	10.3.1.6 - гравитациялық және электростатикалық өрістерде күшті және энергетикалық сипаттамаларды салыстыру	
	10.3.1.7 - диэлектриктердегі поляризация құбылысы мен өткізгіштердегі электростатикалық индукция құбылысына салыстырмалы талдау жасау	
	10.3.1.8 - конденсатор сыйымдылығының оның параметрлеріне тәуелділігін зерттеу	
	10.3.1.9 - конденсаторларды тізбектей және параллель жалғау формулаларын есеп шығаруда	
	10.3.1.10 - электр өрісінің энергиясын есептеу;	

ЖОБА

3.2 Тұрақты ток	10.3.2.1 - аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолдану	
	10.3.2.2 - өткізгіштерді аралас жалғауды зерттеу	
	10.3.2.3 - электр қозғаушы күші мен кернеу көзінің әртүрлі жұмыс режиміндегі (жұмыстық, бос жүріс, қысқа тұйықталу) байланысын зерттеу	
	10.3.2.4 - толық тізбек үшін Ом заңын қолдану	
	10.3.2.5 - эксперимент арқылы ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтау	
	10.3.2.6 - электр тогының жұмысы, қуаты және ток көзінің пайдалы әсер коэффициентінің формулаларын есептер шығаруда қолдану	
3.3 Әртүрлі ортадағы электр тогы	10.3.3.1 - металдардағы электр тогын сипаттау және кедергінің температураға тәуелділігін талдау	
	10.3.3.2 - жоғары температурада асқын өткізгішті материалдарды алудың келешегін талқылау	
	10.3.3.3-жартылай өткізгіштердегі электр тогын сипаттау және жартылай өткізгіш құралдарын қолдану принципін түсіндіру	
	10.3.3.4-шамның қылсымының, резистордың және жартылай өткізгіш диодтың вольт-амперлік сипаттамасын зерттеу	
	10.3.3.5 - электролиттердегі электр тогын сипаттау және электролиз заңын есептер шығаруда қолдану	

ЖОБА

	10.3.3.6 - газдардағы және вакуумдағы электр тогын сипаттау	
3.4 Магнит өрісі	10.3.4.1 - магнит индукция векторының физикалық мағынасын заманауи техниканың жетістіктері мен есептер шығару арқылы түсіндіру	
	10.3.4.2 - электр өлшеуіш құралдардың, электр қозғалтқыштың жұмыс істеу принципін түсіндіру	
	10.3.4.3 - токомак, циклотрон, андронды коллайдер, магниттік тордың жұмыс істеу принципін талдау және поляр шұғыласының табиғатын түсіндіру	
	10.3.4.4 - зарядталған бөлшектердің қозғалысына магнит өрісінің әсерін зерттеу	
	10.3.4.5 - заттың магниттік қасиеттері бойынша топтастыру және олардың қолдану аймағын анықтау	
	10.3.4.6 - магниттік материалдарды (неодим магниттер, датчиктер, сейсмометрлер, металл іздегіш) заманауи қолдану аймағын және олардың қолдану үрдісін талқылау	
3.5 Электромагниттік индукция	10.3.5.1 - электромагниттік құралдардың (электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін зерттеу	
	10.3.5.2 - электромагниттік индукция заңын есептер шығаруда қолдану	
	10.3.5.3 - механикалық және магнит өрісінің энергиялары арасындағы сәйкестікті жүргізу	

ЖОБА

	10.3.5.4 - қолданыстағы электрқозғалтқыштың моделін зерттеу және Фарадей заңы мен Ленц ережесін қолданып алынған нәтижелерді пайдалана отырып дәлелді түрде түсіндіру	
4.1 Механикалық тербелістер		11.4.1.1 - эксперименттік, аналитикалық және графиктік тәсілмен гармоникалық тербелісті (x(t), v(t), a(t)) зерттеу
4.2 Электромагниттік тербелістер		11.4.2.1 - еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын сипаттау
		11.4.2.2 - механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіру
		11.4.2.3 - компьютерлік моделдеу арқылы заряд пен ток күшінің уақытқа тәуелді графиктерін зерттеу
4.3 Айнымалы ток		11.4.3.1 - генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттеу
		11.4.3.2 - физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен элерктр қозғаушы күшінің максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттау
		11.4.3.3 - синусоидалы айнымалы ток немесе кернеуді гармоникалық

ЖОБА

		функция түрінде көрсете алу
3.2 Геоэкологиялық зерттеулер негіздері	Қоршаған ортаның антропогендік өзгеруі	11.3.2.1 - қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктеу
	Қоршаған ортаның сапасы	11.3.2.2 - қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктеу; 11.3.2.3 - ластанған қоршаған ортаның адам өміріне тигізетін әсеріне баға беру (жергілікті/аймақтық компонентті қосымша қамту негізінде); 11.3.2.4 - дүниежүзі елдерін қоршаған ортаның сапасы бойынша жіктеу; 11.3.2.5 - қоршаған орта сапасын тәжірибелік зерттеу арқылы анықтау (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде); 11.3.2.6 - қоршаған орта сапасын арттыру жөнінде

		ұсыныстар әзірлеу(жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде)
1.1 Жалпы географиялық әдістер	Өзекті географиялық зерттеулер әдістері	11.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану; 11.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолдану; 11.1.1.3 - зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану; 11.1.1.4 - зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану
2.1 Картография	Заманауи картографиялық әдістер	11.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес электронды картографиялық ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану (сандық карталарды оқу, олардың қолданысымен географиялық объектілер мен аумақтардың орналасуын, сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау, сипаттау және талдау)
2.2 Геоинформатика негіздері	Географиялық деректер базасы	11.2.2.2 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру
	Географиялық деректерді визуализациялау	11.2.2.3 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау
3-тоқсан		
4. Геоэкономика		
4.1 Геоэкономика негіздері	Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономика-лық жағдайы мен әлеуеті	11.4.1.1 - Қазақстан аймақтары шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономика-лық даму көрсеткіштері бойынша салыстырып талдау; 11.4.1.2 - Қазақстан аймақтарының экономикалық дамуын теңестіру жөнінде идеяларды ұсыну; 11.4.1.3 - Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуетін анықтау(өз аймағы негізінде); 11.4.1.4 - талдау негізінде Қазақстан аймақтарының экономикалық даму кедергілерін жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу(өз аймағы мысалында)
	Геоэкономикалық даму стратегиялары	11.4.1.5 - Қазақстан аймақтарын экономикалық тұрғыда дамыту жөнінде стратегиялардың жобаларын ұсыну(өз аймағы негізінде)
1.1 Жалпы географиялық әдістер	Өзекті географиялық зерттеулер әдістері	11.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолдану; 11.1.1.3 - зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану; 11.1.1.4 - зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану
2.1 Картография	Заманауи картографиялық әдістер	11.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес электронды картографиялық ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану (сандық карталарды оқу, олардың қолданысымен географиялық объектілер мен аумақтардың орналасуын, сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау, сипаттау және талдау)
2.2 Геоинформатика негіздері	Географиялық деректер базасы	11.2.2.2 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру
	Географиялық	11.2.2.3 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен

	деректерді визуализациялау	тақырыптық картасызбалар жасау
5. Геосаясат		
5.1 Геосаясат негіздері	Заманауи геосаяси үдерістер	11.5.1.1 - қазіргі заманның геосаяси үдерістерін түсіндіру
	Қазақстанның геосаяси жағдайы	11.5.1.2 - Қазақстанның геосаяси жағдайына кешенді баға беру
	Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі	11.5.1.3 - Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды анықтау
		11.5.1.4 - Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу
	Қазақстанның геосаяси интеграциясы	11.5.1.5 - Қазақстанның дүниежүзілік және аймақтық ұйымдармен байланыстарын күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу
1.1 Жалпы географиялық әдістер	Өзекті географиялық зерттеулер әдістері	11.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолдану; 11.1.1.3 - зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану; 11.1.1.4 - зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану
2.1 Картография	Заманауи картографиялық әдістер	11.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес электронды картографиялық ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану (сандық карталарды оқу, олардың қолданысымен географиялық объектілер мен аумақтардың орналасуын, сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау, сипаттау және талдау)
2.2 Геоинформатика негіздері	Географиялық деректер базасы	11.2.2.2 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру
	Географиялық деректерді визуализациялау	11.2.2.3 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау
4-тоқсан		
6. Елтану		
6.1 Дүниежүзі аймақтары	Дүниежүзі аймақтар картасында Қазақстанның орны	11.6.1.1 - Қазақстан Республикасының физикалық-географиялық, тарихи-географиялық, саяси-географиялық және геосаяси аймақтарында орналасуын анықтау
		11.6.1.2 - ғаламдану жағдайында Қазақстанның географиялық аймақтар картасындағы орнының өзгеруін зерттеу арқылы болжау
6.2 Дүниежүзі елдері	Қазақстанның халықаралық салыстырулардағы орны	11.6.2.1 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін индекстер мен рейтингтердегі Қазақстан орнының динамикасын зерттеу (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында); 11.6.2.2 - Қазақстанның жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін рейтингтерде орналасқан орына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында); 11.6.2.3 - көрсеткіштердің жиынтығы бойынша

		анықталған рейтингтер мен индекстерде есептердің қолданысымен Қазақстанның орнын жоғарлату жөнінде идеяларды ұсыну (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында)
	Қолданбалы елтану	11.6.2.4 - қолданбалы елтанушылық ақпараттың маңыздылығын, субъектілері мен тұтынушыларын анықтау; 11.6.2.5 - түрлі мақсатты аудиториялар үшін кешенді дүниежүзі елдерінің кешенді елтанушылық сипаттамаларды әзірлеу және шығармашылық түрде ұсыну (елдер мен ұсыну формасы – таңдау бойынша)
1.1 Жалпы географиялық әдістер	Өзекті географиялық зерттеулер әдістері	11.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану; 11.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолдану; 11.1.1.3 - зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану; 11.1.1.4 - зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану
2.1 Картография	Заманауи картографиялық әдістер	11.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес электронды картографиялық ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану (сандық карталарды оқу, олардың қолданысымен географиялық объектілер мен аумақтардың орналасуын, сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау, сипаттау және талдау)
2.2 Геоинформатика негіздері	Географиялық деректер базасы	11.2.2.2 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру
	Географиялық деректерді визуализациялау	11.2.2.3 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау
7. Адамзаттың ғаламдық проблемалары		
7.1 Ғаламдық проблемаларды шешу	Ғаламдық проблемаларды шешу жолдары	11.7.1.1 - ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттеу; 11.7.1.2 - Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтау; 11.7.1.3 - ғаламдық, оның ішінде Қазақстан аумағында байқалатын проблемалардың алдын алу немесе шешу жөнінде өзіндік жобасын ұсыну
1.1 Жалпы географиялық әдістер	Өзекті географиялық зерттеулер әдістері	11.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану; 11.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолдану; 11.1.1.3 - зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану; 11.1.1.4 - зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану
2.1 Картография	Заманауи картографиялық әдістер	11.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес электронды картографиялық ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану (сандық карталарды оқу, олардың қолданысымен географиялық объектілер мен аумақтардың орналасуын, сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау, сипаттау және талдау)

2.2 Геоинформатика негіздері	Географиялық деректер базасы	11.2.2.2 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру
	Географиялық деректерді визуализациялау	11.2.2.3 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
118-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Отандық тарихты зерделеу өткен тарихи оқиғаларды түсіну және оларды талдау негізінде қазіргі замандағы орнын анықтау, азаматтық ұстанымын қалыптастыру және оқиғалар мен құбылыстарға жеке көзқарасын білдіре отырып, олардың маңызы мен мәнін түсінуді қамтамасыз ететін жеке тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған.

3. Оқу пәнінің мазмұны білім алушыларға әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның әлемдік тарихи процестегі орны мен рөлін анықтай отырып, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолдарының негізгі ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

4. Оқу пәнінің мақсаты – отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

5.Оқу пәнінің міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері туралы білім қалыптастыру;

2) тарихи қалыптасқан мәдени, ұлттық дәстүр, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білім алушылардың түсінуі негізінде оларда азаматтылық пен қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелеу;

3) әлемдік тарихи процестегі Қазақстанның орны мен рөлі туралы жалпы тұтас түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтарды ескере отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пікірталастық мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру;

5) өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық жұмыстарды жүргізу дағдыларын дамыту;

6) әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту;

7) әртүрлі деректерді қолдана отырып, жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

8) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді түсіну үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

9) коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану.

2-тарау. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұны

6. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағатты;

2) 11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

7. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

10-сыныпта:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) этникалық және әлеуметтік процестер;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан;

4) мәдениеттің дамуы.

ЖОБА

11-сыныпта:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) саяси-құқықтық процестер;

3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы;

4) білім мен ғылымның дамуы.

9. «Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы;

2) Ұлы дала өркениеті;

3) Орталық Азия және әлемдік өркениет.

10. «Этникалық және әлеуметтік процестер» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) қазақ халқының шығу тегінің бастауы;

2) дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы.

11. «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттер;

2) Ұлы даланың көшпенді империялары;

3) қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет;

4) тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту.

12. «Мәдениеттің дамуы» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы;

2) кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті;

3) ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет.

13. «Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі;

2) дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері;

3) Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік- экономикалық дамуы.

14. «Саяси-құқықтық процестер» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы;

2) Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты.

15. «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың эволюциясы;

2) «Алаш» – қоғамдық ой және ұлттық идея;

3) «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негізі.

16. «Білім мен ғылымның дамуы» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы;

2) XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы;

3) қазіргі кезеңдегі Қазақстандық білім және ғылым жүйесі.

17. Оқыту мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

18. Оқу бағдарламасы базалық тарихи ойлау дағдыларын: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.

19. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқыту мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) өзгеріс пен сабақтастық;

2) себеп пен салдар;

3) дәлел;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

20. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді; тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

2) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді; тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

3) «Дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтардың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

21. 10-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің базалық білім

мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы. «Орталық Азия» ұғымының тарихи және географиялық аспектілері. Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы. Орталық Азия өркениеттері пайда болуының факторлары. Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктері. Ұлы Дала өркениеті. «Ұлы Дала» ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы. Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі). Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктері. Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті. Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығы және өзара байланысы. Ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсері. Орталық Азия және әлемдік өркениет. Орталық Азия халықтарының әлемдік материалдық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі. Орталық Азия халықтарының әлемдік рухани мәдениеттің дамуына қосқан үлесі. Зерттеу жұмысы: Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала;

2) этникалық және әлеуметтік процестер. Қазақ халқының шығу тегі. «Антропогенез», «этногенез», «этнос» ұғымдары. Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық процестер. Қазақ этносының қалыптасуы – көп ғасырларлық этникалық процестердің нәтижесі. Мәдени-генетикалық код - ұлттың негізі. Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы. Қазақтарда ру-тайпалық құрылым қалыптасуының тарихи шарттары. Қазақтардың ру-тайпалық құрылымының эволюциясы. Туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызы. «Ауызша тарихнама», «шежіре», «ру», «тайпа», «ата-жұрт», «атамекен», «ел» ұғымы. Қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлі. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуі. «Ақсүйек», «қарасүйек», «хан», «сұлтан», «би», «батыр» ұғымдары. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың қызметі. Зерттеу жұмысы: Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттер. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы. «Мемлекет», «билік», «саяси ұйым» ұғымдары. Ұлы Дала көшпенділерінің империялары. Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Ұлы Түрік қағанатының қалыптасуы мен дамуы. Түркі империясының мұрагерлері. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігі. Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы түркі империясының рөлі. Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері. Шыңғысханның әлем тарихындағы рөлі. Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуы. XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігі және олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер етуі. Қазақ хандығы – Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет. Ақ Орда мен Қазақ хандығының тарихи сабақтастығы. Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақ хандарының Қазақ мемлекетінің

қалыптасуы мен нығаюындағы рөлі. Қазақ хандығының саяси институттары. Мемлекеттік құрылым түрлерінің сабақтастығы. Бабаларымыздың ұлан-ғайыр аумақты қорғап сақтаудағы рөлі. Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы. Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуы. Қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген ұлт-азаттық күресі. Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендіктің қалпына келтірілуі. Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі. «Автономдық кеңес республикасы», «Кеңес одағы республикасы», «унитарлы мемлекет» ұғымдары. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтары. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы. Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлі. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қалпына келтірілуі – тарихи процестердің заңды нәтижесі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стратегиялары мен бағдарламалары; Зерттеу жұмысы: Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы;

4) мәдениеттің дамуы. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті – дала өркениетінің мұрасы. Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері. «Мәдениет», «дала өркениеті», «материалдық мәдениет», «рухани мәдениет», «қолданбалы өнер», «мәдени мұра» ұғымдары. Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің эволюциясы және сабақтастығы. Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы. «Әдет-ғұрып» «рәсім», «салт-дәстүр», «діл (менталитет)» ұғымдары. Қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтары: әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне құрмет көрсету- шынайы патриотизмнің көрінісі. Дала өркениеті тарихымен мәдениетінің ескерткіштері. Тарихи және мәдени ескерткіштердің классификациясы. Қазақстанның рухани құндылықтары – ұлттық бірегейліктің негізі. Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы: бастауы, дәстүрі, қазіргі уақыттағы дамуы. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның мәдениеті. Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет. Қазақстандық мәдениеттің дамуы. Жаңа бағыттар мен жанрлар. Халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесі. Зерттеу жұмысы: Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды.

22. 11-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі. Қазақстан аумағындағы көшпелі мал шаруашылығы және егіншілік. Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсері. «Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі», «қоныстану жүйесі», «экожүйе» ұғымдары. Дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерінің классификациясы. Қазақ халқының тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесіндегі кәсіптері мен қолөнері. Қазақтардың қолөнері мен кәсіптерінің этнографиялық зерттелуі. Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері. Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдары. Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі. Отырықшы және көшпенді

халықтардың экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынасы және өзара әсері. Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы. «Экономикалық жүйе», «дәстүрлі (аграрлы) экономика», «жоспарлы (социалистік) экономика» ұғымдары. XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторлар. Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдері. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болашағы. Зерттеу жұмысы: Әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктері;

2) саяси-құқықтық процестер. Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы. «Аграрлық саясат», «көші-қон саясаты», «моноэтностық құрам» ұғымдары. Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдері. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы полиэтникалық қоғамның қалыптасуы. «Депортация», «арнайы қоныс аударылғандар», «полиэтникалық қоғам», «ұлттық саясат», «интернационализм» ұғымдары. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлері. Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты. «Көші-қон», «эмиграция», «иммиграция», «репатриант», «диаспора», «ирридента» ұғымдары. Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтары. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі. Зерттеу жұмысы: Қазақстан этностары: тарихы мен тағдыры;

3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанда қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы. «Зар заман» ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары. «Алаш» – қоғамдық ой және ұлттық идея. «Алаш» ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері. Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастары («Алаш» қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары). «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы – XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізі. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары. «Мәңгілік Ел» идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығы. Мемлекеттің идеология саласындағы саясаты(«Мәңгілік Ел» – патриоттық актісі» және «Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы»). Зерттеу жұмысы: Қоғамдық-саяси ойдың біріктіруші рөлі;

4) білім мен ғылымның дамуы. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы. Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы. Ортағасырлық Қазақстанның көрнекті ғалымдары мен ойшылдары. XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы. XVIII-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы зерттеулер. Зерттеушілердің Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесі. XIX ғасырда Қазақстанда оқу орындарының пайда болуы мен дамуы. XIX ғасырда -XX ғасырдың басында Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерінің ерекшеліктері. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен

қайшылықтары. Сауатсыздықты жою. Мектептік, кәсіби және жоғары білім беру. Кеңестік білім беру жүйесінің реформалары. Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлі. Қазақстанның көрнекті ғалымдары. Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтары және қарама-қайшылықтары. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикасының білім және ғылым жүйесінің дамуы: жетістіктері, проблемалары және болашағы. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жаңғыртылуы. Қазақстанның әлемдік білім және ғылым кеңістігіне кірігуі. Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы стратегиялары мен бағдарламалары. Қазақстан Республикасының «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасы. Қазақстан Республикасының инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдары. Зерттеу жұмысы: Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

23. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік санын көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.2 кодында «10» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқыту мақсатының реттік саны.

1) 1- бөлім:

10-сынып Өркениет: даму ерекшеліктері	11-сынып Өркениет: даму ерекшеліктері
Білім алушылар:	
10.1.1.1 «Орталық Азия» түсінігін аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану	11.1.1.1 Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу
10.1.1.2 әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу	11.1.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің ерекшеліктерін «тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі» , «қоныстану жүйесі», «экожүйе» ұғымдарын пайдалана отырып анықтау
10.1.1.3 Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтарының ерекшеліктерін сипаттау	11.1.1.3 картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін классификациялау
10.1.2.1 картаны пайдаланып «Ұлы Дала» тарихи-географиялық аймағын анықтау	11.1.1.4 этнографиялық материалдар негізінде қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау
10.1.2.2 тарихи дерек көздерді талдау негізінде «Ұлы Дала» ұғымының мәнін түсіндіру	11.1.2.1 картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу
10.1.2.3 Ұлы дала өркениетінің пайда	11.1.2.2 Қазақстан аумағында қалалардың

болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру	пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөліне талдау жасау
10.1.2.4 Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениеттердің ерекшеліктерін сипаттау	11.1.2.3 сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесіндегі көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттау
10.1.2.5 Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдау	11.1.2.4 дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін анықтау
10.1.2.6 «Өркениет» ұғымын айқындау критерийлерін пайдалана отырып, Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін сипаттау	11.1.3.1 Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономикалық жүйе», «дәстүрлі (аграрлы) экономика», «жоспарлы (социалистік) экономика» ұғымдарын пайдалану
10.1.2.7 әртүрлі көзқарастарды талдау арқылы ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсерін бағалау	11.1.3.2 XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау
10.1.3.1 Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау	11.1.3.3 Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдау, олардың ерекшеліктерін анықтау
10.1.3.2 Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау	11.1.4.4 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау

2) 2-бөлім:

10- сынып Этникалық және әлеуметтік процестер	11- сынып Саяси-құқықтық процестер
Білім алушылар:	
10.2.1.1 Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін «антропогенез», «этногенез», «этнос» ұғымдарын пайдалану	11.2.1.1 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін «аграрлық саясат», «көші-қон саясаты», «моноэтностық құрам» ұғымдарын пайдалану
10.2.1.2 этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағында этногенездің кезеңдерін айқындау	11.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу
10.2.2.1 қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін «ру», «тайпа «, «жүз», « ата-жұрт», «ата-мекен» ұғымдарын пайдалану	11.2.1.3 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін «депортация», «арнайы қоныстандырылғандар», «полиэтникалық қоғам», «ұлттық саясат», «интернационализм» ұғымдарын пайдалану
10.2.2.2 тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау	11.2.1.4 Кеңестік кезеңде Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін түсіндіру
10.2.2.3 қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін ауызша тарихнама негізінде түсіндіру (шежіре,	11.2.2.1 көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін «көші-қон», «эмиграция», «иммиграция», «репатриант», «диаспора»,

генеалогиялық аңыздар)	«ирридента» ұғымдарын пайдалану
10.2.2.4 қазақ көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционалдық маңызын түсіндіру	11.2.2.2 Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын түсіндіру
10.2.2.5 қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлін түсіндіру	11.2.2.3 мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау
10.2.2.6 қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін «ақсүйек», «қарасүйек «, «хан», «сұлтан», «би», «батыр» ұғымдарын пайдалану	11.2.2.4 Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау
10.2.2.7 дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлін түсіндіру	
10.2.2.8 туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде «мәдени-генетикалық код» ұғымын қолдану	

3) 3- бөлім:

10-сынып Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан:	11-сынып Қоғамдық саяси ойдың дамуы
Білім алушылар:	
10.3.1.1 Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін «мемлекет», «билік», «саяси ұйым» ұғымдарын пайдалану	11.3.1.1 ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау
10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру	11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау
10.3.1.3 Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау	11.3.1.3 қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларын анықтау
10.3.2.1 деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау	11.3.1.4 қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы «Зар-заман» өкілдерінің идеяларын түсіндіру
10.3.2.2 ерте және дамыған ортағасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігін сипаттау	11.3.1.5 XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси қызметін талдау
10.3.2.3 түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түркі империясының рөлін бағалау	11.3.2.1 «Алаш» ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау
10.3.2.4 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу	11.3.2.2 қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру
10.3.2.5 XIII -XV ғасырлардағы	11.3.3.1 «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық

ЖОБА

мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау	идеясының тарихи негіздерін анықтау
10.3.3.1 Ақ Орда және Қазақ хандығының тарихи сабақтастығын анықтау	11.3.3.3 «Мәңгілік Ел» – патриоттық актісін» және «Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын» зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіру
10.3.3.2 Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдау	
10.3.3.3 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу	
10.3.4.1 Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау	
10.3.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу	
10.3.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу	
10.3.4.4 Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін «автономдық кеңес республикасы», «кеңес одағы республикасы», «унитарлы мемлекет» ұғымдарын пайдалану	
10.3.4.5 Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау	
10.3.4.6 Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлін анықтау	
10.3.4.7 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып, Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау	

4) 4- бөлім:

10 - сынып Мәдениеттің дамуы	11- сынып Білім мен ғылымның дамуы
Білім алушылар:	
10.4.1.1 қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттау үшін «мәдениет»,	11.4.1.1 әртүрлі тарихи кезеңдердегі ғылымның жетістіктерін анықтау

ЖОБА

«дала өркениеті», «материалдық мәдениет», «рухани мәдениет», «қолданбалы өнер», «мәдени мұра» ұғымдарын пайдалану	
10.4.1.2 қазақ халқының материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерін анықтау; - Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің сабақтастығын талдау	11.4.1.2 ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу
10.4.1.3 қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтау үшін «әдет-ғұрып» «рәсім», «салт-дәстүр», «діл (менталитет)» ұғымдарын пайдалану	11.4.2.1 XVIII ғасырдағы -XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын түсіндіру
10.4.1.4 қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын салт-дәстүрлерді зерттеу негізінде түсіндіру	11.4.2.2 XVIII ғасырдағы-XX ғасырдың басындағы зерттеушілердің еңбектерін зерделеу негізінде Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесін бағалау
10.4.1.5 дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу	11.4.2.3 XIX-XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында оқу орындарының дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау
10.4.1.6 типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау	11.4.2.4 XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы білім беру мекемелерін қызметтік ерекшеліктеріне сәйкес жіктеу
10.4.1.7 қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауыз әдебиетінің маңызын анықтау	11.4.2.5 Кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтау үшін «сауатсыздықты жою», «қызыл отау», «мұғалімдер институты», «мектептегі білім беру», «кәсіби білім беру», «жоғары оқу орындары» ұғымдарын пайдалану
10.4.1.8 халықтың рухани -адамгершілік құндылықтарын сипаттайтын қазақ әдебиетінің маңызды жетістіктерін анықтау	11.4.2.6 Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдау, жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау
10.4.1.9 фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін анықтау	11.4.2.7 Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлін анықтау
10.4.2.1 Кеңестік дәуірдегі Қазақстанның мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды анықтау	11.4.2.8 Кеңестік кезеңде ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалау
10.4.2.2 кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай келе, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау	11.4.2.9 Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтарын және қарама-қайшылықтарын талдау
10.4.3.1 Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау	11.4.3.1 Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау
10.4.3.2 халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіру	11.4.3.2 әлемдік білім мен ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдарын құру маңыздылығын

	бағалау
10.4.3.3 ұлттық мәдениет туралы білімді қорытындылау	11.4.3.3 Қазақстан Республикасының «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасының елді жаңғыртудағы маңыздылығын талдау
10.4.3.4 халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде «Туған жер» ұғымын қолдану	

24. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

25. Осы оқу бағдарламасы жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

26. Тұлғаның танымдық белсенділігін, шығармашылық, жобалық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін әр тақырыптық бөлім білім алушылардың зерттеу жұмысымен аяқталады. Ұзақ мерзімді жоспарда зерттеу тақырыптары жалпылама берілген. Білім алушылар осы белгіленген тақырып шеңберінде түрлі мәселелерді қарастыра алады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт) іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары

1) 10-сынып:

Бөлім	Тарау	Тақырыптар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Өркениет: даму ерекшеліктері	Орталық Азия өркениеттері: саналуандылығы және мәдени ортақтығы	Орталық Азия: ұғымының тарихи және географиялық аспектілері	10.1.1.1 «Орталық Азия» түсінігін аймақтың тарихи және географиялық ерекшеліктерін сипаттау үшін пайдалану
		Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу тарихы	10.1.1.2 әлемдік өркениеттегі Орталық Азияның рөлі туралы ғалымдардың пікірін зерттеу
		Орталық Азия өркениеттерінің ежелгі ошақтары	10.1.1.3 Орталық Азия өркениеттері нің ежелгі ошақтарының ерекшелікте рін сипаттау

	«Ұлы Дала өркениеті	«Ұлы Дала»: тарихи-географиялық сипаттамасы	10.1.2.1 картаны пайдаланып «Ұлы Дала» тарихи-географиялық аймағын анықтау; 10.1.2.2 тарихи дерек көздерді талдау негізінде «Ұлы Дала» ұғымының мәнін түсіндіру
		Ұлы дала өркениетінің қайнар көзі және қалыптасуының ерекшеліктері (энеолит, қола дәуірі)	10.1.2.3 Ұлы дала өркениетінің пайда болуы мен қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіру; 10.1.2.4 Қазақстан аумағындағы ежелгі археологиялық мәдениет тердің ерекшеліктерін сипаттау; 10.1.2.5 Ұлы Дала ежелгі мәдениеттерінің сабақтастығын және өзара байланысын талдау
		Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті	10.1.2.6 «Өркениет» ұғымын айқындау критерийлерін пайдалана отырып, Ұлы Дала көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін сипаттау; 10.1.2.7 әртүрлі көзқарастарды талдау арқылы ерте көшпенділер өркениетінің әлемдік тарихи процестер барысына әсерін бағалау
	Орталық Азия және әлемдік өркениет	Әлемдік мәдениеттің дамуына Орталық Азия халықтарының қосқан үлесі	10.1.3.1 Орталық Азия халықтарының материалдық мәдениет жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау; 10.1.3.2 Орталық Азия халықтарының рухани мәдениеті мен ғылым саласындағы жетістіктерін талдау арқылы адамзаттың дамуына қосқан үлесін қорытындылау
	Зерттеу жұмысы	Әлемдік өркениет тарихындағы Ұлы Дала	
2-тоқсан			
Этникалық және әлеуметтік процестер	Қазақ халқының шығу тегі	Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер	10.2.1.1 Қазақстандағы этникалық процестерді түсіндіру үшін «антропогенез», «этногенез», «этнос» ұғымдарын

			пайдалану; 10.2.1.2 этникалық процестердің сабақтастығын анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін айқындау
	Дәстүрлі қазақ қоғамы: этникалық құрылымы және әлеуметтік ұйымдасуы	қазақтардың ру-тайпалық құрылымы қалыптасуының тарихи шарттары	10.2.2.1 қазақтардың этникалық құрылымын сипаттау үшін «ру», «тайпа «, «жүз», «ата-жұрт», «ата-мекен» ұғымдарын пайдалану; 10.2.2.2 тарихи кезеңдерді талдау негізінде қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасу түрінің қалыптасу алғышарттарын талдау; 10.2.2.8 туған жердің мәдениеті, салт дәстүрінің маңызына баға беруде «мәдени-генетикалық код» ұғымын қолдану
		қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктері	10.2.2.3 қазақтардың ру-тайпалық құрылымының ерекшеліктерін ауызша тарихнама негізінде түсіндіру (шежіре, генеалогиялық аңыздар); 10.2.2.4 қазақ көшпелі өркениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, туыстық принциптердің және рулық құрылымның функционал дық маңызын түсіндіру; 10.2.2.5 қазақтардың ру-тайпалық ұйымдасуының біріктіруші рөлін түсіндіру
		Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуінің ерекшеліктері	10.2.2.6 қазақтардың әлеуметтік жіктелуіне тән ерекшеліктерді анықтау үшін «ақсүйек», «қарасүйек «, «хан», «сұлтан», «би», «батыр» ұғымдарын пайдалану; 10.2.2.7 дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік институттардың функционалдық рөлін түсіндіру
	Зерттеу жұмысы	Дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуы	
3-тоқсан			

Мемлекет, соғыс және революциялар тарихы нан	Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер	Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттердің саяси ұйымдасуы	10.3.1.1 Қазақстандағы ерте көшпенділердегі мемлекеттілік белгілерін анықтау үшін «мемлекет», «билік «, «саяси ұйым» ұғымдарын пайдалану; 10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.1.3 Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттердің саяси құрылымының ерекшеліктерін сипаттау
	Ұлы Дала көшпенділерінің империялары	Түркі империясы - көшпенділер мемлекеттілігінің классикалық үлгісі. Түркі империясының мұрагерлері	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.2.1 деректерді талдау негізінде түркі мемлекеттерінің дамуын зерттеу, мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтау; 10.3.2.2 ерте және дамыған орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің геосаяси белсенділігін сипаттау; 10.3.2.3 Түркі әлемінің қалыптасуы мен дамуындағы Түркі империясының рөлін бағалау
		Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.2.4 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу; 10.3.2.5 XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау

ЖОЛ

	Қазақ хандығы - Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет	Ақ Орда - Қазақ хандығының негізі	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.3.1 Ақ Орда және Қазақ хандығының тарихи сабақтастығын анықтау
		Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру;	10.3.3.2 Қазақ хандығының құрылуын Қазақстан аумағындағы тарихи процестердің заңды нәтижесі ретінде тұжырымдау; 10.3.3.3 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу
	Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттілік тің қайта жаңғыртылуы	Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі	10.3.4.1 Қазақстанның мемлекеттік егемендігінен айрылуының себеп-салдарын анықтау; 10.3.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу; 10.3.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу
		Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрі	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.4.4 Қазақ мемлекеттілігінің кеңестік түрін түсіндіру үшін «автономдық кеңес республикасы», «кеңес одағы республикасы», «унитарлы мемлекет» ұғымдарын пайдалану; 10.3.4.5 Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуының жетістіктері мен қайшылықтарын талдау
		Ұлттық мемлекеттіліктің жаңғыртылуы	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.4.6 Ұлттық

			мемлекеттіліктің жаңғыртылуындағы Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлін анықтау; 10.3.4.7 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттей отырып Қазақстан Республикасының даму бағдарларын болжау
	Зерттеу жұмысы	Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы	
4-тоқсан			
Мәдениеттің дамуы	Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті - дала өркениетінің мұрасы	Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері	10.4.1.1 Қазақ халқының мәдени жетістіктерін сипаттау үшін «мәдениет», «дала өркениеті», «материалдық мәдениет», «рухани мәдениет», «қолданбалы өнер», «мәдени мұра» ұғымдарын пайдалану; 10.4.1.2 қазақ халқының материалдық мәдениетінің маңызды жетістіктерін анықтау; - Қазақстандағы тарихи-этнографиялық процестердің сабақтастығын талдау
		Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы	10.4.1.3 қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын анықтау үшін «әдет-ғұрып» «рәсім», «салт-дәстүр», «діл (менталитет)» ұғымдарын пайдалану; 10.4.1.4 қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын салт-дәстүрлерді зерттеу негізінде түсіндіру
		Тарихи және мәдени ескерткіштер	10.4.1.5 дала өркениетінің белгілі тарихи және мәдени ескерткіштерін зерттеу; 10.4.1.6 типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи және мәдени ескерткіштерді классификациялау
		Қазақ халқының әдеби және музыкалық мұрасы	10.4.1.7 Қазақ халқының мәдени мұрасындағы ауыз әдебиетінің маңызын анықтау; 10.4.1.8 халықтың рухани -

ЖОБА

			адамгершілік құндылықтарын сипаттайтын қазақ әдебиетінің маңызды жетістіктерін анықтау; 10.4.1.9 фольклор және зерттеушілер еңбектерінің негізінде дәстүрлі музыкалық мәдениеттің бастаулары мен ерекшеліктерін анықтау
	Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті	Кеңестік кезеңдегі мәдениет саласындағы жетістіктер мен қайшылықтар	10.4.2.1 Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениеті саласындағы жаңа бағыттарды және жанрларды анықтау; 10.4.2.2 кеңестік дәуірдегі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қорытындылай отырып, жетістіктер мен қайшылықтарды талдау
	Ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениет	Мәдениеттің қазіргі кезеңдегі дамуы	10.4.3.1 Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы жаңа бағыттарын және жанрларды сипаттау; 10.4.3.2 халықаралық мәдени кеңістікке кірігу процесін түсіндіру; 10.4.3.3 ұлттық мәдениет туралы білімді қорытындылау; 10.4.3.4 халықтың тарихи мәдени мұрасының маңызын зерттеуде «Туған жер» ұғымын қолдану
	Зерттеу жұмысы	Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды	

2) 11-сынып:

Бөлім	Тарау	Тақырып	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Өркениет: даму ерекшеліктері	Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесі	Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің дамуы	11.1.1.1 Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу; 11.1.1.2 көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің ерекшеліктерін «тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі» ,

			«қоныстану жүйесі», «экожүйе» ұғымдарын пайдалана отырып анықтау; 11.1.1.3 картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін жіктеу
		Қолөнер мен кәсіптер	11.1.3.4 этнографиялық материалдардың қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау
	Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері	Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі	11.1.2.1 картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу; 11.1.2.2 Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлін талдау
2. «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқыту өткен тарихты ұғыну және қазіргі әлемде өз орнын, азаматтық ұстанымын және оқиғалар мен құбылыстарға деген қарым-қатынасын анықтап, олардың мәні мен бағытын түсіну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған. Тарихты зерделеу патриотизмге тәрбиелеу, білім алушылардың бойында азаматтық-құқықтық сананың қалыптасуына, жалпы мәдениеттік даму, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы әлеуметтенуге септігін тигізеді.

3. Дүниежүзі тарихы пәнін оқу оқушылардың әр түрлі тарихи кезеңдегі әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі сұрақтары бойынша түсінік қалыптастыруды көздейді.

4. Оқу пәнінің мақсаты - дүниежүзі тарихының негізгі оқиғалары мен процестерін оқу негізінде тарихи санасы қалыптасқан, азаматтық-патриоттық қасиеттерге ие, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, тарихи білім мен дағдыларын оқу процесінде және әлеуметтік жағдайда белсенді әрі шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

5. Оқу пәнінің міндеттері:

1) тарихи кезеңдегі қоғамдағы негізгі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени мәселелер туралы білімдерді қалыптастыру;

2) тарихи кезеңдер бойы адамзат қалыптастырған патриотизмді, толеранттылықты, гуманистік ұғыптар мен демократиялық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;

3) әлемдік-тарихи процесс туралы толық біртұтас білім қалыптастыру;

4) оқиғалар мен құбылыстарды тарихи себептілігі, салыстырмалылығы мен көзқарастар, тарихи оқиғалар және тұлғаларға баға беруде сыни тұрғыдан зерттеу барысында, өткен және қазіргі таңдағы пікірталастық мәселелерге білім алушы тарапынан өзіндік көзқарас білдіруді дамыту;

5) тарихи деректердің типтерімен жұмыс жасау, іздеу және тарихи материалды жіктеу дағдыларын дамыту;

6) деректерді қолдана отырып жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерді ұғыну үшін тарихи білімдері мен дағдыларын қолдана білу қабілетін дамыту;

8) коммукативтік дағдыларды дамыту: өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе білу, топта жұмыс жасау, деректерден алынған ақпараттарды пайдалану.

2-тарау. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұны

6. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

16) 10- сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат;

17) 11- сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

7. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

10-сынып:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) этникалық және әлеуметтік процестер;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан;

4) мәдениеттің дамуы.

11-сынып:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) саяси-құқықтық процестер;

3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы;

ЖОБА

4) білім мен ғылымның дамуы.

9. «Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) өркениет түсінігі және оның түрлері;

2) әлем өркениеттерінің тарихы;

3) өркениеттердің өзара әрекеттесуі.

10. «Этникалық және әлеуметтік процестер» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) антропогенез және этногенез;

2) әлем тарихындағы этносаралық қатынастар;

3) қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары.

11. «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер;

2) әлем тарихының барысына әсер еткен әскери-саяси оқиғалар;

3) революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде.

12. «Мәдениеттің дамуы.» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары;

2) өнер – қоғам дамуының бейнесі;

3) қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары.

13. «Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық;

2) мемлекеттердің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері;

3) қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі.

14. «Саяси-құқықтық процестер» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам;

2) әлемнің қазіргі саяси жүйесі;

3) қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі.

15. «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы;

2) XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер;

3) XX ғасырдағы- XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар.

16. «Білім мен ғылымның дамуы» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде;

2) ғылыми-техникалық прогресс;

3) қазіргі заманғы ғылыми технологиялар.

17. Оқыту мақсаттары әр тарау ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ

қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

18. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқыту мақсаттары мен тәсілдерін тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) дәлел;

2) өзгеріс пен сабақтастық;

3) себеп пен салдар;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

19. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «Дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден , қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

2) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

3) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды, ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

20. 10 - сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Өркениет: зерттеудің теориялары мен тәсілдері. «Өркениет» түсінігі. «Өркениет» түсінігін зерттеудегі негізгі тәсілдер. Өркениеттердің жіктелуі. Өркениеттің дәстүрлі (аграрлы) түрі: отырықшы-егіншілік, көшпелі. Өркениет дамуының индустриалдық және постиндустриалдық кезеңдері. Қазіргі заманғы өркениеттің дамуына ақпараттық технологиялардың ықпалы. Әлем өркениеттерінің тарихы. Ежелгі әлем өркениеттері (Ежелгі Египет, Ежелгі Месопотамия, Ежелгі Қытай, Ежелгі

Үндістан, Ежелгі Греция, Ежелгі Рим). Ежелгі діни наным-сенімдер (синтоизм, индуизм, иудаизм, зороастризм, манихейлік, даосизм). Ежелгі философиялық ілімдер (Платон, Сократ, Аристотель, Конфуций, Лао Цзы). Африка (бушмендер, нубийлер, Гана, Мали, Сунгай), Америка (майя, инктер, ацтектер) және Австралия мен Океанияның (полинезиялық, Таити аралының тайпалары, гавайлықтар) дәстүрлі өркениеттері. Әлемдік діндер және өркениеттің дамуы (буддизм, христиандық, ислам). Қазіргі заманғы әлемдік діндердің даму тенденциялары. Қазіргі заманғы деструктивті діни ұйымдар мен ағымдар. Өркениеттердің өзара әрекеттесуі. Өркениеттердің сауда-экономика саласындағы өзара әрекеттесулері (Ұлы жібек жолы, халықаралық ұйымдар: Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы(МЭЕҰ), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО) және тағы басқалар. Өркениеттердің дипломатиялық саладағы өзара әрекеттесулері. Дипломатия өркениеттердің өзара жақындасу факторы ретінде. Өркениеттердің өзара әрекеттесуінің әскери-саяси аспектісі (жаулаушылық соғыстар, отарлық экспансия, әскери-саяси одақтар, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыс, жергілікті қақтығыстар, этносаралық қақтығыстар). Мәдениеттер диалогі (мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара ықпалдары);

2) этникалық және әлеуметтік процестер. Антропогенез және этногенез. Адамның пайда болуы туралы теориялар (діни, ғарыштық, эволюциялық). «Этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдары. Этностардың пайда болуына байланысты теориялар. Әлемнің этникалық картасы: өткен заман және қазіргі уақытта (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен ыдырауы, «ұлттық сана», этностардың ассимиляциясы, шағын этностардың проблемалары). Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар. Ұлтаралық қатынастар: мәселелер және қарама-қайшылықтар. Ұлтаралық қақтығыстардың себептері мен салдарлары (ұлтшылдық, шовинизм, нәсілдік кемсітушілік, нацизм). Этностардың бейбіт өзара әрекеттесуінің тәсілдері (халықаралық интеграция, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропа Одағы (ЕО), Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы(ТҮРКСОЙ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО), Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ), Қазақстан халқы Ассамблеясы және тағы басқалар). Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары. Социогез туралы теориялардың әртүрлілігі (формациялық тәсіл, өркениеттік тәсіл және тағы басқалар). Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары (қоғам ұйымдасуының қандық-туыстық, көршілік-аумақтық, макроэтникалық қағидалары). Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясы;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер. «Мемлекет», «билік», «басқару институты» ұғымдары. Мемлекеттің пайда болу теориялары (Аристотель, Платон, Конфуций, Ф. Аквинский, Н. Макиавелли, Дж. Локк, Т. Гоббс, Т. Джефферсон, Ф. Энгельс және тағы басқалар). Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін (монархия, республика, теократиялық мемлекеттер). Саяси режимдердің типтері (тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық). Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери -

саяси оқиғалар. Антикалық дәуірдегі әлемдік империяларының қалыптасуы (Парсы империясы, Александр Македонский империясы, Рим империясы). Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары Батыс Рим империясының ыдырауы мен антикалық кезеңінен орта ғасырларға көшу процесінің бір факторы ретінде. Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары (Араб халифаты мен кресшілер мемлекеттерінің құрылуы мен ыдырауы). Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының әсері (Моңғол империясы, Алтын Орда, Әмір Темір империясы, Мәскеу мемлекеті, Құбылай мемлекеті, Ильханат). Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері (капиталистік дамудың жеделдетілуі, Еуропада либералдық әлеуметтік идеялардың таратылуы). Дүниежүзілік соғыстар және халықаралық қатынастар жүйесі: Версаль - Вашингтон, Ялта - Потсдам жүйелері. Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде. Буржуазиялық революциялар индустриалды қоғам қалыптасуының катализаторы ретінде (XVII ғасырдағы Ағылшын буржуазиялық революциясы, XVIII ғасырдағы Француз буржуазиялық революцияы, АҚШ-ғы тәуелсіздік үшін соғыс, Еуропадағы 1848 жылғы «ұлттар көктемі»). Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды тәсілі ретінде (1917 жылғы Қазан Социалистік революциясы, Қытайдағы 1946-1949 жылдардағы Азаматтық соғыс, 1959 жылғы Куба революциясы). Социалистік революциялар нәтижесіндегі қоғамдық құрылымының өзгеруі. Қазіргі заманның революциялары: себептері мен салдарлары (Шығыс Еуропадағы 1989-1990 жылдардағы «барқыт революциясы», Таяу Шығыстағы 2010-2011 жылдардағы «Араб көктемі», бұрынғы Кеңес Одағы елдеріндегі «түрлі-түсті революциялар»). Қоғам проблемаларын революциялық жолмен шешудің салдарлары;

4) мәдениеттің дамуы. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары. Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалуға бағытталған ЮНЕСКО-ның қызметі. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұрасының тізімі. Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы (Эрмитаж, Лувр, Британ мұражайы, Метрополитен, Жапония Ұлттық мұражайы, Египет мұражайы, Уффици галереясы, Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы және тағы басқалар). Әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау барысындағы мұражайлардың рөлі. Өнер – қоғам дамуының көрінісі. Тарихи процестер аясындағы өнердің бағыттары мен стильдері (абстракционизм, модернизм, постмодернизм, авангардизм, футуризм, кубизм, сюрреализм, экспрессионизм, гиперреализм, хайтек стилі және тағы басқалар). Өнердің бағыттары мен стильдерінің дамуына қоғамдық процестердің тигізетін әсері. Қазіргі кездегі өнердің даму тенденциялары. Бұқаралық мәдениет және оның қазіргі қоғамға тигізетін әсері (кино, радио, теледидар, интернет, спорт, музыка, қазіргі заманғы әдебиет, қазіргі заманғы бейнелеу өнері). Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары. Жалпыадамзаттық моральдық құндылықтардың қалыптасуы (діни және философиялық идеялар, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, фольклор, дәстүрлі музыка мен әдебиет, отбасылық құндылықтар). Тарихи оқиғалар аясындағы құндылықтардың өзгеруі (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы). Қоғамның адамгершілік құндылықтарды қайта бағалауына

ықпал еткен XX ғасырдың тарихи оқиғалары. Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі (прагматизм, рационализм, шектен тыс дарашылдық, нигилизм, конформизм, әлеуметтік апатия, тұтынушылық психология, діни фанатизм, неофашизм, бейресми жастар ұйымдары);

21. 11-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениеттер: даму ерекшеліктері. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері («экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдары). Елдердің экономикалық дамуының ерекшеліктері. Дәстүрлі (аграрлық) экономика. Нарықтық экономика (либералды экономика). Жоспарлы (социалистік) экономика. Аралас экономика. Табиғи және географиялық факторлардың мемлекеттердің экономикалық дамуына тигізетін әсері. Табиғи және географиялық факторларға байланысты елдердің экономикалық мамандандырылуы (Парсы шығанағы елдері, Канада, Австралия, Түркия, Бразилия және тағы басқалар). Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары (Жапония, Израиль, Сингапур, Малайзия және тағы басқалар). Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттердің біркелкі емес экономикалық даму мәселелері (бұрынғы отарлардың экономикалық дамуы, неоколониализм, шикізатқа бағытталған экономикалар). Мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлі;

2) саяси-құқықтық процестер. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемелекет ұғымы, принциптері мен қалыптасуының тарихи алғышарттары (мемлекеттік билікті бөлу принципі, заңның үстемдігі, құқықтар мен бостандықтардың кепілдігі). Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі (Адам мен азаматтың құқықтары туралы декларациясы, АҚШ-тың тәуелсіздік туралы декларациясы, АҚШ-та құлдықты жою туралы Заң, Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы). Азаматтық қоғамның түсінігі мен жалпы сипаттамасы (Үкіметтік емес ұйымдар, лоббизм, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар). Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің қазіргі заманғы даму тенденциялары. Үкіметтік емес ұйымдар және олардың азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы рөлі. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі. Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі. Халықаралық қатынастардағы Ялта-Потсдам жүйесінің ыдырау себептері. Әлемнің биполярлы жүйесінің ерешеліктері. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі. «Постбиполярлы жүйе», «көпвекторлы саясат», «бірполярлы әлем» ұғымдары. Халықаралық қатынастардың қазіргі замандағы тенденциялары. Қазіргі кезеңдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі. Халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі кездегі қауіп-қатерлері (сепаратизм, ланкестік, фундаментализм, экстремизм, босқындар мәселесі, ірі мемлекеттердің қарсыласуы). Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы

мемлекеттердің бірлескен әрекеттері. Халықаралық және аймақтық ұйымдары: Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), НАТО, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК), Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымы (ҰҚШҰ) және тағы басқалар;

3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары (либерализм, ұлтшылдық, социал-демократия, марксизм, экзистенциализм, прагматизм, позитивизм). XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер. Бостандық пен азаматтық құқықтар үшін күрес. М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсылasу идеясы (сатьяграха, свараджа, свадеши). Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы (нәсілдік кемсітушілік, сегрегация, азаматтық құқықтар үшін күрес). Н. Манделла – апартеидке қарсы күресуші (апартеид, азаматтық құқықтар). XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар. Мемлекет тархындағы тұлғаның ролі. Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік Республикасының негізін қалаушысы (зайырлы мемлекет, этатизм). Франклин Делано Рузвельт және оның «жаңа бағыты». Ф. Рузвельттің бейбіт және соғыс кезіндегі ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктері. Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта өрлеуі (голлизм, Бесінші республика). Дэн Сяопин – көрнекті Қытай реформаторы («қытайлық ерекшелігі бар социализм», «бір ел – екі жүйе»). Ли Куан Ю, Махатхир Мохаммад: «үшінші әлемнен бірінші әлемге» («экономикалық ғажайып», «азиялық серпініс», жаңа индустриалды елдер). Н.Ә.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі. «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» даму стратегиялары, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы. Мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығы.

4) білім мен ғылымның дамуы. Білім алу жалпы адамзаттық құндылық ретінде. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері (пиктография, иероглифтер, сына жазу, руникалық жазу, кітап бастыру және тағы басқалары). Мектептегі білім беру: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін (гимнасия, палестра, академия, спарталық мектеп, схоластика, жеті «еркін өнер», мектебтер, медреселер, жексенбілік мектептер, қолөнер мектептері және тағы басқалар). Мектептегі білім берудің заманауи модельдері. Жоғары білім беру жүйесі: тарих пен қазіргі кезең (Кордова, Прага, Оксфорд, Кембридж, Сорбонна университеттері және тағы басқалары). Ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлі. Жоғарғы білім берудің заманауи модельдері. Ғылыми-техникалық прогресс. Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері. «Өнеркәсіп төңкерісі», «ғылыми-техникалық революция» ұғымдары. Қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Қазіргі кездегі ғылыми технологиялар. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар. Қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсері. Қазіргі ғылымның перспективалық салалары (робототехника, космонавтика, гендік инженерия).

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

22. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік санын көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.2 кодында «10» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқу мақсатының реттік саны.

1) 1- бөлім:

10- сынып Өркениет: даму ерекшеліктері	11- сынып Өркениет: даму ерекшеліктері
Білім алушылар:	
10.1.1.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «өркениет», «өркениет типі» терминдерін қолдану	11.1.1.1 мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдарын қолдану
10.1.1.2 «Өркениет» түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру	11.1.1.2 экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу
10.1.2.1 өркениеттің дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды түрінің ерекшеліктерін анықтау	11.1.1.3 мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін анықтау
10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау	11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшелітерін түсіндіру
10.1.3.1 ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін талдау	11.1.1.5 елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтау
10.1.3.2 мемлекет пен қоғамның дамуы туралы ежелгі философиялық ілімдерді зерттеу	11.1.1.6 мемлекеттердің мысалында жоспарлы (социалистік) экономикаға тән белгілерін анықтау
10.1.3.3 локальді өркениеттердің ерекшеліктерін талдау	11.1.1.7 экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін зерттеу
10.1.3.4 әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау	11.1.2.1 экономиканың дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің амалдарын зерттеу
10.1.3.5 қазіргі кездегі өркениет жағдайында әлемдік діндердің даму тенденцияларын анықтау	11.1.2.2 қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекеттердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдау
10.1.3.6 қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалау	11.1.3.1 мемлекеттер мен аймақтардың әркелкі экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтау
10.1.4.1 себеп-салдарлық байланысты анықтай отырып, әлемдік сауданың	11.1.3.2 өлшемшарттар негізінде мемлекеттерді экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу

өркениет дамуындағы рөлін анықтау	
10.1.4.2 әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін анықтау	1.1.3.3 мемлекеттердің кедейшілік мәселесін шешуге бағытталған іс-әрекетін зерттеп, оның тиімділігін анықтау
	11.1.3.4 мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау
10.1.4.3 қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау	
10.1.4.4 ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін түсіндіру	
10.1.4.5 қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын анықтау	

2) 2- бөлім:

10- сынып Этникалық және әлеуметтік процестер	11-сынып Саяси-құқықтық процестер
Білім алушылар:	
10.2.1.1 антропогенездің әртүрлі теорияларын жүйелеу және тұжырымдау	11.2.1.1 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «құқықтық мемелекет» ұғымын қолдану
10.2.1.2 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдарын қолдану	11.2.1.2 мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолдарын талдау
10.2.1.3 әлем картасын пайдалана отырып әртүрлі тарихи кезеңдердегі этникалық процестерді түсіндіру	11.2.1.3 қазіргі кездегі адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын негіздеу
10.2.1.4 қазіргі кездегі ассимиляция мен саны аз этностардың жойылып кету себептерін анықтау	11.2.1.4 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесі дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «азаматтық қоғам» ұғымын қолдану
10.2.1.5 жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени лікті сақтаудың маңыздылығын негіздеу	11.2.1.5 құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының байланысын анықтау
10.2.2.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «ұлтшылдық», «шовинизм», «нәсілдік кемсітушілік» терминдерін қолдану	11.2.1.6 мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалау
10.2.2.2 ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын анықтау	11.2.2.1 Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себептерін талдау
10.2.2.3 ұлтаралық қатынастарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың рөлін талдау	11.2.2.2 әлемнің биполярлы жүйесінің ерекшеліктерін сипаттау
10.2.2.4 ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында	11.2.2.3 қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін

этностар арасындағы бейбіт әрекеттестіктің мүмкіндігін дәлелдеу	«постбиполярлық жүйе», «көпвекторлы саясат», «бір полярлы әлем» ұғымдарын қолдану
10.2.3.1 тарихи процестерді түсіндіру үшін «социогенез», «формациялық әдіс», «өркениеттік әдіс» ұғымдарын қолдану	11.2.2.4 қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау
10.2.3.2 социгенездің әртүрлі теорияларын жүйелеу және тұжырымдау	11.2.3.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «сепаратизм», «терроризм», «фундаментализм», «экстремизм», «миграция», «босқындар» терминдерін қолдану
10.2.3.3 қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формаларын, оларға тән белгілерін анықтай отырып түсіндіру	11.2.3.2 сепаратизм, экстремизм және халықаралық лаңкестіктің таралу себептері мен салдарларын анықтау
10.2.3.4 қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттеу	11.2.3.3 бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін талдау

3) 3- бөлім:

10- сынып Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	11-сынып Қоғамдық-саяси ойдың дамуы
Білім алушылар:	
10.3.1.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін қолдану	11.3.1.1 қоғамдық ойдың дамуын түсіндіру үшін «либерализм», «ұлтшылдық», «социал - демократия», «марксизм», «экзистенциализм», «прагматизм», «позитивизм» түсініктерін қолдану
10.3.1.2 деректерді талдау негізінде саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтай отырып, салыстыру	11.3.1.2 қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын бағалау
10.3.2.1 деректерді қолдана отырып грек-парсы соғыстарының мысалында ерте империялардың пайда болу процесін түсіндіру	11.3.1.3 XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттеу
10.3.2.2 эллинизмді таратудағы А.Македонскийдің жорықтарының рөлін бағалау	11.3.2.1 Үндістанның қоғамдық-саяси даму идеологиясы ретінде «гандизм» ұғымын түсіндіру
10.3.2.3 халықтардың ұлы қоныс аударуының жағымды және жағымсыз салдарларын анықтау	11.3.2.2 Үндістанның ұлттық тәуелсіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсыласу идеяларының маңыздылығын анықтау
10.3.2.4 тарихи деректердің негізінде антикалық дәуірден орта ғасырларға өтудің заңдылығын тұжырымдау	11.3.2.3 АҚШ-тағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «нәсілдік кемсітушілік», «сегрегация» ұғымдарын қолдану
10.3.2.5 дәйекті қорытындылар жасау арқылы араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының себептерін анықтау	11.3.2.4 азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалау
10.3.2.6 моңғол шапқыншылығының	11.3.2.5 Оңтүстік Африка

ЖОБА

Еуразиядағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процесіне әсерін талдау	Республикасындағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «апартеид» ұғымын қолдану
10.3.2.7 әлемдегі өзгерістерді зерттей отырып моңғол шапқыншылығының салдарларын бағалау	11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау
10.3.2.8 Наполеон соғыстары мен Еуропа мемлекеттеріндегі капиталистік дамудың ілгерілеуі арасындағы себеп-салдарлық байланысты орнату	11.3.3.2 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «этатизм», «зайырлы мемлекет» ұғымдарын қолдану
10.3.2.9 Наполеон Кодексінің Еуропадағы либералды қоғамдық идеялардың таралуындағы маңыздылығын бағалау	11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі туралы қорытындылар жасау
10.3.2.10 тарихи құжаттарды талдау негізінде Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын түсіндіру	11.3.3.4 бейбіт және соғыс кезеңіндегі Ф. Рузвельттің ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін анықтау
10.3.2.11 Версаль-Вашингтон және Ялта-Потсдам жүйелерінің тиімділігін және олардың қазіргі заманға әсерін бағалау	11.3.3.5 Франциядағы әлеуметтік-саяси процестерді түсіндіру үшін «голлизм» ұғымын қолдану
10.3.3.1 аграрлы қоғамнан индустриалды қоғамға өту заңдылықтарын тұжырымдау	11.3.3.6 Ш. Голль қызметінің мысалында мықты президенттік билік институтының маңыздылығын дәлелдеу
10.3.3.2 буржуазиялық революциялардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді түсіндіру	11.3.3.7 әлеуметтік-экономикалық процестерді түсіндіру үшін «қытайлық ерекшелігі бар социализм» ұғымын қолдану
10.3.3.3 социалисттік революцияның мәнін түсіну үшін әлеуметтік тендік идеясының даму кезеңдерін зерттеу	11.3.3.8 Қытай Халық Республикасы мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің себептерін талдау
10.3.3.4 капитализмнен социализмге өтудің әлеуметтік-экономикалық және саяси алғышарттарын анықтау	11.3.3.9 тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын тұжырымдау
10.3.3.5 социалистік революциялардың нәтижесінде қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерін түсіндіру	11.3.3.10 Сингапур және Малайзия мысалында мемлекет модернизациясының ерекшеліктерін салыстыру
10.3.3.6 Шығыс Еуропадағы «барқыт» революцияларының мазмұны мен нәтижелерін талдау	11.3.3.11 қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің рөлін бағалау
10.3.3.7 «араб көктемі» және «түрлі-түсті революциялардың» ішкі және сыртқы факторларын анықтау	11.3.3.12 «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» стратегияларының мысалында мемлекет дамуының ұзақ мерзімді жоспарының тиімділігін дәлелдеу
	11.3.3.13 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ұсынудың өзектілігін негіздеу

4) 4-бөлім:

10- сынып	11-сынып

Мәдениеттің дамуы	Білім мен ғылымның дамуы
Білім алушылар:	
10.4.1.1 ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтап қалу жолдарын түсіндіру	11.4.1.1 тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктеу
10.4.1.2 ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандар тізімі ескерткіштерінің мысалында тарихи-мәдени мұраның маңыздылығын анықтау	11.4.1.2 адамзат өркениетінің дамуындағы жазу мен кітап бастыру ісінің маңыздылығын анықтау
10.4.1.3 әлемнің ең ірі мұражайларын зерттеп, ерекшеліктерін анықтау	11.4.1.3 адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттау
10.4.1.4 әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтап қалудағы мұражайлардың рөлін түсіндіру	11.4.1.4 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін талдау
10.4.2.1 қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін «абстракционизм», «модернизм», «постмодер- низм», «авангардизм», «футуризм», «кубизм», «сюрреализм», «экспрессионизм», «гиперреа- лизм», «хайтек» терминдерін қолдану	11.4.1.5 мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін, оның ерекшеліктері мен артықшылықтарын анықтай отырып салыстыру
10.4.2.2 өнердің стильдері мен бағыттарының дамуына қоғамдық процестердің әсерін анықтау	11.4.1.6 жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын анықтай отырып зерттеу
10.4.2.3 әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдап, олардың ерекшеліктерін анықтау	11.4.1.7 ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін талдау
10.4.2.4 өзгерістер пен сабақтастықтарды анықтай отырып, қазіргі кездегі өнердің даму тенденцияларын анықтау	11.4.1.8 заманауи жоғарғы білім беру үлгілерін салыстырып, артықшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау
10.4.2.5 бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін түсіндіріп, оның қазіргі қоғамға әсерін талдау	11.4.2.1 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін «өнеркәсіп революциясы», «ғылыми-техникалық революция» ұғымдарын қолдану
10.4.3.1 қоғамның тарихи даму контекстіндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мысалдарын зерттеу	11.4.2.2 қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау
10.4.3.2 қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін анықтау	11.4.2.3 әлеуметтік-экономикалық процестердің ерекшеліктерін түсіндіру үшін «ғылыми-техникалық прогресс» ұғымын қолдану
10.4.3.3 қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарының маңызын түсіндіру	11.4.2.4 қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттеу
10.4.3.4 жаһанданудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін талдау	11.4.3.1 қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсерін зерттеу
	11.4.3.2 адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің ықтимал салдарын болжау
	11.4.3.3 ғылымның заманауи

	тенденцияларының дамуын түсіндіру үшін «гендік инженерия», «нанотехнология», «энергияның балама көздері» ұғымдарын қолдану
	11.4.3.4 жаңа ғылыми бағытттар жетістіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін талдау
	11.4.3.5 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін ғылым мен техниканың заманауи түрлерінің дамуынның маңызын түсіндіру

23. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

24. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары

1) 10-сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Өркениет: даму ерекшеліктері	Өркениет түсінігі және оның түрлері	«Өркениет» түсінігі	10.1.1.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «өркениет», «өркениет типі» терминдерін қолдану; 10.1.1.2 «Өркениет» түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру
		Өркениеттің: дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды түрлері	10.1.2.1 өркениеттің дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды түрінің ерекшеліктерін анықтау; 10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау
	Әлем өркениеттерінің тарихы	Ежелгі әлем өркениеті	10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау; 10.1.3.1 ежелгі өркениеттердің

ЖОБА

			ерекшеліктерін талдау
		Африка, Америка, Австралия және Океанияның дәстүрлі өркениеттері	10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау; 10.1.3.3 локальді өркениеттердің ерекшеліктерін талдау
		Әлемдік діндер және өркениеттердің дамуы	10.1.3.4 әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау; 10.1.3.6 қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалау
	Өркениеттер дің өзара әрекеттесуі	Өркениеттер әрекеттестігінің сауда- экономикалық аясы	10.1.4.1 себеп-салдарлық байланыс ты анықтай отырып, әлемдік сауданың өркениет дамуындағы рөлін анықтау; 10.1.4.2 әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдар дың рөлін анықтау
		Өркениеттер әрекеттестігінің дипломатиялық аясы	10.1.4.3 қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау
		Өркениеттер әрекеттестігінің әскери-саяси аясы	10.1.4.4 ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін түсіндіру; 10.1.4.5 қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын анықтау
		2-тоқсан	
Этника лық және әлеумет тік процес тер	Антропогенез және этногенез	Адамның шығу тегі теориялары	10.2.1.1 антропогенездің теорияларын жүйелеу және тұжырымдау
		Этностардың пайда болуы және дамуы	10.2.1.2 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдарын қолдану; 10.2.1.3 әлем картасын пайдалана отырып тарихи кезеңдердегі этникалық процестерді түсіндіру; 10.2.1.5 жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдениліктi сақтаудың маңыздылығын негіздеу
	Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар	Этносаралық қатынастар: проблемалары және қарама-қайшылықтары	10.2.2.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «ұлтшылдық», «шовинизм», «нәсілдік кемсітушілік» терминдерін қолдану; 10.2.2.2 ұлтаралық қақтығыстар дың пайда болуының себеп-

ЖОБА

			салдарлық байланысын анықтау
		Этносаралық қатынастар: бейбіт өзара әрекеттестік тәсілдері	10.2.2.3 ұлтаралық қатынастарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың рөлін талдау; 10.2.2.4 ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында этностар арасындағы бейбіт әрекеттестіктің мүмкіндігін дәлелдеу
	Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары	Социогенез туралы теориялардың алуан түрлілігі	10.2.3.1 тарихи процестерді түсіндіру үшін «социогенез», «формациялық әдіс», «өркениеттік әдіс» ұғымдарын қолдану; 10.2.3.2 социгенез теорияларын жүйелеу және тұжырымдау
		Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары	10.2.3.3 қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формаларын, оларға тән белгілерін анықтай отырып түсіндіру; 10.2.3.4 қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттеу
3 - тоқсан			
Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер	Мемлекет түсінігі және саяси режимдердің түрлері	10.3.1.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін қолдану
			10.3.1.2 деректерді талдау негізінде саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтай отырып, салыстыру
	Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери - саяси оқиғалар	Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы	10.3.2.1 деректерді қолдана отырып грек -парсы соғыстарының мысалында ерте империялардың пайда болу процесін түсіндіру; 10.3.2.2 эллинизмді таратуда А.Македонскийдің жорықтарының рөлін бағалау
		Ұндардың жаулап алушылық жорықтары ежелгі заманнан ортағасырларға өтудің бір факторы ретінде	10.3.2.3 халықтардың ұлы қоныс аударуының жағымды және жағымсыз салдарларын анықтау; 10.3.2.4 тарихи деректердің негізінде антикалық дәуірден орта ғасырларға өту заңдылығын тұжырымдау
		Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары	10.3.2.5 дәйекті қорытындылар жасай отырып, араб шапқыншылықтары мен мен крест жорықтарының себептерін анықтау
		Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан	10.3.2.6 моңғол шапқыншылығы ның Еуразиядағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу

		жорықтарының ықпалы	процесіне әсерін талдау; 10.3.2.7 әлемдегі өзгерістерді зерттей отырып моңғол шапқыншылығының салдарларын бағалау
		Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері	10.3.2.8 Наполеон соғыстары мен Еуропа мемлекеттеріндегі капиталистік дамудың ілгерілеуі арасындағы себеп-салдарлық байланысты орнату; 10.3.2.9 Наполеон Кодексінің Еуропадағы либералды қоғамдық идеялардың таралуындағы маңыздылығын бағалау
		XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстардың халықаралық қатынастар жүйесіне әсері	10.3.2.10 тарихи құжаттарды талдау негізінде Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын түсіндіру; 10.3.2.11 Версаль-Вашингтон және Ялта-Потсдам жүйелерінің тиімділігін және олардың қазіргі заманға әсерін бағалау
	Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде	Буржуазиялық революциялар – индустриалды қоғамның құрылуының катализаторы	10.3.3.1 аграрлы қоғамнан индустриалды қоғамға өту заңдылықтарын тұжырымдау; 10.3.3.2 буржуазиялық революция лардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді түсіндіру
		Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды әдісі ретінде	10.3.3.3 социалисттік революцияның мәнін түсіну үшін әлеуметтік теңдік идеясының даму кезеңдерін зерттеу; 10.3.3.4 капитализмнен социализмге өтудің әлеуметтік-экономикалық және саяси алғышарттарын анықтау
		Қазіргі кездегі революциялар: себептері мен салдары	10.3.3.6 Шығыс Еуропадағы «барқыт» революцияларының мазмұны мен нәтижелерін талдау; 10.3.3.7 «араб көктемі» және «түрлі-түсті революциялардың» ішкі және сыртқы факторларын анықтау
4 - тоқсан			
Мәдениеттің дамуы	Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары	Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі	10.4.1.1 ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын түсіндіру; 10.4.1.2 ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандар тізімі ескерткіштерінің мысалында тарихи-мәдени мұраның

ЖОБА

			маңыздылығын анықтау
		Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы	10.4.1.3 әлемнің ең ірі мұражайларын зерттеп, ерекшелік-терін анықтау; 10.4.1.4 әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтап қалудағы мұражайлардың рөлін түсіндіру;
	Өнер – қоғам дамуының бейнесі	Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері	10.4.2.1 қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін «абстракцианизм», «модернизм», «постмодернизм», «авангардизм», «футуризм», «кубизм», «сюрреализм», «экспрессионизм», «гиперреализм», «хайтек» терминдерін қолдану; 10.4.2.2 өнердің стильдері мен бағыттарының дамуына қоғамдық процестердің әсерін анықтау; 10.4.2.3 әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдап, олардың ерекшеліктерін анықтау
		Заманауи өнердің даму тенденциялары	10.4.2.4 өзгерістер пен сабақтастықтарды анықтай отырып, қазіргі кездегі өнердің даму тенденцияларын анықтау; 10.4.2.5 бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін түсіндіріп, оның қазіргі қоғамға әсерін талдау
	Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары	Тарихи оқиғалар контекстіндегі құндылықтардың өзгеруі	10.4.3.1 қоғамның тарихи даму контекстіндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеруінің мысалдарын зерттеу; 10.4.3.2 қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін анықтау
		Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі	10.4.3.3 қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын түсіндіру; 10.4.3.4 жаһанданудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін талдау

2) 11-сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Оқу мақсаттары. Білім алушылар тиісті:

1-тоқсан			
Өркениет: даму ерекшеліктері	Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық	Экономика және экономикалық жүйелердің типтері	11.1.1.1 мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдарын қолдану; 11.1.1.2 экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу
		Дәстүрлі (аграрлық) экономика	11.1.1.3 мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін анықтау
		Нарықтық экономика	11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшелітерін түсіндіру; 11.1.1.5 елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтау
		Жоспарлы (социалистік) экономика	11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру; 11.1.1.6 мемлекеттердің мысалында жоспарлы (социалистік) экономикаға тән белгілерін анықтау
		Экономиканың аралас түрі	11.1.1.7 экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін зерттеу
	Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері	Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары	11.1.2.1 экономиканың дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің амалдарын зерттеу; 11.1.2.2 қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекет тердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдау
	Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі	Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі	11.1.3.1 мемлекеттер мен аймақтардың әркелкі экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтау; 11.1.3.2 алғышарттардың негізінде мемлекеттерді экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу
		Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және	1.1.3.3 мемлекеттердің кедейшілік мәселесін шешуге бағытталған іс-әрекетін зерттеп, оның тиімділігін анықтау; 11.1.3.4 мемлекеттер мен

ҚОБА

		экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары	аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау
2-тоқсан			
Саяси-құқықтық процестер	Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	Құқықтық мемлекет түсінігі	11.2.1.1 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «құқықтық мемлекет» ұғымын қолдану
		Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі	11.2.1.2 мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолдарын талдау; 11.2.1.3 қазіргі кездегі адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын негіздеу
		Азаматтық қоғам түсінігі және жалпы сипаттамасы	11.2.1.4 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «азаматтық қоғам» ұғымын қолдану; 11.2.1.5 құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының тарихи байланысын анықтау
		Азаматтық қоғамдағы үкіметтік емес ұйымдар	11.2.1.6 мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалау
	Әлемнің қазіргі саяси жүйесі	Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі	11.2.2.1 Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себептерін талдау; 11.2.2.2 әлемнің биполярлы жүйесінің ерекшеліктерін сипаттау
		Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі	11.2.2.3 қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін «постбиполярлық жүйе», «көпвекторлы саясат», «бір полярлы әлем» ұғымдарын қолдану; 11.2.2.4 қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау
	Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі	Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер	11.2.3.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «сепаратизм», «терроризм», «фундаментализм», «экстремизм», «миграция», «босқын» терминдерін қолдану; 11.2.3.2 сепаратизм, экстремизм және халықаралық терроризмнің

ЖОБА

			таралу себептері мен салдарларын анықтау
		Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттердің бірлескен әрекеттері	11.2.2.4 тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау; 11.2.3.3 бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін талдау
3 - тоқсан			
Қоғамдық-саяси ойдың дамуы	Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы	Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары	11.3.1.1 қоғамдық ойдың дамуын түсіндіру үшін «либерализм», «ұлтшылдық», «социал-демократия», «марксизм», «экзистенциализм», прагматизм», «позитивизм» түсініктерін қолдану; 11.3.1.2 қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын бағалау; 11.3.1.3 XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттеу
	XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер	М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы	11.3.2.1 Үндістанның қоғамдық-саяси даму идеологиясы ретінде «гандизм» ұғымын түсіндіру; 11.3.2.2 Үндістанның ұлттық тәуелсіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсыласу идеяларының маңыздылығын анықтау
		Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы	11.3.2.3 АҚШ-тағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «нәсілдік кемсітушілік», «сегрегация» ұғымдарын қолдану; 11.3.2.4 - азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалау
		Н. Манделла – апартеидке қарсы күресуші	11.3.2.4 азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азамат-тық позициясының маңыздылығын бағалау; 11.3.2.5 Оңтүстік Африка Республикасындағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «апартеид» ұғымын қолдану
	XX ғасырдағы – XXI ғасырдың.	Мұстафа Кемал Ататүрік –Түрік Республикасының	11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау;

ЖОБА

	басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар	негізін қалаушы	11.3.3.2 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «этатизм», «зайырлы мемлекет» ұғымдарын қолдану; 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау
		Франклин Делано Рузвельт және оның «жаңа бағыты»	11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау; 11.3.3.4 бейбіт және соғыс кезеңіндегі Ф. Рузвельттің ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін анықтау
		Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы	11.3.3.5 Франциядағы әлеуметтік-саяси процестерді түсіндіру үшін «голлизм» ұғымын қолдану; 11.3.3.6 Ш. Голль қызметінің мысалында мықты президенттік билік институтының маңыздылығын дәлелдеу
		Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы	11.3.3.7 әлеуметтік-экономикалық процестерді түсіндіру үшін «қытайлық ерекшелігі бар социализм» ұғымын қолдану; 11.3.3.8 ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдау
		Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад: «үшінші әлемнен бірінші әлемге»	11.3.3.9 тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын тұжырымдау; 11.3.3.10 Сингапур және Малайзия мысалында мемлекет модернизациясының ерекшеліктерін салыстыру
		Тарихи оқиғалар контекстіндегі құндылықтардың өзгеруі	10.4.3.2 дәйекті қорытындыларды жасай отырып, қоғамның тарихи даму контекстіндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеруінің мысалдарын зерттеу; 10.4.3.3 қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға

ЖОБА

			септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін анықтау
		Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі	10.4.3.4 қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын түсіндіру; 10.4.3.5 жаһанданудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін талдау; 10.4.3.6 болашақтағы адамның моральдық бейнесін анықтай отырып, адамзаттың рухани-адамгершілік дамуының ықтимал жолдарын болжау

2) 11-сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Оқу мақсаттары. Білім алушылар тиісті:
1-тоқсан			
Өркениет: даму ерекшеліктері	Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық	Экономика және экономикалық жүйелердің типтері	11.1.1.1 мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдарын қолдану; 11.1.1.2 экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу
		Дәстүрлі (аграрлық) экономика	11.1.1.3 мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін анықтау; 11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру
		Нарықтық экономика	11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшелітерін түсіндіру; 11.1.1.5 елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтау
		Жоспарлы (социалистік) экономика	11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру; 11.1.1.6 мемлекеттердің мысалында жоспарлы (социалистік) экономикаға тән белгілерін анықтау
		Экономиканың аралас түрі	11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана

ЖОБА

			отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру; 11.1.1.7 экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін зерттеу
	Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері	Табиғи-географиялық факторларға қарай мемлекеттердің шаруашылық мамандандырылуы	11.1.2.1 мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздеу
		Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары	11.1.2.2 экономиканың дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің амалдарын зерттеу; 11.1.2.3 қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекет тердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдау
	Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі	Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі	11.1.3.1 мемлекеттер мен аймақтардың әркелкі экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтау; 11.1.3.2 алғышарттардың негізінде мемлекеттерді экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу
		Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық артта қалушылыққа төтеп беру жолдары	1.1.3.3 мемлекеттердің кедейшілік мәселесін шешуге бағытталған іс-әрекетін зерттеп, оның тиімділігін анықтау; 11.1.3.4 мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау; 11.1.3.5 дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудің ықтимал жолдарын болжау
2-тоқсан			
Саяси-құқықтық процестер	Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	Құқықтық мемлекет түсінігі	11.2.1.1 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «құқықтық мемлекет» ұғымын қолдану; 11.2.1.2 құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарын зерттеу

ЖОБА

		Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі	11.2.1.3 мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолдарын талдау; 11.2.1.4 мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекет принципте рініңжүзеге асу ерекшеліктерін салыстыру; 11.2.1.5 қазіргі кездегі адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын негіздеу
		Азаматтық қоғам түсінігі және жалпы сипаттамасы	11.2.1.6 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «азаматтық қоғам» ұғымын қолдану; 11.2.1.7 құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының тарихи байланысын анықтау
		Азаматтық қоғамдағы үкіметтік емес ұйымдар	11.2.1.8 азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында үкіметтік емес ұйымдардың рөлін анықтау; 11.2.1.9 мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалау
	Әлемнің қазіргі саяси жүйесі	Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі	11.2.2.1 Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себептерін талдау; 11.2.2.2 әлемнің биполярлы жүйесінің ерекшеліктерін сипаттау
		Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі	11.2.2.3 қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін «постбиполярлық жүйе», «көпвекторлы саясат», «бір полярлы әлем» ұғымдарын қолдану; 11.2.2.4 тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденция ларын сипаттау
	Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі	Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер	11.2.3.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «сепаратизм», «терроризм», «фундаментализм», «экстремизм», «миграция», «босқын» терминдерін қолдану; 11.2.3.2 сепаратизм, экстремизм және халықаралық терроризмнің таралу себептері мен салдарларын анықтау; 11.2.3.3 халықаралық қауіпсіздік жүйесінің дамуының ықтимал нұсқаларын болжау

ЖОБА

		Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттердің бірлескен әрекеттері	11.2.2.4 тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау; 11.2.3.4 бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін талдау; 11.2.3.5 қауіпсіз әлем дамуының ықтимал жолдарын болжау
3 - тоқсан			
Қоғамдық-саяси ойдың дамуы	Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы	Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары	11.3.1.1 қоғамдық ойдың дамуын түсіндіру үшін «либерализм», «ұлтшылдық», «социал-демократия», «марксизм», «экзистенциализм», прагматизм», «позитивизм» түсініктерін қолдану; 11.3.1.2 қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын бағалау; 11.3.1.3 XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттеу
	XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер	М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы	11.3.2.1 Үндістанның қоғамдық-саяси даму идеологиясы ретінде «гандизм» ұғымын түсіндіру; 11.3.2.2 Үндістанның ұлттық тәуелсіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсыласу идеяларының маңыздылығын анықтау; 11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау
		Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы	11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау; 11.3.2.4 АҚШ-тағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «нәсілдік кемсітушілік», «сегрегация» ұғымдарын қолдану; 11.3.2.5 - азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалау
		Н. Манделла – апартеидке қарсы күресуші	11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау; 11.3.2.5 азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азамат-

ЖОБА

			тық позициясының маңыздылығын бағалау; 11.3.2.6 Оңтүстік Африка Республикасындағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «апартеид» ұғымын қолдану
	XX ғасырдағы – XXI ғасырдың. басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар	Мұстафа Кемал Ататүрік –Түрік Республикасының негізін қалаушы	11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау; 11.3.3.2 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «этатизм», «зайырлы мемлекет» ұғымдарын қолдану; 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытын-дылар жасау
		Франклин Делано Рузвельт және оның «жаңа бағыты»	11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау; 11.3.3.4 бейбіт және соғыс кезеңіндегі Ф. Рузвельттің ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін анықтау
		Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы	11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау; 11.3.3.5 Франциядағы әлеуметтік-саяси процестерді түсіндіру үшін «голлизм» ұғымын қолдану; 11.3.3.6 Ш. Голль қызметінің мысалында мықты президенттік билік институтының маңыздылығын дәлелдеу
		Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы	11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау; 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау; 11.3.3.7 әлеуметтік-экономикалық процестерді түсіндіру үшін «қытайлық ерекшелігі бар социализм» ұғымын қолдану; 11.3.3.8 ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдау
		Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад: «үшінші әлемнен бірінші әлемге»	11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау; 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау 11.3.3.9 тарихи оқиғаларды талдау

ЖОБА

			негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын тұжырымдау; 11.3.3.10 Сингапур және Малайзия мысалында мемлекет модернизациясының ерекшеліктерін салыстыру
		Н. Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі	11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау; 11.3.3.11 қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалау; 11.3.3.12 «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» стратегияларының мысалында мемлекет дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін дәлелдеу; 11.3.3.13 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ұсыну өзектілігін негіздеу
4 тоқсан			
Білім мен ғылымның дамуы	Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде	Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері	11.4.1.1 тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктеу; 11.4.1.2 адамзат өркениетінің дамуындағы жазу мен кітап бастыру ісінің маңыздылығын анықтау
		Мектептегі білім беру: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін	11.4.1.3 адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттау; 11.4.1.4 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін талдау; 11.4.1.5 мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін, оның ерекшеліктері мен артықшылықтарын анықтай отырып салыстыру
		Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгіні	11.4.1.6 жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын анықтай отырып зерттеу; 11.4.1.7 ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін талдау; 11.4.1.8 тарихи даму контекстінде жоғары білім беру жүйесінің

ЖОБА

			дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды анықтау; 11.4.1.9 заманауи жоғары білім беру үлгілерін салыстырып, артықшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау
	Ғылыми-техникалық прогресс	Ғылыми-техникалық прогресстің тарихи кезеңдері	11.4.2.1 мемлекетердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін «өнеркәсіп революциясы», «ғылыми-техникалық революция» ұғымдарын қолдану; 11.4.2.2 мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының ерекшеліктерін анықтап, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 11.4.2.3 қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау;
		Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық проблемалары	11.4.2.4 әлеуметтік-экономикалық процестердің ерекшеліктерін түсіндіру үшін «ғылыми-техникалық прогресс» ұғымын қолдану; 11.4.2.5 қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттеу; 11.4.2.6 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешудегі ғылыми-техникалық прогрестің дамуының ықтимал жолдарын болжау
	Қазіргі заманғы ғылыми технологиялар	Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар	11.4.3.1 қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсерін зерттеу; 11.4.3.2 адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктер дің ықтимал салдарын болжау
		Қазіргі ғылымның перспективті салалары	11.4.3.3 робототехника және космонавтиканың мемлекеттердің бәсекеге қабілетті дәрежесіне әсерін зерттеу; 11.4.3.4 ғылымның заманауи тенденция ларының дамуын түсіндіру үшін «гендік инженерия», «нанотехнология», «энергияның балама көздері» ұғымдарын қолдану; 11.4.3.5 жаңа ғылыми бағыттар жетістіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін талдау;

ЖОБА

			11.4.3.6 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін ғылым мен техниканың заманауи түрлері дамуының маңызын түсіндіру

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
120-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқыту өткен тарихты ұғыну және қазіргі әлемде өз орнын, азаматтық ұстанымын және оқиғалар мен құбылыстарға деген қарым-қатынасын анықтап, олардың мәні мен бағытын түсіну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған. Тарихты зерделеу патриотизмге тәрбиелеу, білім алушылардың бойында азаматтық-құқықтық сананың қалыптасуына, жалпы мәдениеттік даму, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы әлеуметтенуге септігін тигізеді.

3. Дүниежүзі тарихы пәнін оқу оқушылардың әр түрлі тарихи кезеңдегі әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі сұрақтары бойынша түсінік қалыптастыруды көздейді.

4. Оқу пәнінің мақсаты - дүниежүзі тарихының негізгі оқиғалары мен процестерін оқу негізінде тарихи санасы қалыптасқан, азаматтық-патриоттық қасиеттерге ие, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, тарихи білім мен дағдыларын оқу процесінде және әлеуметтік жағдайда белсенді әрі шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

5. Оқу пәнінің міндеттері:

1) тарихи кезеңдегі қоғамдағы негізгі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени мәселелер туралы білімдерді қалыптастыру;

2) тарихи кезеңдер бойы адамзат қалыптастырған патриотизмді, толеранттылықты, гуманистік ұғыптар мен демократиялық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;

3) әлемдік-тарихи процесс туралы толық біртұтас білім қалыптастыру;

4) оқиғалар мен құбылыстарды тарихи себептілігі, салыстырмалылығы мен көзқарастар, тарихи оқиғалар және тұлғаларға баға беруде сыни тұрғыдан зерттеу барысында, өткен және қазіргі таңдағы пікірталастық мәселелерге білім алушы тарапынан өзіндік көзқарас білдіруді дамыту;

5) тарихи деректердің типтерімен жұмыс жасау, іздеу және тарихи материалды жіктеу дағдыларын дамыту;

6) деректерді қолдана отырып жобалық, зерттеу әрекетін және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерді ұғыну үшін тарихи білімдері мен дағдыларын қолдана білу қабілетін дамыту;

8) коммукативтік дағдыларды дамыту: өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе білу, топта жұмыс жасау, деректерден алынған ақпараттарды пайдалану.

2-тарау. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұны

6. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

20) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағатты ;

21) 11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

7. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

8. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

10-сынып:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) этникалық және әлеуметтік процестер;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан;

ЖОБА

4) мәдениеттің дамуы.

11-сынып:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) саяси-құқықтық процестер;

3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы;

4) білім мен ғылымның дамуы.

9. «Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері;

2) өркениеттердің жіктелуі;

3) әлем өркениеттерінің тарихы;

4) өркениеттердің өзара әрекеттесуі.

10. «Этникалық және әлеуметтік процестер» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) антропогенез және этногенез;

2) әлем тарихындағы этносаралық қатынастар;

3) қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары.

11. «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер;

2) әлем тарихының барысына әсер еткен әскери-саяси оқиғалар;

3) революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде.

12. «Мәдениеттің дамуы.» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары;

2) өнер – қоғам дамуының бейнесі;

3) қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары.

13. «Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық;

2) мемлекеттердің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері;

3) қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі.

14. «Саяси-құқықтық процестер» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам;

2) әлемнің қазіргі саяси жүйесі;

3) қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі.

15. «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы;

2) XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер;

3) XX ғасырдағы- XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар.

16. «Білім мен ғылымның дамуы» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде;

2) ғылыми-техникалық прогресс;

3) қазіргі заманғы ғылыми технологиялар.

17. Оқыту мақсаттары әр тарау ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

18. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқыту мақсаттары мен тәсілдерін тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) дәлел;

2) өзгеріс пен сабақтастық;

3) себеп пен салдар;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

19. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «Дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден , қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

2) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

3) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды, ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

20. 10 - сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Өркениет: зерттеудің теориялары мен

тәсілдері. «Өркениет» түсінігі. «Өркениет» түсінігін зерттеудегі негізгі тәсілдер. Өркениеттердің жіктелуі. Өркениеттің дәстүрлі (аграрлы) түрі: отырықшы-егіншілік, көшпелі. Өркениет дамуының индустриалдық және постиндустриалдық кезеңдері. Қазіргі заманғы өркениеттің дамуына ақпараттық технологиялардың ықпалы. Әлем өркениеттерінің тарихы. Ежелгі әлем өркениеттері (Ежелгі Египет, Ежелгі Месопотамия, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үндістан, Ежелгі Греция, Ежелгі Рим). Ежелгі діни наным-сенімдер (синтоизм, индуизм, иудаизм, зороастризм, манихейлік, даосизм). Ежелгі философиялық ілімдер (Платон, Сократ, Аристотель, Конфуций, Лао Цзы). Африка (бушмендер, нубийлер, Гана, Мали, Сунгай), Америка (майя, инктер, ацтектер) және Австралия мен Океанияның (полинезиялық, Таити аралының тайпалары, гавайлықтар) дәстүрлі өркениеттері. Әлемдік діндер және өркениеттің дамуы (буддизм, христиандық, ислам). Қазіргі заманғы әлемдік діндердің даму тенденциялары. Қазіргі заманғы деструктивті діни ұйымдар мен ағымдар. Өркениеттердің өзара әрекеттесуі. Өркениеттердің сауда-экономика саласындағы өзара әрекеттесулері (Ұлы жібек жолы, халықаралық ұйымдар: Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы(МЭЕҰ), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО) және тағы басқалар. Өркениеттердің дипломатиялық саладағы өзара әрекеттесулері. Дипломатия өркениеттердің өзара жақындасу факторы ретінде. Өркениеттердің өзара әрекеттесуінің әскери-саяси аспектісі (жаулаушылық соғыстар, отарлық экспансия, әскери-саяси одақтар, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыс, жергілікті қақтығыстар, этносаралық қақтығыстар). Мәдениеттер диалогі (мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара ықпалдары). Зерттеу жұмысы: Әлемдік тарих контекстіндегі өркениеттердің өзара әрекеттесу және өзара ықпалдасу тәсілдері.

2) этникалық және әлеуметтік процестер. Антропогенез және этногенез. Адамның пайда болуы туралы теориялар (діни, ғарыштық, эволюциялық). «Этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдары. Этностардың пайда болуына байланысты теориялар. Әлемнің этникалық картасы: өткен заман және қазіргі уақытта (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен ыдырауы, «ұлттық сана», этностардың ассимиляциясы, шағын этностардың проблемалары). Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар. Ұлтаралық қатынастар: мәселелер және қарама-қайшылықтар. Ұлтаралық қақтығыстардың себептері мен салдарлары (ұлтшылдық, шовинизм, нәсілдік кемсітушілік, нацизм). Этностардың бейбіт өзара әрекеттесуінің тәсілдері (халықаралық интеграция, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропа Одағы (ЕО), Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы(ТҮРКСОЙ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО), Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ), Қазақстан халқы Ассамблеясы және тағы басқалар). Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары. Социогез туралы теориялардың әртүрлілігі (формациялық тәсіл, өркениеттік тәсіл және тағы басқалар). Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары (қоғам ұйымдасуының қандық-туыстық, көршілік-аумақтық, макроэтникалық қағидалары). Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясы. Зерттеу жұмысы: Әлем тарихындағы этникалық және әлеуметтік процестер;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер. «Мемлекет», «билік», «басқару институты» ұғымдары. Мемлекеттің пайда болу теориялары (Аристотель, Платон, Конфуций, Ф. Аквинский, Н. Макиавелли, Дж. Локк, Т. Гоббс, Т. Джефферсон, Ф. Энгельс және тағы басқалар). Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін (монархия, республика, теократиялық мемлекеттер). Саяси режимдердің типтері (тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық). Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери - саяси оқиғалар. Антикалық дәуірдегі әлемдік империяларының қалыптасуы (Парсы империясы, Александр Македонский империясы, Рим империясы). Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары Батыс Рим империясының ыдырауы мен антикалық кезеңінен орта ғасырларға көшу процесінің бір факторы ретінде. Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары (Араб халифаты мен кресшілер мемлекеттерінің құрылуы мен ыдырауы). Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының әсері (Моңғол империясы, Алтын Орда, Әмір Темір империясы, Мәскеу мемлекеті, Құбылай мемлекеті, Ильханат). Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері (капиталистік дамудың жеделдетілуі, Еуропада либералдық әлеуметтік идеялардың таратылуы). Дүниежүзілік соғыстар және халықаралық қатынастар жүйесі: Версаль - Вашингтон, Ялта - Потсдам жүйелері. Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде. Буржуазиялық революциялар индустриалды қоғам қалыптасуының катализаторы ретінде (XVII ғасырдағы Ағылшын буржуазиялық революциясы, XVIII ғасырдағы Француз буржуазиялық революцияы, АҚШ-ғы тәуелсіздік үшін соғыс, Еуропадағы 1848 жылғы «ұлттар көктемі»). Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды тәсілі ретінде (1917 жылғы Қазан Социалистік революциясы, Қытайдағы 1946-1949 жылдардағы Азаматтық соғыс, 1959 жылғы Куба революциясы). Социалистік революциялар нәтижесіндегі қоғамдық құрылымының өзгеруі. Қазіргі заманның революциялары: себептері мен салдарлары (Шығыс Еуропадағы 1989-1990 жылдардағы «барқыт революциясы», Таяу Шығыстағы 2010-2011 жылдардағы «Араб көктемі», бұрынғы Кеңес Одағы елдеріндегі «түрлі-түсті революциялар»). Қоғам проблемаларын революциялық жолмен шешудің салдарлары. Зерттеу жұмысы: Әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешу жолдары;

4) мәдениеттің дамуы. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары. Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалуға бағытталған ЮНЕСКО-ның қызметі. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұрасының тізімі. Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы (Эрмитаж, Лувр, Британ мұражайы, Метрополитен, Жапония Ұлттық мұражайы, Египет мұражайы, Уффици галереясы, Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы және тағы басқалар). Әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау барысындағы мұражайлардың рөлі. Өнер – қоғам дамуының көрінісі. Тарихи процестер аясындағы өнердің бағыттары мен стильдері (абстракционизм, модернизм, постмодернизм, авангардизм, футуризм, кубизм, сюрреализм, экспрессионизм, гиперреализм, хайтек стилі және тағы басқалар). Өнердің бағыттары мен стильдерінің дамуына қоғамдық процестердің тигізетін әсері.

Қазіргі кездегі өнердің даму тенденциялары. Бұқаралық мәдениет және оның қазіргі қоғамға тигізетін әсері (кино, радио, теледидар, интернет, спорт, музыка, қазіргі заманғы әдебиет, қазіргі заманғы бейнелеу өнері). Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары. Жалпыадамзаттық моральдық құндылықтардың қалыптасуы (діни және философиялық идеялар, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, фольклор, дәстүрлі музыка мен әдебиет, отбасылық құндылықтар). Тарихи оқиғалар аясындағы құндылықтардың өзгеруі (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы). Қоғамның адамгершілік құндылықтарды қайта бағалауына ықпал еткен XX ғасырдың тарихи оқиғалары. Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі (прагматизм, рационализм, шектен тыс дарашылдық, нигилизм, конформизм, әлеуметтік апатия, тұтынушылық психология, діни фанатизм, неофашизм, бейресми жастар ұйымдары). Зерттеу жұмысы: Мәдениет – адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтарының көрінісі ретінде;

21. 11-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениеттер: даму ерекшеліктері. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері («экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдары). Елдердің экономикалық дамуының ерекшеліктері. Дәстүрлі (аграрлық) экономика. Нарықтық экономика (либералды экономика). Жоспарлы (социалистік) экономика. Аралас экономика. Табиғи және географиялық факторлардың мемлекеттердің экономикалық дамуына тигізетін әсері. Табиғи және географиялық факторларға байланысты елдердің экономикалық мамандандырылуы (Парсы шығанағы елдері, Канада, Австралия, Түркия, Бразилия және тағы басқалар). Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары (Жапония, Израиль, Сингапур, Малайзия және тағы басқалар). Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттердің біркелкі емес экономикалық даму мәселелері (бұрынғы отарлардың экономикалық дамуы, неоколониализм, шикізатқа бағытталған экономикалар). Мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлі. Зерттеу жұмысы: Әлемдік тәжірибені талдау негізінде Қазақстанның шектеуші табиғи-географиялық факторларға төтеп беру перспективалары;

8) саяси-құқықтық процестер. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемелекет ұғымы, принциптері мен қалыптасуының тарихи алғышарттары (мемлекеттік билікті бөлу принципі, заңның үстемдігі, құқықтар мен бостандықтардың кепілдігі). Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі (Адам мен азаматтың құқықтары туралы декларациясы, АҚШ-тың тәуелсіздік туралы декларациясы, АҚШ-та құлдықты жою туралы Заң, Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы). Азаматтық қоғамның түсінігі мен жалпы

сипаттамасы (Үкіметтік емес ұйымдар, лоббизм, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар). Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің қазіргі заманғы даму тенденциялары. Үкіметтік емес ұйымдар және олардың азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы рөлі. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі. Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі. Халықаралық қатынастардағы Ялта-Потсдам жүйесінің ыдырау себептері. Әлемнің биполярлы жүйесінің ерешеліктері. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі. «Постбиполярлы жүйе», «көпвекторлы саясат», «бірполярлы әлем» ұғымдары. Халықаралық қатынастардың қазіргі замандағы тенденциялары. Қазіргі кезеңдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі. Халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі кездегі қауіп-қатерлері (сепаратизм, ланкестік, фундаментализм, экстремизм, босқындар мәселесі, ірі мемлекеттердің қарсыласуы). Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттердің бірлескен әрекеттері. Халықаралық және аймақтық ұйымдары: Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), НАТО, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК), Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымы (ҰҚШҰ) және тағы басқалар. Зерттеу жұмысы. XXI ғасырдағы әлем: халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдары мен тәсілдері;

9) қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары (либерализм, ұлтшылдық, социал-демократия, марксизм, экзистенциализм, прагматизм, позитивизм). XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер. Бостандық пен азаматтық құқықтар үшін күрес. М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсылас идеясы (сатьяграха, свараджа, свадеши). Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы (нәсілдік кемсітушілік, сегрегация, азаматтық құқықтар үшін күрес). Н. Манделла – апартеидке қарсы күресуші (апартеид, азаматтық құқықтар). XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар. Мемлекет тархындағы тұлғаның ролі. Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік Республикасының негізін қалаушысы (зайырлы мемлекет, этатизм). Франклин Делано Рузвельт және оның «жаңа бағыты». Ф. Рузвельттің бейбіт және соғыс кезіндегі ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктері. Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта өрлеуі (голлизм, Бесінші республика). Дэн Сяопин – көрнекті Қытай реформаторы («қытайлық ерекшелігі бар социализм», «бір ел – екі жүйе»). Ли Куан Ю, Махатхир Мохаммад: «үшінші әлемнен бірінші әлемге» («экономикалық ғажайып», «азиялық серпініс», жаңа индустриалды елдер). Н.Ә.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі. «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» даму стратегиялары, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы. Мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығы. Зерттеу жұмысы: Тарихтағы тұлғаның рөлі;

10) білім мен ғылымның дамуы. Білім алу жалпы адамзаттық құндылық ретінде. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері (пиктография, иероглифтер, сына жазу, руникалық жазу, кітап бастыру және тағы басқалары). Мектептегі білім беру: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін (гимнасия, палестра,

академия, спарталық мектеп, схоластика, жеті «еркін өнер», мектебтер, медреселер, жексенбілік мектептер, қолөнер мектептері және тағы басқалар). Мектептегі білім берудің заманауи модельдері. Жоғары білім беру жүйесі: тарих пен қазіргі кезең (Кордова, Прага, Оксфорд, Кембридж, Сорбонна университеттері және тағы басқалары). Ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлі. Жоғарғы білім берудің заманауи модельдері. Ғылыми-техникалық прогресс. Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері. «Өнеркәсіп төңкерісі», «ғылыми-техникалық революция» ұғымдары. Қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Қазіргі кездегі ғылыми технологиялар. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар. Қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсері. Қазіргі ғылымның перспективалық салалары (робототехника, космонавтика, гендік инженерия). Зерттеу жұмысы: Жаһандану жағдайындағы ғылым мен техниканың перспективті салалары.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

22. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік санын көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.2 кодында «10» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқу мақсатының реттік саны.

1) 1- бөлім:

10- сынып Өркениет: даму ерекшеліктері	11- сынып Өркениет: даму ерекшеліктері
Білім алушылар:	
10.1.1.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «өркениет», «өркениет типі» терминдерін қолдану	11.1.1.1 мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдарын қолдану
10.1.1.2 «Өркениет» түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру	11.1.1.2 экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу
10.1.2.1 өркениеттің дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды түрінің ерекшеліктерін анықтау	11.1.1.3 мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін анықтау
10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау	11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшелітерін түсіндіру
10.1.2.3 ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтау	11.1.1.5 елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтау
10.1.3.1 ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін талдау	11.1.1.6 мемлекеттердің мысалында жоспарлы (социалистік) экономикаға тән белгілерін

	анықтау
10.1.3.2 мемлекет пен қоғамның дамуы туралы ежелгі философиялық ілімдерді зерттеу	11.1.1.7 экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін зерттеу
10.1.3.3 локальді өркениеттердің ерекшеліктерін талдау	11.1.2.1 экономиканың дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің амалдарын зерттеу
10.1.3.4 әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау	11.1.2.2 қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекеттердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдау
10.1.3.5 қазіргі кездегі өркениет жағдайында әлемдік діндердің даму тенденцияларын анықтау	11.1.3.1 мемлекеттер мен аймақтардың әркелкі экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтау
10.1.3.6 қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалау	11.1.3.2 өлшемшарттар негізінде мемлекеттерді экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу
10.1.4.1 себеп-салдарлық байланысты анықтай отырып, әлемдік сауданың өркениет дамуындағы рөлін анықтау	1.1.3.3 мемлекеттердің кедейшілік мәселесін шешуге бағытталған іс-әрекетін зерттеп, оның тиімділігін анықтау
10.1.4.2 әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін анықтау	11.1.3.4 мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау
10.1.4.3 қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау	
10.1.4.4 ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін түсіндіру	
10.1.4.5 отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтау	
10.1.4.6 қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын анықтау	
10.1.4.7 өркениеттердің жетістіктерін зерттей отырып, мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалын сипаттау	
10.1.4.8 жаһанданудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін бағалау	

2) 2- бөлім:

10- сынып Этникалық және әлеуметтік процестер	11-сынып Саяси-құқықтық процестер
Білім алушылар:	
10.2.1.1 антропогенездің әртүрлі	11.2.1.1 мемлекеттердің саяси-құқықтық

теорияларын жүйелеу және тұжырымдау	жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «құқықтық мемелекет» ұғымын қолдану
10.2.1.2 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдарын қолдану	11.2.1.2 мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолдарын талдау
10.2.1.3 әлем картасын пайдалана отырып әртүрлі тарихи кезеңдердегі этникалық процестерді түсіндіру	11.2.1.3 қазіргі кездегі адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын негіздеу
10.2.1.4 қазіргі кездегі ассимиляция мен саны аз этностардың жойылып кету себептерін анықтау	11.2.1.4 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесі дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «азаматтық қоғам» ұғымын қолдану
10.2.1.5 жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени лікті сақтаудың маңыздылығын негіздеу	11.2.1.5 құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының байланысын анықтау
10.2.2.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «ұлтшылдық», «шовинизм», «нәсілдік кемсітушілік» терминдерін қолдану	11.2.1.6 мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалау
10.2.2.2 ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын анықтау	11.2.2.1 Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себептерін талдау
10.2.2.3 тарихи оқиғаларды талдау негізінде қазіргі кездегі ұлтаралық қатынастардың сипатын бағалау	11.2.2.2 әлемнің биполярлы жүйесінің ерекшеліктерін сипаттау
10.2.2.4 ұлтаралық қатынастарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың рөлін талдау	11.2.2.3 қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін «постбиполярлық жүйе», «көпвекторлы саясат», «бір полярлы әлем» ұғымдарын қолдану
10.2.2.5 қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін бағалау	11.2.2.4 қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау
10.2.2.6 ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында этностар арасындағы бейбіт әрекеттестіктің мүмкіндігін дәлелдеу	11.2.3.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «сепаратизм», «терроризм», «фундаментализм», «экстремизм», «миграция», «босқындар» терминдерін қолдану
10.2.3.1 тарихи процестерді түсіндіру үшін «социогенез», «формациялық әдіс», «өркениеттік әдіс» ұғымдарын қолдану	11.2.3.2 сепаратизм, экстремизм және халықаралық лаңкестіктің таралу себептері мен салдарларын анықтау
10.2.3.2 социгенездің әртүрлі теорияларын жүйелеу және тұжырымдау	11.2.3.3 бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін талдау
10.2.3.3 қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формаларын, оларға тән белгілерін анықтай отырып түсіндіру	
10.2.3.4 қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттеу	

3) 3- бөлім:

10- сынып Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	11-сынып Қоғамдық-саяси ойдың дамуы
Білім алушылар:	
10.3.1.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін қолдану	11.3.1.1 қоғамдық ойдың дамуын түсіндіру үшін «либерализм», «ұлтшылдық», «социал - демократия», «марксизм», «экзистенциализм», «прагматизм», «позитивизм» түсініктерін қолдану
10.3.1.2 деректерді талдау негізінде саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтай отырып, салыстыру	11.3.1.2 қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын бағалау
10.3.1.3 тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысудың ерекшеліктерін талдау	11.3.1.3 XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттеу
10.3.2.1 деректерді қолдана отырып грек-парсы соғыстарының мысалында ерте империялардың пайда болу процесін түсіндіру	11.3.2.1 Үндістанның қоғамдық-саяси даму идеологиясы ретінде «гандизм» ұғымын түсіндіру
10.3.2.2 эллинизмді таратудағы А.Македонскийдің жорықтарының рөлін бағалау	11.3.2.2 Үндістанның ұлттық тәуелсіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсылас идеяларының маңыздылығын анықтау
10.3.2.3 халықтардың ұлы қоныс аударуының жағымды және жағымсыз салдарларын анықтау	11.3.2.3 АҚШ-тағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «нәсілдік кемсітушілік», «сегрегация» ұғымдарын қолдану
10.3.2.4 тарихи деректердің негізінде антикалық дәуірден орта ғасырларға өтудің заңдылығын тұжырымдау	11.3.2.4 азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалау
10.3.2.5 дәйекті қорытындылар жасау арқылы араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының себептерін анықтау	11.3.2.5 Оңтүстік Африка Республикасындағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «апартеид» ұғымын қолдану
10.3.2.6 моңғол шапқыншылығының Еуразиядағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процесіне әсерін талдау	11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау
10.3.2.7 әлемдегі өзгерістерді зерттей отырып моңғол шапқыншылығының салдарларын бағалау	11.3.3.2 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «этатизм», «зайырлы мемлекет» ұғымдарын қолдану
10.3.2.8 Наполеон соғыстары мен Еуропа мемлекеттеріндегі капиталистік дамудың ілгерілеуі арасындағы себеп-салдарлық байланысты орнату	11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі туралы қорытындылар жасау
10.3.2.9 Наполеон Кодексінің Еуропадағы либералды қоғамдық идеялардың таралуындағы маңыздылығын бағалау	11.3.3.4 бейбіт және соғыс кезеңіндегі Ф. Рузвельттің ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін анықтау
10.3.2.10 тарихи құжаттарды талдау негізінде Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын түсіндіру	11.3.3.5 Франциядағы әлеуметтік-саяси процестерді түсіндіру үшін «голлизм» ұғымын қолдану

ЖОБА

10.3.2.11 Версаль-Вашингтон және Ялта-Потсдам жүйелерінің тиімділігін және олардың қазіргі заманға әсерін бағалау	11.3.3.6 Ш. Голль қызметінің мысалында мықты президенттік билік институтының маңыздылығын дәлелдеу
10.3.2.12 дүниежүзілік соғыстар кезеңінде халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын талдау	11.3.3.7 әлеуметтік-экономикалық процестерді түсіндіру үшін «қытайлық ерекшелігі бар социализм» ұғымын қолдану
10.3.3.1 аграрлы қоғамнан индустриалды қоғамға өту заңдылықтарын тұжырымдау	11.3.3.8 Қытай Халық Республикасы мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің себептерін талдау
10.3.3.2 буржуазиялық революциялардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді түсіндіру	11.3.3.9 тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын тұжырымдау
10.3.3.3 революциялардың жағымды және жағымсыз салдарларын бағалау	11.3.3.10 Сингапур және Малайзия мысалында мемлекет модернизациясының ерекшеліктерін салыстыру
10.3.3.4 социалисттік революцияның мәнін түсіну үшін әлеуметтік теңдік идеясының даму кезеңдерін зерттеу	11.3.3.11 қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің рөлін бағалау
10.3.3.5 капитализмнен социализмге өтудің әлеуметтік-экономикалық және саяси алғышарттарын анықтау	11.3.3.12 «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» стратегияларының мысалында мемлекет дамуының ұзақ мерзімді жоспарының тиімділігін дәлелдеу
10.3.3.6 социалистік революциялардың нәтижесінде қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерін түсіндіру	11.3.3.13 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ұсынудың өзектілігін негіздеу
10.3.3.7 Шығыс Еуропадағы «барқыт» революцияларының мазмұны мен нәтижелерін талдау	
10.3.3.8 «араб көктемі» және «түрлі-түсті революциялардың» ішкі және сыртқы факторларын анықтау	
10.3.3.9 қоғамдық мәселелерді шешудің революциялық тәсілінің салдары жайлы қорытынды жасау	

4) 4-бөлім:

10- сынып Мәдениеттің дамуы	11-сынып Білім мен ғылымның дамуы
Білім алушылар:	
10.4.1.1 ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтап қалу жолдарын түсіндіру	11.4.1.1 тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктеу
10.4.1.2 ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандар тізімі ескерткіштерінің мысалында тарихи-мәдени мұраның маңыздылығын анықтау	11.4.1.2 адамзат өркениетінің дамуындағы жазу мен кітап бастыру ісінің маңыздылығын анықтау
10.4.1.3 әлемнің ең ірі мұражайларын	11.4.1.3 адамзат тарихы контекстінде

зерттеп, ерекшеліктерін анықтау	мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттау
10.4.1.4 әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтап қалудағы мұражайлардың рөлін түсіндіру	11.4.1.4 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін талдау
10.4.2.1 қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін «абстракционизм», «модернизм», «постмодер- низм», «авангардизм», «футуризм», «кубизм», «сюрреализм», «экспрессионизм», «гиперреа- лизм», «хайтек» терминдерін қолдану	11.4.1.5 мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін, оның ерекшеліктері мен артықшылықтарын анықтай отырып салыстыру
10.4.2.2 өнердің стильдері мен бағыттарының дамуына қоғамдық процестердің әсерін анықтау	11.4.1.6 жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын анықтай отырып зерттеу
10.4.2.3 әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдап, олардың ерекшеліктерін анықтау	11.4.1.7 ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін талдау
10.4.2.4 өзгерістер пен сабақтастықтарды анықтай отырып, қазіргі кездегі өнердің даму тенденцияларын анықтау	11.4.1.8 заманауи жоғарғы білім беру үлгілерін салыстырып, артықшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау
10.4.2.5 бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін түсіндіріп, оның қазіргі қоғамға әсерін талдау	11.4.2.1 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін «өнеркәсіп революциясы», «ғылыми-техникалық революция» ұғымдарын қолдану
10.4.3.1 қоғамның тарихи даму контекстіндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мысалдарын зерттеу	11.4.2.2 әртүрлі мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының ерекшеліктерінің анықтап, олардың ұқсастықтары мен айырмашылық-тарын анықтау
10.4.3.2 қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін анықтау	11.4.2.3 қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау
10.4.3.3 қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарының маңызын түсіндіру	11.4.2.4 әлеуметтік-экономикалық процестердің ерекшеліктерін түсіндіру үшін «ғылыми-техникалық прогресс» ұғымын қолдану
10.4.3.4 жаһанданудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін талдау	11.4.2.5 қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-техникалық прогресстің әсерін зерттеу
10.4.3.5 болашақтағы адамның моральдық бейнесін анықтай отырып, адамзаттың рухани-адамгершілік дамуының ықтимал жолдарын болжау	11.4.3.1 қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсерін зерттеу
	11.4.3.2 адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктердің ықтимал салдарын болжау
	11.4.3.3 ғылымның заманауи тенденцияларының дамуын түсіндіру үшін «гендік инженерия», «нанотехнология», «энергияның балама көздері» ұғымдарын қолдану
	11.4.3.4 жаңа ғылыми бағыттар

	жетістіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін талдау
	11.4.3.5 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін ғылым мен техниканың заманауи түрлерінің дамуының маңызын түсіндіру

23. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

24. Осы оқу бағдарламасы жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

25. Тұлғаның танымдық белсенділігін, шығармашылық, жобалық-зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін әр тақырыптық бөлім білім алушылардың зерттеу жұмысымен аяқталады. Ұзақ мерзімді жоспарда зерттеу тақырыптары жалпылама берілген. Білім алушылар осы белгіленген тақырып шеңберінде түрлі мәселелерді қарастыра алады.

ЖОБА

3. Параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары

1) 10-сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Өркениет: даму ерекшеліктері	Өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері	«Өркениет» түсінігі	10.1.1.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «өркениет», «өркениет типі» терминдерін қолдану; 10.1.1.2 «Өркениет» түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру
	Өркениеттер дің жіктелуі	Өркениеттің дәстүрлі (аграрлық) түрі: көшпелі және отырықшы-егіншілік	10.1.2.1 өркениеттің дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды түрінің ерекшеліктерін анықтау; 10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау
		Өркениеттің индустриалдық даму кезеңі	10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау; 10.1.2.1 өркениеттің дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды түрінің ерекшеліктерін анықтау
		Өркениеттің постиндустриалды даму кезеңі	10.1.2.1 өркениеттің дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды түрінің ерекшеліктерін анықтау; 10.1.2.3 ақпараттық технологиялар дың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтау
	Әлем өркениеттері нің тарихы	Ежелгі әлем өркениеті	10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау; 10.1.3.1 ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін талдау 10.1.3.2 мемлекет пен қоғамның дамуы туралы ежелгі философиялық ілімдерді зерттеу
		Африка, Америка, Австралия және Океанияның дәстүрлі өркениеттері	10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау; 10.1.3.3 локальді өркениеттердің ерекшеліктерін талдау
		Әлемдік діндер және	10.1.3.4 әлемдік діндердің даму

ЖОБА

		өркениеттердің дамуы	кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау; 10.1.3.5 қазіргі кездегі өркениет жағдайында әлемдік діндердің даму тенденцияларын анықтау; 10.1.3.6 қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалау
	Өркениеттер дің өзара әрекеттесуі	Өркениеттер әрекеттестігінің сауда- экономикалық аясы	10.1.4.1 себеп-салдарлық байланыс ты анықтай отырып, әлемдік сауданың өркениет дамуындағы рөлін анықтау; 10.1.4.2 әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдар дың рөлін анықтау
		Өркениеттер әрекеттестігінің дипломатиялық аясы	10.1.4.3 қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау
		Өркениеттер әрекеттестігінің әскери-саяси аясы	10.1.4.4 ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін түсіндіру; 10.1.4.5 отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселе лердің себеп-салдарлық байланысын анықтау; 10.1.4.6 қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын анықтау
		Мәдениеттер диалогі	10.1.4.7 өркениеттердің жетістіктерін зерттей отырып, мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалын сипаттау; 10.1.4.8 жаһанданудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін бағалау
Зерттеу жұмысы		Әлемдік тарих тұрғысындағы өркениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпал ету тәсілдері	
2-тоқсан			
Этника лық және әлеумет	Антропогенез және этногенез	Адамның шығу тегі теориялары	10.2.1.1 антропогенездің теорияларын жүйелеу және тұжырымдау

ЖОБА

тік процес тер		Этностардың пайда болуы және дамуы	10.2.1.2 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдарын қолдану; 10.2.1.3 әлем картасын пайдалана отырып тарихи кезеңдердегі этникалық процестерді түсіндіру; 10.2.1.5 жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдениліктісақтаудың маңыздылығын негіздеу
	Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар	Этносаралық қатынастар: проблемалары және қарама-қайшылықтары	10.2.2.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «ұлтшылдық», «шовинизм», «нәсілдік кемсітушілік» терминдерін қолдану; 10.2.2.2 ұлтаралық қақтығыстар дың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын анықтау; 10.2.2.3 тарихи оқиғаларды талдау негізінде қазіргі кездегі ұлтаралық қатынастардың сипатын бағалау
		Этносаралық қатынастар: бейбіт өзара әрекеттестік тәсілдері	10.2.2.4 ұлтаралық қатынастарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың рөлін талдау; 10.2.2.5 қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін бағалау; 10.2.2.6 ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында этностар арасындағы бейбіт әрекеттестіктің мүмкіндігін дәлелдеу
	Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары	Социогенез туралы теориялардың алуан түрлілігі	10.2.3.1 тарихи процестерді түсіндіру үшін «социогенез», «формациялық әдіс», «өркениеттік әдіс» ұғымдарын қолдану; 10.2.3.2 социгенез теорияларын жүйелеу және тұжырымдау
		Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары	10.2.3.3 қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формаларын, оларға тән белгілерін анықтай отырып түсіндіру; 10.2.3.4 қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттеу
Зерттеу жұмысы		Әлем тарихындағы этникалық және әлеуметтік процестер	
3 - тоқсан			

ЖОБА

Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер	Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болуы	10.3.1.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін қолдану
		Саяси режимдердің типтері	10.3.1.2 деректерді талдау негізінде саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтай отырып, салыстыру; 10.3.1.3 тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысудың ерекшеліктерін талдау
	Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери - саяси оқиғалар	Антикалық кезеңдегі әлемдік империялардың қалыптасуы	10.3.2.1 деректерді қолдана отырып грек -парсы соғыстарының мысалында ерте империялардың пайда болу процесін түсіндіру; 10.3.2.2 эллинизмді таратуда А.Македонскийдің жорықтарының рөлін бағалау
		Ұндардың жаулап алушылық жорықтары ежелгі заманнан ортағасырларға өтудің бір факторы ретінде	10.3.2.3 халықтардың ұлы қоныс аударуының жағымды және жағымсыз салдарларын анықтау; 10.3.2.4 тарихи деректердің негізінде антикалық дәуірден орта ғасырларға өту заңдылығын тұжырымдау
		Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары	10.3.2.5 дәйекті қорытындылар жасай отырып, араб шапқыншылықтары мен мен крест жорықтарының себептерін анықтау
		Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының ықпалы	10.3.2.6 моңғол шапқыншылығы ның Еуразиядағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процесіне әсерін талдау; 10.3.2.7 әлемдегі өзгерістерді зерттей отырып моңғол шапқыншылығының салдарларын бағалау
		Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері	10.3.2.8 Наполеон соғыстары мен Еуропа мемлекеттеріндегі капиталистік дамудың ілгерілеуі арасындағы себеп-салдарлық байланысты орнату; 10.3.2.9 Наполеон Кодексінің Еуропадағы либералды қоғамдық идеялардың таралуындағы маңыздылығын бағалау
		XX ғасырдағы дүниежүзілік соғыстардың халықаралық қатынастар жүйесіне	10.3.2.10 тарихи құжаттарды талдау негізінде Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстардың себептері мен салдарларын түсіндіру;

ЖОБА

		әсері	10.3.2.11 Версаль-Вашингтон және Ялта-Потсдам жүйелерінің тиімділігін және олардың қазіргі заманға әсерін бағалау; 10.3.2.12 дүниежүзілік соғыстар кезеңінде халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын талдау
	Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде	Буржуазиялық революциялар – индустриалды қоғамның құрылуының катализаторы	10.3.3.1 аграрлы қоғамнан индустриалды қоғамға өту заңдылықтарын тұжырымдау; 10.3.3.2 буржуазиялық революция лардың нәтижесіндегі әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді түсіндіру; 10.3.3.3 революциялардың жағымды және жағымсыз салдарларын бағалау
		Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды әдісі ретінде	10.3.3.4 социалисттік революцияның мәнін түсіну үшін әлеуметтік теңдік идеясының даму кезеңдерін зерттеу; 10.3.3.5 капитализмнен социализмге өтудің әлеуметтік-экономикалық және саяси алғышарттарын анықтау
		Қазіргі кездегі революциялар: себептері мен салдары	10.3.3.7 Шығыс Еуропадағы «барқыт» революцияларының мазмұны мен нәтижелерін талдау; 10.3.3.8 «араб көктемі» және «түрлі-түсті революциялардың» ішкі және сыртқы факторларын анықтау; 10.3.3.9 қоғамдық мәселелерді шешудің революциялық тәсілінің салдары жайлы қорытынды жасау
Зерттеу жұмысы		Әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешудің тәсілдері	
4 - тоқсан			
Мәдениеттің дамуы	Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары	Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалудағы ЮНЕСКО-ның қызметі	10.4.1.1 ЮНЕСКО қызметін мысалға ала отырып тарихи-мәдени мұраны сақтау жолдарын түсіндіру; 10.4.1.2 ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра нысандар тізімі ескерткіштерінің мысалында тарихи-мәдени мұраның маңыздылығын анықтау
		Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы	10.4.1.3 әлемнің ең ірі мұражайларын зерттеп, ерекшеліктерін анықтау; 10.4.1.4 әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтап қалудағы

ЖОБА

			мұражайлардың рөлін түсіндіру;
	Өнер – қоғам дамуының бейнесі	Тарихи процестер контекстіндегі өнердің бағыттары мен стильдері	10.4.2.1 қоғамдағы өзгерістерді түсіну үшін «абстракцианизм», «модернизм», «постмодернизм», «авангардизм», «футуризм», «кубизм», «сюрреализм», «экспрессионизм», «гиперреализм», «хайтек» терминдерін қолдану; 10.4.2.2 өнердің стильдері мен бағыттарының дамуына қоғамдық процестердің әсерін анықтау; 10.4.2.3 әлем мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылық туындыларын талдап, олардың ерекшеліктерін анықтау
		Зманауи өнердің даму тенденциялары	10.4.2.4 өзгерістер пен сабақтастықтарды анықтай отырып, қазіргі кездегі өнердің даму тенденцияларын анықтау; 10.4.2.5 бұқаралық мәдениеттің ерекшеліктерін түсіндіріп, оның қазіргі қоғамға әсерін талдау
	Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары	Тарихи оқиғалар контекстіндегі құндылықтардың өзгеруі	10.4.3.1 қоғамның тарихи даму контекстіндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеруінің мысалдарын зерттеу; 10.4.3.2 қоғамның моральдық құндылықтарын қайта бағалауға септігін тигізген XX ғасырдың тарихи оқиғаларының ерекшеліктерін анықтау
		Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі	10.4.3.3 қоғамның тұрақты дамуы үшін қазіргі әлемнің жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтардың маңызын түсіндіру; 10.4.3.4 жаһанданудың ұлттық-мәдени дамуға әсерін талдау; 10.4.3.5 болашақтағы адамның моральдық бейнесін анықтай отырып, адамзаттың рухани-адамгершілік дамуының ықтимал жолдарын болжау
Зерттеу жұмысы		Мәдениет адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтардың бейнесі ретінде	

2) 11-сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырып	Оқу мақсаттары. Білім алушылар тиісті:

1-тоқсан			
Өркениет: даму ерекшеліктері	Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық	Экономика және экономикалық жүйелердің типтері	11.1.1.1мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдарын қолдану; 11.1.1.2 экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу
		Дәстүрлі (аграрлық) экономика	11.1.1.3 мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін анықтау
		Нарықтық экономика	11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшелітерін түсіндіру; 11.1.1.5 елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтау
		Жоспарлы (социалистік) экономика	11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру; 11.1.1.6 мемлекеттердің мысалында жоспарлы (социалистік) экономикаға тән белгілерін анықтау
		Экономиканың аралас түрі	11.1.1.7 экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін зерттеу
	Мемлекеттің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері	Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары	11.1.2.1 экономиканың дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің амалдарын зерттеу; 11.1.2.2 қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекет тердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдау
	Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі	Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі	11.1.3.1 мемлекеттер мен аймақтардың әркелкі экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтау; 11.1.3.2 алғышарттардың негізінде мемлекеттерді экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу
		Жекелеген мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілікке және экономикалық	1.1.3.3 мемлекеттердің кедейшілік мәселесін шешуге бағытталған іс-әрекетін зерттеп, оның тиімділігін анықтау; 11.1.3.4 мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен

ЖОБА

		артта қалушылыққа төтеп беру жолдары	экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау
Зерттеу жұмысы		Әлемдік тәжірибені талдау негізінде Қазақстанның шектеуші табиғи-географиялық факторларға төтеп берудің перспективалары	
2-тоқсан			
Саяси-құқықтық процестер	Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	Құқықтық мемлекет түсінігі	11.2.1.1 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «құқықтық мемлекет» ұғымын қолдану
		Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі	11.2.1.2 мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолдарын талдау; 11.2.1.3 қазіргі кездегі адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын негіздеу
		Азаматтық қоғам түсінігі және жалпы сипаттамасы	11.2.1.4 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «азаматтық қоғам» ұғымын қолдану; 11.2.1.5 құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының тарихи байланысын анықтау
		Азаматтық қоғамдағы үкіметтік емес ұйымдар	11.2.1.6 мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалау
	Әлемнің қазіргі саяси жүйесі	Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі	11.2.2.1 Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себептерін талдау; 11.2.2.2 әлемнің биполярлы жүйесінің ерекшеліктерін сипаттау
		Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі	11.2.2.3 қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін «постбиполярлық жүйе», «көпвекторлы саясат», «бір полярлы әлем» ұғымдарын қолдану; 11.2.2.4 қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау
	Қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі	Халықаралық қауіпсіздікке төнген қазіргі кездегі қауіп-қатерлер	11.2.3.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «сепаратизм», «терроризм», «фундаментализм», «экстремизм», «миграция», «босқын» терминдерін қолдану;

ҚОБА

			11.2.3.2 сепаратизм, экстремизм және халықаралық терроризмнің таралу себептері мен салдарларын анықтау
		Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда мемлекеттердің бірлескен әрекеттері	11.2.2.4 тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау; 11.2.3.3 бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін талдау
Зерттеу жұмысы		XXI ғасырдағы әлем: халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдары мен тәсілдері	
3 - тоқсан			
Қоғамдық-саяси ойдың дамуы	Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы	Жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары	11.3.1.1 қоғамдық ойдың дамуын түсіндіру үшін «либерализм», «ұлтшылдық», «социал-демократия», «марксизм», «экзистенциализм», прагматизм», «позитивизм» түсініктерін қолдану; 11.3.1.2 қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын бағалау; 11.3.1.3 XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттеу
	XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер	М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы	11.3.2.1 Үндістанның қоғамдық-саяси даму идеологиясы ретінде «гандизм» ұғымын түсіндіру; 11.3.2.2 Үндістанның ұлттық тәуелсіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсыласу идеяларының маңыздылығын анықтау
		Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы	11.3.2.3 АҚШ-тағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «нәсілдік кемсітушілік», «сегрегация» ұғымдарын қолдану; 11.3.2.4 - азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азаматтық позициясының маңыздылығын бағалау
		Н. Манделла – апартеидке қарсы күресуші	11.3.2.4 азаматтық құқықтар үшін күресте тұлғаның белсенді азамат-тық позициясының маңыздылығын бағалау; 11.3.2.5 Оңтүстік Африка Республикасындағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін

ЖОБА

			«апартеид» ұғымын қолдану
	XX ғасырдағы – XXI ғасырдың. басындағы көрнекті саясаткер-реформатор лар	Мұстафа Кемал Ататүрік –Түрік Республикасының негізін қалаушы	11.3.3.1 мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығын бағалау; 11.3.3.2 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «этатизм», «зайырлы мемлекет» ұғымдарын қолдану; 11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытын-дылар жасау
		Франклин Делано Рузвельт және оның «жаңа бағыты»	11.3.3.3 мемлекет тарихындағы тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау; 11.3.3.4 бейбіт және соғыс кезеңіндегі Ф. Рузвельттің ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін анықтау
		Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта жаңғыруы	11.3.3.5 Франциядағы әлеуметтік-саяси процестерді түсіндіру үшін «голлизм» ұғымын қолдану; 11.3.3.6 Ш. Голль қызметінің мысалында мықты президенттік билік институтының маңыздылығын дәлелдеу
		Дэн Сяопин – көрнекті қытай реформаторы	11.3.3.7 әлеуметтік-экономикалық процестерді түсіндіру үшін «қытайлық ерекшелігі бар социализм» ұғымын қолдану; 11.3.3.8 ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдау
		Ли Куан Ю и Махатхир Мохаммад: «үшінші әлемнен бірінші әлемге»	11.3.3.9 тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын тұжырымдау; 11.3.3.10 Сингапур және Малайзия мысалында мемлекет модернизациясының ерекшеліктерін салыстыру
		Н. Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі	11.3.3.11 қазақстандық модернизация үлгісін құрастыру және жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің рөлін бағалау; 11.3.3.12 «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» стратегияларының мысалында мемлекет дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау қажеттілігін дәлелдеу; 11.3.3.13 Қазақстан Республикасы ның Тұңғыш Президентінің «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық

ЖОБА

			идеясын ұсыну өзектілігін негіздеу
Зерттеу жұмысы		Тарихтағы тұлғаның ролі	
4 тоқсан			
Білім мен ғылымның дамуы	Білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде	Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері	11.4.1.1 тарихи даму контекстіндегі әлем халықтарының жазу түрлерін жіктеу; 11.4.1.2 адамзат өркениетінің дамуындағы жазу мен кітап бастыру ісінің маңыздылығын анықтау
		Мектептегі білім беру: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін	11.4.1.3 адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттау; 11.4.1.4 мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлін талдау; 11.4.1.5 мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін, оның ерекшеліктері мен артықшылықтарын анықтай отырып салыстыру
		Жоғары білім беру жүйесі: өткені мен бүгіні	11.4.1.6 жоғары оқу орындарының пайда болу тарихын, олардың ортақ даму тенденцияларын анықтай отырып зерттеу; 11.4.1.7 ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін талдау; 11.4.1.8 заманауи жоғары білім беру үлгілерін салыстырып, артықшылықтары мен ерекшеліктерін анықтау
	Ғылыми-техникалық прогресс	Ғылыми-техникалық прогресстің тарихи кезеңдері	11.4.2.1 мемлекетердің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау үшін «өнеркәсіп революциясы», «ғылыми-техникалық революция» ұғымдарын қолдану; 11.4.2.2 мемлекеттердегі өнеркәсіп революциясының ерекшеліктерін анықтап, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 11.4.2.3 қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау;
		Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық проблемалары	11.4.2.4 әлеуметтік-экономикалық процестердің ерекшеліктерін түсіндіру үшін «ғылыми-техникалық прогресс» ұғымын қолдану; 11.4.2.5 қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің туындауына ғылыми-

ЖОБА

			техникалық прогресстің әсерін зерттеу
	Қазіргі заманғы ғылыми технологиялар	Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар	11.4.3.1 қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсерін зерттеу; 11.4.3.2 адамзат өркениетінің дамуы үшін ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктер дің ықтимал салдарын болжау
		Қазіргі ғылымның перспективті салалары	11.4.3.3 ғылымның заманауи тенденция ларының дамуын түсіндіру үшін «гендік инженерия», «нанотехнология», «энергияның балама көздері» ұғымдарын қолдану; 11.4.3.4 жаңа ғылыми бағыттар жетістіктерінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін талдау; 11.4.3.5 қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу үшін ғылым мен техниканың заманауи түрлері дамуының маңызын түсіндіру
Зерттеу жұмысы		Жаһандану жағдайындағы ғылым мен техниканың перспективті салалары	

ЖОБА

3-тарау. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру (төмендетілген оқу жүктемесімен)

1-параграф. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұны

27. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

22) 10-сынып –аптасына 3 сағат, оқу жылында 108 сағатты;

23) 11-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында 108 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

28. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша білім мазмұны бөлімдер арқылы қамтылған. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

29. Оқу пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

10-сынып:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) этникалық және әлеуметтік процестер;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан;

4) мәдениеттің дамуы.

11-сынып:

1) өркениет: даму ерекшеліктері;

2) саяси-құқықтық процестер;

3) қоғамдық-саяси ойдың дамуы;

4) білім мен ғылымның дамуы.

30. «Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) өркениет: зерттеудің теориялары мен әдістері;

2) өркениеттердің жіктелуі;

3) әлем өркениеттерінің тарихы;

4) өркениеттердің өзара әрекеттесуі.

31. «Этникалық және әлеуметтік процестер» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) антропогенез және этногенез;

2) әлем тарихындағы этносаралық қатынастар;

3) қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары.

32. «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер;

2) әлем тарихының барысына әсер еткен әскери-саяси оқиғалар;

3) революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде.

33. «Мәдениеттің дамуы.» бөлімі 10-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары;

2) өнер – қоғам дамуының бейнесі;

3) қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары.

34. «Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық;

2) мемлекеттердің экономикалық дамуына табиғи-географиялық фактордың әсері;

3) қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі.

35. «Саяси-құқықтық процестер» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам;

2) әлемнің қазіргі саяси жүйесі;

3) қазіргі кездегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі.

36. «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жаңа заман және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы;

2) XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер;

3) XX ғасырдағы- XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар.

37. «Білім мен ғылымның дамуы» бөлімі 11-сыныпта келесі бөлімшелерден тұрады:

1) білім алу бүкіл адамзаттық құндылық ретінде;

2) ғылыми-техникалық прогресс;

3) қазіргі заманғы ғылыми технологиялар.

38. Оқыту мақсаттары әр тарау ішінде мұғалім мен білім алушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді.

39. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқыту мақсаттары мен тәсілдерін тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

1) дәлел;

2) өзгеріс пен сабақтастық;

3) себеп пен салдар;

4) ұқсастық пен айырмашылық;

5) маңыздылық;

6) интерпретация.

40. Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «Дәлел» бойынша білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, тарихи айғақтарды

талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды, өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден , қарама-қайшы айғақтарды талдайды;

2) «Өзгеріс пен сабақтастық» бойынша білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды, сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді, тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді;

3) «Себеп және салдар» бойынша білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды, ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді, тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды;

4) «Ұқсастық пен айырмашылық» бойынша білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады;

5) «Маңыздылық» бойынша білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды;

6) «Интерпретация» бойынша білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

41. 10 - сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениет: даму ерекшеліктері. Өркениет: зерттеудің теориялары мен тәсілдері. «Өркениет» түсінігі. «Өркениет» түсінігін зерттеудегі негізгі тәсілдер. Өркениеттердің жіктелуі. Өркениеттің дәстүрлі (аграрлы) түрі: отырықшы-егіншілік, көшпелі. Өркениет дамуының индустриалдық және постиндустриалдық кезеңдері. Қазіргі заманғы өркениеттің дамуына ақпараттық технологиялардың ықпалы. Әлем өркениеттерінің тарихы. Ежелгі әлем өркениеттері (Ежелгі Египет, Ежелгі Месопотамия, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үндістан, Ежелгі Греция, Ежелгі Рим). Ежелгі діни наным-сенімдер (синтоизм, индуизм, иудаизм, зороастризм, манихейлік, даосизм). Ежелгі философиялық ілімдер (Платон, Сократ, Аристотель, Конфуций, Лао Цзы). Африка (бушмендер, нубийлер, Гана, Мали, Сунгай), Америка (майя, инктер, ацтектер) және Австралия мен Океанияның (полинезиялық, Таити аралының тайпалары, гавайлықтар) дәстүрлі өркениеттері. Әлемдік діндер және өркениеттің дамуы (буддизм, христиандық, ислам). Қазіргі заманғы әлемдік діндердің даму тенденциялары. Қазіргі заманғы деструктивті діни ұйымдар мен ағымдар. Өркениеттердің өзара әрекеттесуі. Өркениеттердің сауда-экономика саласындағы өзара әрекеттесулері (Ұлы жібек жолы, халықаралық ұйымдар: Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы(МЭЕҰ), Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО) және тағы басқалар. Өркениеттердің дипломатиялық саладағы өзара әрекеттесулері. Дипломатия өркениеттердің

өзара жақындасу факторы ретінде. Өркениеттердің өзара әрекеттесуінің әскери-саяси аспектісі (жаулаушылық соғыстар, отарлық экспансия, әскери-саяси одақтар, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыс, жергілікті қақтығыстар, этносаралық қақтығыстар). Мәдениеттер диалогі (мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара ықпалдары). Зерттеу жұмысы: Әлемдік тарих контекстіндегі өркениеттердің өзара әрекеттесу және өзара ықпалдасу тәсілдері.

2) этникалық және әлеуметтік процестер. Антропогенез және этногенез. Адамның пайда болуы туралы теориялар (діни, ғарыштық, эволюциялық). «Этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдары. Этностардың пайда болуына байланысты теориялар. Әлемнің этникалық картасы: өткен заман және қазіргі уақытта (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен ыдырауы, «ұлттық сана», этностардың ассимиляциясы, шағын этностардың проблемалары). Әлем тарихындағы этносаралық қатынастар. Ұлтаралық қатынастар: мәселелер және қарама-қайшылықтар. Ұлтаралық қақтығыстардың себептері мен салдарлары (ұлтшылдық, шовинизм, нәсілдік кемсітушілік, нацизм). Этностардың бейбіт өзара әрекеттесуінің тәсілдері (халықаралық интеграция, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропа Одағы (ЕО), Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы(ТҮРКСОЙ), Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО), Ислам Ынтымақтастық Ұйымы (ИЫҰ), Қазақстан халқы Ассамблеясы және тағы басқалар). Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары. Социогез туралы теориялардың әртүрлілігі (формациялық тәсіл, өркениеттік тәсіл және тағы басқалар). Қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формалары (қоғам ұйымдасуының қандық-туыстық, көршілік-аумақтық, макроэтникалық қағидалары). Қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясы. Зерттеу жұмысы: Әлем тарихындағы этникалық және әлеуметтік процестер;

3) мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан. Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер. «Мемлекет», «билік», «басқару институты» ұғымдары. Мемлекеттің пайда болу теориялары (Аристотель, Платон, Конфуций, Ф. Аквинский, Н. Макиавелли, Дж. Локк, Т. Гоббс, Т. Джефферсон, Ф. Энгельс және тағы басқалар). Мемлекет формаларының эволюциясы: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін (монархия, республика, теократиялық мемлекеттер). Саяси режимдердің типтері (тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық). Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери - саяси оқиғалар. Антикалық дәуірдегі әлемдік империяларының қалыптасуы (Парсы империясы, Александр Македонский империясы, Рим империясы). Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары Батыс Рим империясының ыдырауы мен антикалық кезеңінен орта ғасырларға көшу процесінің бір факторы ретінде. Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары (Араб халифаты мен кресшілер мемлекеттерінің құрылуы мен ыдырауы). Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының әсері (Моңғол империясы, Алтын Орда, Әмір Темір империясы, Мәскеу мемлекеті, Құбылай мемлекеті, Ильханат). Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері (капиталистік дамудың жеделдетілуі, Еуропада либералдық әлеуметтік идеялардың таратылуы). Дүниежүзілік соғыстар және халықаралық қатынастар жүйесі: Версаль - Вашингтон, Ялта - Потсдам жүйелері. Революциялар қоғам өзгеруінің бір факторы ретінде.

Буржуазиялық революциялар индустриалды қоғам қалыптасуының катализаторы ретінде (XVII ғасырдағы Ағылшын буржуазиялық революциясы, XVIII ғасырдағы Француз буржуазиялық революцияы, АҚШ-ғы тәуелсіздік үшін соғыс, Еуропадағы 1848 жылғы «ұлттар көктемі»). Социалистік революция әлеуметтік теңдік идеяларын жүзеге асырудың радикалды тәсілі ретінде (1917 жылғы Қазан Социалистік революциясы, Қытайдағы 1946-1949 жылдардағы Азаматтық соғыс, 1959 жылғы Куба революциясы). Социалистік революциялар нәтижесіндегі қоғамдық құрылымының өзгеруі. Қазіргі заманның революциялары: себептері мен салдарлары (Шығыс Еуропадағы 1989-1990 жылдардағы «барқыт революциясы», Таяу Шығыстағы 2010-2011 жылдардағы «Араб көктемі», бұрынғы Кеңес Одағы елдеріндегі «түрлі-түсті революциялар»). Қоғам проблемаларын революциялық жолмен шешудің салдарлары. Зерттеу жұмысы: Әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешу жолдары;

4) мәдениеттің дамуы. Адамзаттың мәдени мұрасын сақтап қалу жолдары. Адамзаттың тарихи-мәдени мұрасын сақтап қалуға бағытталған ЮНЕСКО-ның қызметі. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұрасының тізімі. Әлемнің ең ірі мұражайлары: адамзаттың тарихи зердесінің қазынасы (Эрмитаж, Лувр, Британ мұражайы, Метрополитен, Жапония Ұлттық мұражайы, Египет мұражайы, Уффици галереясы, Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы және тағы басқалар). Әлем халықтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау барысындағы мұражайлардың рөлі. Өнер – қоғам дамуының көрінісі. Тарихи процестер аясындағы өнердің бағыттары мен стильдері (абстракционизм, модернизм, постмодернизм, авангардизм, футуризм, кубизм, сюрреализм, экспрессионизм, гиперреализм, хайтек стилі және тағы басқалар). Өнердің бағыттары мен стильдерінің дамуына қоғамдық процестердің тигізетін әсері. Қазіргі кездегі өнердің даму тенденциялары. Бұқаралық мәдениет және оның қазіргі қоғамға тигізетін әсері (кино, радио, теледидар, интернет, спорт, музыка, қазіргі заманғы әдебиет, қазіргі заманғы бейнелеу өнері). Қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары. Жалпыадамзаттық моральдық құндылықтардың қалыптасуы (діни және философиялық идеялар, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, фольклор, дәстүрлі музыка мен әдебиет, отбасылық құндылықтар). Тарихи оқиғалар аясындағы құндылықтардың өзгеруі (ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы, дүниежүзілік соғыстар, қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы). Қоғамның адамгершілік құндылықтарды қайта бағалауына ықпал еткен XX ғасырдың тарихи оқиғалары. Жаһандану жағдайындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың өзгеру мәселесі (прагматизм, рационализм, шектен тыс дарашылдық, нигилизм, конформизм, әлеуметтік апатия, тұтынушылық психология, діни фанатизм, неофашизм, бейресми жастар ұйымдары). Зерттеу жұмысы: Мәдениет – адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтарының көрінісі ретінде;

42. 11-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) өркениеттер: даму ерекшеліктері. Экономикалық жүйелердің тарихи типтері: өзгеріс пен сабақтастық. Экономика және экономикалық жүйелердің типтері («экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдары). Елдердің

экономикалық дамуының ерекшеліктері. Дәстүрлі (аграрлық) экономика. Нарықтық экономика (либералды экономика). Жоспарлы (социалистік) экономика. Аралас экономика. Табиғи және географиялық факторлардың мемлекеттердің экономикалық дамуына тигізетін әсері. Табиғи және географиялық факторларға байланысты елдердің экономикалық мамандандырылуы (Парсы шығанағы елдері, Канада, Австралия, Түркия, Бразилия және тағы басқалар). Мемлекеттердің экономикалық дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің тарихи мысалдары (Жапония, Израиль, Сингапур, Малайзия және тағы басқалар). Қазіргі кезеңде әлем елдерінің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Мемлекеттердің экономикалық даму деңгейі бойынша жіктелуі. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттердің біркелкі емес экономикалық даму мәселелері (бұрынғы отарлардың экономикалық дамуы, неоколониализм, шикізатқа бағытталған экономикалар). Мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлі. Зерттеу жұмысы: Әлемдік тәжірибені талдау негізінде Қазақстанның шектеуші табиғи-географиялық факторларға төтеп беру перспективалары;

11) саяси-құқықтық процестер. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемелекет ұғымы, принциптері мен қалыптасуының тарихи алғышарттары (мемлекеттік билікті бөлу принципі, заңның үстемдігі, құқықтар мен бостандықтардың кепілдігі). Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі (Адам мен азаматтың құқықтары туралы декларациясы, АҚШ-тың тәуелсіздік туралы декларациясы, АҚШ-та құлдықты жою туралы Заң, Жалпыға бірдей адам құқықтарының декларациясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы). Азаматтық қоғамның түсінігі мен жалпы сипаттамасы (Үкіметтік емес ұйымдар, лоббизм, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар). Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің қазіргі заманғы даму тенденциялары. Үкіметтік емес ұйымдар және олардың азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы рөлі. Әлемнің қазіргі саяси жүйесі. Әлемнің саяси жүйесінің өзгеруі. Халықаралық қатынастардағы Ялта-Потсдам жүйесінің ыдырау себептері. Әлемнің биполярлы жүйесінің ерешеліктері. Әлем құрылысының постбиполярлық жүйесі. «Постбиполярлы жүйе», «көпвекторлы саясат», «бірполярлы әлем» ұғымдары. Халықаралық қатынастардың қазіргі замандағы тенденциялары. Қазіргі кезеңдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мәселесі. Халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі кездегі қауіп-қатерлері (сепаратизм, ланкестік, фундаментализм, экстремизм, босқындар мәселесі, ірі мемлекеттердің қарсыласуы). Бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттердің бірлескен әрекеттері. Халықаралық және аймақтық ұйымдары: Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), НАТО, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК), Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымы (ҰҚШҰ) және тағы басқалар. Зерттеу жұмысы. XXI ғасырдағы әлем: халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдары мен тәсілдері;

12) қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың эволюциясы. Жаңа замандағы және қазіргі кездегі қоғамдық ойдың дамуының негізгі бағыттары (либерализм, ұлтшылдық, социал-демократия, марксизм, экзистенциализм, прагматизм, позитивизм). XX ғасырдағы бостандық пен әділеттілік үшін күресушілер. Бостандық пен азаматтық құқықтар үшін күрес. М. Ганди және оның бейбіт жолмен қарсыласу идеясы (сатьяграха, свараджа, свадеши). Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы (нәсілдік кемсітушілік, сегрегация, азаматтық құқықтар үшін күрес). Н. Манделла – апартеидке қарсы күресуші (апартеид, азаматтық құқықтар). XX ғасырдағы – XXI ғасырдың басындағы көрнекті саясаткер-реформаторлар. Мемлекет тархындағы тұлғаның ролі. Мұстафа Кемал Ататүрік – Түрік Республикасының негізін қалаушысы (зайырлы мемлекет, этатизм). Франклин Делано Рузвельт және оның «жаңа бағыты». Ф. Рузвельттің бейбіт және соғыс кезіндегі ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктері. Шарль де Голль: Франция ұлылығының қайта өрлеуі (голлизм, Бесінші республика). Дэн Сяопин – көрнекті Қитай реформаторы («қытайлық ерекшелігі бар социализм», «бір ел – екі жүйе»). Ли Куан Ю, Махатхир Мохаммад: «үшінші әлемнен бірінші әлемге» («экономикалық ғажайып», «азиялық серпініс», жаңа индустриалды елдер). Н.Ә.Назарбаев және модернизацияның қазақстандық моделі. «Қазақстан - 2030», «Қазақстан - 2050» даму стратегиялары, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы. Мемлекет тарихының өтпелі кезеңдеріндегі реформалардың маңыздылығы. Зерттеу жұмысы: Тарихтағы тұлғаның рөлі;

13) білім мен ғылымның дамуы. Білім алу жалпы адамзаттық құндылық ретінде. Жазу мен кітап бастыру – адамзаттың ұлы жетістіктері (пиктография, иероглифтер, сына жазу, руникалық жазу, кітап бастыру және тағы басқалары). Мектептегі білім беру: ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейін (гимнасия, палестра, академия, спарталық мектеп, схоластика, жеті «еркін өнер», мектебтер, медреселер, жексенбілік мектептер, қолөнер мектептері және тағы басқалар). Мектептегі білім берудің заманауи модельдері. Жоғары білім беру жүйесі: тарих пен қазіргі кезең (Кордова, Прага, Оксфорд, Кембридж, Сорбонна университеттері және тағы басқалары). Ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлі. Жоғарғы білім берудің заманауи модельдері. Ғылыми-техникалық прогресс. Ғылыми-техникалық прогрестің тарихи кезеңдері. «Өнеркәсіп төңкерісі», «ғылыми-техникалық революция» ұғымдары. Қазіргі кездегі өркениеттің дамуындағы ғылыми-техникалық революцияның маңыздылығын бағалау. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Қазіргі кездегі ғылыми технологиялар. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар. Қоғамның дамуына ақпараттық технологиялардың әсері. Қазіргі ғылымның перспективалық салалары (робототехника, космонавтика, гендік инженерия). Зерттеу жұмысы: Жаһандану жағдайындағы ғылым мен техниканың перспективті салалары.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі (төмендетілген оқу жүктемесімен)

43. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық

белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік санын көрсетеді. Мысалы, 10.2.1.2 кодында «10» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше, «2» – оқу мақсатының реттік саны.

1) 1-бөлім:

10- сынып Өркениет: даму ерекшеліктері	11- сынып Өркениет: даму ерекшеліктері
Білім алушылар:	
10.1.1.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «өркениет», «өркениет типі» терминдерін қолдану	11.1.1.1 мемлекеттердің экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономика» және «экономикалық жүйе» ұғымдарын қолдану
10.1.1.2 «Өркениет» түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру	11.1.1.2 экономикалық жүйелердің тарихи типтерінің белгілерін түсіндіре отырып оларды жіктеу
10.1.2.1 өркениеттің дәстүрлі түрінің ерекшеліктерін түсіндіру	11.1.1.3 әртүрлі мемлекеттердің мысалында экономиканың дәстүрлі (аграрлы) түріне тән белгілерін анықтау
10.1.2.2 шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдау	11.1.1.4 экономикалық жүйелердің түрлері туралы білімдерін пайдалана отырып, экономикалық дамудың ерекшеліктерін түсіндіру
10.1.2.3 өркениеттің индустриалды түрінің ерекшеліктерін түсіндіру	11.1.1.5 әртүрлі елдердің мысалында нарықтық экономикаға тән белгілерді анықтау
10.1.2.4 өркениеттің постиндустриалды дамуының ерекшеліктерін түсіндіру	11.1.1.6 әртүрлі мемлекеттердің мысалында жоспарлы (социалистік) экономикаға тән белгілерін анықтау
10.1.2.5 ақпараттық технологиялардың қазіргі өркениеттің дамуына әсерін анықтау	11.1.1.7 экономиканың аралас түріне тән белгілерді анықтай отырып, оған көшудің себептерін зерттеу
10.1.3.1 ежелгі өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау	11.1.2.1 мемлекеттер мен аймақтардың шаруашылық мамандануының қалыптасуындағы табиғи-географиялық фактордың рөлін негіздеу
10.1.3.2 ежелгі өркениеттердің дамуына діни наным-сенімдердің әсерін анықтау	11.1.2.2 экономиканың дамуындағы табиғи-географиялық шектеуші факторларға төтеп берудің әртүрлі амалдарын зерттеу
10.1.3.3 мемлекет пен қоғамның дамуы туралы ежелгі философиялық ілімдерді зерттеу	11.1.2.3 қазіргі заман тарихында шектеуші табиғи-географиялық факторлар жағдайындағы мемлекеттердің сәтті экономикалық дамуының мысалдарын тұжырымдау
10.1.3.4 локальді өркениеттердің ерекшеліктерін оларға тән белгілерін салыстырмалы талдау негізінде анықтау	11.1.3.1 мемлекеттер мен аймақтардың әркелкі экономикалық дамуының тарихи алғышарттарын анықтау
10.1.3.5 аймақтардың өркениеттік ерекшеліктер трансформациясының себептерін анықтау	11.1.3.2 әртүрлі өлшемшарттар негізінде мемлекеттерді экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу
10.1.3.6 әлемдік діндердің даму кезеңдері мен ерекшеліктерін сипаттау	11.1.3.3 мемлекеттердің кедейшілік мәселесін шешуге бағытталған іс-әрекетін зерттеп, оның тиімділігін анықтау

10.1.3.7 әлемдік діндердің философиялық негіздерін түсіндіру	11.1.3.4 мемлекеттер мен аймақтардың кедейшілік пен экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудегі халықаралық ұйымдардың рөлін бағалау
10.1.3.8 әлемдік діндер ілімдеріндегі жалпы адамгершілік құндылықтарды анықтау	11.1.3.5 дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық артта қалушылыққа төтеп берудің ықтимал жолдарын болжау
10.1.3.9 қазіргі кездегі өркениет жағдайында әлемдік діндердің даму тенденцияларын анықтау	
10.1.3.10 қазіргі кездегі деструктивті діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға әсерін бағалау	
10.1.4.1 себеп-салдарлық байланысты анықтай отырып, әлемдік сауданың өркениет дамуындағы рөлін анықтау	
10.1.4.2 әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін анықтау	
10.1.4.3 өркениеттерді жақындастыру факторы ретінде дипломатияның маңызын анықтау	
10.1.4.4 қазіргі өркениеттің дамуындағы дипломатияның рөлін анықтау	
10.1.4.5 ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін түсіндіру	
10.1.4.6 отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтау	
10.1.4.7 қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қақтығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын анықтау	
10.1.4.8 әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін зерттей отырып, мәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалын сипаттау	
10.1.4.9 жаһанданудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін бағалау	

2) 2-бөлім:

10- сынып Этникалық және әлеуметтік процестер	11-сынып Саяси-құқықтық процестер
Білім алушылар:	
10.2.1.1 антропогенездің әртүрлі теорияларын жүйелеу және тұжырымдау	11.2.1.1 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «құқықтық мемелекет» ұғымын қолдану

ЖОБА

10.2.1.2 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «этнос», «этногенез», «ұлт» ұғымдарын қолдану	11.2.1.2 құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарын зерттеу
10.2.1.3 этногенездің әртүрлі теорияларын жүйелеу және тұжырымдау	11.2.1.3 әртүрлі мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекеттің қалыптасу жолдарын талдау
10.2.1.4 Л. Н. Гумилевтің этностардың пайда болуы мен дамуы туралы ғылыми көзқарастарының ерекшеліктерін зерттеу	11.2.1.4 әртүрлі мемлекеттердің мысалында құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асу ерекшеліктерін салыстыру
10.2.1.5 әлем картасын пайдалана отырып әртүрлі тарихи кезеңдердегі этникалық процестерді түсіндіру	11.2.1.5 қазіргі кездегі адам құқықтарының Жалпы Декларациясының маңызын негіздеу
10.2.1.6 қазіргі кездегі ассимиляция мен саны аз этностардың жойылып кету себептерін анықтау	11.2.1.6 мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесі дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «азаматтық қоғам» ұғымын қолдану
10.2.1.7 жаһандану жағдайындағы этникалық және мәдени әртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын негіздеу	11.2.1.7 құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының байланысын анықтау
10.2.2.1 тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «ұлтшылдық», «шовинизм», «нәсілдік кемсітушілік» терминдерін қолдану	11.2.1.8 азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы үкіметтік емес ұйымдардың рөлін анықтау
10.2.2.2 ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын анықтау	11.2.1.9 әртүрлі мемлекеттердегі үкіметтік емес ұйымдардың қызметін бағалау
10.2.2.3 тарихи оқиғаларды талдау негізінде қазіргі кездегі ұлтаралық қатынастардың сипатын бағалау	11.2.2.1 Ялта-Потсдам халықаралық қатынастар жүйесінің ыдырау себептерін талдау
10.2.2.4 ұлтаралық қатынастарды реттеудегі халықаралық ұйымдардың рөлін талдау	11.2.2.2 әлемнің биполярлы жүйесінің ерекшеліктерін сипаттау
10.2.2.5 қазіргі кездегі интеграциялық процестердің тиімділігін бағалау	11.2.2.3 қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін «постбиполярлық жүйе», «көпвекторлы саясат», «бір полярлы әлем» ұғымдарын қолдану
10.2.2.6 ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің мысалында этностар арасындағы бейбіт әрекеттестіктің мүмкіндігін дәлелдеу	11.2.2.4 тарихи оқиғалар, процестер мен құбылыстарды талдау негізінде қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын сипаттау
10.2.3.1 тарихи процестерді түсіндіру үшін «социогенез», «формациялық әдіс», «өркениеттік әдіс» ұғымдарын қолдану	11.2.3.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «сепаратизм», «терроризм», «фундаментализм», «экстремизм», «миграция», «босқындар» терминдерін қолдану
10.2.3.2 социгенездің әртүрлі теорияларын жүйелеу және тұжырымдау	11.2.3.2 сепаратизм, экстремизм және халықаралық лаңкестіктің таралу себептері мен салдарларын анықтау
10.2.3.3 қоғамның әлеуметтік ұйымдасуының тарихи формаларын, оларға тән белгілерін анықтай отырып	11.2.3.3 халықаралық қауіпсіздік жүйесінің дамуының ықтимал нұсқаларын болжау

түсіндіру	
10.2.3.4 қазіргі қоғамның әлеуметтік стратификациясын зерттеу	11.2.3.4 бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бағытталған халықаралық ұйымдардың қызметін талдау
	11.2.3.5 қауіпсіз әлем дамуының ықтимал жолдарын болжау

3) 3-бөлім :

10- сынып Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан	11-сынып Қоғамдық-саяси ойдың дамуы
Білім алушылар:	
10.3.1.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін қолдану	11.3.1.1 қоғамдық ойдың дамуын түсіндіру үшін «либерализм», «ұлтшылдық», «социал - демократия», «марксизм», «экзистенциализм», «прагматизм», «позитивизм» түсініктерін қолдану
10.3.1.2 мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктерін түсіндіру үшін мемлекеттің пайда болу теорияларын салыстыру	11.3.1.2 қоғамдық-саяси ойдың дамуы үшін Ағартушылық дәуір идеяларының маңыздылығын бағалау
10.3.1.3 тарих контекстінде мемлекеттік құрылыс формасының өзгеруінің заңдылықтарын анықтау және талдау	11.3.1.3 XIX-XX ғасырлардағы қоғамдық құрылыс туралы философиялық ойдың даму ерекшеліктерін зерттеу
10.3.1.4 мемлекеттердің тарихи түрлеріне тән белгілерін анықтай отырып, салыстыру	11.3.2.1 Үндістанның қоғамдық-саяси даму идеологиясы ретінде «гандизм» ұғымын түсіндіру
10.3.1.5 деректерді талдау негізінде саяси режимдер түрлерінің мықты және әлсіз жақтарын анықтай отырып, салыстыру	11.3.2.2 Үндістанның ұлттық тәуелсіздікке жетудегі бейбіт жолмен қарсыласу идеяларының маңыздылығын анықтау
10.3.1.6 тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысудың ерекшеліктерін талдау	11.3.2.3 қоғамдық-саяси өмірдегі тұлғаның рөлі жайлы қорытындылар жасау
10.3.2.1 деректерді қолдана отырып грек-парсы соғыстарының мысалында ерте империялардың пайда болу процесін түсіндіру	11.3.2.4 АҚШ-тағы тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «нәсілдік кемсітушілік», «сегрегация» ұғымдарын қолдану
5) зақымдаудың қазіргі заманғы қаруын қолданғанда туындауы мүмкін тосын жағдайда әрекет ету алгоритмін; табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдай туындағанда әрекет ету алгоритмін, жолда болуы мүмкін төтенше жағдайлар туындаған кездегі іс-қимыл алгоритмдерін жинақтайды, синтездейді;

6) қабылданған шешімнің салдарын бағалайды.

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
128-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің мамандандырылған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын желілік «Абай мектептерінің» 10-11-сыныптарына арналған «Абайтану» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1-тарау. Жалпы ережелер

3. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Абайтану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты:

1) Абай шығармашылығының идеялық, мазмұндық-құрылымдық сипатын, тілдік, стильдік, жанрлық ерекшеліктерінен жүйелі білім беру;

2) білім алушылардың танымдық (тілдік танымдық, дүниетанымдық, тұлғатанымдық) қабілеттерін дамыту;

3) Абай ілімдері арқылы тұлғалық қасиеттерді: адамгершілік, этномәдени, тарихи, ұлттық құндылықтарды таныту, бағалай алу құзыретін дамыту, шығармашылық қабілетін шыңдау;

4)білім алушылардың өзіндік даму бағытын, сыни ой-пайымын қалыптастыру;

5)әдеби-эстетикалық талғамдары мен ізгілік және іскерлік құндылықтарын, коммуникативті құзыреттерін жетілдіру;

6) білім алушылардың сөздік қорын дамыту.

3. «Абайтану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының міндеті:

1) Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде өрнектелген «қуатты ойды» таразылау, пәлсапалық сөздерінің мән-мағынасын ашу арқылы тәлімгерлік тағылымын таныту;

2) ақынның аудармашылық шеберлігін және нәзиралық дәстүрін таныту;

3) Абайдың қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық

сипатын, ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын, өлең өнеріндегі қайталанбас қолтаңбасы мен шеберлігін, ақындық мектебін таныту;

4) ақын шығармалары арқылы ұлттық болмысымызды ұғыну, түрлі ұлттар әдебиетіндегі ұқсастықтарды ажырату, басқа ел әдебиетінің көрнекті үлгілерімен салыстыра алу;

5) Абайдың иман жолын таразылайтын ой толғамдарын шығармалары арқылы игеру, Алланы ақылмен тану қағидаттарын пайымдау;

6) ақынның шығармашылық бастауларын, қазақтың дәстүрлі өнерінен үйренгенін, сөз өнерін дамытудағы реформаторлық қырын, шығыс әдебиетімен байланысын зерделеу, Абай шығармашылығына шығыс мәдениетінің ықпалын тану, Абайдың тұлғалық кемелдену жолын саралау;

7) Абайдың орыс, еуропа әдебиеті классиктерімен шығармашылық өзектестігін, орыс, батыс қаламгерлерімен шығармашылық байланысын зерделеу, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын бағалау.

2-тарау. «Абайтану» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Абайтану» оқу пәнінің мазмұны

4. «Абайтану» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 72 сағат;

2) 11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 72 сағат.

5. «Абайтану» пәні білімінің мазмұны бөлімдерге бөлінген:

1) білу және түсіну

2) талдау және жинақтау

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім).

6. «Білу және түсіну» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) көркем шығармадағы поэтикалық қолданыстардың мәнін ашу, мәтіндегі қызметін түсіну;

2) шығарма үзінділерімен жұмыс;

3) шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн;

4) көркем шығармадағы форма мен мазмұн бірлігі;

5) интерпретация (ауызша және жазбаша).

7. «Талдау және жинақтау» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнын талдау;

2) көркем шығарманың образдар жүйесі, типтік характер;

3) көркем шығарманың тілі, стилі;

4) көркемдік тәсілдер.

8. «Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) шығармадағы тарихи шындық және көркемдік шешім;

2) рухани және көркем-эстетикалық құндылық;

3) әдеби шығармашылық;

4) әдеби сын.

9. Оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) білу және түсіну:

көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау; жекелеген нысандардың, сөз образының идеяны ашудағы рөлін түсіну; мәтіннің өзекті ойын/шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын түсіну; шығармадағы объективті идеяны (пәлсапалық трактаттардағы мәнді), көркемдік шешімді айқындау; әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен мазмұн бірлігін талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну; шығарманың идеялық мазмұнын заманауи көзқарастармен кіріктіре отырып интерпретациялау; көркем шығарманы өзге жанрда (әңгіме, мысал, миниатюра) ауызша/жазбаша интерпретациялау;

2) талдау және жинақтау:

әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнын, талдау, (ментальді карта, кластер, тұжырым кестесі нысандарында) жинақтау; көркем шығармадағы образдарды жинақтау мен даралау; шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда қаламгер қолданған тіл ерекшелігі: лексика-семантикалық, мәнмәтіндік, образдық, мәнін талдау; шығармадағы көркемдік тәсілдерге талдау (троп пен фигура түрлері) авторлық идеалды айқындау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

көркем мәтіндегі шығарманың ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; көркем мәтіндегі мәселені мазмұндас туынды үлгілерімен салыстырып бағалау; шығарманың танымдық, көркем-эстетикалық құндылығына баға беру; шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби хат, лирикалық эссе, миниатюра жазу; шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын (рецензия) жазу.

10. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек», «Жапырағы қуарған ескі үмітпен...», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей», «Көк тұман – алдыңдағы келер заман», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Әзелде жас қартаймақ», «Базарға қарап тұрсам әркім барар», «Тоты құс түсті көбелек», «Сағаттың шықылдағы емес ермек, «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Алла деген сөз жеңіл», «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың», «Болды да партия», «Сәулең болса кеудеңде» өлеңдері;

2) «Бірінші», «Сегізінші», «Он екінші», «Он үшінші», «Он жетінші», «Жиырма екінші», «Жиырма жетінші», «Қырық үшінші» қарасөздері;

3) қосымша оқуға:

Мекемтас Мырзахметұлы «Абайдың «Толық адам» ілімі»;

Ғарифолла Есім «Хәкім Абай»;

Ғарифолла Есім «Абай дүниетанымындағы Алла мен Адам болмысы».

11. Оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) оқу және түсіну:

шығарма мәтініндегі жекелеген сөздердің образдық, концептілік мәнін түсіну; көркем шығарманың құрамды бірліктерімен шығармашылық жұмыс; көркем шығармадағы образдар (сөз образдары) мен мотивтердің туынды идеясымен байланысын түсіну, шығарманың өзекті ойын, концепциялық мәнін өмір шындығымен байланыста түсіну; әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен мазмұн тұтастығын талдау арқылы көтерілген әлеуметтік, гуманистік, тұлғатанымдық, психологиялық, заманауи мәселелерді терең түсіну; көркем шығарманың идеялық концепциясын сақтай отырып өзге нысанда (сценарий, мозайка, комикс) интерпретациялау;

2) талдау және жинақтау*:*

әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнына талдау, авторлық ұстанымды айқындау; көркем шығармадағы образдарды жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету; қаламгердің даралық стилін (шығарма тілінің лексика-семантикалық, этномәдени, когнитивті мәнін, образдық-эстетикалық өрісін) талдау; шығармадағы көркемдік тәсілдерге (троп пен фигура түрлеріне) талдау; авторлық интенция, идеалды айқындау;

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап баға беру; көркем шығарманың гуманистік, жалпы адамзаттық, рухани құндылығына баға бере отырып объективті, субъективті эссе жазу; шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын, мақала жазу.

12. Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Абай және қазақтың төл өнері;

2) Абай және шығыс әдебиеті;

3) «Шығыс ақындарынша», «Жалын мен оттан жаралып», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңдері;

4) Абай және Пушкин;

5) «Амал жоқ, қайттім білдірмей», «Тәңірі қосқан жар едің сен», «Онегиннің сипаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы» өлеңдері;

6) Абай және Лермонтов;

7) «Теректің сыйы», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Жалғыз жалау», «Жартас», «Дұға», «Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда», «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдері;

8) «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Жүрегім менің − қырық жамау», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма», «Көлеңке басын ұзартып», «Қарашада өмір тұр», «Қажымас дос халықта жоқ» өлеңдері;

9) Абайдың ақын шәкірттері (Шәкәрім, Көкбай, Ақылбай, Мағауия) Абайдың қазақ өлеңіне әкелген жаңалығы;

10) «Бойы бұлғаң», «Жарым жақсы киім киіп», «Бай секілді», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сен мені не етесің» өлеңдері;

11) «Абай дастандарындағы шығыстық сарын», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» дастандары;

13. қосымша оқуға:

1) Мекемтас Мырзахметов «Абай және шығыс»;

2) Қайым Мұхамедханов «Абай шығармаларының текстологиясы жайында»;

3) Қажым Жұмалиев «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі»;

4) Қайым Мұхамедханов «Абайдың ақын шәкірттері»;

5) Рабиға Сыздықова «Абай шығармаларының тілі».

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

14. Бағдарламада оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодтың бірінші саны сыныпты, екінші және үшінші саны негізгі бөлімдердің ретін, төртінші саны оқу мақсатының ретін көрсетеді. 10.2.1.1 кодында: «10» – сынып, «2.1» – негізгі дағдылар, «1» – оқу мақсатының реті.

15. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген:

1) білу және түсіну:

Негізгі дағдылар	Оқыту мақсаттары	
	10-сынып	11-сынып
1. Көркем шығармадағы поэтикалық қолданыстардың мәнін ашу, мәтіндегі қызметін түсіну	10.1.1.1 көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау	11.1.1.1 шығарма мәтініндегі жекелеген сөздердің образдық, концептілік мәнін түсіну
2. Шығарма үзінділерімен жұмыс	10.1.2.1 жекелеген нысандардың, сөз образының идеяны ашудағы рөлін түсіну	11.1.2.1 көркем шығарманың құрамды бірліктерімен шығармашылық жұмыс
3. Шығармадағы өзекті мәселе, идеялық мазмұн	10.1.3.1 мәтіннің өзекті ойын/шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын түсіну	11.1.3.1 көркем шығармадағы образдар (сөз образдары) мен мотивтердің туынды идеясымен байланысын түсіну; 11.1.3.2 шығарманың өзекті ойын, концепциялық мәнін, өмір шындығымен байланыста түсіну
4. Көркем шығармадағы форма мен мазмұн бірлігі	10.1.4.1 шығармадағы объективті идеяны, (пәлсапалық трактаттардағы мәнді), көркемдік шешімді айқындау; 10.1.4.2 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен мазмұн бірлігін талдау арқылы идеялық мазмұнын түсіну	11.1.4.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен мазмұн тұтастығын талдау арқылы көтерілген әлеуметтік, гуманистік, тұлғатанымдық, психологиялық, заманауи мәселелерді терең түсіну
5. Интерпретация (ауызша, жазбаша)	10.1.5.1 шығарманың идеялық мазмұнын заманауи	11.1.5.1 көркем шығарманың идеялық концепциясын сақтай

	көзқарастармен кіріктіре отырып интерпретациялау; 10.1.5.2 көркем шығарманы өзге жанрда (әңгіме, мысал, миниатюра) ауызша/жазбаша интерпретациялау	отырып өзге нысанда (сценарий, мозайка, комикс) интрепретациялау

2) талдау және жинақтау:

Негізгі дағдылар	Оқыту мақсаттары	
	10-сынып	11-сынып
1. Әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнын талдау	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнын, талдау, (ментальді карта, кластер, тұжырым кестесі нысандарда) жинақтау	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнына талдау, авторлық ұстанымды айқындау
2. Көркем шығармадағы образ, типтік характер	10.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды жинақтау мен даралау	11.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету
3. Көркем шығарманың тілі, стилі	10.2.3.1 шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда қаламгер қолданған тіл ерекшелігі: лексика-семантикалық, мәнмәтіндік, образдық, мәнін талдау	11.2.3.1 қаламгердің даралық стилін (шығарма тілінің лексика- семантикалық, этномәдени, когнитивті мәнін, образдық-эстетикалық өрісін) талдау
4. Көркемдік тәсілдер	10.2.4.1 шығармадағы көркемдік тәсілдерге талдау (троп пен фигура түрлері), авторлық идеалды айқындау	11.2.4.1 шығармадағы көркем дік тәсілдерге (троп пен фигура түрлеріне) талдау, авторлық интенция, идеалды айқындау

3) бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім):

Негізгі дағдылар	Оқыту мақсаттары	
	10-сынып	11-сынып
1. Тарихи шындық және көркемдік шешім	10.3.1.1 көркем мәтіндегі шығарманың ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; 10.3.1.2 көркем мәтіндегі мәселені мазмұндас туынды үлгілерімен салыстырып бағалау	11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау
2. Көркемдік құндылығы	10.3.2.1 шығарманың танымдық, көркем-эстетикалық құндылығына баға беру	11.3.2.1 шығарманың идеясын көркемдік- эстетикалық құндылық тұрғысынан әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап баға беру
3. Әдеби эссе	10.3.3.1 шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби хат, лирикалық эссе, миниатюра жазу	11.3.3.1 көркем шығарманың гуманистік, жалпы адамзаттық, рухани құндылығына баға бере отырып объективті, субъективті эссе жазу

4. Әдеби сын	10.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын (рецензия) жазу	11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын, мақала жазу

15. Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімшелер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

16. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағыттағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 10-11-сыныптарына арналған «Абайтану» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға (оқыту қазақ тілінде) сәйкес жүзеге асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын гуманитарлық бағытындағы мамандандырылған желілік «Абай мектептерінің» 10-11-сыныптарына арналған «Абайтану» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар (оқыту қазақ тілінде)

1) 10-сынып:

Оқу жоспарының концепциялық негіздері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Білім мазмұнының мақсаты	Білім алушыларға тиісті құзыреттіліктер мен оқу міндеттері
1-тоқсан			
«Толық адам» ілімі	Адамның толық (кемел) адам болу идеяларын, қоғамдағы адам болмысы мәселелерін зерделеу. Абайдың «Толық адам ілімі» «Әуелде бір суық мұз-ақыл зерек», «Жапырағы қуарған ескі үмітпен...», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей», «Көк тұман – алдыңдағы келер заман» өлеңдері, «Он жетінші», «Қырық үшінші» қарасөздері.	Білу және түсіну	10.1.1.1 көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау; 10.1.2.1 жекелеген нысандардың, сөз образының идеяны ашудағы рөлін түсіну; 10.1.3.1 мәтіннің өзекті ойын/шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын түсіну; 10.1.4.1 шығармадағы объективті идеяны, (пәлсапалық трактаттардағы мәнді), көркемдік шешімді айқындау; 10.1.4.2 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен мазмұн бірлігін талдау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; 10.1.5.1 шығарманың идеялық мазмұнын заманауи

	Қосымша оқуға: Мекемтас Мырзахметұлы «Абайдың «Толық адам» ілімі»		көзқарастармен кіріктіре отырып интерпретациялау; 10.1.5.2 көркем шығарманы өзге жанрда (әңгіме, мысал, миниатюра) ауызша/жазбаша интерпретациялау
		Талдау және жинақтау	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнын, талдау, (ментальді карта, кластер, тұжырым кестесі нысандарында) жинақтау; 10.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды жинақтау мен даралау; 10.2.3.1 шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда қаламгер қолданған тіл ерекшелігі: лексика- семантикалық, мәнмәтіндік, образдық, мәнін талдау; 10.2.4.1 шығармадағы көркемдік тәсілдерге талдау (троп пен фигура түрлері) авторлық идеалды айқындау
		Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)	10.3.1.1 көркем мәтіндегі шығарманың ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; 10.3.2.1 шығарманың танымдық, көркем-эстетикалық құндылығына баға беру; 10.3.3.1 шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби хат, лирикалық эссе, миниатюра жазу; 10.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын (рецензия) жазу
2-тоқсан			
«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» (Абайдың пәлсапалық ой-орамдары)	Ғылымның пайдасы мен оны игерудің шарттары туралы Абай пайымы, «...Мені» мен «менікінің» айырмасын ажырата отырып, өмір сүрудегі өсиеттерін өлең жолдары мен қарасөздері арқылы талдап, ой таразысына салу. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Әзелде жас	Білу және түсіну	10.1.1.1 көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау; 10.1.2.1 жекелеген нысандардың, сөз образының идеяны ашудағы рөлін түсіну; 10.1.3.1 мәтіннің өзекті ойын/шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын түсіну; 10.1.4.1 шығармадағы объективті идеяны, (пәлсапалық

	қартаймақ», «Базарға қарап тұрсам әркім барар», «Тоты құс түсті көбелек», «Сағаттың шықылдағы емес ермек, «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен» өлеңдері; «Бірінші» қарасөзі. Қосымша оқуға: Ғарифолла Есім «Хакім Абай»		трактаттардағы мәнді), көркемдік шешімді айқындау; 10.1.4.2 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен мазмұн бірлігін талдау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; 10.1.5.1 шығарманың идеялық мазмұнын заманауи көзқарастармен кіріктіре отырып интерпретациялау; 10.1.5.2 көркем шығарманы өзге жанрда (әңгіме, мысал, миниатюра) ауызша/жазбаша интерпретациялау
		Талдау және жинақтау	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнын, талдау, (ментальді карта, кластер, тұжырым кестесі нысандарда) жинақтау; 10.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды жинақтау мен даралау; 10.2.3.1 шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда қаламгер қолданған тіл ерекшелігі: лексика- семантикалық, мәнмәтіндік, образдық, мәнін талдау; 10.2.4.1 шығармадағы көркемдік тәсілдерге талдау (троп пен фигура түрлері) авторлық идеалды айқындау
		Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)	10.3.1.1 көркем мәтіндегі шығарманың ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; 10.3.1.2 көркем мәтіндегі мәселені мазмұндас туынды үлгілерімен салыстырып бағалау; 10.3.2.1 шығарманың танымдық, көркем-эстетикалық құндылығына баға беру; 10.3.3.1 шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби хат, лирикалық эссе, миниатюра жазу; 10.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылар мен салыстыра отырып, әдеби сын (рецензия) жазу
3-тоқсан			

«Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер»	Абайдың мұсылман діні мен иман жолын таразылайтын ой толғамдарын шығармалары арқылы игереді, Алланы ақылмен тану қағидаттарын пайымдайды. Абай және ислам діні «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Алла деген сөз жеңіл», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері; «Он екінші», «Он үшінші», «Жиырма жетінші» қарасөздері. Қосымша оқуға: Ғарифолла Есім. «Абай дүниетанымындағы Алла мен Адам болмысы»	Білу және түсіну	10.1.1.1 көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау; 10.1.2.1 жекелеген нысандардың, сөз образының идеяны ашудағы рөлін түсіну; 10.1.3.1 мәтіннің өзекті ойын/шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын түсіну; 10.1.4.1 шығармадағы объективті идеяны, (пәлсапалық трактаттар дағы мәнді), көркемдік шешімді айқындау; 10.1.4.2 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен мазмұн бірлігін талдау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; 10.1.5.1 шығарманың идеялық мазмұнын заманауи көзқарастар мен кіріктіре отырып интерпрета циялау
		Талдау және жинақтау	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнын, талдау, (ментальді карта, кластер, тұжырым кестесі нысандарында) жинақтау; 10.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды жинақтау мен даралау; 10.2.3.1 шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда қаламгер қолданған тіл ерекшелігі: лексика-семантикалық, мәнмәтіндік, образдық, мәнін талдау; 10.2.4.1 шығармадағы көркемдік тәсілдерге талдау (троп пен фигура түрлері) авторлық идеалды айқындау
		Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)	10.3.1.1 көркем мәтіндегі шығарманың ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; 10.3.1.2 көркем мәтіндегі мәселені мазмұндас туынды үлгілерімен салыстырып бағалау; 10.3.2.1 шығарманың танымдық, көркем-эстетикалық құндылығына баға беру; 10.3.3.1 шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық

			тұрғысынан талдап, әдеби хат, лирикалық эссе, миниатюра жазу; 10.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын (рецензия) жазу
4-тоқсан			
4. «Заманды қай жан билемек? »	XIX ғасырда қазақ даласында орнаған саяси-әлеуметтік жағдайдан билік жүйесінің өзгеруі, оның қазақ қоғамына тиігізген әсері, ұлттық құндылық пен мінез өзгерістері, ел міні туралы ой-пайымдарын өлеңдері мен қарасөздері арқылы саралап тану, өзіндік сыни көзқарас қалыптастыру. «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың», «Болды да партия», «Сәулең болса кеудеңде» өлеңдері; «Сегізінші», «Жиырма екінші» қарасөздері	Білу және түсіну	10.1.1.1 көркем шығармадағы поэтикалық тілдің ерекшелігін айқындау; 10.1.2.1 жекелеген нысандардың, сөз образының идеяны ашудағы рөлін түсіну; 10.1.3.1 мәтіннің өзекті ойын/шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын түсіну; 10.1.4.1 шығармадағы объективті идеяны, (пәлсапалық трактаттардағы мәнді), көркемдік шешімді айқындау; 10.1.4.2 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен мазмұн бірлігін талдау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; 10.1.5.1 шығарманың идеялық мазмұнын заманауи көзқарастармен кіріктіре отырып интерпретациялау; 10.1.5.2 көркем шығарманы өзге жанрда (әңгіме, мысал, миниатюра) ауызша/жазбаша интерпретациялау
		Талдау және жинақтау	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнын, талдау, (ментальді карта, кластер, тұжырым кестесі нысандарында) жинақтау; 10.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды жинақтау мен даралау; 10.2.3.1 шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашуда қаламгер қолданған тіл ерекшелігі: лексика- семантикалық, мәнмәтіндік, образдық, мәнін талдау; 10.2.4.1 шығармадағы көркемдік тәсілдерге талдау (троп пен фигура түрлері) авторлық идеалды айқындау

		Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)	10.3.1.1 көркем мәтіндегі шығарманың ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; 10.3.1.2 көркем мәтіндегі мәселені мазмұндас туынды үлгілерімен салыстырып бағалау; 10.3.2.1 шығарманың танымдық, көркем-эстетикалық құндылығына баға беру; 10.3.3.1 шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби хат, лирикалық эссе, миниатюра жазу; 10.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын (рецензия) жазу

2) 11-сынып:

Оқу жоспарының концепциялық негіздері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Білім мазмұнының мақсаты	Білім алушыларға тиісті құзыреттіліктер мен оқу міндеттері
1-тоқсан			
«Ғылымды іздеп, дүниені көздеп екі жаққа үңілдім»	Ақынның шығармашылық бастауларын: қазақтың дәстүрлі өнерінен үйренгенін, сөз өнерін дамытудағы реформаторлық қырын, шығыс әдебиетімен байланысын зерделеу, Абай шығармашылығына шығыс мәдениетінің ықпалын, назиралық дәстүрін таныту, Абайдың тұлғалық кемелдену жолын таныту; Абай және қазақтың төл өнері; Абай және шығыс әдебиеті; «Шығыс ақындарынша», «Жалын мен оттан жаралып», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңдері;	Білу және түсіну	11.1.1.1 шығарма мәтініндегі жекелеген сөздердің образдық, концептілік мәнін түсіну; 11.1.2.1 көркем шығарманың құрамды бірліктерімен шығармашылық жұмыс; 11.1.3.1 көркем шығармадағы образдар (сөз образдары) мен мотивтердің туынды идеясымен байланысын түсіну; 11.1.3.2 шығарманың өзекті ойын, концепциялық мәнін, өмір шындығымен байланыста түсіну; 11.1.4.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен мазмұн тұтастығын талдау арқылы көтерілген әлеуметтік, гуманистік, тұлғатанымдық, психологиялық, заманауи мәселелерді терең түсіну; 11.1.5.1 көркем шығарманың идеялық концепциясын сақтай отырып өзге нысанда (сценарий, мозайка, комикс) интрепретациялау

	Абай дастандарындағы шығыстық сарын. («Масғұт», «Әзім әңгімесі») Қосымша оқуға: Мекемтас Мырзахметов «Абай және Шығыс»	Талдау және жинақтау	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнына талдау; 11.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету, авторлық ұстанымды айқындау; 11.2.3.1 қаламгердің даралық стилін (шығарма тілінің лексика-семантикалық, этномәдени, когнитивті мәнін, образдық-эстетикалық өрісін) талдау; 11.2.4.1 шығармадағы көркемдік тәсілдерге (троп пен фигура түрлеріне) талдау, авторлық интенция, идеалды айқындау
		Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)	11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; 11.3.2.1 шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап баға беру; 11.3.3.1 көркем шығарманың гуманистік, жалпыадамзаттық, рухани құндылығына баға бере отырып объективті, субъективті эссе жазу; 11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын, мақала жазу
2-тоқсан			
Абай және батыс әдебиеті	Абайдың орыс, еуропа әдебиеті классиктері шығармашылық өзектестігін пайымдату. «Абай және Пушкин» («Амал жоқ, қайттім білдірмей», «Тәңірі қосқан жар едің сен» «Онегиннің сипаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы» өлеңдері бойынша) «Абай және Лермонтов» («Теректің сыйы», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Жалғыз жалау», «Жартас», «Дұға») «Босқа әуре боп келдің бе	Білу және түсіну	11.1.1.1 шығарма мәтініндегі жекелеген сөздердің образдық, концептілік мәнін түсіну; 11.1.2.1 көркем шығарманың құрамды бірліктерімен шығармашылық жұмыс; 11.1.3.1 көркем шығармадағы образдар (сөз образдары) мен мотивтердің туынды идеясымен байланысын түсіну; 11.1.3.2 шығарманың өзекті ойын, концепциялық мәнін, өмір шындығымен байланыста түсіну; 11.1.4.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен мазмұн тұтастығын талдау арқылы көтерілген әлеуметтік, гуманистік,

	тағы мұнда», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Бір қайғыны ойласаң, жүз қайғыны қозғайды», «Өзіңе сенбе жас ойшыл», «Ауру жүрек ақырын соғады жай» өлеңдері. Қосымша оқуға: «Татьянаның қырдағы әні» («Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді), Мұхтар Әуезовтің «Абай және орыс әдебиеті» еңбегі		тұлғатанымдық, психологиялық, заманауи мәселелерді терең түсіну; 11.1.5.1 көркем шығарманың идеялық концепциясын сақтай отырып өзге нысанда (сценарий, мозайка, комикс) интрепретациялау
		Талдау және жинақтау	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнына талдау, авторлық ұстанымды айқындау; 11.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету, авторлық ұстанымды айқындау; 11.2.3.1 қаламгердің даралық стилін (шығарма тілінің лексика-семантикалық, этномәдени, когнитивті мәнін, образдық-эстетикалық өрісін) талдау; 11.2.4.1 шығармадағы көркемдік тәсілдерге (троп пен фигура түрлеріне) талдау, авторлық интенция, идеалды айқындау
		Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)	11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; 11.3.2.1 шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап баға беру; 11.3.3.1 көркем шығарманың гуманистік, жалпы адамзаттық, рухани құндылығына баға бере отырып объективті, субъективті эссе жазу; 11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын, мақала жазу
3-тоқсан			
3. «Мыңмен жалғыз алыстым»		Білу және түсіну	11.1.1.1 шығарма мәтініндегі жекелеген сөздердің образдық, концептілік мәнін түсіну; 11.1.2.1 көркем шығарманың құрамды бірліктерімен шығармашылық жұмыс; 11.1.3.1 көркем шығармадағы образдар (сөз образдары) мен

	«Соқтықпалы, соқпақсыз» өміріндегі жалғыздық күйін, мұң мен зарын пайымдату, Абайдың ойшылдығы мен ақындық өрісін таныту. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Жүрегім менің – қырық жамау», «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма», «Көлеңке басын ұзартып», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Қарашада өмір тұр», «Қажымас дос халықта жоқ» өлеңдері. Қосымша оқуға**:** Қайым Мұхамедханов «Абай шығармаларының текстологиясы жайында»		мотивтердің туынды идеясымен байланысын түсіну; 11.1.3.2 шығарманың өзекті ойын, концепциялық мәнін, өмір шындығымен байланыста түсіну; 11.1.4.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен мазмұн тұтастығын талдау арқылы көтерілген әлеуметтік, гуманистік, тұлғатанымдық, психологиялық, заманауи мәселелерді терең түсіну; 11.1.5.1 көркем шығарманың идеялық концепциясын сақтай отырып өзге нысанда (сценарий, мозайка, комикс) интрепретациялау
		Талдау және жинақтау	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнына талдау, авторлық ұстанымды айқындау; 11.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету, авторлық ұстанымды айқындау; 11.2.3.1 қаламгердің даралық стилін (шығарма тілінің лексика-семантикалық, этномәдени, когнитивті мәнін, образдық-эстетикалық өрісін) талдау; 11.2.4.1 шығармадағы көркемдік тәсілдерге (троп пен фигура түрлеріне) талдау, авторлық интенция, идеалды айқындау
		Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)	11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; 11.3.2.1 шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап баға беру; 11.3.3.1 көркем шығарманың гуманистік, жалпы адамзаттық, рухани құндылығына баға бере отырып объективті, субъективті эссе жазу; 11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын, мақала жазу
4-тоқсан			

Абай шығармаларындағы дәстүр мен жаңашылдық	Абайдың ақындық мектебі, ақындық өрісі, Абайдың қазақ өлеңіне әкелген жаңалығын, Абайдың сөз саптасы, тілінің көркемдік қырларын қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық орнын таныту; Абайдың ақын шәкірттері (Шәкірім, Көкбай, Ақылбай, Мағауия ақын шәкірттері) Абайдың қазақ өлеңіне әкелген жаңалығы: «Бойы бұлғаң», «Жарым жақсы киім киіп», «Бай секілді», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сен мені не етесің» өлеңдері, Абай шығармаларының тілі (Абай лирикасы бойынша). Қосымша оқуға: Қажым Жұмалиев «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» Рабиға Сыздықова «Абай шығармаларының тілі» Қайым Мұхамедханов «Абайдың ақын шәкірттері»	Білу және түсіну	11.1.1.1 шығарма мәтініндегі жекелеген сөздердің образдық, концептілік мәнін түсіну; 11.1.2.1 көркем шығарманың құрамды бірліктерімен шығармашылық жұмыс; 11.1.3.1 көркем шығармадағы образдар (сөз образдары) мен мотивтердің туынды идеясымен байланысын түсіну; 11.1.3.2 шығарманың өзекті ойын, концепциялық мәнін, өмір шындығымен байланыста түсіну; 11.1.4.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен мазмұн тұтастығын талдау арқылы көтерілген әлеуметтік, гуманистік, тұлғатанымдық, психологиялық, заманауи мәселелерді терең түсіну; 11.1.5.1 көркем шығарманың идеялық концепциясын сақтай отырып өзге нысанда (сценарий, мозайка, комикс) интрепретациялау
		Талдау және жинақтау	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық құрылымы мен идеялық мазмұнына талдау, авторлық ұстанымды айқындау; 11.2.2.1 көркем шығармадағы образдарды жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету, авторлық ұстанымды айқындау; 11.2.3.1 қаламгердің даралық стилін (шығарма тілінің лексика-семантикалық, этномәдени, когнитивті мәнін, образдық-эстетикалық өрісін) талдау; 11.2.4.1 шығармадағы көркемдік тәсілдерге (троп пен фигура түрлеріне) талдау, авторлық интенция, идеалды айқындау

		Бағалау (салыстыру) және шығармашылық (өнім)	11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, ұлттық және тарихи құндылығын бағалау; 11.3.2.1 шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап баға беру; 11.3.3.1 көркем шығарманың гуманистік, жалпы адамзаттық, рухани құндылығына баға бере отырып объективті, субъективті эссе жазу; 11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын, мақала жазу

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
129-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарға арналған «Графика және жобалау» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Графика және жобалау» оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларға кескіндеу теориясы негізін таныстыру және меңгерту, жобалау және графикалық моделдеу әдістерінің заңдылықтары туралы білім беру, жобалық және шығармашылық қызметін дамытуға көмектесу, графикалық мәдениетті, графиканың дәстүрлі және заманауи құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

3. Оқу пәнінің міндеттері:

1) білім алушылардың графикалық кескіндеудің басты функцияларын таным құралы және визуалды (графикалық) ақпаратты беру құралы ретінде түсінуіне көмектесу;

2) ақпаратты құру және беруге, кескіндеудің дәстүрлі және заманауи құралдары, жобалау әдістері заңдылықтары туралы білімін қалыптастыруға мүмкіндік беру;

3) білім алушылардың әр түрлі графикалық әрекетке байланысты зияткерлік қабілеттері мен зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасау;

4) білім алушыларға жобалау, графикалық моделдеу және пішіндеу әдістерін меңгеруге ықпал ету.

2-тарау. «Графика және жобалау» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Графика және жобалау» оқу пәнінің мазмұны

4. «Графика және жобалау» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағат;

2) 11-сыныпта – аптасына 2сағат, оқу жылында 72 сағатты құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

5. Оқу пәнінің мазмұны 8 бөлімді қамтиды:

1) ақпаратты визуалдаудың графикалық әдістері мен құралдары;

2) кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру;

3) кескіндерді түрлендіру;

4) форманың қалыптасуы және құрылымдау;

5) форманы түрлендіру;

6) техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері;

7) шығармашылық тапсырмалар;

8) жобалау және жобалау графикасы.

6. «Ақпаратты визуалдаудың графикалық әдістері мен құралдары» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) ақпаратты визуалдаудағы кескіндердің рөлі;

2) ақпаратты визуалдау құралдары;

3) сызбаны орындаудағы негізгі ережелер;

4) сызбадағы геометриялық құрылым.

7. «Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) проекциялау әдістері;

2) графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құрастыру тәсілдері;

3) заттың (геометриялық денелердің) сызбаларын оқу және орындау;

4) қималар мен тіліктер.

8. «Кескіндерді түрлендіру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру;

2) кескіндерді қайта құру (реконструкция).

9. «Форманың қалыптасуы және құрылымдау» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) геометриялық денелердің формаларының қалыптасу зандылықтары;

2) форманы құрылымдау;

3) беттің жазбалары.

10. «Форманы түрлендіру» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) зат формасын түрлендіру;

2) заттың кеңістіктегі қалпы мен бөлшектерін түрлендіру.

11. «Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері»

ЖОБА

бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) стандарттау;

2) құрамалық сызба. Бөлшектерді қосу;

3) сәулет – құрылыс графикасының элементтері;

4) инфографика (сұлбалар, графикалар және диаграммалар).

12. «Шығармашылық тапсырмалар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жобалық қызметке жалпы даярлықтарын дамытатын жаттығулар;

2) жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар.

13. «Жобалау және жобалау графикасы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) жобалау әдістері;

2) шығармашылық идеяларды визуалдау.

14. «Графика және жобалау» оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) «Ақпаратты визуалдаудың графикалық әдістері мен құралдары». Ақпаратты визуалдаудағы кескіндердің алатын орыны; кескіннің тарихы; адам өмірінде және әртүрлі салада (ғылымда, техникада және өнерде) визуалды ақпараттың алатын орны; графикалық кескінді орындау әдістері; ақпаратты визуалдау құралдары; негізгі сызу құралдары; сызу құралдарымен жұмыс жасау тәсілдері; жұмыс орнын ұйымдастыру; сызбаны орындаудағы негізгі ережелер; сызбаны безендіру ережелері (формат, масштаб, негізгі жазулар); тәжірбиелік жұмыс (сызық түрлері, сызба әріптері, өлшемдерді қою); сызбадағы геометриялық құрылым; шеңберлерді және бұрыштарды, кесіндіні тең бөліктерге бөлу; түйіндесулер.

2) «Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру». Проекциялау әдістері; проекциялаудың негізгі әдістері; екі және үш жазықтыққа тік бұрыштап проекциялау; графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құрастыру тәсілдері; аксонометриялық проекциялар; техникалық сурет және нобай; заттың (геометриялық денелердің) сызбаларын оқу және орындау; сызбаға өлшемдерді қою; сызбадағы шарттар мен жеңілдетулер; сызбаларды орындау және оқу.

3) «Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру». Қималар мен тіліктер; Қима мен тілік түрлері; Сызбада қима мен тілікті кескіндеу ережелері.

4) «Кескіндерді түрлендіру». Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру (графикалық жұмыс); кескіндерді қайта құру (реконструкция).

5) «Форманың қалыптасуы және құрылымдау». Геометриялық денелердің формаларының қалыптасу зандылықтары; геометриялық дене (заттардың) бетінің жазбалары; заттардың (геометриялық денелердің) формаларын құрылымдау.

6) «Форманы түрлендіру». Зат формасын түрлендіру; кескінділер арқылы заттардың формаларын түрлендіру.

7) «Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері». Стандарттау. Стандарттау, өзара алмасушылық, сәйкестендіру, бөлшек және жиынтық бірлігі туралы жалпы түсінік; құрастыру сызбасы; бөлшектердің қосылыстары; ажырайтын және ажырамайтын біріктірулер; құрастырмалы сызбаны орындау және безендіру ережелері; сәулет – құрылыс графикасының

элементтері; құрылыс сызбалары туралы жалпы мағлұмат; қарапайым құрылыс сызбаларын оқу және орындау.

15. «Графика және жобалау» оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) «Ақпаратты визуалдаудың графикалық әдістері мен құралдары». Компьютерлік графиканың негізгі түрлері. Растрлық, векторлық графикаға арналған бағдарламалар; 2D кескінін құру үшін БҚ (бағдарламамен қамтамасыз ету); 2D кескінін құру; векторлық және расторлық графикадағы түстік модельдер; векторлық және расторлық графикалардың графикалық операциялары; графикалық безендіруін орындау үшін графикалық редактордың мүмкіндіктерін пайдалану; примитивтерді қолдана отырып, 2D объектінің кескінін құру. Примитивтерді қолдана отырып, геометриялық құрылымдар орындау; кескіндерді баспада басып шығару.

2) «Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру». Компьютерлік графика құралдары арқылы көлемді денелерді және үстіртін модельдеудің негізгі тәсілдері; 3D моделін құрудың негізгі кезеңдері. 3D моделін (аксонометриялық проекция, техникалық сурет, жиынтық бірлік) құрудағы расторлық және векторлық бағдарлама мүмкіндіктері. Көлемді моделдеу операциясының негізіне сүйеніп 3D моделін құру; 3D моделдердің визуализациялау түрлерін анықтау. 3D моделдерін тұрғызу тәсілдерін таңдау. 3D моделдерінің текстурасы мен фактурасы; 2D нысанының қима және тілік көрінісін орындау үшін БҚ (бағдарламамен қамтамасыз ету) таңдау. Қима мен тілікті қалыптастыратын көлемді моделдеу тәсілдері.

3) «Кескіндерді түрлендіру». Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру (графикалық жұмыс).

4) «Форманың қалыптасуы және құрылымдау». Компьютерлік графика құралдары арқылы геометриялық дене (заттардың) бетінің жазбасын сызу.

5) «Форманы түрлендіру». Бөлшектерді жою және басып шығару арқылы 3D моделді түрлендіру; бөлшектерді ауыстыру арқылы 3D моделді түрлендіру;

6) «Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері». Жиынтық бірлігінің 3D-моделі; графикалық бағдарламалардың кітапханамен жұмысы; құрылыс сызбаларын графикалық редакторларда орындау; инфографика (сұлбалар, графикалар және диаграммалар). Әртүрлі саладағы инфографика.

7) «Жобалау және жобалау графикасы». Жобалау әдістері»; жобалаудың негізгі кезендері; жобалау объектілеріне қойылатын талаптар (эстетикалық, функциялық); Шығармашылық идеяларды визуалдау. Графикалық құжаттар; техникалық құжаттамалардың түрлері және олардың құрамы; шығармашылық идеяларды визуалдаудың әртүрлі құралдары (эскиз, макет, сызба); берілген тақырыпқа шығармашылық жоба орындау.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

16. Бағдарламада оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлылығы үшін код

енгізілді. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан – оқыту мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 10.1.1.1. кодында «10» - сынып, «1.1» – бірінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «1» – оқыту мақсатының реттік саны.

1. Ақпаратты визуалдаудың графикалық әдістері мен құралдары		
Білім алушылар тиісті...		
Бөлімше	10-сынып	11-сынып
1.1Ақпаратты визуалдаудағы кескіндердің ролі	10.1.1.1. -адам өмірінде және әртүрлі салада (ғылымда, техникада және өнерде) ақпаратты визуалды түрде берудегі кескіндердің ролінің маңызын білетіндігін және түсінетіндігін көрсету; 10.1.1.2. - графикалық кескінді орындаудың әртүрлі әдістері мен құралдарын білу	11.1.1.1. - растрлық, векторлық графикалық бағдарламалар редакторларының негіздерін білу және оларды қолдану
1.2 Ақпаратты визуалдау құралдары	10.1.2.1.-негізгі сызба құралдарын білу; 10.1.2.2.- графикалық жұмыстарды орындау барысында сызба құрал-дарымен жұмыс жасаудың тәжірбиелік дағдыларын көрсету	11.1.2.1- 2D нысанасын жасау үшін (сызық қалыңдығы мен түсі, тік бұрыш, көпбұрыш, шеңбер, доға, эллипс, сплайн сызықтар, сызықпен түрлеу, өлшемдер қою, координаттық тор) бағдарламалық қамтамасыздандыруды (растрлық немесе векторлық) таңдау; 11.1.2.2 -2D объектілерді жасау үшін графикалық редактордың тиісті аспаптарының мүмкіндіктерін қолдану; 11.1.2.3 - векторлық және расторлық графикада түстік модельдерін таңдауды талдау; 11.1.2.4 - векторлық және расторлық графикалардың графикалық операцияларын (ерекшелеу, жою, масштабтау, бұру, қозғалту, айнадағы суреті, ауқымы, қиюды) пайдалана білу

ЖОБА

1.3 Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер	10.1.3.1-стандарт бойынша сызба орындау мен безендіру ережелерін білу және сақтау; 10.1.3.2- сызық түрлерінің классификациясын білу және графикалық жұмыстарды орындауда дұрыс қолдану; 10.1.3.3 - негізгі жазулар мен өлшемдерді қою, сызба әріптері, сызық түрлері, масштабтар туралы білімдерін көрсете отырып, графикалық кескін орындау	11.1.3.1 - 2D обьектілердің графикалық безендіруін орындау үшін графикалық редактордың мүмкіндіктерін пайдалану
1.4 Сызбадағы геометриялық құрылым	10.1.4.1 - сызбада геометриялық құрылымдарды (кесіндіні бөлу, шеңберлерді және бұрыштарды тең бөліктерге бөлу) әртүрлі сызба құралдарымен орындау; 10.1.4.2 – овал, қисық сызықтар және әртүрлі түйіндесу сызбаларын орындау тәсілдерін көрсету	11.1.4.1 - 2D объектілерін (геометриялық салулар, түйіндесу) жасау үшін растрлық, векторлық кестенің түрлерін таңдау және технологияларын білу; 11.1.4.2 - 2D объектілерін құрастыру барысында клипарттар, кітапханалар, үлгілерді пайдалану; 11.1.4.3 – расторлы және векторлы графикада 2D объектілерін (сызба әріптері, сызба сызықтары, геометриялық құрылым, түйіндесулер) жасау үрдісін оңтайландыру және жеделдету, кескіндерді баспада басып шығару технологияларын пайдалана білу және қолдану
2. Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру		
Білім алушылар тиісті...		
2.1 Проекциялау әдістері	10.2.1.1 - проекциялау әдіс- тәсілдерін білу және түсіну; 10.2.1.2 - екі немесе үш жазықтыққа проекциялаудың	

ЖОБА

	сызбадағы қажетті түрлерінің санын, олардың орналасуын анықтау және білу	
2.2 Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құрастыру тәсілдері	10.2.2.1 - тегіс геометриялық денелер мен көлемді бұйымдарды құру тәсілдерін білу және түсіну (аксонометрия); 10.2.2.2 - заттың (дененің) берілген көріністері бойынша, құрылымдау ережелерін білетіндігін көрсете отырып, аксонометриялық проекцияны орындау; 10.2.2.3 - нобай мен техникалық сурет ерекшеліктерін анықтау және білу	11.2.2.1 - компьютерлік графика құралдары арқылы көлемді денелерді және үстіртін модельдеудің негізгі тәсілдерін пайдалану; 11.2.2.2 - 3D моделін жасау үрдісін кезеңдерге бөлу (координаттық тор, геометриялық денелер, сплайндар, әртекті рационалды сплайндар, модельдер, негізінде модельдеу); 11.2.2.3 - 3D модельдерін (аксонометриялық проекция, техникалық сурет, жиынтық бірлік) жасау үшін растрлық, векторлық бағдарламалардың мүмкіндіктерін мен тиісті құралдарын пайдалану; 11.2.2.4 - 3D моделін (аксонометриялық проекция, техникалық сурет, жиынтық бірлік) жасауда көлемді денелерді модельдеу операцияларын қолдану (қаңқалы бетті жасау, біріктіру, қиылыстыру, алу, ұлғайту)
2.3 Заттың сызбаларын оқу және орындау	10.2.3.1. - бұйымдардың геометриялық формасының қасиеттерін ескере отырып, сызбаға өлшемдерді қоюды білу және қолдана алуын көрсету; 10.2.3.2 - сызбада шарттар және жеңілдетулерді пайдаланып, проекциялау тәсілдерін қолдану туралы терең білімдерін көрсету;	11.2.3.1 - 3D моделін визуализациялау түрлерін анықтау және таңдау (аксонометриялық проекция, техникалық сурет), жиынтық бірліктер; 11.2.3.2 - көлемді денелерді (призма, пирамида, цилиндр, конус, сфера, тор) және үстіртін модельдеуді салыстыру (күрделі формаларды) және құрастыру

ЖОБА

	10.2.3.3 -бұйымдардың геометриялық формаларын талдау барысында сызбаларды оқу және орындау	тәсілдерін таңдау; 11.2.3.3 - визуалдау үдерісінде бұйымның текстурасы мен фактурасын көрсету
2.4 Қималар мен тіліктер	10.2.4.1 -сызбаларда қима мен тіліктерді қолданудың маңыздылығын білу және түсіну; 10.2.4.2 - сызбада қима мен тілікті кескіндеу ережелерін білу және қолдану; 10.2.4.3- қима мен тіліктерді орындау барысында шарттар мен жеңілдетулерді қолдану	11.2.4.1 - 2D объектіні (қималар мен тіліктер) жасау үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді (растрлық немесе векторлық) таңдау; 11.2.4.2 - 3D объектіде тіліктер мен қималардың құрылуы үшін көлемді денелерді модельдеудің негізгі операцияларын пайдалану
3. Кескіндерді түрлендіру		
Білім алушылар тиісті...		
3.1 Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру	10.3.1.1- проекциялау әдістерін өзгерту арқылы заттардың (денелердің) сызбаларың орындау; 10.3.1.2 - кескіннің түрі мен құрамын өзгерту (кескінді ауыстыру) арқылы немесе кескіннің масштабын өзгерту арқылы заттардың (денелердің) сызбаларын орындау	11.3.1.1 - кескіннің түрі мен құрамын өзгерту (кескінді ауыстыру) арқылы немесе кескіннің масштабын өзгерту арқылы 2D немесе 3D объектілердің сызбаларын графикалық редакторларда орындау
3.2 Кескіндерді қайта құру (реконструкция)	10.3.2.1 - ішінара кескіндер арқылы нысанның (заттың) толық көрінісін жаңадан жасау; 10.3.2.2 - ауызша сипаттау арқылы геометриялық денелердің графикалық кескінін немесе сызбасын құру	
4. Форманың қалыптасуы және құрылымдау		
Білім алушылар тиісті...		

ЖОБА

4.1 Геометриялық денелердің формаларының қалыптасу заңдылықтары	10.4.1.1 - геометриялық денелердің формаларының қалыптасуының негізгі заңдылықтарын және принциптерін білу; 10.4.1.2 - әртүрлі беттер мен форма құрастыру тәсілдерін білу және түсінгенін көрсету (көпқырлы және қисық беттер)	
4.2 Формаларды құрылымдау	10.4.2.1 - берілген көрсеткіштер бойынша формаларды құрылымдау	
4.3 Беттің жазбалары	10.4.3.1 - жазылатын және жазылмайтын беттердің кескіндерінің ерекшеліктерін білу және түсіну; 10.4.3.2 - қарапайым геометриялық денелердің жазбасының сызбаларын орындау	11.4.3.1 - компьютерлік графика құралдары арқылы қисық беттердің және қарапайым геометриялық денелердің жазбасын сызу (призма, пирамида, цилиндр, конус, сфера)
5. Форманы түрлендіру		
Білім алушылар тиісті ...		
5.1 Зат формасын түрлендіру	10.5.1.1 - бөлшектерін жою және басып шығару арқылы зат формасын түрлендіру	11.5.1.1 - бөлшектерін жою және басып шығару арқылы 3D моделді түрлендіру
5.2 Кескіндер арқылы заттардың формаларын түрлендіру	10.5.2.1 - кеңістіктегі бұйымның проекциялау жазықтығына қатынасы туралы білгенін және түсінгенін көрсету; 10.5.2.2 - кеңістіктегі нысанның немесе бөліктерінің орнын ауыстырып, сызбасын орындау	11.5.2.1- бөлшектерді ауыстыру арқылы 3D моделін түрлендіру
6. Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері		
Білім алушылар тиісті ...		
6.1 Стандарттау	10.6.1.1 - стандарттау, өзара алмасушылық, сәйкестендіру, бөлшек	

ЖОБА

	және жиынтық бірлігі туралы жалпы түсінікті білу	
6.2 Бөлшектердің қосылыстары. Құрастыру сызбасы	10.6.2.1 - ажырайтын (бұранда) және ажырамайтын біріктірулерді және оны кескіндеуді білу; 10.6.2.2 - құрастырмалы сызбаны орындау және безендіру ережелерін білу; 10.6.2.3- құрастыру сызбасын бөлшектеуді білу және нобайын орындау	11.6.2.1 - 2D ажырайтын және ажырамайтын қосылыстардың құрастыру сызбасын дайындау (кітапхананы пайдалану); 11.6.2.2 - жиынтық бірлігінің 3D-моделін орындау
6.3 Сәулет – құрылыс графикасының элементтері	10.6.3.1 – құрылыс сызбаларының (жоспар, қасбет, тілік) ерекшеліктері мен міндетін түсіну; 10.6.3.2 – әртүрлі ақпарат көздері мен жалпы ережелерді, шартты белгілерді қолдана отырып қарапайым құрылыс сызбаларын орындау және оқу	11.6.3.1 – әртүрлі ақпарат көздері мен жалпы ережелерді, шартты белгілерді қолдана отырып, құрылыс сызбаларын графикалық редакторларда орындау
6.4 Инфографика (сұлбалар, графикалар және диаграммалар)		11.6.4.1. – инфографика жөнінде жалпы мағлұматтарды білу; 11.6.4.2. – инфографика тәсілдері (сұлба, кестелер мен диаграммалар) арқылы зерттеу нәтижесін және ақпаратты визуалдау
7. Шығармашылық тапсырмалар		
Білім алушылар тиісті...		
Бөлімше	10-сынып	11-сынып
7.1 Жобалық қызметке жалпы даярлықтарын дамытатын жаттығулар	10.7.1.1 – қызық есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну	11.7.1.1 – компьютерлік графика құралдарын пайдаланып графикалық модельдеу бойынша қолданбалы және шығармашылық тапсырмаларды орындау
7.2 Жобалық іс – әрекет		11.7.2.1 – техника/дизайн/сәулет

ЖОБА

элементтері бар шығармашылық тапсырмалар		салалары бойынша жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмаларды түрлі графика құралдарымен (қолмен орындалатын/ компьютерлік графика/макеттеу) орындау
8. Жобалау және жобалау графикасы		
Білім алушылар тиісті...		
8.1 Жобалау әдістері		11.8.1.1 – әртүрлі саладағы жобалау әдістерімен танысу және кезеңдерін анықтау; 11.8.1.2 – жобалау нысандарына қойылатын негізгі эстетикалық, функциялық талаптарды анықтау
8.2 Шығармашылық идеяларды визуалдау		11.8.2.1 – техникалық құжаттамалардың түрлеріне байланысты олардың құрамын және олардың ерекшеліктерін білу және ажырата алу; 11.8.2.2 – шығармашылық идеяларды визуалдаудың әртүрлі құралдарын (эскиз, макет, сызба) білу және қолдану

17. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

18. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Графика және жобалау» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

3-параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарға арналған «Графика және жобалау» пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

10-сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырып/Мазмұны	

ЖОБА

			Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Ақпаратты визуалдаудың графикалық әдістері мен құралдары	Ақпаратты визуалдаудағы кескіндердің ролі	Кескіннің мәні мен тарихы	10.1.1.1. - адам өмірінде және әртүрлі салада (ғылымда, техникада және өнерде) ақпаратты визуалды түрде берудегі кескіндердің ролінің маңызын білетінін және түсінетінін көрсету;
		Графикалық кескінді орындау әдістері	10.1.1.2. - графикалық кескінді орындаудың әртүрлі әдістері мен құралдарын білу
	Ақпаратты визуалдау құралдары	Негізгі сызу құралдары, жұмыстың тәсілдері мен жұмыс орнын ұйымдастыру	10.1.2.1. - негізгі сызба құрал- саймандарын білу; 10.1.2.2. - графикалық жұмыстарды орындауда сызба құрал- саймандарымен жұмыс жасаудың тәжірибелік дағдыларын көрсету
	Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер	Сызбаны безендіру ережелері (формат, масштаб, негізгі жазулар)	10.1.3.1 - стандарт бойынша сызба орындау мен безендіру ережелерін білу және сақтау; 10.1.3.2 - графикалық кескіндерді орындауда сызықтардың классификациясы мен түрлерін қолдану ережелерін білу
		Тәжірибелік жұмыс (сызық түрлері, сызба қаріптері, өлшемдерді қою).	10.1.3.3 - негізгі жазулар мен өлшемдерді қою, сызба қаріптері, сызық түрлері, масштабтар туралы білімдерін көрсете отырып, графикалық кескін орындау
	Сызбадағы геометриялық құрылым	Шеңберлерді және бұрыштарды, кесіндіні тең бөліктерге бөлу	10.1.4.1 - сызбада геометриялық салуларды әр түрлі сызба құралдарымен орындау (кесіндіні бөлу, шеңберлерді және бұрыштарды тең бөліктерге бөлу)

ЖОБА

		Түйіндесулер	10.1.4.2. - овал, қисық сызықтар және әр түрлі түйіндесу сызбаларының тәсілдерін көрсету
Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Проекциялау әдістері	Проекциялаудың негізгі әдістері	10.2.1.1 - проекциялау әдіс-тәсілдерін білу және түсіну
		Екі және үш жазықтыққа тік бұрыштап проекциялау	10.2.1.2 - екі немесе үш жазықтыққа проекциялаудың сызбадағы қажетті түрлерінің санын анықтау және білу; 10.7.1.1 - қызық есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну
2-тоқсан			
Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құрастыру тәсілдері	Аксонометриялық проекциялар	10.2.2.1 - тегіс геометриялық денелер мен көлемді бұйымдарды құру тәсілдерін білу және түсіну (аксонометрия); 10.2.2.2 - заттың (дененің) берілген көріністері бойынша, құрылымдау ережелерін білетінін көрсете отыра аксонометриялық проекцияны орындау; 10.7.1.1 - қызық есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну
		Техникалық сурет және нобай	10.2.2.3 - нобай мен техникалық сурет ерекшеліктерін анықтау және білу
	Заттың (геометриялық денелердің) сызбаларын оқу және орындау	Сызбаға өлшемдерді қою	10.2.3.1. - бұйымдардың геометриялық формасының қасиеттерін ескере отырып, сызбаға өлшемдерді қоюды білу және қолдана алуларын көрсету
		Сызбадағы шарттар мен	10.2.3.2 - сызбада шарттар және жеңілдетулерді

ЖОБА

		жеңілдетулер	пайдаланып, проекциялау тәсілдерін қолдану туралы терең білімдерін көрсету
		Сызбаларды орындау және оқу	10.2.3.3 - бұйымдардың геометриялық формаларын талдау барысында сызбаларды оқу және орындау; 10.7.1.1 - қызық есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну
3-тоқсан			
Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Қималар мен тіліктер	Қима мен тілік түрлері	10.2.4.1 - сызбадағы қима мен тіліктердің біртұтастығын (маңыздылығын) білу және түсіну; 10.2.4.2 - сызбада қима мен тілікті кескіндеу ережелерін білу және қолдану; 10.2.4.3 - қима мен тіліктерді орындау барысында шарттар мен жеңілдетулерді қолдану
Кескіндерді түрлендіру	Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру	Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру (графикалық жұмыс)	10.3.1.1 - проекциялау әдістерін өзгерту арқылы заттардың (денелердің) сызбаларың орындау; 10.3.1.2 - кескіннің түрі мен құрамын өзгерту (кескінді ауыстыру) арқылы немесе кескіннің масштабын өзгерту арқылы заттардың (денелердің) сызбаларын орындау
	Кескіндерді қайта құру (реконструкция)	Кескіндерді қайта құру (реконструкция)	10.3.2.1 - ішінара кескіндері арқылы нысанның (заттың) толық көрінісін жаңадан жасау; 10.3.2.2 - ауызша сипаттау арқылы геометриялық денелердің графикалық кескінін немесе сызбасын құру

ЖОБА

Форманың қалыптасуы және құрылымдау	Геометриялық денелердің формаларының қалыптасу зандылықтары	Геометриялық денелердің формаларының қалыптасу зандылықтары	10.4.1.1 - геометриялық денелердің формаларының қалыптасуының негізгі зандылықтарын және принциптерін білу; 10.4.1.2 - әртүрлі беттер мен форма құрастыру тәсілдерін білу және түсінгендерін көрсету (көпқырлы және қисық беттер)
	Формаларды құрылымдау	Заттардың (геометриялық денелердің) формаларын құрылымдау	10.4.2.1 - берілген көрсеткіштер бойынша формаларды құрылымдау; 10.7.1.1 - қызық есептер (мысалы: пропедевтикалық, эвристикалық) шығару барысында ұтымды жолдарды ұсыну
	Беттің жазбалары	Геометриялық дене (заттардың) бетінің жазбалары	10.4.3.1 - жазылатын және жазылмайтын беттердің кескіндерінің ерекшеліктерін білу және түсіну; 10.4.3.2 - қарапайым геометриялық денелердің жазбасының сызбаларын орындау
4-тоқсан			
Форманы түрлендіру	Зат формасын түрлендіру	Зат формасын түрлендіру	10.5.1.1 - бөлшектерін жою және басып шығару арқылы зат формасын түрлендіру
	Кескіндер арқылы заттардың формаларын түрлендіру	Кескіндер арқылы заттардың формаларын түрлендіру	10.5.2.1 - кеңістіктегі бұйымның проекциялау жазықтығына қатынасы туралы білгенін және түсінгенін көрсету; 10.5.2.2 - кеңістіктегі нысанның қалпын немесе бөліктерінің орнын ауыстырып, сызбасын орындау
Техникалық, сәулет – құрылыс және	Стандарттау	Стандарттау. Бұйым, бөлшек және оның элементтері	10.6.1.1 - стандарттау, өзара алмасушылық, сәйкестендіру, бөлшек және жиынтық бірлігі туралы

ҚОГА

ақпараттық графика элементтері			жалпы түсінікті білу
	Бөлшектердің қосылыстары. Құрастыру сызбасы	Бөлшектердің қосылыстары. Ажырайтын және ажырамайтын біріктірулер	10.6.2.1 - ажырайтын (бұранда) және ажырамайтын біріктірулерді және оны кескіндеуді білу
		Құрастыру сызбасы (графикалық жұмыс)	10.6.2.2 - құрастырмалы сызбаны орындау және безендіру ережелерін білу; 10.6.2.3 - құрастыру сызбасын бөлшектеуді білу және нобайын орындау
	Сәулет – құрылыс графикасының элементтері	Құрылыс сызбалары туралы жалпы мағлұмат	10.6.3.1 - құрылыс сызбаларының (жоспар, қасбет, тілік) ерекшеліктері мен міндетін түсіну
		Қарапайым құрылыс сызбаларын оқу және орындау	10.6.3.2 - әртүрлі ақпарат көздері мен жалпы ережелерді, шартты белгілерді қолдана отырып қарапайым құрылыс сызбаларын орындау және оқу

11-сынып:

Бөлім	Бөлімше	Тақырып/Мазмұны	Оқыту мақсаттары
		1-тоқсан	
Ақпаратты визуалдаудың графикалық әдістері мен құралдары	Ақпаратты визуалдаудағы кескіндердің рөлі	Компьютерлік графиканың негізгі түрлері	11.1.1.1. - растрлық, векторлық графикалық бағдарламалар редакторларының негіздерін білу және оларды қолдану
	Ақпаратты визуалдау құралдары	2D кескінін құру үшін БҚ (бағдарламамен қамтамасыз ету)	11.1.2.1 - 2D нысанасын жасау үшін (сызық қалындығы мен түсі, тік бұрыш, көпбұрыш, шеңбер, доға, эллипс, сплайн сызықтар, сызықпен түрлеу, өлшемдер қою, координаттық тор) бағдарламалық қамтамасыз ету (растрлық немесе

			векторлық) таңдау
		2D кескінін құру	11.1.2.2 - 2D объектілерді жасау үшін графикалық редактордың тиісті аспаптарының мүмкіндіктерін қолдану; 11.1.2.3 - векторлық және расторлық графикада түстік модельдерін таңдауды талдау; 11.1.2.4 - векторлық және расторлық графикалардың графикалық операцияларын (ерекшелеу, жою, масштабтау, бұру, қозғалту, айнадағы суреті, ауқымды, қиюды) пайдалана білу
	Сызбаны орындаудағы негізгі ережелер	Сызбаны безендіру ережелері (пішім, масштаб, негізгі жазулар)	11.1.3.1 - 2D обьектілердің графикалық безендіруін орындау үшін графикалық редактордың мүмкіндіктерін пайдалану
	Сызбадағы геометриялық құрылым	Примитивтерді қолдана отырып, 2D объектінің кескінін құру	11.1.4.1 - 2D объектілерін (геометриялық құрылым, түйіндесу, кескіндер-көріністер) жасау үшін растрлық, векторлық кестенің түрлерін таңдау және технологияларын білу; 11.1.4.2 - 2D объектілерін құрастыру алдында клипарттар, кітапханалар, үлгілерді пайдалану
		Примитивтерді қолдана отырып, геометриялық құрылымдар орындау	11.1.4.3 - расторлы және векторлы графикалық 2D объектілерін (сызба қаріптері, сызба сызықтары, геометриялық құрылым, түйіндесулер, кескіндер - көріністер, тіліктер, қималар және т.б.) жасаудың үрдісін оңтайландыру мен

ЖОБА

			жеделдету технологияларын пайдалана білу және кескіндерді баспада басып шығару; 11.7.1.1 - компьютерлік графика құралдарын пайдаланып графикалық модельдеу бойынша қолданбалы және шығармашылық тапсырмаларды орындау
2-тоқсан			
Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Графикалық кескіндердің негізгі түрлерін құрастыру тәсілдері	Көлемді денелерді және үстіртін моделдеудің негізгі тәсілдері	11.2.2.1. - компьютерлік графика құралдары арқылы көлемді денелерді және үстіртін модельдеудің негізгі тәсілдерін пайдалану
		3D моделін құрудың негізгі кезеңдері	11.2.2.2. - 3D моделін жасау үрдісін кезеңдерге бөлу (координаттық тор, геометриялық денелер, сплайндар, әртекті рационалды сплайндар, модельдер, негізінде модельдеу)
		3D моделін құрудағы растрлық және векторлық бағдарлама мүмкіндіктері	11.2.2.3 - 3D модельдерін (аксонометриялық проекция, техникалық сурет, жиынтық бірлік) жасау үшін растрлық, векторлық бағдарламалардың мүмкіндіктері мен тиісті құралдарын пайдалану
		Көлемді моделдеу операциясының негізіне сүйеніп 3D моделін құру	11.2.2.4 - 3D моделін (аксонометриялық проекция, техникалық сурет, жиынтық бірлік) жасауда көлемді денелерді модельдеу операцияларын қолдану (қаңқалы бетті жасау, біріктіру, қиылыстыру, алу, ұлғайту)
	Заттың (геометриялық	3D моделдердің визуалдау түрлерін анықтау	11.2.3.1 - 3D моделін визуалдау түрлерін анықтау және таңдау

ЖОБА

	денелердің) сызбаларын оқу және орындау		(аксонометриялық проекция, техникалық сурет), жиынтық бірліктер
		3D моделдерін тұрғызу тәсілдерін таңдау	11.2.3.2 - көлемді денелерді (призма, пирамида, цилиндр, конус, сфера, тор) және үстіртін модельдеуді салыстыру (күрделі формаларды) және құрастыру тәсілдерін таңдау
		3D моделдерінің текстурасы мен фактурасы	11.2.3.3 - визуалдау үдерісінде бұйымның текстурасы мен фактурасын көрсету
3-тоқсан			
Кескіндердің негізгі түрлері және оны құрастыру	Қималар мен тіліктер	2D нысанның қима және тілік көрінісін орындау үшін БҚ (бағдарламамен қамтамасыз ету) қолдану	11.2.4.1 - 2D объектіні (қималар мен тіліктер) жасау үшін (растрлық немесе векторлық) бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау;
		Қима мен тілікті қалыптастыратын көлемді моделдеу тәсілдері	11.2.4.2 - 3D объектіде тіліктер мен қималардың құрылуы үшін көлемді денелерді модельдеудің негізгі операцияларын пайдалану
Кескіндерді түрлендіру	Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру	Кескіндердің түрі мен құрамын түрлендіру (графикалық жұмыс)	11.3.1.1 - кескіннің түрі мен құрамын өзгерту (кескінді ауыстыру) арқылы немесе кескіннің масштабын өзгерту арқылы 2D немесе 3D объектілердің сызбаларын графикалық редакторларда орындау
Форманың қалыптасуы және құрылымдау	Беттің жазбалары	Геометриялық дене (заттардың) бетінің жазбалары	11.4.3.1 - компьютерлік графика құралдары арқылы қисық беттердің және қарапайым геометриялық денелердің жазбасын сызу (призма, пирамида. цилиндр, конус, сфера)
Форманы түрлендіру	Зат формасын	Зат формасын түрлендіру	11.5.1.1 - бөлшектерін жою және басып шығару арқылы

ЖОБА

	түрлендіру		3D моделді түрлендіру
	Кескіндер арқылы заттардың формаларын түрлендіру	Кескіндер арқылы заттардың формаларын түрлендіру	11.5.2.1 - бөлшектерді ауыстыру арқылы 3D моделін түрлендіру
Техникалық, сәулет – құрылыс және ақпараттық графика элементтері	Бөлшектердің қосылыстары. Құрастыру сызбасы	Жиынтық бірлігінің 3D-моделі. Кітапханамен жұмыс	11.6.2.1 - 2D ажырайтын және ажырамайтын қосылыстарының құрастыру сызбасын дайындау (кітапхананы пайдалану); 11.6.2.2 - жиынтық бірлігінің 3D-моделін орындау
	Сәулет – құрылыс графикасының элементтері	Құрылыс сызбаларының элементтері	11.6.3.1 - әртүрлі ақпарат көздері мен жалпы ережелерді, шартты белгілерді қолдана отырып, құрылыс сызбаларын графикалық редакторларда орындау
	Инфографика (сұлбалар, графикалар және диаграммалар)	Әр түрлі саладағы инфографика	11.6.4.1. – инфографика жөнінде жалпы мағлұматтарды білу; 11.6.4.2. – Инфографика тәсілдері (сұлба, кестелер мен диаграммалар) арқылы зерттеу нәтижесін және ақпаратты визуалдау
4-тоқсан			
Жобалау және жобалау графикасы	Жобалау әдістері	Жобалау әдістері. Жобалаудың негізгі кезеңдері	11.8.1.1 – әртүрлі саладағы жобалау әдістерімен танысу және кезеңдерін анықтау;
		Жобалау объектілеріне қойылатын талаптар	11.8.1.2. – жобалау нысандарына қойылатын негізгі эстетикалық, функциялық талаптарды анықтау
	Шығармашылық идеяларды визуализациялау	Графикалық құжаттар	11.8.2.1 – техникалық құжаттамалардың түрлеріне байланысты олардың құрамын және олардың ерекшеліктерін білу және ажырата алу

ЖОБА

		Шығармашылық идеяларды визуалдау	11.8.2.2 – шығармашылық идеяларды визуалдаудың әртүрлі құралдарын (эскиз, макет, сызба) білу және қолдану
	Жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмалар	Берілген тақырыпқа шығармашылық жоба орындау	11.7.2.1 – техника/дизайн/сәулет салалары бойынша жобалық іс – әрекет элементтері бар шығармашылық тапсырмаларды түрлі графика құралдарымен (қолмен орындалатын/компьютерлік графика/макеттеу) орындау

ЖОБА

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы « »
№ бұйрығына
130-қосымша

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы (қоғамдық-гуманитарлық бағыт, жаратылыстану-математикалық бағыт)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. Ұсынылып отырған пән Қазақстан Республикасының Президенті жолдауындағы Қазақстанның модернизациясы аясында және алға тартылған басымдықтардың бірі - нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын жүзеге асыру арқылы бизнес ортаны түбегейлі жақсарту мен кеңейтуге сәйкес Қазақстан Республикасының мектептеріне арналып әзірленді.

3. Пәнді оқытудың мақсаты кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша оқушыларға базалық білімдер беру, өз таңдауы үшін жауапкершілікке үйрету, кәсіпкерлік ойлау жүйесі мен белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптасыру, қазіргі заманғы нарықтық жағдайда болашақтағы дербес әрекетіне қажетті дағдылардың практикалық базасын қалыптастыру болып табылады.

4. Оқыту міндеттері:

1) оқушылардың кәсіпкерлік пен бизнестің теориялық негіздерін қалыптастыру;

2) оқушылардың жеке қаржылық сауаттылықтың тәжірибелік дағдыларын меңгеруі;

3) оқушыларда өз жетістіктері мен өмірлік ұстанымдарына қатысты жауапкершілік сезімін қалыптастыру;

4) оқушыларда кәсіпкерлік ойлауды және өз әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктерін көре білу біліктілігін қалыптастыру;

5) бизнес-идеяларды ойлап табу дағдыларын қалыптастыру және оларды кәсіпкерлік әрекет деңгейіне дейін дамыту;

6) бизнес-модельдеу дағдыларын дамыту және бизнестің өміршеңдігін арттыру мақсатында бәсекелестіктің құбылмалы жағдайларына бейімделе білу;

7) зерттеу дағдыларын қалыптастыру және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.

5. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнінің ерекшеліктері:

1) пәнді Қазақстанның кәсіпкерлігі практикасы мен ерекшеліктерінің, даму тарихы мен қалыптасуының негіздеріне сүйене отырып, оқу пәнін құру;

2) оқытудың интерактивті және топтық ойын әдістемесі мен технологиясына, оқу үдерісіне оқушыларды белсенді араластыру жолдарына сүйене отырып оқу процесін құру;

3) Қазақстандық және әлемдік нарық жағдайларындағы кадрлық үрдістер мен жаппай кәсіпкерліктің (өмір сүру стилі ретіндегі кәсіпкерлік) даму үрдістері тұрғысынан талап етілетін XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру;

4) оқушының өмірлік саналы ұстанымдарын және өз әрекеті бойынша жасаған таңдауына жауапкершілікпен қарау қасиетін қалыптастыру үшін коучингтік тәсілдемелерді қолдану;

5) практикалық дағдылар мен біліктіліктерді қалыптастыруға бағытталған тренингтік форматты қолдану, сонымен бірге үдерісті ойындар (ағылш. gamification) пайдалану арқылы алғашқы тәжірибені қалыптастыру;

6) синергетикалық әсер алу мақсатымен пәнді өңіраралық деңгейде меңгертудегі өзара әрекеттестік аясында ақпарат алмасу үшін «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсы бойынша мектеп оқушыларының арнайы ресурсында ғаламтор-қауымдастық құру. Осы on-line порталы арқылы электрондық кітапхана базасы мен жұмыс материалдарының базасын, вебинар және қонақ алаңдарын, олимпиада, байқау және т.б. іс-шаралар алаңдарын құру, стартаптар мен инвесторлар арасындағы қарым-қатынас алаңдарын қалыптастыру;

7) пәнді практикалық және әдіснамалық тұрғыдан барынша тиімді толықтыру мен кемтамасыз етуге септігін тигізетін инфрақұрылым жасау;

8) ҚР кәсіпкерлік білім беру ассоциациясына мүше Қазақстанның кәсіпкерлік ЖОО-ы;

9) «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

10) «Джуниор Эчивмент Қазақстан» қоғамдық қоры;

11) білім беру процесін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы дағдыларды дамытуға бағытталған үдерісті автоматты симуляциялайтын арнайы онлайн және офлайн ойындар арқылы қолдау;

12) Клиентке бағытталуды дамыту үшін ойлау-дизайны қағидаларын қолдану.

2-тарау. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнінің мазмұны

6. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағат;

2) 11-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағат құрайды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына тәуелді (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген).

7. Оқу пәнінің мазмұны 10-сыныпта 4 бөлімнен тұрады:

1) «Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік»;

2) «Заманауи жағдайлардағы кәсіпкерлік»;

3) «Әрекеттегі маркетинг»;

4) «Ойлау дизайны».

8. «Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) «Кәсіпкерлікке кіріспе»;

2) «Қазақстан экономикасына тарихи экскурс»;

3) «Кәсіпкерлік тәсілдеме: бастамашылдық және даму мен жаңашылдыққа үздіксіз ұмтылу»;

4) «Өндіріс үрдісіне қатысатын ресурстар»;

5) «Нарықтың қызмет ету механизмі»;

6) «Нарықтық тепе-теңдік».

9. «Заманауи жағдайлардағы кәсіпкерлік» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) «Бизнес неден басталады?»;

2) «Кәсіпкерлік қызмет түрлері, кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық формалары»;

3) «Стартап мәдениет»;

4) «Кәсіпкерліктегі инновациялар мен трендтер (әлемдік, аймақтық және жастардың)»;

5) «Қазіргі жағдайдағы бәсекенің дамуы»;

6) «Баға белгілеу – экономикалық категория ретінде баға қызметі мен мәні»;

10. «Әрекеттегі маркетинг» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) «Маркетингіге кіріспе»;

2) «Маркетинг-микс»;

3) «Кабинеттік және далалық зерттеулер»;

4) «SWOT талдау»;

5) «Мақсатты аудитория, сегменттеу»;

6) «Бренд»

7) «Маркетингілік коммуникациялар»;

8) «Онлайн маркетингілік коммуникациялар».

11. «Ойлау дизайны» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) «Ойлау дизайнына кіріспе»;

2) «Эмпатия»;

3) «Талдау және синтез»;

4) «Идея ойлап табу»;

5) «Прототип жасау»;

6) «Тестілеу»;

7) «Сторителлинг».

12. Оқу пәнінің мазмұны 11-сыныпта 4 бөлімнен тұрады:

1) «Стартап акселератор (1)»;

2) «Стартап акселератор (2)»;

3) «Кәсіпкердің өзін-өзі алға жылжытуы»;

4) «Даму стратегиясы».

13. «Стартап акселератор (1)» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) «Питчинг»;

2) «Команда құру және кәсіпкерлік қызметтегі командалар рөлі»;

3) «Канва бизнес-моделі, маңызды құндылықтарды анықтау. Бизнес-жоспар құрылымы»;

4) «Стартап-жобалардағы маркетинг»;

5) «Стартап-жобалардағы коммуникация арналары;

6) «Тұтынушылық және сатыпалушылық бейілділік»;

7) «Стартаптардағы пайда арналары».

14. «Стартап акселератор (2)» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) «Бизнес ресурстар және ресурстарды басқару»;

2) «Кәсіпкерлік қызметтегі серіктестік»;

3) «Бизнестегі маңызды қызмет»;

4) «Кәсіпкерлік қызметтегі салықтар»;

5) «Шығындар құрылымы»;

6) «Жобаның аяқталуы және оның нәтижелерін талдау – бизнес-жобалардың питчингі».

15. «Кәсіпкердің өзін-өзі алға жылжытуы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) «Жеке адамның активтері мен пассивтері»;

2) «Жинақтаулар, кредиттер және депозиттер»;

3) «Дүниежүзілік ақша бірліктері, электронды ақшалар»;

4) «Қор нарығы»;

5) «Жеке бюджетті басқару»;

6) «Өзін-өзі алға жылжыту»;

7) «Түйіндеме және түйіндеме құру тәжірибесі»;

8) «Нетворкинг (кәсіби жүйелер)»;

9) «Кәсіпкердің іскерлік қарым-қатынасы - келіссөздер мен келіссөздер жүргізу тәжірибелері»;

10) «Эмоционалдық интеллект»;

11) «Тайм-менеджмент».

16. «Даму стратегиясы» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) «Бизнес ауқымын кеңейту – нарық дамуын болжау»;

2) «Бизнес дамуының тәсілдері мен түрлері»;

3) «Сапаны басқару»;

4) «Халықаралық бизнес»;

5) «Тұтынушының құқығын қорғау»;

6) «Кәсіпкердің құқығын қорғау, бизнесті қолдау институттары»;

7) «Кәсіпкерлердің жауапкершілігі (экономикалық, әлеуметтік, заңды, экологиялық, этикалық)»;

8) «Мақсаттарды қоя білу»;

9) «Өзіндік өмір стратегиясы».

17. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнінің 10-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) «Кәсіпкерлікке кіріспе». XXI ғасырдың қажетті дағдысы болып табылатын, ерекше ой тәсілі ретінде кәсіпкерлік туралы түсінік. Кәсіпкерлік ой дамуының тәсілдері. Экономикадағы және заманауи әлем дамуындағы кәсіпкерлер маңызы. Кәсіпкерлік призмасы арқылы оқушылардың өз көзқарасы мен мақсаттарын салыстыру. Кәсіпкер мен бизнесмен арасындағы айырмашылықты түсіну. Жас кәсіпкерлердің рөлін түсіну мен олардың қоғамдағы оң имиджін қалыптастыру. Нақты кәсіпкерлердің мысалдары мен тарихы. Қазақстан экономикасына тарихи экскурс. Экономика не зерттейтінін түсіну, микроэкономика мен макроэкономика арасындағы айырмашылық. Экономикалық түсініктермен, өндіріс үрдісінің ресурстары мен факторлары, нарықтың қызмет ету механизмі, сұраныс пен ұсыныс заңымен, нарықтық тепе-теңдікпен және терминологиялармен танысу. Кәсіпкерлік идеялар көздері (нарық мұқтаждықтары, хобби және т.с.с.). Тоқсандықтың оқу үдерісінің құрылымы: 1. Теориялық оқыту сабағы; 2. Теориялық білімді бекіту үшін офлайн-ойын, ойын дебрифингі; 3. Бизнес-кейстермен жұмыс жасау – өткен материалдар бойынша Қазақстан мен әлемнің нақты кәсіпкерлерінің сәттіліктері, сәтсіздіктері, қиындықтары мен шешімдерін көрсету.

2) «Заманауи жағдайлардағы кәсіпкерлік». Кәсіпкерліктің экономикалық негіздері мен кәсіпкерлік қызмет түрлері. Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуындағы географиялық-аймақтық ерекшеліктерін, стартап және инновацияларды түсінеді. Баға бойынша және бағалық емес, жетілген және жетілмеген бәсекелестік түсінігі. Баға белгілеу – экономикалық категория ретінде баға қызметі мен мәні. «Көк мұхит» және «қызыл мұхит» стратегияларымен танысу. Әрекеттегі қазақстандық және әлемдік компаниялардың бизнес-кейстерінің мысалдары. Оқушылар арасында бақталастық сезімін құру мен бәсекелестік қағидаларын ұғыну.

Виртуалды кәсіпорынды құру үшін алынған білімдерді, топтық жұмыс-ойындар аясында, тәжірибеде қолдану. Тоқсандықтың оқу үдерісінің құрылымы: 1. Теориялық оқыту сабағы; 2. Ойын түрінде топтарда тәжірибелік жұмыс жасау.

3) «Әрекеттегі маркетинг». Нарықта отандық өндірушілердің нақты өнімдерін жылжыту бағдарламаларын құру призмалары тұрғысынан маркетингті оқыту. Топтарға бөлу, FMCG нарығында жұмыс жасайтын Қазақстанның нақты

компаниясын таңдау. Әр команданың міндеті – облыс нарығында ұсынылған нақты өнімді жылжытудың маркетингілік стратегиясын жасау (мақсатты аудиторияны, ұранын, неймингін, коммуникацияның офлайн- және онлайн-каналдарын анықтау, жарнамалық өнімнің сыртқы түрін жасау мен әлеуметтік желілерде позициялау).

Тоқсандықтың оқу үдерісінің құрылымы: 1. Теориялық оқыту сабағы; 2. Өнімді жылжытудың маркетингілік стратегиясын жасауда алынған білімді қолдану бойынша топтарда тәжірибелік жұмыс.

4) «Ойлау дизайны». Ойлау дизайны әдістемесінің кезеңдерін қолдана отырып практикалық тапсырмалар арқылы клиенттерге бағытталған шешімдерді құру. «Эмпатия» кезеңінің аясында оқушылар мәселелік жайттарға тереңірек енеді. Адам (пайдаланушы), оның физикалық және эмоционалдық қажеттіліктері, жүріс-тұрысы, ойлары зерттеудің маңызды обьектісі болып табылады. Топтық жұмыс аясында олар сұрақтар қояды, тыңдайды және бақылайды. Келесі «Талдау және синтез» кезеңінде оқушылар жиналған ақпаратты талдайды, жүйелейді және түсіндіреді – барлық тыңдалынған және көрген ақпаратты нақты, маңызды мәселеге айналдырады. Осы кезеңде оқушылар аналитикалық ойлау дағдыларымен танысады, маңыздысын ажыратуға, ойлап табылған нәрселерді құрастыру және нақты міндеттерге айналдыруға үйренеді. «Идеяларды ойлап табу» кезеңінде оқушылар команданың басқа қатысушыларының идеяларымен өзінің идеяларын ойлап табу мен дамыту үшін оң әсер ету тәсілдерін меңгере отырып ми шабуылының қағидаларымен танысады. «Прототип жасау» және «Тестілеу» кезеңдерінде таңдалынған идеяларды болашақта іске асыруда кері байланысты алу үшін қолданылады.

Тоқсандықтың оқу үдерісінің құрылымы: 1. Теориялық оқыту сабағы; 2. Адамға бағытталған инновациялық шешімдерді жобалауда алынған білімдерді қолдану бойынша топтарда тәжірибелік жұмыс.

18. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәнінің 11-сыныптағы базалық білім мазмұны:

1) « Стартап акселератор (1)». 10 сыныпта алынған білім мен дағдылар негізінде жеке өзіндік бизнес-идеямен жұмыс жасау. Жеке бизнес-модельді құру туралы түінікті қалыптастыру, өзгерістерді басқару дағдылары. Бизнес-модель жүйесін құру призмасы тұрғысынан жеке бизнесті құру мен жүргізудің тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру. Оқушылардың жеке бизнес-идеяларын қорғауы (жаздық демалысқа үй тапсырмасы), идеялардың келісілген бағалауы мен 2-5 адамнан тұратын командалар құру (хакатон форматында қызығушылық танытқан тараптар (мектептер, аймақтық жоғары оқу орындары, жергілікті компаниялар) тарапынан мәселелерді құруға да мүмкін болады). Заманауи стартап-акселераторлар мысалымен негізгі құрал – канва бизнес-моделімен (Canvas) танысу. Бизнес-жоспар құрылымын түсіну. Өз өнімнің/қызмет көрсетудің құндылық ұсынысын, қолданушылар сегментін, коммуникациялар арналарын, пайдаланушылармен қатынас пен табыстар түсімдерін анықтау. Тоқсандықтың оқу үдерісінің құрылымы: 1. Теориялық оқыту сабағы; 2. Өзінің жеке жобасын жасауда алынған білімдерді қолдану бойынша топтарда

тәжірибелік жұмыс жасау;

2) «Стартап акселератор (2)». Оқушылардың өзіндік жеке жобаларын жасаудың қорытынды кезеңі. Маңызды құндылықтарды құруға қажетті ресурстармен (материалды, физикалық, адами, зияткерлік) танысу. Әр ресурстарды талдау: оқушылардың жеке жобаларына қажетті ресурстарды таңдау, ресурстар құнын анықтау, олардың орналасуын анықтау. Маңызды құндылықтарды құру үшін ресурстарды басқару. Бизнес-концептіні құру (бизнес-модельдер, нарық мәселелері, команданың сипаты, мақсаттар). Тоқсандықтың оқу үдерісінің құрылымы: 1. Теориялық оқыту сабағы; 2. Өзінің жеке жобасын жасауда алынған білімдерді қолдану бойынша топтарда тәжірибелік жұмыс жасау;

3) «Кәсіпкердің өзін-өзі алға жылжытуы». Жеке қаржылық сауаттылықпен танысу, жеке қаржы ресурстарын басқара білу мен өзін-өзі алға жылжыту бағдарламасын жасақтау. Өзіндік презентация, өз-өзін сату, түйіндеме құру мен кәсіби байланыстар орнату бойынша тәжірибелік білім;

4) «Даму стратегиясы». Кәсіпкердің стратегиялық ойлау қабілетін дамыту. Бизнес-кейстер мен теориялар арқылы ішкі нарықта және халықаралық нарықтарда да бизнестің дамуының моделін таныстыру. Бизнесті қолдау институттарының рөлін бөліп қарастыру. Мақсат қою құралдары арқылы жеке дербес өмірлік стратегия мен мансапты (1-20 жыл) құру.

2-параграф. Оқыту мақсаттарының жүйесі

19. Бағдарламаны оқуға ыңғайлы болу үшін кодтар енгізілді. Кодтың бірінші саны оқу сыныбын білдіреді, екінші және үшінші сандары – бөлім мен бөлімше нөмерін береді, төртінші сан – оқыту мақсатының реттік саны. Мысалы, кодта 10.2.1.2: «10» – сынып, «2.1.» – бөлім мен бөлімше саны, «2» – мақсаттың реттік саны.

1)10-сынып:

Білім алушылар:		
Бөлім	Бөлімше	10-сынып білім алушыларының білім нәтижесі
Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік	1.1 Кәсіпкерлікке кіріспе	10.1.1.1 «жеке кәсіпкер», «бизнесмен», «қажеттілік», «игілік» түсініктерін түсінеді; 10.1.1.2 кәсіпкерліктің пәнін, мақсаттары мен міндеттерін түсінеді
	1.2 Қазақстан экономикасына тарихи экскурс	10.1.2.1 Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің тарихын талдай біледі; 10.1.2.2 экономикадағы кәсіпкерліктің мағынасын түсінеді; 10.1.2.3 микроэкономика мен макроэкономика арасындағы айырмашылықты түсінеді
	1.3 Кәсіпкерлік	10.1.3.1 кәсіпкерлікті жеке мотивация мен өзін-

	тәсілдеме: бастамашылдық және даму мен жаңашылдыққа үздіксіз ұмтылу	өзі іске асыру формасы ретінде қарастырады; 10.1.3.2 кәсіпкер біліктілігі ретінде идеяның қалыптасу маңызын бағалайды; 10.1.3.3 бизнес-идеяны қалыптастыру құралын қолданады
	1.4 Өндіріс үрдісіне қатысатын ресурстар	10.1.4.1 тауар мен қызмет көрсетулер өндірісіне қажетті ресурстар мен факторларды біледі; 10.1.4.2 тауар мен қызмет көрсетулер өндірісіне қажетті ресурстар мен факторлар арасындағы айырмашылықты түсінеді
	1.5 Нарықтың қызмет ету механизмі	10.1.5.1 сұраныс пен ұсыныс заңдарын түсінеді; 10.1.5.2 сұраныс пен ұсынысқа әсер ететін факторларды біледі
	1.6 Нарықтық тепе-теңдік	10.1.6.1 нарықта тепе-теңдіктің қалыптасуы, артықшылық пен тапшылықты біледі; 10.1.6.2 негізгі факторлардың өзгерісіне нарықтың бейімделу үрдісі ретінде сұраныс пен ұсыныс икемділігін түсінеді
Заманауи жағдайлардағы кәсіпкерлік	2.1 Бизнес неден басталады?	10.2.1.1 экономикалық құбылыс ретінде кәсіпкерлікті талдайды; 10.2.1.2 заманауи жағдайларда кәсіпкерліктің даму факторларын біледі
	2.2 Кәсіпкерлік қызмет түрлері, кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық формалары	10.2.2.1 кәсіпкерлік қызмет түрлерін ажырата біледі; 10.2.2.2 мемлекет экономикасындағы, соның ішінде Қазақстандағы шағын және орта бизнестің рөлін түсінеді; 10.2.2.3 кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық формаларын ажырата біледі
	2.3 Стартап мәдениет	10.2.3.1 стартап түсінігін суреттейді; 10.2.3.2 стартап пен жұмыс істеп тұрған бизнестің айырмашылығын біледі.
	2.4 Кәсіпкерліктегі инновациялар мен трендтер (әлемдік, аймақтық және жастардың)	10.2.4.1 Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуындағы географиялық-аймақтық ерекшеліктерін түсінеді; 10.2.4.2 Қазақстандағы кәсіпкерліктің заманауи тенденцияларын танып біледі; 10.2.4.3 кәсіпкерліктің трендтерінің болашақ кезеңдеріндегі болжамын талдайды
	2.5 Қазіргі жағдайдағы бәсекенің дамуы	10.2.5.1 баға бойынша және бағалық емес, жетілген және жетілмеген бәсекелестік мысалдарын сипаттайды; 10.2.5.2 бәсекелестік стратегиясы мен бәсекелестер түрлерін сипаттайды;

		10.2.5.3 баға бойынша және бағалық емес бәсекені қолданудың тиімділігін бағалауды жасайды
	2.6 Баға белгілеу - экономикалық категория ретінде баға қызметі мен мәні	10.2.6.1 экономикалық категория ретінде баға қызметі мен мәнін түсінеді; 10.2.6.2 бағаны қалыптастырудың құрылымын сипаттайды; 10.2.6.3 баға саясатының мәнін түсінеді; 10.2.6.4 баға стратегияларын ажыратады
Әрекет тегі марке тинг	3.1 Маркетингіге кіріспе	10.3.1.1 маркетинг және оның қызметін түсіндіреді; 10.3.1.2 өнім мен кәсіпорынның маркетингілік стратегиясын ажыратады.
	3.2 Маркетинг-микс	10.3.2.1 4P, 4C, маркетинг-микс құрамын түсінеді; 10.3.2.2 4P, 4C, қолдану форматын ажыратады.
	3.3 Кабинеттік және далалық зерттеулер	10.3.3.1 кабинеттік және далалық зерттеулердің айырмашылығын біледі; 10.3.3.2 кабинеттік және далалық зерттеу әдістемесін қолданады.
	3.4 SWOT-талдау	10.3.4.1 SWOT талдаудың тағайындалуын түсіну; 10.3.4.2 зерттелетін өнімнің күшті және әлсіз жақтарын бағалау кезінде SWOT-талдауды тәжірибеде қолданады.
	3.5 Мақсатты аудитория, сегменттеу	10.3.5.1 тұтынушыны сегменттеудің мәні мен қағидаларын түсінеді; 10.3.5.2 белгілі бір мақсатты аудиториялардың қажеттіліктерін анықтайды.
	3.6 Бренд	10.3.6.1 брендтің негізгі құраушыларын біледі; 10.3.6.2 брендінің сипаттамалық және шығармашылық жағын ажыратады; 10.3.6.3 брендінің платформасын сипаттау үшін дағдыларды қолданады
	3.7 Маркетингілік коммуникациялар	10.3.7.1 ATL, BTL маркетингілік коммуникациялар кешенін ажыратады; 10.3.7.2 ATL, BTL арқылы соңғы тұтынушыға дейін зерттелетін өнімнің/қызмет көрсетудің құндылықтарын жеткізу жоспарын ұсынады.
	3.8 Онлайн маркетингілік коммуникациялар	10.3.8.1 сандық маркетингтің мәнін түсінеді; 10.3.8.2 сандық маркетинг арқылы соңғы тұтынушыға дейін зерттелетін өнімнің/қызмет көрсетудің құндылықтарын жеткізу жоспарын ұсынады

Ойлау дизайны	4.1 Ойлау дизайнына кіріспе	10.4.1.1 ойлау дизайнының мәнін түсінеді; 10.4.1.2 ойлау-дизайны қай жерде қолдануға болатынын түсінеді; 10.4.1.3 ойлау-дизайны тәсілдерін бизнес-идеяларды іздестіру мен бизнес-үрдістерді ұйымдастырудың дәстүрлі тәсілдерімен салыстырғандағы артықшылықтарын салыстыру.
	4.2 Эмпатия	10.4.2.1 жобаға тікелей немесе жанама әсер ететін тұтынушылар тобын анықтай біледі; 10.4.2.2 эмпатия қағидаларын түсінеді және тәжірибеде қолдана біледі; 10.4.2.3 сұхбат жасай білу және ондағы сұрақтар кезектілігін дұрыс ұйымдастыра алады.
	4.3 Талдау және синтез	10.4.3.1 мәселені дұрыс айқындап және сипаттай біледі; 10.4.3.2 сұхбаттан алынған ең маңызды тұжырымдарды анықтайды; 10.4.3.3 ақпараттың маңызды сәттерін бөледі және оларды ары қарай қолдану үшін тиімді рәсімдей алады; 10.4.3.4 сұхбат кезінде алынған ақпаратты топтайды.
	4.4 Идея ойлап табу	10.4.4.1 брейнсторминг қағидалары мен қажеттілігін түсінеді; 10.4.4.2 брейнстормингті жүргізу ережелері мен оларды сақтап, орындай алуды біледі; 10.4.4.3 брейнсторминг кезеңдерін білу және кезеңдерін сақтап, айтылған идеяларды жүйелеу және солардың ішінен ең жақсысын таңдайды
	4.5 Прототип жасау	10.4.5.1 прототип жасауды түсінеді және қағидаларын түсіндіреді; 10.4.5.2 прототип жасаудың негізгі әдістерін біледі және қолдана алуды үйренеді
	4.6 Тестілеу	10.4.6.1 адамға бағытталған дизайн үшін тестілеудің маңызын түсінеді; 10.4.6.2 шешім қабылдау кезінде кері байланыстың маңызын және эмпатияны тереңірек дамыту мүмкіндігін түсінеді; 10.4.6.3 тәжірибеде алынған идеяларды қолдану мүмкіндігін бағалайды
	4.7 Сторителлинг	10.4.7.1 жасалынған жұмыс үрдісін сипаттау үшін сторителлинг қағидаларын түсінеді; 10.4.7.2 ойлау-дизайнымен жұмыс жасау кезінде алынған барлық білімдерді тадау, тұжырымдар жасау және болашақта берілген қағидаларды

ЖОБА

		қолдана алатындығын дәлелдеу

2) 11-сынып:

Білім алушылар:		
Бөлім	Бөлімше	11-сынып білім алушыларының білім нәтижесі
Стартап акселератор (1)	1.1 Питчинг	11.1.1.1 кәсіпкер (стартапер) үшін питчингтің мәні мен мағынасын түсінеді; 11.1.1.2 оқу-ойын жағдайында өз идеяларын іске асыру үшін питчинг дағдыларын қолданады
	1.2 Команда құру және кәсіпкерлік қызметтегі командалар рөлі	11.1.2.1 команда мүшелері арасындағы рөлдерді анықтайды; 11.1.2.2 оқу-ойын жағдайында командаға қажетті адамдарды тарту үшін шешендік өнер дағдыларын қолданады
	1.3 Канва бизнес-моделі, маңызды құндылықтарды анықтау. Бизнес-жоспар құрылымы	11.1.3.1 бизнес-модель түсінігін суреттейді; 11.1.3.2 Канва бизнес моделінің және бизнес-жоспардың құрылымын түсінеді; 11.1.3.3 оқу-ойын жағдайында өз стартап идеялары үшін маңызды құндылықтарды қалыптастыру дағдыларын қолданады
	1.4 Стартап-жобалардағы маркетинг	11.1.4.1 стартап жоба үшін маркетингтің мәнін түсінеді; 11.1.4.2 тұтынушылар сегменттерін мен олардың қажеттіліктерін, нарық сыйымдылығын талдайды; 11.1.4.3 өміршеңдігі ең төмен өнімнің (MVP) қағидаларын түсінеді; 11.1.4.4 өз стартапында ең аз мөлшерде өнімді сату туралы шешім қабылдайды
	1.5 Стартап-жобалардағы коммуникация арналары	11.1.5.1 тұтынушыға құндылық «Қалай» (қандай арналар нәтижесінде) жеткізіледі? - деген сұраққа жауап береді; 11.1.5.2 қандай да бір коммуникация арналарын таңдау қандай пайда әкелетінін түсіндіреді
	1.6 Тұтынушылық және сатып алушылық бейілділік	11.1.6.1 «тұтынушылық және сатып алушылық бейілділік» түсінігін ажыратады; 11.1.6.2 коммуникация каналдары арқылы тұтынушылармен өзара қатынас стратегиясын құрады
	1.7 Стартаптардағы пайда	11.1.7.1 АВ-тест, пайда түсімі арналарының мәнін түсінеді; 11.1.7.2 кіріс құрылымын талдайды;

ЖОБА

	арналары	11.1.7.3 оқу-ойын жағдайында АВ-тестіні талдау мақсатында қолданады
Стартап акселератор (2)	2.1 Бизнес ресурстар және ресурстарды басқару	11.2.1.1 стартаптарда ресурстардың мәні мен маңызын түсінеді; 11.2.1.2 адами, қаржылық, материалдық, интеллектуалды, бизнес ресурстарды ажыратады
	2.2 Кәсіпкерлік қызметтегі серіктестік	11.2.2.1 стартап үшін аутсорс пен серіктестіктің мәні мен мағынасын түсінеді; 11.2.2.2 серіктестіктің қағидаларын сипаттайды; 11.2.2.3 өз жобасы үшін серіктестер тізімін құру үшін дағдыларын қолданады
	2.3 Бизнестегі маңызды қызмет	11.2.3.1 операциялық қызметтің мәнін түсінеді; 11.2.3.2 өз стартапында операциялық қызметті анықтау үшін дағдыны қолданады
	2.4 Кәсіпкерлік қызметтегі салықтар	11.2.4.1 салық және оның мемлекет үшін маңызын сипаттайды; 11.2.4.2 салық режимдерінің ерекшеліктерін ажырата біледі
	2.5 Шығындар құрылымы	11.2.5.1 шығын құрылымын түсінеді; 11.2.5.2 Стартап жобасында шығыс пен кіріс құрылымын талдайды
	2.6 Жобаның аяқталуы және оның нәтижелерін талдау – бизнес-жобалардың питчингі	11.2.6.1 стартап жобаның инвестициялық тартымдылығын түсінеді; 11.2.6.2 инвесторлардың назарын аудару үшін шешендік өнер (питчинг) дағдыларын қолданады
Кәсіпкердің өзін-өзі алға жылжытуы	3.1 Жеке адамның активтері мен пассивтері	11.3.1.1 актив және пассив, бюджеттің мәнін түсінеді; 11.3.1.2 кірістер мен шығындарды ажырата біледі
	3.2 Жинақтаулар, кредиттер және депозиттер	11.3.2.1 ҚР екі деңгейлі банктік жүйені ажыратады; 11.3.2.2 депозиттер мен кредиттің мәнін түсінеді; 11.3.2.3 кредиттік және депозиттік мөлшерлемеге әсер етуші факторы ретіндегі инфляция түсінігін түсінеді; 11.3.2.4 депозиттік және кредиттік пайызды есептеуде дағдыларды қолданады
	3.3 Дүниежүзілік ақша бірліктері,	11.3.3.1 әлемдік ақша бірліктерінің жүйесін сипаттайды; 11.3.3.2 қолма қол және қолма-қол ақшасыз есеп

	электронды ақшалар	айырысуды ажыратады
	3.4 Қор нарығы	11.3.4.1 қор нарығының жұмыс механизмін біледі; 11.3.4.2 қор нарығына экономикалық циклдардың әсерін біледі; 11.3.4.3 құнды қағаз түрлерінің айырмашылығын анықтайды
	3.5 Жеке бюджетті басқару	11.3.5.1 жеке бюджетті басқарудың негізін түсінеді; 11.3.5.2 жеке бюджетті басқару құралдарын қолданады
	3.6 Өзін-өзі алға жылжыту	11.3.6.1 өзін-өзі алға жылжыту мәні мен оның құрамын және жеке брендингті түсінеді; 11.3.6.2 құзыреттілік пен біліктіліктің айырмашылығын анықтайды
	3.7 Түйіндеме және түйіндеме құру тәжірибесі	11.3.7.1 өз түйіндемесін құру дағдыларын қолданады; 11.3.7.2 оқу-ойын жағдайында жұмысқа орналасуда өзін өзі дамыту дағдыларын қолданады
	3.8 Нетворкинг (кәсіби жүйелер)	11.3.8.1 адамдармен сенімді және ұзақ мерзімді қатынастың маңызы және өзара көмектесу қажеттігін түсінеді; 11.3.8.2 өз мәселесін шешу үшін екі жақты іс-әрекеттің кәсіби потенциалын пайдалану мүмкіндігін өз көзқарасымен суреттейді
	3.9 Кәсіпкердің іскерлік қарым-қатынасы – келіссөздер мен келіссөздер жүргізу тәжірибелері	11.3.9.1 кәсіпкер үшін келіссөздердің маңызын түсінеді; 11.3.9.2 оқу-ойын жағдайы шеңберінде оқушылардың өзара қатынасындағы келіссөз дағдыларын қолданады
	3.10 Эмоционалдық интеллект	11.3.10.1 эмоционалды интеллект мәні мен мағынасын түсінеді; 11.3.10.2 эмоционалды интеллектіні басқарудың көмегімен өз мақсаттарына жету мүмкіндіктерін зерттейді
	3.11 Тайм-менеджмент	11.3.11.1 тайм-менеджментінің мәні мен мағынасын түсінеді; 11.3.11.2 өз тиімділігін арттыру мақсатында уақытты басқару дағдыларын қолданады
Даму стратег	4.1 Бизнес ауқымын	11.4.1.1 бизнестің ауқымын кеңейту және оның мәнін түсінеді;

ия сы	кеңейту – нарық дамуын болжау	11.4.1.2 нарық дамуының болжамын талдайды
	4.2 Бизнес дамуының тәсілдері мен түрлері	11.4.2.1 дамудың базалық стратегияларының мәнін түсінеді; 11.4.2.2 экономикалық өсу, ЖҰӨ, ЖІӨ мәнін түсінеді; 11.4.2.3 бизнес дамуының қарқынды және экстенсивті тәсілдерін танып біледі
	4.3 Сапаны басқару	11.4.3.1 сапаны басқару құрамын және оның мәнін түсінеді; 11.4.3.2 Кайдзен қағидасын суреттейді.
	4.4 Халықаралық бизнес	11.4.4.1 халықаралық бизнестің мәні мен мағынасын түсінеді; 11.4.4.2 ойындық түрде халықаралық нарыққа Қазақстан өнімдерін шығарудың стратегиясын құруда өзіндік көзқарасты қалыптастыру үшін халықаралық бизнестің аясынан факторларды синтездейді.
	4.5 Тұтынушының құқығын қорғау	11.4.5.1 тұтынушылардың құқығын қорғауға бағытталған, мемлекет пен қоғамдық қозғалыс іске асырып отырған шаралар жиынтығымен танысады; 11.4.5.2 тұтынушылардың құқығын қорғау ұйымдарын ажырата біледі; 11.4.5.3 оқу-ойын жағдайында тұтынушылардың құқығын қорғау дадыларын қолданады
	4.6 Кәсіпкердің құқығын қорғау, бизнес қолдау институттары	11.4.6.1 кәсіпкерлердің құқығын қорғауға бағытталған, мемлекет пен қоғамдық қозғалыс іске асырып отырған шаралар кешенімен танысады; 11.4.6.2 кәсіпкерлердің құқығын қорғау ұйымдарын ажырата біледі; 11.4.6.3 кәсіпкерлік пен бизнес қолдау институттарын сипаттайды; 11.4.6.4 ШОБ-ты мемлекеттік қолдау түрлерін түсінеді; 11.4.6.5 оқу-ойын жағдайында кәсіпкерлердің құқығын қорғау дадыларын қолданады
	4.7 Кәсіпкерлердің жауапкершілігі (экономикалық, әлеуметтік, заңды,	11.4.7.1 кәсіпкерлердің экономикалық, әлеуметтік, заңды, экологиялық, этикалық жауапкершілік түрлерін танып біледі

	экологиялық, этикалық)	
	4.8 Мақсаттарды қоя білу	11.4.8.1 мақсатты қоя білудің мәнін түсінеді; 11.4.8.2 мақсатты тиімді қою үшін мақсатты болжау құралын қолданады
	4.9 Өзіндік өмір стратегиясы	11.4.9.1 дұрыс мақсат қою арқылы жеке мансап стратегиясын құрады; 11.4.9.2 жеке өмір стратегиясын қорғау кезінде шешендік өнер дағдыларын қолданады

20. Бөлімдер және бөлімшелер бойынша тоқсандықта бөлінген сағаттар саны мұғалімнің қарауы бойынша жіктеледі.

21. Осы оқу бағдарламасы Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Кәсіпкерлік пен бизнес негіздері» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылады.

3- параграф. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар (қоғамдық-гуманитарлық бағыт, жаратылыстану-математикалық бағыт)

1) 10-сынып:

Бөлімдер	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан. Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік		
